НОБЕЛЬ СЫЙЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

ОРХАН ПАМУК

Менің атым Қырмызы

POCKETBOOK·KZ

FOLIANT

821.512.161
П14

Книга должна быть возвращена
не позже указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

4/0

ӘДЕБИЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША
НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

FOLIANT
БАСПАСЫ
Нұр-Сұлтан

ОРХАН ПАМУК

менің атым Қырмызы

Роман

ӘОЖ 821.512.161
КБЖ 84(5Каз.-Тур.)
П 14

П 14 **Памук, Орхан**
Менің атым Қырмызы : роман / Орхан Памук ; [түрік тілінен ауд. А. Құрмет] – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 680 б.

ISBN 978-601-338-454-2

Қолыңыздағы бұл кітап тек махаббат тақырыбына құрылған шығарма емес. Сопылық тарикаттар, көркем жазу, миниатюра, кітап безендіру, сәулет өнерінің мұсылман жұртшылығына тән ерекшеліктері, сондай-ақ тарихи тұлғалардың өмірі жайындағы хикаяттар сөз болады. Автор отырықшы түркілер мен көшпенділердің дүниетанымындағы айырмашылықты сурет өнерін сипаттай отырып, әдемі баяндайды. Роман осындай ерекше стилімен есте қалары анық. Өлілердің, иттің, ағаштың атынан сөйлеу арқылы оқиға желісін шиеленістіріп, оқырманды шығармадағы қылмыскердің кім екендігін табуға жетелейді.

564728

ӘОЖ 821.512.161
КБЖ 84(5Каз.-Тур.)

© Памук О., 1998
© «Фолиант» баспасы, 2020

ISBN 978-601-338-454-2

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Руияга арналады

АУДАРМАШЫДАН

Сонымен, Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» атты романы да қазақ тілінде қолдарыңызға тиіп отыр. Әдебиет саласында түркі жұртынан шыққан алғашқы Нобель сыйлығының иегері шын мәнінде де аскан шебер, ойы ұшқыр жазушы екендігін әлемге мойындатты. Рас, автордың әлі де біраз туындысы қазақ тілінде жарық көрген жоқ. Дегенмен, ең бастысы, сеңді бұзған тәріздіміз.

«Менің атым Қырмызы» романында Осман империясының құлдырау кезеңі басталған тұстағы бірқатар оқиғалар көрініс табады. Яғни, 1591 жылғы оқиғалар жайында сөз болады. Небәрі тоғыз күнде болған жағдайларды сипаттаған роман Ислам әлеміндегі көркемсурет өнері туралы баян етеді. Шығармада қазаққа таңсық көптеген ұғымдардың кездескенін жоққа шыгара алмаймыз. Шығыс шайырлары Фирдоуси-ден, Низамиден, Сағдиден, тіпті Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармаларынан да көптеген мағлұматтар келтірген. Әрине, Мұхаммед Шайбани хан мен оның ұрпақтарын тұтастай «Өзбек ханы» деп атай салғанына, Ұлы даладан Осман және Сефеви патшалығының жеріне барғандардың барлығын «татар» деп атағанына келіспеуге болар. Бірақ бұл – көркем шығарма.

Жалпы, романды оқыған қазақ оқырманы түбі бір түркі жұртында да бір-біріне таңсық мәдениет үлгілері мол екендігін байқайды. Мәселен, түріктің «tezhip» деген сөзі қазақтың «кесте» ұғымына ұқсас келеді, бірақ мұсылман суретшілері мұны жеке өнер түрі ретінде бағалаған. Автор романда суретші, нақышкер, мусауир ұғымдарын қолданыпты. Суретші қазаққа таңсық

болмаса, нақышкер деп біз түріктің «nakkaş» сөзімен берілген ұғымды алдық. Ал Алланың 99 есімінің бірі саналатын Әл-Мусауиир есімінен шыққан мусауиир сөзін мұсылман жұрты көп қолданбаған екен. Себебі, ол «келбет беруші» деген мағына беретін болса керек. Мұсылман суретшілері өздерін «біз келбет беруші – мусауиир емеспіз, нақышкерміз» деп ақталған екен. Аударма кезінде осы мәселелер де ескерілді.

Қысқасы, Орхан Памуктың бұл шығармасы арқылы мұсылман көркемсурет өнерінің ерекшеліктерімен азды-көпті танысуға мүмкіндік бар. Ал романның көркемдігіне келер болсақ, ол ерекше стилімен есте қалары анық. Шығармадағы кейібір әдепсіздікті оқиға болған дәуірдің келеңсіздіктері ретінде ғана қабылдауға болады. Осман империясы кезінде анайы суреттердің мол салынғаны да шындық. Ыстамбулдағы Топкапы сарайында сақталған бірқатар миниатюралар XVII-XVIII ғасырларда әдепсіз суреттердің молынан салынғанын көрсетеді. Ең бастысы, романда өркениеттердің астыртын қақтығысы бар.

Біз кітапты аудару барысында оқиға желісін барынша сақтадық. Керек десеңіз, автордың ой орамдары мен сөз саптауын да көп өзгертпедік. Керісінше автор стилінің сақталғанын күп көрдік. Сол себепті, қазаққа таңсық бірқатар ұғымдарға қосымша түсініктеме бердік. Әрі түріктің «kırmızı» сөзінің қазаққа да, өзге түркі халықтарына да ортақ «қызыл» деген ұғым беретінін ескеріп, кітаптың атауын «Менің атым Қырмызы» деп қалдырғанды жөн санадық. Өйткені қазақ та қызыл түсті қырмызы деп жатады. Ендеше, «Қырмызыны» оқып көріңіздер, құрметті оқырман!

Аманкелді Құрмет

Сол уақытта біреуді өлтірдіңдер де, сол жөнінде таластыңдар. Алла жасырғандарыңды ортаға шығарады.

«Бақара» сүресі, 72-аят

Соқыр мен көруші тең емес.

«Фатыр» сүресі, 19-аят

Шығыс, батыс – әр тарап Аллаға тән.

«Бақара» сүресі, 115-аят

1. Мен өлген адаммын

Мен бүгінде өлген адаммын. Құдықтың түбінде мүрдем жатыр. Ақырғы демім таусылғанына да біраз уақыт болды, жүрегім баяғыда-ақ тоқтаған. Алайда әлгі сұрқия қанішерден басқа ешкім менің басымнан өткен жайлардан хабарсыз. Ол сұмырай болса, мені өлтіргеніне көз жеткізу үшін демімді тыңдады, тамырымды ұстап көрді, содан соң бір тепті де, мүрдемді сүйрей әкеліп, құдыққа тастай салды. Таспен ұрып, жарып тастаған басым құдыққа түскен сәтте күл-парша болды. Бетім, маңдайым, жақтарымның быт-шыты шығып, сүйектерім сынды, аузы-мұрнымды қан жуып кеткен.

Үйге қайтпағаныма төрт күн болған-ды. Әйелім, балаларым мені іздеп жүрген шығар. Жылай-жылай әбден дымы құрыған қызым ауладан көз алмай, келер жолымды тосып, қақпаны күзетумен жүр-ау...

Шынында да олардың назары қақпада ма? Оны да білмеймін. Күдерін үзіп те үлгерген болар, бәлкім?! Неткен жаман еді! Өйткені адам осында келген соң артта қалған ғұмыры бұрынғыша жалғасып жатқандай сезіледі. Мен тумастан бұрын да артта шексіз уақыт бар еді, өлгеннен соң да бұл уақыт тоқтамайды. Тірі кезімде бұлар жайлы ойламайтынмын. Қос түнектің арасындағы жарық дүниеде ғұмыр кешіппін.

Бақытты едім, бақытты болыппын, енді ғана түсіндім оны. Падишамыздың нақышханасында ең әдемі

хуснихаттарды мен жасайтынмын. Шеберлігі менімен теңесетіндей өзге хуснихатшы жоқ болатын. Сыртта жасаған жұмыстарым үшін айына тоғыз жүз күміс акче[1] алатынмын. Жұрттың жанына менің өлімім емес, осы табысым бататын секілді.

Мен тек қана нақыштар мен тәзхиб[2] жасайтынмын. Кітап беттерінің жиектерін өрнектеп, жақтаулардың ішіне түрлі өрнектер, жапырақтар, бұтақтар, раушан гүлдердің, құстардың суретін сызатынмын. Қытайлық үлгідегі бүйра-бүйра бұлттар, ширатылған шырмауықтар, мың құбылған ормандар, олардың ішіне жасырынған еліктер, теңіз дауылдары, патшалар, ағаштар, сарайлар, аттар, аңшылар... Бұрын қандай да бір табақтың ішіне, кейде айнаның жақтауына, қасыққа, кейде Босфордағы саяжайлар мен сән-салтанаты келіскен сарайлардың төбесіне, кейде сандықтың бетіне өрнек салатынмын. Соңғы жылдары тек кітап беттерін безендірумен айналысып жүрмін. Өйткені Падишамыз мұндай нақышпен көмкерілген кітаптар үшін мол ақша төлейтін. Өлген соң ақшаның түк қажеті жоқ деуден аулақпын. Адам өлсе де ақшаның құнын біледі.

---

[1]*Акче* – Осман империясының алғашқы кезеңінен 1687 жылға дейін қолданылған ақшаның атауы. Романдағы Падишаның әкесі II Сәлім сұлтан тұсында бір алтынның құны 60 акчеге, күміс дирхем құны 5 акчеге тең еді. Бірақ ромадағы оқиғалар айтылған кезеңде бақыр дирхемдер де қолданылған. Кейін «құрыш», «мангыр» деп аталатын валюта түрлері де айналымға шығарылған.

[2]*Тәзхиб* – арабтың «зәхаб» (алтын) деген сөзінен шыққан атау. Тура мағынасы «алтындау» дегенді білдіреді. Кітап безендіру, сурет салуда, хуснихат өнерінде жиі қолданылады. Әдетте туындының жиегіне салынатын арнаулы өрнектерді осылай атаған. Безендірудің бір түрі. Қазақтың «кестелеу» ұғымына жақын келеді, бірақ көркемсуретте қолданылады. Қазір тәзхиб Түркияда жеке сала ретінде дамуда.

Енді менің басымнан өтіп жатқан дәл осы жағдайды білген соң, даусымды естіп, Құдайдың құдіретін көрген сәтте сендердің: «Тірі кезінде қанша ақша тапқаныңды қоя тұр. Одан да ол жақта не көргеніңді айт. Өлген соң не болады? Жаның қайда? Жұмақ пен тамұқ қандай? Ол жерлерде не көріп жүрсің? Өлген қандай екен? Шыбын жаның шырқырады ма?» деп сұрайтындарыңды білемін. Дұрыс айтасыңдар. Тірі жүргенде адамзаттың о дүниеде не болатындығына қатты қызығатындығын білемін. Дәл осы қызығушылығына байланысты майдан даласында қалған өліктердің арасын аралап, түртінектеп жүретін біреу туралы айтылатын әңгімені естігем. «Өлім аузында жатқан жауынгерлердің арасынан өліп-тірілген біреуді кездестіріп қалармын, маған о дүниенің сырын айтар, болкім» деген оймен жүретін көрінеді. Әлгі адамды Әмір Темірдің сарбаздары дұшпан деп ойлап, алдаспанмен қақ бөліп тастапты. Сонда әлгі пақыр о дүниеде адам екіге бөлініп қалады деген қорытындыға келсе керек.

Іс жүзінде ондай дүние жоқ! Керісінше, пәни дүниеде екіге бөлініп қалған жанның мұнда қайта қосылатындығын айта аламын. Бірақ дінсіз кәпірлердің, атеистердің, шайтанның жетегінде кеткен жетесіздердің айтып жүргеніндей емес, Құдайға шүкір, о дүние бар. Сендермен сол жақтан тілдесіп тұрғаным соның айғағы. Өлдім, бірақ өздерің көріп отырсыңдар, ғайып болған жоқпын. Бір жағынан, Құран Кәрімде айтылатын, іргелерінде таңғажайып өзендер ағатын, алтын мен күмістен салынған Жәннат сарайларын, жемістері толықсып піскен миуалы бақтарды, хор қыздарын кездестірмегенімді де айтқым келеді. Дегенмен Уақиға сүресінде сипатталған, жұмақтағы жанарлары құра-

лайдың көздеріндей мөлдіреген хас сұлулардың бейнесін қиялмен талай рет сызғаным есімде. Құран Кәрімде айтылмаса да, Ибн Араби сияқты қиялы жүйрік пенделер тамсана әңгімелеп берген, сүт пен шараптан, бал мен шырыннан жасалған әлгі төрт дарияны да көргем жоқ. О дүниеде болатын игіліктерден, жақсылықтардан үміттеніп, арман-қиялдың жетегінде өмір сүретін көп адамның сеніміне күмән келтіріп, оларды имансыздыққа жетелегім келмегендіктен, бұл айтып отырғандарымның барлығы тек менің жеке басыма қатысты екендігін де ескертіп қойғым келеді. Бақи дүниедегі өмір туралы аз да болса білетін әр мұсылман мен сияқты бейшараның жұмақтағы дарияларды көре алмайтындығын да түсінсе керек-ті.

Қысқасы, Падишаның нақышханасындағы бәдізшілер мен хұснихатшылар бөлімінде және нақышкер шеберлер арасында «Зариф Ефенді» деп танылған жанмын. Мен өлдім, бірақ көмілген жоқпын. Сондықтан жаным кеудемнен толық шықпады. Тағдырыма жұмақ пен тозақтың бірі жазылған шығар, алайда рухым ол жерлерге жету үшін алдымен саси бастаған мүрдемді тәрк етуі қажет. Кез келген пенденің басына келуі мүмкін бұл ерекше жағдай жанымды қинап жатыр. Бас сүйегімнің быт-шыт болғанын, ырсиған жараға толы, сүйектері сынған денемнің тең жартысының мұздай суда шіри бастағанын түйсінгендеймін. Кеудемнен ұшып шыққысы келіп жанталасқан рухымның ауыр азабын да сезіп жатырмын. Маған күллі әлем ішіме тығылып, тарыла бастаған сияқты сезіледі. Тар қапастамын. Кеудемді жаныштай қысқан осынау сезімді өлген сәтімде сезінген таңғажайып кеңдікпен ғана салыстыра аламын. Күтпеген жерден тиген тастың

соққысынан бас сүйегім сынған сәтте, әлгі сұмырай мені өлтіргісі келгенін бірден түсінген едім. Дегенмен өлтіре алатындығына сене қойғам жоқ. Үмітім басым болыпты, бірақ шеберхана мен үйімнің арасында өткен бірқалыпты, сүреңсіз өмірімде мұны байқамаппын. Өмір сүру үшін арпалысып, пәни дүниеде әлі де біраз жүре тұру үшін тырнағымды да қару еткенім, жанталаса жабысқаным, оны жағым қарысқанша тістенгенім есімде. Басыма тиген өзге соққыларды айтып жандарыңызды жараламай-ақ қояйын. Өзегімді шоқтай қарыған өкінішпен өлетінімді түсінген сәтімде ішімде адам сенгісіз сезім пайда болған-ды. Пәниден бақиға өтер кезде осы бір ұшы-қиырсыз кең әлемге тап болғандай, ішкі әлемімнің кеңігенін сезінгем. О дүниенің есігін ашуым да өзгеше болды. Түс көріп жатқан адамның түсінде өзінің ұйықтап жатқанын көргені сияқты жаңа жайлы сезім еді. Бұл дүниеде ең соңғы көргенім сұмпайы қанішердің қар мен балшық жуққан етіктері ғана болатын. Ұйқыға кеткен жан тәрізді көзімді жұмдым да, тәтті бір сезіммен осы жаққа өте шықтым.

Ал қазір тістерімнің үзілген моншақтардай қанға толы аузыма төгілгеніне де, жүзімнің адам танымастай болып мылжа-мылжасы шыққанына да, тіпті құдықтың түбінде қыстырылып қалғаныма да өкпем жоқ. Мені жақсы көретіндердің жиі-жиі еске алып, Ыстамбулдың бір бұрышында ақымақтықпен уақыт өткізіп жүргенімді, тіпті басқа бір қатынның соңынан кеткенімді ойлап жүргендері бейшара рухыма азап тарттырып жатыр. Мүрдемді тез арада тауып, жаназамды шығарып көмсінші енді! Ең маңыздысы, олар мені өлтірген қанішерді тапсын! Ол сұмырай ұсталмайтын болса, мені зәулім сарайдай мазарға жерлесе

де көрімде тыныш жата алмаймын, бәріннің көңілдеріне имансыздықтың тұқымын себемін, естеріңде болсын! Қанымды төккен иттің баласын табыңдар! Сонда ғана мен о дүниеден көргендерімді әдемілеп тұрып айтып беремін. Бірақ қанішерді тапқан соң оны қысқашпен азаптап, сүйектерін, соның ішінде қабырғаларын бір-бірлеп бытырлатып сындырғандарыңды қалаймын. Содан соң алба-жұлбасы шыққан, май басқан жиіркеніштi шашының әр талын бақыртып тұрып жұлуларың қажет.

Мұншама кектенетіндей қанішерім кім, мені күтпеген жерден неге өлтірді? Мұның себебін біліңдер! Дүниеде бір тиындық құны жоқ қанішерлер толып жүр. Олардың біреуі болмаса, біреуі шығар дейсіздер ғой, ә? Олай болса сендерге қазір ескертіп қояйын, өлімімнің астарында дінімізге, салт-дәстүрімізге, дүниетанымымызға қарсы құрылған жиіркеніштi тұзақ бар. Көздеріңді ашыңдар! Олар – сендердің сенімдеріннің, ғұмырларыңның, Исламның дұшпандары. Мені не үшін өлтірді, күндердің күнінде сендерді де қандай себептермен өлтіруі мүмкін екендігін біліп алыңдар. Ерзұрымдық Нұсірет Хожаның айтқандары бірте-бірте шындыққа айналып жатыр. Оның уағыздарын көз жасымыз көл болып, талай тыңдаған едік. Басымыздан өтіп жатқан оқиғаларды хикая етіп жазсақ та, кітап қылып шығарсақ та, ондағы оқиғаларды ең шебер хұснихатшының өзі ешқашан сызып бере алмайды. Артық кетсем, Құдай кешсін, дәл Құран Кәрім тәрізді бұл кітаптың сиқырлы сырын ешқашан суретке айналдыра алмайсыңдар. Мұны сендер түсіне алмайсыңдар. Оны ұғынар қабілеттеріннің бар екендігіне күмәнданамын.

Қарандаршы, шәкірт кезімде тылсым дүниеден, ғарыштан келетін дауыстардан қорықсам да, оларды күлкіге айналдыратын едім. Ақыры, міне, құдықтың түбінде жатырмын. Сендердің де бастарыңа осы күн тууы мүмкін, абай болыңдар. Енді тез арада шірісем екен. Қолқаны қапқан күлімсі иісім арқылы тауып алатын шығар деп үміт етіп жатырмын. Одан басқа қолымнан келер ештеңе жоқ. Содан соң жексұрын қандықол ұсталғанда, қайырымды бір пенде оны да азаптаса екен деп армандаумен ғана жатырмын.

2. Менің атым Қара

Ыстамбулға, өзім туып-өскен қалаға он екі жылдан соң айкезбе сияқты кірдім. «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» деуші еді ғой, мені де өлім шақырып тұрыпты. Қалаға алғаш кіргенімде онда тек өлім ғана бар деп ойлағам, кейінірек махаббатпен де жолықтым. Бірақ махаббат ол кезде, Ыстамбулға алғаш келген сәтімде, қаладағы естеліктерім тәрізді алыста қалған әрі ұмыт бола бастаған дүние еді. Он екі жыл бұрын Ыстамбулда нағашы апайымның кішкентай қызына ғашық болғанмын. Ыстамбулдан кеткен соң төрт жыл ішінде Парсы елінің ұшы-қиырсыз далаларын, қарлы тауларын, қалаларын кезіп, хат тасып, салық жинап жүргенде осында қалған бала ғашығымның бейнесін бірте-бірте ұмыта бастағанымды байқағам. Көңілім алаңдап, сол бейнені есіме түсіруге талай мәрте тырысқанмын, бірақ қаншалықты сүйсең де, адам ұзақ уақыт көрмеген бейнені ақыр аяғы ұмыта бастайтынын түсіндім.

Шығыста пашалардың хатшысы болып, сапарларда жүріп өткізген жылдарымда, әсіресе осы қызметімнің алтыншы жылында киялымдағы келбеттің Ыстамбулдағы ғашығымның бейнесі емес екендігін білдім. Алтыншы жылы қате елестеткен бейнені сегізінші жылы тағы ұмытып, көз алдыма жаңадан бір сұлба келетін. Он екі жылдан кейін, отыз алты жасымда туған қалама келген кезімде сүйіктімнің бейнесі санамда жоқ еді.

Достарымның, туыстарымның, бір көшеде тұрған таныстарымның көбі осы он екі жылдың ішінде қайтыс болыпты. Халич[1] жақтағы зиратқа барып, шешеме, мен жоқта о дүниелік болған туысқан ағаларыма арнап дұға оқыдым. Балшық араласқан топырақтың иісі естеліктеріммен араласып кетті. Біреу шешемнің қабірінің қасына құмыра сындырып тастапты. Неге екенін қайдам, оның сынықтарына қарап ұзақ жыладым. Өлгендер үшін бе, ондаған жылдар өтсе де өмірімді қайта бастап тұрғаныма ма, жоқ әлде ғұмырымның түгесілер сәтіне жеткенімді сезгендіктен бе, білмеймін, әйтеуір ағыл-тегіл жыладым. Сол күні қылаулап қар жауып тұрған-ды. Қар түйіршіктеріне қарап отырып, терең ойға батып кетіппін. Өмірімнің шырғалаң сәттерінде жолымнан адасқанымды да ұққандаймын.

Кесененің алакөлеңкелі бұрышына назар аударғанымда бір қара ит маған қарап тұр екен. Жасым да тыйылды. Мұрнымды сүрттім. Қара иттің маған еркелей құйрығын бұлғаңдатқанына бір қарадым да, зираттан шықтым. Ыстамбулға алғаш келгенде тындырған ша-

---

[1]*Халич* – Ыстамбулдың Европа жағалауында орналасқан жіңішке шығанақ. Босфор бұғазынан Европа жағалауына қарай созылып, Ыстамбулдың Еуропадағы бөлігін екіге жарып жатыр. Бұл шығанақты көне гректе «Алтын мүйіз» деп атаған.

руам осы еді. Сәл кейінірек, әкем жағынан туыс болып келетін адамның бұрын отырған үйін жалдап алып тұрдым. Үйдің иесі, егде тартқан әйел мені Сефевилермен соғыста шейіт болған ұлына ұқсатты. Содан ба екен, әйтеуір ол бөлмемді тазалап, тамақ істеп беруге келіскен.

Ыстамбулға емес, дүниенің басқа бір түкпіріндегі араб қалаларының біріне уақытша тұрақтауға келген адамша шаһарды тамашалағым келіп, көшеге шыққанмын. Ұзақ уақыт серуен құрдым. Байқаймын, көшелер тарылып кеткен сияқты. Әлде, маған солай көрініп тұр ма? Кей жерлерде, бір-біріне қарама-қарсы тұрғызылған үйлердің арасында қалған тар көшелерде жүк артқан аттарға соғылып қала жаздайсың. Есектер мен аттарға жол беру үшін қабырғаларға жабысып, есіктерді жағалап жүруге мәжбүр боласың. Байлардың да қарасы көбейген сияқты. Сән-салтанаты келіскен ат арба көрдім. Мұндай арбаны Арабстанда да, Парсы жерінде де кездестірген емеспін. Ат жеккен қамал сияқты көрінді маған. Ченберліташтың[1] қасында, «Тауық» базардан жеткен күлімсі иістің ішінен бір-бірімен қолтықтасқан, алба-жұлба киінген бейшара қайыршыларды байқағам. Біреуі соқыр еді, өзінше жауып тұрған қарға қарап күлімсіреп қояды. Бұрынғы Ыстамбул қазіргісінен әлдеқайда кедей әрі кішкентай, алайда бақытты еді десе бәлкім, сенбес едім. Бірақ жүрегім солай дегісі келеді. Өйткені сүйіктімнің үйі өзінің орнында, үйеңкі мен талшын ағаштарының арасында еді. Бірақ

[1] *Ченберліташ* – 330 жылы Византия императоры I Константиннің күрметі үшін қаладағы жеті төбенің біріне орнатылған бағана. Қазір бұл төбешік тек Ченберліташ деп аталады. Қазақша мағынасы – Шеңберлітас.

Северо-Казахстанская
2-0027
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

қақпаға келіп сұрағанымда, ол үйде басқа адамдар тұратынына көзім жетті. Сүйіктімнің анасы, менің нағашы апайым қайтыс болыпты. Қазір сол үйде тұрып жатқандар Жездем мен нағашы апайымды таниды екен. Олардың басынан да талай ауыр күндер өтіпті. Есікті ашқан адам бұл жайларды әңгімелеп тұрғанда өзінің менің жанымды қаншалықты жабырқатып тұрғанын, армандарымды әдірем қалдырғанын сезген де жоқ. Сендерге мұны сөз етудің қажеті де жоқ шығар, одан да бақшадағы үйеңкінің бұтақтарына қалыңдығы бір елідей мұз қатқанын, ыстық, жап-жасыл жаз күндерін есіме түсіруі тиіс осынау баудың қалың қар мен күтімсіздіктің кесірінен өлімді еске салатынын айтайын.

Туыстарымның басынан өткен бірқатар жағдайларды Жездемнің маған, Тебризге[1] жазған хатынан онсыз да білетін едім. Ол хатта Жездем мені Ыстамбулға шақырып, Падишамызға арнап құпия кітап құрастырып жатқанын, соған көмектесуім қажет екенін жазған-ды. Менің қайбір жылдары Тебризде Османлы[2] пашалары, әкім-қаралары, Ыстамбулдан тапсырыс беретін байшыкештер үшін кітаптар даярлайтынымды Жездем естіпті. Тебризде істейтін жұмысым кітапқа тапысырыс бергендерден қолма-қол ақшаны алып, оған кітап шығару еді. Ол кезде ұзаққа созылған соғыстар мен Османлы әскерлерінің әрекетінен шаршап, жан-жаққа тарап кеткен нақышкерлер мен хұснихатшылардың әлі күнге қалада қалғандарын, Казвин мен өзге Парсы қалаларына кетпегендерін тауып ала-

---

[1] *Тебриз* – Ирандағы қала. Қазір Иранның Шығыс Әзербайжан провинциясының орталығы.

[2] *Османлы* – Осман империясын түріктер қысқаша осылай атайды.

тынмын. Кітапты солар әзірлейтін. Бар жұмысым осы еді. Ешкім назар аударма ғандықтан кедейленген, табысы жоқ, ішер ас, киер киімге жарымай жүрген осынау шеберлерге кітаптың беттеріне хұснихат жаздыртып, түптетіп, нақыштарын жасатып, Ыстамбулға жолдайтынмын. Жас кезімде Жездемнің қасында жүргенде бойыма сіңген кітапқұмарлығым болмаса, бұл кәсіппен бұрын айналыспап едім.

Бұрын Жездем тұрған көшенің базарға қараған шетіндегі шаштараз әлі күнге өз орнында екен. Айналары да, ұстаралары да, құмандары мен сабындары да сол баяғы қалпында. Солардың арасында шаштараздың өзі отыр. Бетпе-бет келіп, жанарларымыз түйісті, бірақ мені таныған-танымағанын білмедім. Ішіне жылы су күйылған, бас жууға арналған құманның тобеден салбырап шынжырға ілінген күйі әрі-бері тербеліп тұрғаны көңілімді көтеріп тастады. Өйткені бұл құманның орыны өзгермепті. Қызметі де сол қалпы. Жас кезімде талай аралап, қыдырған көшелердің біразы он екі жыл ішінде өртеніп, күлге айналған. Орындарында жол торыған иттер, еріккен есерсоқтардың балаларды қорқытатын үйінділері ғана қалыпты. Кейбір үйлердің орнына мен сияқты алыстан келген адамдарды таң қалдыратындай сәулетті сарайлар тұрғызылған екен. Бұлардың кейбіреулерінің терезелері Венецияның қымбат шыныларымен жасалған. Биік қабырғалардан шығып тұратын джумбалардың[1] өзі мен жоқ кезде Ыстамбулда екі қабатты үйлердің көп тұрғызылғанын байқатады.

---

[1]*Джумба* – Ескі түрік үйлеріндегі балкон үлгісіндегі бөлме. Қабырғадан балкон тәрізді шығып тұрғанымен, тура балкон емес, үйдің бір бөлмесі.

Басқа қалалардағыдай, Ыстамбулда да ақшаның құны қалмапты. Мен Шығысқа кететін жылдарда бір акчеге төрт жүз дирхемдік үлкен таба нан шығаратын наубайханалар қазір сол ақшаға бұрынғы наннның жартысына жуығын ғана береді. Әрі дәмі де бала кезімдегідей емес. Тамсандыратындай ештенесі қалмаған. Маркүм анам он екі жұмыртқа алу үшін үш акче төлейтінімізді көрсе: «Тауықтар басымызға санғымай түрып, көз көрмес, құлақ естімес жаққа зытайық!» – дер еді. Бірақ құны түскен жасанды ақша қазір барлық жерде жүр. Голландиядан, Венециядан келген кемелердің ішінде де осы жасанды ақшаларға толы сандықтар қаптап тұратындығын естігем. Теңге сарайында бұрын жүз дирхем күмісті бес жүз акчеге айырбастасақ, қазір Сефевилермен арадағы бітпей қойған соғыстың кесірінен оның құны сегіз жүз акчеге шығыпты. Янычарлар алған ақшаларын Халичке барып суға тастағанда, әлгі ақшалардың жеміс-жидек қабықтары сияқты су бетіне қалқып шыққанын көріп, көтеріліс жасаған екен. Сөйтіп, Падишамыздың сарайын дұшпан қамалындай қоршап алған көрінеді.

Баязит мешітінде уағыз айтатын әрі Хазіреті Мұхаммедтің нәсілі – сейіт екенін жариялаушы Нұсірет деген бір уағызшы бар. Ол осы қымбатшылық, зорлық-зомбылық пен қылмыс, қарақшылық жайлаған уақытта, адам мінезі бұзылған кезде кәдімгідей бедел жинапты. Ерзұрымдық деген ат қойылған уағызшы соңғы он жыл ішінде Ыстамбулдың берекесін алған барлық бәле-жаланың; Бахчекапы[1] мен Қазаншылар ауданындағы өрттердің; қалаға оба дертінің жайылып,

[1]*Бахчекапы* – Ыстамбулдың ескі аудандарының бірі.

ондаған мың адам өлуінің; Сефевилерге қарсы соғыста өлгендер көп болса да, ешбір нәтиже шықпауының; батыста христиандардың көтеріліс шығарып, Османлының шағын бекіністерін басып алуының себептерін Хазіреті Мұхамедтің жолынан айнып, Құран Кәрімнің әмірлерінен алыстаудан, христиандарға құрмет көрсетіліп, шарап сатудың еркін болуынан, адамдардың үйлерінде музыка ойнауынан іздейтін.

Маған ерзұрымдық уағызшы жайында бар ынта-шынтасымен әңгімелеп берген көкөніс сататын саудагер базарда кең тараған жалған ақшаның, арыстан суреті бар жасанды флориндердің, күн сайын құрамындағы күмісі азайып келе жатқан акчелердің кобекої көшелерде қаптап жүрген черкештер, абаздар, мингерліктер, босниялықтар, гүржілер, армяндар сияқты адамды ұятсыздыққа, ар-ожданнан аттауға қарай сүйреп бара жатқанын айтты. Бұл бұзақылар мен ұятсыздар кофеханаларға жиналып, таң атқанша өсек айтатын көрінеді. Кім екені белгісіз тазшалар, апиыншы диуаналар, календериліктің[1] қалдықтары «Алланың жолы – осы» деп таң атқанша музыка ойнап, ана жер, мына жерлеріне істік сұғып, әдепсіздіктің сансыз түрлерін жасаған соң, бір-бірімен немесе кішкентай ұлдармен төсектес болатын көрінеді.

Әуезді бір ұд[2] дыбысын естідім. Оны көзіммен іздей бастадым. Оның дыбысы естеліктерім мен ішкі тілектерімді араластырып, санамды ұлап жатқан көкөніс

---

[1]*Календери* – X ғасырда пайда болған сопылық мектеп. Кейінірек Бекташилермен және өзге сопылық мектептермен бірігіп кеткен. Сонымен қатар шейіттік топтармен де араласып, жойылған.

[2]*Ұд* – бес-алты ішегі бар домбыра тәріздес аспап. Әбу Насыр-әл-Фараби сипаттап кеткен. Таяу Шығысқа ортақ аспап.

саудагерінің құрығынан құтылудың жолын сездірді ме, білмеймін. Білетінім, қандай да бір қаланы жақсы көрсең, ол жерде көп қыдырсаң, жылдар өткен соң ол қаланың көшелерін тек рухың ғана емес, кеуде де, тұтас болмысың да танып алатыны сонша, қайғыға толы күндердің өзінде аяқтарың сені өзің жақсы көретін төбеге алып шығады.

Осылайша Налбант базарынан шығып, Сүлеймание мешітінің дәл жанында тұрып Халичке жауып тұрған қарды тамашаладым. Теріскей жаққа қараған шатырларға, күмбездердің солтүстік тұстағы бұрыштарына қазірдің өзінде қар жиналып қалыпты. Қалаға кірген әр кеменің маған сәлем жолдағандай болып шағылысқан желкендері теңіз бетіндегі қорғасын түсті тұманның өңімен бірдей болатын. Сауырағаш пен шынарлардың, шатырлардың көрінісі, кешкі уақыттың еңсені басқан сәті, төменгі көшелерден жеткен дыбыстар, сатушылардың бақырып-шақырғандары мен мешіт ауласында ойнап жүрген балалардың айғай-сүрені жиналып, маған бұдан былайғы өмірімнің қаладан басқа жерде өтпейтіндігін аңғартып тұрғандай еді. Тіпті мен бұған таңданбадым да. Бір сәт сүйіктімнің көп жыл бұрын ұмыт болған бейнесі көзімнің алдына келгендей болды. Дұрысы, солай деп ойлап қалдым.

Төбеден құлдилап келемін. Әрі-бері ағылған қалың нөпір адамның арасына кірдім. Ақшам намазынан кейін өкпе-бауырдан қуырдақ жасайтын аспаздың асханасынан тамақ іштім. Адам аяғы сирек баратын асханада қожайынның маған мысыққа тамақ бергендей мейіріммен берген асын жей отырып, оның әңгімелеріне де құлақ түрдім. Оның айтқандарынан шабыт алып әрі көрсеткен жолы арқылы кеш батып, іңір қа-

раңғылығы орнай бастаған тұста Тұтқын базарының артындағы тар көшелердің біріне еніп кеттім. Ол жердегі кофехананы да оңай тауып алдым.

Іші толған адам екен, әрі ыстық. Тебризде, парсы қалаларында мұндайлардың талайын көргем. Ол жақта пердедар деп атайтын, мұндағы мәддах[1] пештің жанындағы биік орынға жайғасып алыпты. Түрпайылау, сапасы нашар қағазға асығыс салынғаны білініп тұрған, бірақ әдемі сызылған иттің суретін ортаға іліп қойыпты. Ара-тұра суреттегі итті нұсқап қойып, әңгімесін соның атынан айтып отыр екен.

3. Мен – Итпін

Көріп отырсыңдар, ақсиған азу тістерімнің ұзындығы сондай, аузыма әрең сыйып тұр. Мұның маған қаншалықты қорқынышты кейіп беретінін білмеймін, бірақ өзіме ұнайды. Бірде қасапшылардың бірі: «Құдай-ау, бұл ит емес, доңыз ғой!» – деген-ді.

Бөксесінен ызалана қауып алғаным сонша, тістерімнің ұшы майлы еттен өтіп, жамбас сүйегіне дейін жетті. Тіпті сүйегінің қатты екендігін де сезіндім. Ит үшін ашу-ызаға булығып, атылып барып дұшпанының қоң етіне азу салғаннан артық қызық жоқ бұл жалғанда. Мұндай ыңғайлы сәт туғанда, менің қауып алуым үшін «еңбек сіңірген» құрбандығым ақымақтықпен алдымнан өтіп бара жатқан кезде, қуаныштан көздерім қарауытып, тістерім сыздап, жағым қарысып қа-

[1] *Мәддах* – Топтың алдында әңгіме-кисса айтып, рөлге кіріп, түрлі образларды ойнайтын адам.

лады. Тіпті өзім де аңғармастан, сендердің зәрелеріңді ұшыратын дыбыспен ырылдай бастаймын.

Мен бір итпін. Сендер мен сияқты есті жаратылыс емессіңдер, сондықтан «ит сөйлей ме?» дейсіңдер. Алайда бір жағынан өлгендер де сөйлейтін, қаһармандары өздері білмейтін сөздерді айтатын хикаяларға сенетін сияқтысыңдар. Иттер де сөйлейді. Тек тыңдай білу керек.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, бірде астананың ең үлкен мешіттерінің біріне (мысалы, «Баязит» мешіті дейік оны) ел шетінен дөрекілеу бір уағызшы келіпті. Молданың есімін Хұсірет Хожа дей салайық. Бұл өзі ақымақтау адам екен. Бірақ ақылы қаншалықты аз болса, тілі соншалықты майда, аузының құдіреті бар біреу екен әлгі адам. Әр жұма сайын жамағаттың жүрегін тебірентетіні сонша, уағыз тыңдап отырып жылағандардың ішінде талып қалатындар, ақыл-есінен айырылатындар да болатын көрінеді. Бірақ қате түсініп қалмаңдар, тілінің құдіреті, сиқыры бар әлгі бейбақ ешқашан жыламайды екен, керісінше, уағыз тыңдауға жиналған жұрт ағыл-тегіл болып отырғанда, оның кірпігі де қимылдамастан, қауымды мазақтап отырғандай, әңгімесін тіптен түрлендіріп жіберетін көрінеді. Біреудің мазағына айналғанды жақсы көретіндіктерінен болса керек, барлық арбакештер, жасауылдар, сарай қызметшілері, халуашылар, күзетші, саудагер сынды нөпір халық, тіпті молданың өзі сияқты уағызшылар да бұл адамның құлына айналыпты. Әттең, ол ит емес, ет пен сүйектен жаратылған адам баласы ғой, өзіне тамсанған тобырды көріп іштей мәз болғаны сонша, енді жамағатты жылатумен қатар, қорқытудың да ләззаты болатынын байқапты. Оның үстіне бұл істе

нәпақа мол, демек, шектен шыға беруге болады. Содан соң былай депті:

«Қымбатшылықтың, обаның, жеңілістердің бір ғана себебі – Хазіреті Пайғамбарымыз заманындағы Исламды ұмытып, мұсылмандықтың жөні осы екен деп басқа кітаптарды оқуымызда, өтірік-өсекке сенгендігімізде. Хазіреті Мұхаммед заманында қатым шығару, қайтыс болған адамның қырқын беру, аруаққа арнап дұға бағыштап, дастархан жаю, жеті шелпек пісіру бар ма еді? Хазіреті Мұхаммедтің уақытында Құран Кәрімді әндетіп оқу бар ма еді? Мешіт мұнарасына шығып алып: «Даусым не деген әдемі, арабшам тура арабтардікіндей болыпты-ау!» - деп мақтанып, қатты дауыспен шиқылдата азан шақыру бар ма еді? Мазарларды кезіп, өлгендерден медет тілеу, кесенелерге барып, пұтқа табынушылар сияқты тасқа сыйыну, ақтық байлау, аруақтарға мал атау бар ма еді? Осындай істер жасауға үйреткен тариқатшылар бар ма еді Хазіреті Мұхаммедтің заманында? Тариқатшылардың пірі Ибн Араби перғауынның да өлерінде иман келтіргенін айтып, ант ішіп, күнәһар болған. Тариқатшылар, мәуләуилер, халуатилер, календарилер[1] музыка ойнап отырып та Құран Кәрім оқиды, бала-шаға, кәрі-жасы бірігіп алып дұға етіп жатырмыз деп би билейді... Бұлардың бәрі – кәпір! Тәккәлар[2] қиратылып, олардың іргетасы жеті аршын тереңдікке дейін қазылуы керек, шыққан топырақты теңізге төгу қажет. Сонда ғана ол жерге намаз оқуға болады».

---

[1] *Тариқатшылар, мәуләуилер, халуатилер, календарилер* – Исламдағы сопылықтың түрлі мектептері. Тариқат Исламдағы ақиқатқа жетудің мистикалық, танымдық жолы.

[2] *Тәккә* – сопылық тариқат мүшелері паналайтын, ибадат жасайтын жері.

Бұл Хүсірет Хожа аузымен орақ ормақ түгілі, жұрттың бәрін азғын санап: «Ей, мүміндер, кофе ішу харам!» – дейтін көрінеді. Пайғамбарымыз мұны адамның миын кептіретінін, асқазанға жара шығаратынын, белсіздік пен бедеулікке әкелетінін білгені үшін, шайтанның кофені адамды алдайтын құрал қылатынын түсінгені үшін ішпеген. Ал қазір кофеханалар сауықшыл тобырдың, құмарлық ашсаған байшыкештердің жұрт естіп-білмеген ұятсыздықтар жасайтын жері, әуелі төккөлардан бұрын осы кофеханалар жабылуы қажет. Бұқараның кофе ішетін ақшасы бар болса, кофе ішуге барады, кофе ішіп естері шығады. Есірткіге еліргендері сонша, ол жерде ит пен құстың сөйлегеніне де сенеді, итті де тыңдайды.

Хүсірет Хожа осылайша мені, дінімізді сөге жамандайтын көрінеді. Рұқсат болса, осы уағызшының соңғы сөзіне жауап бергім келеді. Қажы, уағызшы, имам, молда-қожа дегендердің біздерді, иттерді ешқашан жақсы кормейтінін бәрің білесіңдер. Менің ойымша, мәселенің басы Хазіреті Мұхамедтің ұйықтап жатқан мысықты оятпау үшін шапанының етегін кесіп алған кезінен басталған. Мысыққа осыншама сырбаздықпен көрсетілген құрметтің итке бұйырмағанын еске алып, қайырымсыздығын, көрсоқырлығын адамзаттың ішіндегі ең ақымағы да білетін осы мысық деген мақұлыққа қарсы майдан ашуымызға байланысты, «Расулалла иттерді жек көрді» дегісі келеді. Дәрет бұзады деп мешіттерге кіргізбеуінің, жүздеген жылдар бойы мешіттің ауласында сыпырушыдан таяқ жеуіміздің сыры да осы арам ниетпен жасалған тәпсірдің салдары.

Сендердің естеріне Құран Кәрімнің ең әдемі сүрелерінің бірі – Кәхф сүресін салғым келеді. Бүгінгі әдемі

кеште арамызда Құран Кәрімді оқымайтындар да бар болуына байланысты емес, жай ғана естеріне салғым келеді. Бұл сүреде пұтқа табынушылар арасында өмір сүруден жалыққан жеті жігіт туралы қисса айтылады. Олар бір үңгірге кіреді де ұйықтап қалады. Алла бұлардың құлақтарына бір-бірден мөр басады да, оларды тура үш жүз тоғыз жыл ұйықтатады. Ұйқыдан тұрған сәттерінде бұл жетеуі осыншама жылдың өткенін білмейді. Тек біреуі адамдардың арасына барып, үш жүз жыл бұрынғы ақшаны көрсеткенде ғана олар осыншама уақыттың өткенін біліп, бәрі таң қалысады. Адамзат баласының Аллаға адалдығын, оның кереметтерін, уақыттың өткінші екендігін, қалың ұйқының тәттілігін сөз ететін сүренің он сегізінші аятын сендердің естеріне түсіру маған лайық болмауы мүмкін. Бірақ бұл аятта жеті жігіт, яғни Кәхф асхабы[1] ұйықтап қалатын үңгірдің кіреберісінде жатқан ит туралы айтылады. Әлбетте, әркім Құран Кәрімде өз атының аталғаны үшін мақтанады. Бір ит ретінде осы сүремен мақтанамын және дұшпандарын ит-малғұн дейтін ерзұрымдықтардың, иншалла, ақылдары кірер деймін.

Олай болса, иттерге қарсы дұшпандықтың негізгі себебі неде? Неге ит арам дейсіндер, үйлеріне ит кірсе неге барлық дүние-мүлікті бастан-аяқ жуып-шаясыңдар? Бізге денелерің жанасып кетсе, неге дәреттерің бұзылады? Шапандарыңның етегі иттің дымқыл жүніне тиіп кетсе, неге ол шапанды шешіп, көкбет қатындар сияқты жеті рет жуасыңдар, а? Бір ит тегенені жалап қойды деп, неге ол ыдысты лақтырып жіберу керек? Оны «лақтыру қажет немесе қалайымен қаптау ке-

---

[1]*Кәхф асхабы* – Құраннан Кәхф сүресінде айтылатын жеті жігітке берілген ортақ атау.

рек» деген өтірік әңгімені тек қалайышы ұсталар ғана шығарған. Бәлкім, мысықтар да осы қауесеттерді таратып жүрген шығар.

Ауылдан, даладан, көшпенді өмірден баз кешіп, қаланы мекендей бастағандарың сол еді, қойшының серігі болған иттер ауылда қалды, сол кезден бастап біз – иттер арам атандық. Исламнан бұрын он екі жылдың бірі – ит жылы еді. Ал қазір болса ит – арам, жамандық шақыратын хайуан атандық. Өз басымдағы қайғы-мұңды айтып, бүгінгі кеште біраз қисса тыңдағысы келген сендерді – достарымды өкпелеткім келмейді, менің базынам – уағызшы молланың кофеханадағы айтқандарына жауап қана.

Бұл ерзұрымдық Хүсіреттің әкесінің белгісіз екендігін айтсам, не дейсіңдер? Маған да «сен не қылған итсің, анау кофеханада сенің суретінді көрсетіп, хикая айтып отырған әңгімешіні қорғау үшін мейірімді уағызшыға тіл тигіздің» дегендер де болған. Құдай сақтасын, ол кісіні сөге-жамандап отырғам жоқ. Мен кофеханаларымызды қатты жақсы көремін. Білесіңдер ме, суретім осы бір арзан қағазға сызылғаны үшін, я болмаса ит болғаным үшін ренжімеймін, мен сендермен бірге адам сияқты кофе іше алмағаным үшін құса боламын. Біз кофеміз бен кофеханаларымыз үшін өлеміз. Бірақ оны да қойшы... Шеберім, қара, мыналар маған ыдыстан кофе құйып беруде. «Сурет кофе іше ме?» – демеңдер, қарандар, ит қылқ-қылқ еткізіп кофе ішіп жатыр.

Уh, қандай тамаша! Тұла бойыма жылу тарап, көздерімнің жарқ ете қалғаны!.. Зейінім де ашылды-ау, ал енді ойыма не келді десеңші... Венециялық саудагерлер Падишамыздың қызы Нұрхаят Сұлтанға сыйлық

ретінде қытай жібегінен тоқылған тең-тең маталардан, бетіне көкшіл гүлдің суреті салынған қытай құмыраларынан басқа не жібергенін білесіндер ме? Жібектей жұмсақ жүні бар, денесі сусардай сәнді франк итін жіберген. Бұл иттің еркелігі сонша, қызыл жібектен тігілген «киімі» бар екен. Достарымның біреуі оған оңашада артылып, шаруасын бітіріпті, мұның бәрін сол айтқан. Бұл ит күйлеген кезде де киімін шешпейтін көрінеді. Франк өлкесінде барлық иттер осындай киім киеді деседі. Ол жақта кербез франк қатындарының бірі киімсіз ит көрген бе, әлде иттің жаланаш қасасын көрген бе, әйтеуір, «Ойбай, хайуан жаланаш жүр!» – деп бақырыпты да, есінен танып қалыпты деседі.

Дінсіз франктар өлкесінде әрбір иттің иесі бар екен. Байғұс иттердің мойындарына шынжыр тағып, бейшараларды құлдар сияқты көшеде жетектеп жүретін көрінеді. Бұл адамдар иттерді күшпен үйлеріне кіргізіп алады екен, тіпті қойындарына да жатқызады. Бір ит басқа бір итпен иіскесіп, ойнамақ түгілі, бірге де жүре алмайды. Шынжырланған күйі көшеде кездесіп қалса, мұң-зарларын бір-біріне көздері арқылы білдіреді. Бітті, бұдан артық ештеңе жоқ. Біздің Ыстамбул көшелерінде топ-тобымызбен, жамағат болып қаңғып жүретін ит болуымыз, мырза, қожайын дегенді білместен жол торып, қарақшылық жасауымыз, бұрыштарда рахаттана жатуымыз, көлеңкеде пысылдап ұйықтауымыз, қалаған жерімізге сарып, қалағанымызды қауып алуымыз – дінсіздердің миына да кіріп шықпайтын дүниелер. Осыдан да шығар, ерзұрымдықтардың жақтастары Ыстамбул көшелерінде садақа деп иттерге ет берілуіне, осы мақсатта үйымдар құрылып жатқанына қарсы. Мен мәселенің бәрін осылай ойлаймын. Егер

бұлардың ниеті иттерге жау болудан бөлек тек дінсіздік болса, онда ит қауымына дұшпандықтың онсыз да имансыздықтың дәл өзі екендігін естеріне саламын. Көп кешікпей, осы бейшаралар өлім жазасына кесілетін күн де келер деп үміт етемін. Үкім орындалған кезде жендет достарымыз олардың өліктерін жұлмалауға шақыратын шығар деп ойлаймын. Мұның бәрі өзгелерге сабақ, ғибрат болсын деп жасалуы тиіс.

Соңында мынаны айтпақпын: бұдан бұрынғы нем өте әділ адам еді. Түнде қарақшылық жасауға шыққанда істейтін жұмысымызды бөлісетінбіз. Мен үре бастағанда ол құрбандығының кеңірдегін орып жіберетін, сөйтіп сорлының шыңғырған даусы да естілмей қалатын. Еңбегім үшін жазасын берген қылмыстыларды сойып, қайнатып, маған беретін, мен жейтінмін. Мен шикі етті ұнатпаймын. Ерзұрымдық уағызшының жендеті мұны да есінен шығармас, иншалла, ол пасықтың етін шикідей жеп, асқазанымды бұзғым келмейді.

4. Мені Қанішер дейді

Ол ақымақты өлтірерден бұрын, маған «біреудің жанын жаһаннамға жібересің» десе сенбес едім. Содан да шығар, жасаған ісім ұшы-қиырсыз теңізге бет алып, көз ұшында ғайып болған желкенді кеме сияқты менен алыстап кетті. Кейде ешқашан адам өлтірмеген сияқты сезімде жүремін. Байғұс Зариф бауырымды ешбір себепсіз, іштей қаламасам да мүрдем қаптырғаныма да төрт күн болды, қазір бұған да етім үйреніп келе жатыр.

Алдыма кесе-көлденең шыға келген мәселені адам өлтірмей-ақ шешуді қалағам, бірақ кісі өлтіруден

басқа жол жоқ екендігін де дереу түсінген едім. Шаруаны тез арада сол жерде бітірдім, енді соның барлық ауыртпалығы мойнымда. Бір ақымақтың жапқан жаласының кесірінен тұтас нақышкер қауымының басына қатер төнуіне жол бермедім.

Дегенмен қанішерлікке бірден көндігіп, оған бойды үйрету де қиын. Үйде байыз тауып отыра алмаймын, көшеде де солай, бір көшеден келесісіне барамын, одан тағы біріне өтемін. Әрі адамдардың бетіне қараймын да оларда адам өлтіру мүмкіндігі болмағандықтан, өздерін бейкүнәміз деп ойлайтындықтарын көремін. Сәл ғана сәттілік пен тағдыр мәселесіне байланысты адамдардың көбінің менен әлдеқайда биязы, кішіпейіл, қайырымды, жібек мінезді немесе жақсы екендігіне сену қиын. Көп болса, әзірге кісі өлтірмегендіктен сол де болса ақымақ кейіпте жүрген шығар. Әрі барлық ақымақтар сияқты сырт көзге жақсы ниетті болып көрінеді. Жанарынан ақылдылықтың нышаны, жүзінен жан күйзелісі байқалған әркімнің қанішер екендігін ұғыну үшін, әлгі бейшараны өлтірген соң Ыстамбұл көшелерінде төрт күн бойы сандалғаным маған молынан жетті.

Тек ақымақтар әдетте бейкүнә болады. Мысалы, бүгін кешке Тұтқын базарының артқы жағындағы кофеханада ыстық кофемді ішіп, ілулі тұрған иттің суретіне қарап, иттің айтып жатқан әңгімелерін тыңдап, мөз болып отырғанымда, қасымдағы біреудің дәл мен сияқты қанішер екендігін сезгендей болғам. Ол да мен сияқты мәддахтың аузына қарап күле алатын. Бірақ біздіктеріміз бір-біріне тиіп отырғандықтан ба, кесе ұстап отырған саусақтары аздап дірілдегендіктен бе, әйтеуір оның да менің нәсілімнен екендігіне көзім жеткен-

дей болды да, бетіне жалт қарадым. Ол шошып кетті, көздері алақ-жұлақ етіп маған қарады. Бойына кофенің әсері тарай бастаған біреу оны құшақтап: «Ақыры Нұсірет Хожашылар бұл жерге басып кіреді», – деді.

Ал анау болса, көзін алартып, әңгіме бастамақ болған адамды тоқтата қойған-ды. Олардың қорқып отырғанын сездім, әрине. Ешкім ешкімге сенбейді, әрдайым қарсы алдында отырған адамнан қастандық күтеді.

Күн әжептәуір суытып кетіпті, көшелердің бұрышбұрышына, қабырғалардың іргелеріне қар үйіле бастаған. Көзге түртсе көргісіз қараңғыда, тар көшелерде жолды жанарым емес, кеудем тауып келе жатқандай сезімдемін. Кейбір үйлердің перделері жабылған, сыртына ағаш ысырмалар орнатылған терезелерінің саңылауларынан әлі де жанып тұрған шамның әлсіз сәулесі сыртқа түсіп, қарға шағылысып жатыр. Көбінде ешбір жарық та жоқ, ештеңе көре алмайсың. Күзетшілердің таяқтарымен тастарды тықылдатқанына, құтырған иттердің ұлығанына, үйлерден естіліп тұрған сәбилердің дауысына құлақ түріп, жолымды тауып келемін. Кейде түн ортасында қаланың тар әрі қорқынышты көшелері қардың өзінен шығып жатқандай сезілетін таңғажайып сәулелерімен сәл жарықтанатын сияқты. Үйінділер мен ағаштардың арасынан жүздеген жыл бойы Ыстамбулды тылсым қылып келген елестерді де көргендей боламын. Бірде үйлерден бақытсыз пенделердің зарлы дауыстары естіліп жатса, бірде құлаққа күрк-күрк жөтелген, мұрындарын тартқан, түстерінен жанұшыра шошып оянып, бақырғандардың дыбыстары келеді. Қастарында бақырып-шақырған балаларына қарамастан, бір-бірін таяқтың астына алып, төбелесіп жатқан ерлі-зайыптылардың дауыстарын да естимін.

Қанішер болардан бұрынғы бақытты өмірімді еске алып, көңіл көтеру үшін бір күні ақшамда кофеханаға хикаяшының әңгімелерін тыңдауға келдім. Өмір бойы бірге жүрген нақышкер бауырларымның көбі әр кеште осындай жерлерге жиналатын. Сонау бала күнімізден бері бірге жүріп, талай нақыш жасаған есаланды өлтірген соң, енді ешкімді көргім де келмейді. Бір-бірін өсектемесе тура алмайтын бауырларымның өмірінде, осындағы сауықшыл ортада мені ұялтатын біраз дүние бар. Мені тәкаппар демесін деп, хикаяшыға бір-екі сурет сызып берген едім. Бірақ мұның көрсеқызарлықты тоқтата алмайтынын да білемін.

Дегенмен олардың қызғанышының да жөні бар. Түстерді ойнатуда, беттерді дестелеуде, тақырып таңдауда, адамның келбетін салуда, кітап беттерін безендіруде, майдан даласы мен аң аулау сәттерін бейнелеуде, аңдардың, патшалардың, кемелердің, аттардың, сарбаздардың, ғашықтардың суретін салуда, пақыштардың арасындағы рухани жырларды төгуде, тіпті әдемі жақтаулар, тәзхиб жасауда да ең шебері – менмін. Мұны сендерге мақтану үшін емес, мені түсінсін деп айтып отырмын. Қызғаншақтық деген нәрсе уақыт өте келе шебер нақышкер өмірінің бөлшегіне айналады, ол үшін бояудай маңызды орынға шығады.

Көңілім құлазып жүр. Осындай сәттерде, мәнмағынасыз ойлармен арпалысып, көше кезіп жүрген кездерімде кейде жаны таза, бейкүнә діндес бауырларымның біреуімен бетпе-бет келіп қаламын. Сол кезде санама сан түрлі ойлар келеді: «Қанішер екенімді ойласам, бұл адам оны түрімнен-ақ байқап қояды».

Дереу басқа дүниелерді еске алуға тырысамын. Бұл өзі жас кезімде намаз оқып тұрғанда әйелдерді ойла-

мау үшін өзімнен-өзім ұялып, өзімді-өзім азаптаған сәттерім сияқты сезім. Бірақ ол кезде қатындармен төсектес болуды мнымнан ешқашан шығара алмаушы едім. Сол жалындаған жас кезімдегідей емес, қазір адам өлтіргенімді ұмыта аламын.

Мұның бәрін басымнан өткергенім үшін айтып жатырмын. Түсінетін шығарсыңдар?! Бірдеңе ойласам да сендер бәрін түсінесіңдер. Бұл жағдай елес сияқты араларыңда жүрген мені, басы ноқтадан шықпаған қанішер атанудан құтқарады да, кім екені белгілі, басы шабылатын әдеттегі қылмыскерге айналдырады. Рұқсат етсеңдер, барлық жайтты ойламай, өз ішімде бірер күпия қалдырайын. Сендер сияқты парасатты адамдар аяғының іздеріне қарап-ақ ұрыны ұстап алатындары тәрізді, сөздерімнен, бояуларымның түстерінен менің кім екенімді тауып көрсін. Бұл да бізді қазір ел аузында жүрген стиль мәселесіне алып келеді. Нақышкердің жеке стилі, өзіне тән түсі, дауысы бар ма? Болуы тиіс пе?

Шеберлердің шебері, нақыш жасаудың пірі – Бекзаттың бір суретін алайықшы. Бұл өзі кісі өліміне қатысты сурет. Менің жағдайыма дәл келеді. Мен осынау тамаша туындыны аяушылық деген мүлдем болмайтын тақ таласы кезінде өлтірілген Парсы ханзадасының кітапханасынан шыққан, Гераттағы тоқсан жылдық кітаптың Хұсрау мен Шырын оқиғасын суреттейтін беттерінен тауып алғанмын. Хұсрау мен Шырынның жайын білесіңдер, естеріңе тағы да салайын, мен сендерге Фирдоусидің емес, Низамидің жырлағанын айтып отырмын.

Екі ғашықтың басынан қилы-қилы тағдыр, сан түрлі оқиға өтіп, ақыр соңында үйленеді. Бірақ Хұсраулың алғашқы әйелінен туған ұлы, жас Шируйе шайтан

сиякты еді, олардың мазасын алуды қоймайды. Ханзада әкесінің тағы мен жас қатыны Шырынға қызығатын-ды. Низами «Аузынан күлімсі иіс шығатын» деп сипаттаған Шируйе жолын тауып әкесін тұтқындап, тағына отырады. Бір күні түн ішінде әкесінің Шырынмен бірге жатқан бөлмесіне кіріп, қараңғыда жанжағын сипалай жүріп олар жатқан төсекті табады. Содан соң қанжармен әкесінің бүйірін осып жібереді. Әкесі таң атқанша қансырап жатып, қойнында мамыражай кейіпте ұйықтап жатқан сұлу Шырынның төсегінде өледі.

Ұлы ұстаз Бекзаттың суреті осы хикая сиякты жылдар бойы көңілімнің түкпірінде жатқан шынайы қорқынышты да сипаттайтын. Түн ортасында оянып, тас қараңғы бөлмеде тықырлаған дыбысты өзге біреудің жүрісі деп ойлайтынмын, зәрем ұшып қорқар едім. Ол адамның бір қолында қанжар бар екенін, келесі қолымен алқымыңнан алғанын елестетіп көріндер өздерің. Бөлмедегі әсем безендірілген қабырғалар, терезелер мен шарайналар, қысылған кеңірдегіңнен дыбыссыз аққан қанның түсіндегі қызыл кілемнің бұйра-бұйра түктері, қанішердің сені өлтірген кезінде жаланаш әрі күс-күс аяғымен аямай таптаған көрпеңе адам сенгісіз нәзіктікпен әрі қуанышпен салынған сары, көк гүлдердің барлығы бір ғана мақсатқа қызмет қылады. Бір жағынан қарап тұрған суреттің әдемілігі тартып тұрса, екінші жағынан өзің жан тапсырған бөлменің, төрк етіп жатқан дүниенің де соншама сұлу екендігін еске салады. Әлгі картинаға қараған кезде санаңа ұялаған мағынасы: сурет пен жарық дүние әдемілігінің сенің өліміне деген енжарлығы, жан берер сәтте қасыңда ойнаған жатса да өзіңнің жалғыз қалатының ғана.

«Бекзаттікі», – деп еді жиырма жыл бұрын менімен бірге кітапқа көз салған қарт шебер. Келбеті қасымыздағы майшамның жарығынан емес, суретті көрген сәттегі сүйінуден жайнап тұрған-ды. «Бұл – Бекзаттікі. Бекзаттікі екендігі анық. Оған қолтаңбаның да қажеті жоқ».

Бекзат та мұны білетіндіктен, суреттің ешбір жерінс, тіпті көзге көрінбес қалтарыс-бұлтарысына да, құпиялы, астарлы түрде болса да қол қоймапты. Қарт шебердің ойынша Бекзаттың бұл әрекетінде аздап ұялу мен қысылу бар еді. Шын өнер мен шеберлік деген ешкімнің қолынан келместей өте жоғары деңгейде болуымен қатар, осынау ғажайып туындының кімнің қолынан шыққандығын білдіретіндей бірде-бір із қалдырмаумен өлшенетін болса керек.

Бейшара құрбандығымды сасқалақтап, әдеттегі әрі тұрпайы бір әдіспен өлтірдім. Қылмысымды байқататын із қалған-қалмағанын білу үшін түн жамылып әлгі жерге келген сайын, осы шеберлікке қатысты тәсілдер мен стильдер ойыма орала берді. Стиль деп жүргеннің өзі – адами із қалдыруымызға себеп болатын қате негізі.

Жауып тұрған қардың әлсіз жарығы болмаса да осы жерді тауып алар едім. Бұл жер – жиырма бес жылдық жолдасымды өз қолыммен өлтірген орын. Қар менің қолтаңбамды баяғыда-ақ бүркеп, жоқ қылыпты. Бұл да Алланың стиль мен қолтаңба мәселесінде менімен және Бекзатпен бір пікірде екендігін көрсетеді. Төрт күн, төрт түн бұрын әлгі бейшара айтқандай, кешірілмес күнәні кітап безендіріп жүргенде байқамай жасап қойған болсақ, Алла бізге, пақышкерлерге осы мейірімін төкпес еді.

Сол түні Зариф Ефендімен бірге осы өртенген жерге кіргенімізде қар жаумаған еді. Алыстан иттердің ұлыған үндері еміс-еміс естіліп тұрған-ды.

– Мұнда неге келдік? – деп сұрады бейшара. – Түннің бір уағында бұл жерден не көрсетесің маған?

– Әріректе бір құдық, одан он екі адым ілгеріде жылдар бойы жинап, көміп тастаған ақшам бар, – дедім. – Бұл айтқандарымды ешкімге білдірмесең, Жезде де, мен де сені қуантамыз.

– Демек, басынан бастап не істеп жүргеніңді білесің гой. Оны мойындағаның гой? – деді асыға.

– Мойындаймын, – дедім амалсыздан отірік айтып.

– Сендердің салған суреттерің үлкен күнә екенін білетін шығарсың? – деді аңғалдықпен. – Ешкімнің жүрегі дауаламаған күнә, діннен безу, имансыздың ісі. Тозақтың түбінде жанасыңдар. Көретін азаптарың, қиналатын кездерің ешқашан бітпейді. Мәңгілік тозақ азабын тартасыңдар. Мені де бұл іске араластырып тындыңдар.

Осы сөздерді естіп тұрғанда бір нәрсеге көзім әбден жетті, мына сұмырайдың айтып тұрғанына көп адам сеніп қалады. Неге? Өйткені бұл сөздердің құдіреттілігі, адамды баурап алатыны сонша, қаласаң да, қаламасаң да қызығасың, сенесің, өзгелер шынымен де сондай күнә жасады деп ойлайсың, шындық сияқты сезіледі.

Безендірген кітаптарының құпиялылығы мен оған төленетін ақшаның кесірінен Жезде туралы осыған ұқсас түрлі өсек-аяңдар өріп жүретін. Оның үстіне Бас нақышкер Осман ұстаз да оны жек көретін. Ұстазымның жаласы да осы шындықты жасырып тұратынын білетін едім. Кім қаншалықты шындықты айтады? Қаншалықты аққөңіл?

Біздің бір-біріміздің жағамыздан алуымызға себеп болған әңгімелерді оған қайталап айтқыздым. Сөзді бұрмалап бірдеңелер айтып, міңгірлемеді. Шәкірт кезімізде Осман ұстаздың таяғынан қорғану үшін кінәмізді жуыпшаюға тырысатынбыз, тура сондай әрекет жасап бақты. Оның шын сөзін айтып тұрғанын да білдім. Шәкірт кезінде мені бір нәрсеге сендірмек болғанында осылайша көздеріп бақырайтып тұрушы еді – ол кездері осыншама ұзақ жылғы суретшілік қызметіндегідей кішірейіп кетпеген болатын. Алайда оған жаным ашымады, өйткені ол барлық нәрсені өзгелерге айтып беруге әзір еді.

– Қарашы! – дедім арамзалықпен, – тәзхиб жасаймыз, суреттің жақтауын безендіреміз, беттерді алтын әріптермен сәндейміз, ең әдемі суреттерді біз саламыз, құтыларды, кебеже-сандықтарды, сөрелерді жайнатып қоямыз. Қаншама жыл осы іспен айналысып келеміз. Бұл біздің жұмысымыз. Бізге сурет салуға тапсырыс береді, мына жақтаудың ішіне кеме, киік сал, Патшаны отырғыз, мынадай құс, мынадай адам болсын, хикаядағы мәжіліс осылай болсын, мынау былай тұрсын дейді, біз солай жасаймыз. Бірде «Көңілінде жүрген аттың суретін сал мұнда!» – деді Жезде мырза. Үш күн бойы көңілімдегі аттың бейнесінің қандай екендігін білу үшін бұрынғы ұлы шеберлер сияқты жүздеген мәрте аттың суретін салдым.

Қолымды үйрету үшін тұрпайылау Самарқан қағазына салған бір топ аттарымды Зарифке көрсеттім. Қызығып, қағазды алды да ай жарығымен сол суретке сығырайып қарай бастады.

– Шираздың, Гераттың бұрынғы шеберлері, – дедім. – Жаратушының қалауы мен назарындағыдай

шынайы аттың суретін сызу үшін нақышкер елу жыл бойы ешқашан тоқтамастан, ұдайы жылқының суретін салуы керектігін айтатын. Әрі ең әдемі аттың суреті қараңғыда сызылатындығын да қосып қоятын. Өйткені елу жылда шын суретшінің қолдары өзі сызатын аттың суретін жаттап алады екен.

Ол біздің балалық шағымыздағыдай бейкүнә бейнемен мен сызған аттарға үңіліп, жан-тәнімен беріліп кетіпті.

– Бізге тапсырыс береді. Біз болсақ, жылқының ең әдемі, ең күрделі суретін бұрынғы шеберлер сияқты сызуға ұмтыламыз. Бар-жоғы осы. Тапсырыс қылған дүниеге бола бізді айыптау дұрыс емес.

– Бұларың дұрыс па, жоқ па, білмеймін, – деді Зариф, – біздің де жауапкершілігіміз, ерік-жігеріміз бар. Мен Алладан басқа ешкімнен қорықпаймын. Ол бізге жақсылық пен жамандықты ажыратсын деп ақыл, сана берген.

Негізі дұрыс жауап еді.

– Алла бәрін көріп, біліп тұр, – дедім арабшалап, – сенің, менің, біздің бұл істі білместікпен жасағанымызды да түсінеді. Жезде мырзаны кімге айтасың? Бұл істің артында Падишамыздың өзі тұрғанына сенгің келмей ме?

Үндеген жоқ.

«Шынымен де мынаның басында тауықтың мыңдай ми жоқ па еді, әлде Алладан қорыққаны сонша, салқынқандылығын жоғалтып, сандырақтап тұр ма?» – деп ойладым.

Құдықтың қасында тұр едік. Қараңғыда көздеріміз түйісіп қалды. Оның қорқып тұрғаны белгілі еді. Жаным ашыды. Бірақ тым кеш болатын. Алдымда

тұрған жанның тек ақылсыз қорқақ қана емес, оның бейшара, дәрменсіз пенде екендігіне тағы да көз жеткізу үшін Аллаға дұға қылдым.

– Осы жерден он екі адым жүріп, сол жерді қазасың, – дедім.

– Содан соң не болады?

Жезде мырзаға суреттерді өртеп жіберуді айтамын. Басқа не істей аламыз? Ерзұрымдық Нүсірет Хожа жамағатындағылардың біреуі осындай әңгіме болғанын білсе, бізді де тірі қалдырмайды, нақышхананы да құртады. Олардан танитындарың бар ма? Осы ақшаны әзірге сен ал. Бізді оларға айтпайтындығыңа сенейік.

– Ақша ненің ішінде?

– Тұздалған көкөніс сақтайтын ескі құмыраның ішінде жетпіс бес дана Венеция алтыны бар.

Венеция ақшасы дегендерімді түсінемін, ал мына тұздалған көкөніс сақтайтын құмыра қайдан есіме түсті?

Аузыма не келсе соны айтып, сандырақтай салған тәріздімін. Дегенмен құр сандырақ болса да сенімді еді. Осылайша Алланың менің жағымда екендігін тағы да түсінгендей болдым. Өйткені жыл өткен сайын дүниеқұмар бола бастаған шәкірт кезімізден бергі досым, көрсеткен бағытыма қарай он екі адым санауды асығыстықпен бастап кеткен болатын.

Сол сәтте ойымда екі-ақ дүние бар еді. Топырақтың астында ешқандай Венеция алтын-малтыны жоқ! Ақша бермесем, бұл есалаң біздің түбімізге жетеді! Бала кезімдегідей бұл бейшараны бір сәтке құшақтап, сүйіп алғым келді, бірақ арада өткен жылдар бізді алыстатып жіберген-ді.

Жерді қалай қазатынымыз есіме түсті. Тырнағымызбен қазамыз ба? Мұның бәрі – өз ойым, егер ойлау деп атаудың өзі дұрыс болса, әрине, көзді ашып-жұмғанша санамнан өте шыққан жайлар еді.

Құдықтың жиегінде тұрған шомбал тасты екі қолыммен көтеріп алдым. Ол жетінші-сегізінші қадамға енді жеткен сәтте қарақұс түсынан таспен қойып қалдым. Тастың оның басына жылдам әрі қатты тигені сонша, өз басыма тигендей сенделіп кетіппін, тіпті жаным да ашыды. Бірақ істеген ісім үшін өкінгенше, бастағанымды тез арада аяқтауым керек еді. Өйткені жерге құлаған бейшара тыпырлап жатқан болатын. Ондай жағдайды көрген адам тіптен қобалжып кетеді екен. Оны құдықтың жиегінен төменге қарай лақтырып жіберген соң ғана істегендерімнің пақышкердің кербездігіне жараспайтын қораш, қарабайыр әрекет екендігін түсінгендей болдым.

5. Мен – Жезделеріңмін

Мен Қараның жездесімін, бірақ өзгелер де мені «Жезде» дейді. Кезінде Қараның шешесі мені осылай атауын қалайтын, кейін тек Қара емес, бұл есімді бәрі қолданатын болды. Қара біздің үйге келіп-кетуін осыдан отыз жыл бұрын, Ақсарайдың артқы жағындағы үйеңкі мен талшын ағаштарының көлеңкесіндегі сол бір ылғалды көшеге көшіп келген кезден бастады. Ол бұдан бұрынғы үйіміз болатын. Жазда мен Махмұт пашамен бірге жорыққа шыққам, ал күзде Ыстамбулға қайта оралғанымда Қараны анасымен бірге біздің үйді

паналап жүргенінде кездестірдім. Марқұм шешесі, менің қайтыс болған әйелімнің әпкесі еді. Кейде қыстың ұзақ кештерінде үйге келгенде, Қараның шешесі мен әйелім құшақтасып, жылап-сықтап, шер тарқатып отырған кездерін де көретінмін. Өзі қызмет қылған кішкентай әрі алыстағы медреселердің ешбірінде тұрақтап қала алмаған әкесінің мінезі жаман болатын. Ашуланшақ әрі көп ішетін кісі еді. Қара ол кездерде алты жаста болатын, анасы жыласа жылап, анасы үнсіз қалса ол да дыбыс шығармай отыратын. Маған, жездесіне сескене, үрпие қарап қоятыны болушы еді.

Қазір оны қарсы алдымда батыл боп ержеткен әрі үлкенге құрмет көрсете алатын жиен ретінде көргеніме қуанып отырмын. Маған көрсеткен ізет-құрметі, қолымды сүйген кезіндегі ықтияты, сыйлыққа әкелген моңғол сиясауытты беріп тұрғанда «тек қызыл сия үшін» деуі, алдымда тізерлеп отыруы – барлығы ол армандаған ақылды, толысқан адам болғанын ғана емес, мен армандаған қарттығымды бір сәт есіме түсіріп жіберді.

Әкесін бір-екі рет көргенім бар. Әкесіне тартыпты. Ұзын бойлы, сәл арықтау, қолын әрлі-берлі сермеп сөйлейді, бірақ бұл қылығы өзіне жарасып тұр. Қолдарын тізелерінің үстіне қойып, мен маңызды бірдеңе айта бастағанда «Түсінемін, ықыласпен тыңдап отырмын» дейтін көзқараспен көздеріме тіке қарауы, создерімді құптап, басын изеп отыратыны жарасымды көрінеді екен. Осы жаска келгенде шынайы құрметтің жүректен емес, ізеттілік пен мойынсұнудан басталатындығын білетінмін.

Шешесі біздің үйді баласының болашағы ретінде бағалап, сан түрлі сылтаумен оны осында ертіп келе-

тін жылдарда оның кітапты жақсы көретінін байқаған-мын. Біз бір-бірімізге бауыр басып кеттік әрі үйдегілер оны менің шәкіртім ретінде санайтын. Оған Шираз нақышкерлерінің көкжиек сызығын суреттің сонау жоғары жағына дейін сызу арқылы жаңа тәсіл ойлап тапқандығын айтатынмын. Ләйлісіне ғашықтықтан жынданып кеткен Мәжнүнді барлық суретшілер шөл-де арып-ашып жүрген күйде сызса, ұлы шебер Бекзат оны тамақ пісіріп жатқан, отты үрлеп жағуға тырысқан шатырлардың арасында, қыз-келіншектердің ішін-де жүргенін, бірақ сонда да жалғызсыраған кезін қа-лай көрсете алғанын түсіндіретін едім. Хұсраудың түн ішінде көлге шомылған Шырынның жалаңаш тәнін тамашалап тұрған сәтін сызған суретшілердің көбі Низамидің өлеңдерін оқымастан, ғашықтардың аттары мен киімдерін ойларына келген түске бояуы қаншалықты күлкілі екендігін айтатын едім. Сызатын мәтінді мұқият әрі түсініп оқымаудан өткен салғырт-тықты нақышкердің қылқаламды тек ақша үшін ұстап жүргендігімен түсіндіретінмін.

Қазір Қараның суретшіліктің ұстыны болар өзге де білім алғанын көріп қуанып отырмын. Нақыш пен өнерде салың талабың қайтпасын десең, оны ешқашан өзіңнің кәсібің ретінде бағалама. Дарының мен еңбегің бағаланбаған кезде өнерге өкпелемеуің үшін қанша қа-білетті, шебер болсаң да ақша мен билікті өзге жерден ізде.

Ыстамбул мен алыс уәлаяттардағы пашалар мен байларға кітаптар жасатып бергендіктен, Қара Теб-риздегі шебер суретшілер мен нақышкерлердің бар-лығын таниды екен. Сол хас шеберлер қазір жоқ-жі-тіктің тұрмысын кешіп жүрсе керек. Тек Тебриз емес,

Мешхедте, Алеппода ақша жоқтықтан әрі ешкім назар аударма ғандықтан талай нақышкер кітап безендіруді тастап, тек бір жапырақ суреттер сызатын көрінеді. Европа саяхатшыларын естен тандырар таңгажайып оқиғалар мен ашық-шашық суреттерді де сыза бастапты. Шах Аббастың Тебризде бейбіт бітім жасау кезінде Падишамызға сыйға берген кітап қазірдің өзінде паршаланып, беттерінің басқа кітап үшін қолданыла бастағанын естіпті. Үнді патшасы Әкбар жаңа кітап үшін ақшаны оңды-солды тарата бастағандықтан, Тебриз бен Казвиндегі ең шебер нақышкер-суретшілер, хұснихатшылар оның сарайына ағылған екен.

Осының бәрін маған айтып отырғанда, сөз арасында өзге де хикаялар қосып қояды. Мысалы, ойдан шығарылған Мәдінің[1] көңілді әңгімелері, Сефевилердің соғыс-ты тоқтату үшін өзбектерге аманатқа жіберген ақымақ шахзадасының үш күн ішінде безгектен өлуіне қатысты сол жақтағы оқиғаларды айтады, бетіме қарап күлімсірейді. Бірақ екеумізді де алаңдататын жайт, екеумізді де іштей сескендіретін жағдай әлі айтылмаған тәрізді. Оны көздерінен оқып отырмын.

Үйімізге кіріп-шыққан, біз туралы айтылған әңгімелер арқылы отбасымнан хабардар болған әрбір жас жігіт сияқты Қара да менің жалғыз қызым, сұлу Шекуреге ғашық болғаны бар. Хас сұлудың өзі болған қызыма сол кезде көп адам көрмей-білмей жатып-ақ ғашық болғандықтан, бәлкім, бұл тақырып мен үшін аса қатерлі әңгіме емес те еді. Бірақ Қара үйімізге келіп жүргендіктен, үйде қошемет пен сүйіспеншілікке бөленген еді. Көрген Шекуремен де жүзбежүз кездесу-

[1]*Мәді* – ислам аңыздарында ақырзаман жақындағанда шығатын кісі.

ге мүмкіндігі болған бір жігіттің ессіз құмарлығы еді. Мен ойлағандай, ол махаббатын көңіл түпкіріне көміп тастай алмады. Әрі ғашықтығын қызыма ашық айтып, қателік жасады.

Соның кесірінен үйімізге келе алмайтын болды.

Қара Ыстамбулдан кеткен соң қызым атты әскер сарбаздарының біріне тұрмысқа шыққан. Ақылдылығымен көзге түсе қоймайтын сол жауынгерден қызым екі ұл тапты. Ал, күйеуінің өзі бір соғысқа кетіп, одан қайтып оралмады. Одан төрт жыл бойы хабар-ошар болған жоқ. Менің ойымша, мұның барлығын Қара білетін сияқты. Ол бұл айтылғандарды Ыстамбулда осындай өсек-аяң тез таралатындықтан емес, менің көзіме қарап тұрып, үнсіз ғана жанарымнан оқып қойғандай болды. Тіпті дәл қазір столдың үстінде ашық жатқан Кітаб-ул Рухқа[1] көз салып отырған сәтінде де үйдегі балалардың дауысына құлақ түріп тұрған тәрізді. Өйткені қызым ұлдарымен бірге екі жылдан бері төркінінде, әкесінің, яғни менің үйімде өмір сүріп жатыр.

Қара шалғайда жүрген кезде тұрғызған осы үй туралы басында ләм-мим деспедік. Шамасы, өзін дүниемүлік пен атақ-даңққа ие болуды мұрат тұтқан жастар тәрізді сезінетіндіктен болар, Қара бұл тақырыпта әңгіме айтуға ұялып тұрған сияқты. Бірақ сонда да үйге кірген сәтте екінші қабаттың құрғақ, жанға жайлы екендігін, буын-буыным қақсап жүргендіктен екінші қабатқа көтеріліп, сонда отырғанымыз жөн екендігін айттым. Екінші қабат дегенде іштей ұялғандай болдым, дегенмен бір нәрсені айта кеткенім де жон шығар. Көп

---

[1]*Кітаб-ул Рух* – орта ғасырдағы ислам ғалымы Ибн Кайим ал-Джаузияның кітабы.

ұзамай дүние-мүлкі менікінен әлдеқайда аз адамдар да, жағдайы төмен сарбаздар да екі қабатты үй тұрғыза бастайтын болады. Оған көзім жетіп келеді.

Бір кездері нақыш жасайтын орын ретінде пайдаланған бөлмеде отырмыз. Келесі бөлмеде Шекуренің отырғанын Қараның аңғарғанын сездім. Оны Ыстамбулға шақыру үшін Тебризге жолдаған хатымда жазылған негізгі тақырыпқа бірден көштім.

– Сенің Тебриздегі нақышкерлер мен хұснихатшыларға, суретшілерге жасатқан кітаптарың сияқты, мен де бір кітап дайындап жатырмын, – дедім. – Маған осы кітапты құрастыруға тапсырма берген адам – Жаһанның қожасы Падиша хазіретлері. Кітап құпия болғандықтан, Падишамыз мен үшін Бас қазынагерге тапсырып, маған жасырын түрде ақша бергізді. Падишамыздың нақышханасындағы ең шебер нақышкерлермен жеке-жеке сөйлестік. Келістік. Олардың біреуіне итті, біреуіне ағашты, біреуіне көкжиектегі бұлттарды, жақтауларды, біреуіне аттарды сызғызып жүретінмін. Салғызып жатқан дүниелерім тап бір венециялық шеберлер жасап жүргендей, Падишамыздың тұтас әлемін, болмысын көрсеткенін қалаймын. Бірақ бұлар венециялықтар жасап жүргендей малмүлікті емес, Падишамыздың көңілінің кеңдігін, қорқыныштары мен қуаныштарын, рухани байлықты бейнелейтін болады. Ақшаны сызғызғаным – оған мұрын шүйірмеуіміздің, ал шайтан мен өлімді бейнелеткенім – одан қорқатынымыздың белгісі. Өсекшілер бірдене деп бықсытып жүрген де шығар. Ағаштарының өлімсіздігін, аттарының арықтағанын, иттерінің арсаландағанын, Падишамызды әрі оның дүниесінен көрініс берсін деп салғызғам. Ләйлек, Зәйтүн, Зариф

және Көбелек деген лақап аттары бар нақышкерлерімнің суреттерге көңілдері қалаған тақырып қойғанын тіледім. Ең суық, ең қытымыр қысқы кештердің өзінде Падишамыздың хұснихатшылары мен нақышкерлерінің кем дегенде біреуі сызған дүниелерін көрсету үшін маған келетін.

– Суреттерді қалай салғанымызды және не себепті олай жасайтынымызды әзірге саған толық айта алмаймын. Сенен жасырып отырғандықтан емес бұл. Суреттердің нақты қандай мағына беретіндігін өзім де толық түсінбегенім үшін солай істеп отырмын. Бірақ олардың қандай картиналар болуы керек екендігін жақсы білемін.

Қараның менің хатымнан кейін төрт ай өткен соң Ыстамбулға оралғанын ескі үйім орналасқан көшедегі шаштараздан естіп, оны үйге мен шақыртқам. Хикаямда бізді бір-бірімізбен байланыстыратын қасірет пен қуанышты уәде барын білетін едім.

– Әрбір сурет бір хикая айтып береді, – дедім одан әрі, – оқып отырған кітабыңды безендіру үшін нақышкер хикаядағы ең әдемі мәжілісті сызады. Ғашықтардың бір-бірін алғаш көрген сәттерін, қаһарман Рүстемнің шайтан сынды жауыздың басын кескен кезін, өлтірген бөтен адамның өз кіндігінен тараған ұлы екенін білген кездегі Рүстемнің қасіреті, ғашықтықтан ақыл-есінен айрылған Мәжнүннің ен далада арыстандардың, киіктердің, қорқаулардың ішінде жүргенін бейнелейді. Ескендірдің соғысқа шығардан бұрын құстарға қарап болашақты болжамақ болып орманға барғанда бұрын өзі асыраған бөденені бір қыргидың ұстап алып, жеп жатқанын көріп, қайғыруы... Бұл хикаяларды оқып отырғанда шалдыға бастаған көздері-

міз суреттерді көріп демалуы тиіс. Егер хикаяда санаңа салмақ түсірер, не болмаса қиялдаудың өзі қиын болатын бірдеңе болса, біз сызған сурет қол ұшын созады. Сурет дегенің – хикаяның түрлі түске боянып, гүлзарға айналған келбеті. Ешкім хикаясы жоқ сурет ойлап таба алмайды.

– Негізі бұрын хиякаясы жоқ сурет ойлап табу мүмкін емес деп жүретінмін, – дедім сөзімді жалғастырып, дәл өкініп отырған адамның кейпінде, – бірақ ондай суретті де салатындар бар екен. Екі жыл бұрын Падишамыздың елшісі болып Венецияға барғанмын. Италиялық суретшілер салған адам портреттерін тамашалап жүр едім, салынған суреттердің қай хикаяның қай мәжілісі екенін білмейтінмін, дегенмен түсінуге, хикаялардың мазмұнын білуге тырысып-ақ бақтым. Сөйтіп жүргенде, бір күні сарай қабырғаларының бірінде ілулі тұрған суретті көргенде тілім байланып қалды.

Сурет мен сияқты біреудің бейнесі еді. Әлбетте ол көпірдің суреті, біз сияқты қайдан болсын?! Бірақ оған қараған сайын екеуміздің қатты ұқсайтынымызды сездім. Оның үстіне, суреттегі бейненің сырттай қарағанда маған еш ұқсастығы жоқ болатын. Дөңгеленген бет, шықшыт сүйектері де көрінбейді, оған қарағанда менің жақ сүйектерім, құдайға шүкір, көзге ұрып тұр. Маған ұқсамайды, бірақ қараған сайын өз суретім сияқты жүрегімді дүрсілдетіп жіберді.

Мені сарайда қыдыртқан венециялық шонжарлардың бірі бұл суреттегі адам өзі сияқты ақсүйек екендігін айтты. Ол ғұмырында нені маңызды деп санаса, соның барлығын суретіне сыйғызыпты. Суретте ашық тұрған терезе салыныпты. Артқы жақта. Сол терезден даланың көрінісін байқауға болады. Егіс алқабы, ауыл,

орман... Бәрі түрленіп, түстері бір-бірімен байланыса түскен. Алдындағы үстелде сағат, кітаптар, карта, компас, құтылар, олардың ішіндегі алтын ақшалар, басқа да дүниелер, толып жатыр. Уақыт, жамандық, өмір... Олар – талай суреттен көрсем де түсіне алмайтын, бірақ сезетін дүниелерім. Жын-перінің, шайтанның көлеңкесі мен әкесінің қасында жүзі бал-бұл жанған сұлу қызы сызылыпты.

Бұл сурет қай хикаяны безендіру үшін, қайсы әңгімені аяқтау үшін салынды? Суретке қарап тұрып оның хикаясы картинадағы адамның дәл өзі екенін түсіндім. Картина қандай да бір хикаяның жалғасы емес, суреттегі адамның өзі үшін бағалы дүние еді.

Таңғалдырған сурет менің көз алдымнан кетпей қойды. Сарайдан шығып, қонған үйімізге келгенде де сол сурет туралы ойлаумен болдым. Менің суретімнің де солай салынғанын қалаймын. Жоқ, ол менің не тенім, Падишамыз осылай сызылуы керек. Падишаның нелігіндегі барлық дүниесін, әлемін көрсететін, соның барлығын қамтитын сурет сызылуы тиіс. Осындай ой салатын бір кітап жасалуы керек деп ойладым.

Венециялық ақсүйектің суретін итальян суретшісі таңғажайып қылып салғаны сонша, картинадағы адамның дәл сол кісінің өзі екендігін бірден түсіндім. Ол адамды ешқашан көргем жоқ, бірақ қалың көпшіліктің ішінен сол кісіні тап десе, осы суреттің арқасында қиналмай-ақ тауып берер едім. Итальян суретшілері қандай да бір адамды, өзгелердің киім-кешегі немесе сән-салтанатымен емес, бет келбеттері арқылы ажырата алатындай сурет сызудың тәсілдері мен өнерін тауыпты. Жаңа жанр пайда болыпты. Портрет деп жүргендері осылар.

Келбетің осылай бір рет болса да сызылса, онда сені ешкім ұмыта алмайды. Сен құлақ естімес, көз көрмес алыс жақта жүрсең де, суретіне бір қараған адам сені өзінің қасында жүргендей сезінеді. Тірі кезінде сені ешқашан көрмеген адамдар да сен өлген соң бетпе-бет көріп тұрғандай, көзіне тура қарайды.

Біраз уақыт үнсіз қалдық. Дәліздің қарсы бетінде көше жаққа қараған терезе бар еді. Оның астыңғы бөлігіндегі ысырманы ешқашан ашпайтынмын. Осы кішкентай терезенің әдемі матамен көмкерілген жоғары жағынан ішке дала суғының түсіндей тітіркендіретін бір сәуле түсіп тұрған-ды.

– Бір нақышкерім бар еді, – дедім, – Падишамыздың осы құпия кітабы үшін өзге нақышкерлер сияқты маған жасырын келіп тұратын. Таң атқанша бірге жұмыс істейтінбіз. Ең әдемі тәзхибті сол жасайтын. Сол бейшара Зариф Ефенді бір кеште осы жерден шыққан, бірақ үйіне әлі бармаған көрінеді. Хас шеберімді өлтіріп кеткен шығар деп қауіптенемін.

6. Мен – Орханмын

– Өлтіріп тастаған ба? – деп сұрады Қара.

Қара ұзын бойлы, арық, аздап сұсты келген жігіт еді. Оларға қарай бара жатыр едім, атам:

– Өлтіріп тастапты, – деді де, мені байқады.

– Сен мұнда не істеп жүрсің? – деп сұрады. Бірақ мен оның құшағына кіріп, мойнына асыла кеттім. Ол маған бір түрлі өзгеше көзқараспен қарап отыр еді. Мойнынан түсірді де:

– Қараның қолын сүй, – деді.

Қолын сүйдім. Ешқандай иіс жоқ еді.

– Сүйкімді екен, – деп Қара менің маңдайымнан иіскеді. – Нағыз жігіт болатын бала!

– Бұл – Орхан. Алты жаста. Бұдан үлкен тағы біреу бар. Шевкет. Жеті жаста. Ол – тентектің тентегі.

– Ақсарай жақтағы көшеге барып келдім, – деді Қара. – Күн суық болатын, барлық жер қар мен мұздың астында қалыпты. Бірақ ештеңе өзгермеген сияқты.

– Бәрі өзгерді. Бәрі бұзылды, – деді атам. – Қатты өзгерді.

Маған бұрылып:

– Аған қайда? – деп сұрады.

– Шебердің қасында.

– Ал сен мұнда не істеп жүрсің?

– Шебер маған: «Бәрекелді, сен енді кете бер», – деді.

– Жалғыз келдің бе сонда? – деді атам. – Сені аған ертіп келуі керек еді ғой.

Содан соң Қараға қарап:

– Менің бір кітап түптеуші досым бар. Соған шәкірт болып, кітап түптеуді үйреніп жүр. Аптасына екі рет Құран дәрістерінен кейін сонда барады, – деді.

– Атаң сияқты нақыш жасауды жақсы көресің бе? – деді Қара. Жауап бергем жоқ.

– Жарайды, – деді атам. – Сені де көрерміз.

Кішкентай пештің жылылығы сонша, қастарынан кеткім келмеді. Бояу мен шайыр иісін иіскеп біраз тұрдым. Кофенің де иісі шығып тұр.

– Басқаша нақышын жасап, өзгеше қарау керек пе? – деді атам. – Байғұс хүснихатшыны өлтірді. Оның үстіне ол ескі тәсілмен нақыш жасайтын. Өлтірді

дейміп, өлген-өлмегенін де білмеймін, тек ізім-гайым жоқ болып кетті. Падишамыз үшін Бас нақышкер Осман ұстаздың қол астында бұлар сурнамаға[1] сурет салып жатыр. Бәрі өз үйлерінде жұмыс істейді. Осман ұстаз нақышханада. Алдымен сол жерге барып, барлығын өз көзіңмен көргенің дұрыс-ау. Аналар өзара дауласып, бір-бірін өлтірген шығар деген қаупім бар. Ертеректе бас нақышкер Осман сол шеберлерге Көбелек, Зәйтүн, Ләйлек деген лақап ат қойған. Оларды үйлеріне барсаң көресің...

Баспалдақпен түсіп келе жатып кері бұрылдым. Хайрие ұйықтайтын, ішінде жылжымалы есігі бар шкаф тұратын бөлмеден тықырлаған дыбыс шықты, кіріп бардым. Бөлмеде Хайрие емес, шешем бар екен. Мені көріп ұялып қалды. Кеудесінің жартысы шкафтың ішінде еді.

– Қайда болдың сен? – деді.

Бірақ менің қайда болғанымды онсыз да білетін еді. Шкафтың ішінде бір тесік бар болатын, ол тесіктен атамның нақыш жасайтын бөлмесі көрінетін. Егер нақыш бөлмесінің есігі ашық болса дәліз, дәліздің өріректе атам жататын бөлме көрінетін. Әрине, атам жататын бөлменің есігі де ашық болса ғана ішін көруге болатын еді.

– Атамның қасында болдым, – дедім. – Шеше, сен не істеп жатырсың мұнда?

– Атаңа қонақ келді, саған оған барма дегенім қайда? – деп ұрысты. Қатты айғайлаған жоқ, өйткені мей-

---

[1]*Сурнама* – Османлы билеушілерінің ұл-қыздарына қатысты той-томалақты суреттейтін кітап. Шілдехана, сүндет той, қыздардың ұзатылуын сипаттайтын еңбектер. Османлы әдебиеті үлгілерінің бірі ретінде де бағаланады.

манымыздың естіп қойғанын қаламайтын сияқты. – Не істеп жатыр екен? – деп сұрады біраздан соң жылы үнмен.

– Отыр екен. Бояуларға жоламапты. Атам бірдеңе айтып, ана кісі тыңдап отыр екен.

– Қалай отыр екен олар?

Дереу жерге отыра қалып, қонақтың отырысын көрсеттім: Анашым, маған қарашы, салмақты адаммын, қабағымды түйіп атамды тыңдап отырмын, Құран сүрелерін тыңдағандай болып, басымды әлсін-әлсін изеп қоямын.

– Төменге бар, Хайриені шақыр маған, жылдам! – деді шешем.

Отыра қалды да, алдына жазу жазатын тақтайшаны қойып, бірденелер жаза бастады.

– Анашым, не жазып жатырсың?

– Тез төменге бар, Хайриені шақыр дегенім қайда саған?!

Ас үйге бардым. Ағам келіп қойған екен. Хайрие оның алдына мейманға арналған палаудан бір табақ етіп салып беріпті.

– Суайт неме! – деді ағам. – Мені кітап түптеушінің қасына тастап, қашып кеттің. Барлық жұмысты мен істедім. Алақаным ойылып қалды.

– Хайрие, сені анам шақырып жатыр.

– Тамағымды ішіп алайын, сосын сазайыңды тартқызамын бәлем, – деді ағам, – жалқаулығыңның, суайттығыңның жазасын аласың. Таяқ жейсің менен.

Хайрие шыға бере, ағам жеп отырған палауын бітірместен маған қарай тұра ұмтылды. Қаша алмай қалдым. Білегімнен шап беріп ұстай алды да, қолымды қайырып жіберді.

– Шевкет, қойшы, ауырып кетті гой.
– Келесі жолы жұмысты тастап қашасың ба?
– Қашпаймын.
– Уәде бер!
– Уәде беремін.
– Құранның атымен уәде бер!
– Құранмен ант етейін, қашпаймын.

Сонда да қоя берген жоқ. Мені астауының қасына сүйреп апарды да, тізерлетіп отырғызып қойды. Бір қолымен палауын жеп отырса, бір қолымен мені тырп еткізбей ұстап отыр. Өзі соншама қарулы болар ма?! Қимылдай да алмадым.

– Әй, залым, бауырына тиіспе! – деді Хайрие, ол өзі басына жамылғысын тағып, далаға шығып бара жатыр еді. – Босат оны!

– Әй, күң, сен араласпа! – деді ағам. Қолымды әлі де қайырып бұрап отыр еді: – Қайда бара жатырсың сен?

– Лимон аламын, – деді Хайрие.

– Өтірік соқпа, шкаф толған лимон, – деді ағам.

Қолымды сәл босатқаны сол еді, бір жұлқынып құтылып кеттім де, өзін бір тептім. Шырағданды ала салып, ұрып жібермекші болғам, бірақ ол жылдам қимылдап мені тағы ұстап алды. Жығып салды да, шырағданмен қойып қалды. Астау төңкеріліп түсті.

– Өй, оңбағандар! – деді шешем. Мейман естіп қоймасын деп әлі де айғайлай алмай тұр еді. Қарағa көрінбестен дәлізден өтіп, баспалдақпен төменге қалай түскен? Бізді арашалады.

– Адамды ұятқа қалдырып біттіңдер, иттің күшіктері!

– Орхан өтірік айтты бүгін. Мені ұстаздың қасына қалдырып, барлық жұмысты істетіп қойды да, өзі қашып кетті, – деді Шевкет.

– Жап аузыңды! – деді де, шешем оны шапалақпен тартып жіберді. Қатты ұрмаған болатын, әйтпесе ағам жылап жіберер еді. Жылаған жоқ.

– Әкемді сағындым, – деді Шевкет, – әкем келген соң Хасан ағайдың қызыл қылышын суырады. Біз бұл үйден кетіп, Хасан ағаның қасына көшіп барамыз.

– Үніңді өшір! – деді шешем. Ашуға мінгені сонша, Шевкетті қолынан сүйреген күйі қойма бөлмеге қарай апарды. Мен де арттарынан еріп бардым. Шешем қараңғы қойманың есігін ашты, мені көрген бойда:

– Екеуің де кіріңдер! – деді.

– Анашым, мен ештеңе істегем жоқ қой, – дегеніме қарамастан ішке қарай итере салды. Шешем қақпаны сыртымыздан жауып кетті. Бөлме аса қараңғы емес еді, сырттағы анар ағашына қараған терезе ысырмаларының арасынан ішке сәл жарық түсіп тұр. Бірақ борібір қорықтым.

– Анашым, есікті ашшы! – дедім. – Тоңып кеттім ғой.

– Жылама, қорқақ неме. Ашады қазір, – деді Шевкет.

Шешем есікті ашты.

– Қонақ кеткенге дейін тәртіпті боласыңдар ма? – деді. – Енді Қара кеткенге дейін ас үйде, пештің түбінде отырасыңдар. Жоғарыға шықпайсыңдар.

– Ол жерде ішіміз пысады ғой. Хайрие қайда кетті? – деп сұрады Шевкет.

– Өзіңе қатысы жоқ нәрсеге араласпа! – деді шешем.

Қора жақтан бір аттың ақырын ғана кісінегенін естідік. Біраздан соң тағы кісінеді. Бұл атамның аты емес, Қараның аты болатын. Жәрмеңке немесе мейрам күніне ұқсаған көңілді сәт пайда болды. Шешем күлім-

сіреді, шамасы біздің де көніліміздің көтерілгенін қалаған сияқты. Екі аттап, ақырдың біз жаққа қараған қақпасын ашты.

– Дыррр! – деп дауыстады ішке қарай.

Кері бұрылып, бізді Хайриенің тышқан өріп жүретін ас үйіне кіргізіп, отырғызып қойды.

– Қонақ кеткенше осы жерден шықпаңдар! Төбелеспеңдер! Сендерді тентек, сотқар, тәртіпсіз балалар екен деп ойламасын.

– Анашым, – дедім шешем есікті жаппастан бұрын, – анашым, бір нәрсе айтайыншы, атамның байғұс музәххибін[1] біреулер өлтіріп кетіпті...

7. Менің атым Қара

Баласын көрген бетте жылдар бойы Шекуренің бейнесінің қай жерін қате еске түсіргенімді бірден түсіндім. Орханның жүзі сияқты Шекуренің де беті жұқа, жақ сүйектері мен ойлағаннан әлдеқайда ұзын болатын. Сол себепті сүйіктімнің аузы жылдар бойы елестетіп жүргенімдей емес, әлдеқайда кішкентай, еріндері жұқалтаң болуы тиіс. Он екі жыл бойы, мына қала сенікі, мына қала менікі деп шаһарларды аралап, қаңғып жүргенде, Шекуренің аузын қиялыммен үлкейтіп, еріндерін томпитып, піскен шиедей қылып елестетіппін.

Шекуренің жүзінің итальян суретшілерінің тәсілімен салған суреті болғанда ғой қолымда, онда он екі жылға созылған сапарымның орта тұсында артта

[1]*Музәххиб* – тәзхиб жасаушы шебер.

қалған сүйіктімнің келбетін есіме түсіре алмадым деп өзімді-өзім жазғырмас едім. Өйткені көңіліннің түкпірінде жүрегіне сызылған сүйіктіннің бейнесі өшпей жүретін болса, онда жер-жаһан сенің шаңырағың болады.

Шекуренің ұлын көру, онымен сөйлесу, жүзіне қарап, маңдайынан иіскеу бақытсыздарға, қанішерлерге, күнәһарларға тән бір мазасыз күйге түсірді. Ішкі дүниемнен шыққан бір үн: «Қане, Шекуреге бар, көр!» деп тұрғандай.

Бір сәт Жездеме ештеңе деместен орнымнан тұрып, дәліздегі есіктерді бір-бірден Шекурені кездестіргенше ашып шығайын деген ой келді санама. Алдында есіктерді көзіммен санап шыққаным бар-ды. Бесеу еді. Оның біреуі төменге түсетін баспалдақтың есігі. Бірақ көңілімдегі арманымды, сезімімді уақытынан бұрын, алды-артын ойламастан жария қылғаным үшін сүйіктіммен он екі жыл бойы кездесуге зар болып қалған едім. Үнсіз әрі ішіме қулық сақтап, Шекуре талай жастанған жастықтарға, қолы тиген дүниелерге қарап, Жездемді тыңдап отыра бердім.

Сұлтанның осы кітапты Пайғамбарымыздың Меккеден Мәдинеге көшуінің, хижраның мыңжылдық мерейтойына дейін дайын болғанын қалайтынын айтты маған. Әлемнің қамқоршысы Падишамыз мұсылман күнтізбесінің мыңыншы жылында өзінің де, елінің де франктардың көркемөнер тәсілдерін олардың өздерінен артық болмаса кем емес деңгейде меңгергенін көрсеткісі келеді. Падиша сонымен бірге сурнама жасатып жатқан шеберлердің үйлерінен шықпай, шеберханада топырлаған жұрттың арасында емес, жеке жұмыс істеулері керек екендігін тапсырыпты. Олардың күпия

түрде Жездеме келіп-кетіп тұратынынан да хабардар көрінеді.

– Бас нақышкер Осман ұстазды кездестірерсің, – деді Жездем. – Соқыр болып қалыпты деседі. Қартайып, алжи бастағанын да айтады жұрт. Менінше, соқыр әрі алжыған шал болған шығар.

Шебер нақышкер болмаса да, бұл сала оның қолы емес екендігіне қарамастан, Жездемнің Падишаның бастамасымен әрі рұқсатымен кітап құрастыртып, оны безендіре бастауы Осман ұстаз екеуінің арасын алшақтата бастаған.

Балалық шағымды есіме алып, үй ішіндегі заттарға назар аудара бастадым. Жерде жатқан Құлада тоқылған көк түсті кілемді, қалайы қуманды, кофеге арналған табақты, тегешті, сонау Қытайда жасалып, теңізбен Португалияға, одан соң бізге жеткенін марқұм нағашы апайым талай мәрте мақтанышпен айтқан кофе стақандарын он екі жыл өтсе де ұмытпаппын. Бұл заттардың барлығы, бұрыштағы інжумен бедерленген күрсі де, қабырғадағы тәзхиб та, мамықтай жұмсақтығы есіме түсіп, сипаған қызыл жастық сияқты Шекуре екеуміз бірге өткізген балалық шағымыздың куәсі еді. Олар Ақсарайдағы үйіміздің қалған, сол үйдегі бақытты сәттерім мен суретке әуес кезімнің естелігін сақтаған дүниелер болатын.

Бақыт пен сурет. Бұларды әңгімем мен қасіретіме бейжай қарамайтын сүйікті оқырмандарымның естерінде сақтағанын қалаймын. Менің жан дүниемнің басталар нүктесі ретінде естерінде ұстағандары дұрыс. Бұрын дәл осы жерде, кітаптардың, қалам-қарындаштың, суреттердің арасында жүріп өзімді бақытты сезінетінмін. Кейін ғашықтық дертіне шалдықтым

да, жұмақтан қуылдым. Жас кезімде өмір мен әлемді ізгі ниетпен қабылдауыма жол ашқаны үшін Шекуреге, оған деген махаббатыма қарыздар екендігімді ғашықтықтың кесірінен жер аударылып кеткен жылдары көп ойлағам. Балалықпен шалалық жасап, махаббатым жауапсыз қалмайтындығына сенгенім сонша, әлемде ізгілік қана бар деп жүруші едім. Іс жүзінде пәни дүние тек ізгіліктерден тұрмайды екен.

Кітаптарды, Жездемнің сол кездерде маған оқы деген дүниелерін, медреседе үйретілген нәрселерді, нақыш жасау мен сурет салуды осы ізгі ниетімнің арқасында жанымдай жақсы көргенмін. Білім алған жылдарымның осынау ең әдемі, қуанышқа толы кездері үшін Шекуреге деген сезімімнің алдында қарыздармын, бірақ махаббатымның жауапсыз қалуы, оның мені кері тебуі өмірімде қулық-сұмдыққа толы дүниелерді де үйренуіме мәжбүр еткен-ді. Мұздай суық түндерде, керуен сарайларындағы ошақтарда өшкен оттармен бірге ғайып болғым келген сәттер, сүйіскеннен кейін түн баласы көрген түстерімде қасымда жатқан әйелмен бірге шыңырауға құлаған кезімді көруім, «көк тиындық құны жоқ бейшарамын» деген ойлар Шекуреден маған қалған мұра еді.

– Өлгеннен кейін, – деді Жездем бір уақытта, – рухымыз бұл дүниеде ұйықтап жатқандардың жанымен кездесетінін білуші ме едің?

– Білмеппін.

– Өлген соң да ұзақ бір сапар бар. Сондықтан өлуден қорықпаймын. Тек Падишамызға арналған кітапты аяқтай алмай қалам ба деп қорқамын.

Бір жағынан Жездеме қарағанда өзімді әлдеқайда қайратты, дені сау, ақыл-есі кемелденген адам ретінде

ойлап отырсам, екінші жағынан ой-санам он екі жыл бұрын қызына үйленуіме рұқсат бермеген осы адамға келе жатқан кезде алған шекпенімнің қымбаттығына, қорадағы атымның күміспен көмкерілген әбзелдеріне, ер-тұрманына қайта-қайта орала берді.

Нақышкерлер арасына барған кезде көрген-білгенімнің бәрін оған айтып беруге уәде еттім. Қолын сүйіп, баспалдақпен түсіп, аулаға шықтым. Қардың ызғары бар екен. Өзімді бала ретінде де, карт адам ретінде де елестете алмадым осы жолы. Кеудемді беймәлім бір қуаныш кернеді. Ат қораның қақпасын ашқан сәтте сәл ғана жел тұрды. Тас қорадан сыртқа жетектеп шыққан сәтімде ақ боз атым да сәл тітіреген-дей болған-ды. Оның да аздап бас асаулығы болушы еді, тыпыршып бір орында тұрғысы келмегенін аңғар-дым. Көшеге шыға сала, үзеңгіге аяғымды салғаным сол еді, қайдан шыға келгені белгісіз, қолында дорбасы бар, тұтастай қызғылт түсті киім киген етженді еврей әйел пайда бола кетті. Нағыз бес биенің сабасындай де-нелі адам екен. Бірақ қимылы өте ширақ, өзі де сергек жан екенін байқадым.

– Пах, шіркін, көкжалым, азаматым, шынында да жұрт айтып жүргендей сері екенсің ғой! – деді. – Бой-дақсың ба, үйленген жігітсің бе, білмеймін, жұрт көзі-нен жасырған сүйіктің үшін Ыстамбулдың ең атақты қоржыншысы Естерден жібек орамал аласың ба?

– Жоқ.

– Атластан жасалған қызыл белбеу қызық емес пе?

– Жоқ.

– Жоқ, жоқ дей берме, жігітім! Сен сияқты серінің сүйген қызы, ғашығы жоқ деймісің?! Жанары жаска шыланып, жан дүниесін ғашықтық оты қарып отырған шығар бір жерде?

Сәлден соң толықша келген бітіміне сай келмейтін ептілікпен, дәл бір биші қыздай бұралды да мені құшақтай алды. Сол сәтте қойын-қонышынан талай затты шығарып, ойын қылатын сиқыршы сияқты шеберлікпен қайдан алғаны белгісіз қолыма бір хат ұстата салды. Хатты қас қағымда қағып алдым да, көз ілеспес жылдамдықпен жымын білдірместен қойныма тыға салдым. Хат жазылған қағаз әжептәуір үлкен еді. Кіндігім мен кеудемнің арасында тұрған хаттың өзгеше жылылығын сезгендеймін.

– Атыңа мін де, ақырын желдіріп жүре бер! – деді Естер. – Осы дуалдың түбімен жүре бересің де, оң жақтағы көшеге шық, ештеңе білмеген адам сияқты кейіпте бол. Содан соң анар ағашының қасына барған кезде артыңа, өзің шыққан үйдің терезесіне қара.

Осыны айтты да ол өз жөніне кетті. Атыма міндім, бірақ өмірінде алғаш рет атқа отырған адам сияқты күйде едім. Жүрегім атқақтап, есім ауысып кеткен сияқты, тізгін-шылбырға да ие бола алмадым. Бірақ сәл тақымымды қысқаным сол еді, атым да желе жөнелді. Мен де есімді жинағандаймын. Астымдағы атым да Естер көрсеткен жолмен желіп келеді, біз оң жақтағы көшеге қарай бұрылдық. Қандай тамаша сезім!

Сол кезде өзімнің шынымен де сымбатты жігіт екенімді сезінгендей болғанмын. Ертегілерде айтылатындай әрбір қақпаның, әрбір перденің арғы жағынан сол көшеде тұратын әйелдердің мені бақылап тұрғанын сезіндім. Әрі мені тағы да махаббат оты шарпығанын анық түсіндім. Менің арманым осы ма еді? Он шақты жыл бұрынғы дертке қайта шалдыққаным ба бұл? Кенет күннің көзі ашылды да, мен қайран қалдым.

Анар ағашы қайда? Мына түрған сидиған аласа ағаш сол ма? Иә, дәл өзі! Ат үстінде отырып ақырын ғана кері бұрылдым. Тура қарсы алдымда бір терезе тұр екен. Бірақ ол жерде ешкім жоқ. Әлгі кәрі қақпас Естер мені алдап кеткен екен!

Іштей осылай ойлап үлгергенімше, терезенің сыртындағы мұз басқан ысырма ашылып сала берді. Дәл сол жерде, күн сәулесіне шағылысқан терезе жақтауының ішінен сол бейінені көрдім. Он екі жылдан кейін, қар басқан бұтақтардың арасынан көрдім оның сұлу бейнесін. Құралайдың көздеріндей мөлдір қарашықтары маған ауды ма, жоқ әлде өзге әлемге қарап тұр ма? Жүзін мұң торлаған ба, әлде жымиып тұр ма? Жоқ, мұңая күлімсіреген тәрізді. Ештеңе түсіне алмадым. Әй, ақымақ атым, сен менің жүрегімді тыңдама, сәл ақырын жүрсеңші енді! Сонда да кері бұрылып, оның әдемі бейнесі қар жамылған ағаштардың арасынан көрінбей қалғанша көз алмадым. Сағынып-пын оны.

Менің аттың үстінде отыруым, оның да терезеден қарауы Хүсраудың Шырынның терезесінің алдына келетін сәтіне ұқсайтын. Біз бұл сәтті мыңдаған мәрте сызғанбыз, бірақ біздің арамызда ағаштар бар. Айырмашылық сол ғана. Алайда бұл ұқсастықты мен кейінірек, оның маған берген хатын ашып, ішінен шыққан суретті көрген сәтте аңғардым. Дәл сол сәтте мен де ғашықтар туралы кітаптарда сызылған суреттердегідей ғашықтық жалынына шарпылып, жүрегім отқа оранып кетіп еді.

8. Менің атым Естер

Қараға берген хатта не жазылғанын бәрің де білгілерің келіп отырған шығар. Оны сеземін. Өйткені ол хатта не жазылғанын мен де білгім келген. Сол қызығушылықтан да шығар, ақыры хатты оқыганмын. Егер қаласаңдар, бұл хикая жазылған кітаптың беттерін кері аударып отырғандай елестетіңдер, мен сендерге хатты берерден бұрын не болғанын айтып берейін.

Ақшам уақыты еді. Халичтің шыға берісіндегі еврейлер ауданындағы үйімізде күйеуім Несім екеуміз отырғанбыз. Ортадағы пешке отын салып, қос қария өзімізше жылынбақ болған түріміз еді. Өзімді қарияға теңегеніме назар аудармай-ақ қойыңдар, жібек орамалдардың, қолғаптардың, шәлілердің, португал кемелерінен алынған түрлі-түсті көйлектердің арасына жүзіктерді, сырғаларды, алқа-шолпыларды, арзаны мен қымбатын араластыра қатын-қалаштың көзін қызықтыратындай етіп қоржыныма салдым ба, онда Естердің Ыстамбулда бармайтын жері қалмайды. Есіктен-есікке, үйден-үйге апармайтын хатым, тасымайтын өсегім жоқ. Ыстамбулдағы қыздардың тең жартысын мен күйеуге шығарғанмын. Бірақ мұны мақтану үшін айтып отырғам жоқ. Әлгінде айтқанымдай, екі кештің арасында үйде отырғанбыз, тық-тық еткізіп біреу есік қақты, барып ашсам, алдымда Хайрие күн тұр. Қолында хат бар екен. Суықтан ба, әлде бірденеге алаңдағандықтан ба, дірілдеп маған Шекуренің не қалайтынын түсіндірді.

Алдымен бұл хатты Хасанға апару керек шығар деп ойлағам әрі оған қайран қалғам. Сұлу Шекуренің

соғысқан оралмаған бейшара күйеуі менің ойымша баяғыда-ақ о дүниелік болған шығар. Соғысқа кеткен осы күйеуінің есі кеткен бауыры бар. Аты – Хасан.

Бірақ Шекуренің хаты Хасанға емес, басқа біреуге арналыпты. Хатта не жазылды екен, ә?! Естер оны білмесе жыңданып кетер еді. Ақырында хатты оқудың ретін таптым.

Сендермен де оншa таныс емеспін. Ашығын айтқанда, бірден ұялып қалдым. Хатты қалай оқығанымды сендерге айтпаймын. Өздерің де сол хатта не жазылғанына қызықпайтындай сыңай танытпандаршы, бірақ бәрібір мені айыптайтын едіңдер. Мен тек хатта не жазылғанын айтып берейін. Шекуре бүй депті:

«Қара мырза, әкеме жақындығыңды пайдаланып үйіме келдің. Бірақ менен дәмеленбей-ақ қой! Сен кеткеннен бері талай дүние өзгерген. Түрмысқа шықтым, құдай берген екі ұлым бар. Біреуінің аты – Орхан, ол жаңа ғана сендер отырған бөлмеге кірді, көрдің оны. Мен торт жыл бойы күйеуімді күтіп жүрмін. Одан басқа ойым жоқ. Екі балам мен қарт әкемді бағып-қағу үшін өлсіз де шығармын, бір еркектің көмегі мен қамқорлығына мұқтаж да болармын, бірақ ешкім менің бұл жағдайымды өз бас пайдасы үшін қолдана алмайды. Сондықтан бұдан былай қайтадан есігімізді қақпағайсың! Онсыз да бір рет мені ұяттан өлтіріп кеткенсің. Одан кейін әкемнің алдында ақталу үшін қандай азап көргенімді сен білмейсің. Саған осы хатпен бірге ақылың қысқа жас кезіңде сызып, маған жіберген суретті де кері қайтарамын. Менен ұмітін үзсін, менің әрекеттерімді жасырын ишарат деп бағаламасын деп жолдадым. Адамдардың суретке бір қарап-ақ ғашық

болып қалады дегені өтірік әңгіме екен. Біздің үйге қайтадан келме, ең жақсысы осы».

Байғұс Шекуре хаттың төменгі жағына мөр басатындай мырза, паша емес қой. Қағаздың аяқ жағына есімінің екі әрпін жазыпты. Пыр етіп ұшып кететін құс сияқты тұр сол әріптер. Болды. Бұдан басқа ештеңе жоқ.

Мөр демекші, менің мөр басылған хаттарды қалай ашатыным да сендерді қызықтыратын шығар. Мен таситын хаттарда әдетте мөр болмайды. Бұл Естер деген сауатсыз еврей ғой. Менің жазғандарымды оқи да алмайды деп ойлаған болар, Шекуре. Дұрыс, мен сендердің жазғандарыңды оқи алмаймын, бірақ басқа біреуге оқытып аламын. Хаттарыңды мен өзім оқимын.

Түсінбей қалдыңдар ма? Онда ең топастарына да түсінікті тілде баяндайын.

Осы хат деген дүние тек қана жазу емес. Хат тура кітап сияқты, иіскеп, сипап, ұстап көру арқылы да оқылады. Сондықтан ақылды адамдар: «Кәне, оқышы, хат не деп тұр?» десіп жатады. Ал ақымақтар: «Оқышы, не жазылыпты?» дейді. Өнер дегенің тек жазуды ғана емес, хатты тұтас оқуда жатыр. Енді тыңдаңдар, Шекуре басқа не деген екен, соны айтайын:

1. Хатты жасырын жолдасам да, хат тасуды қызметіне, мінезіне айналдырған Естерден беру арқылы құпия ниетім жоқ дейді.

2. Қағаздың орама самса сияқты бірнеше мәрте бүктелуі де құпия мағына береді. Бірақ бұл хат ашық. Оның үстіне оған үлкен бір сурет салып жіберген. Мақсаты – «сырымызды жұрттан жасырайық» деген сыңай таныту. Бұл жауапсыз махаббаттың хаты емес, сүйгенін өзіне шақырған хатқа жарасатын тәсіл.

3. Хаттың иісі де мұны құптайды. Хатты алған адам не істерін білмей қалатындай деңгейде белгісіз (әлде оның иісі жақты ма екен?), бірақ ескерусіз қалмайтындай деңгейдегі (бұл бір әтірдің иісі ме, жоқ әлде көңілдің иісі ме?) иіс бұл. Ол иіс хатты маған оқып берген бейшараның есін шығаруға толығымен жетті. Қараның да есін ауыстыратын шығар деп ойлаймын.

4. Мен жазу-сызуды білмейтін Естермін. Бірақ хатты ғашық жанның жазғанын білемін. Қаламның асығыстықпен қисық-қыңыр етіп жаздым дегеніне қарамастан, әріптердің самал желмен тербелгендей баяу ғана титірегенінен-ақ хатта жазылғандардың өзгеше мағына беретіні белгілі болады. Тура, кері мағынасы бар оның. Орхан туралы айтып отырып, «жана ғана» деу арқылы хаттың жазылған уақытын көрсеткенімен, жағымды сипатта жазған. Өйткені хаттағы жазудың әрбір жолында оның хатты алушыға назар аударғаны байқалады.

5. Хатпен бірге жолданған сурет, Естер еврейдің, яғни, менің білуімше, хикаядағы сұлу Шырынның сымбатты Хүсраудың суретіне қарап ғашық болған кезін елестіміз түр. Ыстамбулдың арманшыл қыздары мен ойелдері бұл хикаяны естігенде естерінен тана тамсанады, бірақ алғаш рет сурет жіберген адамды кездестірдім.

Сендердің, хат танитын бақытты жандардың басынан жиі өтетін жағдайлар болады. Сауатсыз біреу хатты оқып беруінді сұрап, жалынып келіп тұратыны бар. Жазылған дүниелердің жан дүниені алайтүлей ететін кездері, мазаны алатын тұстары болады, сондай сәтте хат иесі сенің оның құпияларын біліп қойғаныңнан жерге кірердей болып ұялса да, хатты

қайта оқуынды сұрайды. Тағы да оқисың. Кейін хатты көп оқығаның сонша, екеуің де жаттап аласыңдар. Одан кейін «мына сөз қайда тұр?», «мына айтқандарын қай тұста жазыпты?» деп сенен әрбір сөз бен сөйлемді сұрап, сенің саусақтарыңның ұшы көрсеткен нүктедегі әріптерге ұзақ қарайды. Түсінбесе де қарайды. Оқи алмасам да, жаттап алған сөздердің әріптерінің жазылуына қарап тұрып кейде хаттың ішіне кіріп кетемін. Өзімнің сауатсыз екенімді ұмытып, хаттарға қарап көз жастарын төккен, оқи да, жаза да алмайтын қыздарды сүйіп алғым келеді.

Айтпақшы, кейде оңбағандар да кездесіп тұрады. Оларға ұқсамаңдар! Қыз хатын қолына алып, оны қайтадан сипап көргісі, қай создің қайда тұрғанын білмесе де хатқа қарағысы келген сәттерде оған: «Не істейсің, оқи алмайсың, не үшін қарайсың?» дейтіндер бар. Бұл хайуандар қыздың хатын дәл өзінің дүниесі сияқты иеленіп, кері қайтармай қояды. Ондайлармен ұрысып-төбелесіп, хатты қайтарып алу кейбір сәттерде менің, мына Естердің жұмысына айналады. Мен Естер, осындай жақсы әйелмін. Сендерді жақсы көрсем, көмегімді аямаймын.

9. Мен – Шекуремін

Қара ақ боз атқа мініп дәл алдымнан өткенде мен неге терезеден қарап тұрдым? Дәл сол кезде не себепті белгісіз бір сезіммен терезені аштым? Не себепті қар басқан анар ағашының бұтақтарының арасынан оған ұзақ тесілдім? Мұның бәрін сендерге толық айтып

бере алмаймын. Хайриеден Естерге хабар берген мен едім. Қараның сол жермен жүретінін де білдім. Терезесі анар ағашына қараған, жылжымалы есігі бар шкаф тұрған бөлмеге сол сәтте мен жалғыз өзім сандықтағы маталарды көру үшін кірген едім. Ішкі түйсігім итермеледі ме, білмеймін, терезенің сыртын жауып тұратын ағаш ысырманы бар күшіммен итеріп ашып жібердім. Сол сәтте бөлменің ішіне күн сәулесі түсті. Терезеден қарап тұрып, көздерім Қараның көздерімен түйісіп қалды. Тура күн сәулесі көзіме түскендей болды. Өте сымбатты болатын.

Есейіпті, толысыпты, жас кезіндегі босбелбеу, мыжырайған болмысы жоқ, сыр-сымбаты келіскен жігітке айналыпты. «Тыңда, Шекуре! – деді жүрегім. «Қара тек сымбатты ғана емес, көздеріне қара, жүрегі баланікіндей, неткен таза, неткен жалғыздық. Оған тұрмысқа шық!». Бірақ мен оған кері мағынадағы хат жазып жібердім.

Менен он екі жас үлкендігіне қарамастан, өзім он екі жасымда одан әлдеқайда ересек екенімді білетінмін. Ол кезде қарсы алдыма келіп, еркек сияқты тік тұрып, мынаны жасаймын, ананы жасаймын, бұл жерден секіріп, ана жерге өрмелеймін деудің орнына әр нәрседен ұялып, алдындағы кітаптары мен суреттерінің астына көміліп, жасырынып қалатын. Тұйықтау еді. Кейін ол маған ғашық болды. Бір сурет сызып, ғашықтығын білдірді. Екеуміз де ержетіп едік ол кезде. Он екі жасыма келгенімде Қараның менің көздеріме тура қарай алмайтынын, жанарларымыз түйіссе, оның маған ғашық екендігін біліп қоятындығымнан қорқатындығын сездім. Мысалы, «Анау жаткан пілдің тісінен жасалған пышақты бере аласың ба?» дейтін. Бірақ

пышаққа қарағанымен, басын көтеріп менің көздеріме қарай алмайтын. «Шие шырыны тәтті ме екен?» деп сұрасам, бәріміз сусын ішіп отырғанда жымиып қана, бет әлпетімен шырынның дәмділігін білдіре де алмайтын. Дәл бір саныраумен сөйлесіп отырғандай: «Иә» деп айғайлайтын. Өйткені қорқыныштан менің бетіме қарай алмаушы еді. Жігерсіз-ді. Ол кезде мен өте сұлу болатынмын. Еркек атаулы алыстан, перделердің, есіктердің сақылауларынан бір рет болса да мені көргендер дереу маған ғашық болушы еді. Бұларды мақтану үшін емес, хикаямды түсініп, менің қасіретіме ортақтасуларың үшін айтып отырмын.

Барлықтарың білетіндей, Хұсрау мен Шырын хикаясында бір оқиға бар. Сол сәт туралы Қара екеуміз көп әңгімелескенбіз. Шапур Хұсрау мен Шырынды бір-біріне ғашық қылғысы келеді. Бір күні Шырын пекер қыздарымен бірге серуенге шығады. Олар бір ағаштың саясына келіп демалатыны бар. Дәл сол ағашқа Шапур жасырынып келіп Хұсраудың суретін ілып кетеді. Шырын әдемі бақшадағы ағаштардың біріне ілінген Хұсраудың суретін көрген сәтте-ақ оған ғашық болады. Осы сәтті, суретшілердің тілімен айтқанда, сол мәжілісті, Шырынның Хұсраудың ілулі тұрған суретіне қайран қала қараған сәтін көрсететін көптеген сурет сызылған. Қара менің әкеммен бірге жұмыс істегенде ол суретті талай көрген, бір-екі рет оны тұп-тура суреттегідей қылып көшіріп салған. Бірақ суреттегі Хұсрау мен Шырынның орнына өзі мен мені – Қара мен Шекурені сызыпты. Суреттегі қыз бен жігіттің біз екенімізді төмен жағындағы жазу болмаса тек мен ғана түсінер едім, өйткені анда-санда әзілдескен кезімізде мені және өзін бір сызықтың бойына,

түрлі түспен сызатын. Мені көк түске, өзін қызыл өңге бояйтын. Бұл жетпегендей, Хұсрау мен Шырынның суретінің төменгі жағына атымызды жазыпты. Суретті мен көретіндей бір жерге тастап, қашып кетіпті. Суретті көрген кезімді, одан кейін не істейтінімді бақылап тұрғаны есімде.

Шырын сияқты оған ғашық болмайтынымды жақсы білгендігімнен бастапқыда оған мән бермедім. Сонау Ұлытаудан әкелінді дейтін мұздармен тоңазытқан шие шараптарын ішіп, салқындағымыз келген сол бір жаздың кешінде, Қара үйіне кеткен соң, оның маған ғашық болғанын әкеме айттым. Қара сол кезде медресені енді ғана аяқтаған болатын. Шеттегі махаллаларда[1] дәріс беретін, өз қалауымен емес, әкемнің талабымен өте ықпалды әрі беделді Наим пашаға нөкер болуға тырысатын. Әкемнің ойынша Қара ақылсыз еді. Наим пашаға нөкерлікке жарау үшін, ең кемі жай ғана қызметкер ретінде жұмыс істеуі үшін барын салып жүрген. Бірақ Қараның бұл жолда ештеңе жасамағанын, яғни ақымақтық жасағанын айтқан әкем, сол кеште мені мұқалей отырып: «Кедей жиеннің дәмесі зор екен!» – деген-ді. Шешеме аңғартпастан: «Біз ойлағаннан әлдеқайда ақылды екен!» – дегені тағы бар.

Одан кейін әкем не істеді, мен Қарадан қалай алыстадым, алдымен үйімізге, кейін тұтас ауыл-аймаққа қалай жоламайтын болды, мұның бәрін қазір мұңая еске алып отырмын, бірақ сендерге айтқым келмейді. Өйткені әкем екеумізді жек көріп кетесіңдер. Сөзіме сеніңдерші, басқа амалымыз болмады ғой ол кезде. Ғашық адам үмітінің үзілгенін түсінеді, заң-

---

[1]*Махалла* - мұсылман елдеріндегі қаланың аудандары, кварталдар.

зәкүнді мойындамайтын көңіл дүниенің өзі ойлағаннан бөлек екеніне көз жеткізеді де, ақылды адамдар сыпайылықпен: «Біз бір-бірімізге сай болмай шықтық» деп қысқа қайырады. Іс жүзінде солай болды. Анамның бірнеше рет: «Баланың көңілін қалдырмасаңдаршы!» – дегенін де естеріне салайын. Шешем «бала» деген Қара жиырма төрт, мен болсам он екі жаста едім. Әкем Қараның маған көңіл білдіруін өркөкіректік санағандықтан, шешемнің өтінішін әдейі орындамай қойған шығар.

Ыстамбулдан кеткенін естігенде, оны тұтас ұмытпасақ та көңілімізден шығарып тастаған едік. Жылдар бойы ешбір қаладан бірде-бір рет хабар-ошарын білмегендіктен, ол сызып маған көрсеткен суретті балалық шағымыздың естелігі және балалық достығымыздың белгісі болсын деп сақтауға бел байлаған едім. Бастапқыда әкем, кейін жауынгер күйеуім суретті тауып алып, мазалары кетпесін, қызғанбасын деп суреттің төменгі жағындағы Шекуре мен Қара сөздерінің үстіне сия тамып кеткендей қылғам. Тамған сия тамшыларымен гүл сызып, жазуды жасырып тастаған едім. Бүгін оған сол суретті кері жолдадым. Терезеден қарадым. Бірақ бұған бола сендер мен туралы басқаша ойлап қалған шығарсыңдар. Іс жүзінде сендер ойлағандай емес, мен туралы оғаш пікірде болсаңдар, аздап ұялыңдар, бәлкім, біраз ойланатын шығарсыңдар.

Он екі жылдан кейін оны көріп, көздеріміз түйісіп қалғаннан кейін, батып бара жатқан күн сәулесіне қарап терезенің алдында біраз тұрып қалдым. Бақшаның кешкілік қызыл арайға бөленген сәті, тіпті батқан күннің күреңіткен сәулесі де мүлдем бұзылып, іңір түскенше сол орнымда тұрып қалыппын. Әбден тоңып кеттім. Лүп еткен жел жоқ еді. Көшеден өтіп бара жатқан

біреу немесе әкем менің осы ашық тұрған терезеден карап тұрғанымды көрсе, я болмаса Қара кері оралып менің осы тұрысымды байқап қалса, не ойлайтыны каперіме де кіріп шықпады. Апта сайын ойнап-күліп хамамға бірге баратын Зивер пашаның қыздарының ішіндегі ақжарқын мінезді Месуренің қызық әңгімелері болушы еді. Ол өзі үнемі күліп жүретін, мұнаюды білмейтін. Сөйте тура ойламаған жерден адамды таң қалдыратын ойлар айтатыны бар. Сол Месуре бірде адам баласының кейде не ойлап тұрғанын да білмей қалатын халдері болатынын айтып еді. Ал менің ойым мынау: кейде бірдеңе айтып отырамын, бірақ сол нәрсені тек айтып отырғанда ғана ойлағаныма көзім жетеді. Бірақ өз ойымды өзім түсіне бастаған кезде сол ойларыма қарама-қайшы бірдеңелерді ойлап кетемін.

Әкем нақышкерлерді үйге бір-бірден шақырып алып, талай шыжғырған. Оны сендерден жасырып қайтемін?! Сол нақышкерлердің бірі, байгүс Зариф Ефендінің де менің күйеуім сияқты ізім-ғайым жоғалып кеткеніне қынжылдым. Нақышкерлердің арасындағы арамза, қылғұрт біреуі еді ол.

Терезені жаптым, бөлмеден шығып, төменгі қабатқа түстім.

– Шеше, Шевкет мені тыңдамады, – деді Орхан. – Қара ақырдан атын алып жатқанда тесіктен сығалап тұрды.

– Қараса қайтеді екен?! – деді Шевкет маңғаздана. – Шешем де оған шкафтың ішіндегі тесіктен сығалап қараған.

– Хайрие, – дедім, – кешкі ас үшін мыналарға бадам жаңғағын езіп бер! Қант қосылған нанды аздап майға қуырып қой!

Орхан қуанып қалды, ал Шевкет үндеген жоқ. Баспалдақпен жоғары көтеріле бастағаным сол еді, екеуі қасымнан апыр-топыр болып, алыса-жұлыса өте шықты.

– Тыныш, байқап жүріңдер! – дедім де арқаларынан ақырын ғана түйіп қалдым. – Көздерің жоқ па сендердің?

Інірде балалармен бірге үйде отырудың өзі ғанибет дүние ғой, шіркін! Әкем үнсіз ғана кітап оқып отыр екен.

– Қонағымыз кетті, – дедім. – Сізді шаршатпаған шығар?

– Жоқ, – деді. – Көңілімді көтеріп тастады. Баяғыдай Жездесін құрметтейді екен.

– Жақсы.

– Бірақ өз есебін біледі. Аса ықтиятты.

Ол мұны мені сынау үшін емес, Қараны місе тұтпай, оңгімені осы тұстан аяқтағысы келгендіктен айтқан сияқты. Басқа бір уақыт болса, тілімді безеп қалар едім. Осы жолы ақ боз ат мінген сол жігіттің алыстап бара жатқанын сезінгендей болдым да, тежеліп қалдым. Үн қатқам жоқ.

Одан кейінгісі нақты есімде жоқ. Тек шкаф тұратын бөлмеде Орханды құшақтап отырғаным, бізге Шевкеттің қосылғанын, маған таласқанын білемін. Алысып-жұлысып, біраз ойнап алдық. Аунап-қунадық. Күшіктеріне еміренген қаншық қасқыр сияқты оларды иіскеп, жалап, құшақтап, кеудеме шығарып, біраз еркелетіп алғаным бар.

– Шаштарыңнан жаман иіс шығып тұр ғой сендердің, – дедім. – Ертең Хайриемен бірге хамамға барасыңдар.

– Мен Хайриемен бірге хамамға бармаймын, – деді Шевкет.

– Ержетіп кеттің бе сен? – деп сұрадым.

– Шеше, неге осы әдемі күлгін көйлегінді киіп алғансың? – деді Шевкет.

Жатын бөлмеге кіріп, күлгін көйлекті шешіп тастадым. Үнемі киіп жүрген, өңі сола бастаған жасыл көйлегімді кидім. Киім ауыстырып тұрғанда да аздап тоңғаным бар, дірілдеп кетіппін. Бірақ тәнім жалынға айналғанын, әсіресе кеудем тірі екенін, жанымның бар екенін сезіп тұрмын, әрине. Бетіме аздаған қызыл өңді опа жаққан едім. Балаларды құшақтап, бір-бірімізді сүйіп, аймалап жүргенде жан-жаққа жайылып кетіпті. Алақанымды сілекейледім де әлгі қызыл опаны одан әрмен жайып жағып алдым. Білесіңдер ме, кейбір туыстар, моншада кездестірген қатын-қалаштар менің екі бала тапқан, жиырма төрт жастағы әйел емес, он алты жастағы қыз сияқты екенімді жиі айтатын. Оларға сеніңдер, өздерің де менің сөзіме сенгендерің дұрыс. Түсіндіңдер ме? Әйтпесе бұл хикаяны әрі қарай айтпаймын.

Сендермен әңгімелесіп отырғаныма таң қалмаңдар. Әкемнің кітаптарындағы суреттерге жылдар бойы қарағам. Ішінен үнемі әйелдерді, сұлуларды іздейтінмін. Сирек те болса ондай сұлулар сол кітаптардан кездесіп қалатын. Олар үнемі ұялшақ, жансыз, суық кейіпте сызылғанын көргем. Әрі кетсе кешірім сұраған адам сияқты қарайды бір-біріне. Еркектер болса батырлар, жауынгерлер, патшалар. Кеуделерін тік ұстап, дүниені ашса алақандарында, жұмса жұдырықтарында ұстап тұрғандай кейіпте болатын. Бұл маған ешқашан ұнаған емес. Бірақ асығыс безендірілген арзан кітаптардың

кейбіреуінде суретшінің кателігінен кейбір әйелдердің көздері жерге, тіпті картинаның ішіндегі өзге нәрсеге, шыныға немесе сүйіктісіне емес, тікелей оқырманға қарап қалатыны бар. Менің ойымша олар кітапты оқып отырған адамға қарап тұрғандай сезілетін.

Сонау Әмір Темір заманынан бері сақталған екі жүз жылдық кітаптар мен көрсеқызар дінсіздер қаншама алтынға сатып алып, елдеріне әкеткен том-том жинақтар есіме түскенде, денем тітіркеніп кетеді. Кім білсін, менің осы хикаямды сондай алыс өлкелердің бірінде, күндердің күнінде осылай тыңдайтын шығар. Кітаптарда аты қалу деген осы ма? Барлық патшалар, уәзірлер өздері туралы айтылған, өздеріне арналған жылнамалар жазғандарға дорба-дорба алтын беруінің сыры неде? Осы тітіркену үшін бергені ме сонда? Бойымды билеген осы белгісіз сезімнен кейін денем дір ете қалған соң, мен де бір көзі сондағы оқиғаға, енді бір көзі кітаптың сыртындағы әлемге қараған сұлу әйелдер сияқты болдым-ау. Мені қай жерден, қай кезде тамашалап отырғандарыңды білмесем де өзім туралы айтып бергім келеді. Мен сұлумын, ақылдымын, мені кітаптан көріп отырған болсаңдар, ол да маған ұнайды. Бір-екі ауыз өтірік айтсам да, сендердің мен туралы жаман ойламайтындықтарына сенемін.

Бәлкім, сезген боларсыңдар, әкем де мені қатты жақсы көреді. Менен бұрын үш ұлы болыпты, бірақ Алла олардың жандарын бір-бірден алған екен де, маған, қызға тиіспепті. Әкем менің асты-үстіме түседі, бірақ мен ол қалаған адамға байға шықпадым, өзім ұнатқан жауынгерге тиіп алдым. Әкеме салсаңдар, мені тұрмысқа беретін адам ең атақты ғалым һәм нақыштан, өнерден хабары мол, билігі, ықпалы зор, әрі

Карапшы сияқты бай болуы керек еді. Мұндай адам оның кітаптарында да кездеспейтіндіктен, мен үйде ешмен алатын асылзаданы күтіп отыруға тиіс болатынмын. Ал іс жүзінде күйеуімнің сыр-сымбаты аңызға айналған-ды. Өзім де араға кісі салдым да, хамамнан қайтып келе жатқанда жолыққам. Қарсы алдымнан шыға келгенде көздері бал-бұл жанып тұрған-ды. Бірдеп ғашық болдым. Ақсары жүзді, көгілдір көзді жігіт болатын. Бұлшық еттері білеуленіп тұратын, бірақ келбеті ұйықтап жатқан бала тәрізді бейкүнә кейіпте еді. Үнсіз жүретін көбіне. Кейде оның бойынан қанның иісін сезгендей болатынмын. Шамасы, барлық күш-қуатын майданда адам өлтіруге, олжа жинауға арнағандықтан ба, солай сезілетін. Бірақ үйде тыныш, жуас болушы еді. Әкем бастапқыда кедей әскер деп мені бергісі келмеген. Алайда мен өзіме қол салам дегенім үшін ақыры осы адамға тұрмысқа шығуыма разылық танытып еді. Сол жауынгер күйеуім соғыстан-соғысқа қатысып, талай ерлік көрсетті. Сөйтіп жүріп он мың акчеге татитын қазына жинады. Жұрт біздің сол байлығымызды қызғанып өліп кете жаздағаны бар.

Торт жыл бұрын біздің жасақтарымыз Сефевилермен болған соғыстан қайтқанда, сарбаздардың арасында болмай шықты. Бастапқыда мән бергем жоқ оған. Өйткені ол әбден ысылған жауынгер болатын. Соғысқа қатысқан сайын тәжірибе жинап, өз бетінше түрлі істер ұйымдастырып, көп олжаға кенелетін. Қазына табатын, көп сарбаз даярлайтын. Османлы қолы жорықтан қайтып келе жатқанда күйеуімнің өзінің шағын жасағымен тауларға қарай кеткенін көргендер де болыпты. Бастапқы кезде «келетін шығар» деп үміттенетінмін. Бірақ екі жыл ішінде оның келмейті-

ніне көзім жеткендей болды, етім де үйреніп кетіпті. Ыстамбулда мен сияқты байлары жоғалған қаншама қатын-қалаш бар екендігі санама жеткен соң, ақыры қазіргі халімді де мойындап, көндіккем.

Талай түндерде балаларымды құшақтап жылаған кездерім болған. Балалар жылай бермесін деп қаншама рет өтірік айттым. «Бәлен кісі айтты, хабар-ошары бар, әкелерің көктемге қарай келеді» дейтінмін. Кейін менің бұл өтіріктерімді балаларымның аузынан біреулер естіп, олар екіншілеріне айтып, ақыр аяғында менен сүйінші сұрап келетіндер де шықты. Ал өзім сол өңгімелерге сеніп те қалып жүрдім.

Күйеуімнің жаны таза Абаза әкесі мен дәл ағасы сияқты көгілдір көзді інісі Чаршыкапыда үй жалдап тұратын. Үйдің тірегі саналған күйеуім жоғалған соң таршылық та басталды. Қайын атам үлкен ұлының соғыстан әкелетін олжалары арқылы байыған кезінде айна жасайтын кәсібін тастап кеткен болатын. Кедейшілік қайын атама бұл істі қайта бастатқызды. Күйеуімнің кеденде істейтін бойдақ інісі Хасан үйге сәл көптеу ақша әкеле бастағаны сол еді, мінез көрсетіп, өзінің еркек екенін байқата бастады. Үй шаруасымен айналысатын күнді құл базарына апарып сатып жіберді де, оның орнына маған ас пісіруді, киім-кешек жууды, тіпті базарға барып сауда-саттық жасауды жүктеп қойды. Мұның бәрі жалға алған үйдің ақысын төлей алмай қаламыз ба деген қорқыныштан туған-ды. Өз басым үй шаруасын істеуден арланған жоқпын. Барлық жұмысты атқардым. Бірақ кейін қойнында қатыны жоқ қайным Хасан түн баласы бөлмемнің есігін қағатынды шығарған кезде не істерімді білмедім.

Әрине, сол кезде бірден төркініме тайып тұруға болар еді. Бірақ қазының пікірі басқа болатын. Ол күйеуімді өлді деп ойламағандықтан, қайын жұртымның талабымен мені балаларыммен бірге қайныма қосуға, күйеуімнің үйіне қайтуға үкім шығаруы мүмкін еді. Оның өзінде мені төркініме алып кеткен әкемді де айыптап, ұятқа қалдыруы ықтимал болатын. Егер ашығын айтсам, күйеуіме қарағанда өзім адамгершілігі әлдеқайда жоғары деп бағалаған әрі маған ғашық екенін білетіндіктен, Хасанның дегеніне көніп, оның төсегіне кіруіме де болар еді. Бірақ ойланбастан мұндай әрекет жасау мені оның қатыны емес, Алла сақтасын, күні қылуы мүмкін ғой. Өйткені қалған мирастан үлесімді сұрауымнан, тіпті оларды тастап, балаларыммен бірге төркініме кетіп қалуымнан қорыққандықтан, олар күйеуімді өлгендердің қатарына қосқылары келмеді.

Қазының алдына барғанда да осы ойларынан қайтпады. Егер қазы күйеуімді өлді деп есептемейтін болса, Хасан мені әйелдікке ала алмас еді. Бірақ басқа біреуге де түрмысқа шыға алмайтындығымнан мен осы үйге жінсіз байландым. Сол үйге келін болуым, күйеуімнің «жоғалған адам» ретінде танылуы олардың таңдауы болатын. Сөйтіп әрі-сәрі күйде біраз уақыт өткіздік. Оның үстіне мен олардың үй шаруасын істейтінмін, тамақтарын әзірлеп, кір-қондарын жуатынмын әрі қайнымның маған ессіз ғашық екенін де ұмытпағайсыңдар.

Қайын атам мен Хасан үшін ең тиімді шешім менің қайныма тұрмысқа шығуым болатын. Бірақ бұл үшін алдымен куәгерлерді әзірлеп, қазыны да көндірулері керек еді. Ол кездерде із-түзсіз кеткен күйеуімнің

туыстары, әкесі мен інісі разылық тапытып тұрғандықтан, үш-төрт акчеге бола «біз бұл адамның майданда өлгенін көрдік» дейтін жалған куәгер жалдап, қазыны да сендіру мүмкіндігі бар болатын. Оның үстіне күйеуімнің өлгеніне қарсы пікір айтар ешкім жоқ еді. Ең басты мәселе, мені қазы жесір қатын ретінде мойындағаннан кейін атам мен қайынымды үйден кетпейтініме, мұраға таласпайтыныма, Хасанға тұрмысқа шығу үшін ақша сұрамайтыныма, ең маңыздысы, оған өз еркіммен күйеуге тиюге келісетіндігіме сендіру еді. Сондықтан Хасанға ғашық адамдай болуға тиіс едім. Бұл оның сенімін нығайтар еді. Әлбетте, онымен сүйісіп, оған ғашық адамдай сипатқа енуді ажырасу үшін емес, Хасанды сендіру үшін жасауға тиіс едім.

Егер қаласам Хасанға ғашық бола алар едім. Хасан жоғалған күйеуімнен сегіз жас кіші болатын. Күйеуім үйде жүргенде Хасан маған інімдей болып кетіп еді әрі бұл жағдай мені оған жақындастыра түскен. Сабырлы қалпын, балаларыммен ойнауын, кейде маған кенезесі кепкен адамның бір кесе шие шырынына қарағандай қозқараспен құмарлана көз салатынын ұнататынмын. Бірақ маған киім-кешек жуғызған, күн мен күл сияқты базарға жұмсаудан бас тартпайтын біреуге ғашық болуым үшін біраз тер төгу қажет болар еді. Мұны жақсы білдім. Әкемнің үйіне барып пештегі отқа, ыдыс-аяққа қарап ұзақ уақыт жылаған, бір-бірімізге сүйеу болу үшін балаларыммен қойындаса ұйықтаған кездерімізде Хасан өзіне ғашық болу мүмкіндігін маған бермеді. Менің де оны сүйе алатыныма, үйлену үшін жалғыз амал ретінде қараған осы тәсілдің жүзеге асатынына әрі өзіне сенбегендіктен, Хасан маған дөрекілік көрсетті. Бір-екі рет маған қысым жасап, сүюге, тіпті маған

кол жұмсауға тырысты, күйеуімнің ешқашан келмейтінін, мені өлтіретінін де айтқаны бар. Қорқытты, үркітті, бала сиякты алдымда отырып жылап та алғаны бар. Асығыстық жасағаны үшін, әлгі әпсаналарда айтылатын шынайы махаббатқа жол аша алмағаны үшін мен оған түрмысқа шықпауға бекіндім.

Бір күні түнде балаларыммен бірге ұйықтап жатқанмын. Біздің бөлменің есігін тоқпақтады. Дереу атып түрдым да, бар даусыммен бақырып, балалардың қорқып кеткеніне қарамастан үйге жындар кіріп кеткенін айттым. Сөйтіп бақырып-шақырып жүріп қайын атамды ояттым да, әлі ашуы басылмаған Хасанды әкесінің қолына табыс еттім. Менің жын кірді деп бақырғанымнан, бірді айтып бірге кеткен сөздерімнің арасынан ақылды қария ұлының мас екенін сезген. Оның үстіне үлкен ұлынан қалған екі балалы келінінің қойнына кірмек болғанын аңғарыпты. Ұяттан жерге кіре жаздады атам. Таң атқанша ұйықтамайтынымды, жынды кіргізбес үшін есіктің алдында отыратынымды айтқанымда атам үн қатпады. Ертеңінде әкемнің сырқат екенін, оны бағып-қағу үшін екі баламды алып, төркініме кетуім керек екендігімді айтқанымда қайын атам үнсіз келіскен. Жеңілгенін мойындап еді ол сол кезде. Күйеуімнің соғыстан маған арнап әкелген олжасы – венгерлік сағатты, ең асау араб жылқысының сіңірінен жасалған қамшыны, балалар соғыс ойынын ойнағанда тастарын жиі пайдаланатын, пілдің тісінен жасалған тебриздік шахматты, сатылмауы үшін талай мәрте ұрыс-керіс жасап, өзім аман алып қалған Нахчиван соғысының олжасы күміс шырағданды түрмыстағы өмірімнің естеліктері ретінде төркініме ала келдім.

Жоғалған күйеуімнің үйінен кетуім, мен күткендей Хасанның маған деген дөрекі, күйгелек махаббатын шарасыз, бірақ сыйластыққа құрылған жалынға айналдырды. Әкесінің өзін қолдамайтынын білгендіктен, мені қорқытудың орынына, бұрыштарында әдемі құстар, көздері мұңға толы арыстандар мен қасіретке көмілген киіктер сызылған хаттар жолдайтын болды. Егер нақышкер әрі ақын жанды досы сызып бермейтін болса, мына хаттардан Хасанның қиялының кең екендігін байқадым. Бір үйде тұрсақ та оның мұндай өнерін көрмеппін, содан ба білмеймін, соңғы кездері оның хаттарын қайтадан оқи бастағанымды да жасырмаймын. Соңғы хаттарында Хасан үй шаруасы үшін күл қылмайтынын, себебі мол ақша тауып жүргенін жазыпты. Бұл хаттар ойымнан кетер емес. Бір жағынан балалардың бітпейтін ұрыс-төбелестері, әкемнің түрлі шағымдары басымды әбден ауыртқандықтан, тереземді «ух» деу үшін ашқандай болғам.

Хайрие кешкі астың дастарханын жаярдан бұрын алдымен әкеме Арабиядан әкелінген ең жақсы құрма гүлінен жылы бір кофе әзірлеп, ішіне бір қасық бал, аздап лимон сығындысын қостым да араластырып, үнсіз бөлмесіне кірдім. Китаб-ул Рухты оқып отырған сәтінде өзімді сездірместен, тап бір рух сияқты кофені алдына қойдым. Өзі осылай болуын қалайтын.

Сондай мұңды әрі баяу дауыспен:

– Қар жауып тұрған жоқ па екен? – деді. Мен бұл қардың байғұс әкемнің өз өмірінде көретін соңғы қары екенін түсіндім.

10. Мен – Ағашпын

Мен бір ағашпын, жалғызсыраған ағашпын. Жаңбыр жауса жылаймын. Алла ризашылығы үшін мен айтатын әнгімеге де бір құлақ түріндерші! Кофелерінді ішіндер, үйқыларың ашылып, сергіндер, маған қарандаршы, мен сендерге не себепті жалғызсырайтынымды айтайын.

1. От ауызды, орақ тілді шешен мәддахтың артқы жағында ілулі тұратын ағаштың суреті болсын деп нашар қағазға асығыс сызылған бейне екенімді айтады біреулер. Рас сөз. Қазір қасымда бұралған ақ қайыңдар да, даланың хош иісті жусаны мен бетегесі де, тіпті кейде шайтанға, кейде адамға ұқсайтын ұсқынсыз жартастар да, зеңгір көктің сәні болған қытайлық үлгідегі шуда-шуда бұлттар да жоқ. Бір ғана жер, бір аспан, мен және көкжиектің бейнесі ғана бар мұнда. Бірақ мен айтатын әнгіме тіптен шым-шытырық.

2. Кәдімгі ағаш ретінде қасиетті бір кітаптың бөлшегі болу арманым емес менің. Алайда ағаштың суреті ретінде неге бір кітаптың ішінде жүрмедім деп өкінемін. Егер кітаптағы картиналардың бірі бола алмасам, онда пұтқа табынушылар мен кәпірлер суретімді қабыргаға іліп, маған сәжде жасап кете ме деп ойлаймын. Ерзұрымдық Хожашылар естімесін, сол себепті бір жағынан іштей мақтанып та қоямын, бір жағынан қауіптенетін тұстарым да бар.

3. Жалғыздығымның негізгі себебін айтсам, мен қай хикаяның бөлімі екендігімді өзім де білмей отырғанымда болып тұр. Бір хикаяның ішінде суреті, бөлімі болуы керек едім, бірақ ол жерден күзгі жапырақтай жұлынып түстім. Осы жайында баян етейін.

Ағаштан үзіліп түскен жапырақтай болып хикаядан қалай жұлынып қалғаным жайлы баян

Парсы шахы Тахмасп Османлының қас жауы еді әрі жаһанда нақышты ең қатты ұнататын падиша болатын. Бұрын, ақылынан адаспай тұрғанында бар жұмысы көңіл көтеру, шарап ішу, әуен тыңдау, өлең оқу, нақышқа құмарту еді. Бұлардан көңілі қала бастады. Кофе ішуді тоқтатқаны сол еді, басы да істемейтін болды. Көздерінің оты өшкен, бозарған шалшауқанның ақылын тыңдап, сарайын Тебризден Казвинге көшірді. Османлы әскерінен алысырақ жерге барып паналаған түрі еді. Кейін қартая бастаған кезде жын соқты ма білмеймін, нәпсіқұмарлықты, шарап ішу мен нақыш жасау өнерін тәрк етті, тәубеге келді. Біздің бұл айтып отырғандарымыз билеушінің кофе ішуді қоюы арқылы ақылынан алжаса бастағанына нақты дәлел болады.

Осылайша Тебризде жиырма жыл бойы жаһандағы ең әдемі картиналар мен өнер туындыларын жасаған он саусағынан өнері тамған шеберлер, хұснихатшылар, музәххибтер, нақышкерлер, кітап құрастырушылар шілдің тезегіндей жан-жаққа тарап кеткен-ді. Бұл шеберлердің ішіндегі ең танымалдарын Шах Тахмасптың жиені әрі күйеу баласы Сұлтан Ибрахим Мырза Месхетке шақырды. Ол кезде Ибрахим мырза осы қаланың әмірі болатын. Ол шеберлерді нақышханаға орналастырып, Әмір Темір заманында Гераттағы ең атақты ақын саналған Абдуррахман Джамидің «Хафт Авранг» («Жеті тәж») жеті мәснәуиін жаздырып, әдемі нақыштармен көмкерілген, иллюстрацияға толы кітап етіп даярлата бастады. Әрі ақылды, әрі жұрттың көңі-

[illegible] жүрген жиеннің ісіне қызғанышпен қарап, оған қылық берісіне іштей өкінетін Шах Тахмасп осынау әдемі кітап туралы әңгімені естіген бетте Сұлтан Ибрахим Мырзаны Месхедтің әмірі қызметінен алып, Каин қаласына әкім етіп жіберді. Одан соң, Каинмен де кішкентай, шағын ғана шаһар Себзибарға аттандырды. Сол қалаға уәли болды. Месхедтегі хұснихатшылар мен нақышкерлер осылайша басқа қалаларға, басқа елдерге, өзге сұлтандардың, шахзадалардың нақышханаларына тарап кетті.

Бірақ құдайдың құдіретімен Сұлтан Ибрахим Мырзаның тамаша кітабы аяқсыз қалған жоқ. Өйткені оның кітап құрастыратын керемет бір адамы бар еді. Бұл кісі өнерлі, шебер нақышкер бар дегенді естіп, Ширазға, көркем жазуды тамаша меңгерген хұснихатшыны іздеп, оған екі бет жазуды жазғызу үшін Исфаханға, таулардан асып Бұқараға дейін аралап жүре беретін. Өзбек ханының сарайында қыз-мет қылып жүрген нақышкерге барып, суреттегі адамдарды, олардың кескіндерін сыздырып алатын. Гератқа келіп, сақыр да болса, өнерлі қарт суретшілердің біреуіне шоптерді, жапырақтардың суретін салғызатын. Бұл қарттар картинаны жатқа сызар еді. Гераттағы басқа бір хұснихатшыға барып, қақпаның маңдайшасына ілініп тұратын шарайналардағы жазуларды алтынмен жаздырып та алыпты. Содан соң оңтүстікке бет түзепті. Каинге барып, алты айға созылған сапардан кейін жарым-жартылай болса да жасатып әкелген беттерді Сұлтан Ибрахим Мырзаға көрсетіпті.

Бірақ олар бұлай бір кітапты ешқашан бітіре алмайтындықтарына да көздері жетті. Сөйтіп татар шабармандарын жалдады. Олардың әркайсысының қолына

безендірілетін беттер мен шеберге не істеу керектігі жазылған бір-бір хат ұстатып, жан-жаққа аттандырды. Осылайша тұтас Парсы өлкесі, Хорасан мен Өзбек мемлекетінің, Мәуереннахрдың түкпір-түкпірінен қоржындарына кітап беттерін салған шабармандар келіп жататын.

Шабармандардың әрі-бері келіп-кетуінен кейін кітапты құрастыру да жылдамдай бастаған. Кейде, мысалы, елу тоғызыншы бет пен жүз алпыс екінші парақты алып келе жатқан шабармандар қарлы боран соққан, қасқырлар ұлыған қыстың қараңғы түндерінде керуен сарайларда кездесіп қалатын. Әңгімелесіп отырып бір кітап үшін қыз-мет ететіндіктерін білісіп жататын. Қоржындарындағы беттердің қандай мәснәуидің қай жеріне сәйкесетінін бір-біріне айтып, бұл суреттерді түсінуге тырысушы еді.

Бүгін осы кітаптың аяқталған бір бетінде мен де тұруым керек екендігін білдім. Өкінішті. Ондай бақыт бұйырмады маған. Мені алып келе жатқан татар шабарманның жолын аязы бет қарыған қыстың суық күндерінің бірінде қарақшылар кесті. Тар жолмен, жартастардың арасында келе жатыр едік. Алдымен татарды әбден соққының астына алды, одан соң қарақшылар ежелгі әдетімен оны тонады, ақыры кәдімгідей зорлап, өлтіріп тастады. Сондықтан мен қай бетте болуым керектігін де білмеймін. Сендерге айтар бір отінішім бар. Маған қай бетте болуым керектігін айтып беріңдерші. Бәлкім, Ләйлінің шатырына қойшы кейіпінде келетін Мәжнүнге сая болатын шығармын? Әлде жақсылықтан үміті үзілген дінсіздің рухындағы көрсоқырлықты сипаттау үшін қараңғы түнге сіңіп жоғаламын ба? Күллі жаһаннан қашып, таулардан

лемін [illegible]ерді кешіп жүріп, сандуғашы сайраған, жеміс-жидекке толы бау-бақшасы бар аралда байыз тапқан кос ғашықтың бақытына куә болғым келетін. Үнді елін жаулап алмақ болып аттанғанда басынан ыстық отып, бірнеше күн бойы мұрнынан қан кеткен, ақыры өліп тынған Ескендірдің ақырғы демі таусыларда оған көлеңкемді де түсіргім келген. Әлде ұлына махаббат пен өмірге қатысты насихат айтқан әкенің күші мен жасын ғана тұспалдауға жараймын ба? Қандай хикаяға мағына мен әсемдік беруім керек еді?

Шабарманды өлтіріп, оның қоржынынан мені тауып алған қарақшылардың бірі талай жерді шарлағаны бар. Тау мен тасты, қалалар мен керуен сарайларды аз кезген жоқпыз. Сол қарақшы менің құнымды білді, ағаштың суретіне қарау мен жай ғана ағашқа көз салудың екі басқа екенін білді. Картинаға қарау көңілді көтеретінін де аңғарды, өзінше өнерге жақындау біреу еді. Бірақ менің суретімнің қайсы хикаяның бөлшегі екенін білмегендіктен тез жалықты менен. Біраз қалаларды аралаған соң мені жыртып, лақтырып жібермеді әйтеуір. Бір шарапханада арықтау келген біреуге бір құмыра шарап үшін сатып жіберді. Бұл адам талай рет түн баласы сығырайған шамның жарығымен маған қарайтын. Үнілетін. Ақыры қайғыдан өлді. Оның дүниелері де сатылып кетті. Мені сатып алған шебер қиссагердің арқасында сонау алыстағы Ыстамбулға дейін келдім. Қазір бақыттымын, бүгін түнде Османлы Падишасының саусақтарынан өнер тамған, жігерлі, жандары нәзік хұснихатшылары мен нақышкерлерінің арасында жүру мен үшін мақтаныш. Құдай үшін, мені қабырғаға ілу мақсатында шебер суретшінің сапасыз

қағазға асығыс-үсігіс сыза салған бірдеңесі деп жүргендерге сенбендер! Құлдарың болайын, сенбендер!

Байқасаңдар, қазір небір өтірік-өсек, қауесеттер таратылып, сыпсың сөздер айтылып жатыр. Өткен түні осында қабырғаға бір иттің суретін іліп қойып, сол сабалақ неменің басынан кешкендерін хикая қылып айтып берді ғой мәддах. Ерзұрымдық Хүсірет Хожаның шытырман оқиғалары да айтылған! Қазір ерзұрымдық Нүсірет Хожаны жақсы көретіндер бұл әңгімені қате түсініпті. Олардың ойынша біз оны жамандаған екенбіз. Біз мәртебелі Уағызшы Ефенді хазіретлеріне тексіз дей аламыз ба? Құдай сақтасын! Мұндай ой санамыздың түбінде жылт еткен де жоқ. Бұл неткен іріткі, не деген өсек, а?! Ақыры ерзұрымдық Хүсрет ерзұрымдық Нүсіретпен араласып кеткен екен, онда мен сендерге сивастық Недрет Хожаның ағаш туралы әңгімесін айтып берейін.

Бұл сивастық Шаши Недрет Хожа да сымбатты жігіттердің суретін сызу ісіне қарғыс жаудырады екен. Ол кофе ішу шайтанның ісі деп, оны ішкендер жаһаннамға баратынын айтып жүріпті. Әй, сивастық, сен менің бұтақтарымның қалай иілгенін ұмытып қалдың ба? Сендерге айтайын ендеше, бірақ ешкімге тіс жармайтындарыңа уәде беріңдер. Өйткені Алла өсек-аяң болып тарап кетуден сақтасын мұны. Бір күні таңертең қарасам, ұзын бойлы, ірі денелі бір адам мен жоғарыда біз айтқан кісі менің бұтақтарыма шығып алып, жапырақтарымның арасына кіріпті де, кешіріңдер, кәдімгідей аймаласып, бір-біріне артылып жатыр екен. Әлгі дәудің Шайтан екенін кейінірек түсіндім. Ол біздің кісіге мініп, құмарын қандырып жатып, құлағының сырғалығынан сүйіп: «Кофе – харам, кофе ішу –

күнə», – деп сыбырлап қояды. Кофенің зиян екеніне сену асыл дініміздің бұйрықтарына емес, шайтанға сенгенмен бірдей, естеріңде болсын!

Енді франк суретшілері туралы айтамын, егер оларды жақсы көретін тексіздер болса гибрат алсын. Қазір бұл франк суретшілері корольдердің, ақсүйектердің, тіпті ханымдардың суретін керемет салатыны сонша, суреттегі адамды көшеде көрсеңіз бірден танисыз. Олардың қатындары онсыз да көшеде емін-еркін қыдырады, қалғанын өздерің ойлай беріңдер. Бірақ бұл аз болғандай, тіптен шектен шығыпты. Жезөкшелікті емес, нақыш жасауды айтамын...

Атақты франк суретшісі мен тағы бір нақышкер франк шалғынды далада серуендеп жүріпті. Шеберлік пен өнер жөнінде әңгімелесіп жүрсе керек. Алдарынан бір орман көріпті. Шеберлігі жоғары суретші қасындағысына: «Жаңа әдістермен сурет сызу үшін өнерің асып тұруы керек. Сен бұл ормандағы ағаштардың біреуінің суретін салған болсаң, сол картинаны көрген, өнеріне қызыққан адам осында келіп, сол ағашты өзге ағаштардың арасынан жаңылмай тауып алуы тиіс», – депті.

Мен пақыр, өздерің көріп отырғандай, дәл осындай оймен салынбағандығым үшін Аллаға шүкіршілік қыламын. Франк стилімен сызылған болсам, шынайы ағаш деп ойлаған Ыстамбулдың иттері үстіме сарып кетеді деп қорыққандығымнан емес, басқа мәселе бар мұнда. Өз басым ағаштың дәл өзі емес, мағынасы болғым келеді.

11. Менің атым Қара

Кешке таман басталған қар таң атқанша жауды. Шекуренің хатын түні бойы қайта-қайта оқыдым. Иен үйдің бөлмесінде ашу қысып әрі-бері сенделіп жүргенде шырағданға соғылып, майшамның солғын жарығында сүйіктімнің ашулы әріптерінің наздана дірілдегенін, маған өтірік айту үшін жалтарғанын, оннан солға қарай теңселе жылжығанын көремін. Көз алдыма терезенің сыртқы қақпасының бірден ашылғаны, сүйіктімнің қарсы алдымда жарқ еткен бейнесі, мұнаа күлімсірегені келе береді. Соңғы алты-жеті жылда санамда Шекуре осы болар деп талай рет өзгерткен бейнелерді, шиедей еріндерін, бет-әлпетін оның шынайы жүзін көргенде бірден есімнен шығардым.

Онымен үйленгенім жөнінде де біраз қиялдап аламын арасында. Арманымдағы махаббатыма имандай сенген едім, ғашықтық сезімімнің жауапсыз қалмайтыны да күмәнсіз болатын. Осылайша бақыттан басымыз айналып, мәз болып жүріп үйленіппіз. Бірақ әлгі баспалдағы бар үйде қиялдағыларымның күлі көкке ұшыпты. Жібі түзу жұмыс таппай, әйеліммен жиі ұрсысып жүр екенмін.

Бұл қияли ойларды Арабстанда бойдақ жүрген кездерімде оқыған Ғазалидің «Ихия Улумындағы» үйленудің зиянды тұстары туралы жазылған бөлімінен оқығаным есіме түскенде, түн ішінде сол кітаптың мен оқыған бетінде үйленудің пайдасы жөнінде де жазылғанын да еске алдым. Бірақ өзімді қаншама қинасам да сол кітаптағы үйленудің пайдаларынан тек екі нәрсені ғана есіме түсірдім. Еркек үйленген соң оның үйіне тәртіп пен береке кіруі керек еді. Алайда

әлгі баспалдағы бар үйде ешқандай тәртіп жоқ болатын. Екіншісі, бостан-босқа күнәға батып, өз-өзіңмен құмардан шығудан, одан да сорақысы қараңғы һәм тар көшелерде делдалдық қылатын қатындарға еріп, жезөкшелерге барудан құтылатын едім.

Осының бәрінен құтыламын деген ой түннің бір уағында тағы да өз-өзімді құмардан шығарудан құтқара алмады. Ішімде оянған жабайы сезіммен әдеттегідей бөлменің бір бұрышына қарай барғам, бірақ біраздан кейін құмардан шыға алмайтынымды ұқтым. Он екі жылдан кейін тағы ғашық болыппын!

Осы ой бойымды дір еткізді. Кәдімгідей көңілім алабұртып, жүрегім лүпілдеп кеткенін байқадым. Бойымда қорқыныш та бар. Бөлмедегі майшамның әлсіз жалыны сияқты дірілдегендеймін. Әрі-бері сенделіп жүре бердім. Терезенің алдына шығып өзіңді көрсететін болсаң Шекуре, осы қылығыңа мүлдем кереғар әңгіме айтылған хатты неге жаздың, а?! Қызы мені қаламаса, әкесі неге шақырды? Әкесі мен қызы мені мазақ еткені ме сонда? Бөлмеде теңселіп әрлі-берлі жүргенімде есіктің, қабырғалардың, едендегі төсеніштің менің сұрақтарыма жауап беру үшін өзім сияқты тұтығып жатқанын да сезгендеймін.

Көп жыл бұрын салған суретіме қарадым. Ағашқа ілінген Хұсраудың суретін көрген Шырынның ғашық болып қалатын сәтін бейнелеген едім онда. Тебризден әкелініп, Жезденің қолына жаңа тиген ортанқол деңгейде құрастырылған кітаптан көрген картинаға қарап сызғанмын мұны. Суреттің маған ешқандай әсері қалмапты. Картинаның да нашар болуына, қызға ғашықтығымды тұрпайы түрде жариялағаныма да байланысты шығар, соңғы жылдарда суретке қараған

сайын ұялып, жастық шағымның бақытты күндерін де есіме алатынмын. Бұл жолы ондай сезімдер болмады. Таңға жақын мәселенің мәнін ұққандай болдым. Шамасы Шекуре суретті кері қайтарып беру арқылы ол махаббатта шахмат ойнауды қалайтын сияқты. Шахмат тастарын да тізген, алғашқы жүрісін жасаған. Соны ұктым. Отыра қалдым да шамның жарығымен оған бір хат жаздым.

Біраз ұйықтап алдым. Таңертең хатты қойныма тығып, көшеге шыққам. Көп жүрдім көшеде. Кешелі бері жауған қар Ыстамбулдың тар көшелерін кеңейтіп, қалың нөпір болып жүретін адамдардың да қарасын азайтыпты. Бала күнімдегідей айнала тып-тыныш, мүлгіп тұр. Бала кезімде қыстың қарлы күндерінде Ыстамбулдағы күмбездердің, мазарлардың, бақшалардың төңірегіне қарғалар толып кететінін байқайтынмын. Қазір де солай болып көрінді. Қарды сықырлата басқан аяғымның дыбысын тыңдап, аузымнан шыққан буға қарап жылдам жүріп келе жатырмын. Жездем маған баруымды тапсырған сарай нақышханасы да осы көшелер сияқты тып-тыныш, тұнжырап тұрған шығар. Мұны ойласам, көңілім аздап толқығандай болады. Еврейлер көшесіне бармастан, бір бала жүгіртіп, Естерге хабар бердім. Бұл бала кейін менің хаттарымды Естерге жеткізіп беруі тиіс. Бесін намазынан бұрын кездесетін жерімізді де айтып жібердім.

Аясофияның артқы жағындағы нақышханаға ерте бардым. Бала кезімде осында біраз шәкірт болып едім, Жездемнің арқасында бұл нақышханаға еркін кіріп-шығатынмын. Содан бері бұл ғимарат өзгермепті. Тек шатырдан салбыраған сүңгі мұздардың шашақ сияқты көрініп тұрғаны болмаса, басқа айырмашылық жоқ.

Жас әрі сымбатты шәкірт алда, мен артта, шайыр мен зығыр майының иісіне бастары айнала бастаған қартаң кітап түптеушілердің, ердің жасына жетпесе де үнемі еңкейіп отырудың кесірінен құныс[1] болып қалған хұснихатшылардың, ошақтағы шоққа қарап отырып-ақ тостағандағы бояуларын араластырып отырған жас жігіттердің арасынан өттік. Бір бұрыштан құшағындағы түйеқұс жұмыртқасын ықыласпен бояп отырған қарияны, көздері күлімдеп жүріп-ақ суырманың бетін безендіріп жатқан ағаны, олардың әр қимылын бағып тұрған шәкіртті көрдім. Ашық тұрған есіктердің бірінен үстаздардың қатаң сөгісінен кейін жерге кірердей ұялған, қызарған беттерін қолдарындағы қағаздарға жапсырып алардай болып отырған жас оқушыларды байқап қалдым. Басқа бір бөлмеде жүзін мұң торлаған, көңілсіз тұрған бір шәкірт бояуларды, түстерді, қағаздарды ұмытқан кейіпте жаңа ғана мен жүріп өткен көшеге қарап тұр екен. Бөлмелердің ашық тұрған есіктерінен түрлі нақыштарды көшіріп, бояу әзірлеп, қаламдарын ұштап отырған хұснихатшылар көздерінің қырымен маған қарап қояды. Бөтен адамның мұнда келгенін жақтырмай отырғаны да байқалып тұр.

Мұз қатқан баспалдақпен көтерілдік. Нақышхана ғимаратының екінші қабатында төрт жақтан қоршаған портиктің[2] астынан өттік. Төменде, қос қақпалы ішкі аулада екі жас шәкірт тұр. Қалың матадан тігілген шапандарына қарамастан дір-дір етеді. Шамасы суықтан емес, өздеріне берілетін қандай да бір жазаға байланысты дірілдеп тұрған болар. Алғаш шәкірт болып

---

[1]*Құныс* – бүкір.

[2]*Портик* – қабырғалары жоқ, төбесінде шатыры бар, үйлерге тіркесіп салынған ғимараттар.

осында келгенімізде жалқаулығы үшін немесе қымбат бағалы бояуларға зиян келтіргені үшін оқушылар жеген таяқтарды, табандарынан қан шыққанға дейін ұратын шыбықтарды есіме түсірдім.

Ыстық бір бөлмеге кірдік. Тізерлеп отырған нақышкерлерді көрдім. Бірақ бұлар – менің қиялымдағы хас шеберлер емес, кеше ғана шәкірт болып жүрген, үлкен іске енді кірісе бастағандар. Өз кезінде мен осы бөлмеге кіруді мәртебе көретінмін. Осман ұстаз түрлі лақап ат қойған шеберлер үйлерінде отырып жұмыс істейтіндіктен, қазір бұл бөлме сән-салтанаты келіскен Падишаның нақышханасы емес, Шығыстағы тау мен тастың арасында, иесіз қалған керуенсарайдың үлкен бір бөлмесіне ұқсап тұр.

Дәл бұрышта тұрған үстелдің қасында отырған Осман ұстаз аруақтай сүйретіліп жаныма келді. Оны он бес жылдан кейін көріп тұрғаным осы. Ұзақ жылға созылған сапарым кезінде қай уақытта нақыш жасауды, сурет салуды ойласам болды, Бекзат тәрізді бірден ойыма оралатын осынау шебер ұстаз, бөлмесінің Аясофияға қараған жағындағы терезесінен түсіп тұрған сәуленің арасынан аппақ киімімен шыға келді. О дүниеден келген аруақтай көрінгені содан. Тарамыстанған, сырты меңге толы қолынан сүйіп, өзімді таныстырдым. Есіне түсірдім. Жездемнің мені бала күнімде осы нақышханаға жібергенін, бірақ менің сурет сызуды емес, қаламды таңдағанымды айттым. Бұл жерден кеткен соң қаншама жылдарым сапарларда, жолдарда, Шығыстағы қалаларда, пашалардың жанында өтті. Оларға хатшы болғанымды да айттым. Серхат паша мен өзге пашаларға еріп Тебризге барғанымды, ол жерде нақышкерлермен, хұснихатшылармен

танысқанымды, оларға кітаптар құрастыруға тапсырыс бергенімді де айтып бердім. Бағдат пен Алеппо, Ван мен Тблисиге де барғанымды, талай соғыстарды көргенімді әңгімеледім.

– Eh, Тблиси! – деді үстаз терезеге қарап. Қар басқан бақшаға көз салып тұр. – Ол жақта да қар жауып тұр ма екен, ә?! – деп күрсінді.

Өнерде шеберлігінің шыңдалғаны сонша, кейін көздері көрмей қалған жартылай әулие, жартылай есалаң сиякты өмір сүретін, ешқашан аяқталмайтын әпсаналар айтатын баяғыдағы парсы ұстаздары сиякты қылық көрсетті маған. Бірақ жылтыраған, жынның көзіндей жанарынан Жездемді иттің етінен жек көретінін, маған да күмәнмен қарайтынын бірден аңғардым. Сонда да Араб шөлінде қардың тек осындағыдай Аясофия мешітін ғана емес, естеліктерді де басып қалатынын айттым. Тбилиси қамалына қар жауғанда кір-қоңдарын жуатын қатын-қалаштың түрлі әндер айтатынын, балалардың да жаз келгенше сақталсын деп жастықтарының астына балмұздақ тығатынын да әңгімелеп бердім.

– Барған жерлерінде суретшілер, нақышкерлер не сызады, қандай нақыш жасайды, соны айтшы! – деді.

Бұрышта отырған жас нақышкер сызғышын тастай сала, маған жалт қарады. Өзгелердің де бұрылғанын байқадым. Шынайы мысалдарды айтатын шығар деген үміт байқалады көздерінен. Осында отырғандардың көбі өз көшесінде тұратын дүкеншінің кім екенін де, көршілердің бір-бірімен неге ұрсысатынын да, нанның бағасы қанша тұратынын да білмейді. Сөйте тұра алыстағы Тебриз, Казвин, Шираз бен Бағдатта кімнің қалай нақыш жасайтынын, қай ханның, шахтың, пади-

шаның, шахзаданың кітап үшін қанша ақша төлейтінінен хабардар екендігіне күмәнім болған жоқ. Өйткені осында обадан да жылдам тарайтын қауесет арқылы олар мұндай әңгімелердің талайын естіген. Сонда да оларға көрген-білгендерімді айтып бердім. Өйткені мен Шығыстан, шахзадалардың бір-бірін бауыздап, шаһарларды жермен-жексен етіп жатқан, соғыс пен бейбітшілік жырлары күнде айталып жүрген, ғасырлар бойы ең үздік өлең-жырлар жазылатын, нақыштар мен суреттердің де ең әдемілері сызылатын өлкеден, Парсы жерінен келген адаммын.

– Елу екі жыл ел билеген Шах Тахмасп соңғы кездері, өздерің білетіндей кітап, нақыш, суретке деген махаббатын ұмытып, ақындарға, нақышкерлерге, хұснихатшыларға назар аудармастан, құдайға құлшылық жолында жүріп қайтыс болды. Оның тағына баласы Исмаил отырды, – дедім.

Сотқарлығы мен мінезі жаман болғаны үшін әкесі оны жиырма жыл бойы абақтыға қамапты. Ол әкесі өлген соң таққа отыра сала, құтырып, бауырларын өлтірткізді. Кейбіреуінің көзін ойғызды. Бірақ біз, дүшпандары, оны апиынмен улап өлтірдік те, таққа жарыместеу ағасы Мұхаммед Хұдабендені отырғыздық. Оның заманында барлық шахзадалар, бауырлары, өзбектер, қысқасы, елдің бәрі көтеріліп, өзара соғысты. Біздің Серхат пашамен де соғысты. Сөйтіп Парсы өлкесі соғыс өртінің ішінде қалды, быт-шыт болды. Ақшасы да жоқ, пұлы да жоқ, ақылы да кеміс қазіргі Шахтың кітап құрастыртатын, сурет салдыратын жағдайы да қалмады. Осылайша Казвин мен Гераттың аттары аңызға айналған нақышкерлері, Шах Тахмаспстың нақышханасында таңғажайып дүниелер жасаған

сол қарт шеберлер мен олардың шәкірттері, картиналарында аузымен құс тістеген тамаша аттарды, кітап бетінен ұшып кетердей әдемі бейнеленген көбелектерді сызған суретшілер, бояушылар, барлық шебер түптеушілер, хұснихатшылар – бәрі істейтін жұмыс таппады, киер киім, ішер асқа зар болды, үйсіз-күйсіз қалды. Біреулер басқа жұмыс істеп, өздерінің атақабыройларынан жұрдай болды. Тағы біреулері бір-бірімен қырық пышақ болып қырылысып жүрген шахзадаларды, уәлилер мен әмірлерді паналады. Онда да үш-төрт беті бар кітаптар үшін сурет сызып, нақыш жасады. Қатардағы сарбаздың, көрсоқыр пашалардың, есерсоқ шахзадалардың көңілдерін көтеру үшін асығыс жасалған, өнер ретінде көк тиындық құны жоқ арзанқол кітаптар қаптап кетті барлық жерде.

– Қаншадан сатылып жатыр? – деп сұрады Осман ұстаз.

– Білдей Садықы бейдің бір өзбек мыңбасының өтінішіне бола қырық алтынға Ажайып-ул Махлукатты сызғанын айтып жүргендер бар. Шығысқа жасалған жорықтан кейін, Ерзұрымға оралған бір пашаның шатырында, ішінде Сияуыштың қолынан шыққан суреттер де бар, ашық-шашық картиналарға толы дәруіш дорбасын көрдім. Сурет салуды тәрк ете алмаған атақты шеберлер ешбір кітапқа, ешбір хикаяға қатысы жоқ суреттер салып, соларды сатып жүр. Ол суреттерге қарасаң, қай хикаяның қандай мәжілісі демейсің, тек суреттің әдемілігі үшін, ләззаты үшін қарайсың. Мысалы, неткен керемет ат сызылған деп ақысын сол үшін төлейсің. Соғыс картиналарын да, төсектес болып жатқандардың суретін де сұрайтындар көп. Ұлан-ғайыр майдан даласында жан алысып, жан беріскен соғысты

сипаттайтын картинаның бағасы үш жүз акчеге дейін түсіп кетіпті. Оған ешкім тапсырыс бермеген сияқты. Кейбіреулер бағасы арзан болып, сатып алатындар тез табылсын деп жаман-жұтық қағазға қара түсті суреттер де сыза салады. Өзге түстердің ешбірін қоспайды, – дедім мен.

– Өнерлі әрі бақытты бір музәххибім бар еді, – деді Осман ұстаз. Жұмысына ықыласпен кірісіп, әдемі жасайтын ісін. Біз оны Зариф Ефенді дейтін едік. Бірақ ол да бізді тастап кетіп қалды. Алты күн болды, ешбір жерде жоқ. Құпия жағдайда ғайып болды.

– Осындай әдемі нақышхананы, мұндай бақытқа толы әкесінің үйін қалай тастап кетеді? – дедім.

– Шәкірт кезінен бері өзім тәрбиелеп, өзім өсірген төрт шеберім бар еді. Көбелек, Зәйтүн, Ләйлек және Зариф деген. Падишамыздың тапсырмасымен суреттерді үйлерінде отырып салып жатыр, – деді Осман ұстаз.

Сырт көзге тұтас нақышхана қызметкерлері жасап жатқан Сурнама мен үшін тыныш жұмыс істеуге берілген бұйрық сияқты көрінген. Сұлтан осы жолы шебер нақышкерлердің ерекше кітап даярлауы үшін сарай ауласынан арнайы бөлме ашқызбапты, керісінше, шеберлердің өз үйлерінде жұмыс істеуін бұйырыпты. Бұл бұйрықтың Жездемнің кітабы үшін берілуі мүмкін екендігі есіме түскен соң ештеңе демедім. Осман ұстаз қаншалықты шынайы оңгімс айтып тұрғанын да білмедім.

– Нури Ефенді, – деді ол өңі солғын, бүкір нақышкерге. – Қара Челебиге бір уазиет берші!

Бұрын Падиша нақышханаға әр екі ай сайын келетін. «Уазиет» деген сол кезде жасалатын салтанат еді.

Сол жылдарда Падиша нақышханадағы жұмыстарды үнемі қадағалап отыратын. Бас қазынашы Хазым, бас шахнамашы Лұқман мен бас нақышкер Осман ұстаз Падишаға осындағы жұмыстардың бәрін тәпіштеп айтып беретін. Нақышханадағы шеберлердің қайсысы қай кітапты құрастырып жатқанын, кімнің қандай иллюстрацияны жасайтынын, кімнің қай суретті бояйтынын, бояушыларды, суретшілерді, нақышкерлерді, қысқасы қолынан іс келетін барлық қызметкерлерді таныстыратын. Он саусағынан өнері тамған шеберлер мол болушы еді ол кезде.

Безендірілген кітаптардың көбін жазған бас шахнамашы Лұқман мырза қазір жүріп-тұрудан қалыпты, үйінен шықпайтын болыпты. Бас нақышкер Осман ұстаз үнемі бірдеңеге ренжулі жүретіндігі, Көбелек, Ләйлек, Зәйтүн және Зариф деген лақап аттары бар төрт шебердің үйлерінде жұмыс істейтіндігі, Патшамыздың да бұрынғыдай нақышханаға келгенде балаша қуанбайтын болғаны мені мұңға батырды. Оның үстіне соңғы кезде ұйымдастырылмай кеткен «уазиет» салтанатының дәл өзі емес, жай ғана соған ұқсас бірдеңенің ұйымдастырылуы да аздап ренжіткен. Көптеген нақышкерлер сияқты дұрыс өмір сүре алмаған әрі өзі үйренген өнерде шеберліктің шыңына шыға алмаған Нури Ефенді де қартайыпты, бірақ жұмыс үстеліне жылдар бойы үңіліп, бостан-босқа бүкір болмаса керек. Нақышханада болып жатқан оқиғаларға, кімнің не істеп жүргеніне, әдемі безендірілген кітап беттерін кімдердің жасап жатқанына үнемі назар аударады.

Осылайша Патша шахзадаларының сүндетке отырғызу тойларын жырлайтын Сурнаманың аңызға айналған беттерін де алғаш рет көрдім. Көңілім ала-

бұртып, ішкі әлемімде айрықша бір сезімге бөлендім. Әр мамандықтан, әр әулеттен, тұтас Ыстамбулдан жиналғандар қатысқан, елу екі күнге созылған сүндет тойының хикаялары сонау Парсы өлкесіне дейін естіліп, осы той жөнінде құрастырылып жатқан кітаптың даңқы сол жақта жүрген бізге де жетіп еді.

Алдыма қойылған алғашқы суретте жаһанның әміршісі Падишамыз марқұм Ибрахим паша сарайының шахнишінде[1], төмендегі «Ат мейданы» алаңындағы сән-салтанатқа көңілді жүзбен қарап отыр еді. Оның келбеті өзгелердің бет-әлпетінен ерекшеленіп тұратындай болмаса да, суретшінің оны зор ықыласпен, құрметпен сызғаны байқалады. Падишамыздың сол жағына екі беттік сурет орналастырылыпты. Олардың оң жақтағысындағы терезелерде уәзірлер, пашалар, Парсы, Татар, Франк және Венеция елшілері тұр. Падиша болмағандықтан, олардың бейнелері асығыстау сызылғаны байқалады. Нақты бір нүктеге қарамаса да олардың назары алаңдағы той-томалаққа ауған. Бұлардан басқа суреттерде де осы бейнелердің сол күйі қайталанғанын көрдім. Қабырғалар, ағаштар, керамикалар басқа түспен сызылса да, өзгеше өңге боялса да бәрібір падишаның тұрысы мен оның қасындағы адамдардың орналасқан жері өзгермеген. Жазуларды хұснихатшылар жазып, суреттер әзір болып, Сурнама құрастырылған кезде, әр бетті ашқан оқырман Падиша мен қонақтарының бір алаңға қарап, бір бейнеде тұрғанын, тек «Ат мейданы» алаңындағы оқиғалардың әр түрлі түске боялғанын байқайды.

---

[1]*Шахниш* – билеушілер салтанатты оқиғаларды тамашалайтын балкон.

Оны мен де көрдім. Ол жерге «Ат мейданы» алаңындағы жүздеген қазан палауға таласқандарды, істікте қақталып, бітеу күйінде пісірілген сиырдың ішінен шыққан қоян мен құстың етінен қорыққандарды да көрдім. Ірі доңғалақты арбаға мініп, әулет болып Падишаның алдынан өтіп бара жатқандарды да байқадым. Олар арбаның үстіне кеудесіне дейін жаланаштанған біреуді жатқызып, кеудесіне төс қойып, сол төсте темірді қамырша илеп бара жатыр. Бірақ жатқан жігіттің денесіне не балға тимейді, не балқыған темірден бірде-бір ұшқын түспейді. Нағыз шеберлер. Падишаның алдынан арбамен өтіп бара жатқанда әйнектен әдемі қалампырдың, сауырағаштың бейнесін жасап, шынының бетіне жапсырған шынышыларды, түйелерге қап-қап шекер мен торға қамалған әдемі тотықұстар артқан, сол құстарға таңғажайып өлең оқыған шекершілерді де, арбаның ішінде түрлі-түрлі салпыншақтар мен моншақтар, құлыптар мен кілттер ілген, жаңа заман мен жаңа қақпалардың жамандығын жыр қылған қарт құлыпшыларды да көрдім. Сиқыршы сызылған суретте Көбелектің де, Ләйлектің де, Зәйтүннің де қолтаңбасы бар. Бір сиқыршы сырықтың үстімен жұмыртқаларды домалатып жатыр. Онысы жалпақ мәрмәрдің үстімен домалап бара жатқандай түп-түзу бағытта кетіпті. Ал тағы бір сиқыршы досының құрметі үшін сылдырмақта ойнап тұр. Адмирал Қылыч Әли Паша теңіздерге шыққанда тұтқынға түсірген кәпірлерге балшықтан кәпір тауын жасатыпты. Содан соң бәрін арбаға артып, Падишаның алдынан өтіп бара жатқанда әлгі таулардың ішіндегі дәріні жарып жіберіпті. Сөйтіп кәпірлердің елдерін зеңбіректермен қалай атқылағанын көрсетіпті. Суреттен мен осыны көр-

дім. Алқызыл және күлгін түсті киім киген сақалсыз, мұртсыз, қатын кейіптегі қасапшылардың шеңгелге ілінген, терісі сыпырылған қойлардың қызғылтым тартқан еттеріне күлімдей қарағаны да байқалады. Падишамыздың құзырына шынжырланған арыстанның әкелінгенін, оны әдейі ашуландырып тұрған жұртты байқаймын. Ашуға булыққан арыстанға көрерменнің қол соққаны және келесі бетте осы арыстанның Исламды бейнелеуі, дінсіздерді сипаттайтын күлгін түске боялған доңызды қуалап бара жатқаны да көзге түседі. Падишахтың алдынан өтіп бара жатқан арбаның үстіндегі дүкенінде алдында отырған адамның шашын алып жатқан шаштараз бен отырған адамға күміс қалбырдағы хош иісті сабын мен айна ұсынып, ұстазынан бұйрық күтіп тұрған шәкіртінің суретіне тамсана қарадым да, осы суретшінің кім екенін сұрадым.

– Суреттің өз әдемілігімен адамды өмірдің байлығына, сүйіспеншілікке, Алла жаратқан әлемнің түрлітүсті бояуына құрмет көрсетуге, ойлану мен иманға шақыруы маңызды. Суретшінің кім екендігі маңызды болмаса керек.

Жездемнің мені мұнда тың тыңдап келуге жұмсағанын біліп қойғандықтан, осыншама сақтық танытып тұр ма, әлде мен ойлағаннан әлдеқайда терең, нәзік жанды болып шыққан Нури суретші бас нақышкер Осман ұстаздың сөздерін қайталап тұр ма, білмедім.

– Осы иллюстрациялардың барлығын Зариф Ефенді жасады ма? – деп сұрадым. – Қазір оның орнына иллюстрацияларды кім жасап жүр?

Ашық тұрған есіктен ауладағы балалардың айғайлаған, шыңғырған даусы естілді. Төменде, нақышханаңың жан-жағы қоршалған алаңында ұсталардың

атқосшыларының бірі біраз бұрын мен көрген, суықта дір-дір етіп тұрған шәкірттерді жазалай бастаған шығар. Олардың таяқ жегенін көру үшін жас нақышкерлер есікке қарай ұмтылды.

– Шәкірттер алаңды Осман ұстаз тапсырғандай қызғылт түске бояп бітіргенге дейін Зариф Ефенді бауырымыз да кері оралып, осы екі беттің тәзхибін аяқтайтын шығар, Құдай қаласа, – деді Нури Ефенді ықтиятпен. Осман ұстаз Зариф Ефендіден: «Ат мейданының» топырақ төселген алаңын әр бет үшін әр түрлі түске бояуды өтінген. Қызғылт, үнділік жасыл түс, сары немесе қаз қиының түсіне бояуы керек. Өйткені суретке қарағанда ол жердің алаң екені, топырақтың түсі солай екені бірден көрінуі керек. Екінші, үшінші суреттер де басқа түстерге көмкерілуі тиіс. Нақыш дегенің кітап беттерінің ажарын ашу үшін жасалады.

Бір бұрыштан шебер тастап кеткен, мұқабасына сурет сызылған кітап көрдік. Жорықтардағы жеңіс үшін даярланып жатыр екен ол кітап. Соғыс кемелерінің майданға аттанғанын көрсететін бір беттік сурет әзірленіп жатыр екен, бірақ шебер әлгі таяқ жеп жатқан балаларды көру үшін есікке қарай жүгіріп кеткендердің арасында сияқты. Қалыптағы кеме макеттеріне қарап сызылған флот теңізде емес, ауада қалқып тұрғандай болып көрінді маған. Кемелердің желкендерін жел де кермепті, бұл үлгі ретінде қойылған макеттердің ғимарат ішінде тұрғанынан емес, жас нақышкердің әлі де болса шеберлігінің төмендігінен болса керек. Картина нашар салынипты. Қандай қалыпта жасалғаны беймәлім ескі кітаптардың бірінен, әдемі хуснихаттан тұрпайылықпен ойылып алып жапсыра салған сурет

сияқты. Шамасы Осман ұстаз мұндай ұсақ-түйеккке назар аудармайтын болған тәрізді.

Кезек өзінің жұмыс үстеліне келгенде, Нури Ефенді үш апта бойы даярлаған тұғра[1] тазхибінің аяқталғанын мақтанышпен айтты. Кімге, қандай мақсатпен жолданатыны білініп қалмасын деп таза қағазға сызылған тұғра мен тәзхибіне сүйсіне қарадым. Шығыста талай оспадар пашалар Падиша тұғрасының осынау сұсы мен абыройын байқататын бейнесін, әдемілігін көріп, көтеріліс жасаудан қаймыққанын білетінмін.

Одан кейін Жемал хұснихатшы жазып бітірген ең соңғы туындыларды көрдік. Нағыз өнердің хұснихат екенін, нақышкердің хұснихатты таныту үшін ғана сурет сызатынын айтып жүрген нақыш дұшпандарын құптаған болмайық деп ол жерден тез өте шықтық.

Жетвелші,[1] Насыр, Ақсақ Темірдің балалары билік құрған кезден қалған Низамидің «Хамсасынан» бір бетті, Хұсраудың Шырын жуынып жатқа сәтте жаланаш тәнін көріп тұрғанын бейнелейтін суретті өңдемек болып жатыр. Бірақ керісінше бұзып тастапты.

Алпыс жыл бұрын Тебризде Бекзат ұстаздың қолынан сүйгенін, ол кезде атақты суретші-ұстаздың соқыр екенін әрі кездескен күні мас болғанын айтудан басқа хикаясы жоқ, тоқсан екі жастағы жартылай соқыр карт шебер Падишамызға үш ай ішінде бітіріп беруі тиіс мерекелік сыйлық – қаламсауытты безендіруге арналған заттарын өзі көрсетті. Қолдары дірілдеп, ұстап тұрған дүниесін түсіріп алудың аз-ақ алдында тұр.

---

[1] *Тұғра* – падишаның мөріне ұқсас байрақтың бір түрі.

[1] *Жетвелші* – сызғышшы.

Төменгі қабаттағы тар құжыра бөлмелерде сексенге жуық нақышкер, оқушы мен шәкірт жұмыс істейтін нақышханада үнсіздік орнады. Өзім де талай көргем, таяқ жеген шәкірттердің ойбайлаған даусын да көп естігем, нақышханадағы үнсіздік осы жазалаудан кейін орнаған. Кейде жүйкеге тиетіндей «ха-ха-халап» күлу немесе түрпайы әзіл, кейде шәкірт болған жылдарды еске түсіретін шыңғыру мен жылау, өксік дауысы тына қалады, шамасы шебер нақышкерлер де өздерінің сонау жас күндерінде, шәкірт болып, өнер үйренген, тәлім алған кездерінде жеген таяқтарын еске алатын сияқты. Тоқсан екі жастағы жартылай соқыр ұста маған тағы бір жайтты сезіндірді. Мұнда, соғыссыз, апалаң-топалаңсыз жерде, майданнан алыстағы қалада да барлық дүниенің ақыры таянғаны байқалады. Қиямет болардың алдында да осындай үнсіздік орнайды.

Нақыш дегенің ақылдың үнсіздігі, жанардың әуені ғой.

Қоштасу үшін Осман ұстаздың қолын сүйіп тұрып оған деген құрметімді ғана емес, рухыма әсер еткен бір жайтты да сезіндім. Әулиені көргенде бойды билейтін таң қалу мен жан ашу араласқан бөлекше бір сезім еді ол. Өзімді іштей кінәлаған сезім де бар бойда. Себебін білмеймін. Бәлкім, франк шеберлері тәсілдерінің жасырын болса да емін-еркін түрде де қайталануын қалайтын Жездемнің оған бәсекелес болғаны үшін бе, білмеймін, әйтеуір Осман ұстаздың алдында өзгеше күйде болдым.

Сол сәтте осынау хас шеберді, ұстазды бұл пәниде соңғы рет көріп тұрғанымды да іштей түйсінгем, сол себепті оның көңілін көтергім де келіп, асығыс сұрақ қойдым.

– Ұстазым, ұлы мәртебелім, хас нақышкерді қатардағы шеберден өзгеше қылатын қасиет не? – деген жасандылықпен, жағымпаздана қойылған осы сауалыма бас нақышкердің сипай қамшылап, жалтара жауап беретінін күткем, онсыз да мені ол ұмытып кетті деп ойлағанмын.

– Хас нақышкерді өнерсіз, имансыз нақышкерден өзгеше қылып тұратын қандай да бір өлшем жоқ, – деді салмақты түрде. Бұл уақыт өте келе өзгереді. Нақышкердің өз өнеріне қатер төндіретін жамандықтарға қарсы қояр мінезі мен шеберлігінің не екендігі маңызды. Жас нақышкер қаншалықты хас шебер екенін білу үшін, оны түсіну үшін үш нәрсе сұрайтынмын.

– Олар қандай нәрселер?

– Жаңа пайда болған әдеттерге еріп, қытайлықтар мен франктардың ықпалымен менің жеке нақыш жасау тәсілім, өз қолтаңбам болсын деп жанталаса ма? Нақышкер ретінде өзгелерден бөлек қылығы, мінезі болғанын қалай ма? Осы қасиеттерін өзі жасаған миниатюралардың бір жеріне франк шеберлері сияқты қолтаңба қою арқылы білдіруге ұмтыла ма? Осы жайтты білу үшін үнемі сурет салу жанрлары мен қолтаңбаны сұрайтынмын.

– Содан? – деп сұрадым ілтипатпен.

– Содан кейін бізге кітап құрастыруға тапсырыс берген шахтар мен падишалар өліп, том-том кітаптар қолдан-қолға өткенде, бөлшектеліп, әрбір беті әр тарапқа кетіп, біз салған суреттер басқа кітаптар үшін, басқа бір жерде, басқа уақытта қолданылғанда нақышкер қандай күйде болады, не сезінеді, соны білгім келетін. Бұл өзі мұңаюмен де, қуанумен де өлшенбейтін нәзік дүние. Сондықтан нақышкерден уақыт

туралы сұраймын. Нақыштың заманы мен Алланың уақытын. Түсіндің бе мені, балам? – деді ол маған.

Жоқ, түсіне алмадым. Бірақ оған айтпадым.

– Үшіншісі не? – деп сұрадым.

– Үшіншісі – соқырлық, – деді ұлы ұстаз, бас нақышкер Осман. Әрі бұл айтқанын түсіндіріп жатудың да қажеті жоқ деген болуы керек, одан әрі тіл қатпады.

– Соқырлықтың қандайы? – деп сұрадым мен де қарап тұрмай.

– Соқырлық дегенің үнсіз болады. Жаңа ғана айтқан бірінші мен екінші мәселені біріктірсең, соқырлық шығады. Нақыштың ең терең тұсы, мәні – Алланың қараңғылығында байқалған дүниені көру, – деді ол да.

Үндемедім. Тысқа шықтым. Мұз басқан баспалдақпен баяу түсіп келемін. Ұлы ұстаздың үш сұрағын Көбелекке, Зәйтүнге, Ләйлекке қойған кезде тек әңгіме-дүкен үшін емес, көздері тірісінде аңызға айналған осы замандастарымды түсіну үшіне де қоярымды білемін.

Бірақ бірден шебер нақышкерлердің үйлеріне барғам жоқ. Еврей ауданына жақын, Халичтің Босфор бұғазымен түйіскен жері көрінетін ыңғайлы орыннан ашылған жаңа базарда Естермен кездестім. Саудасаттық жасап жүрген күндер, кедей-кепшік өмір сүретін ауданның өңі солған, кең шапан киген қатынқалаштары көңілді жүр. Сәбіз, айва, пияз, шалғам толы сөрелерді жағалаған топтың ішінде еврейлердің қызғылт киімін киген, омырауы да селкілдеп, аузы да бір жабылмай тұрған, арасында жанарымен ымдап, маған қастарымен жол көрсетіп те үлгерген Естердің де көңілді екені байқалады.

Ол берген хатымды тұтас базар бізді бақылап тұрғандай жылдам әрі епті қимылмен, ешкімге байқатпастан кең дамбалының ішіне сала салды. Шекуренің мені ойлап жүргенін де айтып үлгерді. Қызметі үшін ақысын бердім. Тіпті артығымен, қосымша тағы ақша беріп: «Ал енді дереу жеткіз!» – деп едім, ол өзінің әлі де көп шаруасы бар екенін иығындағы дорбасымен ымдап білдірді де, хатты тек түске қарай Шекуреге жеткізетінін айтты. Оған Шекуреге үш шебермен жолығуға бара жатқанымды айтуды тапсырдым.

12. Мені Көбелек деп атайды

Бесін намазының уақыты бола қоймаған кез. Есік қағылды, аштым. Қарсы алдымда Қара Челеби тұр. Шәкірт кезімізде біраз уақыт бірге болғанбыз. Арамызда жүретін. Енді жылдар өткен соң қайтадан жолығып тұрмыз. Құшақтаса кеттік. Жездесінен бір хабар әкелді ме екен деп аландап қалғаным да рас еді. Бірақ ол мен безендірген беттерді, мен салған суреттерді көргісі келетінін, достық үшін келгенін әрі мені Падишамыздың атынан бір сұрақпен сынайтынын айтты.

– Жарайды, – дедім, – маған қоятын сауалың қандай?

Айтты. Жақсы.

СТИЛЬ МЕН ҚОЛТАҢБА

Нақышты көз қуанышы мен иманы үшін емес, ақшасы мен атағы үшін жасайтын тексіздер көбейген сайын стиль мен қолтаңбаға құмарту сияқты жаман

әдеттерді де, ашкөздікті де көреміз деген сөз. Бұл іске сенгендігімнен емес, стиль солай деп кіріскем. Өйткені шынайы қабілет пен өнер алтын мен мәртебеге құмартсаң да қалыбын бұзбақ емес, тіпті ашығын айтар болсақ, маған бұйырғандай ақша мен атақ-даңқ әрбір өнер иесінің өмірден алар ақысы еді әрі оны өнерге ғашық қылады. Бірақ мұны айтар болсам, нақышкерлердің арасындағы қызғаныштан іштері күйген қатардағы шеберлер мәселенің сырын ашып қойғаным үшін мені айтыптап, маған соқтыққан болар еді, ал мұндайда бұл істі оларға қарағанда әлдеқайда жақсы көретінімді дәлелдеу үшін күріш дәніне ағаштың суретін сызар едім. Франктардың ықпалымен Батыстан жеткен және иезуит поптары апарған суреттерге иланып, жолдарынан адасқан байғұс қытай шеберлерінің әсерімен Шығыстан келген бұл стиль, қолтаңба мен тұлғалыққа ұмтылу дағдысының дәл іргемізге дейін жеткенін көргендіктен, сендерге қисса ретінде үш әңгіме айтып берейін.

Стиль және қолтаңба туралы үш аңыз

Әліп

Ертеректе Гераттың солтүстігіндегі тауларда, өзінің құз басындағы қамалында нақыш пен суретке қызығатын жас хан өмір сүріпті. Бұл хан гареміндегі қыз-қырқындардың ішінен тек біреуін ғана ұнатыпты. Ханды есінен тандырған хас сұлу татар қызы да әміршіге ғашық екен. Таң атқанша ақ тер, көк тер болып аймаласатын қос ғашықтың бақыттан бастары айналғаны сонша, осынау ләззатқа толы сәттердің

мәңгілікке ұласқанын аңсайды екен. Олар осы тілектерінің орындалуы үшін түрлі жол іздепті. Ақыры ең тиімді тәсіл ретінде кітаптарды ақтарып, бағзы замандарда өткен хас шеберлер, ұлы суретшілер жасаған таңғажайып әрі еш мінсіз суреттерге сағаттар, күндер, айлар бойы көз алмастан қарау екендігін ұқса керек. Қиссалардағы ешқашан жаңылмайтын, бір-бірін ұдайы қайталап отыратын мінсіз картиналарға қарап отырғанда, уақыттың да тоқтап қалатынын, хикаяда айтылатын алтын дәуірдің бақытты сәттеріне өздерінің қайғысыз-қамсыз күндері де араласып кететінін сезінеді екен. Ханның нақышханасында суреттерді сол кітаптардың беттері үшін бір-бірінен айнытпай салатын, шеберлердің шебері, он саусағынан өнері тамған хас нақышкер-суретші болыпты. Қалыптасқан дағды бойынша, бұл суретші Фархадтың Шырынға деген махаббатынан азап шеккенін, Мәжнүн мен Ләйлінің бір-бірін көргенде таң қалған әрі сағынышқа толы жанарларымен үздіге қалған сәтін немесе Хұсрау мен Шырынның жұмақтай болған ертегідегідей бақшада бір-біріне астарлы назармен құмарта қарағанын қандай да бір кітаптың бетіне сурет қылып салған сәтте ғашықтардың орнына хан мен татар қызының бейнесін сызады екен. Хан мен оның сүйіктісі бұл парақтарға қараған сайын өздерінің бақыттан бас айналған күндерінің мәңгілікке ұласатынына сеніп, нақышкерді мақтап, алтынға көміп жүріпті. Ілтипат пен алтынның көптігі шебер суретшіні ақыр соңында адастырып тыныпты. Шайтан түртіп, картиналарының мінсіз болғаны үшін бұрынғы шеберлерге қарыздар екенін ұмытып, суреттерге өзі де бірдеңелер қосатын болса, тіптен күлпыра түсетіндігіне сене бастапты. Бұл сенім кеудесіне нан

шеріп, бірақ есіртсе керек. Суреттерге өзі де түрлі деталь қосыпты. Алайда нақышкердің суреттерге осындай жаңалықтар енгізе бастауын, өз болмысынан із қалдыруын хан мен сүйіктісі кемшілік ретінде бағалап, сөйтіп іштей мұңға бата бастапты. Ұзақ уақыт көз алмай қарайтын суреттерде бұрынғы бақытты сәттердің ана жер, мына жері бұзылғанын сезген хан алдымен парақтарға тек қыздың ғана суреті салынып жүр деген оймен іштей сүйіктісін қызғана бастапты. Кейін татар сұлуды қызғандыру үшін гаремдегі өзге қыздарды қойнына алыпты. Гаремдегі өсекшілер де қарап қалсын ба, болған жайды татар сұлуына да жеткізсе керек. Ол жандүниесіндегі қасіретті жеңе алмай, ешкімге тіл қатпастан, гарем ауласындағы ағаштардың біріне асылып қалыпты. Өз қатесін түсінген әрі бұл істердің артында өзімшілдігі ұстаған суретшінің тұрғанын байқаған хан шайтанға ерген шебердің көзін ойғызып, соқыр қылып тастаған екен.

Бә

Шығыс елдерінің бірінде нақышқұмар, бақытты әрі карт патша өмір сүріпті. Ол өзінің жаңадан үйленген жас иісі – қытай сұлуымен бақытты ғұмыр кешіп жатыпты. Алайда патшаның бұрынғы қатынынан туған ұлы мен жас тоқалдың көңілдері бір-біріне ауыпты. Әкесіне жасаған опасыздығы жанын жегідей жеген жігіт, астыртын махаббат хикаяларына ұялып, өзін нақышханаға қамап, өмірін сурет салуға арнаған екен. Ғашықтығының қайғы-мұңы мен рухани қуатының әсері ме, қайдам, ол салған әрбір сурет бірінен бірі өте әдемі болатыны сонша, көргендер туындыларды көне

шеберлердің қолынан шыққан суреттерден айыра алмайды екен, ал патша ұлын мақтаныш етіп жүріп-ті. Патшаның қытайлық жас қатыны суреттерге қарап:

– Иә, өте әдемі, – дейді екен. – Бірақ егер ол қолтаңба қалдырмаса, жылдар өткен соң осы сұлу бейнелерді кімнің салғаны ұмытылады ғой?

– Ұлым суретке қолтаңбасын қалдырса, көне ұстаздардың сызғандарына ұқсатып салған бұл суреттерді арсыздықпен өз атына аударып алған болып саналмай ма? – дейді екен патша. – Оның үстіне қолтаңбасын қалдырар болса, сурет менің кемшіліктерімді көрсетіп тұр деген болып шықпай ма?

Қарт күйеуін көндіре алмайтынын түсінген қытай әйел, ақыр соңында қолтаңба қойылған суреттерді нақышханаға қамалып алған ұлға естіртудің жолын тауыпты. Ал ғашықтық сезімін көңіл түкпіріне көмуге мәжбүр болып, кеудесі басылған патшаның ұлы сұлу да жас өгей шешесінің ақылымен әрі шайтанның да азғыруына алданып, бір суреттің бұрышына, қабырға мен шөптердің арасында ешкім көре қоймайды-ау деген оймен қолтаңбасын қалдырыпты.

Қолтаңба қалдырған алғашқы сурет Хұсрау мен Шырын хикаясының бір мәжілісі екен. Өздерің білесіңдер, Хұсрау Шырынға үйленгеннен кейін, алғашқы некесінен туған баласы Шируе Шырынға ғашық болады және бір күні түнде терезеден кіріп, Шырынның қойнында жатқан әкесінің бүйірінен қанжармен осып жібереді. Міне, патша ұлы салған бұл мәжілісті сипаттайтын суретке қарап отырғанда, бір кемшіліктің бар екенін сезіп қояды. Қолтаңбаны көргенімен, баршамыз сияқты көргеніне назар аударғандықтан, суреттен оған тек «бұл кемшілігі бар картина» деген сезім

жетіпті. Мұндайды бұрынғы шеберлер жасамайтындықтан, карт патша аландап қалған екен. Өйткені бұл өзі оқып отырған осы бір том хикаяны, әпсананы емес, кітап-қа жараспайтын дүниені, ақиқатты айтып тұр дегенді білдіретін болса керек. Карт мұны сезген бетте жүрегі дір етіп, бойын қорқыныш билеп алыпты. Дәл сол сәтте нақышкер ұлы өзі салған суреттегідей терезеден кіріп, картинадағыдай ірі қанжарды қорқыныштан шарасынан шыққан көздеріне қарамастан, әкесінің кеудесіне сұғып алған екен.

Джим

Осыдан екі жүз елу жыл бұрын Казвинде кітап безендірудің, хуснихат пен нақыштың ең мәртебелі, ең танымал әрі сүйікті өнер болғанын Рашид ад-дин Казвини тарихында мақтанышпен жазады. Казвинде сол кезде тақта отырған, Византиядан Қытайға дейінгі қырық елге әмірін жүргізген (нақышты сүю осынау ұлы күштің сыры болуы мүмкін) шахтың, өкінішке қарай, еркек кіндікті ұрпағы болмапты. Өзі өлгеннен кейін жаулап алған жерлері ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпесін деп, Шах сұлу қызына ақылды нақышкер күйеу тауып беруге бел байлаған кезде, нақышханасындағы бойдақ әрі жас үш нақышкер өзара жарыс бастапты. Рашид ад-диннің жазған тарихына қарағанда, бәсекенің өте қарапайым шарты: «Кім ең әдемі сурет салады?».

Дәл Рашид ад-дин тәрізді жас нақышкерлер де бұл шарттың бұрынғы шеберлер сияқты сурет салу екендігін білетіндіктен, үшеуі де жұрт жақсы көретін мәжілістің суретін салыпты. Жұмақтай болған бақшада,

сауырагаш пен балқарағай, үркек қояндар мен жанталасқан қарлығаштар арасында ғашықтықтан мұңға батқан, жанарын төмен салған сұлу қыз. Бір-біріне білдірместен осы суретті дәл бұрынғы шеберлердей салып жатқан үш нақышкердің ішінде әріптестерінен өзгешеленгісі келген біреуі суреттің әдемілігіне иелік ету үшін бақшаның ең шөбі қалың жеріне, нәркес гүлдерінің арасында қолтаңбасын жасырыпты. Бірақ өзін бұрынғы шеберлердің жомарт көңіл қасиетінен алыстатқан бұл арамзалығы үшін бірден Казвиннен Қытайға жер аударылыпты. Осылайша қалған екі нақышкердің арасында жаңадан бәйге ұйымдастырылыпты. Бұл жолы екеуі де сұлу қыздың әдемі бақшада ат мініп тұрған сәтін бейнелеп, өлеңмен өрілгендей тамаша сурет сызған екен. Нақышкерлердің біреуі қылқаламының тайып кетуінен болды ма, жоқ әлде әдейі жасады ма, ол жағы белгісіз, қытай тәрізді қысық көзді, алма бет қыздың ақ боз атының мұрнын сәл оғаштау етіп сызған көрінеді. Мұны қыз да, оның әкесі де кемшілік ретінде бағалапты. Рас, бұл нақышкер суретке қолтаңба қалдырмаған, бірақ таңғажайып картинада аттың мұрнына шеберлікпен кішкентай ғана кемшілік сызып, сол арқылы туындының өзгелерден бөлектеніп тұруын қалаған екен.

– Кемшілік дегенің – стильдің анасы саналады, – депті Шах және бұл нақышкерді Византияға жер аударып жіберіпті.

Ешбір қолтаңбасыз, кемшіліксіз, тұп-тура бұрынғы шеберлер сияқты сурет салған өнерпаз нақышкер шахтың қызына үйленетін болып, тойдың қамына кірісіп кеткен кезде, Рашид ад-дин Казвинидің сол бір қалың тарихына сенсек, тағы бір оқиға болыпты. Үйлену

тойынан бір күн бұрын шахтың қызы, күні ертең өзінің күйеуі болатын жас та сымбатты шебер нақышкер салған суреттен күні бойы көз алмай, мұңая қараған екен. Кеш түсе қыз әкесіне барып:

– Бұрынғы шеберлер тамаша суреттерінде қыздарды қытайлықтар сияқты сызатын еді әрі бұл Шығыстан жеткен өзгермейтін қағида еді, – депті. – Бірақ олар біреуді сүйгенде сол сұлудың қасына, көзіне, ерніне, шашына, күлкісіне, тіпті кірпігіне өздері сүйген адамнан бір із, бір белгі қалдыратын. Суреттеріне әдейі орналастыратын бұл құпия кемшілік олардың махаббаттарын тек өздері мен сүйіктілері ғана біле алатындығының белгісі еді. Атқа мінген сұлу қыздың суретіне күні бойы қарадым, әке, онда менен бірде-бір із, белгі жоқ! Бұл нақышкер шынымен де хас шебер шығар, өзі жас әрі сымбатты жігіт, бірақ ол мені сүймейді.

Осылайша Шах тойды дереу доғарып, әкесі мен қызы өмірлерінің ақырына дейін бірге ғұмыр кешіпті.

– Стиль деген дүниені бастаған қате, демек, осы үшінші хикаяда жатыр, – деді Қара асқан әдеп пен ибалылық танытып. – Нақыш дегеніңіз өзі ғашық болған сұлудың келбетінің, көзінің, күлімсірегенінің жасырын белгісінен шығатын болғаны ма?

– Жоқ, – дедім өзіме асқан сенімді түрде әрі мақтанышпен. – Шебер нақышкер ғашық болған қыздан суретке көшкен дүние кемшілік емес, соңында ережеге айналады. Өйткені біраз уақыттан кейін барлығы ұстазға ұқсағысы келіп, қыздардың жүз-келбетін сол суреттегі қыздағыдай етіп сыза бастайды.

Біраз үнсіз қалдық. Мен айтқан үш хикаяны асқан ыждағаттылықпен тыңдаған Қараның көрші бөлмеде жүрген сұлу әйелімнің тықырлатып шығарған ды-

бысына назар аудара қалғанын байқадым да көздеріне тіке қарадым.

– Бірінші хикая – стильдің кемшілік екенін көрсетеді, – дедім. – Екінші хикая – кемшіліксіз суретке қолтаңбаның қажет болмайтынын ақтартады. Үшінші хикая – бірінші мен екіншінің ақылын бір-біріне қосады және қолтаңба мен стиль дегеніннің өзі кемшілікті мақтан тұтып, ақымақтықпен өркөкіректенуден басқа ештеңе емес екендігін көрсетеді. Бұдан басқа ештеңе емес.

Мен дәріс оқыған осы адам нақышты қаншалықты түсінеді?

– Хикаяларымнан менің кім екенімді аңғардың ба? – дедім.

– Түсіндім, – деді, бірақ оған сене қоймадым.

Оның көзқарасы мен ұстанымымен ғана шектеліп, мені түсінуге тырыспаңдар, сендерге кім екенімді өзім-ақ айтып берейін. Менің қолымнан бәрі келеді. Ойнап-күліп жүріп-ақ, Казвиндегі бұрынғы шеберлер сияқты сурет саламын, түрлендіріп жіберемін. Күлімсіреп тұрып айтайын:

– Барлығынан мықтымын және іштей сезгенім дұрыс болса, Қараның бұл жерге келуіне себеп болған муззәххиб Зариф Ефендінің жоғалып кетуіне менің ешқандай қатысым жоқ.

Қара менен отбасылық өмір мен өнер біріксе қалай болатындығын сұрады.

Көп жұмыс істеймін әрі өз ісімді сүйемін. Өзім тұратын махалладағы ең сұлу қызға жақында үйленгем. Нақыш жасамасам, әйеліммен жынды адамдар сияқты аймаласамыз. Содан соң тағы да жұмыс істеймін. Бұларды айтқам жоқ.

– Өте маңызды мәселе, – дедім. – Егер нақышкердің қылқаламы қағаздың үстіне таңғажайып дүниелер төгіп тұратын болса, әйеліне келгенде мұндай шабыт келмейді. Бұған кереғар болса, яғни нақышкердің «қамысы» қатынды қуантып жүрсе, қағаздың үстінде қызмет қылар өзге қамыс сөніп қалады.

Нақышкердің өнерін қызғанатын барлық адамдар сияқты, Қара да бұл өтірікке иланып, қуанды. Соңғы кезде нақышын жасаған беттерімді көргісі келетінін айтты. Оны жұмыс үстелімнің басына, бояулардың, сиясауыттардың, мөрлердің, қылқалам мен қаламның, мақталардың арасына отырғыздым. Шахзадамыздың сүндетке отыру тойын көрсететін «Сурнама» үшін жасап жатқан екі беттік суретті Қара тамашалап отырғанда, қасындағы қызыл кілемшеге отырдым. Кілемшедегі жылу бұл жерге сәл бұрын бөксесі бұлтиған, қыпша бел сұлу әйелімнің отырғанын есіме түсірді. Мен қамыс қаламыммен Падишамыздың алдындағы бақытсыз тұтқындардың тағдырын сызып жатқанда, ақылды қатыным менің «қамысымды» ұстап отыратын.

Салып жатқан екі беттік суретім қарыз алып, оны қайтара алмай, абақтыға қамалған тұтқындардың Падишаның мейірім-шапағатымен босаған сәттерін көрсететін. Билеушіні тура сол салтанатты басқосулар кезіндегідей етіп, үстінде күміс акчелер салынған дорбалар жатқан қалы кілемнің шетінде отырған кезін, арт жағында борышкерлердің аттары оқылатын дәптері бар бас қазынашының отырғанын сыздым. Падишаның алдында жандары ауыр-ған, қабақтары түсіңкі, жүздері солғын, кейбіреулерінің жанарына жас іркілген, бір-біріне мойындарындағы бұғаумен және шынжырмен байланған борышкер тұтқындар. Билеу-

шінің оларды түрмеден босататынын естіген сәтте мәз болып, Падиша үшін дұға оқуда; жандарында мен қызыл түске бояған, оқылған өлеңдерді сүйемелдеуші уд пен тамбурда ойнаған әдемі музыканттар... Қарызға батқан адамның жан дерті қаншалықты ауыр екендігін көрсетуді мақсат етпесем де, көңілсіз тұтқындардың ең соңында тұрған бірінің күлгін түсті киім киген әйелі мен қызыл көйлекті, ұзын шашты, жүзін мұң торлаған, әдеміше келген қызын да салып едім. Кезекке тұрғандай тізіліп, шынжырланған борышкерлердің екі бетке қалай жайылғанын, суреттің ішіндегі қызыл түстің құпия қисынын, көне шеберлер ешқашан жасамаған бір істі асқан махаббатпен сызған, шетте жатқан ит пен Падишаның атлас шапанын бір түске бояуым тәрізді, қараған сайын әйеліммен бірге күлкіге қарық болып, талай әңгіме қылған дүниелерді мына қасын керген Қараға айтып беруім керек еді. Нақыш жасаудың өмірді сүю екенін түсінсін дегем, бірақ ол ұятты бір жайт туралы сұрады.

Бейшара Зариф Ефендінің қайда болуы мүмкін екенін біледі екенмін-мыс. «Қайдағы бейшара, қайдағы байғұс. Ол көк тиындық құны жоқ көшірмеші, тәзхибті тек ақша үшін жасайтын, шабыты түгесілген сайқымазақ!» демедім.

– Жоқ, – дедім, – білмеймін.

– Ерзұрымдық уағызшының айналасында жүретін оспадарлардың Зариф Ефендіге жамандық жасауы мүмкін екендігі туралы ешқашан ойлаған жоқсың ба?

Өзімді сабырлы кейіпте ұстадым да, «ол да солардың бірі» демедім.

– Жоқ, – дедім.

– Неге?

Мына Ыстамбул қаласында бәрімізді тұтқын еткен кедейшілік пен қайыршылық, оба, ар-ұяттан безіну, оңбағандықтың себебін Пайғамбарымыз Расулаллаһ заманындағы исламнан алыстап, жаңадан лас, жаман әдеттерге үйренгеніміз бен франк стилінің арамызға кіруінен басқа еш нәрсемен түсіндіре алмайсыз. Уағызшы ерзұрымдық да осылай дейді, тек дұшпандары ерзұрымдықтардың музыка ойналатын тәккәларға шабуыл жасап, әулиеәмбиенің мазарларын қиратып жатқанын айтып, Падишамызды алдағылары келеді. Қазір менің ерзұрымдық хазіретке олар сияқты жаулығым жоқ екенін білетіндіктен, сыпайы түрде: «Зариф Ефендіні сен өлтірдің бе?» дегілері келеді.

Бұл қауесеттің нақышкерлер арасында баяғыдан бері жүргені бір кезде есіме сақ етіп түсе қалды. Шабытсыз, өнерсіз, қабілетсіздер тобы қазір мені қанішердің өзі деп жан-жаққа өсек-аяң таратып жүр. Осынау қызғаншақ нақышкерлердің жапқан жалаларын шын көргені үшін мына оспадар Қараның басынан сиясауытпен бір қойғым келді.

Қара көрген дүниелерінің барлығын есіне сақтап, нақыш бөлмеме мұқият көз салып отыр, қағазға арналған ұзын қайшыға, бояу кеселеріне, күшәла толы тостағанға, жұмыс істеп отырғанда ара-тұра бір тістеп қоятын алмаға, артқы жақтағы ошақтың қасында тұрған құмырама, кофе стақандарына, кілемшелерге, терезе қақпасының арасынан түсіп тұрған сәулеге, беттің көлемін анықтау үшін қолданатын айнаға, бешпенттеріме және сол жерде, есік қағылғанда бөлмеден асыға шығып бара жатып түсіріп алған, бір бұрышта күнә сияқты көзге ұрып тұрған қатынымның қызыл орамалына ыждағаттылықпен қарайды.

Одан ішкі ойларымды жасырғаныма қарамастан, салған суреттерім мен ішінде өзім өмір сүріп жатқан осы бөлмені оның тесіле, тіміскілене қараған көзқарасына амалсыз тапсырдым. Білемін, бұл менмендік бөріңді таң қалдырады, алайда ақшаны ең көп табатын да, соған сәйкес ең мықты нақышкер де менмін! Өйткені әлемнің байқай білген адамға мәртебе екендігін көрсету үшін Алла нақыштың атақ-даңқ көрінісі болуын қалаған.

13. Мені Ләйлек дейді

Бесін намазының кезі болатын. Есік қағылды, ашсам бала кезімізден бірге өскен Қара тұр. Құшақтаса кеттік. Тоңып қалыпты, ішке кіргіздім. Үйді қалай тауып келгенін де сұрағам жоқ. Жездесі оны маған Зариф Ефенді неге жоғалып кетті, қайда жүр, соны біліп келу үшін жұмсағаны айдан анық. Бірақ тек ол ғана емес, Осман ұстаздан да хабар әкелді.

– Бір мәселе бар, – деді.

– Хас шеберді өзгелерден ерекшелендіріп тұратын нәрсе – уақыт, – депті Осман ұстаз. Нақыштың уақыты. Бұл туралы не ойлаймын? Айтайын ба? Ендеше тыңдандар.

НАҚЫШ ПЕН УАҚЫТ

Өздерің білесіндер, бұрын біздің жақтың, біздің әлемнің нақышкерлері, мысалы, көне Араб шеберлері дүниеге франк кәпірлері бүгін қалай қараса солай назар салып, көшедегі есаланды итпен, дүкендегі тара-

лышыны сатып тұрған шөп-шаламы, яғни балдыркөгімен тұрған жерінен байқайтын да, барлығын қалай тұр, солай сала беретін. Бүгін франк суретшілерінің мақтанып жүрген перспектива тәсілінен де хабарсыз болғандықтан, бұл жағдай олардың әлемінен ит пен балдыркөк қана көрінетіндей шектеулі әрі адамды жалықтыратын деңгейге түсіріп жіберді. Кейін аяқ астынан нақыш әлеміміз астан-кестен болып, тұтас дүние өзгеріп сала берді. Әңгімені сол жерден бастап айтып берейін.

Үш нақыш пен уақыт хикаясы

Әліф

Бұдан үш жүз елу жыл бұрын, Бағдатты моңғолдар басып алып, аямай тонап, қиратқан ақпанның суық күндерінде Ибн Шакир тек Араб әлемінің ғана емес, күллі исламның ең шебер, ең атақты хұснихатшысы болатын. Жастығына қарамастан, Бағдаттың әлемге даңқы кеткен кітапханаларында ол жазған, көбі Құран Кәрім, жиырма екі том кітап бар еді. Бұл кітаптардың ақырзаманға дейін сақталатындығына сенгендіктен, Ибн Шакир уақыттың шексіздігіне көңіл беріп, сенетін. Моңғол ханы Хулағудың әскерлері бірнеше күннің ішінде бір-бірлеп жыртып, паршалап, Тигр өзенінің суына ағызып жіберген, бүгінде бізге беймәлім болып қалған осы кітаптардың ең соңғысын ол майшамның дірілдеген әлсіз сәулесімен талай ұйқысыз түндерін өткізе жүріп, жазып шыққан-ды сол күні. Күншығысқа емес, батысқа, көкжиекке қарап жұмыс істеген, хұснихат өнері мен кітаптардың мәңгілік жасайтынына сен-

ген, бес ғасыр бойы араб хұснихатшылары шаршаған көздерін демалдыру үшін дәстүрге айналдырған салтпен Ибн Шакир таң шапағымен Халифа мешітінің мұнарасына шықты. Дәл сол жерден бес жүз жылға жалғасқан түтастай бір көркем жазу дәстүрінің келмеске кетіп бара жатқан сәтіне куә болған-ды. Хулағудың қатыгез әскерлерінің Бағдатқа кіріп келе жатқанын елден бұрын байқады да мұнараның үстінде қаққан қазықтай тұрып қалды. Түтас қаланың тоналып, қиратылып жатқанын, жүздеген мың адамның өлтірілгенін, бес жүз жыл бойы Бағдатты билеген Ислам халифаларының ең соңғысының мерт болғанын, әйелдердің зорланып, кітапханалардың отқа оранғанын, мыңдаған топ кітаптың Тигрге лақтырылғанын корді. Екі күннен кейін өліктердің күлімсі иісі жайлаған, өлім елесі кезіп жүрген қалада, тасталған кітаптардағы сия жайылып, қызыл түске боялған Тигрдің ағысына көз салып тұрып, көркем жазумен өзі жазып шыққан, дәл қазір құрдымға кетіп бара жатқан жүздеген том кітаптың осынау зұлымдық пен тонауды, қарақшылықты тоқтатуға ешбір пайдасының болмағанын түсінді, содан соң ешқашан хұснихат жазбауға іштей серт берді өзіне. Керісінше, сол күнге дейін Алланың бұйрықтарына қарсы шығу деп бағалап, менсінбеген сурет өнері арқылы қайғысы мен өзі куә болған зұлматты сипаттағысы келді. Сөйтіп, ешқашан жанынан тастамайтын қағазға мұнарада тұрып коргендерін сызған. Моңғол шапқыншылығынан кейін, ислам сурет өнерінің үш жүз жылға созылған өркендеу дәуірі үшін, оны пұтқа табынушылар мен христиандардың картиналарынан бөлек қылып тұрған ерекше көркемдігі үшін, әлемнің көкжиек сызығымен көмкеріле, іштегі қайғымен қоса

Алла назар салатын биіктен, жоғарыдан картинаға айналғаны үшін осы бір қуанышты кереметке қарыздармыз. Кейін Ибн Шакир қырғыннан соң қолындағы суреттер мен жүрегіндегі нақышқа деген құмарлықпен солтүстікке, моңғол жасақтарының келген жағына қарай жолға шығып, Қытай шеберлерінің сурет салу тәсілдерін үйренуге аттанған. Осылайша бес жүз жыл бойы араб хұснихатшыларның көңілдеріне ұялаған мәңгілік уақыт арманының жазуда емес, суретте ғана орындалатыны белгілі болды. Мұның дәлелі – кітаптар мен томдардың паршаланып, жоқ болуы, бірақ олардың ішіндегі суреті бар беттердің басқа кітаптардың, томдардың ішінде мәңгілік жасап, Алланың әлемін паш етуі.

Бә

Адам қартайып, өлмейтін болса, барлық дүние бір-бірін қайталап тұратын бұл пәниде пенделер уақыттың не екенін қаперінен шығарып та алады. Әрі әлемде заман деген ешқашан болмағанда, бірдей хикаялар мен суреттерде сипатталатын бір жағынан көне, бір жағынан жаңа заманда, Фахир Шахтың шағын жасағы Салахаддин Ханның әскерлерін самарқандтық Сәлімнің қысқа тарихында айтылатындай «тас-талқан» етті. Мұзаффар, яғни жеңімпаз Фахир Шах қолға түсірген Салахаддин Ханды азаптап өлтірткізгеннен кейін дәстүрге сәйкес, өз мөрін басу үшін марқұмның кітапханасы мен гаремін аралап көрген. Кітапханадағы тәжірибелі кітап құрастырушы өлген ханның кітаптарын паршалап, беттерін араластырып, жаңа томдар әзірлеуге, хұснихатшылар эпилогтардағы «жеңімпаз Салахаддин Ханның» атын Мұзаффар Фа-

хир Шах есімімен жанталаса алмастыруды, нақышкерлер ең әдемі картиналарына айрықша шеберлікпен салынған марқұм Салахаддин Ханның қазірдің өзінде ұмытыла бастаған келбетін өшіріп, Фахир Шахтың жас кездегі бейнесін сызуды бастап кетті. Гаремге кірген бетте Фахир Шах ондағы ең сұлу қызды да дереу тауып алды, бірақ ол сұлудың жүрегіне күшпен емес, кітап пен нақышты түсінетін жан болғаны үшін жылы сөздермен, әдемі әңгімелермен жол тапқысы келген-ді. Әңгіме-дүкен құрды. Сонда марқұм Салахаддин Ханның сұлу да көңілін мұң торлаған жесірі Нариман Сұлтан жаңа күйеуі болуы тиіс Фахир Шахқа бір ғана тілек айтқан. Ләйлі мен Мәжнүннің махаббатын жырлайтын бір кітапта, Ләйлі ретінде сызылған Нариман Сұлтанның қарсы алдында Мәжнүн ретінде бейнесі салынған марқұм күйеуі Салахаддин Хан келбетінің өшірілмегенін қалаған. Күйеуі қаншама жыл бойы құрастыртқан кітаптардың көмегімен қол жеткізгісі келген өлімсіздік хақының тым болмағанда бір бетте сақталып қалғанын тілеген еді. Жеңімпаз Фахир Шах өзі үшін жеңіл-желпі болып көрінген бұл тілекті қабыл алғаны бар, сөйтіп тек осы суретке ғана нақышкерлер тиіскен жоқ. Осылайша Нариман мен Фахир Шахтың жұлдызы жарасты, қысқа уақытта бір-бірін ұнатып, өткен күндердің қорқынышты естеліктерін ұмытып кеткен. Бірақ Фахир Шах Ләйлі мен Мәжнүн томындағы суретті ұмытқан жоқ. Оны мазалаған әйелінің бұрынғы күйеуімен бірге сызылған суреті емес еді, тіпті қызғаныш та оны мазалаған дүниенің қатарына кірмейді. Оны іштей мүжіген дүние көне аңыздардың ішінде өз суретінің де салынбауы, әйелімен бірге мәңгілікке, өлімсіз әлемге ұласа алмауы еді. Бұл шүбә

«күрты» бес жыл бойы оны іштен кеміріп келді де, күндердің күнінде Фахир Шах Нариманмен ұзақ аймаласып, құмарын қандырған түндердің бірінде орнынан тұрып, қолындағы шырағданымен өз кітапханасына өзі ұрлана кірген-ді. Ләйлі мен Мәжнүнге арналған томды ашып, Нариманның бұрынғы күйеуінің бейнесі салынған тұсқа Мәжнүн ретінде өзін сызуға кірісті. Бірақ нақышты жақсы көретін талай билеуші сияқты ол да қарабайыр, шеберлігі нашар суретші болатын. Өз бейнесін дұрыс сала да алмаған. Осылай, бір күдіктің кесірінен тәп-тәуір дүниені бүлдіріп тынды. Таңертең кітапты ашқан Шахтың кітапханашысы Нариман бейнелі Ләйлінің жанындағы марқұм Салахаддин хан келбетінің орнына жаңадан кескін пайда болғанын, бірақ бұл тұрпаттың Фахир Шахтікі емес, ежелгі дұшпаны, жас та сымбатты Абдуллах Шахтың суреті екенін жариялады. Бұл қауесет Фахир Шах әскерінің сағын сындырса, көрші мемлекеттің жас әрі жауынгер билеушісі Абдулах Шахқа жігер берді. Ол да алғашқы шайқаста-ақ Фахир Шахтың әскерін талқандап, өзін тұтқынға түсіріп, өлтіртіп тастады. Гаремі мен кітапханасына мөрін басып, хас сұлу Нариманның жаңа күйеуі болып шыға келді.

Джим

Ыстамбулда нақышкер Ұзын Мехмет, Парсы өлкесінде Мұхаммед Хорасани деген атпен танылған шебердің хикаясы көбіне нақышкерлер арасында ұзақ өмір мен соқыр-лыққа мысал ретінде айтылады. Бірақ іс жүзінде нақыш пен уақыт тақырыбына арналған мысал еді.

Тоғыз жасында шәкірт ретінде осы кәсіпке аяқ басқанына қарасаң, азды-көпті жүз он жыл бойы соқыр болмастан нақыш жасаған бұл шебердің ең үлкен ерекшелігі, оның ешқандай ерекшелігінің болмауында еді. Бірақ бұл жерде жаңылтпаш айтайын деп тұрғам жоқ, іштен шыққан құрметімді, мақтауымды білдіргенім бұл. Әр нәрсені өзгелер сияқты, әсіресе бұрынғы танымал ұстаздардың тәсілімен сызды. Осыған да байланысты болса керек, өте шебер болатын. Аққөңілдігі, Аллаға қызмет ретінде ұққан нақыш ісіне жан-тәнімен берілгені, оны өзі қызмет істеген барлық нақышханалардың ішіндегі ұрыс-керіс, дау-жанжалдан, тіпті жасы лайық болса да, бас нақышкер болуға деген ұмтылыстан да аулақ еді.

Нақышкерлік өмірінде жүз он жыл бойы козден тасада қалатын шағын детальдарды, беттің бұрыштарын толтыратын шөптерді, ағаштардың мыңдаған жапырағын, шуда бұлттардың ирелеңдеген бейнелерін, аттардың төгілген мақпал жалдарын, қамалдардың кірпіш қабырғаларын, сол қабырғалардағы бір-бірін айнытпай қайталайтын сансыз өрнектерді, қысық көзді, ат жақты, бір-бірінен аумайтын он мыңдаған бейнені сабырлылықпен салып шыққан-ды. Бақытты еді, түйік болатын. Ешқашан топтың алдына түсуге, стилі мен қолтаңбасын көрсетуге ұмтылмайтын. Қай ханның немесе шахзаданың нақышханасында жұмыс істесе, сол жерді бір үй, ал өзін сол үйдің бір мүлкіндей көретін. Хандар мен шахзадалар бір-бірінің алқымынан алып, қырық пышақ болып қырқысып, нақышкерлер де гаремдегі қыз-келіншектер тәрізді қаладан-қалаға, жаңа қожайындарға тарап жатқанда, жаңа нақышхананың стилі ол сызған жапырақтардан, көгалдардан,

заттарға салынған өрнектерден, асқан сабыры мен төзімінің сырлы қалтарыстарынан байқалып тұратын. Сексен жасқа келгенде оның ажалды пенде екендігі тіпті естен шығып кетті, керісінше аңызға айналған суреттерінің ішінде өмір сүретініне сене бастады көп жұрт. Бәлкім, содан да болар, біреулер оның уақыттан озып кеткенін, сондықтан қартайып, өлмейтінін айтатын. Үйсіз-күйсіз өткен ғұмырында нақышханалардың түрлі бөлмелерінде, шатырларда қонып, уақытының көбін қағазға қарауға арнайтын. Сөйте тұра, оның соқыр болып қалмауын да ол үшін уақыттың тоқтап қалуымен, кереметпен байланыстыратындар да бар еді. Кейбіреулер оның іс жүзінде соқыр екенін, бірақ барлық дүниені жатқа сызатындықтан, оған қандай да бір затты көрудің қажеті де жоқ екенін айтып жүрді. Өмірінде ешқашан үйленбеген, біреуді сүймеген, төсек ләззатын да татып көрмеген осы бір аңыз-ға айналған ұстаз өзі жүз жыл бойы салған қысық көзді, ат жақты, ай жүзді сымбатты еркектің бейнесіндегі жас жігітті – бойында қытай мен хорват қаны бар он алты жастағы шәкіртті Шах Тахмасптың нақышханасында жүз он тоғыз жасында кездестірді. Ұлы шебер жас жігітті көрген бойда ғашық болды, оның адам сенгісіз сымбатына есі кетіп, жас шәкіртті қолға түсіру үшін нағыз ғашық адамның жасайтын іс-әрекетін қайталап, нақышкерлер арасындағы мансапқа таласуға, өтірік айтып, айлакерлік жасауға кірісті. Жүз жыл бойы бойын аулақ ұстаған күнделікті күйбең мен қым-қуыт тірлікке араласқаны шеберді әу баста жігерлендіргенімен, ескі күндердің әдемі естелігіндей болған мәңгіліктің жолынан да адастырды. Бірде сымбатты жігітке сырттай көз салып, сүйсіне

карап тұрған екінді уақытында ашық терезенің алдында ұзақ уақыт тұрып қалыпты, сөйтіп Тебриздің ызғарлы желі өңменінен өте шыкса керек. Ертеңінде бірден суық тиіп ауырып қалды, түшкіріп-пысқыра бастады. Кезекті рет түшкіргенде көзі көрмей қалды, екі күннен кейін нақышхананың биік тас баспалдағынан құлап, өліп тынды.

– Хорасандық Ұзын Мехметтің атын естіппін, бірақ дәл осы хикаяны білмейді екенмін, – деді Қара.

Хикаяның аяқталғанын түсінгенін, айтқандарымды санасына тоқығанын білдіру үшін астарлап айтып еді бұл сөзді. Біраз үнсіз қалдым, маған көзі тойғанша қарасын. Өйткені қолымның бос болғаны аздап дегбірімді қашырғандықтан, екінші хикаяны айта бастаған сәтте қағылған есікке бола сызуды тоқтатқан суретімді қайта жалғастырдым. Үнемі қасымда қаламдарымды ұштап, бояуларымды езіп беретін, кейде қате кеткен тұстарымды өшіретін келбетті шәкіртім Махмут мені әрі тыңдап, әрі тамашалап үнсіз отыр, келесі бөлмеден әйелімнің тықырлатып бірдеңелер жасап жүрген дыбысы естіліп тұр.

– Мәссаған, – деді Қара, – патша орнынан тұрыпты.

Оның суретке тамсана қарап тұрғанын байқап, оған таңғалуының себебі онша маңызды еместей немқұрайлы әрекет жасадым. Бірақ сендерге ашығын айтайын: бұл сурет «Сурнама» кітабынан алынған еді. Біз айтқан сүндетке отырғызу салтанаты кезінде саудагерлердің, түрлі әулеттердің, әскердің, өнерпаздар мен жендеттердің өтуін елу екі күн бойы тамашалаған ұлық Падишамыз екі жүз суреттің барлығында отырған адамдай көрінеді. Тек осы суретімде гана

алтынды тоңқа флорин[1] толы қалталардан ақша шашып тұрған сәтінде оны орнынан тұрғызып сыздым. Ақшаны қағып алу үшін бір-бірін таптап, итіс-тартыс болған, бір-бірін сабаған, жердегі ақшаларды теріп жатқанда құйрықтары көкке қарап, тоңқайып жатқан жұрттың көңілді сәттері мен таң-тамаша болған кездерін суреттен көрсету үшін сыздым мұны.

– Бір суреттің тақырыбы махаббат болса, онда ол сурет махаббатпен салынуы керек, – дедім. – Қайғы болса, ол суреттен қасірет төгіліп тұруы тиіс. Бірақ қайғы картинадағы адамдардан немесе олардың көз жастарынан емес, суреттің бастапқыда көзге түспейтін, алайда сезіліп тұратын ішкі әлемінен шығуы қажет. Мен ғасырлар бойы тамсанып тұрған адамның суреттерін салған шебер нақышкерлер сияқты сұқ саусағын аузына тығып тұрған біреуді сызғам жоқ, тұтас картинадағыларды таң қалдырдым. Оны билеушінің орнынан тұруымен бейнеледім.

Барлық заттарымнан, нақышқа арналған құралдарымнан, тіпті тұтас өмірімнен белгі іздегендей көзқараспен қараған сәтіне ойым орала берді, содан да шығар, оның жанарынан өз үйімді көргендей болдым.

Бір кездері Тебриздс, Ширазда салынған сарай, монша, қамал суреттері болушы еді. Он сегіз мың ғаламдағыны көріп-біліп һәм түсініп отырған Алланың назарымен картина да параллель болсын деп, нақышкер өзі сызған сарайды керемет бір ұстарамен ортасынан тіліп жібергендей қылып, ішіндегі ыдыс-аяғын, сырттағы адамға көрінбейтін қабырға суреттеріне, перделеріне, тордағы тотықұсына, ең құпия бұрыштарына

[1]*Флорин* – 1252 жылдан бастап Флоренцияда шығарыла бастаған алтын ақша.

дейін, мамық жастықтарды жастанған, маңдайын күн ніскемеген хас сұлуларына дейін салатын. Бұл суретке қайран қалған адамдай, Қара бояуларымды, қағаздарымды, кітаптарымды, франк саяхатшылары үшін жасаған кияфатнама,[1] муракка[2] беттерді, бір паша үшін жасырын салып берген төсектес болғандардың суреттерін және басқа да әдепсіздіктерді, шыныдан, қоладан, құмнан құйылған түрлі-түсті сиясауыттарымды, пілдің тісінен жасалған қалам ұштағыштарымды, алтын сапты қаламдарым мен әдемі шәкіртімнің көзқарасын бақылады.

– Бұрынғы шеберлерге қарағанда мен өте көп соғыс көрдім, өте көп майданда болдым, – дедім мен үнсіздікті үзіп, өзімнің бар екенімді анғартқан сынаймен. – Соғыс машиналары, зеңбіректер, жасақтар, өлгендер. Падишамыздың, пашаларымыздың соғыс шатырларының төбелерін үнемі мен сызатын едім. Соғыстан кейін Ыстамбулға қайтқан кезде, баршамыз ұмытып кететін майдандағы оқиғаларды, екі бөлінген мүрделері бір-біріне араласып кеткен қалың қолды, зеңбіректеріміз бен әскерімізге қоршаудағы қамалдың мұнараларынан сескене қарап тұрған кәпірлердің байғұс әскерлерін, бастары кесілген көтерілісшілерді, дүниені тұяқтарының дүбіріне бөлеген аттарды сызған болатынмын. Көрген дүниемнің барлығы есімде қалады. Жаңа кофе диірмені, өзім бұрын-соңды кездестірмеген терезе жақтауы, зеңбірек, франк мылтығының жаңаша жасалған шүріппесі, салтанатты кеште кімнің қандай түсті кием кигені, кімнің не жегені, кімнің қолдарын қайда, қалай қойғаны...

[1]*Кияфатнама* – белгілі бір өңірдегі киім үлгісі туралы кітап.

[2]*Муракка* – хүснихатшылардың бөлек-бөлек қағазға жазып, кейіп топтастырған шағын жинақтары.

– Маған айтып берген үш хикаяның берер дәрісі қандай? – деп сұрады Қара, әңгімемізді аяқтағысы келетін сынай танытып.

– Әліф, – дедім. – Мұнарасы бар алғашқы хикая нақышкердің өнері қандай болғанына қарамастан, мінсіз суретті адам емес, уақыт салатынын көрсетеді. Гаремі, кітапханасы бар екінші хикая уақыттан озудың жалғыз жолы өнер мен нақыш екенін байқатады. Үшіншісінің мәнін өзің айт.

– Джим! – деді Қара сенімді түрде. – Жүз он тоғыз жастағы нақышкердің үшінші хикаясы әліф пен бәні біріктіреді және мінсіз өмір мен нақыштан іргесін аулақ салғанның уақыты бітеді, өледі. Осы жайтты аңғартады.

14. Мені Зәйтүн деп атайды

Бесін намазының уақыты әлдеқашан кірген кез болатын, асығыстықпен, бірақ асқан құштарлықпен келбеті адамды баурап алатын бозбаланың суретін салып отырған едім, есік қағылды. Алаңдағандықтан ба, қолым дірілдеп кетті, қаламымды дереу тастай салдым. Құшағымдағы дәу сурет тақтасын әупірімдеп жүріп жерге қойдым да, құстай ұшып есікке жеттім. Іштей дұға етіп те үлгергем. Алла тағала... Сендер Аллаға біздің осы арам әрі әділетсіз әлемізден және Падишамыздың бейшара құлдарынан да жақын болғандарың үшін, осы айтып отырғандарымды кітаптың ішінен сендер еститіндіктен сыр жасырып қайтейін?! Үнді падишасы, жаһанның ең дәулетті патшасы

Әкбар хан атағы ел аузына тараған, аңызға бергісіз бір кітап құрастыртып жатса керек, Ислам әлемінің түкпір-түкпіріне хабар-сауын айтып, дүниенің ең шебер, ең атақты нақышкерлерін жанына шақырыпты. Ыстамбулға жіберген адамдары кеше маған келді. Үнді өлкесіне шақырды.

Есікті аштым. Бұл жолы олар емес, бала күнімізден бір-бірімізді таныганымызбен, соңғы жылдары мүлдем есімнен шығып кеткен Қара қарсы алдымда тұр. Бұрын біз сияқты нақышкер болғысы келетін, біздің табыстарымызға қызғанышпен қарайтын. Сонымен?

Әңгімелесуге, дос болуға, мен салған нақыштарды көруге келіпті. Өзім жасаған дүниелерді көруге, әрине, рұқсат еттім. Бас нақышкер Осман ұстаздың да қолынан сүйіпті. Ұлық ұстаз оған мағынасы терең әңгіме айтыпты. Нақышкердің шеберлігі соқырлық пен есте сақтауынан белгілі болады депті. Ендеше айтайын.

СОҚЫРЛЫҚ ПЕН ЕС

Адамдар сурет сала бастағаннан бұрын түнек еді, және олар мұны тоқтатқан уақытта қайта қараңғылық басады. Өн-бойымызбен, өнерімізбен және махаббатымызбен Алланың бізге «Көріңдер!» дегенін еске аламыз. Еске алу – көргенін білу деген сөз. Білу – көргенін еске алу. Көру дегенің – еске алмастан ұғыну, білу дегенді білдіреді. Демек, нақыш жасау – қараңғылықты еске алу деген сөз. Ұлы шеберлерге түстер мен көрудің түнектен жасалғаны белгілі. Олардың сурет салуға деген құштарлықтары Алланың түнегіне түстер арқылы қайтып оралу дегендері... Есі жоқ адам Алланы да, оның қараңғылығын да есіне түсіре

алмайды. Осынау ұлық шеберлер сурет сала отырып, түстердің ішіндегі, уақыттан тыс сол бір түпсіз түнекті, қараңғылықты іздейді. Гераттың көнекөз шеберлері тапқан осы қараңғылықты еске алу не дегенге жауап ретінде үш хикая айтып бермекпін.

Соқырлық пен есте сақтау туралы үш хикая

Әліф

Ұлық шайыр Джамидің әулиелер жайлы әпсаналар жазылған «Нафахат-ул Унсының» Ламий Челеби аударған түрікшесінде, Қарақойлы билеушісі Жиһан Шахтың нақышханасында, атағы шыққан шебер Шейх Али Тебризидің Хұсрау мен Шырынның тамаша нұсқасын сызғаны жазылған. Естуімше, құрастырып, безендіріп шығуға бақандай он жыл кеткен осынау ақызға бергісіз кітапқа ұстаздардың ұстазы, хас шебер Шейх Әли барын салғаны сонша, кітаптың мұндай көздің жауын алатын беттерін тек суретшілердің пірі Бекзат қана жасай алатындай болса керек. Ал Жиһан Шах болса дүниеде теңдессіз бір кітаптың иесі атанатындығын бұл еңбек аяқталмай жатып-ақ түсініпті. Өзінің ежелгі дұшпаны Аққойлы билеушісі Ұзын Хасаннан сескенуі әрі өз дүниесін одан қызғануы Қарақойлы Жиһан Шахтың санасына қайдағы ойларды салса керек. Ол кітап аяқталған тұста шартарапқа кетер атақ-даңқымен қатар, бұл кітаптан да жақсы дүниенің Ұзын Хасан үшін де жасалуы мүмкін екендігін ойлайды екен. Өзінің бақытты сәттерін «өзгелер де дәл осылай қуанып, бақытты болса қайтемін» деген қызғаныш һәм қорқынышпен улаған Жиһан Шах, ше-

бер нақышкер бұл кітаптың тағы бір нұсқасын, тіпті бұдан да жақсысын құрастырар болса, оны тек Аққойлы Ұзын Хасан үшін жасауы мүмкін екендігін де ойлапты. Осылайша осынау тамаша кітапқа өзінен басқа ешкім иелік етпесін деп, кітап аяқталған кезде шебер нақышкер Шейх Әлиді өлтіруге бел байлапты. Алайда гареміндегі жүрегі мейірімге толы Шеркез сұлуы шебер нақышкерді өлтірмей-ақ, көзін ойып алса, мәселенің бәрі шешілетіндігін айтыпты. Жиһан Шах бірден күп көрген, әрі айналасындағы жағымпаздарға да айтқан осы шешім нақышкер Шейх Әлидің де құлағына тиеді. Бірақ ол қатардағы өзге нақышкерлер сияқты жасап жатқан кітабын жарым-жартылай қалдырып, Тебризден кетіп қалмапты. Тіпті жарық дүниені көруді ұзарту үшін кітап жасауды баяулату немесе кітап кемшіліксіз болмасын деп нашар сурет салу тәсілдерін де қолданбаған көрінеді. Әдеттегіден де мол ынта-шынтамен, сеніммен жұмыс істепті. Жалғыз өзі тұратын үйінде таң намазынан кейін сурет салуға отырып, түн ортасында майшамның жарғында шаршаған көздерінен аққан жасқа қарамастан, сол аттарды, қызметкерлерді, ғашықтарды, айдаһарларды, сымбатты шахзадаларды салады екен. Көбіне гераттық хас шеберлер жасаған беттерге күні бойы қарап, екінші жағынан өзі ешқашан қарамайтын қағазға әлгі суреттерді айнытпай сызып отыратын болыпты. Ақыр аяғында, Қарақойлы Жиһан Шах үшін жасаған кітап аяқталып, шебер нақышкер өзі күткендей алдымен мақтау естіп, алтынға қарық болыпты, содан соң үшкір бізбен көздері шығарылып, соқыр етіліпті. Шейх Әли басына туған күннің азабына қарамастан, дереу Гераттан кетіп, Аққойлы билеушісі Ұзын Хасанның алдына барыпты.

– Иә, соқырмын, – депті оған. – Бірақ соңғы он бір жылда безендірген кітаптың барлық әсемдігі, әр қаламның ізі мен қылқаламның жолы санамда сақталып, есімде қалды. Қолым оларды жатқа сыза алады. Маған суретке қараудың қажеті жоқ. Әміршім, саған арнап бұрын-соңды ешкім жасамаған кітап құрастырып, нақыш жасап бере аламын. Өйткені қос жанарым бұл пәнидің жалғандығына, пасықтығына назар аударматындықтан, алаңдамайтындықтан, Алланың барлық сұлулықтарын есімде сақталған пәк күйінде сызып бере аламын.

Ұзын Хасан даңқты шеберге бірден сеніп, нақышкер уәдесінде тұрыпты. Жер-жаһандағы ертелі-кеш салынған ең әдемі нақышы бар тамаша кітапты Аққойлы ханына жатқа сызып беріпті. Кейін, Аққойлы Ұзын Хасанның Қарақойлы Жиһан Шахты Бингөл[1] маңындағы бір шабуылда жеңіп, өлтіргенінің сыры жеңімпаз билеушіге жаңа кітаптың рухани күш бергендігінде екенін жұрттың бәрі біледі. Осынау таңғажайып кітап хас шебер Шейх Әли Тебризидің марқұм Жиһан Шах үшін құрастырған өзге де туындыларымен бірге, Ұзын Хасан марқұм Фатих Сұлтан Мехметтен жеңілгеннен кейін Падишамыздың қазынасына қосылды. Көргендер біледі.

Бә

Жаны жәннатта болғыр, Кануни[2] Сұлтан Сүлеймен хұснихатшыларға айрықша құрмет көрсететіндіктен,

---

[1]*Бингөл* – Түркиядағы жер атауы.

[2]*Кануни* – Османлы сұлтаны I Сүлейменге берілген мәртебе. Заң үстемдігін орнатушы деген мағына береді.

сол заманның бақытсыз нақышкерлері бұл хикаяны нақыштың хуснихаттан да маңызды екендігіне мысал болсын деп жиі айтады екен. Алайда зейін сала тыңдаған әрбір адам аңғаратын бір жайт бар, ол хиссаның соқырлық пен есте сақтау хақында болуында жатыр. Жаһанға әмірі жүрген атақты Әмір Темірдің өлімінен кейін өзара қырқысып, аяусыз майдан ашқан ұлдары мен немерелері бір-бірінің қалаларын басып алған кезде жасайтын алғашқы істері, өздерінің аттарынан теңге соқтырып, мешітте құтпа оқыту болса, одан кейін бір-бірінен қолға түскен кітаптарды жыртқызып, бөлшектетіп, қалғанының бірінші беттеріне «Әлемнің әміршісі» деген мақтау жазғызатын. Жаңа атау, жаңа тақырып қойып, сол кітаптарды қайтадан құрастыртатын. Көргендер бұл билеушінің кітабына қарап, оны шынымен де әлем әміршісі деп ойлаушы еді. Осылардың ішінде Әмір Темірдің немересі Ұлықбектен туған Абдуллатиф Гератты алған соң, әкесінің құрметіне тез арада кітап жасалсын деп нақышкерлерді, хуснихатшыларды, кітап түптеушілерді асықтырғаны сонша, паршаланған томдардан шыққан суреттер, жазуға толы беттер бір-біріне араласып кетіпті. Қай кітаптағы қандай хикаяның бөлшегі екендігін білместен суреттерді түптетуден, бір-біріне жапсыртудан пайда болған кітапты сыйға тарту нақышты жақсы көретін Ұлықбекке лайықсыз болғандықтан, баласы Гераттың барлық нақышкерлерін жинап, суреттерді жүйелеу үшін хикаяларды айтып беру талабын қойыпты. Бірақ әр суретші әртүрлі хикая мен әпсаналар айтып, одан сайын шатастырыпты. Сол кезде соңғы елу төрт жылда Гератты билеген барлық шахтардың, шахзадалардың кітаптарына көз жанарын тауысқаннан кейін

ұмыт болған қарт бас нақышкерге іздеу салынипты. Ақыры тапқан екен. Жылдар бойы картиналарға үнілуден шебердің соқыр болып қалғанын білгеннен кейін жұрт біраз әбігерге түссе керек, тіпті мысқылдап, күлкіге айналдырғандар да табылипты араларында. Бірақ қарт шебер жасы жетіге толмаған, ақылды, алайда сауаты ашылмаған бір бала әкелуді сұраған екен. Дереу ондай бала да табылса керек. Баланың алдына бір сурет қойып: «Көргеніңді айтып бер!» – депті қарт нақышкер.

Бала суреттен көргендерін айтып отырғанда, кәрі нақышкер соқыр көздерін көкке қаратып, мұқият тыңдапты да: «Фирдоусидің Шахнамасынан, Ескендірдің өлген Дарийді құшақтау сәті, Сағдидың Гүлстанынан, сымбатты оқушысына ғашық болған ұстазының хикаясы... Низамидің Махсан аль-Асрарынан, шипагерлердің бәсекесі...» – деген екен.

Қарт әрі соқыр нақышкерге ашуланған өзге шеберлер: «Бұларды біз де айтар едік, атақты хикаяның ең танымал мәжілістері бұлар», – десіпті. Қарт нақышкер баланың алдына бұл жолы ең қиын картиналарды қойғызып, оны мұқият тыңдапты.

«Фирдоусидің Шахнамасынан, Хүрмүздің хуснихатшыларға у беріп, оларды бір-бірден өлтіруі, – депті тағы да көкке қарап. – Мәулананың Мәснауиінен, әйелі мен оның ойнас ғашығын алмұрт ағашы бұтақтарының арасында ұстап алған күйеудің нашар хикаясы һәм арзанқол картинасы».

Осылайша өзі көрмеген барлық суреттерді баланың айтқанынан танып, кітаптарды түптеуге мүмкіндік беріпті. Ұлықбек Гератқа әскерімен кіргенде қарт нақышкерден өзге шеберлер қанша тамашаласа да түсі-

не алмайтын хикаяларды оның қалай көріп-білмей-ақ дәл тапқанының сырын сұрапты.

– Жұрт «соқыр адамның есте сақтауы күшті болады» деп ойлайды, – депті карт нақышкер. – Мен хикаялардың тек қиялмен емес, сөздермен еске түсетінін ешқашан ұмытпаймын.

Ұлықбек ол сөздер мен хикаяларды өз нақышкерлері де білетінін, алайда суреттерді рет-ретімен қатар қоя алмағанын айтыпты.

– Өйткені, – дейді карт нақышкер, – олар өз қолынан шыққан өздерінің туындыларын, өз нақыштарын жақсы біледі, тек соларды ойлайды. Алайда бұрынғы шеберлер бұл картиналарды Алланың еске түсіруімен сызғанын білмейді.

Ұлықбек баланың мұны қалай біліп қойғанын сұрапты.

– Бала білмейді. Тек соқыр әрі карт нақышкер ретінде мен Алланың әлемді жеті жастағы баланың көргісі келетініндей сипатта жаратқанын білемін. Өйткені Алла әлемді алдымен көрілсін, тамашалансын деп жаратты. Кейін көргендерімізді бір-біріне айтсын, әңгіме қылсын деп сөздерді берді бізге, бірақ біз сөздерден хикаялар жасадық та нақыш осы әңгімелер үшін жасалуы тиіс деп ұқтық. Ал іс жүзінде нақыш дегенің – Алланың естеліктерін іздеу, әлемді оның көргеніндей көру ғой, – депті карт нақышкер.

Джим

Нақышкерлер әулетінің ежелден келе жатқан заңды бір қорқынышы бар. Ол – соқыр болып қалу қорқынышы. Бір замандарда осы соқырлықты қатер

деп ұққан араб нақышкерлері күн шығып келе жатқанда арқаларын таң шапағына тосып, өздері батысқа, көкжиекке ұзақ уақыт қарайтын. Араға бір ғасыр салып, кейін Шираздағы нақышкерлердің таңертең аш қарынға грек жаңғағымен араластырылған раушан жапырақтарын жейтін әдеттері болған. Сол дәуірде исфахандық карт нақышкерлер оба тигендей бірінен соң бірі соқыр болып қалуларының себебі ретінде бағаланған күн сәулесі тікелей жұмыс істейтін тақтайшаға түспесін деп, бөлмелердің алакөлеңке бұрыштарында, көбіне майшамның жарығымен жұмыс істейтін. Бұқарадағы өзбек нақышханаларында шеберлер кешке қарай шейхтар дұға оқыған сумен көздерін жуатын. Осы тәсілдердің ішіндегі соқырлыққа ең пәк көңілмен қараған жан – ұлы ұстаз Бекзаттың мұғалімі, шебер нақышкер, гераттық Сейіт Мирек еді. Ол тапқан әдістің сыры бөлек-тін. Шебер нақышкер Миректің ойынша, соқырлық – басқа жабысқан бәле емес, тұтас өмірін оның сұлулығына арнаған нақышкерге Алланың беретін ең соңғы қуанышы. Өйткені нақыш Алланың әлемді қалай көретіндігін нақышкердің іздеуі және бұл теңдессіз көрініс тек ұзақ уақытқа созылған жұмыстан кейін, өмірдің соңында көздер шаршап, нақышкер әбден шалдыққанда ғана қол жететін соқырлықтан соң ғана еске түсетін болса керек. Демек, Алла Тағала он сегіз мың ғаламды қалай көретіні тек соқыр нақышкерлердің хафызаларынан, естеліктерінен түсінікті болады. Карт нақышкер осынау қиял-ғажайып сәт жеткенде, яғни естеліктер мен соқырлықтың түнегінде көз алдына Алла жаратқан көріністер байқала бастағанда, тамаша суретті қолдары өздігінен сызып шықсын деп өмір бойы жаттығу жасайды. Сол дәуір-

дегі гераттық нақышкерлер мен аңыз-әпсаналар туралы жазған тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің айтуынша, ұстаз Сейіт Мирек осы нақыш түсінігі үшін бір аттың суретін сызғысы келген нақышкердің өмірінен мысал келтірген көрінеді. Оның айтуынша, ең қабілетсіз нақышкердің өзі басында түйір ми, сана болмаса да, дәл қазіргінің франк суретшілері сияқты бір жылқыға қарай-қарай аттың картинасын салған кезде суретті ойдан сызатын болса керек. Себебі, бір мезгілде әрі атқа, әрі аттың суретін салып жатқан қағазға ешкім қарай алмайды. Алдымен атқа қарайды нақышкер, одан соң санасындағыны қағазға төгеді. Арада кірпік қаққандай уақыт өтсе де нақышкердің қағазға салғандары – дәл көріп тұрған аты емес, сәл бұрын көрген аттың естелігі. Бұл – ең орашолақ, топас нақышкердің өзі суретті тек есіне сақтаған бейне арқылы салатындығына нақты дәлел. Нақышкердің кәсіби өмірін кейінірек келетін соқырлыққа және содан туындайтын естеліктерге дайындық ретінде бағалайтын осы түсініктің нәтижесінде, сол дәуірдегі гераттық шеберлер кітапқұмар шахтар мен шахзадалар үшін салатын суреттерді қолдың жаттығуы деп ұғатын, үнемі жұмыс істеп, сурет сала беретін, таңды-таңға ұрып, ұйқы-күлкісіз талай күндер мен түндерді өткізе жүріп майшамның жарығында кітап беттеріне үңілуді нақышкерді соқырлыққа бастайтын бақытты бір жол, қуанышты сәт деп қабылайтын. Шебер нақышкер Мирек өмір бойы бірде тырнақ, бірде күріш, тіпті бір тал шаштың үстіне жапырақтары төгілген ағаштар сызып, соқырлыққа әдейі әрі жылдам жақындай түсті, кейде күн шуағына бөленген әдемі бақшалар, бақытты сәттерді сызып, түнекпен қауышатын сәтті әдейі кешіктіре-

тін, сөйтіп осынау бақытты уақытқа жетудің сәтін өзі белгілеп, өзі есептеуге тырысты. Жетпіс жасқа келгенде Сұлтан Хусейін Байқара өзінің жеті қабат құлып салынған қазына бөлмесіне жиналған мыңдаған кітаптың беттерін осынау шебер ұстазға сыйлық ретінде ашты. Мирек ұстаз қару-жарақ, жібек пен бағалы маталар, алтын мен күміс толған қазына бөлмесінің алтын шырағдандарының сәулесімен гераттық көнекөз шеберлердің бірінен-бірі өткен таңғажайып, аңызға айналған кітаптарының көз тоймас беттеріне үш күн, үш түн тоқтамастан көз салғаннан кейін соқыр болып қалды. Алланың періштелерін күтіп алғандай саликалылықпен әрі тәуекелмен қарсы алған осы халден кейін, ұлы шебер қайтіп ешқашан ешбір тақырыпқа арнап сурет салмаған екен. «Тарихи Рашидиді» жазған мырза Мұхаммед Хайдар Дулати мұны Алланың мәңгілік уақытының көріністеріне қауышқан нақышкердің ажалды пенделер үшін әзірленетін кітап беттеріне ешқашан кері оралмауымен түсіндіреді және:

– Соқыр нақышкер естерліктерінің Аллаға жеткен жерінде абсолютті тыныштық, бақытты бір түнек және бос беттің мәңгіліктігі бар, – дейді.

Ұстаз Османның соқырлық пен ес туралы сауалын Қараның маған шынайы жауап іздеп емес, заттарыма, бөлмеме, суреттеріме еркін көз салу үшін қойғанын әлбетте біліп тұрдым. Сонда да мен айтып берген хикаялардың оған ұнағанын байқап, іштей қуанғаным бар.

– Соқырлық дегенің – шайтан мен күнә кіре аламайтын бақытты бір әлем, – дедім оған.

– Тебризде, – деді Қара, – Мирек ұстаздың әсерімен соқырлықты Алла беретін ең үлкен нығмет, ізгілік деп ұққан көне стильді жақтаушы нақышкерлердің

кейбіреулері жастары келгеніне қарамастан, соқыр болып қалмағандарына ұялады. Мұны қабілетсіздік пен өнерінің нашар екендігінің белгісі ретінде ұғып, өтірік соқыр кейіпке енеді. Әлі күнге солай. Казвиндік Жемалеттиннің де әсері бар осы мінез-құлықтың кесірінен кейбір нақышкерлер соқыр болмаса да әлемге соқырдың көзімен қарауды үйренгісі келеді. Ол үшін қараңғыда айналардың арасына отырып алады да, бір майшамның жарығымен гераттық көнекөз шеберлер жасаған кітап беттеріне апталар бойы ас-су ішпестен қарап отырады.

Есік қағылды. Аштым. Қарасам, нақышханадан көздері дөңгеленіп тұратын, сымбатты шәкірт келіпті. Музәххиб Зариф Ефенді бауырымыздың мүрдесі терең құдықтардың бірінен табылғанын, жаназа намазының Михримах мешітінде екінті уақытында оқылатынын айтты. Сөйтті де, бұл хабарды өзгелерге де естірту үшін жүгіре жөнелді. Алла Тағала, бізді өзің қорғай көр!

15. Менің атым Естер

Адамды сайқымазақ қылатын махаббат па, жоқ, әлде сайқымазақтар ғана ғашық бола ма? Талай жыл бойы дорба көтеріп, түрлі ұсақ-түйек сатумен келемін, мұның жауабын біле алмай-ақ қойдым. Бір-бірін көргенде, жақын тартқанда, сүйгенде ақылды әрекет қылатын, әлдеқайда зеректікпен амал-айла жасайтын жұпты, дұрысы, бір еркек кіндіктіні қоргім келеді. Мен білетін бір дүние бар, егер әдіс-айла жасап, түрлі тұ-

зақ құрып, қулық жасайтын болса, онда ол еркек ешқашан ғашық бола алмайды. Қара мырзамыздың қазірдің өзінде салқынқандылығын жоғалтуы, Шекуре жайлы менімен әңгімелесіп тұрғанда да барлық сырын ашып алғаны көрсетеді.

Базар

Базарда оған Шекуренің ол жайлы үнемі ойлайтынын, оның жауабын сұрағанын, оны бұрын осылай көрмегенін және осыған ұқсас талай адамға жатқа айтып жүрген әңгімелерімнің тиегін ағыттым. Оның есі кете аузыма қарап тұрғаны сонша, іштей жаным да ашыды. Маған берген хатын дереу Шекуреге жеткізуім керек екендігін айтты. Ғашықтықтан естері кеткен барлық есаландар махаббатта асыға қимылдау керек деп ойлайды да, сезімдерін бірден білдіреді, сөйтіп сүйген адамдарының қолына қару береді, олар егер ақылды болса беретін жауаптарын кешіктіруі тиіс. Нәтижесі мынау:

– Махаббаттағы асығыстық бәрін кешіктіреді.

Сол себептен, Қара мырзаның «Тез, шұғыл жеткізші!» деген хатын алдымен басқа бір жерге апаратынымды білсе, маған шүкір етіп, рахмет айтқан болар еді. Базарда оны күтіп тұрғанда денем біраз тоңазып, суықтан қалтырағаным бар еді. Жылыну үшін алдымен жолдағы балаларымның біріне бара кетуді жөн көрдім. Хаттарды тасып, өз қолыммен тұрмысқа берген қыздарды «балам» дейтінмін. Бұл жаман қатын жақсылығынды ұмытпайды, маған қатты риза болып жүреді өзі. Айналып-толғанып, жылы-жұмсағын ұсынып жатады, кейде қолыма бірнеше акче де ұста-

та салатыны бар. Жүкті екен, қатты қуанып жүр өзі. Маған жақсылап демдеп шай қайнатып берді, рахаттана отырып ішіп алдым. Оңаша қалғанымда, Қара мырза берген ақшаны да санап алдым. Жиырма акче екен.

Тағы жолға түстім. Тар көшелерден, батпақ толып, адам жүре алмайтындай болған арықтардан, түрлі өткелдерден өттім. Үйдің есігін қағар кезде аяқ астынан қылжақбастығым ұстап кетті.

– Қоржыншы келді, қоржыншы! – дедім. – Падишаға ғана лайық нақышбанди жейдесі, Кашмирден жеткен түбіт шәлі, Бурса шұғасынан тоқылған орамал, жібекпен көмкерілген Мысыр көйлегі, гауһар, жақұт, зүбәржатпен[1] көмкерілген жамылғыларым, төсекке төселер мамықтар, көрпелер мен кілемше бар. Қоржыншы келді, қоржыншы!

Есік ашылды, ішке кірдім. Әдеттегідей үйдің ішінен қызған майдың, сыздың және көп үйықтаған адамның қоланса иісі шығып тұр екен. Қартайып бара жатқан бойдақ еркектің жаман иісі де келеді мұрынға.

– Әй, мыстан! – деді. – Неменеңе айғайлап жүрсің?

Ештеңе дегем жоқ, тек хатты қолына ұстата салдым. Алакөлеңкеде көлеңкедей болып қасыма келді де, хатты қолымнан жұлып алды. Келесі бөлмеге өтті, ол жерде үнемі шам жанып тұратын. Есіктің алдында тұра бердім.

– Әкең жоқ па? – деп сұрадым.

Жауап берген жоқ. Есі шығып, хатты жан-тәнімен оқып жатыр. Оқи берсін, алаңдатпай-ақ қояйын. Шамның бергі жағында тұрғандықтан, жүзін көре алғам жоқ. Хатты аяқтаған соң, қайтадан оқуға кірісті.

– Сонымен, не жазыпты? – дедім. Хасан оқыды.

---

[1]*Зүбәржат* – асыл тас.

– Хасан мырза, соңғы кезде тәуір табыс тауып жүрсің. Ақша адамды жақсы қылып көрсетеді... – дедім де шығып кеттім.

Үйдің іші әрі қараңғы әрі түнерген кейіпте еді, сыртқа шыққанда даладағы ауа-райы әлдеқайда жылы сияқты болып сезілді маған. Күн сәулесі бірден көзіме шағылысты. Шекуренің бақытты болуын қалайтынымды бір сәт ойлап қойдым. Бірақ сызды, суық әрі қараңғы үйде көрген әлгі бейшараны да іштей түсінуге тырысқам. Ешқандай жоспарымда болмаса да, аяқ астынан Ләлелідегі Бахаратчылар базарына қарай тартып кеттім. Даршын, бозғалдақ, бұрыш иістері мені біраз сергітер деген оймен барғам, бірақ қателесіппін.

Үйінде, Шекуре хаттарды алған бетте, алдымен Қараны сұрады. Ғашықтық дерті оның тұла бойын шарпығанын айттым, Шекуреге ұнады ол.

– Үйлерінде тоқыма тоқып отыратын қатын-қалаш та, жұрттың барлығы да байғұс Зариф Ефендінің неге өлтірілгенін айтып жүр, – деп тақырыпты басқа арнаға бұра салдым.

– Хайрие, халуа жаса да байғұс Зариф Ефендінің әйелі Калбиеге апарып бер! – деді Шекуре.

– Жаназа намазына ерзұрымдықтардың барлығы, көп адам жиналыпты, – дедім. – Туыстары қанға-қан десіп отыр екен.

Бірақ Шекуре Қараның хатын оқи бастап еді. Барлық ынта-шынтаммен жүзіне қарадым. Бұл қатынның өмірден алған сабағының молдығы сонша, көңіл түпкірінде не жатқанын жүзінен ұғу мүлдем қиын. Хатты оқып отырғанда үнсіз отырудың оған ұнайтынын білемін. Мұны, Қараның хатына айрықша мән бергенін менің де құптап отырғанымның белгісі ретінде баға-

лағанын сезгендеймін. Осылайша хатты аяқтап, маған күлімсіреген кезде, Шекуренің көңілінен шықсын деген ниетпен ақыры мына сауалды қоюға мәжбүр болдым:

– Не депті?

– Бала кезіндегідей... Маған ғашық екен.

– Не ойлайсың өзің?

– Мен түрмыстағы жанмын. Күйеуімді күтіп жүрмін.

Мен күткен жауап болмады. Менің бұл мәселеге араласуымды қалағанымен, өтірік айта салғанына ренжіген де жоқпын, керісінше іштей қуантты мені. Хат тасып, өмір туралы талай үгіт айтқам жас қыздар мен қатындарға. Олар Шекуредей сақ әрекет жасағанда ғой, менің жұмысым да, олардың ісі де біраз жеңілдейтін еді, тіпті біразы жақсы күйеу тапқан болар еді.

– Анау не депті? – деп сұрадым тағы да.

– Хасанның хатын қазір оқығым келмейді, – деп жауап берді. – Хасан Қараның Ыстамбулға келгенін біле ме?

– Мүлдем бейхабар.

– Хасанмен әңгімелесесің бе? – деп сұрады ол ботаның көзіндей жанарын төнкере қарап.

– Сен қалағандықтан сөйлесіп қоямын арасында.

– Сонымен?

– Ғашықтық дертінен қан құсып жүр. Сені өте қатты жақсы көреді. Сенің көңілің өзгені қаласа да, одан құтылуың қиын болады-ау. Оның хаттарын қабыл алуың үмітін оятып жатыр. Сондықтан одан сескенгенің дұрыс. Өйткені сені үйіне қайта әкелу үшін ағасының өлгенін де мойындатып, сенімен үйленуге әбден бел буды.

Соңғы сөзімнің бопсалауға ұқсап кеткенін жұмсартпақ ниетте, әрі мені әлгі бақытсыз жанның жақтаушысы ретінде бағаламасын деп күлімсіреген сыңай таныттым.

– Ал әлгі адам не деді? – деп сұрады, бірақ кімді сұрағанын біле ме өзі?

– Нақышкер ме?

– Шатысып кеттім. Ақылымнан адасатын шығармын, – деді бірден, шамасы санасындағы түрлі ойлардан қорқып тұрған сияқты. – Бәрі шым-шытырық болып кеткендей көрінеді маған. Әкем болса қартайып келеді. Кейін біздің, мына жетім балалардың басына қандай күн туады? Бір жамандықтың жақындағанын, шайтанның біз үшін түрлі зобаландар әзірлеп қойғанын сеземін. Естер, менің көңілімді көтеретін бірдеңе айтшы!

– Жаным, Шекуре, сен аландама! – дедім іштей қобалжығанымды байқатпастан. – Сен ақылдысың, сұлусың. Күндердің күнінде сыр-сымбаты келіскен күйеуіңмен бір төсекте жатып, оған еркелеп, құшақтап, барлық қайғы-мұңыңды ұмытатын боласың. Мұны көздеріңнен оқып тұрмын.

Көңілімнің түкпірінде әдемі бір сүйіспеншілік орнады.

– Жақсы ғой, бірақ бұлардың қайсысы күйеуім болады?

– Оны саған сенің ақылды жүрегің айтқан жоқ па?

– Жүрегімнің тілін ұқпағаным үшін бақытсызбын қазір.

Үнсіздік орнады. Бір сәт Шекуренің маған сенбейтінін, мені сөйлету үшін сенбейтінін шеберлікпен жасыратынын, мені өзіне жаны ашысын деп жасай-

тынын байқадым. Хаттарға әзір жауап бермейтінін түсінгеннен кейін, барлық қыздарға айтатын сөзімді айттым да, қоржынымды алып, шығып кеттім.

– Мына әдемі көздерінді кеңірек ашып, жанжағыңа мұқият қарасаң, басыңа ешқандай бәле жабыспайды, аландама сен!

16. Мен – Шекуремін

Бұрын Естер әр келгенінде мен сияқты ақылды, сұлу, тәрбиелі, жесір бірақ намысын сақтаған әйелдің жүрегін лүпілдетер ер жігіттің махаббат хатын алып келген шығар деп үміттенетінмін. Хаттардың маған қырындап жүрген сансыз еркектен келгенін көргенде, тым болмаса күйеуімді күту үшін сабыр сақтап, іштей жігерленуші едім. Қазір Естер келген сайын, ақылымнан адасам, өзімді бейшара сезінетін күйге түсемін.

Әлемнің үнін тыңдағандаймын қазір. Ас үй жақтан бұрқ-сарқ етіп қайнап жатқан судың дыбысы құлағыма жетіп, лимон мен пияздың иісі келді. Білемін, Хайрие асқабақ қайнатып жатыр. Шевкет пен Орхан аулада анар ағашының төнірегінде қылыштасып ойнап жүргені естіліп тұр. Әкем басқа бөлмеде үнсіз отыр. Хасанның хатын ашып оқыдым әрі елең еткізетіндей ештеңе жазбағанын да бірден ұққандаймын. Тек одан біраз қорқатын сияқтымын. Онымен бір үйде тұрған кезімде қойныма кіргісі келгенін, ол әрекетіне мүмкіндік бермегенім үшін қазір іштей өзіме өзім разымын. Кейін Қараның хатын абайсызда түсіріп алсам, сынып кететін хрусталь дүниедей еппен, байыппен ашып оқыдым.

Ойым сан-саққа кетті. Хаттарды қайта оқыған жоқпын. Бұлт арасынан күн де шықты. Кейде «сол бір суық түндердің бірінде Хасанның қойнына кіріп, онымен төсектес болсам, Алладан басқа ешкім де білмес еді, әрине. Жоғалып кеткен күйеуіме ұқсайды өзі, аумайды» деген ойлар санама орала береді. Күннің шуағы қыздыра бастағанда тәнімнің, кеудемнің, тіпті омырауымның ұшы да бар екенін сезіндім. Есіктен түсіп тұрған күн сәулесі бойымды қыздыра бастаған кезде Орхан кіріп келді. Ол:

– Шеше, не оқып отырсың? – деді.

Жаңа ғана «Естер әкелген хаттарды қайтып оқымадым» деп едім ғой, сендерге өтірік айтқам, қайта оқып отыр едім. Бірақ бұл жолы хаттарды бүктеп қойныма тыға салдым да, Орханға:

– Кел, қане, құшағыма кел, – дедім. Келді.

– Бәрекелді, ап-ауыр екенсің ғой сен, дәу жігіт болып кетіпсің, – деп бетінен сүйдім. – Әбден тоңыпсың, – деп едім, маған:

– Шеше, сен ып-ыстық екенсің! – деді де, кеудеме арқасын тіреп, жастанып тұра қалды.

Бір-бірімізді құшақтап, үн-түнсіз отыру екеумізге де ұнайды. Мойнынан иіскедім, сүйдім. Қатты құшақтап алдым оны. Үнсіз біраз отырдық.

– Қытығым келді, – деді біраздан кейін.

– Қане, айтшы, – дедім салмақты үнмен, – жындар патшасы келіп «тілегіңді айт!» десе не тілер едің сен?

– Шевкеттің бізбен бірге болмағанын.

– Басқа не сұрайсың одан? Әкеңнің болғанын қалар ма едің?

– Жоқ. Өскен соң мен саған үйленемін.

«Ең жаманы – қартаю, бетті әжім басып, өң-келбеттің қашуы, тіпті байсыз және дүние-мүліксіз қалу емес, өмірде сені ешкімнің қызғанбауы» деген ойға келдім.

Орханның бойы жылына бастапты, құшағымнан босаттым. «Мен сияқты жаны жараланған жаман адам жақсы кісіге тұрмысқа шығуы керек» деген оймен әкемнің қасына бардым.

– Падиша хазірет кітаптың біткенін өз көзімен көріп, сізге сыйлық береді, – дедім. – Венецияға қайтадан барасыз.

– Білмеймін, – деді әкем, – осы қылмыс мені қорқытты. Дұшпандарымыз мықты сияқты.

– Менің қазіргі жағдайым да оларды жігерлендіріп, қате ойларға, негізсіз үміттерге жетелеп бара жатқанын білемін.

– Қалай?

– Енді, тез арада тұрмысқа шығуым керек.

– Не? – деді әкем. – Кімге? Сен тұрмыстасың онсыз да. Қайдан шықты бұл мәселе? Таңдаған адамың кім? Жаның байыз таппай, асыға күтіп жүрген біреуің болса да, оны оңай қабылдай қоярымызға көзім жетпейді, – деді ақылды әкем.

Содан соң өзінің шарасыз халін былай түсіндірді:

– Тұрмысқа шығуың үшін біз шешуге тура келетін біраз мәселе бар.

Біраз үнсіздіктен кейін:

– Мені тастап кеткің келе ме, жаным? – деді.

– Күйеуімнің өлгенін кеше түсімде көрдім, – дедім. Бірақ шынымен де мұндай түсті көрген әйел сияқты жылаған жоқпын.

– Нақышқа қарап оны оқитындар сияқты, түсті де оқи, жори білу керек.

– Көрген түсімді сізге айтып берсем ыңғайсыз емес пе?

Бір сәт екеуміз де үнсіз қалдық әрі айтылған әңгімелерден дереу қорытынды жасай алатын ақылды адамдардың әрекетін қайталап, бір-бірімізге қарап күлімсіредік.

– Түсті жорып, оның өлгеніне сенемін ғой мен, алайда қайын атаң мен қайынның сөзіне иланудан басқа амалы қалмайтын қазы басқа дәлелдер сұрайды ғой?

– Балаларды алып үйге келгеніме екі жылдан астам уақыт болыпты. Бірақ қайын атам мен қайным мені кері қайтара алмай әуре болып жүр.

– Өйткені өздерінің де қателіктері бар екенін олар жақсы біледі, – деді әкем. – Бірақ бұл – сенің ажырасуыңа олардың көнгендігін білдірмейді.

– Мәзхабымыз Мәлики немесе Ханбали болса ғой, – дедім. – Арадан төрт жыл өткенін ескеріп, қазы мені ажырастырар еді, сонымен қоймай нәпақалық тиын-тебен де алар едім. Бірақ Аллаға шүкір, біз Ханафи мәзхабында болғандықтан бұлай жасай алмаймыз.

– Маған Үскідар қазысының Шафи найбы туралы айтпай-ақ қой. Олар шіріген істер жасайды.

– Соғыста байлары өлген Ыстамбулдың барлық қатын-қалашы ажырасу үшін таныстарын ертіп соған барады екен. Шафи болғандықтан: «Байың із-түзсіз кетті ме? Жоғалғанына қанша уақыт болды? Ырыздығын азайып, бала-шағаңды асырай алмай жүрсің бе? Мына кісілер таныстарың ба?» деп сұрап, дереу ажырастырады екен.

– Мұндай ақылды саған кім айтып кетеді, қызым? – деді әкем. – Басыңды айналдырып алған кім?

– Бір рет ажырасқаннан кейін, басымды айналдырып алатындай біреу болса, оны сіз маған сөзсіз айтар едіңіз, әрі мен кімге тұрмысқа шығатыным жөнінде сіздің шешіміңізді аттап кетпес едім.

Менің айлакер әкем қызының да өзі сияқты қу екенін көріп кірпіктерін жыпылықтата бастады. Іс жүзінде әкем көздерін үш себеппен жыпылықтатады:

1. Тығырыққа тірелгенде, айла табу үшін жанталасып ойланған сәтінде.

2. Үнсіздік пен қайғыдан іштей жылағысы келгенде.

3. Амалы таусылғанда бірінші және екінші себептерді бір-біріне араластырып, қасіреттен жылайтындай кейіп таныту үшін жасайды.

– Балаларды алып кетіп, карт әкеңді жалғыз қалдырасың ба? Білесің бе, кітабымыздың кесірінен кісі қолынан өлуден қорқатын едім, – деді. – Бірақ енді сен балаларды алып кететініңді айтқанда онсыз да өлгім келіп отыр.

– Әкетайым, әлгі оңбаған қайнымнан құтылу үшін ажырасуым керек екендігін үнемі өзіңіз айтушы едіңіз ғой.

– Мені тастап кетуіңді қаламаймын. Күйеуің күндердің күнінде қайта оралуы мүмкін. Келмесе де, тұрмыста болудың зияны жоқ. Тек осы үйде, әкеннің қасында отырғаның жетеді маған.

– Осы үйде, сіздің қасыңызда болудан басқа менің ешқандай тілегім де жоқ.

– Жаным-ау, жаңа ғана сен тұрмысқа шыққың келетінін айтқан жоқ па едің?

Міне, әкемен дауласу деген – осы. Ақыр соңында қателік жасағаныма өзім де сене бастаймын.

– Иә, айттым, – дедім.

Жылағым келіп тұрса да, өзімді бекем ұстап, мұндай әрекетімнің дұрыс екендігіне көз жеткізгендей болдым да, жігерленіп:

– Сонда мен енді ешқашан тұрмыс құрмаймын ба? – дедім.

– Сені менен алыстатпайтын күйеу бала болса, менің көңіліме тақ құрған болар еді. Таңдаған адамың кім, бізбен бірге осы үйде қала ма?

Үндеген жоқпын. Бізбен бірге осы үйде тұруға келісетін күйеуді әкемнің сыйламайтынын, оған тізе батырып, езіп жіберетінін екеуміз де біліп отырдық. Әкем оны «күшік күйеу» деп менсінбей, тұқыртатын болғандықтан мен ондай адамға өзімді бергім де келмейді.

– Әкенің келісімінсіз, дәл осы күйде тұрмысқа шығудың мүмкіндігі жоқ екенін білетін шығарсың? Тұрмыс құруыңды қаламаймын. Рұқсат бермеймін! Мен тұрмысқа шыққанды емес, ажырасқанды қалаймын. Өйткені өз бас пайдасынан басқа ештеңені ойламайтын хайуан сені ренжітуі мүмкін. Сені қаншалықты жақсы көретінімді білетін шығарсың, қызым. Мына кітапты да бітіруіміз керек.

Тіс жарған жоқпын. Өйткені сөйлей бастасам, ашуызамды сезіп қойған шайтан да түртіп, әкеме оның түнде Хайриені төсегіне алатынын білетінімді айтып қояр едім, бірақ мен сияқты бір қызға карт әкесінің күңмен төсектес екенін білетінін айту жараса ма?

– Кім саған үйленгісі келеді?

Тағы да үндемедім. Алайда ұялғаннан емес, ызадан тіс жарғам жоқ. Ең жаманы, осыншама ашу қысса да жауап бере алмайтыным тіптен ызаландырды мені. Сол сәтте қиялыммен әкем мен Хайриенің бір жағы-

нан күлкілі, бір жағынан жиіркеніштi халде төсекте жатқан сәтін елестеттім. Жыларман болып тұрсам да, тіке қарап:

– Қазанда асқабақ бар, күйіп кетпесін, – дедім.

Баспалдақтың қасындағы құдық жаққа қараған, терезесі ешқашан ашылмайтын бөлмеге кірдім. Қараңғыда түртінектеп жүріп төсегімді таптым да құлай кеттім. Шіркін, бала кезде біреуден теперіш көргенде, төсекте жатып жылап-жылап ұйықтап қалу не деген әдемі еді! Өзімді-өзім жақсы көреді екенмін әрі жалғыздықтың жанды ауыртқаны сонша, мен жылаған кездегі өксігімді естіп сендер көмекке келіңдер.

Біраздан кейін қарасам, Орхан келіп менің жаныма жатып алыпты. Басын кеудеме қойып, байқасам ол да іштей өксіп, жылап жатыр екен. Өзіме қарай тартып, қатты құшақтадым.

– Анашым, жыламашы, – деді біраздан кейін, – әкем соғыстан келеді!

– Қайдан білесің?

Үндемеді. Бірақ оны құшақтап, кеудеме қыстым. Өзін сондай жақсы көремін, барлық дертімді ұмытқандаймын. Арықша келген Орханның нәзік кеудесін құшақтап ұйықтап қалардан бұрын, дәл қазір бір ғана дертім бар, оны сендерге айтайын. Жаңа ғана ашуға булығып, әкем мен Хайрие жайлы сендерге айтқан жайттар үшін іштей өкініп отырмын. Жоқ, менің айтқандарым жалған емес, бірақ бәрібір мұны айтқаным үшін ұялып отырмын.

Сендер де менің ол айтқандарымды ұмытыңдар, әкем де, Хайрие де олай жасамағандай көзқараспен қараңдар бізге, жарай ма?

17. Мен – Жезделеріңмін

Қыздың әкесі болу қиын іс. Бөлмесінде жылап жатыр, өксігенін, жан дүниесінің азабын, айғайын естіп отырдым, бірақ қолымдағы кітаптың беттеріне қараудан басқа ештеңе де жасай алмайтын едім. Оқуға тырысқан томның, Китаб ул-Ахуал-ул Кияметтің бір бетінде өлімнен үш күн өткен соң рухтың Алладан рұқсат алып, бұрын өзі өмір сүрген денеге зиярат жасайтыны жазылған. Рух өзінің ескі денесінің мазарда іріп-шіріп, айналасын сасық су басқан аянышты халін көргенде мұңға батып: «Байғұс кеуде, бейшара, сүйікті ескі денем», – деп жылап, қайғырады екен. Осылайша бір сәт Зариф Ефендінің аянышты өлімін, құдықтың ішіндегі жағдайын, бәлкім, рухының оны мазарда емес құдықта зиярат жасауға келгенін, әрі қатты мұңайғанын ойладым.

Шекуренің өксігі басылғаннан кейін өлім кітаптарын тастадым. Ішіме жүн көйлек киіп, қалың шәлі белбеуімді белімді жылытатындай етіп орадым. Қоян терісінен жасалған қап шалбарымды да киіп үйден шықтым. Қарасам, есіктің алдында Шеквет жүр екен.

– Ата, қайда барасың?

– Ішке кір сен. Жаназаға барам.

Қар басқан көшелерден, жан-жағы шіріген, тозған, түртіп қалса қирап қалуға шақ тұрған кедей-кепшіктің үйлерінің арасынан, өрт болған жерлерден өттім. Шеткі махаллалардан, жеміс бақтары, егіс алқаптары арасынан, арба бөлшектерін, доңғалақтар сататын, темір өңдейтін шеберханалардың, ер-тұрман жасаушылардың, ағаш шеберлерінің, таға соғушылардың

алдынан өтіп, қала қорғанына қарай, тайып жығылмау үшін барынша ықтиятты қимылмен, қарт адамның баяу жүрісімен әжептәуір үзақ жүрдім.

Не себепті жаназаны Едірнекапыдағы Михримах мешітінде шығарғанын білмеймін. Мешітте өлген адамның ызалы бірақ аздап абыржулы кейіптегі бауырларымен жолығып, құшақтастым. Нақышкерлермен, хуснихатшылармен құшақтасып, біраз жылап-сықтап алдық. Кенеттен шөккен қорғасын түсті тұман ішінде жаназа намазын оқып тұрғанда, салауат тасының үстінде жатқан мәйітке көзім түсті де, оны өлтірген оңбағанға қатты ыза болғаным сонша, Аллахумма Барик дұғасы да миымда шым-шытырық болып кетті.

Намаздан кейін жамағат табытты иықтарына котеріп алған кезде мен әлі де нақышкерлер мен хуснихатшылардың арасында едім. Кітабым үшін сығырайған шамның жарығында таң атқанша бірге отырған кейбір түндерде Зариф Ефендінің тәзхибтерінің арзанқолдығына (түстерді пайдаланған кезде, құнды болып көрінсін деп әр жерге қаракөк бояу жағады) ысылмағандығына мені сендіруге тырысатындығын, менің де оған мән беріп «бірақ басқа адам жоқ» дейтінімді ұмыттық та, Ләйлекпен жылаған адамның дыбыстарын шығарып, құшақтастық. Зәйтүннің маған достықпен, бір жағынан ерекше құрметпен қарағаны, кейін құшақтағаны маған ұнады. Шынын айтсам, құшақтауды білетін жап жақсы адам. Барлық нақышкерлер, хуснихатшылар арасында кітабыма бәрінен бұрын осы адам қатты сенетіндігін аңғардым.

Аула қақпасындағы баспалдақтарда бас нақышкер – Осман ұстазбен қатар келіп қалдық та, бір-бірімізге не дерімізді білмедік. Ынғайсыз, іштей шиеле-

ніске толы бір сәт еді – бұл. Маркұмның бауырларының бірі шыңғыра жылай бастады да, тағы бірі тәкбір айтты.

– Қай зиратқа? – деп сұрады менен. Бірақ жай ғана әңгіме болсын деген сыңайда айтқаны байқалып тұр.

– Білмеймін, – деп дұпшандық пиғыл тәрізді көрінетіндей болған соң сасып қалдым да, ештеңе ойламастан баспалдақтың жанында тұрған кісіден мен де:

– Қай зиратқа апарады? – деп сұрадым, – Едірнекапыға ма?

– Ейюбке, – деді, жап-жас басымен сақал қойған әрі ашу кернеген бір есерсоқ.

– Ейюбке екен, – дедім ұстазға қарай бұрылып, бірақ ол онсыз да сақалды жігіттің айтқанын естіген еді. Осылайша маған «түсіндім» дегендей көзқараспен тесіле қарады. Мен де осы кездесуіміздің әрі қарай созылмауын қалайтынын жанарымен ұқтырып тұрғанын бірден аңғардым. «Құпия» деп жүрген кітабымның жазылуы, безендірілуі, суреттердің салынуы сынды жұмыстарды маған тапсыруды Падишамыздың құп көруі – әлбетте Осман ұстазды наразы қылғанды. Оның үстіне Падишамыздың менің ықпалыммен франк стиліне қызыққаны тағы бар. Бірде Падиша өзінің итальян суретшісі сызған портретін осынау ұлы шебер Осман ұстазға қайталап салуды мәжбүрлеген-ді. Осман ұстаздың жиіркене салған сол бір оғаш суретке, итальян суретшісіне ұқсауды «азап» деп бағалап, оған жауапты адам ретінде мені атағанын да білетінмін. Оныкі жөн болатын.

Баспалдақтың орта тұсына келгенде бір сәт аспанға қарадым. Артта қалғанына көзім жеткен соң, мұз басқан баспалдақпен төмен түсе бастадым. Ептеп-сеп-

теп екі саты түсіп те үлгермеген едім, біреу қолтығымнан ұстай, демеп жіберді. Қара екен.

– Күн өте суық, – деді. – Тоңған жоқсыз ба?

Шекуренің басын айналдырып алған жанның осы екенінде еш шүбәм жоқ. Қолтықтап алған сәттегі сенімді әрекеті де бұған дәлел. Әрекетінде он екі жыл еңбек еттім, адам қатарына қосылдым деген белгі жатыр. Баспалдақ та бітті. Нақышханадан қандай сыр ұғып келгенін кейін айтсын маған.

– Балам, сен алға жүре бер, – дедім. – Жамағатты қуып жет.

Абдырап қалды, бірақ өңін берген жоқ. Салмақты кейіппен қолтығымды босатып, алға кеткені маған ұнады. Шекурені осыған берсем, бізбен бірге тұра ма?

Едірнекапыдан қаланың сыртына шыққанымыз сол еді, сонау төменде, тұман ішінде көзден ғайып болуға шақ қалған табытты және оны иықтарына көтеріп, еніске, Халичке қарай құлдилап жылдам түсіп бара жатқан нақышкерлер, хұснихатшылар, шәкірттер тобын көрдім. Жылдам жүріп бара жатқандары сонша, қар жамылған беткейден Ейюбке қарай түсетін батпақты жолдың қазірдің өзінде жартысына жетіп қойыпты. Үнсіздік пен тұманның арасында, сол жақта Ханым Сұлтан қорының мұмханасының[1] шамханасының түтігі рахаттана түтеп тұр еді. Қамал қабырғаларының іргесінде Ейюбтегі грек қасапшылары үшін жұмыс істеп тұрған қасапхана мен тері өңдеу шеберханалары бар болатын. Сол жақтан жеткен өлексе иісі алдыңғы жақта, тұман арасынан дұрыс көрінбей тұрған Ейюб мешітінің күмбездері мен зираттың сауырағаштарына

[1]*Мұмхана* – майшам өндіретін зауыт.

дейін созылып жатқан кең алқапқа жайылып кеткен еді. Біраз жүргеннен кейін, төменнен, Балаттағы жаңа еврейлер махалласынан шығып ойнап жүрген балалардың дауыстарын естідім.

Ейюбтің тегіс алаңқайында маған Көбелек жетіп келді. Әдеттегідей салдыр-күлдір етіп әңгіме айтатын дағдысымен, бірден сөз бастаған:

– Бұл істі Зәйтүн мен Ләйлек жасады, – деді. Менің марқұммен арамыз нашар болғанын олар жақсы біледі. Бәрінің де мұны білетінінен олар хабардар. Арамызда Осман ұстаздан кейін нақышхананы кім басқарады деген іштарлық, тіпті бір-біріне іштей дұшпандық, жаулық сақтау бар. Енді кінәнің маған артылатындығын, кемі бас қазынашының ақыл-кеңесімен Падишамыздан, менен, жоқ, бізден алыстайтындығын болжап, өздерінше түспал жасап жатыр.

– Біз дегенің кім? Сендер кімсіндер?

– Нақышханада бұрынғы дәстүр мен мінездің қалуын, Парсы шеберлерінің жолынан жаңылмауды, ақша үшін кез келген тақырыпты суретке айналдыруға болмайтынын айтып жүрміз біз. Кітаптарымызға қару-жарақтың, қалың қолдың, түткындардың, басып алынған жерлердің орнына бұрынғыдай аңыз-әпсаналардың, ертегілердің, хикаялардың кіруін, ескі қалыптардан бас тартпау керектігін, хас нақышкерлердің базарда азды-көпті тиын-тебен үшін алдына келген әркімге әртүрлі тақырыпта сурет салып, азғындық жасамауы керектігін айтамыз. Падиша хазірет бізді жақтайды.

– Бостан-босқа өзіңе жала жауып отырсың, – дедім әңгімені осы тұстан аяқтасын деген ниетпен. – Нақышханада мұндай істі жасайтын ниеттегі адамның

болмайтынына сенемін. Барлықтарың бір-біріңе бауырсындар. Бұрын сызылған екі-үш тақырыптың қайта салынуында бір-біріңе дұшпан боларлықтай ешбір зиян жоқ.

Сонымен бірге, бұл әңгімені алғаш естіген кезімдегідей нақты бір шындыққа көз жеткіздім. Зариф Ефендіні өлтірген адам сарай нақышханасында жасырынған шеберлердің бірі және алдымдағы зиратқа қарай жолға шыққан топтың ішінде ол. Қанішердің шайтани істер мен еркелігін жалғастыра беретіндігіне, менің қолымдағы кітаптың дұшпаны екендігіне, бәлкім, үйге келіп менің кітабым үшін нақыш пен сурет жұмысын жасайтынына да сенімді едім ол кезде. Үйіме келіп-кеткен нақышкерлердің, суретшілердің көбі тәрізді Көбелек те қызыма ғашық болып па еді? Осы әңгімелерді айтып тұрған сәтінде менің бір кездерде оның бұл көзқарасына қарама-қайшы сипаттағы суреттер талап еткенімді шынымен ұмытып қалды ма, әлде айлакерлікпен сөзге тартып тұр ма?

«Жоқ, сөзге тартып тұрмаған сияқты» деп ойладым біраздан соң. Көбелек те өзге шебер нақышкерлер сияқты менің алдымда өзін борышкер сезінетін жөні бар. Өйткені соғыстар мен Падишамыздың назар аудармауының салдарынан қазынадан нақышкерлерге берілетін ақшалар, сыйлықтар тоқтаған кезде олар менің кітабымның арқасында қосымша табыс тапқан. Мені бір-бірінен қызғанатындықтарын білетіндіктен (тек қана осыған байланысты емес) олармен үйімде жеке-жеке кездесетінмін. Олардың маған қарсы дұшпандық пиғыл танытулары қисынсыз еді. Нақышкерлердің барлығы үнатуға мәжбүр болған бір адамды ақылдылықпен немесе басқа да себеп тауып,

адами шын көңілден жақсы көре алатындай толысқан кісілер еді.

Үнсіздік әрі қарай созылмасын әрі әлгі тақырыпқа қайта оралмайық деп:

– Бәрекелді, табытты еңіске қарай жүрген жылдамдықпен өрге қарай әкетіп бара жатыр, – дедім.

Көбелек барлық тістерін көрсетіп, сүйкімді бір кейіпте:

– Күн суық қой, содан, – деп ыржия күлді.

«Мынау қандай да бір адамды өлтіре ала ма?» деп ойладым. Мысалы, іштарлықтан делік. Кейін мені де өлтіре ме? «Бұл адам менің дінімді боқтады» дегендей бір сылтау ойлап таба қояр. Бірақ асқан шебер ұстаз! Бұл адам нағыз өнерпаз! Неге өлтірсін? Қарттық дегенің – тек өрге қарай шығуда қиналу емес, өлімнен онша қорқа қоймау да шығар. Ынтасыздық – күннің қойынына алабұртқан сезіммен емес, тыйым салынған дүниелерді қорғаушы сияқты кіру де болса керек. Бір сәттік сезіммен ойыма келген дүниелерді айта салдым:

– Кітабымды әрі қарай жалғастырмаймын.

– Қалай? – деді Көбелек таң қалып.

– Оның жолы ауыр екен. Падишамыз ақша бергізуді тоқтатты. Зәйтүн мен Ләйлекке де айт!

Тағы бірдеңелер сұрамақшы еді, бірақ біз еңісте қалың өскен сауырағаштың, бөгіп өскен шырмауықтар мен мазар тастарының арасындағы зиратқа да келіп қалыппыз. Зиратты қалың топтың қоршап алғаны мен «Бисмиллаһ уә ағла милләти Расулаллаһ» деген үндерінің, жылап-сықтаудың анық естіле бастағанынан мүрденің көрге түсіріліп жатқанын аңғардым.

– Бетін жақсылап ашыңдар! – деді біреу. Кебінді бір жаққа сиырып, мылжа-мылжасы шыққан баста бір

көз қалған болса, сол көзге тура қарасып жатқан болар, алайда топтың артқы жағында тұрғандығымнан ештеңе көре алмадым. Өлімнің көзіне мазардың басында емес, мүлдем басқа жерде тура қарағаным бар.

Бір естелікте, отыз жыл бұрын Падишамыздың жаны жәннатта болғыр атасы, Кипр аралын венециялықтардан тартып алуды көздепті. Шейхулислам Әбуссуу Ефенді де бір кездері мысырлық сұлтандардың бұл аралға Мекке мен Мединені азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін жүктегенін еске салып, діниміздегі қасиетті жерлердің керек-жарағын өтеп тұрған аралдың христиан кәпірлерінің қолында қалуы дұрыс емес екендігі туралы пәтуа шығарған-ды. Сөйтіп, маған алғашқы елшілік міндетім ретінде, венециялықтарға аралды бізге беруі керектігі жөнінде хабар беру тапсырмасы жүктелген. Венецияда шіркеулерді аралап, көпірлерге, сарайларға таң қалып, әсіресе бай әулеттердегі картиналарға тамсанып, сиқырланғандай болып жүрдім де, маған көрсеткен қонақжайлылықтарына сеніп, қатаң талап қойған хатты бердім. Маңғазданған кейіпте Падишамның Кипрді қайтарып алғысы келетінін айтқаным бар. Венециялықтардың ашуланғаны сонша, дереу мәжіліс құрып, мұндай хатты талқылаудың өзі дұрыс емес деген шешім шығарған. Одан да сорақысы, ашуға мінген топ мені Дождың сарайына қамап, күзетшілер мен қорғаушылардың шебін бұзған бұзақылар алқымымнан алған сәтте, Дождың екі жақын жауынгері мені сарайдың дәліздері арқылы артқы жақтағы су арнасына жеткізетін қақпаға апарған-ды. Сол жерде дәл бүгінгідей тұманда мені қарсы алып, қолтығымнан ұстаған ақ киімді, ұзын бойлы, түсі солғын қайықшыны бір

сәт ажалдың дәл өзі деп ойлағам әрі жанарына тура қарағанымда өзімді көріп едім.

Кітабымды жасырын аяқтап, Венецияға қайта бір баруды ансаймын қазір. Үсті тап-түйнақтай етіп жабылған мазарға жақындадым. Қазір ол жерде періштелер оны сұрақтың астына алып, жынысын, дінін, пайғамбарын сұрап жатқан болар. Өз өлімімді ойладым.

Бір қарға қасыма қонды. Қараның көздеріне сүйсіне қарадым да, қолтықтап жүруін, қайтар жолда серік болуын өтіндім. Кітабым үшін жұмыс істеуге ертең таңертең үйде күтетінімді айттым Қараға. Өйткені өз ажалымды ойлаған бетте, кітабымды қандай жағдайда болса да бітіруім керектігін тағы да түсінгендей болғам.

18. Мені қанішер дейтін болады

Байғұс Зариф Ефендінің мүрдесінің үстіне балшық араласқан суық топырақ тасталып жатқанда өзгелерден гөрі мен көп жыладым. «Өлгенмен бірге мен де өлейін, жіберіңдер, мен де онымен бірге мазарға кірейін, көмілейін», – деп бақырғам. Қабірге түсіп кетпесін деп мені белімнен ұстады адамдар. Тынысым тарылып бара жатқандай көрінгендіктен алақандарын маңдайыма қойып, басымды шалқайтып, дем алуыма мүмкіндік жасады. Артығырақ шыңғырып, көз жасымды есептен жаңылардай мол төккенімді марқұмның туыстарының көзқарасынан аңғардым да, дереу өзі-өзіме келдім. Нақышханадағы өсекшілер, менің осыншама жыла-

уыма қарап Зариф Ефенді екеуміздің арамызда көңіл байланысы бар екен деген ойға келуі де мүмкін.

Жұрттың назарын енді өзіме көп аудартпау үшін жаназаның соңына дейін шынар ағашының артына жасырынған. Тозаққа аттандырған оңбағаннан да өткен ақымақ бір туысы мені шынар ағашының қасында ұстап алды, терең ойлы көздерін менің жанарыма қадады да, ұзақ уақыт құшақтап, жылады. Содан соң маған:

– Сен Сенбі ме едің, Сәрсенбі ме едің? – деді ақымақ. – Сәрсенбі бір кезде марқұмның аты болатын, – дегенімде таңырқап қалды.

Бізді бір-бірімізге астарлы сырдай байланыстыратын лақап есімдеріміздің хикаясы оп-оңай. Шәкірт кезімізде, сол жылдары көмекшіліктен шебер лауазымына енді ғана өткен нақышкер Османға бәріміздің құрметіміз, таңданысымыз, сүйіспеншілігіміз күшті еді. Керемет нақышкер еді, Алланың сиқырлы өнер мен перідей ақыл бергенінің арқасында барлық дүниені бізге сол үйретті. Әрбір таңда шәкірттердің біреуі таңертең ұстаздың үйіне барып, қалам толы құтысын, дорбаларын, іші қағазға толы қоржынын арқалап нақышханаға дейін оған еріп келуіміз керек болатын. Оған жақындай түсу үшін жанталасатынымыз сонша, «бүгін мен барамын» деп таласып, төбелесетінбіз.

Осман ұстаздың бір сүйікімді шәкірті бар еді. Бірақ әр таңда оның баруы нақышкерлер арасында бітіп болмайтын өсек-аяң мен жүйесіз әзілдерді өршітетін болғандықтан, ұлы шебер әрқайсымыздың аптаның әр күнінде баруымыз керектігін айтып, шешім қабылдаған еді. Шебер жұма күні жұмыс істейді де, сенбіде

нақышханаға бармайтын. Өзі қатты жақсы көретін әрі біз сияқты шәкірт болып жүрген, кейінгі жылдарда оған да, басқамызға да сатқындықпен өнерді тастап кеткен баласы әкесіне қатардағы шәкірттей дүйсенбі күні серік болатын. Одан болек, бәріміздан қабілетті, арық әрі ұзын бойлы Бейсенбі деген бауырымыз бар еді, белгісіз бір дерттен бірнеше күн бойы денесі оттай жанып жатты да, сол жас қалпында өмірден өтті.

Марқұм Зариф Ефенді ұстаздың үйіне сәрсенбі күні баратын, сондықтан ол «Сәрсенбі» еді, кейінірек ұстазымыз аттарымызды: Сейсенбіні – Зәйтүнге, Жұманы – Ләйлекке, Жексенбіні – Көбелекке ауыстырды. Махаббаты мен мағынасына, тәзхибінің нәзіктігін еске түсіретіндей етіп оны «Зариф» (сырбаз) деп кетіп еді. Ұлы ұстаз барлығымызға айтқан сияқты, оған да бір кездері: «Қош келдің, Сәрсенбі, қалың қалай?» деген болуы керек.

Маған да қалай тіл қататынын есіме алғанда көздерім жасаурап кете ме дедім. Осман ұстаз бізді жақсы көретін. Нақышымызға риза болған ол, көздері жасаурап, қолдарымыздан сүйетін. Бізді сүйген сайын өнеріміз де гүлденгендіктен, шәкірт кезімізде жеген барлық таяқтарымызға қарамастан жәннатта сияқты едік. Осынау бақытты жылдарымызға көленке түсірген іштарлықтың да өң-түсі ол кезде басқаша болатын.

Басы мен қолдарын басқа бір шебер, кеудесі мен киімдерін өзге бір шебер сызып, бояған суреттегі адамдар сияқты өзімді екіге бөлінгендей сезініп жүргенімді көріп отырсыңдар. Мен сияқты Алладан қорқатын біреу, аяқ асты қанішер болып шыға келген сәтінде бұл жағдайға бірден бейімделе алмайды. Бұрынғы өмірін сүріп жатқандай әрекет жасау үшін, қанішерлікке сәй-

кес келетін екінші бір дауыс тауып алдым. Бұрынғы өміріме ешқашан араластырмаған осынау арамза әрі қыжыртпа екінші дауыспен сөйлеп отырмын қазір. Қанішер болмасам сөйлеуге тиіс сендерге таныс, өздерің білетін ескі дауысымды да ара-тұра тыңдайсыңдар, бірақ «Мен қанішермін» деп емес, лақап атыммен, әрине. Ешкім осы екеуін араластыруға ұмтылмасын. Өйткені мені ұстап беретіндей жеке стилім мен қатем жоқ. Стильдің, бір нақышкерді өзгесінен айыратын әр нәрсенің кемшілік екеніне иланамын. Ол – кейбіреулер мақтанышпен айтып жүргендей кісілік келбет емес.

Бірақ менің ерекше жағдайым күрделі мәселе туғызғанын да мойындаймын. Себебі, Осман ұстаздың бізге сүйіспеншілікпен таққан және Жезде мырза да ризашылықпен қолданған лақап есімдерімізбен айтсақ, мен Көбелекпін бе, Зәйтүн немесе Ләйлекпін бе, оны аңғарып қойғандарыңды қаламаймын. Түсінерсіндер, бәлкім мені Жасауыл басының адам азаптайтын жендеттеріне ұстап берулерің де ықтимал ғой.

Сондықтан әр нәрсені ойлап, бәрін айта алмаймын. Іс жүзінде өзіммен-өзім қалып ойланып отырғанда да сендердің мені бақылайтындықтарыңды сеземін. Ғұмырымның мені ұстап берер қалтарыс-бұлтарысын, ашу-ызамды ойланбастан санамнан өткізбеймін. «Әліп», «Бә» және «Джим» деген үш мысал айтқанда да санамның бір жағымен сендердің көзқарастарыңды бақыладым.

Менің мыңдаған мәрте қағазға салған жауынгерлерім, ғашықтарым, шахзадалар мен әпсана қаһармандарым бір жағымен сызылған дүниеге, сол жердегі, сол бір аңыз дәуірлердегі өздері шайқасқан дұшпандарға, алысқан айдаһарларға, жастарын төккен сұлу қыздарға

қарап тұрады. Алайда келесі жағымен әрі кеуделерінің бір бөлігімен осынау әдемі суретті тамашалап отырған нақышсүйерге қарайды. Қандай да бір стилім мен жеке қолтаңбам болса, ол тек нақышымда емес, менің қылмысым мен сөздерімде жасырылған. Қанекей, сөздерімнің бояуынан менің кім екенімді табыңдар!

Мені қолға түсірсеңдер байғұс Зариф Ефендінің бақытсыз рухына біраз тыныштық беретінін де ойлаймын. Мен қазір ағаштардың саясында, сайраған құстардың әуезді дауыстарының арасында, Халичтің алтын сулары мен Ыстамбулдың күмбездерін тамашалап, өмір сүрудің қандай тамаша екендігін тағы да түйсініп отырған кезімде, оның зиратына жұрт күрек-күрек топырақ салып жатыр. Бейшара Зариф Ефенді кейінгі кездері, әлгі қиғаш қасты ерзұрымдық уағызшының адамдарымен араласып-құраласа бастағаннан кейін-ақ мені ұнатпайтын болды. Бірақ Падишамыз үшін кітаптарға нақыш сызған осы жиырма бес жыл ішінде бір-бірімізді жақын тартқан кездеріміз де болған. Жиырма жыл бұрын, бірде Падишамыздың марқұм әкесінің шахнамасы үшін жұмыс істегенде дос болғанымыз бар. Алайда бір-бірімізді ең жақын тартқан кезіміз Фузули Диуанына қосылуы тиіс сегіз нақышты бет үшін бірге қызмет жасағанда болып еді. Ол кезде дұрысы да, бұрысы да, ақылға қонымсызы да бар, түрлі қалауларына (нақышкер салып жатқан суретін өз рухымен сезінуі керек екен-мыс) көніп, осында келгенде, жаздың әдемі кештерінің бірінде, топ-топ қарлығаш жоғары-төмен ұшып жүрген тамаша сәтте маған Фузули Диуанынан оқыған өлеңдерін сабырлылықпен тыңдағам. Сол кештен: «Мен, мен емеспін, мен дегенім – тек сенсің» деген өлең жолдары

қалыпты есімде. Осы өлең жолдарының қалай суретке айналатынын ойлап, өз-өзіме сұрақ қойып, ойланған болатынмын.

Мүрдесінің табылғанын ести сала үйіне жүгіргем. Отырып өлең оқыған кішкентай бақшаның қар астында қалғанын, жылдар өткен соң көрген барлық бақшалар сияқты тарылып, кішірейіп кеткенін сезінгем. Үйі де солай еді. Көрші бөлмеден әйелдердің бір-бірімен жарысқандай болып, бақыра, ойбайлай жылаған даусыстары естіледі. Үлкен ағасы айтқан кезде мұқият тыңдадым. Байғұс Зариф бауырымыздың жүзі быт-шыт болып, бас сүйегінің мылжа-мылжасы шығыпты. Төрт күн бойы жатқан құдықтың түбінен шығарылғаннан кейін, бауырлары оны тани алмаған екен. Содан үйден шақыртылған бейшара әйелі Калбие танылмастай болған мүрдені түн ішінде алба-жұлба болған киімінен танып ақыры. Қызғаншақ бауырлары құдыққа тастап жіберетін Жүсіпті Мидиан саудагерлерінің тауып алып, құдықтан шығаратын оқиғасы келді көз алдыма. Жүсіп пен Зылиханың бұл мәжілісінің суретін салудан ләззат алатынмын. Өйткені өмірдегі ең басты сезімнің – бауырлардың қызғанышы екендігін еске түсіреді.

Бір сәт тыныштық орнағанда бәрінің маған қарай қалғанын сездім. Жыласам ба екен? Алайда көзім Қараға түсті. Оңбаған неме, бәрімізді бақылап тұр әрі өзін Жезде мырза нақышкерлер арасына осы оқиғаның мән-жайын білуге жұмсаған адам ретінде көрсеткісі келеді.

– Бұл оңбағандықты кім жасады екен? – деп бақырды ағасы. – Құмырскаға да қиянаты жоқ бауырымды қалай ұждансыз өлтірді?

Оның жылағанына бәріміз қосылдық. Іштей өзімше жауап іздедім. Зарифтің жаулары кімдер еді? Мен өлтірмеген болсам, басқа кім өлтіретін оны? Бір кездері, шамасы, Хүнернамеге әзірленіп жатқан жылдар-ау деймін, бұрынғы шеберлердің стильдерін ешкім елеп қылмай, әрі арзан, әрі жылдам тәзхиб жасау үшін біз – суретшілер қаншама еңбек жұмсаған беттердің жиектерін нашар түстермен бұзады деп онымен жанжалдасқандарын еске алдым. Олар кімдер еді? Бірақ кейінірек, өшпенділіктің осы себептен емес, төменгі қабаттағы, кітап түптейтін сымбатты шәкіртке ғашықтығынан пайда болғандығы туралы да қауесет тараған. Алайда бұл өте ескі хикая болатын. Сонымен бірге Зарифтің сырбаздығын, нәзіктігін, сол бір қатын сипатты болмысын сөз еткендер де болған. Зарифтің ескі стильдерге құлдай мойынсұнғаны, оған байланғаны, басқа нақышкерлердің, әсіресе менің бойымда жоқ кемшіліктерімді Осман ұстаздың құзырында өзін ақылды санап, жайып салатынын ұнатпайтын. Соңғы жанжалы Осман ұстаздың бір кездері өте нәзік мәселе ретінде қараған тақырыпқа, сарай нақышкерлерінің жасырын түрде сыртта жұмыс істеуі, сарайдан тысқары ұсақ-түйек тапсырыстарды жасырын қабыл етуіне байланысты болатын. Падишамыздың қызығушылығының, қазынадан келетін ақшаның соңғы жылдары азаюына байланысты барлық нақышкерлер лауазымға енді қолы жеткен мәдениетсіз пашалардың екі қабатты үйлеріне, ең шеберлері Жездеге баратынды шығарды.

Жезденің жамандық шақырады деген сылтаумен кітабын, кітабымызды даярлауды жалғастырудан бас тартқанына ренжіген жоқпын. Әлбетте, тауықтың

мыындай-ақ мыы бар Зариф Ефендінің кітабын безендіріп жүрген біреуіміздің қолымыздан өлгенін сезеді. Оның орнында сендер болсаңдар екі аптада бір рет нақыш жасау үшін үйлеріне қанішерді шақырар ма еділдер? Жоқ, әлде, қанішер кім, ең шебер нақышкер қайсы, соған байланысты шешім шығарасыңдар ма? Қысқа мерзім ішінде үйіне келген нақышкерлер арасындағы түс таңдаушыдан тәзхибке, сызғышкерліктен суретшіге, келбет сызушыдан бет қаттаушыға дейін өнері асқан кім екенін анғаратындығына әрі бұдан кейін тек менімен ғана жұмыс істегісі келетіндігіне шүбә келтірмеймін. Менің шынайы өнер иесі – нақышкер емес, қатардағы қанішерлердің бірі екендігімді ойлайтындай, деңгейі төмендей қоймас, сірә!

Қасында бірге жүрген оңбаған Қара мырзаны көзімнің қиығымен бақылап тұрмын. Зираттан екеуі бірге кетіп, тарай бастаған жаназаға қатысушы топтың арасында Ейюб айлағына қарай түскенде мен де арттарынан ердім. Олар айлақтан төрт ескекті қайыққа, мен – өлген адам мен жаназаны ұмытып күлісіп, мәз болып жүрген жас шәкірттермен бірге алты ескекті қайыққа міндік. Бір сәт Фенеркапы айдынында қайықтарымыз бір-бірімен сүзісіп қалардай жақын келді де, Қараның Жездеге сыбырлап бірдеңе түсіндіріп жатқанын жақыннан көрдім және бірден адам өлтірудің қаншалықты оңай екендігін ойладым. Жаратқан ием, сен осынау адам сенгісіз қайратты бәрімізге беріпсің, бірақ қолданбасын деп бізді қорқытып қойыпсың ғой.

Бірақ бір сәт бұл қорқынышты жеңіп, әрекет жасаған адам мүлдем басқа жанға айналып шыға келеді. Бұрын жалғыз шайтаннан ғана емес, ішкі әлемімдегі ең кішкентай жамандықтан да дір етіп, зәрем ұшатын.

Қазір болса, жамандыққа да адам баласы төзе алатындығына, тіпті нақышкер үшін мұның да қажет қасиет екенін сезгендеймін. Қылмыс жасағаннан кейін, бірнеше күн бойы қолдарымның дірілдегенін есептемегенде, әлгі бейшараны өлтіргеннен кейін суретті де жақсы салып, бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ашық әрі әсерлі түстер қолданып жүрмін. Ең бастысы, қиялымның таңғажайып дүниелер туғызып жүргенін байқадым. Алайда мен жасаған тамаша туындыларды бағалайтын Ыстамбулда қанша адам бар?

Жибалы айдынынан Халичтің дәл ортасына келгенде Ыстамбулға ызалана қарадым. Қар жамылған күмбездер бұлт арасынан жарқ еткен күннің сәулесімен шағылысып, жарқ-жұрқ етеді. Бір қала қандай үлкен әрі түрлі түсті болса, кінәларың мен күнәларынды жасыратын сондай бұрышы, ықпыл-жықпылы, тобыр қаншама көп болса, қылмыспен бірге араласып кететін соншама адамы бар деген сөз. Қалалардың ақылы ішіндегі ғалымдары, кітапханалары, нақышкерлер, хұснихатшылар мен медреселер арқылы емес, қараңғы көшелерінде мыңдаған жылдар бойы жасалған қылмыстарының көптігімен өлшенуі керек. Мұны қисынға салсақ, Ыстамбулдың жер-жаһандағы ең ақылды қала екендігіне шүбәм жоқ.

Үнкапы айлағында Қара мен Жездесінің артынан мен де қайықтан түстім. Бірін-бірі қолтықтап өрлеп бара жатқанда іздеріне түсіп едім. Сұлтан Мехмет мешітінің артқы жағындағы бір өрттің орнында тұрып, соңғы рет біраз сөйлесті де, екеуі екі жаққа кетті. Жезде мырза жалғыз қалғанда қауқарсыз бір шал сияқты көрінді маған. Жүгіре басып қасына барып, жаназадан қайтып келе жатқан әлгі бейшараның бізге жапқан жа-

лаларынан қорғану үшін жасағандарымды оған айтып бергім де келген. «Зариф Ефендінің ол айтқандары дұрыс па, даярлап жатқан суреттерде Падишамыздың сенімін теріс мақсатқа пайдалану, нақыш жасау стилімізге сатқындық, дінімізге күйе жағу бар ма? Соңғы үлкен суретті аяқтадыңыз ба?» – деп сұрағым да келді.

Ақшам уақытында қарлы көшенің ортасына тоқтадым. Маған, жындарға, перілерге, қарақшыларға, ұрыларға және қар жамылған ағаштардың қасіретіне қалдырылған қараңғы көшенің аяғына қарадым. Көшенің соңында Жезде мырзаның екі қабатты, салтанатты үйінде, жалаңаш талшын ағаштарының бұтақтары арасынан бір сәт көзіме түскен қабырғаның ішінде дүниедегі ең сұлу әйел бар. Бірақ мен ақыл-есімді жоғалтқым келмейді.

19. Мен – Ақшамын

Жиырма екі караттық Османлы сұлтанның алтынымын. Бетіме жаһанның қамқоршысы Падишамыз Хазіреттің айбынды тұлғасы салынған. Мұнда, жаназадан кейін мұңға батқан әдемі кофеханада, Падишамыздың танымал шеберлерінің бірі Ләйлек жаңа ғана, түн жарымда суретімді сызғаны үшін, үстіме алтынның суы құйылмады. Бірақ оны оздерің ойларыңа не келсе, солай аяқтай саларсыңдар. Сурет мұнда, ал өзім хас шебер Ләйлек бауырымыздың әмиянындамын. Қазір орнынан тұрып, мені әмиянынан шығарып, сендерге көрсетіп жатыр. Сәлеметсіңдер ме, шебер өнерпаздар мен қонақтарға сәлемім болсын!

Менің жарқыраған бейнеме қарап көздерің шараларынан шыға бастады. Майшамның жарығы бетіме шағылысқан сайын еленбеп отырсыңдар және соңғы қожайыным Ләйлек ұстазға қызғана қарайсыңдар. Иә, сендердікі жөн, өйткені нақышкер өнерінің өлшемі болар менен басқа ештеңе де жоқ.

Ләйлек ұстаз соңғы үш айда мен сияқты алтындардың қырық жеті данасына қол жеткізді. Барлығымыз осы әмияндамыз әрі Ләйлек Челеби ешкімнен бізді жасырып отырған жоқ. Ыстамбулдың нақышкерлері арасында өзінен көп табыс табатын ешкімнің жоқ екенін де біледі. Нақышкерлер ішінде осындай өлшем ретінде мойындалғанымды әрі ештеңеге пайдасы жоқ дау-дамайды аяқтауға үлес қосқанымды мақтан тұтамын. Бұрын сендер кофе ішуге еттерің үйреніп, ақылдарыңнан адаспай тұрған кездерінде, құстың миындай ми жоқ нақышкерлер «Жоқ, мен өнерпазбын! Жоқ, түстерге бояудың шебері менмін! Мен ағашты жақсы саламын. Бұлттың суретін салуға келгенде менімен ешкім теңесе алмайды!» – дейтін сансыз дау-дамаймен шектеліп қана қоймай, бір-біріне жұдырық ала жүгіріп, төбелесетін. Сөйтіп, талай жанның аузындағы маржан тістері төгілген-ді. Қазір барлық дүниеге менің қисыным иелік ететіндіктен, нақышханадағы жұмыс тәртібінде жаңа жайлы үйлесім, тіпті Гераттың көне шеберлеріне лайық саналған рухани кемелдену де пайда болды.

Бұл қисынның үйлесімі әрі кемелдігінен бөлек, мен арқылы өзгерте алатын түрлі-түрлі дүниелерді санап берейін. Жас, сұлу қәнизактың бір аяғының табаны – яғни елуден бірі, жақтауы сүйектен, жаңғақ ағашынан жасалған тамаша бір шаштараз айнасы, тоқ-

сан акче күміс жапырақты, күн бейнелі нақышы, әдемі тартпасы бар, жақсы боялған сандық, жүз жиырма дана жаңа піскен нан, үш кісілік мазар топырағы мен табыт, күміс білезік, бір аттың құнының оннан бірі, кәрі семіз кәнизактың аяқтары, бір буйвол бұзауы, екі дана қытай табағы, торымен бірге тамаша бір саятшы сұңқары, Панайот шарабынан он құмыра, жер-жаһан тамсанып, естері кете құмартып жүрген Махмутпен бірге өткізген жұмаққа бергісіз бір сағат және басқа да санап тауыса алмайтын сансыз мүмкіндіктер беремін. Айтпақшы, бір алтын – Падишамыздың нақышханасындағы Парсы нақышкерлерінің ішінен тебриздік ләруіш Мехметтің және оған ұқсас көп шебердің алатын бір айлық жалақысы.

Осында келерден бұрын біраз уақыт кедей, етікші шәкірттің шұлығының ішінде он күн жаттым. Бейшара әр кеште төсегіне жатқанда мен арқылы аулға болатын дүниелердің есеп-қисабын жасаумен ұйықтайтын. Әлди сияқты әдемі, жанға жайлы ұзақ өлеңнің әрбір жолы маған ақшаның кірмейтін тесігі болмайтынын көрсетті. Тесік демекші, енді есіме түсті, осында келерден бұрын мен өткізген серуендерді айтар болсам томтом кітапқа айналар еді. Өз арамызда қалса, ешкімге айтпайтын болсаңдар әрі Ләйлек мырзамның көңіліне келмейтін болса, сендерге бір сыр айтайын. Айтпауға ант ішесіңдер ме?

Жақсы. Мойындайын. Мен Чемберліташ теңге сарайынан шыққан жиырма екі караттық нағыз Османлы сұлтаны алтыны емеспін. Мен жасанды ақшамын. Мені Венецияда қоспасы көп, арзан алтынмен жасады да, осында әкеліп Османлы алтыны деп өткізіп жіберді. Түсіністік танытқандарың үшін алғыс білдіремін.

Венециядағы теңге сарайында жүргенде естігенімдей мұндай іс ұзақ жылдар бойы жасалып келе жатыр. Бірақ соңғы кездерге дейін Венеция дінсіздерінің төмен каратпен жасап, Шығысқа апарып, таратып жүрген алтындары теңге сарайында жасалған Венеция дукаттары болатын. Бір заттың үстіне не жазылған болса, оның өзі әлгі заттың тура өзі дегенге сенетін Османдықтар бетіндегі жазуына орай дукаттың құрамындағы алтынға мән бермей, венециялық алтындар бүкіл Ыстамбулда қаптап кетті. Кейін, алтыны аз, қалайысы мол жасанды ақшаны нағыз алтыннан ажырату үшін тістеп көретін әдіс шықты. Мысалы, құмарлықтан жүрегің өртеніп, жер-жаһанның аузының суы құрып жүрген сымбатты жігіт Махмутқа барсаң, ол аузына алдымен ақшаны апарады, тістеп көреді де, жасанды екендігі білінген соң, сені «жұмаққа» бір сағатқа емес, жарты сағатқа кіргізеді. Венециялық дінсіздер өздерінің жасанды ақшаларын өзгелердің осылай тәсілмен танып қоятындығын білгеннен кейін: «Енді Османлы алтынының да жасанды үлгісін жасайық, бұлар тағы да ажырата алмай қалады», – десті.

Оғаштау бір жайтқа назар аударсам, қазір венециялық дінсіздер сурет салған кезде сурет емес, салып жатқан дүниенің тура шынайы келбетін жасайды. Бірақ ақша жасаганда шынайы ақша емес, оның жасандысын шығарады.

Венециядан темір сандықтарға салынып, кемелерге міндік, теңізде теңселіп, шайқала-шайқала Ыстамбулға жеткенбіз. Мен бірден сарраф[1] дүкеніне түсіп,

[1]*Сарраф* – Осман империясында металл және қағаз ақшаларды айырбастайтын адамдар, валюта айырбастау қызметі.

бір ұстаның сарымсақ сасыған аузынан бір-ақ шықтым. Коп күттірместен алтынды ұсақ ақшаларға айырбастағысы келген алаңғасар ауыл адамы келді. Айлакер сарраф ұста: «Сенің алтының жалған ба, нағыз ақша ма, тістеп көрейін», – деп әлгі адамның алтынын аузына салды.

Ауыздың ішінде кездескенде ауылдан келген кісінің алтыны шынайы Османлы сұлтанының ақшасы екен. Сарымсақ сасыған ауызда тұрып маған:

– Сен жалған ақшасың! – деді.

Дұрыс айтады. Мен жалған ақшамын. Бірақ менменси сөйлеуі шамыма тигендіктен, мен де өтірік айта салдым.

– Нағыз жалған ақша – сенсің! – дедім оған.

Осы сәтте алаңғасар ауыл адамы да:

– Менің алтыным жалған болуы мүмкін емес! Мен оны жиырма жыл бұрын жерге көміп тастағам, ол кезде қазіргідей арсыздық жоқ еді, – деп мақтанып тұрған-ды.

Мен енді не болар екен деп, еленде тұрғанда сарраф әлгі кісінің алтынын емес, аузынан мені шығарды.

– Ал мынау сенің алтының, оңбаған неме, венециялық кәпірдің жасанды ақшасы, маған керегі жоқ! – деді.

Онымен қоймай: «Сенде ұят бар ма өзі?» – деп, әлгі адамға айып таққаны тағы бар. Ол өзінше, міңгірлеп бірдене дегендей болған, бірақ ақыр соңында мені алды да, өз жөніне кетті. Өзге саррафтардан да осындай сөздерді естіген соң, көңілі құлазып, мені құнсыз алтын ретінде тоқсан акчеге айырбастады. Жеті жыл бойы қолдан-қолға өткен, бітіп бермейтін саяхатым осылай басталған еді.

Уақытымның көбін ақылды ақша не істеу керек болса солай өткізіп, Ыстамбулда әмияннан-әмиянға, қойыннан қоржынға, қалтаға саяхат жасағандығымды мақтанышпен айтамын. Бір құтының ішіне салынып, бақшадағы тастардың астында жылдар бойы көмулі қалудан қорқатынмын, мұндай оқиға да басымнан өткен, бірақ әлдебір себептерге байланысты осындай азапқа толы уақыттар тез өтіп кететін. Мені қолына алғандардың көбі жалған ақша екенімді білген бетте, меннен құтылуға асығатын. Жасанды екенімді айтып, алғалы тұрған адамға ескерту жасаған бірде-бір адам болған жоқ. Ондайларды мүлдем кездестірмедім. Алайда жалған ақша екенімді аңғармастан мен үшін жүз жиырма акче бергендер, алданғандарын сезген бетте басқа біреуді «сазға» отырғызуға асыққандар менен құтылғанша ашуға булығып, қайғы-қасіретке көміліп, мұң тартатын, сабырсыздықпен аласұрып жүретін. Осылай жынданып жүрген кездерінде өздері де басқа біреуді алдап кетуге тырысқан сәттерінде (көбінесе ашуызадан бұл әрекеттері сәтсіз болушы еді) мені беріп, алдап кеткен әу бастағы адамды оңбаған деп шын ниетпен сыбап алатын.

Соңғы жеті жыл ішінде Ыстамбулда бес жүз алпыс рет қолдан-қолға өтіп, кірмеген үйім, дүкенім, базарым, меші-тім, шіркеуім, синагогам қалмады. Әрлі-берлі кезіп жүрген сайын мен туралы сан түрлі қауесет, өсекаяң, әпсаналар шығарылып, өтірік әңгімелер тарап жатқанын көргенмін. Енді менде ешқандай құн қалмағаны, қатыгездігім, көрсоқырлығым, өкінішке қарай дүниенің де менің болмысыма бейімделгені, әр нәрсені сатып алатыным, арамзалығым, иттігім, оңбағандығым бетіме таңба болып басылып жатыр. Жалған ақша еке-

німді аңғарғандар тіптен ашуланып, маған талай ауыр сөздер айтқан. Шынайы құным түскен сайын, бейнеті құным одан сайын артып келеді. Бірақ осынау аяушылығы жоқ хикаяларға, жабылған жалаларға қарамастан, қауымның үлкен бір тобы мені іштей жақсы көретінін байқадым. Қазіргідей сүйіспеншілік азайған заманда шын көңілден жақсы көру, тіпті селдей тасыған махаббатың болуы бәрімізді де қуантуы тиіс дүние деген ойдамын.

Көшеден-көшеге, аудандардан-аудандарға қыдырып, менің Ыстамбулдың әр бұрышына табаным тиген. Еврейлерден абхаздарға, арабтардан мингелдықтарға дейін әркімнің алақанында болдым. Манисаға бара жатқан едірнелік ишанның әмиянында онымен бірге Ыстамбулдың сыртына бір рет шыққанмын. Жолымызды қарақшылар торуылдап, баскесерлер: «Жан керек пе, мал керек пе?» – деп айғайлағанда сасқалақтаған байғұс діндар мені өзінің «артқы қуысына» сүңгітіп жіберген-ді. Бұл қуыс әу бастағы сарымсақты жақсы көретін саррафтың аузынан да жаман, адам төзгісіз иіс шығып тұратын, тыныштық жоқ жер екен. Алайда біраздан кейін жағдай тіптен нашарлап кетті, қарақшылар не мал, не жан демеді. Керісінше: «Не артыңды бересің, не жаныңды аламыз!» – деп қожайынымды зорлау үшін кезекке тұра қалды. Сөйтіп, өлгі тар қуыста қандай жағдайды басымнан өткізгенімді сендерге айтпай-ақ қояйын. Содан бері Ыстамбулдан шығуды жақтырмаймын!

Ыстамбулда мені бәрі жақсы көретін. Армандаған ақ боз атты ханзадаларындай көріп жас қыздар талай сүйді мені, әдемі әмияндарға, жастықтың астында, ірі омыраулардың арасында, көйлектерінің ішіне, ышқыр-

ларына тығып, сонда сақтайтын, ол жерде тұр ма, жоқ па деп ұйықтап жатқанда да талай сипалағаны есімде. Хамамда ошақтың қасында, әдемі шүмектің ішінде, хош иіс анқыған жұпар сататын дүкендегі кішкендей шынының ішінде, бір аспаздың жасымық толы дорбасының құпия қалтасына жасырындым. Түйе терісінен жасалған қайыс белбеулердің, Мысыр алашасының астарларының, іші шұғамен капталған етіктердің, түрлі түсті шалбарлардың құпия қалтарыстарында жатып Ыстамбулды түгел араладым. Сағат шебері Петро мені тоқпақты сағаттың құпия бөлмесіне, бір грек дүкенші ірімшіктің ішіне жасырды, мөрлер, жауһарлар, кілттермен бірге шұғаға оралған күйде мұржалардың, пештердің ішіне, терезе мен есіктердің астына, көрпешелер мен төсеніштердің арасына, шкафтар мен сандықтардың жасырын бөлмелеріне тығылдым. Дастарханнан тұрып, мені әлі сол өзі қойған орнында тұр ма деп қарайтын әкелерді, еш пайдасы болмаса да мені шекер тәрізді сорып, ауыздарына салған әйелдерді, иіскей-иіскей танауларының тесігіне тығып алған балаларды, былғары әмияннан шығарып, күніне жеті рет көрмесе көңілі жай таппайтын, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде жүрген қарттарды көрдім. Аса сақ, сараң бір черкес бар еді, күні бойы үйдің ішін сыпырып, тазалағаннан кейін бізді әмияннан шығарып ағаш қылауышпен тазалайтын. Жалғыз көзді сарраф бізден мұнара жасап, ырғай иісі сіңген хамал мен қатын-баласы бізді тамашалап, көз алмай қарайтын, арамызда жоқ бір музәххиб те (есімі маңызды емес) кешке қарай бізді түрлі сипатта тізіп қоятын. Желкенді қайықтармен саяхаттап, сарайға да кіріп-шыққанмын. Гератта жасалған том-том кітаптардың ішіне, раушан иісі сіңген аяқ киімдердің

өкшесіне, ер-тоқымға жасырындым. Кір-қожалақ, қыл қасқан, жалпақ, майлы, тітіреген талай алақан көрдім. Анын шегетіндер толып отыратын мәжілістердің, майшам өндірістерінің, балық қоймаларының, қысқасы, маған Ыстамбулдың барлық нісі сінді. Осыншама шытырманды бастан кешіргеннен кейін, түн қараңғысында құрбандығының тамағын орып жіберіп, мені әмиянына салып алған қарақшы үйіне барған соң «Уһ, бөрі сенің кесіріңнен болды», – деп бетіме түкіргенде ренжитінім соншалық, көзден ғайып болғым келетін. Бірақ мен болмасам нақышкердің жақсысы мен жаманын ешкім бір-бірінен ажырата алмайтындықтан, сол себепті нақышкерлер бір-бірін өлтіре бастайтындықтан жоқ болып кетпедім де, ең өнерлі, ең ақылды нақышкердің әмиянына кіріп, осында келдім.

Одан мықты нақышкер болсаңдар алыңдар мені!

20. Менің атым Қара

Әкесі Шекуре екеуміздің бір-бірімізге жазған хатымыздан қаншалықты хабардар? Шекуренің хатындағы бабасынан сескенетін жасқаншақ қыз әдебіне қарасам, олардың арасында мен туралы бір ауыз сөз болмаған деген тұжырымға келер едім, алайда жағдайдың олай емес екенін сезе мін. Қоржыншы Естердің көзқарасындағы айлакерлік, Шекуренің терезеден көрінген кезіндегі сиқыр, Жезденің мені нақышкерлерге жұмсаған кезіндегі батылдығы мен бүгін таңертең мені шақырған сәтінде одан байқалған шарасыздығы мені алаңдатып жүр.

Таңертең Жездемнің қасына отыра бергенде-ақ ол Венециядан көрген портреттері туралы айта бастады. Жаһанның әміршісі Падишамыздың елшісі ретінде талай сарайға, бай-бағыланның үйлеріне, шіркеуге барыпты. Мыңдаған портретті тамашалап, талай күнін өткізіпті, керілген кенептің, тақтада, жақтаулардың арасында, қабырғаларға салынған мыңдаған келбет көріпті.

– Бәрі бір-бірінен бөлек, дара, ешкімге ұқсамайтын адамның жүздері, – деді.

Олардың сан алуандығынан, түстерінен, үстілеріне түскен сәуленің жұмсақтығынан, жанға жайлы болуынан, тіпті салқындығынан, жанарлардағы терең ойлардан мас болыпты.

– Дәл бір індет жайылғандай, бәрі өз портреттерін салғызып жатыр еді, – деді. – Тұтас Венеция сондай күйде екен. Ақшасы мен мүмкіндігі барлар өз өмірлерінен қалған бір естелік, мұра болсын деп портреттерін жасатып жатты. Бұл өзі әрі-беріден соң дәулет пен биліктің, құдіреттің белгісі болса керек. Үнемі сол жерде, біздің алдымызда тұруды, бар екендіктерін бір-біріне естірту, өзгеден айрықша әрі бөлек екендігін меңзегілері келеді.

Іштарлық, қырсықтық пен ашкөздік жайлы әңгімелеп отырғанда әр сөзінің астарында менсінбеушілік болушы еді. Алайда Венецияда көрген портреттері туралы айтқанда, жүзі балаша бал-бұл жанып, жайнап кететінін байқадым.

Сурет жебеушілері байлар, ханзадалар, ірі әулеттер әрбір сәтте өздерінің бет-әлпеттерінің суретін салғызуды індет сияқты тез жайғаны сонша, шіркеу қабырғаларына Інжілдің хикаяларындағы, діни аңыздардағы

оқиғаларды салғызғанда да бұл дінсіздер өз бейнелерінің суреттің ішінде болуын талап ететін көрінеді. Мысалы, әулие Стефанның көмілуін көрсететін суретке қарап тұрасың, бірақ қабірдің қасында жылап-сықтап тұрғандардың арасынан саған сарайдың қабырғаларындағы суреттерді асқан мақтанышпен, маңғаздана түсіндіріп берген принцті көресің. Кейін Әулие Петрдің сыртқаттарды көлеңкесімен емдеп жатқанын сипаттайтын бір картинада, бұрышта, жаны шырқырап жатқан ауру адамның денсаулығы доңыздан да жақсы, үй иесінің інісі екенін көргенде қиялдаудың өзі қиын болып кетеді. Ертеңінде, бұл жолы өлген адамдардың тірілуін көрсететін бір суреттен біраз бұрын түскі ас та, тамаққа жарылардай болып тойған, көрші үстелде отырған адамның өлген кісінің кейпіндегі бейнесін көресің.

Кейбіреулердің шектен шыққаны сонша, – деді Жездем, тап бір шайтанның азғыруы жайлы әңгіме айтып отырғандай қорқынышты үнмен. – Тіпті кейбірі бір суретте көрініп қалу үшін тобырдың ішінде шыны ыдыстарға ішімдік құйып жатқан атқосшы, зинақор қатынды таспен ұрып жатқан жандайшап немесе қанқолқа жендет болуға да разы екен.

Көне Парсы әпсаналарын жырлайтын кітаптардан, – дедім түсінген кейіп танытып, – Шах Исмаилдың тақта отырғанын көретініміз сияқты іс екен ғой бұл. Немесе Хұсрау мен Шырынның хикаясынан, тобырдан әлдеқайда кейін билік құрған Ақсақ Темірдің суретін кездестіретініміз сияқты дүние.

Бірақ франк суреттері бізді қорқыту үшін салынатын сияқты, – деді Жездем біраздан соң. – Бізді тек суретті жасатқандардың құдіреті мен байлығы арқылы

ғана қорқытпайды. Бұл пәнидегі өмірдің өте әдемі әрі теңдессіз қызықтарға толы екендігіне сендіргілері келеді. Ешкімге ұқсамайтын жүздері, көздері мен тұрыстары, киімдерінің бүктелген, жиырылған тұстарындағы әр көлеңкенің өзі назардан тыс қалмаған. Осылайша теңдессіз жаратылыстың мысалы ретінде бізді қорқытқылары келеді.

Бір жолы Комо көлінің жағасындағы дәулетті ақсүйектің сарайында, өнерді естен тана сүйетін адамның, корольдерден кардиналдарға, рыцарлардан сайқымазақтарға дейінгі франк тарихының барлық атақты адамдарының келбеті жинақталған тамаша портреттер бақшасының бөлмелерінде қалай адасып қалғанын айтып берген-ді.

– Қонақжай үй иесі маған мақтана тамашалатқан бөлмелерінде мені жеке қыдырсын деп жалғыз қалдырған кезде, – деді, – көбісі тірі адамдар сияқты көрінетін. Біразы менің жанарыма тіке қарап тұрған осынау дінсіз пенделердің тек портреттері жасалуы себепті олардың жеке бейнелері дүниені толтырғанын байқадым. Портреттердің жасалуында ерекше бір сиқыр бар сияқты, оларды ешкімге ұқсамайтын келбетте бейнелепті. Суреттердің арасында жүріп әсте өзімді әлсіз әрі бейшара сезіндім. Бұл дүниеде не үшін жүргенімді осындай стильмен суретім салынса ғана түсінетіндей күй кештім.

Бірақ Жезде Гераттың бұрынғы шеберлері кіршіксіз, өзгермейтіндей салған ислам нақышының портретке қызығушылықтың кесірінен түбі құрдымға кететінін түсінгендіктен қорқыпты.

– Бірақ бәрінен бөлек, өзгеше, теңдессіз екенімді сезінгім келген сияқтымын, – деді.

Осылайша шайтан бізді күнәға итермелейтін кездер де болатындай, қорыққан дүниеге қарай белгісіз күштің тартып бара жатқанын сезініпті.

– Қалай десем екен, бұл дәл бір күнәға құмартқандай тілек еді. Аллаға қарсы шығу, өзімді көк тіреп тұрғандай, төрткүл дүниенің діңгегіндей сезіну сияқты дүние еді ол.

Кейін франк шеберлерінің қолында мақтаншақ баланың ойыншығына айналған нәрсенің Ұлы Падишамызға жетсе, сиқырдан да асып түсіп, көрген адамның барлығын әсерлендіретін күшке, дінімізге қызмет ету түріне айналатынын ойлапты.

Ішінде Падишамыздың және оның билігін, құдіреті мен мүлкін көрсететін дүниелердің суреттері де болуы тиіс бір кітап даярлау жөніндегі идея сол кезде туындаса керек. Өйткені Ыстамбулға оралған Жездем Падиша хазіретімізге франк шеберлерінің стилімен суретінің салынғаны дұрыс екендігін айтқанда, билеуші басында біраз қарсы болған екен.

– «Басты дүние – хикая» деген бар. Әдемі бір сурет хикаяны сырбаздықпен толықтырып тұрады. Хикаяны толықтыра алмайтын сурет туралы ойлағанымда, ол суреттің ақыр соңында пұтқа айналатыны ойыма оралады, себебі болмаған оқиғаға сенбейтіндігімізден, суретке, сол затқа илана бастаймыз. Пайғамбарымыз сындырмай тұрғанда Қағбада болған пұттарға табыну сияқты дүние бұл. Егер бір хикаяның бөлшегі бола алмаса, мысалы, мына қалампырды немесе мына өркөкірек ергежейлінің суретін қалай саласың? – деп Падиша біраз қарсыласыпты.

– Қалампыр сұлулығын оның теңдесі жоқ екендігін көрсету арқылы саламын.

– Кейін парақтарда әлемнің тура ортасына орналастырасың ба?

– Қорықтым, – деді маған Жездем. – Падишамыз өз ойлары арқылы мені шырғалап алған жердің қай аймақ екенін көре алғанын байқап, қобалжып қалдым.

Жездемнің дүние мен қағаздың тура ортасына Алланың ниетінен басқа бірдеңе жарасатындай қылғаны үшін сескенгенін сездім мен.

«Кейін, ергежейліні сызған суретіңді қабырғаға ілгің келе ме? – депті Падишамыз, Жездемнің қорқынышын мен ойлағандай сипатта бағалап. – Алайда сурет қабырғаға ілінбейді. Өйткені қабырғаға ілген суретке қандай мақсатымыз болғанына қарамастан, күндердің күнінде табына бастаймыз. Кәпірлердің істеп жүргеніндей, Хазіреті Исаның (Құдай сақтасын!) Алла екеніне иланатын болсам, онда Алланың дүниеде көріне алатындығына сеніп, адамның суреттерін салғызып, қабырғаға ілуді қабыл етер едім. Қабырғаға ілінген әр суретке, күндердің күнінде, өзіміз аңғармастан табына бастайтынымызды түсінетін шығарсың?».

– Оны жақсы түсініп отырғанмын, – деді Жездем маған, – соны түсінгендіктен, бірге ойлап отырған дүниемізден қорқып отырған едім.

«Сол себепті, суреттің қабырғаға ілінуіне разы бола алмаймын», – депті Падишамыз.

– Бірақ мұны өзі де қалап отырды, – деп сыбырлады Жездем маған шайтандай сайқалдана.

Енді қорқу кезегі маған келді.

«Бірақ франк шеберлерінің тәсілімен бір суреттің салынғанын да қалаймын, – депті Падишамыз. – Ол сурет кітап беттерінің арасына жасырылуы керек. Ол кітаптың қандай болатынын маған сен айтасың».

– Бір сәт таң қала әрі не істерімді білмей ойландым, – деді Жездем. Содан соң, жаңағыдай шайтани күлкіге ұқсайтын кейіпте күлімсіреп маған тесіліп қарады. Жездем емес, мүлдем басқа адам отырғандай көрінеді.

– Падишамыз кітаптың дереу әзірлене бастауы керек екендігін тапсырды. Қуаныштан есім шығып кетіпті. Бұл кітапты мені қайтадан жіберетін Венеция дожына сыйлық ретінде даярлансын деп бұйырды. Кітап біткен кезде, хижра жыл санауының мыңыншы жылында Ислам халифасының, Ұлы Падишамыздың жеңіс күшін танысын деп тілейді. Алайда венециялықтармен келісу ниеті білінбесін және нақышхананың ішінде іштарлыққа жол ашпасын деп, кітапты құпия түрде әзірлеуді тапсырды. Мен де қуана-қуана әрі жасырын түрде суреттерді салғыза бастадым.

21. Мен – Жезделеріңмін

Осылайша жұма күні таңертең оған Падишамыздың франк шеберлерінің тәсілімен салынатын суреттері бар кітаптың қандай болатынын түсіндіре бастадым. Бастапқыда айтқаным, бұл хикаяны Падишамызға қалай түсіндіргенім және оны кітапты жасауға қалай көндіргенім жөнінде еді. Бірақ ішке сақтаған мақсатым – суреттердің қасына жазылуы тиіс, алайда әлі бастай алмаған әңгімелерді Қараға жаздырту болатын.

Кітаптың суреттерінің көбін аяқтап қойғанымды, соңғы картинаны бітіруға шақ қалғанымды айттым:

– Кітабымда өлімнің суреті бар, – дедім, – Падишамыздың әлемі, мекені қандай құзырлы, бақытты жер дегенді көрсетейін деп, ақылды нақышкер Ләйлекке салдырған ағаштың суреті, Шахмаранның суреті бар, бізді сонау шалғай жерлерге апаратын аттың бейнесі бар, айлакер әрі ақылды ит бар, ақша бар... Бұларды нақышхананың шебер нақышкерлеріне әдемілетіп тұрып салғызып алдым, көзің түссе болды хикаясының қандай болуы керектігін бірден айтасың. Өлең мен сурет, түс пен сөз, бұлар бауырлар ғой, білесің ғой өзің.

Қызымды оған бере алатынымды айтайын ба деп бір оқталдым арасында. Осы үйде бізбен бірге тұра ма сонда? «Қазір сені бар ынта-шынтасымен тыңдағаныма, келбетіндегі бала бейнеге алданба», – деймін іштей өзіме. Шекурені алып қашуды ойлап отыр бұл. Бірақ кітабымды аяқтауға Қарадан басқа лайық адам жоқ еді.

Жұма намазынан қайтып келе жатқанда итальян шеберлерінің суреттеріндегі үлкен жаңалық – көлеңкелер туралы әңгіме айттым.

– Егер, – дедім, – адамды көшеде келе жатқандай, тұрғандай қылып, мылжыңдап жан-жағына қарағандай болып көрінгенін, сол кезде көшенің ортасында тұрғандай-ақ салсақ, онда франк шеберлерінің картиналары сияқты көшеде көзге ең көп түсетін нәрсені – көлеңкені де суретімізге енгізуді үйренуіміз керек.

– Көлеңкенің суретін қалай салуға болады? – деп сұрады Қара.

Балдыз жиенім мені тыңдап отырған сәтінде кейде сабырсызданатындығын көретінмін. Өзі әкелген моңғол сиясауытын ары-бері айналдырып, кейде қолына көсеуді алып, пештегі шоқты түртпектеп отырушы еді. Сол көсеумен менің басымнан бір-ақ ұрғысы ке-

ретін шығар деп те ойлап қоямын. Нақышты Алланың көзқарасынан алыстатқаным үшін солай жасай ма деп күдіктенемін. Гераттық шеберлердің түсінде көргендерін суретке айналдырғаныма, нақыш дәстүрін сатып, Падишамызды алдап кеткеніме бола осындай әрекет жасайтын шығар, бәлкім. Кейде кірпік қақпастан менің жанарыма тіке қарайды. «Қызынды алғанға дейін сенің құлың да боламын» деп ойлайтын шығар деген ойда едім. Бір жолы оны тура бала кезіндегідей бақшаға шақырдым. Ағаштарды, күн нұрының жапырақтарға түскен сәтін, еріп жатқан қарды, көшедегі үйлердің алыстаған сайын кішірейіп көрінетін себебін әке ретінде түсіндіруге тырысқам. Алайда менің бұл ісім қате еді. Мұның өзі біздің арамызда болған бұрынғы әке-бала қатынасының баяғыда-ақ жойылғанын көрсетті маған. Бала кездегі құлшынысының, білсем деген ұмтылысының орнын, қызыма көз салған ақымақ қылығы алмастырыпты. Он екі жыл бойы өзі аралаған елдердің, қалалардың салмағы, шаң-тозаңы жиенімнің жанына әбден сіңген екен. Менен де қатты шаршапты, жаным ашыды. Тек он екі жыл бұрын Шекурені оған бермегенім үшін емес (бұл мүмкін емес еді), мұсылман нақышкерлердің, гераттық даңқты шеберлердің стильдерінен тыс суреттер салуды ойлағаным әрі оны жан-тәніммен қорғап, түсіндіргенім үшін де маған ашуланып отыр-ау деп ойлағам. Ажалым соның қолынан болатынын да елестеттім.

Бірақ одан қорыққан жоқпын. Керісінше, оны қорқытуға тырысқанмын. Өйткені қорқыныштан мен өтінген жазуға кірісетіндігін сезгенмін.

– Суреттердегі сияқты адам өзін әлемнің кіндігі ретінде көруі керек, – дедім, – нақышкерлерімнің біреуі

маған өлім суретін әдемі етіп салып берді. Мынаған бір қарашы! – деп қойдым.

Бір жыл бойы шебер нақышкерлерге жасаттырған күпия суреттерімді оған көрсетуді осылай бастағанмын. Басында тартыншақтап, тіпті қорқып тұрған-ды. Өлім картиналарының, әсіресе Шахнама әңгімелерінде кездесетін өлім мәжілістерінің ішіндегі Афрасиабтың, Сияуыштың бастарының шабылғаны немесе Рүстемнің Сухрабты өзінің ұлы екенін білместен өлтіріп тастайтын сәтінің шабытпен салынғанын көргеннен кейін бірден бұл тақырыпқа қызыққан. Марқұм Сұлтан Сүлейменнің жаназасын сипаттайтын, мұңды әрі байсалды түске боялған суретте франк шеберлерінің әдістеріне ұқсатып, жинақылық пен өз қаламымен қосылған көлеңке түсіруге деген ұмтылыс бар еді. Көкжиек сызығы мен бұлттарды бір-біріне араластырып жіберген шайтани тереңдікті ишара қылғанмын. Ажалдың Венеция сарайларында портреттерін көрген әрі барлығы да ерекшеленіп тұрғысы келетін дінсіздер сияқты теңдессіз бір адами болмыс ретінде суреттелгеніне назарын аудардым.

– Жалғыз және ешкімге ұқсамайтын келбетте болғылары келетіндері сонша, олар портреттерінің осылай салынғанын қалап тұрады, – дедім. – Көзіме тура қара! Адам өлімнен емес, осы бір ғана көзқараспен ешкімге ұқсамайтын және айрықша болғысы келген тілектің құдіретінен қорқады. Мына суретті кор де, оның хикаясын жаз. Өлімді сөйлет, міне қағаз, міне қаламұш. Жазғандарыңды бірден хұснихатшыға беремін.

Біраз уақыт үнсіздікпен суретке қарап тұрды.

– Мұны кім салды? – деп сұрады сәлден соң.

Көбелек. Ең дарындысы осы. Осман ұстаз өнеріне жылдар бойы ғашық болып, таң қалып жүретін.

Осы ит суретіне ұқсас, алайда қарабайырлау салынған картинаны әңгімешілер хикая айтатын кофеханадан көргенмін, – деді Қара.

Осман ұстаз бен нақышханаға рухани байланып қалған нақышкерлердің көпшілігі менің кітабым үшін салған нәрселерге сене алмайды. Түн ортасында осы жерден шығып, ақша үшін салған суреттерін және мені кофеханада таң атқанша сөз қылып, мазақтайтындарын естететемін. Бірде Падишамыз менің айтуыммен елшілік сарайында зорлықпен алып келген венециялық жас суретшіге өз суретін, кейін Осман ұстазға сол майлы бояу суреттің көшірмесін өз стилімен салғызды. Венециялық суретшінің жасағанын қайталауға мәжбүр болған Осман ұстаз, осы қиянатқа, өзі салған ұятты суретке бола мені айыптаған. Бір жағынан онікі де жөн еді.

Өзім әлі аяқтай алмай жүрген бір суреттен басқа барлық картиналарды оған күні бойы көрсеттім. Хикаяларын жазсын деп оған нақышкерлердің мінездерін айттым. Оларға ақша бергенімді де сөз арасында қосып қойдым. Келешек жайлы, адамның артқы жағындағы түшпелерінің Венеция картиналарында барған сайын кішірейіп салынғаны діннен шығара ма, жоқ па деген мәселені сөз еттік. Сонымен бірге байғұс Зариф Ефендінің ақшақұмар, ашкөздігі мен қырсықтығы кесірінен өлтірілуі мүмкін екендігін айттық.

Тас қараңғы түнде үйіне қайтқанда, оның уәдесінде тұрып, ертеңінде таңертең тағы келетініне, кітабымның хикаяларын тыңдайтынына сенімді едім. Ашық есіктің алдында тұрып, алыстап бара жатқан аяқ дыбысына құлақ түріп тұрған сәтте, түнгі салқын ауада

жендетті кітабымнан әлдеқайда күшті, шайтани қылатын адам түсінбес бір әсер бар еді.

Ол кеткен соң есікті мұқият жаптым да, күнде жасайтын әдетіммен райхан егіп жүрген ескі қыш құмыраны есіктің алдына қойдым. Пештің күлін алып, төсегіме жатуға беттеген сәтте қарсы алдыма аруақтай болып, ақ киім киген Шекуре шыға келді.

– Осы адамға түрмысқа шығуға шынымен бекіндің бе? – деп сұрадым одан.

– Жоқ, әкешім, мен түрмысқа шығу ойымнан айнымадым. Оның үстіне түрмыстамын ғой.

– Оған күйеуге тигің келсе, рұқсат бере аламын.

– Оған шыққым келмейді.

– Неге?

– Өйткені сіз қаламайсыз. Сіз қаламайтын біреуді мен де күйеуім ретінде көргім келмейді.

Пештегі шоқтың көздеріне шағылысқанын байқадым. Бақытсыздықтан емес, ашу-ызадан көздері жасаурап тұр екен. Алайда үнінде өкпе жоқ.

– Қара сені қатты жақсы көреді.

– Білемін.

– Күні бойы айтқан әңгімемді нақышқа емес, саған деген махаббаты үшін тыңдады.

– Кітабыңызды аяқтайды, маңыздысы сол ғой?

– Күйеуің бір күні қайтып оралады, – дедім.

– Неге екенін білмеймін, бәлкім, үнсіздіктен де шығар, күйеуімнің енді ешқашан қайтып келмейтінін бүгін түнде жақсы ұқтым. Түсімде көргенім шынға айналған тәрізді. Түсімде оны біреулер өлтіріп кетіпті. Ит-құсқа жем болыпты. – Соңғы сөздерін ұйықтап жатқан балалар естіп қалардай сыбырлап әрі ызалана айтты.

– Мені өлтіретін болса, – дедім, – барлық қажыр-қайратымды жұмсаған осы кітапты аяқтауынды тілеймін. Сол үшін маған уәде бер!

– Уәде беремін. Алайда кітабыңызды кім аяқтайды?

– Қара. Оны оған сен жасатасың.

– Сіз онсыз да оған тапсырма беріп, жұмыс жасатып жатырсыз ғой. Менің қажетім бола қоймас, – дедім.

– Расында солай. Бірақ ол сен үшін маған көніп отыр. Мені біреулер өлтіріп кетсе, қорқып бас тартуы мүмкін.

– Ондай болса маған үйлене алмайды, – деді есті қызым күлімсіреп.

Күлімсірегенін қайдан шығардым тағы? Осы әңгіме кезінде жанарында анда-санда байқалып қалған үшқыннан басқа ештеңе көргем жоқ. Бөлменің дәл ортасында бір-бірімізге қарап тұрған едік.

– Екеуің хабарласып, бір-біріңе ишара білдіріп жүрсіңдер ме? – деп сұрадым өзімді тежей алмай.

– Солай деп қалай ойлай аласыз?

Біраз уақыт ауыр тыныштық орнады. Алыстан үрген иттің дауысы естіледі. Сәл тоңып қалдым, тітіркеніп кеттім. Қараңғылық қоюлана түскені сонша, бір-бірімідің жүзімізді көре алмай, тек қарама-қарсы тұрғанымызды ғана сезіндік. Ақыры бір-бірімізді құшақтай кеттік. Бар күшімізбен қапсыра құшақтастық. Жылай бастады. Анасын сағынғанын айтты. Шашынан іскедім, анасының иісі тәрізді екен. Басынан сипадым. Төсегіне, қойындасып ұйықтап жатқан балаларының қасына апарып, жатқыздым.

Өтіп кеткен екі күнді ойласам, Шекуренің Қарамен хабарласқанына еш шүбәм жоқ еді.

22. Менің атым Қара

Түнде үйге келгеннен кейін өзін менің анам ретінде санай бастаған үй иесінен тез арада құтылып, дереу өз бөлмеме кіріп алдым да, төсекте жатып Шекурені ойладым.

Түрлі арман-қиялдың жетегінде жатып ойыма оралған бір жайт туралы бастайын. Он екі жылдан кейін үйлерінс скінші рет кіргенімде ол менің козіме түспеді.. Бір жағынан сиқырымен баурап, мені қоршап алғаны сонша, оның мені үнемі бақылап, келешекте күйеуі болуы мүмкін екенімді ескеріп, сырттай өлшеп-пішіп отырған бұл қылығына рахаттанып жүргеніне сенімді едім. Сол себепті мен де оны көріп отырғандай болдым. Ибн Арабидің «Ғашық болу деген – көрінбейтін дүниені көретіндей қылу қабілеті, көрінбесті үнемі қасында жүргендей сезіну тілегі» деп айтқанын осылайша түсінгендей болғам.

Шекуренің мені ұдайы көріп, бақылап жүргенін үйдің ішіндегі дыбыстарға, еденнің тықырына құлақ түру арқылы біліп отырдым. Бірде балаларымен бірге диванның қарсы бетіндегі бөлмеде отырғанын анық аңғардым. Өйткені балалардың алысып-жұлысып жүргенін, алайда шешелерінің қабақ түйіп, сес көрсетуінің себебінен дыбыс шығармауға тырысқандарын естідім. Тағы бірде, намаз оқып жатқан адамның көңілін бұзбау үшін жасалатын әдетпен емес, жасанды әрі мен аңғарсын деген ниетпен сыбырласқандарын, содан соң жырқ-жырқ етіп күлгендерін естідім. Одан соң аталары маған сәуле мен көлеңкенің таңғажайыптарын айтып отырғанда екі бала, Шевкет пен Орхан ішке

кірді де, алдын ала дайындалғаны бірден аңғарылатын сыпайылықпен бізге кофе ұсынды. Хайрие істеуге тиіс бұл шаруаны шешелерінің, бәлкім, болашақта әке болатын адамды балалары жақыннан көруге ыңғайлы орай ретінде бағалап, кейін балаларымен осы кісі туралы әңгімелесу үшін әдейі ұйымдастырғанын ойладым да:

Көздерің неткен әдемі! – дедім Шевкетке. Одан соң кіші ұлы Орханның қызғанып қалғанын бірден аңғарып, оған:

– Сенің де көздерің әдемі екен! – деп қалтамдағы кеуіп қалған қалампыр гүлінің жапырағын шығарып, табаққа салдым да, екеуінің беттерінен сүйдім. Біразтан кейін өзге бөлмеден күлген дауыстар естіліп жатты.

Кейде мені бақылап тұрған көздердің қабырғалар мен жабық есіктердің, тіпті төбенің қай тұсында екенін, мені қай жағымнан, қандай бейнеде көріп тұрғанын білгім келіп, үйдің ішіндегі қуыс-тесіктерге, бұрыштарға қарап іштей болжам жасаймын. Сол қуыстардың артында Шекуренің қалай отырғанын қиялдап аламын. Сойте тұра алакөлеңкелеу жерлердің бәріне шүбәмен қараймын. Тіпті күмәнданған нәрсенің анық-қанығына көз жеткізу үшін әңгімесін тоқтаусыз айтып жатқан Жездемді сыйламаудың белгісі саналса да орнымнан тұрамын, айтылып жатқандарға құлағымды ықтиятпен түріп жүрген адамша, ойлы кейіпте әрі таң қалған сипатпен бөлменің ішінде әрлі-берлі жүрген боламын. Сойтіп, қабырғаларда өзім іздеген қуыс-тесіктерге, артында сүйіктім отыр-ау деген жерлерге ақырын жақындай түсемін.

Тесіктердің, жарықшақтардың артынан Шекуренің көздерін таба алмаған сәттерімде көңілім құлазып қа-

латын. Бұл пәниден жалғызсырап, өмірінде қадамынан жаңылған адамша дегбірім қашатын.

Кейде Шекуренің мені көріп тұрғанын іштей сезіп, оның мені үнемі бақылап отыратынына сенетінім сонша, сүйген қызының көңілінен шығу үшін өзімді терең ойлы, салмақты әрі күш-қуаты мол, келісті еркек ретінде көрсететінмін. Түрлі әрекеттер жасап, маңғаздана қаламын. Одан соң Шекуре мен балаларының майданнан оралмаған күйеуімен, із-түзссіз кеткен әкемен салыстырып отырғаны ойыма оралады. Әрі сол кезде Жездемнің айтуындағы портреттердегі Венецияның жаңа, келбетті мәшһүр тұлғалары есіме түсетін. Әулиелер сияқты азапты абақтылар немесе хабарсыз кеткен күйеу тәрізді білегінің күші, қылышының ұшымен жауының басын ұшырып түсіретін батырлар сияқты емес, жазған хат, я болмаса нақышын келтіре жасаған кітаптың беттері арқылы танымал болған осынау атақты шеберлерге, Шекуре оны әкесінен естіген шығар деп ұқсауға тырысатымын. Осы шеберлердің, Жездем айтқандай, дүниенің көзбен көруге болатын түнектері мен ақылға сыймайтын түпкірлерінің құдіретінен алған шабыт арқылы салған суреттері, Жездем өзі көрсе де, оны көрмеген жиеніне, маған түсіндіруге тырысқан таңғажайып көріністерді көз алдымда елестетуге барымды салатынмын. Бірақ ақыр соңында қиялыма ештеңе келмеген кезде іштей мүжіліп, өзімді бейшара сезінетінмін.

Шевкет бір жолы тағы да алдымнан шыға келді. Батылдықпен қасыма жетіп келгенде, Мәуереннахырдағы кейбір араб тайпалары мен Кавказ тауларындағы черкес қауымдарында кездесетіндей, үйдің үлкен ұлының қонақтың қолын, тек үйге келгенде ғана емес,

аулаға шыққанда да сүйетін әдеті есіме түсіп, сүйіп, маңдайына тигізсін деген ниетпен қолымды ұсынған. Сол сәтте жақын маннан Шекуренің күлгенін құлағым шалды. Маған күліп тұр ма? Сасқалақтаған қисынсыз қылығымнан құтылудың жолы ретінде Шевкетті құшақтап, екі бетінен сүйдім. Мұны жасаған сәтте бір жағынан Жездемнің әңгімесін үзіп алғанымды білетіндігімді, алайда бұл қылығым оған деген құрметсіздігім емес екендігін көрсету сипатында болсын деп оған қарап жымиғаным бар, әрі денесіне анасының иісі сіңіп пе, соны да білу үшін баланы жақсылап иіскедім. Қолыма кішкентай қағаз қыстыра қойғанын аңғарған көзімде Шевкет кері бұрылып, сәл алыстап та үлгерген еді.

Қағазды дәл бір жауһардай жұдырығыма қыса ұстадым. Мұның Шекуреден маған жолданған кішкентай ғана хат екенін түсінген сәтте бақыттан басым айналып, Жездеме қарап күлімсірей жаздағам. Бұл дегенің Шекуренің мені жан-тәнімен қалайтынының нақты дәлеле емес пе еді? Бір сәт қиялыма ерік беріп, Шекуремен есіміз шыға аймаласып жатқан сәтімізді елестеттім. Қиялымдағы адам сенгісіз оқиғаның жақын күндері шынымен де ақиқатқа айналарына имандай сенгенім сонша, Жездемнің алдында отырған сәтте ұлы мүшем тұрып кеткенін байқап, өзімді ыңғайсыз жағдайда сезіндім. Мұны Шекуре көріп қоймады ма екен?

Назарымды басқа нәрсеге аудару үшін ұзақ уақыт Жездемнің айтқандарын тыңдадым.

Біраз уақыттан кейін Жездемнің кітабындағы суреттері аяқталған жаңа бір бетін көрсету үшін кері бұрылғанда, мен ырғай иісі сіңген қағазды ашып қара-

сам ішінде ештеңе жазылмапты. Қағаздың бос екендігіне сене алмай, аударып-төңкеріп отырдым.

– Терезе, – деді Жездем. – перспектива стилін қолдану әлемге бір терезеден қараумен бірдей. Қолыңдағы қағаз не?

– Ештеңе емес, Жезде Ефенді, – дедім.

Бірақ біраздан соң қағазды ұзақ уақыт иіскедім.

Түскі астан кейін, Жездемнің дәрет құманын пайдаланғым келмегендіктен, рұқсат сұрап бақшадағы дәретханаға кірдім. Дала мұздай суық еді. Құйрығымды қатты тоңдырмайын деп, тез арада шаруамды бітіріп, сыртқа шыққаным сол еді, Шевкет жол торыған қарақшыдай үн-түнсіз алдымнан шыға келді. Қолында буы бұрқыраған, атасының дәрет құманы бар еді. Менен кейін дәретханаға кіріп, шелекті босатты. Сыртта, қолында бос шелек бар, аузын бұртитып, көздеріме тіке қарады.

– Сен өлген мысық көрдің бе? – деді. Мұрны шешесінікінен аумайды екен. Анасы бізді көріп тұр ма екен? Айналама қарадым, Шекурені көп жылдан кейін қайта көрген екінші қабаттағы таңғажайып терезенің сыртқы ағаш ысырмасы жабық тұр екен.

– Жоқ.

– Асылып өлген еврейдің үйіндегі өлген мысықты көрсетейін бе саған?

Жауабымды күтпестен көшеге қарай жүре берді. Артынан ердім. Балшық пен мұз араласқан жолда қырық-елу қадам жүріп, күтімсіз бір бақшаға кірдік. Айналада дымқыл әрі шіріген жапырақ пен белгісіз бір шөптің иісі шығады. Әріректегі жұтаған інжір мен бадам ағаштарының арасында мүлгіген тыныштыққа жасырынғандай болып тұрған сары үйге осы жерді

жақсы білетін адамның кейпінде, асқан сеніммен, нық басып кіріп кетті.

Үй қаңырап тұр. Алайда осында адам өмір сүріп жатқандай жылы әрі құрғақ екен.

- Бұл кімнің үйі? – деп сұрадым.

Еврейлердікі. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін үйелі балаларымен бірге Йеміш Искелесі жақтағы еврей махалласына кеткен. Үйді қоржыншы Естерге сатқызып жатыр.

Ол бөлменің бір бұрышына барып қайтып келді.

- Мысық кетіп қалыпты, жоқ екен, – деді.

- Өлген мысық кете ме екен?

- Өлілер де кезіп жүреді дейді атам.

– Өздері емес, бірақ аруақтары аралап жүреді, – дедім.

– Қайдан білесің? – деді. Қолындағы дәрет құмаиын құшақтап алыпты.

– Білемін. Сен осында жиі келесің бе?

– Естермен бірге шешем келеді. Түнде жалмауыздар келеді екен. Бірақ мен бұл жерден қорықпаймын. Сен адам өлтіріп көрдің бе?

– Иә.

– Неше кісі өлтірдің?

– Көп емес, екі кісі.

– Қылышпен бе?

– Қылышпен.

– Аруақтары айналаны кезіп жүр ме?

– Білмеймін. Кітаптарда олардың бұл дүниені аралап жүретіні айтылған.

– Хасан ағаның сабында лағыл тастары бар қанжары, бір қызыл қылышы бар. Тиген жерін орып түсіреді.

Өкем неге өлгенді бе?

Басымнан не «иә», не «жоқ» дегенді білдірмейтін әрекет жасадым.

– Әкеннің өлгенін сен қайдан білесің?

– Шешем айтқан кеше. Енді келмейді екен. Түсінде көріпті.

Өзіміздің бас пайдамыз, алаулап жанған нәпсіміз бен бізді жүрегі жаралы жанға айналдырған махаббатымыз үшін жасауға тиісті жаман істерімізді мұрсат шықса ұлы мақсат жолында да пайдаланғымыз келеді. Мен де осы жетімдердің әкесі болуға сол кезде тағы да бел будым. Әрі үйге қайтқанда жазу мен суреттерін аяқтауға тиіс болған кітап туралы айтқан атасын осы себептен бұрынғыдан да ынта салып тыңдадым.

Жездемнің маған көрсеткен суреттерінен бастайын. Мысалы, «Атты» айтар болсақ, бұл суретте адам жоқ екеніне, аттың айналасы бос болғанына қарамастан, тек аттың суреті деп алмаймын. Ол сол жерде тұр. Бірақ мінетін адам да бір жаққа кеткен немесе артқы жағындағы Казвин стилімен салынған бұтаның арасынан шығатын болар, кім білсін?! Мұны қаласаң да, қаламасаң да аттың үстіндегі ер мен өрнектен бектерге арналған нақыштардан байқайсың. Бәлкім, аттың дәл қасынан қылыш асынған біреулер шыға келетін болар.

Сөз жоқ, Жезде нақышханадан құпия түрде шақыртып алған нақышкерлердің бірінен ат суретін салуды өтінген болса керек. Түнде келген нақышкер есіндегі аттың қалыбындай болып сақталған бейнені бір хикаяның бөлшегіндей етіп қағазға жатқа сала бастағандықтан сурет осылай көрінген. Нақышкер майдан даласынан, ғашықтық мәжілістерінен мыңдаған мәрте көрген ат суретінің бір жерінде Жездем франк

шеберлерінің әдісінен алған шабытпен нақышкердің жұмысына араласқан болуы керек.

– Мысалы, мінетін адамды салма, – дейді. – Ол жерге бір ағаштың суретін сал. Бірақ арт жақта әрі кішкентай болсын.

Түн ішінде келген нақышкер суреттің төсек тақтайының қасына Жездеммен бірге отырып, өзі дағдыланған, жатқа білетін мәжілістердің ешқайсысына ұқсамайтын, оғаш, қалыптасқан тәртіп пен ережеге сай келмейтін суреттерді олардың әрқайсысына жақсы ақы төленетіндіктен әрі сөздің ашығын айтар болсақ, осынау оғаш нақыштың тартымды болуына байланысты шамның жарығында отырып салатын. Алайда Жездемнің өзі сияқты бұл нақышкер де ат суретінің қай хикаяға көрік беру үшін салынатынын біраздан кейін түсінбей де қалатын. Жездемнің менен күткен дүниесі осында жартылай Венеция, жартылай Парсы стиліндегі суретке қарап, оларға сәйкес келетін хикаяны қарсы жазу еді. Шекуреге қол жеткізу үшін осы хикаяларды міндетті түрде жазып шығуым керек еді. Бірақ әңгімешінің кофеханада айтқандарынан басқа ойыма ештеңе де келмеді.

23. Мені қанішер дейді

Тықылдаған сағат тілі ақшам уақытының кіргенін білдіріп тұрған-ды. Азан әлі шақырылмаған еді. Бірақ күрсімнің[1] қасындағы шырағданды әлдеқашан жағып

[1]*Күрсі* – кіғаз қоятын орындық тәрізді зат. Суретшілер суреттерін салатын арнайы күрсі жасатқан.

конгаанмын. Қара түсті Хасаппаша сиясына батырып, [illegible] жыратын ақ қағаздың бетіне тез-тез қимылдатқан қаламыммен бір апиыншының суретін жатқа салып отырып те қойған сәтім еді. Ішкі дүниемнен әр пірде мені далаға қарай шақырып тұратын үн тағы жетті. Бірақ өзімді-өзім тежедім. Ақшам уақыттарында көшеге шықпай, үйде отырып жұмыс істеуге бекінгенім сонша, тіпті есікті іштен шегелеп тастауды да ойлағам.

Асығыс жасаған осы кітапқа таңертең ерте, жұрт ұйқыдан тұрмай жатқанда, сонау Галатадан келген армян есік қағып, тапсырыс берген. Кекеш болғанымен, тілмаш әрі жол көрсетуші болып қызмет қылатын осы адам франкитальян саяхатшылары қандай да бір кітап сұраса, дереу мені тауып алады. Содан соң екеуміз саудаласа бастаймыз. Таңертең жиырма суреті бар орташа кияфетнама үшін жүз жиырма акчеге келіскен едік, сол себепті ақшам намазының азаны шақырылар кезде отыра қалып, Ыстамбулдың ондаған адамының киім-кешегіне мән беріп, соларды сыздым. Шейхулислам, күзетшілердің бастығы, имам, янычары, дәруіш, атты әскер, қазы, кәуапшы, жендет (жендеттің адамды азаптап жатқан сәтін сызу дағдыға айналған дүние) қайыршы, хамамға кетіп бара жатқан қатындар, апиыншы. Үш-төрт акче табыс табу үшін бұл кітаптарды көп жасағаным сонша, ішім пыспасын деп қазыны қылқаламның ұшын қағаздан бірде-бір рет көтерместен сызамын. Қайыршыны көзімді жұмып отырып саламын деп өз-өзіммен ойнап кетемін.

Барлық қарақшылар, ақындар, шайырлар, ішқұса болып жүргендер ақшам азаны шақырыла бастағанда іштеріндегі жындар мен шайтандардың бірлесе тулап,

казан төңкеріп, азғыратынын біледі. «Сыртқа, сыртқа шық! – дейді ішіміздегі дауыс. – Өзге кісілердің, қараңғылықтың, қасіреттің, пасықтықтың ортасына қарай жүгір!».

Көп жылдарым осы жындар мен шайтандарды ауыздықтауға кетіпті. Көп адам керемет деп білетін өз қолымнан туған суреттерімді осы жындар мен шайтандардың жәрдемімен салғанмын. Алайда жеті күн бұрын әлгі оңбағанды өлтірген сәттен кейін ішімдегі жындар мен шайтандарға да сөзім өтпейтін болды. Олардың жан дүниемді аласапыран қылатыны сонша, өзіме-өзім: «Көшеге шығып, біраз жүрсең, бәлкім, тыныштalатын шығармын», – деймін.

Осы сөзді айтқаннан кейін, әдеттегідей қалай екенін өзім де аңғармастан көшеге бір-ақ шықтым. Жылдам басып біраз жер жүріп тастаппын. Қар басқан көшелерде, балшығы шыққан өткелектер мен бұрылыстарда, көк тайғаққа айналған өрдегі жолдарда, ешкім өте алмайтын қияларда да тоқтамастан жүрдім. Түн қараңғылығы қоюланып, қаланың адам жүрмейтін, иен көшелеріне иелік ете бастаған кезде күнәларым да бірте-бірте артында қалып, тар көшелерде, тастан өрілген мейрамханалардың, медреселердің, мешіттердің қабырғаларын жағалап жүрген сайын қорқыныш сеніле түседі.

Аяқтарым мені әр кеште баратын шеткі махаллаға, аруақтар мен жындардың өзі сескенбестен кірмейтін бос көшелерге алып келді. Бұл махалладағы еркектердің тең жартысы Парсы елдеріндегі соғыста өлгенін, жартысының бақытсыздық пен таршылықтан осы жерді тәрк еткенін естігем, алайда мен мұндай әңгімелерге сене қоймаймын. Парсы соғыстарының кесірінен дүшпандардың ұясы деп, қырық жыл бұрын Календа-

ри [illegible] кілтінің кілтінің [illegible] [illegible] [illegible]

риялап, ақылдарынан адасқан ерзұрымдық Хосанның адамдарының алтына тас-тар еді. Егер біреу нақышкерлердің дінсіз екенін ашық айтып көрсінші, ықпалы мен күш-қуаттарын көрсету үшін онсыз де сылтау іздеп жүрген ерзұрымдықтар тек бізді, шебер нақышкерлерді ғана емес, тұтас нақышхананы жермен-жексен етеді ғой. Падишамыз да үн ката алмай қор болар еді.

Осында әрбір келгенімде жасайтын әдетіммен, бұрышқа тығып қойған сыпырғышпен, шүберектермен айналаны сыпырып, сүрттім. Бұл істі жасап жатқан сәтімде іштей разы болып, Алланың жақсы құлдарының бірі сияқты сезіндім өзімді. Осындай жақсылық сезімін аямасын деп Алладан тілек тіледім. Суық өңменімнен өтіп те кетті, тамағым ауыра бастағандай болды, далаға шықтым.

Одан соң тағы да әруақтай кезіп, басқа бір махаллаға бардым. Тәкке орналасқан, адамдар тәрк еткен махалла мен осы жердің арасында не болды, не ойладым, екі жағында тізілген сауырағаш өсіп тұрған осы көшелерге қалай келдім, оны білмеймін.

Бірақ қанша жүрсе де менен бір елі қалмай қойған бір ой бар, ішімді жегідей жеп жүр, бәлкім сендерге айтсам жеңілдеп қалармын. Оны оңбаған жалақор дейік, бейшара Зариф Ефенді дейік (екеуі де бір есікке апарады онсыз да), – марқұм музәххиб өлерінен сәл бұрын Жездені жанталаса айыптап тұрған кезінде маған тағы бір нәрсе айтып еді. Жезденің барлық суреттерде кәпірлердің перспектива стилін пайдаланатындығын айтқанына менің онша мән бермегенімді көріп:

– «Соңғы бір сурет бар» деп еді оңбаған. Ол суретте Жезде біз сенетін барлық дүниені боқтайды. Істеп жүргені – дінсіздік қана емес, тап-таза кәпірдің ісі.

Ойбағанның осы жаласынан үш апта бұрын Жезде мырза менен қағаздың түрлі бұрыштарына франк суреттерінде кездесетіндей етіп, бір-бірінен бөлек өлшемде, таңғаларлық сипатта әрі түрлі нәрселерді – ат, ақша, ажал сияқты дүниелер салуымды өтінгені бар. Нақышын жасауға тиіс болған беттің тегістелген әрі байғұс Зариф Ефенді тәзхибін жасаған бөлімінің үлкен бір бөлімі басқа қағазбен жабылыпты, менен және өзге нақышкерлерден бірдене жасырғандай сипатта еді.

Осы соңғы үлкен суретте не салынғанын Жезделен сұрағым келеді, алайда көп нәрсе тежейді мені. Сұрасам, сөз жоқ, Зариф Ефендіні менің өлтіргенімнен күмәнданады әрі шүбәсін баршаға жайып жібереді. Менің мазамды алған басқа бір нәрсе, оны сұрасам Жезденің Зариф Ефендінің әңгімелерінің дұрыс екендігін айтып қалу қаупі еді. «Зариф Ефенді айтқан күмән сияқты емес, өз ойларым сияқты сұрайтын болсам ше?» деймін іштей, алайда бұл жағдай қорқынышымды сейілте қойған жоқ. Адам бір нәрсенің дұрыс-бұрыстығына көзі жетпей тұрып дінсіздік жасаса, ол оншa қорқынышты нәрсе де емес шығар, бірақ қазір мен барлық мән-жайды білемін ғой.

Басыма қарағанда ақылдырақ аяқтарым мені өздігінен Жезденің үйінің көшесіне дейін апарады. Бір бұрышқа жасырындым да, қараңғыда үйді бақылауға кірістім. Ағаштардың арасындағы екі қабатты, үлкен әрі оғаштау үй сыртынан бақуатты көрінеді. Шекуренің үйдің қай жағында екенін білмеймін. Шах Тахмасп заманында Тебризде салынған кейбір суреттердегідей, үй ортасынын пышақпен кесілгендей болып көрінсе, Шекурені қандай жамылғының астында қалай көремін, қиялыммен сол көріністің суретін сала бастадым.

Есік ашылды. Қараңғыда Қараның үйден шыққанын көрдім. Аула қақпасының арғы жағынан Қараға біраз уақыт сүйсіне көз салған Жезде біраздан кейін есікті жапты.

Қиялға берілген басым көргендерімнен мына үш қорытындыны демде шығара қойды:

Бірінші, Қараның еңбегі әлдеқайда арзан әрі қауіпсіз болғандықтан Жезде мырза кітабымызды, біздің кітабымызды оған аяқтауды тапсырды. Екінші, сұлу Шекуре Қараға тұрмысқа шығады. Үшінші, бейшара Зариф Ефендінің айтқандары дұрыс екен. Оны тектен-текке өлтіріппін.

Мұндай жағдайларда, яғни жүрегіміз мойындағысы келмейтін ащы шындықты мейірімсіз ақыл бірден қабыл етеді де, өз нәтижесін айтады, ал оған тұтас кеуде наразы болып, тулайтыны бар. Бастапқыда, үшінші нәтижеге, тектен-текке оңбаған қанішерге айналғаным турасындағы ойларға ақылымның жартысы бар шамасынша қарсы болған. Бұл кезде аяқтарым ақылымнан да шұғыл әрі қисынды әрекет жасап, мені Қара мырзаның ізіне түсіріп те үлгерген еді.

Қанша көшеден өткеніміз есімде жоқ, алдымда кетіп бара жатқан, өмірге де, өзіне де разы кейіптегі Қараны өлтірудің өте онай болатынын әрі бұл істің жанымды азаптаған алғашқы екі нәтижемен бетпе-бет қалудан құтқаратынына да ойладым. Тіпті сол кезде байғұс Зариф Ефендінің де бас сүйегін бостан-боска мылжалаған болар едім. Қазір, жеті-сегіз қадам жүгіре басып, Қараның басынан бар күшіммен бір ұрсам, барлығы да бұрынғы халіне көшіп, Жезде мырза мені кітабымызды аяқтайық деп шақыратын еді. Алайда ақылымның адал және абайлағыш бөлігі (адалдық дегенің көп жағдайда

қорқақтықтан басқа не болушы еді?), өлтіріп құдыққа тастаған бейшараның шынымен де жалақор болғанын әлі де болса маған айтып тұрған-ды. Оның дегені рас болса, әлгіні бостан-боска өлтірмесек керек, әрі құрастырып жатқан кітапта жасыратын ештеңе болмағандықтан Жезде мені үйіне шақыруы тиіс еді.

Бірақ алдымда кетіп бара жатқан Қараға көз салғанда бұл айтқандарымның ешқайсысы жүзеге аспайтынын ұғамын. Бәрі құр қиял еді. Қара маған қарағанда әлдеқайда шынайы еді. Бәрімізде де болады: кейде қисынға салып ойланып жүрмін деп, апталар, жылдар бойы қиялдағаннан кейін, бір күні алдымызға бір келбет, бір киім, тағы бірдеңе, бақытты бір адам шығады да, армандарымыздың іске аспайтынын, мысалы, әлгі адам қызын бізге ешқашан бермейтінін, бәлен лауазым бізге ешқашан бұйырмайтынын түсінеміз.

Қараның басына, шүйдесіне, жауырынының қозғалғанына, ызамды келтірген жүрісіне (дүниені тіреп тұрғандай алшаңдай басады) жекөрінішпен қарап келе жаттым. Ар-ождан азабы жоқ, келешегі жарқын, Қара сияқты адамдар төрткүл дүниені өз үйіндей көріп, әр қақпаны өз ауласына кірген патшадай ашады да, іштегілерді, бізді көзге ілмейді. Жерден бір тас алып қарақұстан ұрып жібермеу үшін өзімді әзер ұстадым.

Біз – бір әйелге ғашық болған екі еркек, ол алда, мен артта, Ыстамбул көшелерінің қалтарыс-бұлтарысын артқа тастап ілгерілеп келе жатқанда, топтасқан иттер таласатын мекенге айналған көшелерден, жындардың тұрағына айналған өрттің орындарынан, күмбездеріне періштелер қонақтап, үйқыға кеткен мешіттердің аулаларынан, рухтармен сырласқан сауырағаштардың қасынан, әруақтар күж-күж қайнаған зираттар-

ың жанынан, адам бауыздайтын қарақшылардың маңайынан, бітіп болмайтын дүкендер, ақырлар, тәккелер, мумханалар, ұстаханалар мен қабырғалардың арасынан өтіп бара жатқанда, мен оны аңдуға емес, оған ұқсауға тырысып келе жатқанымды түсіндім.

24. Менің атым Өлім

Өздерің көріп отырсыңдар, мен өліммін! Бірақ қорқудың қажеті жоқ. Өйткені мен суретпін ғой. Сонда да сендердің қорыққандарыңды көздеріңнен оқып отырмын. Ойнап жүрген ойындарына шын пейілмен сенетін балалар сияқты, сендер менікінің шынайы өлім емес екендігін біле тұра, ажалмен бетпе-бет келгендей абдырап, зәрелеріннің ұшқаны маған ұнайды. Маған қараған сайын, қашып құтылу мүмкін болмайтын сол бір ақырғы сәт келгенде қорқыныштан бұттарына жіберіп қоятындарыңды өздерің де сезесіңдер. Бұл әзіл емес. Өліммен жолыққанда, әсіресе арыстан мінезді еркектердің басым көпшілігі дәретін жіберіп қояды. Сол себепті өздерің суретін мыңдаған мәрте салған өлікке толы майдан даласы, сендер ойлағандай қан, оқ-дәрі мен қызған сауыт емес, нәжіс пен шіріген ет сасиды.

Өлімнің суретін алғаш рет көріп отырғандарыңды білемін.

Осыдан бір жыл бұрын, арықтау келген әзілқой қария менің суретімді салған жас нақышкерді үйіне шақырған. Екі қабатты үйдің алакөленкелі нақыш бөлмесінде хош иісі аңқыған қою да дәмді кофе ұсынып, жас нақышкердің зейінін ашты. Содан соң көк есікті

бөлмеде ең жақсы үнді қағаздарын, тиін түгінен жасалған қылқаламды, алтындалған парақтарды, түрлі-түрлі қаламдар мен сабына маржан орналастырылған қалам ұштағыштарды көрсетіп, тәуір табыс әкелетінін түспалдап, шебер нақышкердің көзін қызықтырып қойды.

– Маған өлімнің суретін сал! – деді біраздан соң.

– Өмірімде ешқашан ажалдың суретін көрмедім, өлім суретін сала алмаймын, – деді кейін менің суретімді салатын, саусағынан өнер тамған нақышкер.

– Қандай да бір нәрсенің суретін салу үшін міндетті түрде оның суретін көрудің қажеті жоқ, – деді қызуқанды қария.

– Иә, бәлкім солай да шығар, – деді мені сызатын шебер нақышкер, – бірақ суреттің бұрынғы шеберлер жасағандай мінсіз болғанын қаласаң, ол бұған дейін мыңдаған мәрте салынған болуы керек. Нақышкер қаншалықты өнерпаз, шебер болса да жаңа тақырыпты бұл істі енді бастаған оқушы тәрізді сызады. Бұл маған жараспайды. Өлімнің суретін салып отырғанда шеберлігімді бір жаққа лақтырып тастай алмаймын. Өйткені бұл дегенің мен үшін өлгенмен бірдей.

– Бұл өлім бәлкім сені тақырыбына жақындата түсер, – деді қарт, – оқиғаны бастан өткізу емес, ешқашан ондай тақырыпқа жолықпау бізді шебер қылады.

– Олай болса осы шеберлік ажалмен таныссын!

Осылайша бұрынғы шеберлер мен өнерге құрмет қылатын нақышкерлерге жарасатындай әдеппен түспалға, астарлап сөйлеуге құрылған сұхбат жасады. Әңгіме өзім туралы болғандықтан, бар ықыласыммен құлақ түрген осы пікірталасқа атақты нақышкерлердің қынжылатынын білемін. Тек әңгіме мына бір тұсқа келді:

– Нақышкер өнерінің өлшемі барлық нәрсені бұрынғы шеберлердің жасағанындай қайталап салу ма, жоқ әлде ешкім байқамаған тақырыпты суретке қосу ма? – деді ақылды нақышкер. Өзі бұл сұрақтың жауабын білгенімен, сақтық танытқан түрі болатын.

– Венециялықтар нақышкердің күшін ешқашан салынбаған тақырыптар мен тәсілдерді табуымен өлшейді, – деді қария.

– Венециялықтар венециялық тәрізді өледі, – деді менің суретімді салуы тиіс нақышкер.

– Бірақ баршаның өлімі бір-біріне ұқсайды, – деді карт.

– Әпсана мен нақыш – баршаның бір-біріне ұқсауын емес, ұқсамауын хикая қылады, – деді ақылды нақышкер, – Шебер нақышкер бір-біріне ұқсастығы жоқ оқиғаларды бізге ұқсас етіп салу арқылы шебер болады.

Осылайша әңгіме ауаны венециялықтың және мұсылманның өліміне, Әзірейілге, Алланың өзге де періштелеріне, олардың кәпірлер салған суреттерінің ешқашан бір-бірімен араласпайтынына келіп тірелді. Мені біраздан соң суретке айналдыратын, ал дәл қазір сүйікті кофеханамызда әдемі көздерімен маған қарап отырған жас шебердің көңілі осы сөздерден кейін алаң болып, қолдары сабырдан айырылды. Суретімді салғысы келеді, алайда менің қандай нәрсе екенімді білмейтін еді.

Жас шеберді алдап соққысы келген қария мұны сөз жоқ, сезіп қойды. Алакөлеңкелі бөлмеде тектен-текке жанып тұрған шамның жарығымен жайнаған көздерін өнерлі шеберге қадады.

– Венециялықтар адам тәрізді етіп салған өлім – біздің Әзірейіл сияқты періште, – деді, – бірақ ол адам

де. Тура Құран Кәрімді түсірген кезде Жәбі-
ің Пайғамбарымызға адам кейпінде көрінгені
л дүние. Түсіндің бе?
ıа адам нанғысыз ерекше қабілет берген жас ше-
сабырсызданғанынан оның менің суретімді сал-
елгенін аңғардым. Өйткені шайтани болмыста-
т оның бойындағы осы шайтан ойды оятып үл-
-ді. Біз негізі жан-жағы анық, жарқырап тұрған,
е жақсы нәрсені емес, бейтаныс, жартылай қа-
құпия дүниенің суретін салғанды қалаймыз.
жалды мүлдем танымайды екенмін, – деді біраз-
ıін менің суретімді сызатын нақышкер.
лімді бәріміз білеміз, – деді карт, – одан кор-
бірақ оны танымаймыз.
ен онда осы қорқынышыңның суретін сал! –
ия.
здан соң сурет салынуы керек еді. Асқан ше-
қышкердің шүйдесі жыбырлағанын, бұлшық
ıң ширыққанын, саусақтарының қаламды іздей
ıын сездім. Бірақ шынымен де хас шебер бол-
ған осы күй оның рухындағы нақыш махабба-
ıен тереңдете түсетінін сезіп, бойын жинақтап

кер қария да мұны түсінгендіктен, біраздан
лынатын менің суретіме шабыт қоссын деп
ағы кітаптардан Әл Джәузияның Китаб-ур
ı, Газалиден, Китаб-ул Ахуал-ул Кияметтен,
ен өлімге қатысты дүниелер оқыды.
ıайша сендер сескене қарап отырған менің
ді салу кезінде осынау шебер нақышкер Өлім
сінің Жәннаттан бұл дүниеге, Шығыстың ең
ктесінен Батыстың ең қашықтағы жеріне дейін

жайылған мыңдаған қанаты болатынын, діндар, күнәсіз пенделер үшін осы қанаттың құшақтай жылы, ал күнәһарлар мен бұзақылар үшін әр қауырсын шегедей болатын сипатта болатынын естіді. Нақышкерлердің көбі тозаққа лайық деп мені шегелермен қоршап сызды. Алланың жандарынды алсын деп сендерге жіберетін періштесінің қолында сендердің әрқайсың туралы жазылған дәптер болатыны, сол дәптердің беттерінде ыспыңыз қара шеңбермен сызылған болатынын, бірақ ажал уақытын тек Алла білетінін; сол сәт келгенде аспаннан бір жапырақ түсетінін, осы жапырақты ұстап алып, оқығанның өлім кезегінің кімге келгенін біле алатындығын естіді нақышкер. Сол себепті менің суретімді қорқынышты, алайда есеп кітабынан бірдеңе түсінетін кейіпте салды.

Қуаяқ шал адам кейпінде келетін ажал періштесінің ұзын-тұзы таусылған кісіге қолын созып, жанын алғаннан кейін, айналаны күн сәулесі тәрізді ғажайып бір нұр басатынын оқығандықтан, ақылды нақышкер мені шұғыла шашқан кейіпте салды. Өйткені бұл сәуленің өлген адамның қасында отырғандарға көрінбейтінін білетін еді. Айлакер әрі қырсық шал Китаб-ур Рухтан бұрынғы зират тонаушылардың айтқандарын, кеудесінің әр жеріне шеге қағылған мүрдені, топырақты қазған кезде таза дененің орнына ерітілген қорғасын құйылған бас сүйектер шыққанын оқығандықтан, оны ыпта-шынтасымен тыңдаған тамаша нақышкер мені суретімді салып отырғанда қараған адамның зәресін алар барлық дүниені қосты.

Бірақ бұған кейін өкінді. Суретіме қосқан қорқыныш келбетінен емес, осы істі жасағаны үшін бармағын тістеді. Әкесі өкініш пен ұят үшін еске алған біреу

[illegible] Ол сауатынан өнер тамған шебер нақышкер менің суретімді салғаны үшін неге екен?

Олимпің суреті. Мен сонша шеберлікпен салынбағаным үшін. Өздерің көріп отырғандай, не венециялық ұлы шеберлер салған суреттердей, не Гераттың көне шеберлерінің қолынан шыққандай кіршіксіз емеспін. Ажалдың болмысына жараспайтын осынау жамау-жасқау халімнен мен де ұяламын.

Шалдың шайтани тәсілмен алдауына сеніп, мені салған шебер нақышкер ештеңе ойламастан өзін франк шеберлерінің стилі мен көзқарастарын қайталаушы біреу ретінде көрді де, көне шеберлердің алдында әдепсіздік жасағандай болғандықтан, түрлі ойлар ішін жегі құрттай кеміре бастаған.

Мұнда маған еттері үйреніп, күлімсірей қарауды бастаған кейбір кешелердің де ақылы жетуі тиіс бір дүние бар: Өліммен әзілдесуге болмайды.

Қазір менің суретімді салған шебер нақышкер түн баласы окініштен бір сәт тыным алмастан көшелерді кезеді де жүреді. Тура кейбір қытай шеберлері тәрізді озін «сурет» деп ойлайтын болса керек.

25. Менің атым Естер

Кызыл мұнаралы елі мен Каракеділінің қатындары білежік маталарынан күлгін және қызыл түсті шұға тапсырған-ды. Таңертең ерте оларды қоржынымма салып алдым. Жаңадан келген португал кемесінен алынған, қытай жібегінен жасалған матаның жасыл

түстілерін қалдырдым да, көк түстілерін дорбама салдым. Мына қыстың соны үзаққа созылатын түрі бар, қар да бітпей-ақ қойды. Сондықтан жүн байпақты да, қалың жүн кеудешелер, орамалдар, шәлілер мен желектерді де молынан алып, қоржыныма түрлі түсті қылып салып алдым. Бұл ең ынтасыз әйелдің де көзін қызықтыратындай-ақ. Кейін сауда-саттық емес, өсек-аяң үшін шақырған қатын-қалаштар үшін жеңіл әрі жұмсақ, бірақ қымбат қол орамалдар, әмияндар, әриегі бар монша сүлгілерін де қоржыныма салып алдам. Көтеріп көрсем, салмағы ауырлап кетіпті. Белім қайысып кетті. Жерге тастай салдым. Қоржынды қайта ашып, нені алып тастасам екен деген оймен тұрғанымда есік қағылды. Несім есік ашты да, мені шақырды.

Есіктің көзінде бет-аузы бозарған күң Хайрие тұр екен. Қолында хат.

– Шекуре ханым берді, – деп сыбырлады. Алабұртқаны сонша, тұрмысқа шыққалы жүрген адам дәл осының өзі екен деп қаласың.

Хатты салмақты кейіпте алдым да, алаңғасар қызға ешкімге көрінбестен үйіне қайтуды тапсырдым. Несім сұраулы көзбен қарап тұрған-ды. Хатты тасыған кездерімде ұстап жүретін ірі, бірақ жеңіл, алдамшы қоржынды қолыма алдым.

– Жезде Челебидің қызы махаббат жалынына шарпылып, лаулап жүр, – дедім, – ақылынан адасады-ау, бейшара!

Осылай деп қарқылдап күліп алдым да, тысқа бет-тедім. Бірақ неге екенін қайдам, іштей өз-өзімнен ұялдым. Шекуренің көңілін мазақ қылғанның орнына, оның мұңға толы өміріне көз жасымды төгер едім. Неткен мұңды едің, менің қара көзді сұлу қызым!

Елорешіне сұлықтан өдеттегісінен де жұтаң, жамаужелкау көрінген еврей махалласындағы үйлердің алдынан жылдам басып алыстап кеттім. Біраздан соң Хасанның көшесіндегі елеусіз бір бұрышты мекен етіп, өткен-кеткенге құлақ түріп, тың тыңдайтын соқыр қайыршыны көрген бетте бар дауысыммен «Қоржыншы» деп айғайладым.

– Әй, семіз қатын, – деді, – бақырмасаң да сені аяғыңның дыбысынан танимын.

– Ой, байғұс соқыр, – дедім, – бейшара татар! Соқырлар – Алла тәрк еткен құлдар. Құдай жазаңды берсін сенің.

Бұрын мұндай дүниелерге ашулана қоймайтынмын. Хасанның есігін әкесі, Шекуренің қайын атасы ашты. Әдепті, көзі ашық, сыпайы жан өзі.

– Осы жолы бізге не әкелдің, көрелік қане? – деді.

– Сенің жалқау ұлың әлі ұйықтап жатыр ма?

– Ұйықтағаны несі? Жолға қарап, сенен хабар күтіп отыр.

Бұл үйдің ішінің қараңғы болатыны сонша, әр келгенімде дәл бір көрге кіргендей боламын. Шекуре ешқашан осында не болып жатқанын сұрамайды. Алайда осы «мазарға» қайтып оралмасын. Бұл үй туралы үнемі осылай айтамын. Сұлу Шекуремнің бір кездері осы үйдің ханымы болғанын, тентек ұлдарымен бірге осы үйде өмір сүргенін елестетудің өзі қиын. Үйдің ішінен ұйқы мен өлімнің иісі шығып тұрады. Келесі бөлмеге – түнектің тап ортасына кірдім.

Мұнда адамның бір-бірін көруі тіптен мүмкін емес. Хатты қоржыннан шығара бергенім сол еді, алакөленкеден шыға келген Хасан оны қолымнан жұлып алды.

Әдеттегідей хатты оқысын, көңілі тыншысын деп оны жайына қалдырдым. Дереу басын көтерді.

Басқа ештеңе жоқ па? – деді, бірақ өзге еш нәрсенің болмайтынын біліп тұр еді. – Қып-қысқа ғана хат екен, – деді де, оқи бастады:

«Қара мырза, үйімізге келесің, күні бойы отырасың. Бірақ әкемнің кітабы үшін. Менің естуімше, бірде-бір мол жазу жазбайды екенсің. Әкемнің кітабын аяқтамай тұрып, бостан-босқа үміттенбей-ақ қой».

Хат қолында. Осы оқиғалардың бәріне дәл мен куәлідей көзіме тіке қарады. Мұндай үнсіз тесіле қалған сәттерді жақтырмаймын.

– Түрмыста екені, күйеуінің соғыстан оралатындығы туралы бірде-бір сөз жоқ, – деді. – Неге?

– Неге екенін мен қайдан білейін? – дедім. – Бұл хаттарды мен жазбаймын.

– Кейде оның өзінен күмәнданамын, – деді де, хатты он бес акчемен бірге кері қайтарды.

– Кейбір еркектер байыған сайын тарылып, сараңдана түседі. Сен ондай емессің, – дедім.

Осы адамның шайтани, асқан зейінді бір тұсы бар. Осынау түнек басқан әрі нашар жағдайына қарамастан Шекуренің не себепті әлі күнге хаттарды қабылдап жүргенін бірден түсіне қойдым.

– Шекуренің айтқан кітабы не нәрсе?

– Білесің ғой не екенін. Барлық ақшаны Падишамыз береді деп жүр ғой жұрт.

– Ол кітаптағы суреттердің кесірінен нақышкерлер бір-бірін өлтіріп жатыр, – деді, – ақшасы үшін бе, жоқ әлде Құдай сақтасын, дінімізді боқтағаны үшін бе? Ол

суреттерге бір рет көз тастаған адам бірден соқыр болып қалады екен дейді.

Бұл сөздерді жымиып тұрып айтқандықтан, сенетін, салмақты дүние емес екенін түсіндім. Ойлантатын сөз болғанның өзінде, мен шындап қабылдағаныммен оның сенетін жөні жоқ еді. Тасып жүрген хаттарға, менің делдалдығыма мұқтаж еркектер сияқты Хасан да тауы шағылғанда мені көзге ілмей қояды. Мен де бұл жағдайға ренжігендей сынай танытамын. Ал қыздар тауы шағылып, үміттері үзілгенде мені құшақтап жылайды.

– Сен, негізінен, ақылды әйелсің,– деді, Хасан менің бетімді қайтарып тастағанын жуып-шайған болып, – мынаны тез апарып бер. Әлгі сайқымазақтың жауабының қандай болатынын білгім келіп барады.

Бір сәт: «Қара сен ойлағандай ақымақ, әумесер емес!» – дегім келді іштей. Мұндай жағдайда бір-бірімен бәсекелес еркектерді өзара таластырып, қызғаныш отына май құю – ұсақ-түйек сататын Естерге жақсы табыс әкеледі. Алайда әлгі сөзді айтар болсам, ашуға мінер деп қорықтым.

– Көшеде тұратын татар қайыршы бар еді ғой, – дедім үйден шығып бара жатып, – ол барып тұрған антұрған, ұятсыз, әдепсіз адам екен!

Соқырмен тағы кездесіп қалмау үшін көшенің басқа тұсымен жүріп, Тауық базарынан өттім. Мұсылман жұрты тауықтың басы мен сирақтарын не себепті жемейді екен, ә? Қисынсыз! Топырағы торқа болғыр, нағашы әжем Португалиядан келген кездерінде арзан деп мол-мол қылып тауық сирағын қайнататындарын айтушы еді.

Кемераралығы махалласында құл-құтандары сап түзеген, аттың үстінде тіп-тік отырған, еңселі, өркөкірек, пашаның қызы ма, байдың қызы ма, әйтеуір маңғаз бір әйел көрдім де, күрсініп алдым. Әкесі бар өмірін кітапқа арнаған ақылы аздау біреу болмағанда, күйеуі Сефевилерге қарсы жасалған соғыстан олжамен оралғанда ғой, Шекуре де осы маңғаз қатын сияқты өмір сүрер еді. Мұндай өмірге ол өзгелерге қарағанда олдекайда лайық жан.

Қараның көшесіне жеткен кезде жүрегім тулап сала берді. Шекуренің осы нақұрыспен тұрмыс құрғанын қалаймын ба? Шекурені Хасаннан алыстау һәм байланыста ұстау қолымнан келеді. Алайда мына Қарамен ше? Оның Шекуреге ғашықтығынан басқа дүниесінің барлығы дұп-дұрыс. «Қоржыншы!»

Жалғызсыраған, салт басты, сабау қамшылы, қатынсыздықтан, байсыздықтан әумесерленген ғашықтардың қолдарына бір-бір хат ұстатып кетудің бақытынештенеге айырбастамаймын. Ең жаман хабарды күтіп жүрсе де, хатты оқитын кезде бәрінің көңілін үміт жайлайды.

Шекуре күйеуінің қайтып оралатындығы жайлы бір ауыз сөз айтпағандықтан, «Үміттенбе!» деген сөзін нақты бір шартпен байланыстырғандықтан, сөз жоқ Қараның үміттенуінің жөні бар еді. Хатты оқуын сүйсіне тамашаладым. Өңі қуаныштан алабұртып кетті, тіпті қорыққандай. Жауап жазу үшін бөлмесіне кеткенде мен де сансыз амалы бар саудагер әйелдің тәсілімен жалған қоржынымды аштым. Ішінен қара әмиян шығарып, Қара тұрып жатқан үйдің иесіне көрсеттім:

– Парсының ең жақсы шибаркытынан жасалған, – дедім.

– Ұлым Парсы соғысында өлді, – деді. – Сен Қараға кімнен хат әкеліп, кімге апарып жүрсің?

Өзінің немесе басқа біреудің бетпақ қызын Қараға тықпалау үшін амал-айла қарастырып жүргенін көздерінен оқып қойдым. «Ешкімнен, – дедім, – Байрампашадағы өлім аузында жатқан кедей бір туысы ақша сұрап жатыр».

– Ойбой, – деді менің сөзіме иланбастан, – ол бақытсыз кім?

– Сенің балаң соғыста қалай өлінті? – деп сұрадым ерегесіп.

Бір-бірімізге дұшпандар сияқты қарастық. Тұл, жалғызбасты бір әйел, өмірі неткен қиын! Қоржыншы, хат тасушы Естер болсаңыз, өмірде байлық, билік пен аңыздардан ғана табылатын адам сенгісіз махаббат хикаялары адамдарды қызықтыратынын көресіңдер. Өзгесі: қайғы-мұң, қызғаныш, өшпенділік, көз жасы, өсек-аяң мен бітіп болмайтын кедейшілік, үйдің ішіндегі ескі, түсі оңған кілем, бос жатқан бәліш табағының үстінде тұрған қалақша мен таба, пештің қасындағы қысқаш пен күл шелегі, біреуі үлкен, екіншісі кіші тозған сандық, үйде тек қана жесір әйел өмір сүретіні байқалмасын деген ниетпен әлі күнге ілулі тұрған сәлде қоятын зат, ұрыны қорқытуға арналған көне қылыш сияқты бір-біріне ұқсайды.

Риза болған Қара қолындағы әмиянымен етегі жер сызып кері оралды.

– Қоржыншы келіншек, – деді мені бақылап, не істеп жүргенімді білгісі келіп, өліп-өшіп бара жатқан үй иесіне естірте, – мынаны алып, бейшара сырқатқа апарып бер. Айтары болса күтемін. Айтпақшы, есіңе салайын, күні бойы Жезде Челебидің үйінде боламын.

Осыншама амал-айла жасап, ойын ойнаудың керегі жоқ. Қара сияқты келісті жігіттің ишарат күтіп, бет орамал, хат алып өзіне қыз таңдауында құпия болар-лықтай ештеңе жоқ қой. Әлде шынымен де үй иесінің қызына көз салып жүр ме? Кейде Қараға сенбеймін, оның Шекурені алдап кетуінен сескенемін. Күні бойы Шекуремен бір үйде болады да, бірде-бір рет ишара білдіре алмайды.

Көшеге шыққан соң әмиянды аштым, ішінен он екі акче және бір хат шықты. Хатта не жазылғанын білгім келгені сонша, Хасанға қарай құстай ұштым. Көкөніс сататын саудагерлер дүкендерінің алдына қырыққабат, сәбіздерін жайып қойыпты. Алайда менің «Естер, бізді де ұстап көрсеңші?» деп тұрғандай болған ірі-ірі пияз-дарға, өзге көкөністерге назар аударатындай мұршам да жоқ еді.

Көшеде соқыр татардың тағы да бірдеңе дегенін естідім. Оған «Түу!» – дедім де, жерге бір түкірдім. Баржоғы сол болды. Мына суық осындай оңбағандарды неге үсіріп өлтірмейді екен, ә?!

Хасан хатты іштей оқып тұрған сәтте өзімді зорға ұстадым. Ақыр соңында: «Сонымен» деппін ғой өзімді ұстай алмай. Хатты маған оқып берді:

«Жаным, Шекуре ханым, менен әкеңнің кітабын аяқтауымды сұрапсың. Менің одан басқа бір де-бір мақсатым жоқ екенін білгейсің. Ол үйге осы мақсатпен барамын. Сенің осыдан бұрын айтқаныңдай мазаңды алу үшін емес. Саған деген ғашықтығым – менің өз дертім екенін де жақсы түсінемін. Алайда осы махаббаттың кесірінен әкеңнің, Жездемнің қалағанындай кітапқа қажетті жазуларды бір түрлі жаза алмай жүрмін.

Ушқ сенің бар екеніңді сезсем болды, есім шығып, әкеңе көмектесе алмай қаламын. Көп ойландым, мұның да себебі бар. Он екі жылдан кейін жүзіңді терезеден тек бір рет қана көрдім. Қазір сол арман бейнеңді жоғалтып алудан, ұмытып қалудан қорқамын. Сені жақыннан тағы бір рет көрген болсам, бейнеңді ұмытудан қорықпай, әкеңнің кітабын тез арада аяқтар едім. Шевкет кеше мені асылып өлген еврейдің бос үйіне апарды. Бұл ием үйде бізді ешкім көрмейді. Бүгін өзіне ыңғайлы уақытта кел. Сол жерге барып күтемін. Шевкет кеше сенің түсіңде күйеуіңнің өлгенін көргеніңді айтты».

Хасан хаттың кейбір тұсын онсыз да шиқылдақ даусын тіптен жіңішкелетіп, қатын дыбыспен оқыса, кейбір жерлерін есінен адасқан ғашық жанның жалбарынған сәтіне ұқсатып, тағы бір тұсын қарқылдап күле отырып оқыған-ды. «Сені бір рет көргім келеді» деген тілектің парсыша айтылғанын мазақ қылды.

– Шекуренің өзіне сәл де болса үміт бергенін көрген сәттен Қара бірден саудаласа бастады, – деді, – Бұл есеп-қисап шын ғашықтың ісі емес.

– Ол шынымен Шекуреге ғашық, – дедім ақымақтықпен.

– Бұл сөзің маған сенің де Қараның жағында екеніңді көрсетеді, – деді, – Ағамның өлгенін түсінде көргенін жазуы, күйеумнің өлгенін қабыл етемін деген мағынаға келеді.

– Ол бір түс қой, – дедім.

– Мен Шевкеттің ақылды әрі өтірікші екенін де білемін. Бұл үйде қаншама жыл бірге өмір сүрдік. Шешесінің рұқсаты мен тапсырмасы болмаса, Шевкет Қараны асылып өлген еврейдің үйіне апармас еді. Ше-

күре ағамды, бізді қатардан шығарып тастағысы келсе қатты қателеседі! Ағам әлі тірі және соғыстан қайтып оралады.

Сөзін аяқтамастан ішкі бөлмеге кірді. Ошақтағы оттың жалынымен шам жақпақ болған, бірақ қолын күйдіріп алды да, баж ете қалды. Қолын жалай-жалай жүріп, шамды жағып күрсінің жанына қойды. Қауырсын қалам шығарып, сияға батырды да кішкенгай қағазға асығыс бірдене жаза бастады. Менің өзін бақылап тұрғаным оған ұнағанын бірден аңғардым. Алайда одан қорықпайтынымды көрсету үшін іштей қайраттандым.

– Әлгі асылып өлген еврей кім, сен білетін шығарсың?

– Үйлерінің арғы жағында сары үй бар. Бұрынғы Падишаның сүйікті дәрігері, байлардың байы Моше Хамон Амасия еврейлері тұтқындалып жатқанда бауыры мен оның көңілдесін көптеген жыл бойы осында жасырған деседі. Көп жыл бұрын Амасияда песах мейрамы кезінде еврей махалласында бір грек жігіті жоғалып кеткенде, оның қанынан қамырсыз тағам жасалу үшін өлтірілгені айтыла бастаған. Жалған куәгерлер шыққан соң еврейлерді өлім жазасына кесу де басталған. Сол кезде Падишаның сүйікті дәрігері осы сұлу әйелді бауырымен бірге алып қашып, Падишаның рұқсатымен осында жасырыпты. Падиша өлгеннен кейін дұшпандары сұлу әйелді қолға түсіре алмады, алайда жалғыз өмір сүріп жатқан әлгі кісіні дарға асқызды.

– Ағамның соғыстан оралуын күтпесе Шекурені де жазалайды, – деді Хасан маған хаттарды беріп тұрып.

Бірақ жүзінен ашуыза мен кек емес, шын ғашықтарға тән бақытсыздық пен мұң оқылып тұр еді. Қысқа

уақыт ішінде ғашықтық дертінің бұл адамды қарияға айналдырып жібергенін көздерінен көрдім осы сәтте. Кеденде тауып жүрген мол ақшасы оны жасарта алмапты. Беті қайтқан адамның көзқарасынан, қаншама қоқан-лоқыдан кейін оның менен Шекурені қалай алдауға болатынын сұрауы мүмкін екендігі ойыма оралды. Алайда мұны сұрай алмайтындай деңгейде нашар адам болуға айналған-ды. Адам өзінің жаман екенін мойындаса, махаббатта жауапсыз қалу басты себеп. Ізінен жауыздық оңай туады. Балалар айтып жүрген, тиіп кеткенін тіліп түсетін әлгі қорқынышты қызыл қылышынан, әрі ойыма түскен дүниелерден қорыққаным сонша, қашып құтылғым келді де, алақжұлақ етіп көшеге зорға шықтым.

Татар қайыршының балағатына осылайша қараптан-қарап ұрындым. Алайда дереу жинақталдым да, жерден алған тасты қол орамалына тастай бере:

– Ал қанекей, сорлы татар, – дедім.

Ақша деп ойлаған тасқа қарай қолын созғанына күлген де жоқпын. Балағатын тыңдамадым, жақсы күйеу тауып, түрмысқа шығарған қыздарымның бірінің үйіне тартып отырдым.

Балдай қызым кешегі күннен қалған, бірақ әлі де болса қытырлақтығын сақтаған, самалдық қосылған бәліш ұсынды маған. Түскі ас үшін мол жұмыртқа салып, мен жақсы көретіндей аздап өрік қосып, дәмін қышқылдандырған қозы етінен сірне әзірлеп жатыр екен. Ұсынған соң, көңілі қалмасын деп жаңа піскен нанға қосып екі кесесін жеп алдым. Жүзімнен дәмді компот қайнатып қойған екен, тартынбастан раушан тосабын алғызып, компотқа қостым да ішіп алдым. Одан соң Шекуремнің хаттарын апарып бердім.

26. Мен – Шекуремін

Хайрие Естердің келгенін айтқан кезде, кеше жуып, кептірген киім-кешектерді сандыққа салып жатқанмын демекші едім. Сендерге неге өтірік айтуым керек? Жақсы, Естер келгенде шкафтағы тесіктен әкем мен Қараны қарап отырған едім. Әрі Қара мен Хасаннан келетін хаттарды сабырсыздықпен күтіп отырғандықтан есіл-дертім Естерде болатын. Өйткені әкемнің өлімнен қорқуының астарында нақты бір күдік бар екенін сезгенімдей, Қараның да оны елеп-ескеруінің ғұмырының соңына дейін жалғаспайтынын білемін. Ғашық болғандығы үшін Қара үйленгісі келеді. Үйленгісі келгендіктен оп-оңай ғашық бола салды. Менімен не болмаса өзге біреумен үйленеді әрі үйленерден бұрын сол әйелге де дереу ғашық бола қалады.

Ас үйде Хайрие Естерді бір бұрышқа отырғызып, қолына бір кесе раушан шәрбатын ұстатып қойыпты. Маған кінәлі адамдай қарайды өзі. Хайриенің өзі көрген әр нәрсенің бірін қалдырмай әкеме айтатыны, оның қойнына кіргелі бері есімнен шықпай жүр. Қорқамын.

– Ой, сұлуым, мөлдір көздім, бақытым менің, кешігіп қалдым. Өйткені күйеуім әлгі Несім шошқа мені жібермеді, – деді Естер, – басыңа әңгір таяқ ойнатар байың жоқ сенің, қадірін біл мұның.

Хаттарды шығарған бетте қолынан жұлып алдым. Хайрие аяққа оратылмайтындай, бірақ барлығын ести алатындай бір бұрышқа кеттім. Жүзіме қарамасын деп Естерге теріс қарап, алдымен Қараның хатын оқыдым. Дарға асылған еврейдің үйін ойлаған сәтте денем дір ете қалды.

– Қорықпа, Шекуре, бәрін жеңесің, – дедім де Хасанның хатын оқи бастадым. Ол құтыруға шақ қалыпты.

«Шекуре ханым, сен дегенде отқа түскендей өртеніп жүрмін. Бірақ сен оған мән бермейсің. Түсімде шөл даланың құм төбелерінде сенің елесіңді қуалап жүргенімді көремін. Оқығаныңа көзім анық жететін хаттарымды жауапсыз қалдырған сәттеріңде жүрегіме жебе қадалғандай болады. Бәлкім, осы хатқа жауап беретін шығарсың деген ниетпен жазып отырмын. Балаларың естіп, одан соң жұртқа тарап кетіпті. Түсімде көрдім, күйеуім өлді, енді боспын дейтін көрінесің. Шын ба, өтірік пе, білмеймін. Білетінім, сен әлі күнге менің ағамның әйелісің. Осы үйге кіндігіңмен байланғансың. Әкем де маған рұқсат бергендіктен, бүгін сені үйге кері қайтару үшін қазыға барамыз. Адам жинап апарамын, әкең де білсін мұны. Қоржыныңды дайындай бер, үйге қайтасың. Жауабын дереу Естер арқылы беріп жібер».

Хатты екінші рет оқыған соң, ойымды жинақтадым да сұраулы көзбен Естерге қарадым. Алайда ол не Хасан, не Қара туралы жаңа ештеңе айта алмады.

Жалпақ шкафтың бір бұрышында тығып қойған қаламды дереу шығарып, қағазды нан кесетін тақтайшаның үстіне қойып, Қараға хат жазуды бастағалы жаттым да, тоқтай қалдым.

Есіме бірдеңелер түсті. Бұрылып Естерге қарадым. Раушан шәрбатын сүйсіне, көздері жұмыла ішіп отыр еді, бір сәт менің ойымдағыны Естердің білетіні қисынсыз көрінді маған. Қағаз бен қаламды орнына қойдым да, Естерге күлімсірей қарадым.

– Саған күлімсіреген жақсы жарасады, сұлуым! – деді маған. – Аландама, бәрі жақсы болады түптің-түбінде. Сен секілді хас сұлу, он саусағынан өнер тамған тапқыр қызға үйлену үшін жанталасқан бай мырзалар, пашалар қазір Ыстамбулда қисапсыз.

Білесіңдер, кейде иланатын дүниемізді өзге біреуге айтып қалатын сәтіміз болады. «Мен бұл сөзге оншa көп сене қоймасам да, неге иланбастан айтып қойдым?» деп сұраймыз кейін өзімізден.

– Бірақ Естер, екі балалы жесір қатынға кімнің үйленгісі келеді дейсің. Құдай үшін өтірік айтпай-ақ қой.

– Сен сияқты әйелмен үйленгісі келетіндер өте көп, – деді қолдарымен молдау дегенді білдіретін ишара жасап.

Көзіне тура қарадым. Оны ұнатпайтынымды ойлап тұрғам сол сәтте. Үндеген жоқпын. Ол өзіне хат бермейтінімді, тіпті кетуі керектігін түсінді. Естер кеткен соң, қалай айтсам екен, дәл сол үнсіздікті рухыммен сезініп, бір бұрышқа кеттім.

Ұзақ уақыт қабырғаға сүйеніп, ештеңе жасамастан тұра бердім. Өзімді ойладым, ішкі дүниемде күн санап күшейіп келе жатқан қорқынышты қалай жеңемін, не істеймін. Осы уақыт ішінде Шевкет пен Орханның жоғарыда айтып жатқан әңгімелерін де естіп тұрдым.

– Қатын сияқты қорқақсың, – деді Шевкет, – ту сыртымнан шабуыл жасайсың.

– Тісім босап қалды, – деді Орхан. Ойларым бір жағынан әкем мен Қараның арасындағы жайттарды бақылап тұр.

Нақыш бөлмесінің көк есігі ашық болғандықтан, олардың әңгімесі анық естіліп тұр.

– Италиялық шеберлердің портреттерінен кейін адам қорқынышпен еске алынады, – деді әкем. – Суреттегі көздер бір-біріне ұқсайтын, дөңгелек әрі қарапайым тесік емес, сәулені айнадай шағылыстыратын әрі құдықтай сіңіріп алатын біздің көздеріміз сияқты. Еріндер қағаздай тегіс беттің ортасындағы бір жарықшақ емес, керіліп, жұмсарып біздің бар қуанышымызды, қайғы-дертімізді, рухымызды көрсететін, әркайсысына тән қызыл түс те әркелкі, терең мағына қайнары ғой. Мұрындарымыз бетті екіге бөліп тұрған қабырға немесе бел емес, әркайсымыз үшін бөлек-бөлек пошымы бар, жаны бар, әр нәрсеге қызығатын құрал.

Суреттерін салғызған кәпірлер туралы әкемнің «біз» деп сөйлегеніне Қара да мен сияқты таң қалып отыр ма екен? Тесіктен қараған кезімде Қараның жүзі бозарып кетіпті, іштей қорқып кеттім. Жаным, қараторым менің, жүзін мұң торлаған жігітім менің, мені ойлай-ойлай түні бойы ұйықтамағандықтан өңің солғын тартып отыр ма?

Бәлкім, білмейтін шығарсыңдар. Қараның бойы ұзын, арықша келген, келісті азамат. Кеудесі кең, бадамдай көздері бар, сырбаз кейіпте, үлкен мұрны бар. Бала кезіндегідей қолдары жіңішкелеу әрі ұзын, саусақтары сүйіріктей, икемді. Орнынан тұрғанда тіп-тік, кең иықты көрінеді. Алайда дәл хамалдардікіндей аса кең емес. Бала кезінде кеудесі де, беті де қазіргідей қалыпқа келмеген сыңайда болушы еді. Он екі жылдан кейін, осы қараңғы бұрышта отырып алғаш рет көргенде оның кемелденгенін бірден аңғардым.

Көзімді тесікке тақап, ішке қарап едім, Қараның жүзінен он екі жылдан кейін мұң байқадым. Мен үшін осыншама қасірет тартқанына бір жағы мақтансам, бір

жағынан өзімді айыпты сезіндім. Кітабы үшін салынған бір суретке қарап отырып, әкемінің айтқандарын тыңдаған Қараның келбеті бейкүнә, бала бейнеде еді.

Дәл сол кезде бозғылт еріндерін керіп, аузын балдай ашқанын көргенде омырауымды оның аузына тоса қойғым келді іштей. Саусақтарым шүйдесінде, шашын сипалап жатқанда, Қара басын кеудемдегі шыңырауға тығып, жас нәрестелердің әдетімен омырауымның ұшын сора бастағанда, бақыттан көзін жұмып, шарасыз, әлсіз сәби сияқты тек менің шапағатыммен ғана бұл пәниде көңілі жай табатынын түсінер еді. Содан соң маған ақырына дейін бағынышты болуы тиіс-ті.

Өз ойларым өзіме ұнағаны сонша, аздап терлегенмен, Қараның әкем көрсеткен шайтан суретіне емес, емшектерімнің ірілігіне таң қалып, бар назарын соған аударғанын елестеттім. Тек омырауыма ғана емес, шашыма, мойныма, тұтас болмысыма мас адамдай қарап отырған-ды. Мені ұнатқаны сонша, жас кезінде айта алмаған барлық тәтті сөздерін айтып, жүзінен, көзқарасынан менің маңғаз халіме, сыр-сымбатыма, тәрбиеме, күйеуімді сабырмен әрі қайсарлықпен күтуіме, оған жазған хаттарымның әсемдігіне қайран қалғанын да көз алдыма келтірдім.

Жаңадан түрмысқа шықпауым үшін түрлі жоспарлар жасаған әкеме өкпеледім. Франк шеберлеріне іштарта жүріп салғызған суреттерінен, Венеция естеліктерінен жалықтым.

Көздерімді қайта жұмғанымда (Құдай ақы, мұны өз қалауыммен жасамадым) қиялымда Қара маған сондай сырбаз, әдемі кейіпте жақындады. Тіпті қараңғыда оны дәл қасыма келгендей сезіндім. Бірден арт жағым-

нан келіп, желкемді, құлақтарымның сырғалығын сүйгенін, аса қарулы екенін аңғардым. Қуатты, ірі әрі шымыр болғандықтан, оның дегеніне төзе білгендіктен өзімді қауіпсіз сезінгем. Қараңғыда арт жағымнан жанасқан дүниенің ірі екенін сезгендіктен, басым айналғандай болды. Япыр-ай, Қаранікі қандай екен, ә?

Кейде түсіме күйеуімнің өз ұлы мүшесін қинала көрсеткені кіреді. Байқағаным, күйеуім бір жағынан сефеви әскерлерінің найзалары, оқтары қадалған қан жоса кеудесін тіктеп жүруге тырысса, екінші жағынан менімен жақындасқысы келеді. Алайда, өкінішке қарай, арамызда дария бар. Дарияның арғы жағынан қансырап, жарақатын ауырсына тіл қатқанда оның ауындағысы дәу болып кеткенін көремін. Егер хамамда Гүллі келіннің айтқандары мен кәрі қақпастардың «иә, сондай болады» дегендері шын болса, күйеуімнің мүшесі өте үлкен де емес. Егер Қаранікі одан да үлкен болса, кеше Шевкеттен беріп жіберген бос қағазды алғаннан кейін, ышқырының төменгі жағынан байқалған ірі дүние шынымен сол болса (сөз жоқ сол еді), бәлкім, менің ішіме сыймас немесе қатты ауырсынатын шығармын деп сескенгем.

– Шеше, Шевкет мені мазақтап, әр нәрсемді қайталай береді.

Шкафтың қараңғы қуысынан шығып, үнсіз ғана келесі бөлмеге өттім. Сандықтан қызыл шұға желегімді алып, кидім. Менің төсенішімді шығарып алып, үстінде алысып-жұлысып жүр екен.

– Сендерге үйге Қара келгенде айғайламандар дегенім қайда?

– Шеше, ана қызыл желекті неге кидің? – деді Шевкет.

- Анашым, Шевкет мені мазақтай береді, – деді Орхан.

– Саған оны мазақтама демедім бе? Мына арам порсе мұнда неге жатыр? – Бұрышта бір тулақтың жартысы жатыр еді.

– Өлексе, – деді Орхан, – Шевкет даладан әкелген.

– Барыңдар, алған жерлеріне апарып тастаңдар оны!

– Шевкет апарсын.

– Барыңдар дедім ғой сендерге!

Оларды шапалақпен тартып жіберуден бұрын жасайтын әдетіммен ернімді ашумен тістелей бастағанымда, менің алған бетімнен қайтпайтынымды көрді де бірден қорқып, тысқа қарай жүгіре жөнелді. Құдайым-ай, тез қайта оралатын шығар, тоқа қоймас.

Барлық нақышкердің ішінен Қараны ұнаттым, өйткені мені көптен бері сүйеді әрі оның жан дүниесін танимын. Қағаз бен қалам алып, ештеңе ойланбастан бірден мына жолдарды жаздым:

«Жақсы, ақшам намазының азаны шақырылғаннан кейін дарға асылған еврейдің үйінде жолығайық. Әкемнің кітабын ертерек бітір».

Хасанға жауап бермедім, өйткені қазыға бүгін шыпымен барса да оның және әкесінің, жинап келген адамдарының бірден біздің үйге шабуыл жасай қоярына сенбеймін. Олай жасар болса, хат жазбастан, менен жауап күтпестен үйге бірден келер еді. Қазір менен хат күтіп жүрген шығар, жауап болмаған соң ашуланып, адам жинап, аз уақытта үйімізге ат ойнатып келуге құлшынар. Әрине, одан қорықпайды екен деменде. Ашығын айтар болсам, мені оның катерінен қорғауы

үшін Қараға сенемін. Алайда сендерге көңілімдегі ойды да айтайын. Бәлкім, Хасаннан қатты сескенбейтін шығармын. Себебі мен оны да сүйемін.

Сүю қайдан шықты десеңдер де, сендерге ашуланбай, айтқандарыңды құптаймын. Күйеуімнің соғыстан қайтып оралуын бір шатырдың астында жылдар бойы күткенімде бұл кісінің қандай нашар, әлсіз әрі пайдакүнем біреу екенін талай көргем. Бірақ Естер оның қазір мол табыс тауып жүргенін айтқан, оның жалған емес екенін Естердің қастарын керіп тұрып айтқанынан білгем. Ақыры ақшасы көбейіп, өзіне деген сенімі нығайғандықтан Хасанның мен жақтырмайтын жаман әдеттерінің ғайып болғандығын, мені өзіне баурап ала бастаған қараңғы, перідей, оғаш сипаты байқала бастағанын ойлап қоямын. Бұл қырын оның маған қырсықтықпен жолдап жүрген хаттарынан таптым.

Қара да, Хасан да маған ғашық болғандықтан көп азап тартты. Қара он екі жыл шалғай өлкелерге кетті, жоқ болды, көңілі қалды. Хасан күн сайын жиегіне құстар мен еліктердің суреті салынған хат жолдады. Ол хаттарды оқи-оқи алдымен одан қорқуды, одан соң оны қызықтауды үйрендім.

Хасанның да менің барлық қылығымды, әр нәрсемді қызықтап, тіміскіленіп жүретіндігін жақсы білгендіктен түсімде күйеуімнің өлгенін көргенімді естіп қойғанына таң қалғам жоқ. Күмәнім өзгеде, шамасы Қараға жолдаған хаттарымды Естер Хасанға оқытатын тәрізді. Сондықтан Қараға Естерден жауап жібермедім. Менің шүбәмнің дұрыс-бұрыстығын сендер білерсіңдер.

– Қайда жүрдіңдер? – деп сұрадым балалар қайтып келген кезде. Бірақ менің бұл сөздерді шын ашу-

мен айтпағанымды олар бірден түсінді. Мен болсам, Орханға байқатпастан Шевкетті оңашалап, қараңғы шкафтың жанына шақырып алдым. Құшақтадым оны. Мойнынан, шашынан, желкесінен өптім.

– Әбден тоңыпсың ғой, жаным, – дедім, – қане, әдемі қолдарында бер маған, анаң жылытып берсін.

Қолдары өлексе сасып тұр еді, бірақ тіс жарғам жоқ. Басын кеудеме басып, жақсылап құшақтадым. Біраздан соң бойы жылынды да, рахаттанып пырылдаған мысықтай болып, жата қалды.

– Ананды өте қатты жақсы көресің бе?

– Мммммм.

– Солай ма?

– Иә.

– Бәрінен де қатты жақсы көресің бе?

– Иә.

– Олай болса, мен саған бірдеңе айтамын, – дедім бір сыр айтатын кейіппен, – алайда ешкімге айтпайсың, жарай ма?

Құлағына сыбырладым:

– Мен де сені бәрінен қатты жақсы көремін, түсіндің бе?

– Орханнан да қатты жақсы көресің бе?

– Орханнан да. Орхан әлі кішкентай, балапан сияқты, ештеңе түсінбейді. Сен ақылдысың, түсінесің бәрін.

Шашынан иіскеп, маңдайынан сүйдім.

– Сол себепті, саған айтар бір өтінішім бар. Кеше Қара мырзаға бір бос қағаз апарып беріп едің ғой, жасырын түрде. Бүгін де апарасың оған, жарай ма?

– Әкемді сол өлтіріпті.

– Не?

– Әкемді сол өлтіріпті. Кеше дарға асылған еврейдің үйінде өзі айтты.

– Не деді?

– Сенің әкеңді мен өлтірдім деді. Мен көп адам өлтіргем деді.

Бір сәт не болғанын түсінбей қалдым. Шевкет құшағымнан шығып, жылап тұр еді. Неге жылайды бұл бала? Дереу өзімді тежей алмай, оны шапалақпен тартып жібердім. Ешкімнің мені тасжүрек деп ойлауын қаламаймын. Алайда менің олардың өз жақсылықтары үшін тұрмыс құрғым келген еркек туралы бұлай дегеніне ашуландым.

Байғұс жетімнің әлі де жылап отырғаны менің көңілімді бұзды. Өзім де жылауға шақ қалдым. Бір-біріміз-ді құшақтадық. Ара-тұра өксіп, бақырып алады, бірақ бұл шапалақ соншама жылайтындай дүние ме еді? Шашынан сипадым.

Бәрі былай басталған: сөз арасында түсімде күйеуімнің өлгенін көргенімді алдыңғы күні әкеме айтқанымды білесіңдер. Шын мәнінде Парсы өлкесіндегі соғыстан оралмаған төрт жылда түсімде талай мәрте көргем, өлі жандарды да көргем, бірақ өлген адам соның өзі ме, өзге біреу ме, ол жағы анық емес еді.

Жайшылықта түс дегеннің көп жерде пайдасы тиеді. Естердің нағашы әжесі келген Португалияда түс көру зындықтардың[1] шайтанмен кездесіп, өбісіп, аймаласуы үшін іске жарайды екен. Сол кездері Естердің әулеті еврейліктен бас тартып, сендер сияқты христиан

---

[1]*Зындық* – құдайға немесе ақыретке сенбейтіндер. Заратустра кітабы Авестаның түсіндірмесі саналатын «Зенд» кітабын ұстанған топ. Исламда мұсылман сияқты көрінгенімен, іс жүзінде ислами сенімді қабылдай алмағандарға айтылады.

католик болдық десе де, Португалия шіркеуінің иезуит жендеттері бұған сенбей, барлығын азаптап, түстерінде көрген жындар мен шайтандар туралы айтқызады екен. Тіпті ешқашан көрмеген түстерді азаппен мойындатып, еврейлердің барлығын ұстап алуға тырысатын көрінеді. Демек, ол жақта түс көру деген шайтанмен байланыс жасау, адамдарды айыптап, өртеп жіберуге де жарайды екен.

Түс көруді үш жерде пайдалануға болады:

Әліп:

Бір нәрсе тілейсің. Бірақ оны тілеуге де рұқсат жоқ. Сонда түсімде көрдім дейсің. Осылайша тілекті өзің қаламастан сұрағандай боласың.

Бә:

Біреуге жамандық жасағың келеді. Мысалы, біреуге жала жабасың. Сол кезде түсімде көрдім, бәлен ханым зина жасайды екен дейсің немесе бәленше пашаға құмыра толы шарап апарылып жатыр, түсімде көрдім дейсің. Осылайша адамдар сенбесе де жамандықтың бір мысқалы айтылғаннан кейін дереу есеп дәптеріне жазылады.

Джим:

Бірдеңе қалап тұрасың, бірақ не тілегеніңді өзің де білмейсің. Шым-шытырық бір түсті айтып бересің. Дереу жорып, не тілеуің керектігін, тілегіннің орындалатынын немесе олай болмайтынын айтады саған. Сөйтіп, күйеу, бала, үй керек екендігін түсінесің...

Бұл түстер шындығында біз ұйықтап жатқанда көретін дүниелер емес. Әркім күндіз көргендерін бір пайдаға ассын деп түнде көрдім деп айтып береді. Түнде көрген шынайы түстерін тура коргеніндей етіп әдетте ақымақтар айтады. Ол кезде не сені мазақ қылады,

не түсінді жаманға жориды. Шынайы түстерді, тіпті оларды көрген адамдардың өздері де, жалпы барша жұрт байыпты қабылдамайды. Әлде сендер мұндай түстерге байыппен қарайсыңдар ма?

Жарты ауыз сөзбен айтылған бір түс арқылы күйеуімнің өліп қалуы мүмкін екенін білдіргенімде әкем бұл түстің шындықтың бір белгісі ретінде қабылдана қоюы екіталай болатынын сөз еткен. Бірақ жаназа намазынан қайтып келгеннен кейін әкем бұл түсті күйеуімнің өлгенін білдіреді деп жори салды. Осылайша төрт жыл бойы өле алмаған күйеуім көрген түсімде ажал құшқаны үшін оған бәрі сеніп қана қойған жоқ, бұл өлімді бәрі қабыл етті. Дәл бір өлгені ресми түрде жарияланғандай болды. Балалар шынымен жетім қалғандарын сол кезде түсінді әрі мұңға батты.

– Түс көресің бе? – деп сұрадым Шевкеттен.

– Иә, – деді күлімсіреп, – әкем келмепті, бірақ мен сенімен үйленіппін түсімде.

Қырлы мұрыны, қара көздері, кең иығы әкесіне емес, маған ұқсаған. Әкелерінің кең әрі биік маңдайын шақша бас ұлдарының екеуіне де бере алмағаным үшін өзімді кейде кінәлі сезінемін.

– Қане, барып бауырыңмен қылыштасып ойнай ғой.

– Әкемнің ескі қылышымен бе?

– Иә.

Балалардың қағысқан қылыштары мен қалқан дыбыстарын тыңдап біраз уақыт төбеге қарадым әрі жан дүниемде пайда болған қорқыныш пен буырқанысты жеңуге тырыстым. Ас үйге түсіп, Хайриеге былай дедім:

– Әкем біраз уақыттан бері балық сорпасын сұрап жүр. Бәлкім, сені Қадырға айлағына жіберермін. Мына

Шевкет жақсы көретін кептірілген жемісті жасырған жеріңнен шығарып, балаларға бер.

Шевкет ас үйде тамақ ішіп отырғанда, біз Орхан екеуміз жоғарыға көтерілдік. Оны құшағыма алып, мойнынан сүйдім.

– Әбден терлепсің ғой, – дедім, – мына жеріне не болған?

– Шевкет ағайдың қызыл қылышы бардай ұрып жіберді.

Көгеріп қалыпты, – деп сипадым. – Ауырып тұр ма? Шевкет дегенің бір ақылсыз бала екен. Қара, саған бірдеңе айтамын. Сен өте ақылдысың, кішіпейілсің. Саған бірдеңе тапсырайын дегем. Жасасаң Шевкетке де, ешкімге де бермей жүрген нәрсем бар, соны беремін саған.

– Не?

– Мына қағазды көрдің бе? Атаңның қасына барасың. Оған көрсетпестен мұны Қара мырзаның қолына бересің. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Орындайсың ба өтінішімді?

– Маған беретін жасырын нәрсең не?

– Сен қағазды апарып бер, – дедім.

Жұпар аңқыған мойнынан тағы да сүйдім. «Жұпар» деп сөздің ыңғайымен айта салдым. Әйтпесе бұл балаларды Хайриенің хамамға апармағанына қаншама уақыт болды десеңші?! Моншадағы жалаңаш әйелдерді көргенде Шевкеттің мүшесі тұрып кетуді бастағаннан бері барған жоқ бұлар.

– Сырды кейін айтам саған.

Сүйдім.

– Өте ақылдысың! Сен сымбаттысың! Шевкет ақылсыз. Ол анасына қол көтеруден де қашпайды.

– Апармаймын, – деді, – Қара ағайдан қорқамын. Әкемді өлтіріпті ол.

– Шевкет айтты ғой, ә? – дедім, – Бар, төменге түс те, оны шақырып кел!

Ашуымды жүзімнен көргендіктен қорқынышпен құшағымнан шықты да, төменге кетті. Шапалақтың Шевкеттің бетіне тиетінін сезгендіктен іштей разы да шығар, бәлкім. Біраздан кейін екеуі де өңдері қашып, бозарып жетті алдыма. Шевкеттің бір қолында қауынқақ, келесі қолында қылыш.

– Бауырыңа Қара мырзаның әкелеріңді өлтіргенін айтыпсың, – дедім. – Енді қайтып бұл үйде ондай әңгіме айтылмайды. Қара мырзаны жақсы көруге, құрметтеуге міндеттісіңдер! Түсінікті ме? Барлық ғұмырларыңды әкесіз өткізе алмайсыңдар ғой.

– Мен оны қаламаймын. Мен өз үйіме, Хасан ағамның қасына барып, әкемнің келгенін күтемін, – деді Шевкет қитұрқылық танытып.

Ашуымның келгені соншалық, шапалақпен бір тарттым. Қылышты әлі тастамаған еді, қолынан түсіп кетті.

– Әкемді сағындым, – деді жылап тұрып. Бірақ мен одан да бетер егіліп, көз жасыма ерік бердім.

– Әкелерің енді жоқ, келмейді, – дедім жылап тұрып. – Әкесіз қалдыңдар, түсіндіңдер ме, жетесіздер.

Егіле жылағаным сонша, үйдің ішіндегілер естіп қойған шығар деп қорықтым.

– Біз жетесіз емеспіз, – деді Шевкет.

Ұзақ, шерімізді тарқата жыладық. Біраздан соң жылағанның жүректі жібітіп, мені жақсы адамға айналдырғаны үшін жылағанымды сезіндім. Жылай-жылай бір-бірімізді құшақтап, төсекке жата кеттік. Шевкет басын кеудеме қойып, тұмсығын омырауымның арасы-

на тығып алған-ды. Кейде осылай бауырыма тығылып жатқанында оның ұйықтамағанын да сеземін. Олармен бірге мен де ұйықтар едім, алайда ақылым төменде еді. Қайнап жатқан тәтті тосаптың иісі келді мұрынға. Бірден атып тұрып, маңайды салдыр-күлдір еткізіп едім, ол балар да оянып кетті.

Төменге барыңдар, Хайрие қарындарыңды тойдырсын!

Болмеде жалғыз қалдым. Қар жауа бастапты.

- Алла Тағала, маған жәрдем етші, – деп дұға қылдым. Содан соң Құран Кәрімді ашып, Али Имран сүресінен соғыста, Алла жолында өлгендердің Алланың қасына баратынын тағы бір рет оқып, марқұм күйеуім үшін көңілім жайланғандай болды. Әкем Қараға Падишамыздың әлі аяқталмған суретін көрсетіп пе еді? Бұл сурет адамды баурап алатын, шынайы болатынын айтатын, суретке қараған кісі Падишамыздың жанарына тура қарағандай, қорқыныштан көздерін басқа жаққа аударатын көрінеді.

Орханды шақырдым қасыма, құшақтамастан басынан, бетінен иіскедім.

– Енді қорықпай, атаңа да көрсетпей, дереу мына қағазды Қараға бересің. Түсінікті ме?

– Тісім босап қалыпты.

– Қайтып келген соң, қаласаң суырып тастаймыз тісінді, – дедім. – Оған барып, құшақтай кет, ол да сені құшағына алады. Сол кезде қағазды білдірместен қолына ұстата сал. Түсіндің бе?

– Қорқамын.

– Қорқатын ештеңе жоқ. Қара болмаса, оның орнына кім саған әке болғысы келеді? Хасан ағатайың ба? Хасан ағайынның әкең болғанын қалайсың ба?

Жоқ, қалмаймын.

Ондай болса, қане, бара ғой, көрікті, ақылды Орханым! – дедім. – Есінде болсын, орындамасаң ашуланамын. Жыласаң тіптен ашуланамын.

Үмітсіздікпен әрі амалсыздықтан созған қолына хатымды бүктеп-бүктеп ұстаттым. Аллам, бәрін де осы жетімдер аш-жалаңаш қалмасын деп жасадым, сен жәрдем ете гөр. Қолынан жетектеп есікке әкелдім. Есік алдында маған қорқа, үрпиіп тағы бір рет қарады.

Бұрышыма барып, тесіктен оның тартыншақтаған қадаммен диванға барғанын, әкем мен Қараға жақындағанын, тоқтағанын, бір сәт амалсыздан солай тұрып қалғанын, мені іздеп артқа, тесікке қарағанын көрдім. Жылай бастады. Бірақ соңғы сәтте бойын жинақтап, Қараның құшағына кіріп кетті. Балаларыма әке болуға лайық адам ретінде мүмкіндік алатындай деңгейде қабілеті жеткен Қара құшағында не себепті жылағаны белгісіз Орханды көргенде, асып-саспай баланың алақанын сипай бастады.

Әкемнің аң-таң болған көзқарасына қарамастан Орхан кері оралған бетте құшақтап алдым, ұзақ сүйдім, төменге, ас үйге түсіріп, аузына өзі жақсы көретін мейіздерді салып:

– Хайрие, сен балаларды алып Кадырға айлағына барыңдар, Костаның дүкенінен әкем үшін сорпалық кефаль алыңдар. Міне, жиырма акче, балықтан артылғанына қайтар жолда Орханға жақсы көретін сарғылт інжір мен кептірілген тұт аларсыңдар. Шевкетке қуырылған ноқат пен жаңғақ қосылған шұжық ал. Ақшам азаны шақырылғанға дейін қалауларынша қыдырт, бірақ абайла, тоңып қалмасын, – дедім.

Бәрі киініп, тысқа шыққаннан кейін үй тып-тыныш боп қалды. Бұл маған ұнады. Жоғарыға көтерілдім,

кійіп атам жасаған, күйеуім маған сыйға берген айнаны сақтап қойған жерімнен, лаванда иісі аңқыған жастық тыстарының арасынан шығарып, іліп қойдым. Ұныстан, тура қарсы алдына тұрып қарағанда, сәл қимылдасам болды тұтас кеудемді айнадан көре аламын едім. Қызыл шұғадан тігілген желегім өзіме әдемі жарасып тұр. Алайда анамның жасауға берген сандығынан шығарған күлгін көйлек те ішімде болғанын ұмытпадым. Сандықтан, нағашы әжемнің өз қолдарымен гүл кестелеген арахис түстес кардиганды да шығарып кидім, алайда жараспады. Күлгін көйлекті киген сәтімде тоңдым, тітіркендім, менімен бірге май шамның жарығы да дірілдеп тұрғандай болды. Ең соңында, іші түлкі жүн, қызыл феражемді[1] киюім керек еді, алайда соңғы сәтте пікірім өзгерді де, диванды үнсіз айналдым да, анам берген кең, әрі ұзын көгілдір түсті жүн феражені сандықтан шығарып, киіп алдым. Бірақ сол сәтте есік жақтан дыбыстар естілген сәтте, абдырап қалдым. Қара кетіп бара жатыр! Дереу анамның ескі феражесін шештім де, түлкі жүнді қызыл феражені кидім. Омырауымды тырыстырып тұр. Бірақ өзіме ұнады. Ең жұмсақ, ең аппақ бетпердемді тақтым, бетіме сәл ғана түсіріп алдым.

Қара мырза әлі шықпаған еді, көңілім алаңдап жүргенде қателесіппін. Қазір шықсам әкеме, балаларға балық сатып алу үшін шыққан едім деймін. Баспалдақтан мысықтабандап, жым білдірместен түстім.

Есікті де білдірместен жаптым. Ауладан үнсіз отіп, көшеге шыққан соң, сәл аялдап артыма қарағам,

---

[1]*Фераже* – Осман империясы кезінде әйелдердің далаға шыққанда киетін сырт киімі. Ұзын әрі жеңі бар, жағасыз, қара түсті болып келеді әдетте. Сұлық киімге ұқсайды.

бетперденің арғы жағынан қарағанда үй біздің үйіміз еместей болып көрінді.

Көшелерде ешкім жоқ еді, тіпті мысықтар да жоқ. Тек қар ұшқындап тұр екен. Күн сәулесі ешқашан түспегендей сыңайда, иелері тәрк еткен бақшага сескене кірдім. Шіріген жапырақ, ылғал мен өлім иісі шығады онда, бірақ дарға асылған еврейдің үйінің ішіне кірер-кірместен өз үйімде жүргендей сезіндім. Осында түнде жындар жиналып, ошақ жағып, араларында сауық кеш ұйымдастыратынын айтады жұрт. Бос үйде өз аяғыннын дыбысын тыңдау қорқынышты екен. Қимылдамастан күттім. Бақшадан тықырлаған дыбыс естілді де, бірден тып-тыныш бола қалды. Жақын бір жерден иттің үргені естілді. Біздің махалланың барлық иттерін үргенінен танимын. Ал мынаны ажырата алмадым.

Осы дыбыстан кейін үйдегі мүлгіген тыныштықта басқа біреу бардай көрінді. Ол кісі аяғымның дыбысын естімесін дегендей қимылсыз тұрмын. Көшеде біреулердің әңгімелесіп кетіп бара жатқанын естігенде Хайрие мен балаларды ойладым. Иншалла, тоңа қоймас. Одан кейінгі тыныштық кезінде бірте-бірте ішімді өкініш керней бастады. Қара келмейді, мен қателік жасадым, сағым сынбай тұрып үйге қайтуым керек еді. Хасанның мені бақылап тұрғанын қорқынышпен елестеткен сәтімде бақша жақтан дыбыс естілді. Есік ашылды.

Бірден тұрған орнымды жедел өзгерттім. Неге осылай жасағанымды білмеймін, бірақ бақша жаққа қараған терезенің сол жағына өткенімде, үстіме түскен сәуледен Қараның мені, әкем айтқандай көлеңкелер ішінен көре алатынын аңғардым. Пердемді жаптым да аяқ дыбысын тыңдап, күттім.

Есіктің табалдырығын аттап, мені көрген бетте Қара бірнеше адымнан кейін тоқтай қалды. Осылайша арамыз бес-алты ғана қадам, бір-біріміздан көз алмай қарап қалыстық. Тесіктен көрінгеніндей емес, әлдеқайда мығым, қайратты екен. Үнсіздік орнады.

– Перденді аш, – деді сыбырлағандай болып. – Мейірімділік танытшы.

Мен тұрмыстамын. Күйеуімді күтіп жүрмін.

Бетперденді аш, – деді сол әуезбен, – ол ешқашан оралмайды.

– Мені мұнда осыны айту үшін шақырдың ба?

– Жоқ, сені көрсем деп. Он екі жыл бойы сені ойлаумен келемін. Бетперденді ашшы, жаным, бір рет көрейін жүзінді.

Бетпердемді аштым, еш тіл қатпастан, көзіме, жүзіме тесіле ұзақ қарауы ұнады маған.

– Тұрмыс құруың, бала тауып, ана атанғаның – сені іштен құлпыртып жіберіпті. Бейнеңде менің есімде қалғандағыдан әлдеқайда басқаша болыпты.

– Мені қалай есіне алып жүруші едің?

– Қасіретпен. Өйткені есіме алған сайын ойыма оралған нәрсенің сен емес, сенің елесің екенін ойлайтынмын. Бала кезімізде бір-бірінің суретін көріп ғашық болған Хұсрау мен Шырын жайлы әңгімелескеніміз есіңде емес пе? Шырын сымбатты Хұсраудың суретін ағаштың бұтағында ілулі тұрған жерден алғаш көргенінде неге бірден ғашық болмайды да, сүю үшін ол суретті үш рет көруі керек еді? Сен аңыз-әпсаналарда әр нәрсенің үш реттен болатынын айтар едің. Мен ғашықтықтың алғашқы суретте-ақ алаулауы керектігін айтатынмын. Алайда Хұсраудың суретін оған ғашық болатын деңгейде шынайы, оны танитындай

омырауымның ұшын да тілімен қытықтағанын, аузына апарғанын қаладым. Оны толық жасай алмады. Өйткені өзінің не істеп жатқанына көзі жетпеген-ді. Тура өзінің не істеп, не қойып жатқанын білмейтіндей көрінген, бірақ іс-қимылынан гөрі сапасындағы қиялы мен арманы, қалауы мол болса керек. Осылайша бір-бірімізді қатты құшақтаған сайын арамызға қорқыныш пен ұят кіре бастады. Жамбасымнан ұстап, мені өзіне қарай тартты да, қатайған ұлы мүшесін ішіме тіреді. Алдымен ұнаттым оны, қызықтым, ұялмадым, осыншама уақыт құшақтап тұрсаң бұл да осындай болуы тиіс дедім өзіме іштей мақтанышпен. Кейін оны ортаға шығарған сәтінде басымды басқа жаққа бұрып әкеттім, алайда ұлы мүшесінің үлкендігі сонша, бақырайған көздерімді одан айыра алмадым.

Біраздан соң қыпшақ әйелдері, моншада хикая айтатын әдепсіз қатындар да бір сәт тәуекел ете алмайтын анайы қылықтар жасауға мені мәжбүрлеген кезде әрі таң қалып, әрі не істерімді білмей тұрып қалыппын.

– Қабағыңды шытпашы, жаным! – деп жалынды маған.

Орнымнан тұрдым да, оны итеріп, қатты ренжіп қалар-ау деместен оған ұрсып, айғайлай бастадым.

27. Менің атым Қара

Дарға асылған еврейдің үйінде, алакөленке ішінде әдемі қабағын түйіп, маған ұрысқан Шекуренің ойынша, қолыммен ұстаған ұлы мүшемді Тбилисиде кез-

істірген черкес қыздарының, қыпшақ жәлептерінің, қонақ үйлерде сатылатын кедей келіндердің,[1] түркімен мен парсы жесірлерінің, Ыстамбулда күн санап саны өсіп келе жатқан жезөкшелердің, мингериялық еркек-жанды қатындардың, қызуқанды абазиндер мен армян қақпастардың, генуялық және сириялық жәдігөйлердің, екіжүзді зеннелердің,[2] ашкөз оғлан-ұлдардың ауылына оңай сұға аламын, бірақ Шекуренікіне емес. Арабстанның шағын әрі ыстық кенттерінің тар көшелерінен Хазар теңізінің жағалауына, Парсы өлкесінен Бағдатқа дейін сан түрлі арзанқол, нашар заттар сатып қаңғығандықтан, мен Шекуренің ашумен айтқан сөздеріне қарағанда ар-ұят дегенді ұмытқан екенмін, кейібір әйелдің намысы болатынын да естен шығарыппын. Демек, мен айтқан ғашықтық әңгімелерім де шын көңілден шықпаған көрінеді.

Сүйіктімнің мені айыптаған сөздерін күрметпен тыңдап, қазіргі жағдайымнан, тап болған оғаш жағдайдан ұялуын ұялып тұр едім. Бірақ мені қуантқан екі нәрсе бар болатын:

1. Көбінде осындай жағдайларда басқа қатындарға айуандықпен жасайтынымдай, Шекуренің ашу-ызасы мен сөздеріне тура сондай сөзбен жауап қайтаруға тырыспадым.

2. Шекуренің менің сапарым жайлы артығымен білетінін, демек, мені өзім ойлағаннан әлдеқайда көп еске алатынын аңғарған едім. Қалауым жүзеге аспа-

---

[1]*Кедей келіндер* – жеңіл жүріспен ақша табатын әйелдер, жезөкшенің түрік тіліндегі атауларының бірі.

[2]*Зенне* – ескі дәстүр бойынша той-томалақта әйелше киініп, әйелдің рөлін ойнайтын еркектердің аты. «Зенне» парсы тілінде әйел дегенді білдіреді.

ғанға күйзелгенімді көрген Шекуре қазірдің өзінде мен үшін мұная бастады.

– Мені шынымен ессіз сүйсең, – деді өзін кешіртуді қалаған адамша, – намысты еркектер сияқты өзіңді, нәпсіңді тежеп, қосылсақ деп шынайы армандаған әйелдің абыройын таптауға ұмтылмас едің. Менімен үйленгісі келіп, сансыз амал-айла жасап жүрген жалғыз сен емессің. Сенің осында келгеніңді біреумірею көрді ме?

– Жоқ.

Он екі жыл бойы есіме түсіре алмаған бал-бұл жанған жүзін қар басқан, қараңғы бақшада біреу жүргендей есікке қарай бұрды, әрі өзін қырынан тұрғанда көру ләззатын да сыйлады маған. Бір сәт тықырлаған дыбыс шыққаны сол еді, екеуміз де үнсіз қалып, күттік, бірақ есіктен ешкім кірмеді. Тура он екі жастағы кезінде де менен әлдеқайда көп нәрсе білетіндіктен Шекуренің тылсым сезіміп оятқанымды еске алып тұр едім қазір.

– Дарға асылған еврейдің аруағы жүреді мұнда, – деді.

– Осында келіп тұрасың ба?

– Жындар, албастылар, жалмауыздар... Бұлар желмен келіп, заттардың ішіне кіреді, үнсіз тұруы тиіс заттан да дыбыс шығарады. Әр нәрсе сөйлеп сала береді. Мұнда келудің қажеті жоқ. Бәрі солай айтады.

– Шевкет мені осында өлген мысықты көрсетуге ертіп келген. Бірақ жоқ екен.

– Оған әкесін өлтіргеніңді айтыпсың.

– Тура олай дегем жоқ. Әңгіме соған тіреліп тұр ма? Оның әкесін өлтіргенше, оған әке болғым келеді.

– Неге әкесін өлтіргеніңді айттың?

Алдымен менен: «Сен адам өлтіріп көрдің бе?» – деп сұрады, оған шындықты, екі адамды өлтіргенімді айттым.

Мақтану үшін бе?

Біріншіден, мақтану үшін, екіншіден, анасын сүйістіндігім үшін баланың көзіне түскім келді. Өйткені анасының сол кішкентай тентектерге үйдегі соғыс оқиғаларын көрсетіп, әкелерінің майдандағы ерліктерін айтып шабыттандыратынын аңғардым.

Олай болса, мақтан! Өйткені сені жақсы көрмейді екен.

– Шеквет ұнатпайды мені, бірақ Орхан жақсы көреді, – дедім сүйіктімнің бір қатесін тапқанның мақтанышымен. – Алайда екеуінің де әкесі боламын мен.

Бір сәт жартылай қараңғыда елес тәрізді бір заттың көлеңкесі өткендей болды арамыздан. Селк етіп, дірілдеп, үрпиісе қалдық. Өз-өзімізге келгенде Шекуре жылап отыр еді.

– Байғұс күйеуімнің бір бауыры бар. Есімі – Хасан. Күйеуімнің оралуын күтіп жүргенде, екі жыл бойы онымен және қайын атаммен бір үйде тұрдық. Маған ғашық болды. Қазір бірдеңеден күмәнданып, менің біреумен, бәлкім, сенімен тұрмыс құратынымды елестетіп, жынданып кете жаздайтын көрінеді. Маған сондай хабар жетті. Мені зорлықпен үйіне апаргысы келеді екен. Қазының ойынша, мен жесір саналмағандықтан, мені күйеуім үшін үйлеріне кері қайтаратындықтарын айтып жүр. Кез келген сәтте үйімізге басып кірулері мүмкін. Әкем де қазының шешімімен жесір атануымды қаламайды. Өйткені ажырассам жаңа күйеу тауып, оны тастап кететінімнен қауіптенеді. Анам қайтыс болғаннан кейін жалғызсыраған кезде-

рінде менің балаларды алып келуім әкемді бақытты еткен-ді. Бізбен бірге тұрасың ба?

– Қалай?

– Екеуміз үйленсек, сен менің әкеммен бірге, бізбен бірге тұрасың ба?

– Білмеймін.

– Қазірден бастап осы жайды ойлана бер. Артық уақытың болмайды, маған сен. Әкем қандай да бір жамандықтың төніп келе жатқанын сезеді. Мен де ол кісінің ойын күптаймын. Хасан мен адамдары янычарларды ертіп келіп, үйімізге басып кірсе, әкемді қазының алдына сүйреп апарса, сен күйеуімнің өлгенін көргеніңді айта аласың ба? Сен Парсы өлкесінен келгенсің, саған сенеді.

– Айтамын. Бірақ оны мен өлтірген жоқпын.

– Жақсы. Мені жесір ретінде көрсету үшін басқа бір куәмен бірге, Парсы өлкесінде, майдан даласында күйеуімнің қан жоса болған өлігін көргеніңді қазыға айтып бересің бе?

– Көрген жоқпын, жаным, бірақ сен үшін айтып беремін.

– Балаларымды жақсы көресің бе?

– Жақсы көремін.

– Олардың қандай мінезін, қылықтарын ұнатасың, айтшы?

– Шевкеттің қайратын, бірбеткейлігін, адалдығын, ақылын, қайтпас мінезін, – дедім. – Орханның нәзік жанды, бұртиып ренжігіштігін, кішкентайлығын, ақылдылығын. Олар сенің балаларың болғаны үшін де жақсы көремін.

Аздап күлімсіреп, біраз жылап алды, сұлуым. Қысқа мерзім ішінде албырттықпен шаруаны шешуге ұмтылған адамша дереу басқа тақырыпқа көшті.

- Әкем жасатып жатқан кітап бітуі керек әрі Падишамызға табысталғаны дұрыс. Айналамыздағы бақытсыздық, жолымыздың болмауы сол кітаптың кесірінен.

- Зариф Ефендінің өлтірілуінен басқа қандай шайтан тірлік бар?

Бұл сауал оған ұнай қойған жоқ. Ештеңе білдірмеуге тырысқандықтан, қорқынышын жасырып:

– Ерзұрымдық Нұсрет Хожаның жандайшаптары әкемнің кітабында дінсіздік пен франкилік бар екенін жайып жүр айналаға. Үйімізге келіп-кетіп жүрген нақышкерлер іштарлықпен бір-біріне қарсы түрлі арамзалықтар жасап жүрген жоқ па? Сен олардың арасына кірдің, менен гөрі жақсы білесің ғой, – деді.

– Марқұм күйеуіңнің інісі, – дедім, – оның бұл нақышкерлермен, әкеңнің кітабымен, Нұсрет Хожа жақтастарымен қандайда бір байланысы бар ма, жоқ әлде өз бетінше жүрген біреу ме?

– Оларға еш қатысы жоқ, бірақ Хасан өз бетінше жүрген жан да емес, – деді. Түсініксіз, оғаш бір тыныштық орнады.

– Хасанмен бір үйде өмір сүрген кездеріңде бір-біріңнен алшақ жүруші ме едіңдер?

– Екі бөлмелі үйде солай жасаудың мүмкіндігі қандай болса, солай жасадық.

Жақын маңайдан екі ит үрді. Өздерінің жасаған істеріне жан-тәнімен берілгені байқалады. Арсылдап үре бастады.

Соншама жылдар бойы майданда ерлік көрсеткен, жеңіске жеткен, олжаға кенелген марқұм күйеуін сені неге екі бөлмелі үйде қайынмен бірге өмір сүргізді деп сұрай алмадым да, жасқаншақтап бала махаббатымнан мына жайтты сұрадым: «Ол жігітке не үшін түрмыска шықтың?»

– Түптің-түбінде біреуге түрмысқа берер еді ғой, – деді.

Мұнысы ақиқат еді әрі күйеуін мақтап, мені ренжітпестен оған не себепті түрмысқа шыққанын ақылдылықпен айтып берді.

– Сен кеттің де, үшты-күйлі жоғалдың. Өкпелеу – ғашықтықтың белгісі шығар, бәлкім, бірақ өкпелі махаббат адамды жалықтырады әрі болашағы да жоқ.

Мұнысы да дұрыс еді, алайда күйеуі болған қарақшыға түрмысқа шығуының себебі емес еді. Жанарындағы қуақы көзқарастан-ақ Шекуренің мен Ыстамбулдан кеткен соң көп өтпей-ақ барша адамдар сияқты мені ұмытқанын аңғару қиын емес. Соңғы өтірігін менің өкпелі көңілімді тыныштандыру үшін айтқанын, мұны да шүкіршілікпен қабылдауым керек болған ізгі ниеттің белгісі екендігін ойладым әрі сапарларымда оны есімнен ешқашан шығармаған түндерде қиялымның әруақтар сияқты маған қалай кері оралғанын айта бастадым. Басқа біреуге тіс жармауға бекінген, ең құпия, ең терең дертім, қасіретім еді бұлар. Барлығы рас еді, алайда сол сәтте аңғарғанымдай, барлығы шынайы көңілден шықпаған екен.

Ғұмырымда алғаш рет байқаған осы қайшылықтың мәніне, яғни талай уақыт шындықты сол күйінде айтудың адамды шынайылықтан алыстататына осы жерде тоқталғым келеді. Сөйтіп менің сезімім мен ойым сендерге түсінікті болсын. Ең жақсы мысал ретінде, бәлкім, араларындағы қанішердің кесірінен мазалары кетіп жүрген нақышкерлерді айтуға болады. Ең мінсіз суреттің өзі мысалы, бір аттың суреті делік, нағыз атты, Алланың мүкияттылықпен жаратқан атты әрі ұлы нақыш шеберлерінің аттарын қаншалықты сипаттаса

сипаттасын, оны салған өнерпаз нақышкеріміздің дәл осы сәттегі шынайы сезіміне тең бола алмауы мүмкін. Нақышкердің не болмаса біз сияқты Алланың аққөңіл құлдарының шынайылығы өнер мен кіршіксіздік уақытында емес, керісінше тіл безейтіндер көбейген, қате мен өкпе-наз, реніш толы сәттерде ортаға шығады. Мұның барлығын әлгі бір сәтте Шекуре үшін гүла бойымнан тулап шыққан қалауымның сапар кезінде кездестірген, мысалы, Казвиннің ақша жүз, шие ерінді сұлуын көргенде пайда болған құштарлықтан ешқандай айырмасы болмағанына қарап менен көңілдері қалған әйел заты үшін айтып отырмын. Шекурем, Алла берген терең өмірлік ілім мен қырғидай қырағы сезімімен, ол үшін он екі жыл таза қытай азабына тең ғашықтық қасіретін тартқанымды, әрі онымен он екі жылдан кейін алғаш рет оңаша қалғанымда, көрсоқыр пәпсіні тояттандырудан басқа ештеңені ойламаған оңбаған нәпсіқұмар тәрізді әрекет жасағанымды да түсіне білді. Сұлулардың сұлуы Шырынның аузын Низамидің інжу толы сиясауытқа теңейтіні бар.

Қызуқанды иттер тағы өршелене абалап, үре бастады.

– Енді кетейін, – деді Шекуре мазасыздықпен.

Ақшам намазына әлі де біраз уақыт қалса да, аруаққа айналған еврейдің үйінің іші әжептәуір қараңғы тартқанын екеуміз енді аңғардық. Оны тағы бір мәрте құшақтау үшін өздігімнен бір қимыл жасағам, алайда секеңдеген шымшықтай зып етіп басқа жерге барып тұра қалды.

– Мен әлі сұлумын ба, тез айт?!

Айттым.

Әдемі бір ықыласпен тыңдады да, менің айтқандарыма қосыла:

– Киімдерім ше? – деді.

Оны да айтып бердім.

– Бойымнан хош иіс шыға ма?

Низамидің «Ғашықтық шахматы» деген дүниесінің осыған ұқсас әдеби ойындармен емес, ғашықтар арасында тереңнен бастау алатын рухани қимылдармен жасалатынын әлбетте Шекуре де білетін еді.

– Сен қазір қандай табыс тауып жүрсің? – деп сұрады. – Жетімдерімді асырай аласың ба?

Он екі жылдан астам уақытқа созылған мемлекет пен қалам тәжірибем кезінде куә болған соғыстар мен майдандағы өліктердің мен үшін үлкен мектеп болғанын айтып, жарқын келешегім туралы әңгімелеп бердім де, оны құшақтап алдым.

– Біраз бұрын бір-бірімізге қалай әдемі асылып, құшақтасып едік, – деді. – Ал қазір барлығы да алғашқы сиқырлы сәтін жоғалтты.

Өзімнің шынайылығымды тағы бір мәрте көрсету үшін оны қатты қыстым және он екі жыл бұрын сызып берген суретті арада осыншама уақыт өткен соң маған неге Естер арқылы беріп жібергенін сұрадым. Менің ақымақтығыма таң қалғанын және ішінен маған деген аяушылық оянғанын көздерінен оқыған сәтте сүйісе кеттік. Осы жолы өзімді нәпсінің бас айналдыратын қамытына кірген кейіпте емес, екеуміздің де жүрегімізге, кеудемізге, барлық жерімізге кірген махаббаттың қыран секілді қанат қағысымен теңселгендей болдым. Сүйісу – ғашықтықты бәсеңдетудің ең әдемі жолы емес пе?

Ірі омырауын уқалап, уысымда ұстап тұрған сәтімде Шекуре мені тәтті қылығымен әрі батылдау кейіпте кері итерді. Үйленерден бұрын төсектес болған

ешелмен сенімді отбасы құра алатындай кемел еркек емес едім мен. Асығыс іске шайтан араласатындығын ұмытатындай ақылы қысқа, бақытты отбасылық өмірге алдымен сабыр мен азап талап ететіндігін білмейтіндей тәжірибесіз едім, оның айтуынша. Құшағымнан сырылып шығып, ақ бетпердесін түсіріп, есікке қарай бетпе-бет бара жатқан еді. Ашылған есіктен ерте түскен шір қараңғылығында көшеде жауып тұрған қарды көргенде осында сыбырласқанымызды (бәлкім, дарға асылған еврейдің рухын қинағымыз келмеген шығар) ұмытып, айғай салдым.

Осыдан кейін не істейміз?

Білмеймін, – деді махаббат шахматының ережелеріне сай түрде.

Содан соң осы ескі бақшада қар жасырып жатқан өлемі іздерін қалдырып, үнсіз кетіп қалды.

28. Мені қанішер дейді

Менің айтқалы отырған нәрсем сендердің де басыңнан өтіп тұратынына сенімдімін. Ыстамбулдың бітіп болмайтын көшелерінде сүйреленде кезіп жүргенде, асханалардың бірінен аузыма бір түйір дән салған сәтте, не болмаса саз стилімен жасалған жақтау ошекейлерінің ою-өрнегіне назар аударып, тамсана қарап тұрғанда, дәл осы сәттерді бұрын бастан кешіргендей күй кешемін. Көшеде қарды сықырлата басып келе жатқанда «бұрын да осылай жүріп өткем» дегім келеді іштей.

Мен айтқалы отырған әдеттен тыс оқиғалар бәріміз өмір сүріп жатқан осы заманда әрі өткен шақта да бол-

ған сияқты. Іңір кезі еді, көз байланып, қар үшқындап түрған. Мен Жезде мырзаның көшесінде келе жатқанмын.

Көше кезіп кететін өзге кештердегідей емес, бұл күні осы жерге нақты мақсатпен әдейі келгенмін. Өзге күндердегідей терең ойға батып, басқа нәрселерді ойлап келе жатқанда (Ақсақ Темір заманынан қалған шемселі, бірақ алтынмен апталмаған Герат томдарын, бір кітаптан жеті жүз акче алғанымды шешеме алғаш айтқанымды) қылмыстарым мен оңбағандықтарымды еске салып, аяқтарым мені осы көшеге алып келді. Не істегенімді біле тұра және ойланып келген едім осында.

Ешкім маған аша қоймас деп ойлаған ауланың ірі қақпасын қайта қағуға ұмтылғанда қақпа өздігінен ашылған сәтте, Алланың осы жолы да мені жақтайтынын түсіндім. Жезде мырзаның кітабына жаңа суреттер қосу үшін осында келген кештерімде қасынан өтетін, жарқырап тұратын тас күркешеде ешкім жоқ екен. Оң жақта құдық қауғасы мен оның үстінде бүгінгі суыққа пысқырып та қарамайтын шымшық отыр. Ақшам уақыты болса да белгісіз себептен оты жағылмаған пеш, сол жақта тек қана қонақтардың аттарын қамайтын қора тұр. Бәрі өз орнында. Қораның жанындағы ашық есіктен ішке кіріп, тақтай баспалдаққа аяқтарымды тақ-тақ еткізіп, тамағымды қырнап дыбыс бердім де, жоғары көтерілдім.

Жөткірінгеніме жауап болмады. Жоғарыда, диванның жанында, кіреберісте тізілген аяқ киімдердің қасына балшық жұққан етігімді қалдырған дыбысыма да жауап жоқ. Осында әрбір келгенімді байқататын әдетіммен бұрыштағы аяқ киімдердің арасынан Ше-

күренікі деп жүрген әлгі жасыл және әдеміше келген етіктерді көрмеген соң, үйде ешкім жоқ шығар бәлкім деген ойға келдім.

Шекуренің балаларымен бірге қойындасып ұйықтап жататын оң жақтағы бірінші бөлмеге кіріп бардым. Госекті, көрпені қолыммен сипалап, шетте тұрған сандықты, есігі мамықтан да жеңіл шкафты ашып қарадым. Бөлмеден жаңа жайлы бадам иісі шығып тұр. Мұның Шекуренің тәнінен шығатын иіс болар деп қиялдап тұрғанымда есігін ашқан шкафта тұрған жастық алдымен менің ақымақ басыма, одан соң шетте тұрған қалайы құмыра мен кеселердің үстіне түсті. Салдыр-гүлдір еткен дауысты естігенде бөлменің қапқаранғы екенін ақгардым. Сонымен бірге суық екенін сезіндім.

– Хайрие, – деп үн қатты келесі бөлмеден Жезде мырза. – Шекуре, қайсың барсың? Кім ол?

Көзді ашып-жұмғанша бөлмеден шықтым. Диванның қасынан қырымнан өттім де қыстың күндері Жезде мырзаның кітабы үшін жұмыс істейтін көк есікті нақыш бөлмесіне кірдім әрі үн қаттым:

– Менмін гой, Жезде мырза, менмін!

– Сен кімсің?

Осман ұстаздың бізге бала күнімізде қойған лақап есімдерін Жезде мырзаның бізді қағытып, түйреп өтуі үшін пайдаланғанын сол кезде түсіндім. Әдемі безендірілген бір кітаптың мұқабасының артқы бетіндегі соңғы сөзде маңгаз бір хуснихатшы жасайтындай «Келдей, күнәһар құлыңыздың» лақап аты қайдан пайда болғанын, әкемнің атын да, өз ныспымды да аспай-саспай, ежіктеп айтып бердім.

– А? – деді алдымен. – А! – деді кейін.

Бала кезімде естіген, ажалмен кездескен сириялық карт жайлы бір әпсанадағыдай мәңгіліктей созылған қысқа ғана үнсіздік орнады.

Қазір өлім туралы айтқаным үшін осы жерге адам өлтіру ниетімен келді деп ойлағандар болса, олар оқып отырған кітабын дұрыс түсіне алмағаны. Мұндай ниеті бар адам есік қаға ма, аяқ киімін шеше ме, қанжарсыз жүре ме?

– Демек, ақыр келдің, ә? – деді сол мысалдағы қариядай. Бірақ біраздан кейін мүлдем басқа сипатқа еніп, көңіл күйі өзгеріп сала берді.

– Қош келдің, балам! Қане, айта бер, не қалайсың?

Далада қараңғылық қоюлана түскен-ді. Көктемде ауладағы шыпар мен анар ағашына қарайтын кішкентай әрі тар терезенің балауызбен жабылған көзінен бөлмеге тек іштегілердің сұлбасын ғана ажыратуға жарайтын еді. Әрі содан қытай суретшілері ұнататындай ғана жарық түсіп тұрған-ды. Әдеттегі орнында, майшамның жарығы сол жақтан түсетіндей етіп орналастырып, күрсісінің қасында отырған Жезде мырзаның жүзін толық көре алмай, оның осында, таң атқанша шамның жарығымен, осынау қылқаламдар, сиясауыттар, қаламдар мен қалыптардың арасында сурет салып, нақыш жайлы әңгіме айтып отырған кездеріндегі жақындығымызды сабырсыздана сезінуге ұмтылған едім. Осындай жатырқаған сезімнің салдары ма қайдам, көңілдегі күдіктерімді, сурет салып отырғанда күнә жасағаным мен оны дүмшелердің білетіндігі жөніндегі ойларымды безгек тигендей асығып-аптығып, тура айта салуға ұялдым ба, білмеймін, әйтеуір сол кезде оған дертімді хикая түрінде жеткізуге бел будым.

Исфахандық Мусауиир Шейх Мұхаммедтің хикаясын, бәлкім, сендер де естіген шығарсыңдар. Түс таңдауда, парақтарды безендіруде, адам, хайуан мен кісінің жүзін салуда суреттің ішіне өлеңде ғана кездесетін шабыт пен геометрияда ғана байқалатын құпия кисынды орналастыруда бұл адамға тең келетін ешкім жоқ еді. Жас кезінде-ақ шеберліктің шыңына жеткеннен кейін, осынау қолы кереметке толы ұстаз тура отыз жыл бойы тақырып таңдауда да, сурет салуда да, стильде де өз дәуірінің ең батыл әрі айналасына жүгымды, ашық нақышкері болыпты. Қара қалам стиімен Қытайдан моңғолдардың делдалдығы арқылы келген қорқынышты шайтандарды, мүйізді жындарды, кентаврларды, аттарды, дәулерді, диюларды, перілерді шайтандай нәзік әрі сезімтал Герат суретіне асқан шеберлікпен және айрықша өлшеммен сол адам қосып жіберіпті. Португал мен Нидерландтан келген кемелерден шыққан портреттерге бәрінен бұрын осы кісі қызығып, әсер алыпты. Сонау Шыңғыс хан заманына дейін кететін, ұмытыла бастаған стильдерді парша-паршасы шыққан ескі кітаптардан тауып алған. Әрі жандандырған да сол екен. Ескендірдің қатындардың арасында жүрген жалаңаш сұлуларды жасырын бақылауы, Шырынның ай нұрына малынып, суға шомылуы сияқты нәпсіні қоздыратын суреттерді де елден бұрын, батылдықпен сол кісі салыпты. Хазіреті Пайғамбарымыздың Пырақпен ұшып бара жатқан сәтін, шахтардың қасынып отырғанын, иттердің ылығып (күйлеп) жүргенін, шейхтардың шарапқа мас болып отырғанын сызыпты. Барша нақышкерлер қауымына бұларды мойындатыпты. Осының барлығын кейде жасырын, кейде ашық түрде шарап ішіп, апиын

шешіп отырылыпты, отыз жылға созылған тынымсыз еңбектегі әрі ерекше күлшыныспен салыпты. Кейін қартайғанда, бір сопы шейхтың мүриті болып, қысқа уақыттың ішінде бастан-аяқ өзгеріп сала беріпті, отыз жыл бойы сызған суреттерінің барлығында дінсіздік, имансыздық бар екеніне иланып, оларды жоққа шығарыпты. Тіптен соракысы, өмірінің қалған отыз жылында қалаларды аралап, сарайларда, кітапханаларда сақталған, кезінде өзі салған суреттерді, өзі жасаған кітаптарды шахтардың, падишалардың қазыналарынан іздеп тауып, көзін құртыпты. Жылдар бұрын өзі салған суретті қандай шахтың кітапханасынан тапса, барлық амалды қолданып, бермесінді тартып алардай әрекетке көшіп, буынсыз жерден пышақ ұрып, алдап-сулап кітапты алуға, оған көнбесе ешкімге байқатпай кітаптағы өзі салған сурет бар бетті жыртып тастайды немесе амалын тауып өзі жасаған таңғажайып туындының үстіне су төгіп, бұлдіріп кетеді. Сурет салудың әсерімен нақышкердің өзі байқамастан иманынан айырылуы тудыратын қасіретке мысал болсын деп айттым бұл хикаяны. Сондықтан ішінде өзінің де кітаптары болғаны үшін әрі оларды бір-бірден тауып, өзгелерден бөле алмайтындай мөлшерде көп, жүздеген кітап болғандықтан шахзада Аббас Мирза уәлилік ететін Казвиндегі үлкен кітапхананы Шейх Мұхаммедтің өртеп жібергенін де еске салдым. Қорқынышты өрт кезінде нақышкердің өзінің де өзегін қасірет пен өкініш кернеп, өртеніп өлгенін тура өз басымнан кешкендей қылып, әсірелеп айттым.

– Балам, қорқасың ба? – деді Жезде мырза мейірімді көзбен қарап. – Салып жатқан суреттерімізден қорқасың ба?

Болменің қараңғы болғаны сонша, оның мұны маған күлімсіреп айтқанын көргем жоқ. Тек іштей солай деп болжадым.

– Кітабымыздың құпиялығы деген нәрсе қалмапты, – дедім. – Бәлкім, бұл маңызды емес шығар. Алайда ор жерде түрлі қауесет тарап жүр. Жасырын түрде ішімізді балағаттап жүргеніміз айтылады екен. Мұнда Падишамыз хазіретінің қалауымен жасалып жатқан ісді күтіп жүрген кітапты емес, өзіміздің жан қалауымызбен, тіпті Падиша хазіреттерін мазақ қылғандай етіп, имансыз бен дінсіздің қылығын жасап, кәпір суретшілердің істегенін қайталаған бір кітап құрастырып жатқанымызды айтып жүр жұрт. Кітабымыздың шайтанды да сүйкімді қылып сипаттайтынын айтып жүргендер бар. Әлемге көшедегі қаңғыбас, сабалақ иттің көзімен, перспектива тәсілімен қарап, сона мен мешітті (мешіт алыстау тұр деген сылтаумен) бірдей көлемде сызу арқылы дінімізді балағаттағанымызды, мешітке барған мүміндерді мазақ қылғанымызды айтып жүр. Түн баласы осы жайларды ойламастан көзім ілінбейтін болды.

– Суреттерді бірге салдық, – деді Жезде мырза, – Мұндай дүниелер жасамақ түгілі оларды ойладық па біз?

– Құдай сақтасын! – дедім сәл әсірелеп. – Бірақ қайдан естісе де құлақтанып алған ғой, бір сурет бар екен дейтін көрінеді. Ол суретте құпия түрде дінсіздік қана емес, ашық түрде кәпір сипаты бар деп жүр екен.

– Соңғы суретті сен көрдің ғой?

– Екі беттік сурет үшін үлкен бір жапырақтың маған сіз көрсеткен түрлі бұрыштарына, сіз қалаған суреттерді қалай тапсырсаңыз, солай салдым, – дедім

Жезде мырзаның мақтауына лайық шығармын деген үмітпен. Сөйте тұра назар аударғанымды да байқатып, былай дедім: – Бірақ суретті тұтастай көрмедім. Оны тұтастай көрген болсам, осы жиіркенішті жалаларға қарсы уәж айтып, жоққа шығарған сәттерімде ожданым да таза болар еді.

– Неге өзіңді кінәлі сезінесің? – деп сұрады. – Жаныңды жегідей жеген нәрсе не? Сені өзіңнен күмәнданға кім итермеледі?

– Адамның айлар бойы суретін қуанышпен салған кітаптың қасиетті санаған дүниелерге қарсы шыққанына күмәндану – тірі кезде тозақ азабын тартумен бірдей. Сол ақырғы суретті толық көре алсам ғой.

– Бар тілегің, бар дертің осы ма? – деді. – Осында сол үшін келдің бе?

Бірден өзімді қоярға жер таппай, сабырсызданып кеттім. Байғұс Зариф Ефендіні менің өлтіргенім сияқты жиіркенішті бірдеңе ойлап отырған жоқ па осы?

– Падишамызды тағынан тайдырып, орнына шахзаданы отырғызбақ болғандар да осы жалаларға қосылып, осы кітапты Падишамыз жасырын қолдап отырғанын жұртқа жайып жүр, – дедім.

– Оларға қанша кісі сенеді? – деді шаршаған, барлық дүниеден жалыққан кейіпте. – Жұрттың назары өзіне сәл де болса ауа бастаса, соған бола бастары айналып шыға келетін мақтанқұмар әрбір уағызшы діннің бүлініп, жұрттың азып кеткенін айта бастайды. Мәселенің ақиқаты осы.

Менің тек осы қауесетті айту үшін осында келгенімді ойлап отыр ма бұл?

– Байғұс, Зариф Ефенді, – дедім даусым діріл-деп, – қара жер хабар бермесін, ол осы суретті тұтастай

көрінті де, дінді балағаттап тұрғанын түсінгені үшін оны өлтіріппіз-мыс. Мұны нақышханадағы маған жақын адамдардың бірі айтты. Шәкірттер, шебердің көмекшілері қандай екенін білесіз, бәрі өсек айтады.

Осы қисынға жүгініп, барған сайын алабұртып, бірді-уақыт әңгіме айттым. Айтқандарымның қаншасын өзім естіп едім, қаншасын әлгі жалақор оңбағанды өмірем қаптырған соң, қорқыныштан өзім құрастырдым, қаншасын дәл қазір әңгіме айтып отырғанда ойымнан шығардым, ол жағын білмеймін. Мен осыншама уақыт әңгіме айтқаннан кейін Жезде мырзаның әлгі екі беттік соңғы суретті шығарып, маған көрсететінін, мені сабырға шақырып, тыныштандыратынын ойлап, үміт еткенмін. Мені күнәға батырған жолдағы жанталасымнан тек осындай әрекет арқылы ғана құтқара алатынын неге түсінбейді осы?

Бір сәт оның көңілін қобалжыту үшін:

– Адам өзі аңғармастан имансыздыққа бастайтын сурет сала ала ма? – деп батылдықпен сұрадым.

Жауаптың орнына бөлмеде бір нәресте ұйықтап жатқандай дереу сүк саусағын еріндеріне апарып белгі берді. Мен тілімді тістей қойдым. Сыбырлағандай кейіппен:

– Бөлме өте қараңғы, – деді, – мына шамды жағайық.

Шамның білтесін ошақтың отымен жаққан кезде жүзінде бұрын-соңды кездестірмеген маңғаздық, мақтаныш көз-руім маған ұнай қоймады. Япыр-ау, бұл сонда жаны ашы-ған адамның белгісі ме? Барлық нәрсені түсініп қойып, енді менің оңбаған қанішер екенімді тұспалдап, ойлап отыр ма, әлде менен қорқа ма? Ойларымның бірден менің еркімнен тыс шығып кеткенін, сол сәтте ойлап отырған нәрселерді тап басқа біреудің

ойларындай көріп таңырқай, аузымды ашып қалғаным есімде. Сол жердегі халым осындай еді. Бір бұрыштағы кілемшеде қасқырға ұқсаған дақ бар еді, осы күнге дейін оны қалай аңғармағанмын?

– Суретке, нақышқа, әдемі кітаптарға қызығатын, оларды сүйетін барлық хандардың, шахтардың, падишалардың қызығушылығының үш маусымы болады, - деді Жезде мырза. – Әу баста олар батыл, жүректі келеді, турасын айтып, білуге құмар болады. Суретті басқа біреуден көрген бетте атақ-абыройын алға тартып, бірден сұрайды. Осы маусымда көп дүние үйренеді. Екінші маусымда өздері қалаған кітаптарды өздерінің жан рахаты үшін жасатады. Суреттерге қарамастан, іштей қуанып, рахаттануды үйренгендіктен, мәртебелері де, өлген соң бұл дүниеде қалатын атақ-даңқ ретінде кітаптары да болады. Ғұмырларының күзгі маусымында болса, ешбір падиша бұл пәниде қалатын өлімсіз, мәңгілік дүниеге қызықпайды. Пәнидегі мәңгілік өмірді бұл дүниеде өмір сүретін өзге буын ұрпақ, немерелеріміздің еске алуы ретінде ұғамын. Нақыш сүйетін әміршілер бізге жасатқан, ішіне өз аттарын жаздыртқан, кейде ғұмырнамасын да қосқызған кітаптарымен онсыз да бұл дүниеде ажалсыздың, мәңгілік жасаушының мәртебесіне қол жеткізген жандар. Қартайған кездерінде бақи дүниеден жақсы орын іздей бастайды. Барлығы да суретті бұл істе кедергі жасайды деп ұғады. Мені ренжітетін һәм мазамды алатын жайт осы. Өзі де шебер нақышкер болған, жастық шағын нақышханаларда өткізген Шах Тахмасп егде тартып, ажал уақытының жақындағанын сезгенде сол бір тамаша нақышханасын жапқызып, керемет суретшілерін Тебризден аластады, жасатқан кітаптарын таратып берді, өткен күніне өкі-

пымен өтті. Неге бәрі сурет өздері үшін Жәннаттың есігін жабады деп ойлайды?

Неге екенін білесіз! Себебі, Хазіреті Пайғамбарымыз қиямет күні суретшілерді Алла ең ауыр жазаға тартатынын айтқан екен, соны естеріне алады.

Суретшілер емес, – деді Жезде мырза, – пішін, келбет жасаушылар. Бұл – Бухариден жеткен хадис.

Қиямет күні пішін жасаушыларға өздері жасаған бейнелерге жан беру тапсырылады, – дедім ойлыпмен, – алайда ешбір нәрсеге жан бере алмайтындықтан тозақ азабын тартады олар. Ұмытпайық, мусауыр[1] Құран Кәрімде аталған Алланың бір сипаты. Жаратушы, жоқты бар ететін, жансызға жан беретін – Алла. Ешкім онымен жарысуға тырыспауы керек. Суретшілердің ол жасаған істі қайталауға ұмтылулары, ол сияқты жаратушы бола алатынын алға тартуы – өте үлкен күнә.

Оны мен де айыптап отырғандай бұларды қатаң үнмен айттым. Көзіме тура қарады.

– Сенің ойыңша біз мұндай әрекет жасап па едік?

– Ешқашан, – деп күлімсіредім, – бірақ маркұм Зариф Ефенді соңғы суретті тұтастай көрген соң, солай ойлай бастаған екен. Перспектива ілімімен сурет салу, франк шеберлерінің стильдерін пайдалану шайтанның азғыруына еру екенін айтып жүріпті. Соңғы суретте франк стилін қолданып, ажалды пенденің жүзін, оған қарағанда сурет деп емес, тірі адам көргендей әсер ететін деңгейде салған көрінеміз. Біз жасаған нәрсені

---

[1]*Мусауыр* – келбет беруші. Мұсылман суретшілер өздерін рессам деп, келбет-пішін сызатындарды мусауыр деп атаған. Алланың 99 қасиетті атының бірі әл-Мусауыр. Өзінің қалауымен әрбір жаратқан нәрсесіне өзгеше келбет және әр түрлі пішін береді.

коргендер шіркеулердегі сиякты суретке сәжде жасағылары келеді екен. Перспектива, суретті тек Алланың көзқарасынан, көшедегі иттің назарына түсіруғана емес, франк шеберлерінің стильдерін қолдану, өз білгенімізді, өнерімізді кәпірлердің өнері мен жанрларына араластыру да бізді тазалығымыздан айырып, олардың құлы деңгейіне түсіретін шайтанның азғыруы екенін айтып жүріпті.

– Пәк, таза ештеңе жоқ! – деді Жезде мырза. – Нақышта, суретте қай уақытта таңғажайып дүниелер жасалса, нақышханада қай кезде көзді жасауратып, тұла бойымызды дір еткізер сұлулық пайда болса, ол жерде бұрын бір-бірімен қатар жүрмеген екі бөлек нәрсе бірлесіп, жаңа таңғажайыпты өмірге әкелгенін бірден білемін. Бекзат пен барша Парсы шеберлерінің сұлулығы үшін араб суретінің моңғол-қытай суретімен араласуына қарыздармыз. Шах Тахмасптың ең әдемі суреттері парсы стилі мен түркімен дәлдігін біріктірді. Бүгін жұрттың бәрі Үндістандағы Әкбар ханның нақышханаларын тамсана айтып, жырлап жүрсе, ол билеушінің өз нақышкерлерін франк шеберлерінің стильдерін қабылдауға ынталандырғандығынан. Шығыс та, батыс та – Алланікі, Алла бізді пәк әрі ешкім араласпай қою тілегінен сақтасын.

Майшамның жарығында жүзі қаншалықты жұмсақ әрі жарқын көрінсе, қабырғаға түскен көлеңкесі соншалықты қараңғы әрі қорқынышты еді. Айтқандарын дұрыс әрі ақылға қонымды санасам да оған ілана қоймадым. Менен күмәнданатындығын ойлағандықтан ба, мен оның өзінен шүбәланып, арасында төменге, аула қақпасына құлақ түргенін, өзін менен күткаратын біреуді күтетінін сеземін.

Маған исфахандық мусауыр Шейх Мұхаммедтің шын де өзі Құдайға қарсы шыққан суреттер сақталды деп тұр кітапхананы және ождан азабымен өзін өртеп жібергенін айттың, – деді. – Мен де саған сол әпсананың сен білмейтін басқа бір қиссасынан сыр шертемін. Иә, өмірінің соңғы отыз жылында өзі салған суреттерді іздепті нақышкер. Бірақ талай парақтаған кітаптардан өзі салған суреттерді емес, өзінен шабыт алып, көшірмесі салынған суреттерді жиі кездестіріпті. Кейінгі жылдарда, соңғы екі буын мусауырлердің ой бас тартқан суреттерді үлгі, қалып ретінде қабыл алмаған, сол суреттерді ойдан сала беретінін, жаттап алмақ түгілі, өз рухтарының бір бөлшегі қылғанын көріпті. Шейх Мұхаммед өзінің суреттерін тауып, көзін құртуға тырысқан сайын, жас нақышкерлердің көп кітаптарда оны тамсана көбейтіп, көшіріп жүргенін, басқа хикаялардың суретін салғанда да пайдаланатынын, барлығының ол суреттерді жадтарына тоқып алғанын, тұтас жаһанға таратып жібергенін түсініпті. Кітаптар мен суреттерге жылдар бойы қарасақ түсінеміз. Жақсы бір суретші өзінің таңғажайып туындыларымен тек біздің санамызда ғана қалмайды. Ақыр соңында жадымыздың көрінісін де өзгертіп жібереді. Бір нақышкердің өнері мен суреттері бір рет рухымызға осылай сіңсе болды, тұтас әлем сұлулығының өлшеміне айналып шыға келеді. Мусауыр, өмірінің соңында өз суреттерін өзі өртеп көзін құртқан сайын көбейе түскеніне куә болып қана қоймапты, баршаның дүниені бір кездері өзі қалай көрсе, солай көре бастағанын, жас кезінде өзі салған суреттерге ұқсамайтын нәрселердің жаман санала бастағанын да түсініпті.

Іштей қайран қалғанымды, Жезде мырзаға ұнағым келгенін жасыра алмадым да, алдына тізерлеп отыра кеттім. Қолдарын сүйіп отырғанда көзіме жас іркілді. Көңілімде Осман ұстаздай орны бар екенін сездім.

– Нақышкер, – деді Жезде мырза, өзіне риза кейіппен, – суретті ожданын тыңдап, өздері сенетін ережелерге сәйкес ештеңеден қорықпастан салады. Дұшпандарының, дұмшелердің, қызғаншақтардың не дейтіні олардың санасына кіріп те шықпайды.

Алайда «Жезде мырза нақышкер де емес» деп ойладым үсті мен мен дақпа толы қолын сүйіп тұрған сәтімде. Бұл ойымды да дереу ұмыттым. Тап өзге біреу осынау шайтани әрі арамза ойды есіме зорлықпен түсіргендей еді. Сонда да ойлаған нәрсемнің дұрыс екенін сендер де біліп отырсыңдар.

– Олардан қорықпаймын, – деді Жезде. – Өйткені өлімнен қорықпаймын!

Олары кім еді? Айтқандарын түсінген адамдай басымды шұлғыдым. Алайда ішімде ыза да пайда бола бастаған-ды. Жезденің қасында жатқан томның әл-Джәузияның Китаб-ул Рухы екенін көрдім. Өлгеннен кейін жанның басынан өтетін оқиғаларды, серуенді хикая ететін бұл кітапқа әдетте өлгісі келетін қарттар құмар келеді. Осында келіп жүрген кезден бері табақтардың ішінде, жазу тақтайшасы мен сандықтың үстінде, қаламұштардың, қалам ұштағыштардың, сиясауыттардың, қамыс қаламның ұшын шығаратын мақта, қалам салғыштардың арасынан бір ғана жаңа зат: қола сиясауыт көрдім.

– Олардан қорықпайтыныңызға көз жеткізейік, – дедім батылдықпен, – соңғы суретті шығарыңыз, оларға көрсетейік.

Бұл – олардың жалаларын кем дегенде шынайы [illegible] тағандай болып көрінетін кәдімгідей баға болмаған ма? Қорқатындай ештеңе де жасаған жоқпыз ғой. Сонда қорқынышыңды ақтайтын басқа не бар?

Өлем тәрізді шашымнан сипады. Тағы да көздерімнен жас төгілер деп қорықтым да, оны құшақтап [illegible]ным.

Байғұс, музәххиб Зариф Ефендінің не себепті [illegible]тірілгенін білемін, – дедім. – Зариф Ефенді сізге, [illegible]ағабыңызға, бізге жала жауып, ерзұрымдық Нұсрет Хожаның адамдарын бізге қарсы айдап салмақшы еді. Бұ[illegible] жерде шайтанға еріп дінсіздік жасалатынына сеніп [illegible]ылты, мұны да оңды-солды, кезіккен жұрттың бәріне [illegible]айтып, кітабымыз үшін жұмыс істеп жүрген өзге [illegible]ақышкерлерді сізге қарсы қоюға тырысыпты. Мұндай қадамға неге барғанын білмеймін, қызғаныштан шығар. Бәлкім, шайтанның азғыруына еріп кеткен болар. Зариф Ефендінің бәріміздің көзімізді құрту үшін қандай тәуекелге бел буғанын өзге нақышкерлер де [illegible]стіген. Баршасының қорыққанын, тура мен сияқты [illegible]оңілдеріне күдік ұялағанын елестете беріңіз. Бір [illegible]үн ішінде Зариф Ефенді әлгі нақышкерлердің біреуін тығырыққа тіреп, сізге, бізге қарсы, кітабымызға, нақышқа, суретке, біз иланатын барлық нәрсеге қарсы азғырып, көңілімізге күмән ұялатқаны үшін аландап, әлгі оңбағанды өлтірді де, құдыққа лақтыра салды.

– Оңбаған ба?

– Зариф Ефендінің пиғылы жаман еді, қаны бұзық еді, – дедім. – Арсыз неме! – деп тап соның өзі алдымда тұрғандай айғайлап жібердім.

Тыныштық орнады. Менен қорқып отыр ма? Мен өзімнен-өзім қорқып отыр едім. Басқа біреудің қыр-

сиякты мен ақылының ықпалында қалғандаймын. Бірақ мұның өзі әдемі болатын.

– Сен сияқты және исфахандық нақышкер сияқты алаң-дап, абдыраған нақышкер кім сонда? Оны кім өлтіріпті?

– Білмеймін, – дедім. Алайда отірік айтқанымды жүзімнен аңғарғанын қаладым. Осында келу арқылы үлкен қателік жасағанымды түсіндім. Бірақ кінәлілік пен өкініш сезіміне бөлене қоймасы да анық болатын. Жезде мырзаның менен сезіктенгенін көріп, бұдан ләззат пен қуат алғандаймын. «Имансыздық бар ма» деп емес, қазір қандай болыпты деген қызығушылықтан көргім келеді соңғы суретті, менің қанішер екенімді жақсы түсініп, менен қорқар болса суретті шығарып, маған көрсетер деп ойладым.

– Әлгі тексізді кімнің өлтіргені маңызды ма? – дедім. – Оның көзін құртып, маңайды тазалаған адам жақсы қызмет қылған болып саналмай ма?

Көзіме тіке қарауы маған қайрат берді. Жігерлендірді. Сендерден де жақсы әрі жібек мінезді шығар деп сенген талай кісі сендер үшін ұялған кездерінде, көздеріңе осылай тіке қарай алмайды. Көбіне сендерді ұстап беріп, адамды азаптайтын жендеттерге тапсыруды ойлағандықтан осылай жасайды.

Тыста, аула қақпасының маңында жүрген иттер құтырғандай арсылдап, қатты үре бастады.

– Далада тағы да қар жауып тұр, – дедім, – Бүгін бәрі қайда жүр? Сізді неге үйде жападан-жалғыз қалдырып кеткен? Тіпті шам да жақпапты ғой.

– Бұл өзі біртүрлі жағдай болды, – деді. – Мәнін түсіне алмадым.

Мұны ол шын пейілмен айтты. Оған тұтастай сендім әрі өзге нақышкерлермен бірге оны мазақ қылғаны-

ма қарамастан, іс жүзінде оны жақсы көретінімді тағы да сезіндім. Бір сәт жүрегімде оған деген құрмет пен сүйіспеншілік оянғанын қалай аңғарғанын білмеймін, шашымды тағы да әкем сияқты мейіріммен сипады, ештеңе түсінбедім. Осман ұстаздың Гераттың көне шеберлерінен шабыт ала жасаған нақышының болашағы жоқ екенін сезіндім. Бұл ойдың жиіркеніштi болғаны соншa, өз-өзімнен сескендім. Басымызға іс түскенде көрімізде де болатын жағдай: соңғы бір үмітпен әрі сайқымазақ және күлкілі болып көрінгеніне қарамастан барлық нәрсенің бұрынғыдай болғанын қалап, жалынамыз.

– Дегенмен кітабымыз үшін сурет салуды жалғастыра берейік, – дедім. – Барлығы бұрынғыдай болып қала берсін.

– Нақышкерлердің арасында бір қаскүнем бар. Кітапты бұдан былай Қара мырзамен бірге жасаймын. Оны өлтіруге мені итермелеп тұрғаны ма мұнысы?

– Қазір Қара қайда? – дедім. – Қызыңыз бен балалар қайда?

Осы сөздерді аузыма өзге бір тылсым күш салғанын сездім. Бірақ өзімді-өзім ұстай алмадым. Бұдан кейін қуаныш пен үміт үшін ешқандай жол қалмаған-ды. Тек айлакер әрі келемеждегіш біреу ғана бола алатын шығармын. Әрі әрқашан осы көңілді екі жынның, зейін мен қылжақтың тасасында оларға әмірін жүргізетін шайтанның тұрғанын, оның маған тікелей әсер ететінін сеземін. Сол сәтте аула қақасының сыртында жүрген, жамандық шақыратын, қаңғыбас иттер қан көргендей абалап, қатты үре бастады.

Осы сәтті бұрын бастан кешіріп пе едім? Алыс кентте, көп уақыт бұрын далада өзім көрмеген қар жауып

туралы мен шамның жарығында мені бояу ұрлады деп айыптаған, көсемсіген шалға өзімнің кінәлі емес екенімді жылап тұрып айтып, ақталуға тырысқам. Сол кезде де дәл қазіргідей, алыстағы аула қақпасының маңындағы қан иісін сезген иттер ұли бастаған-ды. Жезде мырзаның да, сол бір қушиған жағы мен иегінен, көзіме тура қадала қалған жанарынан мені таптап өте шығуға ниеті бар екенін аңғардым. Он жасымнан, нақыш оқушысы болған кезімнен қалған осындай жағымсыз естелікті ойымда жазуы айқын, бірақ бояуы солғын сурет сияқты қалай елестетсем, қазір осы сәтті де солай анық, сөйте тура солғын естелік тәрізді бастан кешіріп отырмын.

Мен орнымнан тұрып, Жезде мырзаны айналып барып, жұмыс тақтасының үстіндегі біреуі шыны, біреуі фарфор, тағы бірі кристалдан жасалған, өзіме таныс сиясауыттардың арасындағы жаңа, үлкен әрі ауыр қола сиясауытты қолыма алған сәтте, Бас нақышкер Осман ұстаз біздің бойымызда тіршілік етеді деп үйреткен санамдағы еңбекқор нақышкер, істеген ісім мен көргендерімді дәл қазір басымнан өткен оқиға емес, көне естелік тәрізді солғын түспен сыза бастаған еді. Түсімізде өзімізді сырттан бақылағанымызды көріп, денеміз дір ете қалушы еді ғой. Тура солай титіркеніп кеттім. Қолымда аузы тар, ауыр қола сиясауыт. Оқушы кезімде, он жасымда осындай бір сиясауыт көргенмін.

– Үш жүз жылдық моңғол сиясауыты, – деді Жезде мырза, – Қара оны сонау Тебризден әкелді. Тек қызыл сия үшін қолданылады.

Дәл сол сәтте осы бір өзіне тым сенімді, мақтаншақ, алжи бастаған шалдың суала бастаған миы бар шақша басына сиясауытпен бір ұруға азғырған да шайтан бо-

ытып. Оған ермедім. Әрі ақымақтау бір үмітпен былай деп ем: «Зариф Ефендіні мен өлтірдім».

Мұны не себепті үмітпен айтқанымды түсінген шығарсыңдар? Жезденің мені түсінетінін әрі кешіретінін, менен қорқатынынан да, маған жәрдем беретініпен де үміт етемін.

29. Мен – Жезделеріңмін

Зариф Ефендіні өлтіргенін айтқан кезде бөлмеде ұзақ уақыт өлі тыныштық орнады. Мені де өлтіретіндігін ойладым. Жүрегім біраз уақыт қатты дүрсілдеп, тез-тез соға бастады. Осында мені өлтіру үшін келді ме, жоқ әлде қолымен істегенін мойнымен көтеріп, қылмысын мойындау үшін, қорқытпақ үшін келді ме? Не сұрап тұрғанын өзі біле ме? Жылдар бойы бар өнерін, шығармашылығын білетін осынау тамаша нақышкердің жүрегін танымағандығымды түсініп, қорықтым. Қолында әлгі қызыл сиясауыт әлі де бар, арт жағымда, тура шүйде тұсымда тұрғанын сеземін. Бірақ бұрылып бетіне қарамадым. Тіл қатпай қоюым – оның мазасын алатынын білгендігімнен.

– Иттер әлі тыншымады, – дедім. Осылайша тағы біраз үнсіз тұрдық. Осы жолы өлімнен не болмаса қиыншылықтар мен сынақтардардан құтылу жолы өз қолымда, менің оған айтатын нәрселерімде екенін ұқтым. Ол жөнінде бар білетінім, нақышы мен суретінен бөлек, зейінділігі еді. Мұның өзі егер нақышкердің шығармасында болмысын, рухын ешқашан көрсетпеуі керектігіне иланатын болсандар, мақтауға тұрарлық

дүние. Жақсы, мені бұл бос үйде қалай қақпанға түсірді? Егде тарта бастаған ақылым мұның мәнін біле алмай аласұрып жатыр, алайда дәл осы ойыннан құтыла алмайтынымды да білетін тәрізді.

– Шекуре қайда жүр?

– Оны мен өлтіргенімді бұрын біліп қойдың гой, солай ма? – деп сұрады.

Аңғарған едім, тіпті мұны маған айтардан бұрын біліп қойғам. Оның үстіне қазір, санамның түкпірінде Зариф Ефендіні өлтіру арқылы тәуір іс қылғаныи, бәлкім, шынында да марқұм тәзхиб шебері бірте-бірте қорқынышқа беріліп, бәріміздің басымызға бәле болып жабысуы мүмкін екендігі тура ой қылаң берді.

Осылайша бос үйде жалғыз өзім бетпе-бет қалған қанішерге іштей сәл де болса разы болғандаймын.

– Оны өлтіргенің үшін таңданбаймын, – дедім, – кітаптар мен өзі жасаған беттерді түсінде көретін біз сияқтылар бұл пәниде үнемі бірденеден қорқып-үркіп жүреді. Оның үстіне біз тыйым салынған қауіпті бір іспен, мұсылман қаласында сурет салумен айналысып жүрміз. Әр нақышкердің ішінде тура исфахандық мусауиир Шейх Мұхаммедте де болғандай өзін қылмыскер санау, өкіну, өзін-өзі бәрінен бұрын кінәлау, тәубеге келіп, Алладан және жамағаттан кешірім сұрау үшін қуатты бір түрткі болады. Кітаптарымызды қылмыскерлер сияқты жасырын әрі көбіне өзгеден кешірім сұрағандай кейіпте әзірлейміз. Бізді діннен шықты деп айыптайтын молда-қожалардың, уағызшылардың, ишан-қазылардың, шейхтардың шабуылдарына елден бұрын мойынсұнып, өзін айыпты санау сезімінің нақышкердің қиялын өлтіретінін, сөйте тұра сол қиялды азықтандыратынын да жақсы білемін.

Ятпи, ақылсыз Зариф Ефендінің көзін жойғаным үшін мені айыптамайсың.

Жазуда, нақышта, суретте бізді өзіне тартып тұрасын нәрсе сол қорқыныштың ішінде болады. Таңнан кешке дейін, түн баласы майшамның сығырайған жарығында соқыр болғанша бүкірейіп, өзімізді кітап мен суреттің жолына атауымыздың себебі тек ақша мен пайдалықта емес, өзге адамдардың айғай-шуынан, қаулығынан іргені аулақ салуда жатыр. Алайда осындай уәжімізді бола тұра, шабытпен салған суреттерімізді өзіміз қашып, көздеріне таса болуға тырысқан өзге адамдардың да көріп, мақтағанын қалаймыз. Бірақ бізге имансыз дейтін болса қайтеміз? Шын өнерпаздың несі, нағыз мусауиирге бұл ауыр тиетін, жанды жаралайтын сөз. Демек, шынайы сурет ешкім көрмеген, ешкім салмаған пәрседе жасырылған. Бастапқыда бар шаның жаман, іске алғысыз, имансыздықтың тап өзі дейтін суреттің ішінде. Хас нақышкер мұндай әрекетке баруы керектігін біледі әрі ондағы жалғыздықтан қорқады. Алайда осынау қорқынышты, қатерге толы, жүйкеге тиетін өмір кімге керек? Жылдар бойы біреуден қауіптеніп, қорқып-үркіуден нақышкер бірінші кезекте өзін айыптау арқылы құтыламын деп ойлайды. Оған тек айыбын мойындаған кезде ғана сенеді әрі кешіреді. Исфахандық нақышкер бұл істі өзі жасады.

– Сен нақышкер емессің, – деді. – Мен оны қорыққаным үшін өлтірген жоқпын.

– Қалағаныңша қауіп-қатерсіз, қорқынышсыз сурет салғың келгені үшін өлтірдің.

Менің жаналғышым болғысы келген нақышкер көптен бері алғаш рет жөні түзу дүние айтты:

Білемін, бәрі мені алдаусыратып, айланды асырып, осы жағдайдан құтылу үшін айтып отырсың, – деді де, сөзін әрі қарай жалғастырды:

– Бірақ сенің соңғы айтқаның жөн сөз. Мынаны түсінгеніңді қалаймын. Алдымен мені тыңда!

Бұрылып көзіне тіке қарадым. Менімен сөйлесіп тұрғанда арамыздағы сыйластықты, әдепті тұтастай тәрк етуі оның барлық істен басын алып қаша бастағанын көрсетеді. Алайда қайда қашып құтылмақ ол?

– Сені құрметтеймін, оған аландама, – деді.

Арт жағымнан алдыма қарай өткен сәтте қарқылдап күліп алды. Алайда оның бұл күлкісінің масаттанған сипаты бар еді.

– Дәл қазіргідей, – деді, – бірдеңе жасаймын, бірақ оны істеген өзім емес сияқтымын. Ішімде түртпектеп тұратын бірдеңе бар. Барлық жамандықты сол жасатады. Алайда оған да мұқтажбын. Нақыш жасағанда да солай.

– Бұл әңгімелер шайтан жайында ойдан шығарылған қатын-қалаштың өсек-аяңы ғана, басқа ештеңе емес.

– Сонда мен өтірік айтып тұрмын ба?

Мені өлтіруге батылы жетпей тұрғанын, сондықтан менің ашуландырғанымды қалайтынын сездім.

– Өтірік айтқан жоқсың. Бірақ ішінде өзің не сезгеніңді тани алмай тұрсың.

– Жоқ, ішімдегіні жақсы танимын. Өлмей тұрып қабір азабын тартып жүрмін. Сенің кесіріннен, өзіміз де байқамай, кеңірдегімізге дейін күнәға баттық. Енді келіп маған «батылырақ бол» дейсің. Сенің кесіріннен қанішер болдым, адам өлтірдім. Нұсрет Хожаның құтырған иттері бәріміздің көзімізді құртады, өлтіреді.

Өзінің айтып тұрғанына өзі сене алмағандықтан да шынар, айқайға басты, қолындағы сиясауытты ашумен қатты қысып алыпты. Қарлы көшеден біреу өтіп бара жатса осы айқайды естіп келер ме еді?

Оны қалай өлтірдің? – дедім уақыт ұту үшін жағдайды білгім келген сынай танытып. – Әлгі құдықтың жанында қалай кездесіп жүрсіңдер?

Сенің үйіннен шыққан күні түн ішінде Зариф Нефенді мені өзі іздеп тауып алды, – деді күтпеген жерден оқиғаны айтып бергісі келіп. – Екі беттік соңғы суретті көргенін айтты. Сыпсыңдап жұртқа жаймасын деп оны азғырып, ойға алған ісінен бас тартқызғым келді. Өрт болған жерге дейін бірге бардық, содан соң:

– Құдықтың қасында тығып қойғам ақшам бар, – дедім.

Ақша туралы естігенде бірден сенді. Нақышкердің ақша үшін жұмыс істейтініне бұдан жақсы дәлел болмас, сондықтан өкінбеймін. Өнерлі болғанымен, қатардағы көп нақышкердің бірі еді ғой ол. Тоң болып қатып қалған жерді тырнағымен қазуға әзір еді. Құдықтың жанында шынында да көмілген алтындарым болса, оны өлтірудің қажеті де болмас еді.

– Тәзхибтеріңді жасату үшін сен сорлыны таңдапсың ғой. Қолы шебер еді, бірақ жасаған тәзхибтерінде түс таңдауы, оларды пайдалануы онша емес еді ғой марқұмның. Ешқандай із қалдырғам жоқ. Енді маған өзің айтшы, «стиль» деген нәрсенің негізі қандай? Қазір франктар да, қытайлар да суретшінің өнерінің түстерінен, стилінен сөз етіп жүр. Жақсы нақышкердің өзгелерден ерекшеленіп тұратын стилі болуы керек пе, әлде қажеті жоқ па?

Жаңа стиль нақышкер көңілінің қалауынан туа салмайды, оған бас қатырмай-ақ қой, – дедім, – бір шахзада өледі, бір шах соғыста жеңіледі, бітпейтіндей көрінген бір дәуір аяқталады, бір нақышхана жабылады да, ондағы нақышкерлер жан-жаққа тарап, өздеріне жаңа мекен, басқа кітапсүйер қамқоршы іздейді. Күндердің күнінде бір патша шартараптан, мәселен Гераттан, Алепподан келген осынау қаңғып жүрген, абдырап қалған өнерлі нақышкерлерді, хуснихатшыларды өз шатырына, сарайына шақырып, бастарын қосып, өз нақышханасын ашады. Бір-біріне үйренісе алмаған нақышкерлер алдымен өздері білетін ескі стильдермен сурет салса да, кейін көшедегі бала-шаға сияқты бір-біріне ұқсауға тырысып, өзара керілдесіп, есептесе бастайды. Жылдарға созылатын осынау дау-дамай, қырқыс, аярлық, көрсеқызарлықтың, түстер мен нақыш жұмыстарының нәтижесінде жаңа стиль пайда болады. Ол нақышхананың ең мықты, өнерпаз, жарқын нақышкері шығарады көбіне бұл стильді. Оны ең жолы болғыш нақышкер деуімізге де болады. Қалған нақышкерлерге осы стильді мәңгілікке дейін қайталап, жетілдіріп, тіпті жарқырата түсу ғана қалады.

Көздеріме тіке қарай алмастан, мен еш күтпеген айрықша ілтипатпен, әдеппен, қыздай сызылып, дауысы дірілдеп, сұрақ қойды маған:

– Менің стилім бар ма?

Бір сәт көздерімнен жас шығып кете жаздады. Бар күшімді жинап, кішіпейіл, мейірімді болуға тырысып, өзім көз жеткізген, сенген нәрсені айтып бердім оған:

– Алпыс жылдан асатын өмірімде мен көрген, ең өнерлі, ең шебер, қырағы, керемет нақышкер сенсің! Алдымда мың мусауыр араласып, сан түрлі қаламның

ой қалған сурет тұрса да сенің Алла берген тамаша қаламыңның тиген жерін бірден танып, тауып аламын.

– Мен де солай ойлаймын, бірақ сен менің өнерімнің сырын түсінетіндей ақылды емессің, – деді. – Менен қорқып отырғандықтан өтірік айттың сен! Олай болса, менің стилімді әрі қарай айтшы?

– Қаламың сызықтың дұрыстығын сен қол тигізгендіктен емес, өздігінен тауып алатын сияқты. Топ кісі жиналған мәжілісті салғанында адамдар арасындағы көзқарастардан, беттің қатталуынан, мәтіннің мағынасынан шығатын қауырт тірлік сенің суретінде ешқашан бітпейтін сырбаз бір сыбырға айналады. Мен сенің суреттеріне қайта-қайта сол сыбырды тыңдау үшін қараймын. Әр қарағанымда мағынаның өзгергенін аңғарып, не десем екен, суретті жазу сияқты қайтадан оқуға кірісемін. Осылайша осынау мағына қабаттары бірінен соң бірі тізілгенде, франк шеберлерінің перспектива тәсілінен де алысқа кететін бір тереңдік шығады.

– Ммм. Жақсы. Франк суретшілерін қойшы. Жалғастыр.

– Сенің қаламыңның шынымен де таңғажайып әрі қуаттылығы сонша, суретіне қараған адам әлемге емес, сенің салғаныңа сенеді. Сөйтіп сен өнеріңмен иманы берік адамды да жолдан тайдыра аласын, сонымен қатар осы суретпен ніс алмас имансызды да Алланың жолына түсіре аласың.

– Дұрыс. Бірақ бетке мақтау ма, білмеймін. Әрі қарай жалғастыр.

– Ешбір нақышкер бояудың дәлдігін, сырттарын сендей білмейді. Ең жарқыраған, ең жанды, ең шынайы түстерді сен даярлайсың үнемі.

– Басқа?

– Бекзат пен Мир Сейід Әлиден кейінгі ең ұлы нақышкер екеніңді өзің де білесің.

– Иә, білемін. Сен оны білсең кітапты неге менімен бірге емес, әлгі ортанқол Қара мырзамен бірге жасап жатырсың?

– Оның жасап жатқан ісіне нақышкер өнері де қажет емес, – дедім. – Бұл – бір. Екінші, ол сен сияқты қанішер емес.

Жылы ғана жымиды маған, өйткені мен де күлімсіреген едім. Осынау қорқынышты түстей жағдайдан осы әдеппен, осы тәсілмен құтылатынымды сезгендеймін. Осылайша әңгімені мен бастағаннан кейін, қолындағы моңғол сиясауыты туралы әке мен бала сияқты емес, көпті көрген қариялар, бірденеге әуес екі адам сияқты әдемі сұхбат құрдық. Қоланың ауырлығы, сиясауыттың деңгейі, мойынының ұзындығы, көне хұснихат қамыстарының ұзындығы мен алдымда тұрып сиясауытты шайқап, дәлдігін білгісі келген сияның сырлары... Моңғолдар қытай шеберлерінен үйренген қызыл бояудың сырларын Хорасанға, Бұқараға, Гератқа алып келмегенде ғой, бүгін біз Ыстамбулда осы суреттерді ешқашан сала алмасымызды әңгімеге арқау қылдық. Біз әңгімелескен сайын бояу тәрізді уақыттың да өзгеріп, өтіп бара жатыр еді. Не себепті әлі үйде ешкім жоқ деген сауал санамда ұдайы көрініс береді, сиясауытты жерге қойғанын қалап отыр едім.

– Кітабың біткенде мен салған суреттерді көргендер өнерімді түсіне ала ма? – деп сұрады, бірге жұмыс істеген кезіміздегідей еркін түрде.

– Осы кітапты Иншалла, аман-есен бітірсек, Падишамыз хазіреті оны қолына алып, былай әрлі-берлі қа-

рай тын болады, әрине, алдымен алтын парақтарының оторнында тұрған-тұрмағанына назар салады, шәмайлнамаға қарағандай өз суретіне көз салып, барлық падишалардың әдетімен, біздің тамаша суретімізге емес, салынған өз суретіне қайран қалатын болады. Одан соң көз қиығын біздің Шығыс пен Батыстан шабыт ала отырып жасаған тамаша туындыларымызға салғаны қандай ғанибет! Сен де білесің, керемет жағдай болмаса, жақтауын кім жасады, тәзхиб кімдікі, мына адам мен аттың суретін кім салды деп ешқашан сұрамайды әрі кітапты қазынаға апартып, сақтатып қояды. Алайда барлық өнер иелері тәрізді біз де күндердің күнінде сондай бір керемет оқиға болатын шығар деп нақыш жасаймыз.

Біраз үнсіз қалдық. Сабыр еткендейміз.

– Ол керемет қашан болады? – деп сұрады. – Соқыр болғанша салатын ондаған суреттерді жұрт қашан шынымен түсінеді? Бізге лайық немесе лайық болмаған сүйіспеншілікті қашан береді, қашан бізді қадірлейді?

– Ешқашан!

– Қалай сонда?

– Сенің қалауыңды мына тобыр ешқашан бермейді, – дедім. – Болашақта тіптен түсініксіз бола түсесің.

– Кітаптар ғасырларға жетеді, – деді маңғаздана, алайда өзіне толық сенімді емес еді.

– Итальян суретшілерінің ешқайсында сенің өлеңің, сенімің, дәлдігің, түстеріннің тазалығы мен жарқылы жоқ. Маған сенуіне болады. Бірақ олардың суреттері адамды сендіреді, өмірдің тура өзіне ұқсайды. Әлемге мұнараның басынан көз салғандай әрі перспектива дейтін дүниеге бой алдырмаған сипатта емес, көше-

ден, принц бөлмесінің ішінен қарап, төсегі, көрпесі, үстелі, айнасы, қабыланы, қызы, ақшаларымен қоса сызады, барлық нәрсенің суретін салады олар, білесің өзің. Мен олар жасаған әр нәрсеге илана қоймаймын, суретте әлемді тікелей көшіруге тырысуы маған ұнамайды. Алайда сол бір көне стильдермен салған суреттерінің айрықша тартымдылығы бар. Көз нені көрген болса, тура сол көрінген күйіндегідей салынады ол суреттер. Олар көрген заттарының суретін салады, біз қарағанымыздың суретін саламыз. Жасағандарын көрген сәтте бейнеңді қияметке дейін қалдыру тек франк стилдері арқылы мүмкін екенін түсінесің. Мұның тартымдылығы сонша тек Венеция емес, Франк елдерінің барлық қасапшылары, әскерлері, епископтары мен поптары, дүкеншілер... Қысқасы, баршасы өздерінің бейнелерін суретте осылай салдырады. Өйткені ол суреттерді бір рет көрген соң сен де өзінді солай бағалап, баршадан бөлек, теңдессіз, ешкімге ұқсамайтын жаратылыс иесі екеніне сенгің келеді. Адамды ақылының көргеніндей емес, жаңа стильдермен, көздің көргеніндей етіп суретін салу осы мүмкіндікті береді. Келешекте, күндердің күнінде барлығы солар сияқты сурет салатын болады. Сурет дегенде тұтас жаһан олардың жасаған заттарын еске алатын болады! Мұнда нақыштан ештеңе түсінбейтін ақымақ саудагердің өзі суретінің айырықша салынғанын қалайтыны сонша, қатардағы көп есерсоқтың бірі емес, елден ерек, ешкімге ұқсамайтын, өзгеше пенде екеніне мұрнының ұшына қарап-ақ иланасың.

– Еее, қойшы, бізде сондай сурет саламыз онда, – деді әзілкеш қанішер.

– Ондай сурет сала алмаймыз, – дедім.

Франктерге еліктеуден қаншалықты қорқатынын ойып алтірген Зариф Ефенді марқұмнан естімедің бе? Қорықпай, тәуекел етіп, жасап көрсе де баратын жері бір. Ақыр соңында біздің стильдеріміз өледі, түстеріміз солады. Кітаптарымызға, суреттерімізге ешкім қызықпайтын болады. Әуестік танытып, қызығатындар ештеңе түсінбей, еріндерін сылп еткізіп, неге перспектива жоқ дейді, не болмаса кітаптарды ешқашан таба алмайтын болады. Өйткені ешкім назар аудармағандықтан, салғырт-салақтақтан суреттерімізді уақыт пен бәле-қаза бірте-бірте жеп бітіреді. Томдарды желімдеу үшін балық, сүйек, бал қосылғандықтан әрі беттері жұмыртқа мен крахмалдан жасалған ахармен жылтыратылып, лакталғандықтан ашқарақ, арсыз тышқандар рахаттана жеп, ақ құмырсқалар, құрттар, мың түрлі қоңыз мен жыбырлақтар кітаптарымызды кеміріп, жоқ қылады. Томдар паршаланып, беттер түседі, жыртылады. Ұрылар, салғырт қызметкерлер, балалар, от жаққан қатын-қалаштар суреттерді ойланбастан жұлып алады. Бала шахзадалар суреттерді қолдарындағы ойын қаламдарымен бұзады, адамдардың көздерін ояды, парақтармен мұрынбоқтарын сүртеді, шеттерін қара қаламмен шимайлайды, күнә деп ойлаған барлық нәрсені бояйды, суреттерді жыртады, бәлкім, басқа сурет салу үшін соларды пайдаланып, ойнап, ермек үшін қолданатын болады. Шешелері әдепсіз, ұят деп суреттерімізді жыртып жатса, әкелері, ағалары жаланаш қатындардың суретін көргенде, ұлы мүшелерін ұйқалап, парақтарға шауһаттарын төгеді, кітап беттері тек бұл ғана емес, балшық, ылғал, нашар желім мен түрлі күл-қоқыс түсіп, тамақ қалдықтары жұққандықтан бір-біріне жабысып қалатын

болады. Жабысқан жерлер зең мен кірден сыздауық. шиқан сияқты ісініп, жарылады. Кейін жаңбырдан аққан тамшылар, сел, балшық құртады біздің кітаптарымызды. Судың, ылғалдың, құрт-құмырсқаның, салғырттықтың салдарынан қамырдай иленген, жыртық-жыртық, шұрқ тесік, қураған, оқудың мүмкіндігі қалмаған беттермен бірге құдайдың құдіретімен сол күнге дейін құрғақ сандықтың ішінде сақталып, кейін қолға түскен, жақсы сақталған соңғы кітап та күндердің күнінде алапат өрттің жалынына жұтылып, жоқ болады. Ыстамбулдың жиырма жыл сайын кемі бір рет өртеніп, күлге айналмаған, құрып тынбаған махалласы бар ма? Ондай аудандар қалмаса, кітап қалай сақталсын? Моңғол әскері Бағдатты шауып, өртеген кезде жойылғаннан да мол кітап пен кітапхана әрбір үш жылда құрып жатқан бір қалада қандай нақышкер өзі жасаған ғажайып туындының жүз жылдан көп шыдас беретінін, күндердің күнінде сол суретке қарағандар нақышкерді Бекзат сияқты еске алатынын елестете алады? Тек біз жасаған дүниелер ғана емес, ғасырлар бойы осынау дүниеде жасалған әр нәрсе өрттерге, құрт-құмырсқаға, салғырт-салақтыққа жем болып, жоғалып тынады. Осылайша Шырынның терезеден Хұсрауға маңғаздана көз тастаған сәті, Хұсраудың да ай нұрының астында суға шомылып жатқан Шырынға құмарта қарауы мен барлық ғашықтардың бір-біріне сырбаздана, сүйісіне, ауыздарының суы құрып көз сүзуі; Рүстемнің ақ шайтанмен құдықтың түбінде алысып, өлтіруі; ғашықтықтан ақылынан адасқан Мәжнүннің шөлде қабылан мен тау ешкіге жолдас болған сәтіндегі мұңды халі; түн сайын шағылысып, құмарынан шығып жүрген қаншық қасқырға өзі кү-

жетіп отардан бір тоқтыны ұстап беретін қойшы тоқтының ақыр соңында ұсталып, ағашқа асылған сәті; гүлдермен, періштелермен, жапырағы жайқалған жауһарлармен, құстармен және көз жасымен көмкерілген жақтау зерлері; Хафиздың таңғажайып өлеңдерін өшендіру үшін салынған ұд тартып отырғандардың бірлығы; мыңдаған, он мыңдаған шәкірттің көз жауын алып, шеберлерді соқыр қылған қабырға әшекейлері; маңдайшаларға, қабырғаларға ілінетін әсем һәм кішкентай тақтайшалар, суреттің өзімен біте қайнасып кеткен жақтауларға жасырылған барлық бәйіттер; дуалдың іргесіне, бұрыштарға, маңдайшаларға, табалдырыққа, бұта түбіне, жартастар арасына жасырылған кішпейіл қолтаңбалар; ғашықтар қымтанған көрпенің ішіндегі барлық гүлдер; Падишамыздың марқұм атасының кәуір дүшпанға жеңісті шабуылы кезінде шабылған кәпірдің бастары, кәпір елшілерінің Падишамыздың ұлы атасының аяғын сүйіп жатқан сәтінде арт жақта тұрған, кезінде суретін салуға сен де қатысқан зеңбіректер; күлдір-мамай мылтықтар, шатырлардың барлығы, мүйізді, мүйізсіз, күйрықты, күйрықсыз, өткір тісті, жез тырнақты барлық шайтандар; араларында ақылман бәбісек, секеңдеген шымшық, ебедейсіз кезкүйрық, ақын бұлбұл да бар мыңдаған құс, маубас мысықтар, тынымсыз иттер, асыққан бұлттар, мыңдаған суретте қайталанған аласа, сүйкімді шөптер, көлеңкесі қисынсыз бейнеленген жартастар мен пайғамбар сабырымен әр жапырағы бір-бірден сызылған он мыңдаған сауырағаш, шынар мен анар ағаштары, Ақсақ Темір кезінен немесе Шах Тахмасп заманынан қалған сарайларға ұқсатылып жасалған. Бірақ одан да көне дәуірдің хикаяларында бейнеленген

зәулім сарайлар мен жүздеген мың кірпіші, қырдағы гүлдердің үстіне әрі бүр жарған көктемгі ағаштардың саясына жайылған тамаша қалы кілемде отырып, сұлу қыз-қырқын мен жігіттер ойнаған әуенді тыңдаған ондағы мың қасіретті шахзадалар, кемелдігі үшін соңғы жүз елу жылда Самарқандтан Ыстамбулға дейінгі сансыз қалалардағы, мыңдаған нақышкер шәкірттердің көз жастары мен жеген таяғына қарыздар әдемі қыш пен кілем суреттері, сенің әлі де болса шабыттана, қуана салатын әлгі тамаша бақшаларың мен жайлауларың, адам сенгісіз өлім мен соғыс мәжілістері, аң аулаған жеңімпаз падишалар мен олардан қашқан киіктерің, өлген шахтарың, тұтқынға түскен дүшпандарың, қәпірдің желкенді кемелері мен дүшпан қалалары, қаламыңнан түнек тамып түскендей болып көрінетін әрі жарқыраған қараңғы түндерің, жүлдыздар, аруақ тәрізді сауырағаштарың, қызыл түске бояған махаббат пен өлім картиналарың сенің, бәрі, барлығы құрып, жоқ болып кетеді.

Сиясауытпен басымнан бір ұрды. Соққының қатты болғаны сонша, теңселіп кеттім. Ешқашан түсіндіріп бере алмайтындай, қорқынышты түрде жаныма батқан ауырсынуды сезіндім. Бір сәт, күллі дүние менімен бірге ауырсынып, сап-сары болып кетті. Санамның бір бөлігі маған жасалған қастандықтың әдейі, ниет етіле жасалғанын түсінгеніммен, басыма тиген соққының кесірінен дұрыс қызмет жасай алмаған келесі бөлігі өкінішке толы, бірақ ізгі ниетпен жанымды алар қанішер болғысы келген оңбағанға: «Маған қателесіп қол көтердің, бата тимей, қата тиді бұл соққың» дегім келген-ді.

Қола сиясауытпен тағы ұрды басымнан. Бұл жолы мұның қателік емес, ашу, көзі аларып құтырғандай

есаландық, түбінің өлімге апаруы мүмкін екенін санамның ақылсыз бөлігі де түсінді. Бұл жағдайдан қорыққаным сонша, бар күшіммен ұлығандай болып, оқыра бастадым. Шыңғырған дауысым сурет болып салынар болса, жап-жасыл түске боялар еді. Көз байлана бастаған іңір қараңғылығында бұл бояуды ешкімнің көрмейтінін, естімейтінін, жападан-жалғыз екенімді ұқтардым.

Ойбайымнан сескенді де, кідірді. Бір сәт көздеріміз түйісіп қалды. Қарашығынан зұлымдық және ұятпен қатар бұл іске дағдыланып алғанын әрі баяғыда мойынсұнып кеткенін де көрдім. Мен танитын шебер пақышкер емес, тілімді де түсінбейтін арам ойлы жатжұрттық еді. Мұның өзі сол сәтте менің жоқтаушымның болмауын ғасырларға созып жіберді. Бұл пәниді құшақтағым келгендей, қолдарынан ұстамақ болдым, пайдасы болмады. Жалындым, бәлкім солай жалбарындым деп ойладым: «Қарағым, балам, өлтірмеші мені». Түсте көретініміздей, мені естімей де тұрған тәрізді.

Сиясауыт басыма тағы тиді. Ақылым, көргендерім, естеліктерім, көздерім, барлығы менің қорқынышыма айналып, бір-бірімен араласып кетті. Ешбір түсті көре алмай қалған едім, бірақ барлық түстің қызыл болып кеткенін түсіндім. Қаным деп ойлағаным сия екен. Оның қолындағы сия деп ойлағаны – менің тоқтаусыз ағып жатқан қызыл қаным.

Енді сендерге өлімімді айтып берейін. Мына жайды ендігі түсініп те қойған шығарсыңдар: Өлім барлық дүниенің соңы емес, бұл анық. Алайда барлық кітаптарда жазылатындай, өлім дегенің адам сенгісіз қасірет беретін нәрсе. Тек быт-шыты шыққан бас сүйегім мен миым емес, барлық жерім бір-бірін құшақтап, ауырған-

нан теңселіп, өртеніп бара жатқандай көрінді. Осындай шексіз ауырсынуға, жанға батқан ауруға төзудің қиындығы сонша, ақылымның бір бөлігі оны ұмытып, дереу ұйқыға кеткісі келетін тәрізді.

Өлерден бұрын бала кезімде, шәкірт болып жүргенде естіген сириялық бір әңгімені есіме түсірдім. Жалғызбасты кария бір күні түн ішінде ұйқысынан оянады да, орнынан тұрып, бір кесе су ішеді. Кесені үстелге қойған кезде, онда тұратын шамның жоқ екенін байқайды. Қайда? Жатын бөлме есігінің саңылауынан сәуле түсіп тұрады, жарыққа қарай жүріп, өз бөлмесіне кіріп барса, төсегінде бөтен біреу жатыр, қолында – шам. «Сен кімсің?» – деп сұрайды. «Ажалмын», – дейді бөтен адам. Кария бір сәт үнсіз қалады. «Демек, жеткен екенсің ғой», – деді біраздан соң. «Иә», – дейді өлім, өзіне разы кейіпте. Кария: «Жоқ», – дейді қараңғыда, «сен менің аяқталмай қалған түсімсің». Бөтен адамның қолындағы шамды үрлеп сөндіре салады. Ал қараңғыда барлық нәрсе көзден ғайып болады. Кария бос төсегіне жатып, ұйқыға кетеді. Одан кейін тағы жиырма жыл өмір сүріпті әлгі карт.

Менің басымнан мұндай оқиға өтпейтінін білемін. Өйткені басымнан сиясауытпен тағы ұрды. Жанымның шырқырағаны сонша, басыма тиген соққыны дұрыс сезіне де алмадым. Ол да, сиясауыт та, шамның әлсіз жарығы түсіп тұрған бөлме де қазірдің өзінде алыстап, солғын тартып бара жатқан-ды. Бірақ сонда да тірі едім, мұны пәниде әлі де қала тұру, қашып құтылмақ болған ішкі тілегімнен, қолдарымның қан жоса болған басымды, бетімді қорғауға ұмтылған әрекетінен, бір сәт оның білегін тістеп алғанымнан, сиясауыттың бетіме тағы тигенінен аңғардым.

Біраз алыстық шамасы, бірақ оны алыс-жұлыс деуге келсе, әрине. Өте қарулы әрі ашулы еді. Мені жерге алып ұрды. Тізелерімен кеудемнен басып, жерге шегелеп тастағандай болды. Жантәсілім етіп бара жатқан маған – қарияға тұрпайы түрде балағаттап, бірденелер айтып жатыр. Бәлкім, оның айтқандарын түсіне алмағаным, тыңдамағаным, қанталаған көздеріне қарауды ұнатпағаным үшін де шығар. Сиясауытпен тағы ұрды. Сиясауыттан шашыраған сия мен менен атқылаған қаннан жүзі, көзі, үсті-басы қып-қызыл болған шығар деп ойлаймын.

Бұл дүниеде ең соңғы көретін нәрсемнің маған дұшпандық қылған осы адам болғанына өкініп, көздерімді жұмдым. Дереу сондай тәтті, жанға жайлы, жылы бір шұғыла көрдім. Ауырғанымды басады-ау деп үміттенген үйқыдай тәтті әрі тартымды еді бұл сәуле. Ішінен біреу көрінеді. Баладай сауал қойыппын: «Сен кімсің?» – деп. «Мен Әзірейілмін!» – деді. «Адам ұрпағының бұл әлемдегі сапарын тоқтататын мен боламын. Балаларды аналарынан, әйелдерді күйеулерінен, ғашықтарды бір-бірінен, әкелерді қыздарынан мен айырамын. Бұл әлемде менімен кездеспейтін тіршілік иесі қалмайды».

Өлімнен құтылмасыма көзім жеткен кезде жылай бастадым. Жылағаным мені қатты шөлдете бастады. Бір жағымда жанымды шырқыратқан, күшейген сайын адамды есінен тандыратын ауру бар еді, бет-аузым қан жоса болған асығыстыққа толы, залым бір жер еді – ол. Екінші жақта асығудың да аяқталған жері бар еді, алайда маған жат әрі қорқынышты еді ол жер. Өлілер әлемінің Әзірейіл мені шақырған сол бір шұғылалы дүние екендігін білгендігімнен қорыққан едім сол жер-

ден. Бірақ шыбын жанымды мұрнымның ұшына әкеліп, шырқырата ауыртқан, тұла бойым қан жоса, денем безгек кигендей тулап жатқан, бұл пәниде енді көп қалмайтынымды, осынау қорқынышты ауру мен азап мекенінде маған жайлы орын қалмағанын да түсіндім. Бұл өмірде қала тұру үшін осы ауыруға төтеп беруім керек, бірақ бұл мен сияқты қарттың қолынан келетін іс емес еді.

Осылайша өлерден сәл бұрын өлуді өзім қаладым. Сонымен бірге өмір бойы бас қатырып, кітаптардан жауабын таба алмаған нәрсенің, адам баласының бірде-біреуі тыс қалмай қалай өле алатындығы жөніндегі сауалдың жауабының осынау қарапайым ғана тілек екенін бірден түсіндім. Өлім мені тіптен данышпан қылатынын да түсіндім.

Бірақ сонда да алыс сапарға шығардан бұрын бөлмесіне, заттарына, үйіне соңғы рет қарамай тұра алмайтын біреудің екі ойлы сәтін бастан кештім. Аландап, аңсап, қызымды соңғы рет көргім келді. Осы тілегімнің күшті болғаны сонша, біраз тістеніп, ауру мен сәт санап артып бара жатқан шөлге шыдас беріп, қызымды күте алатынымды да аңғардым.

Осылайша көз алдымдағы өлім белгісі, әлем шұғыла солғын тартты біраз, санамның есігі тәрк еткелі жатқан дүниеден жеткен дыбыстар мен тықырға ашылды. Қанішерімнің бөлмеде жүргенін, шкафты ашқанын, қағаздарымды қопарып, соңғы суретті жандәрмен іздеп, таба алмағаны үшін бояу ыдыстарымды шұқылап, дорба, қоржын, сандық, құты, сиясауыт атаулыны ызалана теуіп жүргенін естідім. Арасында ыңырсығанымды, сидиған қолдарым мен тарамыс басқан аяғымды қозғап, тыпырламақ болғанымды да түсіндім. Күттім.

Тұла бойымның ауырғаны басылар емес, уақыт өткен сайын шөлдеп, тістенуге де дәрменім қалмады. Сонда да біраз уақыт күттім.

Үйге келер болса қызымның оңбаған қанішермен кезігіп қалуы мүмкін екені сол кезде есіме түсті, бірақ оны ойлағым да келмеді. Сол сәтте қанішердің бөлмеден шығып бара жатқанын сездім. Бәлкім, соңғы суретті тапқан шығар.

Қатты шөлдедім, бірақ сонда да күттім. Қане, қызым, сұлу Шекурем, келші. Келмеді.

Енді адам төзгісіз ауруға төзе алмайтын тәріздімін. Қызымды көрмей өлетінімді түсіндім. Бұл жағдайдың жаныма батқаны сонша, қайғыдан өлгім келді. Дәл сол кезде сол жағымнан бұрын-соңды ешқашан көрмеген бір бейне көрінді, жүзі жылы, жақсылық жасағысы келгендей, маған бір кесе су ұсынды.

Барлық дүниені ұмытып суға жанталаса ұмтылғам. Кесені кері тартып қалды: «Мұхаммед пайғамбар өтірік айтты де», – деді. «Оның айтқандарын жоққа шығар!».

Бұл шайтан еді. Жауап бермедім, тіпті одан қорыққан да жоқпын. Сурет салудың шайтанға алдану екеніне ешқашан сенбегендігім үшін сенімді түрде күттім, алдымдағы мәңгілік сапар мен келешегімді ойладым. Сол сәтте біраз бұрын көрген шұғылалы періште жақындағанда Ібіліс ғайып болды. Ақылымның бір жағы шайтанды қуып жіберген осы нұрлы періштенің Әзірейіл екенін біліп тұрған-ды. Алайда ақылымның бүлікшіл келесі жағы, Китаб-ул Ахуал-ул Кияметте Әзірейілдің мың қанатты, Шығыстан Батысқа дейін созылған, қолдарында тұтас әлемді ұстап тұратын періште ретінде жазылғанын есіме салды.

Ойым сан-саққа жүгіріп, ақылымнан алжасқандай болып жатқан сәтте әлгі шұғылалы періште жақындап, маған көмектескісі келген ыңғаймен, тура Ғазалидің Дуррет-ул Фахиреде айтқаны сияқты жағымды үнмен былай деді: «Аузыңды аш, жаның сол жерден шықсын!».

«Аузымнан «Биссмилләдан» басқа ештеңе шықпайды», – деп жауап бердім оған.

Бірақ бұл соңғы сылтауым болатын. Қарсыласа алмайтынымды, демім бітер уақыттың келгенін түсінген едім. Енді қайтып, ешқашан көре алмайтын қызыма, қан жоса болған денемді дәл осындай бейшара халде қалдыру ұялтты мені. Мені қысып жатқан тар киімнің ішінен шыққандай бұл пәниден де кеткім келді.

Аузымды аштым және әр нәрсе Пайғамбарымыздың Жұмақты аралап қайтатын миғраж сапарын сипаттайтын суреттерде кездесетіндей түрлі түсті болып кетті, әрі алтынның буына ұсталғандай жарқырап шыға келді. Көзіме ащы бір жас тамды. Өкпемнен, аузымнан ауыр бір дем шықты да, бар дүние таңғажайып тыныштыққа бөленіп сала берді.

Қазір рухымның кеудемнен ұшып шыққанын, оны Әзірейілдің қолында ұстап тұрғанын көріп тұрмын. Жаным араның көлеміндей жарқырап тұр, кеудемді тәрк еткенде бір сәт дір ете қалғаны бар, сол діріл Әзірейілдің қолында тұрса да сақталыпты, қорғасындай дірілдеп тұр. Бірақ ойым онда емес, енді ғана кірген жаңа әлемде еді.

Соншама қиындық пен қиналыстан кейін іштей тынып, жаным тыншығандай болды әрі олу дегеннің мен қорыққандай жанымды ауыртпай, керісінше рахат сезімге бөлендім, әрі сол сәтте бұл жағдайдың мәңгі-

лік, ал тірі кезімде сезінген кеудені қысқан сезімнің өткінші екенін бірден түсіндім. Енді барлық нәрсе тасырлар бойы, сонау қияметке дейін осылай қалатын болады, бұл жағдайға қуанған да, өкінген де жоқпын. Бір кездері бірінен соң бірі, едел-жедел басымнан өткен оқиғалар қазір шексіз мекенге кеңейіп, сөйте тұра бар нәрсе ретінде жайылып еді айналаға. Қалжыңбас пақышкердің әр бұрышына бір-біріне еш қатысты жоқ дүниелер салған екі беттің үлкен суреттердегідей қазір барлық нәрсе бір сәтте пайда болып, бір кезеңде өтіп жатыр еді.

30. Мен – Шекуремін

Қардың қапалақтап мол жауа бастағаны сонша, бетпердемнен өтіп, көздеріме де кіріп жатыр. Шіріген шөп, балшық, сынған бұтақтар жапқан бақшаның ішімен әрең жүрдім. Бірақ көшеге шыққан бетте жүрісімді жылдамдаттым. Білемін, не ойлап келе жатқаным сендерге қызық шығар. Қараға қаншалықты сенемін? Ендеше сендерге бірдеңе айтайын. Менің өзім де не ойлап жүргенімді білгім келеді. Түсінген шығарсыңдар, ақыл-ойым астан-кестең қазір. Алайда қазірдің өзінде мынаны білемін. Әдеттегідей тамаққа, балаларға, әкеме айналып, басқа істермен шұғылданамын және біраздан кейін жүрегім менің сауал қойғызбай-ақ ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін өзі сыбырлайтын болады. Ертең түске дейін кіммен тұрмыс құратынымды біліп аламын.

Үйге жеткенше сендермен бөліскім келген бір ойым бар. Тастаңдар, әлгі Қара көрсеткен мүшесінің үлкен-

дігі туралы сыпсыңды. Қаласаңдар ол туралы кейін әңгімелесерміз. Менің негізгі айтпақ болғаным – Қараның асығыстық жасағаны. Нәпсіқұмарлықтан басы айналып, көзінің астыңғы жақтан басқа ештеңе көрмегенін ойлап отырған жоқпын. Ашығын айтсақ, оның бұл қылығы маңызды емес. Мені таң қалдырғаны – оның ақылсыздығы. Мені үркітіп алуы мүмкін екендігі, арыммен ойнап мені суытып алуы да ықтимал еді, тіпті одан да қауіпті қадамдарға жол ашылуы мүмкін екендігі миына кіріп те шықпады! Бетіндегі, бала бейнелі көзқарасынан мені қаншалықты сүйетіні, бар болмысымен мені қалайтынын да түсінгем. Он екі жыл күткеннен кейін неге шайтан түрткендей асығып, он екі күн күте алмайды?

Білесіңдер ме, әлгі ебедейсізге, сол бір бала көзқарасқа ғашық болып қалғанымды сеземін мен. Мұны оған ең қатты ашулануға тиіс уақытта, керісінше жаным ашыған кезде сездім. «Ойбой, байғұс бала! – деп еді, ішкі даусым. – Өзің осыншама азап тартасың, сөйте тұра осыншама ебедейсіз әрі дым білмес екенсің ғой».

Іштей оны қорығым келгені сонша, қате бір іс жасап, өзімді ол тентекке беріп қоя жаздадым.

Байғұс балаларымды ойлап қадамымды тіптен жеделдете түстім. Жапалақтап жауған қалың қар мен қараңғыда жалмауыздай біреу тура мені бас салатындай елеңдеп келе жатып, тайып, құлап қала жаздадым.

Аула қақпасынан кірген бетте Хайрие мен балалардың үйге әлі келмегенін бірден аңғардым. Жақсы, ақшам азаны әлі шақырылған жоқ. Баспалдақпен көтерілдім, үйдің ішінен тәрәнжі тосабының иісі аңқып тұрған еді, әкем қараңғы бөлмесінде, аяқ киімдерім мұзға ай-

ылыпты, шамды ұстап бөлмеге кіргенімде шкафтың есігінің ашылып, жастықтардың түсіп, шашылып қалғанын көрдім де, Шевкет пен Орханның ісі шығар деген. Үйдегі тыныштық, әдеттегідей үнсіздік бізге ұнамыс қалыпты тыныштыққа ұқсамайды. Үйге киетін ыяқ киімімді киген соң, жеке отырып біраз армандағым келгенімен, төменгі қабаттан, тура астымнан, асүйдің емес, жазғы нақыш бөлмесінен бір тықырлаған дыбыс естілді. Әкем мына суықта сол жаққа түсіп кеткен бе? Бірақ ол жерден шамның жарығын көрмеген сияқты едім ғой деп ойлап үлгергенімше тошала үйдің аулаға қараған есігінің сықырлағанын естідім. Одан соң аула қақпасының маңын торуылдап жүрген қаңғыбас иттердің үре бастағанын естіп күмәндана қалдым.

– Хайрие, – деп айғайладым, – Шевкет, Орхан!

Тоңа бастаған едім. Әкемнің қасындағы ошақ жанып тұрған болар, қасына барып, онымен бірге отырайын, жылынып алайын, ойым Қарада емес, балаларымда еді сол кезде. Бөлмесіне кірдім. Қолымда – шам.

Ортадағы дәліздан өтіп бара жатқанымда, төменге түсіп, пешке су асып қоюды да ойладым, кефаль үшін. Көк есікті бөлмеге кірдім, айнала астаң-кестең, барлық нәрсе шашылып қалыпты, «әкем не істеген» дей жаздадым таң қалып. Сол сәтте оның жерде жатқанын көрдім. Қорыққанымнан шыңғырып жібердім. Тағы бақырдым. Содан соң әкемнің өлі денесіне қарап үнсіз қалдым.

Бері қараңдар, сендердің үнсіз отырғандарыңнан, салмақты қалыптарыңыздан онсыз да осы бөлмеде болған оқиғаны бастан-аяқ білетіндеріңді аңғардым. Барлығын болмаса да, көбін білесіңдер. Қазір сендер менің жағдайды көрген кездегі халімді, не сезінгенім-

ді білгілерің келіп, қызығып отырсыңдар. Бір суретке қараған кезде жасайтындай картинадағы кейіпкердің қайғысын, хикаяның сол бір қайғылы сәтке дейін қалай өрбігенін ойлап, тұжырым жасайсыңдар, содан соң менің іс-әрекетімс қарайсыңдар, менің орнымда сендер болсаңдар, сендердің әкелерің осылай өлтірілсе не сезінесіңдер, сендер менің қайғымды емес, оқиғаны рахаттана отырып түсінуге тырысасыңдар.

Жақсы. Кешке үйге оралдым, әкемді біреу өлтіріп кетіпті. Иә, шашымды жұлдым, ағыл-тегіл жыладым. Иә, бала кезімде жасайтынымдай оны қатты құшақтап, құмарлана иіскедім, иісіне тоймайтын сияқтымын. Иә, қорқыныштан, қайғыдан, жалғыздықтан тітіреп, тынысым тарылды, дем ала алмадым. Иә, көргендеріме сене алмадым, тұрсын, әдеттегідей кітаптарының арасында, бұрышта отырсыншы деп Аллаға жалбарындым. Тұршы, әке, өлме, тұршы, әкетайым... Бірақ қан жоса болған бас сүйегі сынып, мылжа-мылжа болыпты. Қағаздардың, кітаптардың жыртылғанына, шай үстелінің, бояу жинақтарының, сиясауыттардың сынып, шашылып қалғанынан, жастықшаның жыртылып, күрсінің, жазу тақтайшасының айуандықпен қиратылып, барлық дүниенің быт-шыты шыққанынан әкемді өлтірген ызадан емес, барлық нәрсеге қаһарын төккен өшпенділіктен қорықтым. Жылай алмай отыр едім. Көше жақтан екі кісі ырғап-жырғап, күлісіп, қараңғыда әңгімелесіп кетіп бара жатқан сәтте дүниенің үнсіздігін ақылымның ішінде естіп, жүзімді жуған жасты, мұрнымды сүртіп тұрған едім. Балалар, алдағы өміріміз жөнінде ұзақ ойландым.

Мүлгіген тыныштыққа құлақ түрдім. Жүгіріп бардым да, әкемді аяқтарынан сүйреп, дәлізге шығардым.

Денесі ауыр екен, бірақ сонда да баспалдақтан төмен түсіре бастадым. Баспалдақтың орта тұсына келгенде әлім құрып, отырып қалдым, жылағым келді, бірақ шықырлаған дыбысты естідім де, Хайрие мен балалар келіп қалған болар деген оймен әкемнің аяқтарына қайта жармастым, құшағыма қысып, бұл жолы төменге тез арада түсіріп алдым. Мылжа-мылжасы шыққаны сонша, әкемнің бас сүйегі баспалдаққа соғылған сайын су сіңген шүберек сияқты былш-былш еткен дыбыс шығып тұрған-ды. Төменге түскен соң, неге екенін қайдам, сәл жеңілдеп қалғандай болып көрінген денесін аударып тастап, тас еденнің үстімен сүйреп, бір сәтте ат қораның жанындағы жазғы нақыш бөлмесіне кірдім, қап-қараңғы бөлмеде ештеңе көрінбейді, шам жағу үшін асүйге жүгірдім. Шам жағып, қайтып келгенімде нақыш одасының да астан-кестеңі шыққанын көріп, тілім байланып қалды. «Құдайым-ау, бұл кім, қайсысы?».

Санам сан саққа жүгірді, біраз нәрсені ойша есептеп тұр едім. Шашылған бөлмеге әкемді қалдырдым да, есігін нығарлап жауып тастадым. Ас үйден шелек, құдықтан су алып жоғары көтерілдім, шамның жарығымен дәліздегі, одан соң баспалдақтағы қанды сүрттім. Бұл істі өте жылдам жасадым. Жоғарыдағы бөлмеме кіріп, қан болған киімдерімді шештім де, тазасын кидім. Қолымда шелек пен шүберек бар, әкемнің бөлмесіне енді кіре бергенімде аула қақпасының ашылғаны естілді. Сол сәтте ақшам намазының азаны да шақырыла бастады. Бар күшімді жинап, шамды қолыма ұстадым да, оларды баспалдақта күтіп алдым.

– Шеше, біз келдік, – деді Орхан.

– Хайрие, қайда жүрсіңдер? – деп айғайладым, бірақ бұл айқай емес, сыбырға ұқсап кеткендей болды.

– Анашым, бірақ біз ақшам намазының азанынан кешіккен жоқпыз ғой, – деді Шевкет.

– Жап аузынды! Атаң сырқаттанып қалды, ұйықтап жатыр.

– Ауырып қалды ма? – деді Хайрие төменнен. Бірақ менің үнсіздігімнен ашуымды сезді:

– Шекуре ханым, Костаны күттік. Кефаль келген бетте ештеңеге айналмастан айлақтан кеттік, балаларға кепкен інжір мен мүкжидек алдым.

Төменге түсіп, Хайриенің құлағына сыбырлап, ренішімді айтқым келді, бірақ төмен түсіп келе жатқанда қолымдағы шамның баспалдақтағы су мен асығыстықпен сүртпей кеткен қан іздерін байқатып қоюы мүмкін екенін ойладым. Балалар асығыс-үсігіс көтеріліп, аяқ киімдерін шешті.

– Тссс, – дедім, оларды бөлмеме қарай итеріп.

– Аталарың ұйықтап жатыр, ол жаққа бармаңдар!

– Көк есікті бөлмеге, ошақтың қасына барамын, – деді Шевкет.

– Атамның бөлмесіне бармаймын.

– Атаң сол бөлмеде ұйықтап жатыр ғой, – дедім сыбырлап.

Бірақ сәл де болса бөгелгенін байқадым.

– Аталарыңның ішіне кіріп, оны сырқат қылған жаман жындар сендерді ұрып жүрмесін, – дедім. – Бөлмелеріне кіріңдер, қане.

Екеуінің де қолынан жетектеп, өзіміз құшақтасып ұйықтап жүрген бөлмемізге кіргіздім.

– Қане, айтыңдар, осы уақытқа дейін не істеп жүрдіңдер көшеде?

– Араб қайыршыларын көрдік, – деді Шевкет.

– Қай жерден? – деп сұрадым. – Байрақтары бар ма екен?

– Төбенің басында жүр екен. Хайриеге бір лимон берді. Хайрие оларға ақша берді. Үсті-бастарын қар басып қалыпты.

– Басқа?

– Аланда нысанаға оқ атып жатыр екен.

– Мына жапалақтаған қарда ма? – дедім.

– Анашым, мен тоңдым, – деді Шевкет, – көк есігі бар бөлмеге барамын.

– Бұл бөлмеден тысқа шықпайсыңдар, – дедім, – шықсаңдар өлесіңдер. От жанып жатқан мангалды мен әкелемін.

– Неге өлеміз? – деді Шевкет.

– Сендерге бір нәрсе айтамын қазір, – дедім, – бірақ ешкімге тіс жармайсыңдар, түсінікті ме?

Айтпауға уәде берді.

– Сендер көшеде жүргенде осында өң-түсі солған, аппақ құдай адам келді, өте ұзақтан, алыс мемлекеттен екен, аталарынмен сөйлесті. Сөйтсек, ол – жын екен.

– Жын қайдан келген?

– Дарияның арғы жағасынан, – дедім.

– Әкем жүрген жақта? – деді Шевкет.

– Иә, сол жақтан, – дедім.

– Аталарынның кітаптарындағы суретті көру үшін келіпті ол жын. Ол суретке қараған күнәһар дереу өледі екен.

Үн-түнсіз қалды екеуі.

– Бері қарандар, мен төменге, Хайриеге барамын, – дедім, – мангалды да алып келемін осында, тамақ ішетін ыдыстарды да. Бөлмеден ешқайда шықпандар, өліп қаласыңдар. Өйткені жын әлі үй ішінде жүр.

– Анашым, кетпеші, – деді Орхан.

Шевкетке қарадым да:

– Бауырыңа сен жауап бересің, – дедім. – Сыртқа шықсандар, жын соқса, сендерді өзім өлтіремін.

Оларды шапалақпен тартып жібererде жасайтын әдетіммен қабағымды түйдім:

– Сендер одан да ауырып қалған аталарың өлмесін деп тілендер. Жақсы болсандар, Алла сендердің тілектеріңді қабыл етеді. Ешкім сендерге жолай алмайды.

Істеп отырған істеріне өздері де сене қоймаса да, Аллаға дұға ете бастады. Төменге түстім.

– Біреу тәрәнжі тосабын төгіп тастапты, – деді Хайрие, – мысық шығар десем күші жетпейді, ит ішке кіре алмайды...

Бірден менің бетімдегі ашуды көрді де, сөзін аяқтамастан, тілін тістей қойды. – Бұйырмаған екен, қайырлысы болсын, – деді.

– Не болды? Әкеңізге бірдеңе болды ма?

– Өлді.

Бақырып жіберді. Қолындағы пышақ пен пиязды тақтайдың үстіне бір ұрды, кефаль ыршып кетті. Тағы бақырды. Сол сәтте сол қолындағы қан кефальдан емес, алғаш бақырған кезде кесіп алған сұқ саусағынан ағып тұрғанын көрдік. Жүгіре басып жоғарыға шықтым, қарсы бөлмеден дәке іздеп жатқанымда балалар отырған бөлмеден айғай-шу шықты. Кіріп бардым бөлмеге. Шевкет Орханды жығып, үстіне мініп алыпты.

– Не істеп жатырсыңдар сендер, а! – деп бақырдым.

– Орхан бөлмеден шықпақшы болды, – деді Шевкет.

– Өтірік айтады, – деді Орхан. – Шевкет есікті ашқан, шықпа дедім. Жылай бастады.

– Тыныш отырмасаңдар, екеуіңді де өлтіремін.

– Анашым, кетпеші, – деді Орхан.

Төменде Хайриенің саусағын орап, қанын тоқтаттық. Әкемнің өз ажалымен өлмегенін айтқаным сол еді, қорқып, Алла бізді қорғасын деп дұға қылды. Кесілген саусағына қарап жылады. Көз жастарын осыншама төгетіндей әкемді шынымен сүйе ме, жоқ әлде сүйгені үшін жылап тұр ма? Жоғары шығып, әкемнің мүрдесін көргісі келді.

– Жоғарыда емес, – дедім, – түпкі бөлмеде.

Бетіме күмәндана қарады. Алайда менің ол бөлмеге бармайтынымды аңғарған соң әуестігі мен қорқынышын жеңе алмады. Шамды алып, бөлмеге кірді. Тұрған жерімнен, ас үйдің кіреберісінен тас еденмен төрт-бес адым жүргеннен кейін бөлменің есігін сескене әрі ерекше бір ілтипатпен ашқанын, қолындағы шам жарығымен іші шашылып жатқан бөлмеге қарағанын көрдім. Әкемді бастапқыда көрмеді де, шамды биігірек көтеріп кең бөлменің бұрыш-бұрышына жарық түсіруге тырысты.

– Ойбай-ай, – деп бақырды біраздан соң. Әкемді тастаған жерде, есіктің дәл астынан көрген-ді. Қозғалмастан әкеме ұзақ қарады. Көлеңкесі тас еденде және ат қораның қабырғасында қимылсыз тұр еді. Ол мүрдеге қарап тұрған сәтте мен де оның не көріп тұрғанын елестеттім. Кері айналып келгенінде жыламады. Айтар ойын жинақтап, не істейтінін білетіндей деңгейде сабырлы сипатын көріп, іштей қуандым.

– Хайрие, енді мені тыңда! – дедім, қолыма түскен балық пышағын ніре ұстап, – Екінші қабат та астаңкестең болыпты, оңбаған ібіліс ол жерге де кіріп, қолына түскен нәрсенің бәрін сындырып, төгіп-шашып,

әр бұрышты тіміскілепті. Әкемнің басы-көзін быт-шыт қылып, сонда өлтіріпті. Балалар көрмесін, сен де әу баста қорықпасын деп әкемді төменге мен түсірдім. Сендер үйден шыққан соң мен де ілесе шығып едім. Әкем үйде жалғыз қалған болатын.

– Білмеймін, – деді арамзалықпен, – қайда болдың?

Біраз уақыт үндеген жоқпын, үнсіз тұрғанымды түсінсін дедім. Содан соң:

– Қарамен бірге едім, – дедім. – Дарға асылған еврейдің үйінде Қарамен кездестім, бірақ мұны ешкімге айтпайсың. Әкемнің кісі қолынан өлгенін де әзірге ешкімге айтпа.

– Оны кім өлтірді?

Шынымен де ақымақ па, жоқ әлде мені тығырыққа тіреу үшін әдейі осылай жасап тұр ма?!

– Білсем, өлгенін жасырмас едім, – дедім. – Білмеймін. Сен білесің бе?

– Мен не білуші едім, – деді. – Енді не істейміз?

– Ештеңе болмағандай сыңай танытасың, – дедім. Бақыра жылағым келіп тұрған-ды. Бірақ үндеген жоқпын, іштей тындым. Ол да тіс жармады. Біраздан соң:

– Балықты таста, – дедім. – Балаларға дереу дастархан жай!

Тұншыға өксіп, жылай бастадым да, оны құшақтап алдым. Бір-бірімізді қатты құшақтадық. Бір сәт тек өзіме, балаларға емес, бәрімізге жаным ашып, оны жақсы көрдім. Бір жағынан, оны құшақтаған сайын ішімде күмән құрты жанұшыра жыбырлай бастаған-ды.

Сендер әкем өлген кезде менің қайда болғанымды білесіндер. Хайрие мен балаларды үйден мен шығарып жібергенімді, бірақ мұны мүлдем басқа ниетпен жасағанымды, кездейсоқ оқиғалар бір-біріне сәйкесіп

кеткенін білесіңдер... Алайда Хайрие біле ме? Оған айтқанымды түсінді ме, түсіне ала ма? Түсінеді әрі күмәнданады. Оны тіптен қатты құшақтадым, бірақ мұны күн өзін алдап тұрғанымды жасыру үшін жасағанымды ойлауы мүмкін екені есіме түскенде оған шынымен де өтірік айтқандай күй кештім. Әкемді біреулер осында өлтіріп жатқанда мен Қарамен кездесіп, онымен сүйісіп тұрған едім. Бұл жайды тек Хайрие ғана ойлаған болса, өзімді кінәламас едім, бірақ мен жақсы білемін, сендер де сондай ойда отырсыңдар. Тіпті мойындаңдаршы, сендерден қандай да бір нәрсені жасырғаныммен шүбәланбас едіңдер. Неткен бейшарамын! Неткен бақытсыз едім! Осылайша мен жылай бастағанда Хайрие де жылады, бір-бірімізді құшақтадық.

Жоғарыдағы бөлмеге жайған дастарханымызда тамақ ішкен сыңай таныттым. Арасында: «Аталарыңды көріп келейін», – деп шығып, көз жасыма ерік беремін. Денелерін суық сорып, әбден дірілдегендіктен төсекке кірген бетте екеуі маған жабыса кетті. Біраз уақыт жыннан қорқып ұйықтай алмады да: «Бір тықыр шықты, естідің бе?» – деп қайта-қайта айналаға құлақ түрумен болды. Көңілдері тынышталып, ұйықтасын деп оларға махаббат хикаясын айтып беруге уәде еттім. Білесіңдер, қараңғыда сөздерге де қанат бітеді.

– Ешкіммен үйленбейсің ғой, иә? – деді Шевкет.

– Тыңда мені, – дедім, – бір шахзада болыпты, сұлулардың сұлуы, керемет бір қызға сырттай ғашық болыпты. Қалай болған сонда? Хас сұлудың өзінен бұрын суретін көріп ғашық болған екен.

Көңілсіз әрі қайғырып жүрген кездерімде жасайтын әдетіммен хикаяны бұрыннан білетін нәрсе сияқты емес, дәл сол сәтте ішімнен шыққандай қылып,

ойдан құрастырып айттым. Жүрегімнен шыққан, естеліктерім мен қасіретімнің түстерімен бояп, түрлі түсті қылып құрастырғанымнан да болар, айтқандарым басымнан өткендермен ұқсас қайғылы бір нақыш сияқты еді.

Балалардың екеуі де ұйықтап қалғаннан кейін жылы төсектен тұрып, Хайриемен бірге жиіркеніштi ібіліс шашып тастаған заттарды жинадық. Төңкерілген сандықтарды, шашылған кітаптарды, маталарды, лақтырылған, сындырылған кеселерді, саптыаяқтарды, тостағандарды, сиясауыттарды, сынып қалған күрсіні, бояу құтыларын, өршелене жыртылған қағаздарды, беттерді бір-бірден жинап, қолымызға ұстаған сайын екеуміз кезек-кезек жылаймыз. Әкемнің өліміне емес, бөлменің, заттардың осыншама астан-кестен етілгеніне, біздің жеке өмірімізге, күпиямызға осыншама қол сұққанына қайғыратын сияқтымыз. Жақсы көретін адамдары өлген кісілердің, өз тәжірибемнен білетін бір мінезі – үйлерінде қалған әр нәрсенің бұрынғыдай тұрғанына қарап, өздерін жұбататыны және перделердің, шымылдықтардың күн сәулесімен әдеттегідей көрінетініне алданып, Әзірейілдің өздері жақсы көрген кісіні баяғыда-ақ алып кеткеніне сене алмайтыны еді. Әкемнің ерекше сабырмен, махаббатпен күтіп қараған есіктері мен бұрыштарына ықтияттылықпен нақыш жасатқан үйінің қиянатпен астан-кестен болғаны, бізге ондай жұбаныш та, қиял да тастай алмады. Керісінше осы істі жасаған жаһаннамға кеткір сорлының жаны ашымас қылығын еске түсіріп, қорқытатын сияқты.

Менің тілегіме орай, төменге түсіп, құдықтан таза су әкеліп, дәрет алғаннан кейін үмітті де, өлімді де сөз еткені үшін марқұм әкем қатты жақсы көретінін айта

өретін Али Имран сүресін, ең қатты жақсы көрген Тораттa түптелген Құран Кәрімнен оқып отырғанда екеуміз де бір сәт аула қақпасының сықырлағанын қорқынышпен аңғардық. Бірақ одан кейін ештеңе болмады. Түн ортасында, аула қақпасының іргесін салып, әкемнің көктемнің жаңа жайлды таңдарында құдықтан суды өзі тартып, сол сумен суаратын райхан гүлі өсіп тұрған құмыраны есікке тірегеннен кейін үйге кіргенімізде қолымыздағы шамның жарығынан ұзарған көлеңкелерімізді бір сәт басқа біреу екен деп те қалдық. Әсіресе ажалымен өлгенін қабыл етуден басқа шарамыз да қалмаған шығар деп, әкемнің қан жоса болған бетін жуып, киімдерін ауыстырып жатқанда: «Қолын сәл-пәл көтерші», – деп сыбырлап еді Хайрие. Жан дүниемізді қорқыныш қоршап алған-ды.

Әкемнің қан болған киімдерін, дамбалын шешкен кезде бізді таңғалдырған нәрсе қараңғы бөлмеде үстіне түскен майшамның жарығымен денесінің ақшыл түске енуі еді. Екеуміз де әлі де болса қатерлі нәрседен қорыққанымыздан әкемнің мең мен жарага толы жаланаш денесіне қарағанда ұялмадық. Хайрие жоғарыға, іш киімдер мен жасыл жібек көйлегін алып келуге кеткенде, өз-өзімді ұстай алмай байғұс әкемнің әлгі мүшесіне көз салдым да, жасаған әрекетімнен қатты ұялдым. Таза киімдерін кигізіп, мойнындағы, жүзіндегі, шашындағы қанды мұқият тазалағаннан кейін бар күшіммен әкемді құшақтап, мұрнымды сақалына көміп, құмарлана иіскедім, ұзақ жыладым.

Мені ар-ожданнан безген, тіпті қылмыскер деп бағалайтындар үшін екі рет жылағанымды айтайын.

1. Жоғарыдағы бөлмені балалар ештеңе білмейтіндей етіп, реттеп жүргенде теңіз ұлуының қабыр-

шағылған жасалған мөр қалыбын бала кезімнен қалған әдетіммен құлағыма апарып, теңіз дыбысының әбден әлсірегенін аңғарғанда.

2. Соңғы жиырма жылда үнемі әкем отырғандықтан жамбасының бір бөлігіндей болған қызыл барқыт төсеніштің де быт-шыт болғанын көргенде жыладым.

Жөнделместей болып қираған дүниелер болмаса, өзгесін, үйдің ішін бұрынғы қалпына келтіргеннен кейін Хайриені осы түнде біздің бөлмеде жатқысы келген тілегін қатыгездікпен қабылдамадым.

– Балалар таңертең күмәнданбасын, – дедім оған. Бірақ шындығында балаларыммен бірге қалғып келген-ді. Хайриені жазалағым келген еді. Төсекке жатып, көрпенің астына кіргеніммен, көп уақыт ұйықтай алмадым. Басымнан өтіп жатқан оқиғалардың қорқыныштылығын ойлағанымнан емес, әлі де басыма туар күндерді есепке алғанымнан ұйықтай алмадым.

31. Менің атым Қырмызы

Шахнама ақыны Фирдоуси Ғазна қаласына келгенде, Шах Махмут сарайының шайырлары оны жатжұрттық деп менсінбегені бар. Сол кезде алғашқы үш жолы өте қиын рифмамен бітетін шумақтың ешкім аяқтай алмаған соңғы жолын айтып жіберген кезде, мен сол жерде, Фирдоусидің шапанының үстінде едім. Шахнаманың әйгілі қаһарманы Рүстем жоғалған атын іздеп, алыс елдерге барғанында садағының үстінде, аңыздай болған дәуді таңғажайып қылышымен екіге бөлгенде аққан қанның ішінде, өзін қонақ қылған шахтың сұлу

қызымен түнді аймаласып өткізгенінде көрпенің қатпарларының арасында едім. Барлық жерде болдым және барлық жердемін мен. Тур бауыры Ираджды басын аярлықпен кескенде, түсте ғана көруге болатын ұлыз жасақтар сары далада бір-біріне майдан ашқанда және Ескендірдің басынан күн өтіп, әдемі танауынан қып-қызыл қан кеткенде мен сол жерде едім. Аптаның әр күнін әр түрлі түстегі күмбездің астында, әр түнді түрлі өлкеден келген сұлумен өткізіп, ол айтқан хикаяны тыңдайтын Сасани шахы Бархам Гүр сейсенбі күні қонақтайтын және суреті арқылы ғашық болған сұлудың киімінде, Шырынның суретіне қарап ғашық болған Хұсраудың тәжінен шапанына дейінгі барлық киім-кешегінде едім. Қамалдарды қоршаған жасақтың байрақтарында, мерекелік дастарханда, падишалардың аяғын сүйген елшілердің барқыт желектерінде, балалар хикаяларына тамсанған, қылыштың суреті салынған жерлердемін. Үндістан мен Бұқарадан келген қалың қағаздардың бетіне күлім көзді шәкірттер шебер нақышкерлердің бақылауында жіңішке қылқаламмен салған кілемдерді, қабырға өрнектерін, көзін төмен салған сұлу әйелдердің терезе қақпасының қуысынан көшені тамашалап отырғанда киген көйлектерін, төбелестіретін қораздардың айдарларын, аңыз елдердің әпсана жемістері мен анарларын, шайтанның ауызын, жақтаудың ішіндегі нәзік сызықты, шатырлардың қатпар-қатпар өрнектерін, нақышкердің өз ләззаты үшін салған, құралсыз көру оңай болмайтын гүлдерді, шекерден жасалған құс мүсіндерінің шие көздерін, қойшылардың байпақтарын, аңыздан шыққан таң шапағы мен мыңдаған, он мыңдаған жауынгердің, шахтың, ғашықтың мүрдесі мен жараларын

көрсеттім. Адам қаны гүл тәрізді бүр ашқан майдан мәжілістеріне, әдемі бозбалалар мен шайырлар қырда шарап ішіп, музыка тыңдап отырғанда ең шебер ақынның шекпеніне, періштелердің қанаттарына, әйелдердің еріндеріне, өлілердің жаралары мен қанға батқан кесік бастарға жағылғанды жақсы көремін.

Сауалдарды естіп отырмын:

– Түс болу қалай екен?

Түс дегенің жанардың сипағаны, саңыраудың музыкасы, түнектегі бір сөз ғой. Ондаған мың жыл бойы кітаптан-кітапқа, заттан-затқа көшіп, желдің үніндей рухтардың әңгімелескенін тыңдағаным үшін менің қол тигізуім періштенің сипағанына ұқсайтынын айтайын. Бір жағым осында сендердің көздеріне қарап үн қатса, ол – менің ауыр тұсым. Бір жағым ауада назарларынмен ілесіп жүрсе, ол менің – жеңіл жағым.

Қырмызы, қызыл түс болу қандай ғажап! Бақыттымын!

От тәріздімін, қуаттымын, назарға бірден ілігетінімді білемін, маған қарсы шыға алмайтындықтарынды да білемін.

Жасырынбаймын. Мен үшін нәзіктік дегенің әлсіздік немесе қайратсыздықта емес, жігер мен табандылық нәтижесінде жүзеге асады. Өзімді ортаға шығарамын. Басқа өңдерден, көленкелерден, топтан немесе жалғыздықтан қорықпаймын. Осынау кеңістікті жеңімпаз жалыныммен толтыру неткен тамаша десеңші! Мен жайылған жерде көздер бал-бұл жанады, құштарлық күшейіп, қастар керіледі, жүректер тулайды. Маған қарандар! Тірі болу деген неткен ғажап! Тамашаландар мені! Көру деген неткен әдемі. Тірі болу деген көре алу демек-дүр. Барлық жерден көріне-

міп. Өмір менімен басталып, барлығы маған оралады, сеніндер маған!

Енді тынышталындар да, мен қалайша осындай қырмызы-қызыл болдым, соны тыңдандар. Бояулардың жөн-жосығын, сыр-сипатын білетін шебер нақышкер Үндістанның ең ыстық аймағынан келген ең жақсы қызыл қоңыздың кептірілген денесін насыбай тостаганға салып, үккішімен түйгілеп, әбден ұнтақтап, мұның бес дирхемін және бір дирхем[1] гипсофила, жарты дирхем жанат безін де әзірледі. Үш окка[2] суды тегенеге құйып, ішіне гипсофиланы салып, қайнатты. Одан соң жанат безін суға салды, жақсылап араластырды. Асықпай, баппен бір кесе кофе ішетіндей уақыт қайнатты. Кофені ішіп отырған кезде мен де біраздан соң өмірге келетін нәресте сияқты сабырсызданып, дегбірім қашып кеткен-ді. Кофе зейінін ашып, жанарын жынның көзіндей қылғанда қызыл ұнтақты тегенеге тастап жіберіп, осы шаруаға бола әдейі әзірлеген жіңішке, таза шыбықтардың бірімен жақсылап араластырды. Осы сәтте мен шынайы қырмызы өңге айналуға тиіспін. Бірақ қоюлануым да өте маңызды бұл істе, су бостан-боска қайнамауы керек, сөйте тұра оның біраз қайнаганы да керек, яғни қайнаудың да өз мөлшері бар. Шыбықтың ұшымен судан бір тамшы алып, бас бармағының (өзге саусақтарын пайдалануға мүлдем болмайды) тырнағына жақты. Ох, қызыл түс болу қандай ғажап! Тырнағын қызыл түске боядым, тырнағының шетіне қарай су тәрізді аққан жоқпын.

---

[1]*Дирхем* – салмақ өлшемі бектілмей тұрганда Османлыда қолданылган өлшем. 1 дирхем 3.2 граммға тек. Ескі өлшемде ол 70 түйір бидайдың салмағына тең болуы керек.

[2]*Окка* – 1283 грамм болатын түріктердің ескі салмақ өлшемі.

Жақсы қоюланған едім, бірақ тұнбаларым бар болатын. Тегенені ошақтан түсірді, мені тап-таза матамен сүзгіден өткізді, тіптен саф бола түстім. Содан соң отқа қойды, тағы екі рет қайнатып, көпіртті мені. Аздап ұнтақталған ашутас салды да, суытып қойды.

Бірнеше күн өтті. Сол жерде, тегененің ішінде ештенеге араласпаған күйі тұрдым, іштей барлық беттерге, барлық жерге нәрсеге жағылып, жарқырағым келді. Бірақ осылай тектен-текке тұра беру аздап құлазытқаны рас. Осылай үнсіз тұрып, қызыл болу не екенін ойладым.

Бірде Парсы шаһарларының бірінде соқыр нақышкер жатқа салған ат суретіндегі ердің жабуындағы өрнектерге жас шәкірттің қылқаламымен жағылып жатқан кезде соқыр әрі шебер екі нақышкеркердің пікірлесіп отырғанын естідім.

– Тұтас нақышкерлік ғұмырымызда ынтамен, сеніммен еңбек еткеніміз үшін ақыр соңында соқыр болған біз қырмызының қандай түсі, қандай сезім екенін сөз жоқ жақсы білеміз. Ол есімізде жақсы сақталған, – деді атты жатқа салған нақышкер. – Бірақ анамыздан соқыр болып тусақ, мына әдемі шәкіртіміз жағып жатқан қызыл түсті қалай түсіндірер едік, ә?

– Жақсы бір мәселе, – деді келесісі, – бірақ өңдерді түсіне алмайсың, оларды сезінесің.

– Қырмызының сезімін ешқашан көрмеген адамға түсіндіріп көріңіз, ұстазым.

– Саусағымызбен темірді түртсек, темір мен қалайының арасында болар еді. Алақанымызға алсақ, өртеп кетер еді. Дәмін татып көрсек тұз сіңген ет сияқты болар еді. Аузымызға салсақ толтырар еді. Иіскесек аттың иісі шығар еді. Гүл сияқты иісі болса, онысы

қызыл раушанның емес, дәстүргүлдің иісіне ұқсаған болар еді.

Сол жылдары, жүз он жыл бұрын франк нақышы шахтардың құмартып, жандарына жақын тартқанындай қатерлі болмаған кезде және аты аңызға айналған ұлы шеберлер өз стильдеріне Аллаға сенгендей иланғаны үшін, франк суретшілерінің әдеттегі қылыш тиген жердің жарасына не болмаса ең қарапайым шұғаға да қызылдың түрлі-түрлі үлгісін қолдануын арсыздық әрі қарабайырлық деп бағалап, күлісетін еді. «Тек қана тәжірибесіз, жігерсіз әрі қарабайыр нақышкер ғана шапанның қырмызы түсі үшін әртүрлі қызыл өң қолданады» десетін көленке сылтау бола алмайды. Онсыз да тек бір ғана қырмызы бар әрі тек соған ғана сенеміз.

– Бұл қырмызының мәні неде? – деп сұрады, аттың суретін жатқа сызған нақышкер.

– Түстердің мәні олардың қарсы алдымызда болуы және біздің оларды көруімізде жатыр, – деді келесі нақышкер. – Көрмеген жанға қырмызыны түсіндіре алмайсың.

– Құдайсыздар, дінсіздер, имансыздар да Алланы жоққа шығару үшін оның көзге көрінбейтінін айтады, – деді атты салған соқыр нақышкер.

– Ал ол болса көре білгеннің көзіне түседі, – деді келесі шебер, – Құран Кәрім осыған байланысты көрген мен көре алмағаннның ешқашан бірдей бола алмайтынын айтады.

Сымбатты шәкірт аттың ерінің жабуына мені біртебірте жағып та болған еді. Әдемі нақыштың ақ тұстарына, қарамен сызылған жерлеріне толысқандығымды, күш-қуатым мен рухымды орналастыру – жағымды

бір сезім ғой, шіркін. Мысық жүнінен жасалған қылқалам мені қағаз бетіне жайған сайын қуаныштан мәз боламын, қытығым да келеді. Осылайша мен ажар берген сайын әлемге: «Бол!» – десем әлем менің қан түсімнен пайда бола қалады. Көрмеген жан мойындамас, бірақ айналаның бәрінде мен бармын.

32. Мен – Шекуремін

Таңертең балалар оянбастан бұрын төсектен тұрып, Қараға дарға асылған еврейдің үйіне дереу келсін деген шағын хат жаздым да, оны Хайриенің қолына ұстаттым, дереу Естерге апарып берсін. Хайрие хатты алып тұрған сәтінде басына қандай күн туарынан сескеніп, қорқыныштан маған жәутеңдей қарағанымен, енді айылымды жия қоятындай әкем де жоқ болғандықтан мен оның көздеріне тіке қарадым. Бұл осы сәттен кейінгі әдеп пен ереженің түстері қандай болатынын анықтап бергендей болды. Соңғы екі жылдың ішінде Хайрие әкемнен жүкті болып, бала тапса күн екенін ұмытып, ханым болғысы келетін шығар деп қауіптенгенімді енді сендерге ашық мойындайын. Балалар оянбай тұрып байғұс әкемнің мүрдесін барып көрдім, тастай болып қатып қалыпты. Бірақ не себепті екенін қайдам, қолдары сол жұп-жұмсақ қалпын жоғалтпапты. Әкемнің аяқ киімдерін, сәлдесін, күлгін шекпенін жасырып тастадым әрі балалар оянғанда аталарының сауығып, күзғынсәріден Мұстафа пашаға кеткенін айттым.

Хайрие таңертеңгі жұмыстарынан оралып, таңғы ас үшін дастархан жайып, тәрәнжі тосабынан қалғанын

ластарханға орналастырып жатқанда мен Естердің дәл осы сәтте Қараның есігін қағып тұрғанын ойлағам. Бүгін қар тоқтап, күн шығыпты.

Асылып өлген еврейдің бақшасына кіргенімде тура сол дүниені көрдім: Шатырлардың жиектерінен, терезелердің жақтауларынан салбырап тұрған сүңгі мұздар жылдам кішірейіп, еріп жатыр. Шіріген жапырақ пен зең сасыған бақша күн сәулесін құмарлана жұтып жатыр. Қараны кеше кешке (бірнеше апта өткендей көрініп еді маған) алғаш көрген жерде кездестірдім. Бетпердемді көтердім де:

– Егер қуанғың келсе қуана бер. Енді арамызда әкемнің қарсылығына, күмәндарына, келіспеушілігіне орын қалмады. Кеше түнде сен мені осы жерде ұятсыздықпен астына алғың келіп, тығырыққа тіреп тұрғанында, біреу, нағыз ібілістің өзі, иен үйімізге кіріп, әкемді өлтіріп кетіпті, – дедім.

Қараның не дегенінен бұрын, менің не себепті осылай ащы кекесінмен, өркөкіректенген кейіпте, жақын тартпай, мүлдем маған жат әдеппен сөйлегенім қызықтыратын шығар сендерді. Жауабын өзім де білмеймін. Бәлкім, жылаймын да Қара мені құшақтар, оған өзім ойлағаннан да жылдам бауыр басамын деген ойдан шығар бұл.

– Үйіміздің астан-кестеңін шығарыпты, талай нәрсені қиратыпты. Сөз жоқ, ашумен әрі кектене істеген мұны. Ісін бітіргенін, бұдан кейін де сол ібілістің өз қуысында тыныш отыратынына көзім жетпейді. Әкемнің кітабының соңғы суретін ұрлап кетіпті. Мені, бізді, әкемнің кітабын одан қорғауыңды өтінемін. Бірақ бізді қандай сипатта, қандай жақындығыңмен қорғайсың, қазіргі мәселе осы.

Бірдеңе айтпаққа ұмтылмақшы болған, алайда көзқарасыммен, мұны ұдайы жасап жүргендей, оны опонай тоқтаттым.

– Әкем өлгеннен кейін қазының назарында менің ием күйеуім мен оның отбасы болып есептеледі. Әкем өлмей тұрып та солай болатын, енді қазының ойынша күйеуім тірі. Күйеуімнің бауыры ағасының жоқ кезін пайдаланғысы келді және әдепсіз, олақ қайнымды күмәндандырып қойғаным үшін әкемнің қасына ресми түрде ажыраспастан қайтып келгенмін. Енді әкем өлген кезде, оның үстіне менде еркек кіндікті аға немесе іні жоқ болғандықтан бұдан былай мен иесізбін деген сөз. Не болмаса, маған қайын атам мен қайным иелік етеді. Олар онсыз да мені үйлеріне кері қайтару үшін әрекет жасап жатқанын, әкеме қысым жасап, мені қорқытуға бел байлағанын білесің. Әкемнің өлгенін естіген бетте, мені үйлеріне әкету үшін әрекет жасайды. Ол үйге қайта барғым келмегендіктен әкемнің өлтірілгенін жасыра тұрамын. Бәлкім, текке жасырып отырған шығармын. Өйткені бұл істі солар ұйымдастыруы мүмкін ғой.

Өлген еврей үйінің қираған терезе қақпақтары мен терезесінен ішке сырбаздана енген жіңішке сәуле бөлменің шаңын анық көрсетіп, Қара екеуміздің арамызға түсті.

– Әкемнің өлтірілгенін тек осы себепке байланысты ғана жасырмаймын, – дедім Қараның ғашықтықтан телмірген көздеріне іштей сүйсінсем де тіке қарап. – Әкем өлтірілген кезде қайда болатынымды дәлелдей алмаймын ба деп те қорқамын. Хайриенің куәлік етуінің ешбір құны болмаса да, маған қарсы, мен болмасам да әкемнің кітабына қарсы ұйымдастырылған құйтырқылықтардың бөлшегі болудан қорқамын. Ко-

лынан ұстап, сенетіндей ақы ием де қалмаған кезде әкемнің кісі қолынан өлгенін жария етуім, қылмысқа қазының көзін жеткізу тұрысынан бастапқыда тиімді болғанымен, кейін бізге кесірі тиетін себептерге байланысты, мысалы, Хайрие әкемнің саған тұрмысқа шығуымды қаламағанын білуі мүмкін ғой. Басымызға бәле болып жабысатынын сезіп тұрмын.

– Әкең сен екеуміздің үйленгенімізді құптамаған ба еді? – деп сұрады Қара.

– Қаламаған еді. Өйткені өзің білетіндей, сен мені алып, өзінен алыстатып кетуден қорқатын. Енді сен әкеме бұл жамандықты жасай алмайтындығына байланысты қазіргі жағдайда біздің үйленуімізге байғұс әкемнің ешқандай қарсылығы болмайды. Сенің қандай да бір қарсылығың бар ма?

– Жоқ, сұлуым.

– Жақсы. Менің ата-анам сенен қандай да бір қалыңмал сұрамайды. Ешқандай талап-тілегі де жоқ. Өзімнің некелесу шарттарымды өзім алға тарта отырып, ұятты қылық жасап тұрғаным үшін кешірім өтінемін. Бірақ қазір сен қабылдауға мәжбүр болатын бірқатар неке шарттарым бар.

Біраз уақыт үнсіз тұрып қалдым, өз жауабын кешіктіргені үшін кешірім сұрағандай әуезбен Қара:

– Иә, – деді.

– Біріншісі, – деп бастадым, – маған, менің көніліме келетіндей нашар қарым-қатынас жасасаң немесе үстіме екінші, үшінші әйел алсаң маған нәпақамды беріп, ажырасқанмен бірдей болатынын екі куәгердің алдында айтып, сөз бересің. Екіншісі, себебі болса да, болмаса да алты айдан артық үйде болмай, кері қайтып келмесең менің басым бос болып саналатындығын

және нәпақа тағайындалатындығын да екі куәгердің алдында қабыл етіп, уәде бересің. Үшіншісі, үйленгеннен кейін сөзсіз менің үйіме көшесің, алайда әкемді өлтірген оңбаған табылғанға дейін, не болмаса оны өзің тапқанға дейін (оны өз қолыммен азаптағым келеді!) және Падишамыздың кітабы сенің өнерің мен қайратыңның арқасында аяқталып, оған салтанатпен табыс етілгенге дейін менімен бір төсекте жатпайсың. Төртіншісі, сол төсекте менімен бірге жатып жүрген ұлдарыма тура өз балаларындай қарап, оларды жақсы көресің.

– Жарайды.

– Жақсы онда. Екеуміздің алдымыздағы барлық кедергілер жылдам жойылатын болса, жақында екеуміз үйімізге кіреміз деген сөз.

– Үйімізге кіреміз, бірақ төсекке емес.

– Әр нәрсенің басы үйлі-баранды болуда жатыр, – дедім. – Алдымен осы мәселені шешейік. Махаббат үйленгеннен соң болатынын ұмытпа! Үйленерден бұрын лаулаған махаббат жалыны отбасын құрумен аяқталып, сөнеді де, соңында бос, қайғы-дерті бар өрттің орны ғана қалады. Үйленгеннен кейін туған махаббат сөз жоқ бітеді, бірақ оның орнын бақыт басады. Осыған қарамастан кейбір асығып-аптыққан есаландар үйленерден бұрын ғашық болып, өртене-өртене тұтас махаббатты тауысып тынады. Неге? Өйткені өмірдегі ең үлкен мақсат – ғашық болу деп ойлайды.

– Дұрысы қайсы сонда?

– Ең дұрысы – бақытты болу. Махаббат та, отбасын құру да бақытқа апарар жол ғана. Бір күйеу, бір үй, балалар, бір кітап. Менің қазіргі күйеуім хабарсыз кеткен, әкесі өлген халімнің өзі сенің бақсының моласын-

ші болған жалғыздығыннан жақсы екенін көрмедің бе? Мен күні бойы күліп-ойнап, ұрысып-керісіп, құшақтайтын үлдарым болмаса өлемін. Сен менің осы жағдайымды қабылдап, тіпті түнді менімен бір төсекте өткізбесең де, әкемнің мүрдесі мен балаларымның қасында бір шатырдың астында өткізуге іштей келісуге дияр тұрсың, олай болса менің ендігі айтар сөздерімді құлағыңа құйып ал!

– Айта бер, тыңдап тұрмын.

– Күйеуімнен ажырасуым үшін түрлі тәсілдер бар. Өтірік куәгерлер күйеуім жорыққа кетерден бұрын түрлі шарттармен мені босатуға келіскеніне куәлік етеді, мысалы, екі жылда қайтып оралмасам, әйелімнің басы бос болсын деп ант ішкен деп өтірік айта алады. Немесе бұдан әлдеқайда қисындысы, байымның мүрдесін майдан даласында көргендерін, мән-жайын түгел тәптіштеп айтып, куәлік етеді. Бірақ үйдегі мүрде мен қайын атамның, қайнымның қарсылығын ескерер болсаң, бұл жалған куәгерлерді пайдалану тәсілі сәтсіз айла және ақылды әрі сақ қазылар мұндай жағдайдан сескеніп, біздің шарттарға келісе қоймайды. Күйеуімнің мені нәпақасыз қалдырып, төрт жыл бойы қайтып келмегеніне қарап мәзхабтары біздікі сияқты ханафи қазылар мені ажырастыра алмайды. Алайда Үскідар қазысы менің жағдайымдағы әрі Парсы соғыстарының кесірінен қатарлары күн санап көбейіп келе жатқан қатындардың ажырасуына мүмкіндік жасау үшін, Падишамыз хазіретінің және Шейхулисламның білмеген сыңай танытуымен, ара-тұра орнын шафи мәзхабындағы наибына қалдырады, ал ол бізді ажырастырып, нәпақа тағайындап береді екен. Енді, егер сен менің жағдайыма дұрыс куәлік ететін екі адам тауып, оларға

біраз ақша беріп, бірге Үскідарға өтіп, қазыны әзірлеп, мені ажырастыру үшін орнына наибының уақытша отыруын ұйымдастыр. Осы куәгерлермен бірге мен ажырастырған жазуды қазының дәптеріне жазғызып, оны дәлелдейтін бір жапырақ қағаз, бір құжат алсаң және ажырасқаннан соң, ештеңе күтпестен, бірден түрмысқа шығудың да заңды екенін басқа бір қағазға жазғызып, бекітіп алсаң, мұның бәрін түс ауғанша жасап, бергі жағалауға өтсең, кешке қарай дереу біздің некемізді қиятын имам табу онша қиын болмас. Ондай жағдайда осы түнді менің күйеуім ретінде мінімен және балаларыммен бірге бір үйде өткізе аласың әрі осылайша бізді әлгі ібілістен қорқып түні бойы дірдір етіп, үйдегі әрбір тықырға құлақ түруден, таңертең әкемнің өлгенін айналаға естірткенімізде мені ақы-иесі жоқ, жесір қатын халіне түсуден құтқарасың.

– Иә, – деді Қара көңілденген кейіпте әрі балалық аңғалдықпен, – иә, мен сені аламын.

Не себепті Қарамен өркөкіректене, ауыр талаптар қойып, іштеспей сөйлескенімді біле алмағанымды айтып едім ғой біраз бұрын. Енді білдім, өзім де орындалатынына зорға иланатын нәрселерге, бала кезіндегі жалтақтығын білетін Қараны тек осындай кейіпте, осындай ызғарлы үнмен көндіре алатынымды сезіппін.

– Мен, иншалла, кешке қарай қиылатын некеміздің жарамсыз екенін айтатындарға, әкемнің кітабы аяқталмасын деп жамандық жасайтындарға, дұшпандарымызға қарсы жасайтын көп шаруамыз бар. Алайда дәл қазір есінді шығарып, менің басымнан да шым-шытырық күйде тұрған басыңды ауыртпай-ақ қояйын.

– Есім шығып тұрған жоқ, – деді Қара.

– Себебі, бұл айтқандарым менің ақылым емес, жылдар бойы әкеммен әңгімелесе-әңгімелесе, ол кісіден үйренген дүниелерім, – дедім. Бәрі қатынның қысқа ақылынан шыққан дүние деп ойламасын әрі маған илансын дедім.

Мені өте ақылды, зейінді санайтын еркек атаулының бетіме айтатын әдеттегі сөзін айтты Қара:

– Керемет сұлусың!

– Иә, – дедім, – зейінділігімді мақтағанды ұнатамын. Бала кезімде әкем де көп айтатын мұны.

«Мен бойжеткеннен кейін, әкем менің ақылдылығымды мақтауды доғарды» дегім келді де, жылап жібердім. Егіліп тұрғанда өз ішімнен шығып кеткен басқа бір әйелге айналғандай едім әрі бір кітаптың беттеріндегі қайғылы суретке қарап мұңға батқан оқырман тәрізді өз өмірімді сырттан бақылап, өзіме жаным ашыды, адамның өз дертіне өзгенің қасіретіндей көз жасын төгуінде ерекше бір тазалық болатыны сонша, Қара мені құшақтағанда ішімізге жақсылық тарады. Алайда осы жолы бір-бірімізді құшақтағанымызда жақсылық арамызда қалып, айналамыздағы дүшпандарымыздың әлеміне тарамай қойды.

33. Менің атым Қара

Жесір, жетім және азап шеккен Шекурем қауырсындай жеңіл қадаммен қасымнан кетіп қалған кезде, одан менде қалған бадам иісі және үйлену қиялымен бірге дарға асылған еврейдің үйіндегі тыныштықта

жалғыз қалыппын. Ойым сан-саққа кетті, бірақ мным жанымды қинағандай жылдамдықпен жұмыс істеп тұр. Жездемнің өлімі үшін де дұрыс қайғыра алмастан, жүгіре басып мен де үйіме келдім. Бір жағынан, Шекуре мені алдап, үлкен ойындардың бөлшегі ретінде қолданып жүр-ау деген күдік те жегідей жеп бара жатса, екінші жағынан, онымен үйленген бақытты сәтімнің елестері көз алдымнан кетпей қойды.

Үйде таңертең ертемен қайда барып келгенімді білгісі келген үй иесі әйелге апыл-ғұпыл бірденелер айта салдым да, бөлмеме кіріп, төсеніштің ішіне тығып тастаған кемер белбеуімнің астарынан жиырма екі дана Венеция алтынын алып, әмияныма салдым. Көшеге қайта шыққан кезімде Шекуренің жасаураған, мұңды қара көздерінің күні бойы есімнен шықпасын бірден түсіндім.

Бірінші кезекте арыстан бейнесі бар Венеция алтындарының бес данасын үнемі күлімсіреп жүретін еврей саррафқа ұсақ ақшаға айырбастатып алдым. Содан соң, атын жақтырмағаным үшін осы күнге дейін сендерге ешқашан атамаған махаллаға (енді айтайын: Яакутлар), өлген Жездем мен Шекуренің балаларымен бірге мені күтіп отырған үйдің көшесіне сан түрлі ойлардың жетегінде қайта оралдым. Көшелерде жорға жүріспен жылдамдата басып келе жатқанымда биік бір шынар ағашы Жездем өлген күні үйлену арманы мен ұсыныстарға бола мәз болып жүргенім үшін мені көзге ілмеді. Дегенмен мұздар ери бастағандықтан тырс-тырс стіп тамшы тамып тұрған махалладағы фонтанның шүмегі маған: «Мән берме оған! – деді. – Шаруаңды тындыр да, бақытты бол, сол жетеді. – Оған сенбе! – деп ойыма шүбә келтірді бір бұрышта жа-

ынып отырған қара мысық. – Сен де, жұрттың бәрі де Жезденің өліміне сенің қатысың бар деп күмәнданып жүр».

Мысық тарануын тоқтатты да бір сәт оның сиқырға толы көздерімен менің жанарымыз түйісіп қалды. Иелері әбден есірткендіктен Ыстамбулдың мысықтары ғарамза болады, оны білесіңдер сендер.

Ірі қара көздерінің қабағы жартылай жабық жүрегіндіктен үнемі ұйқысы қанбаған адамдай болып жүретін Имамды үйінен емес, махалла мешітінің ауласында таптым да қазының алдында сот бола қалса куәгерлер тарту қандай жағдайда міндет, қандай жағдайда ықтиярлы болатынын сұрап, осынау кең тараған құқықтық сауалды көлденең тарттым да маңғаз кейіпте берген жауапты өмірімде бірінші рет естіп тұрған адамша, қасымды кере тыңдадым.

– Кейбір жағдайда өзге куәгерлер табылса куәлік ету-етпеу адамның өз еркі, – деп түсіндірді имам, – Бірақ тек бір ғана куәгер бар болса адамның куәлік етуі Алланың әмірі.

– Менің де сұрайын дегенім осы еді, – деп сөзге араластым. Бәрі білетін бір мәселеде, барлық куәгерлер осынау ықтиярлы жағдайды сылтау қылып, жалқауланып қазының алдына бармайтындықтан мен көмектесіп жүрген адамдардың шұғыл шаруалары жоқ сияқты еді.

– Е, – деді Имам, – әмияныңды ашсаңшы біраз.

Мен оған әмиянымның ішіндегі Венеция алтындарын көрсеттім. Мешіттің кең ауласы, имамның жүзі, бәріміз бір сәтте алтынның нұрымен жарқырап кеттік. Не мәселе екенін сұрады.

Кім екенімді айттым.

– Жезде мырза сырқат, – дедім, – өлерінен бұрын қызының жесір қалғаны ресми мойындалып, нәпақа тағайындалуын тілейді.

Үскідар[1] қазысының наибы туралы айтудың қажеті қалмады. Бәрін түсінген Имам бақытсыз Шекүре ханым үшін онсыз да махалла тұрғындарының көп уақыт уайым жеп жүргенін, тіпті біраз кеш қалғанымызды да айтты. Ажырастыру үшін қажет екінші куәгерді Үскідар қазысының есігінде дайындап қоятын болды, Имам інісін ертіп келетін болды. Қазір бір алтынды оған берсем, махаллада тұратын әрі Шекүре мен жетімдердің тағдырынан хабардар, қайғы-мұңын білетін інісіне сауап жасаған болады екенмін. Имамның өзіне екі алтын көрсеткенмін, екінші куәгер үшін бағаны түсіріп, жеңілдік жасады, бірден келістік. Имам інісіне кетті.

Бұдан кейінгі оқиғаларда Алеппо кофеханаларында отыратын әңгімешілердің әуендетіп әрі қара сөзбен айтатын хикаялары ұқсаған тұстар бар. Осы хикаяларды мәснәуи түрінде жаздырғандар оларды хұснихатпен жазғызса да, шытырманы мен айла көп деп салмақты дүниеге баламайды, нақышын жасатып, суретін салғызбайды. Мен болсам күні бойы басымнан өткен оқиғаларды ақылымның парақтарына төрт мәжіліске жинақтап, нақышын жасап, суретін салдым.

Бірінші мәжілісте Үнкапанынан мініп Үскідарға барған төрт ескекті қызыл қайықтың ішінде, бұғаз суының дәл ортасында қою мұртты, бұлшық еттері бұлтиған ескекшілердің арасында отырған суретімізді салуы керек нақышкер. Имам мен арықтау келген

---

[1] *Үскідар* – Ыстамбулдың Азия жағалауындағы бір ауданы.

караторы інісі аяқ астынан ұйымдастырылған серуен-не разы ескекшілермен әңгіме соғып отырғанда, мен сайтус қайықтың ұшында, көз алдымнан өтіп жатқан бақытты отбасы жайлы қиялдармен бірге, қыстың аспан ашық, күн жарқыраған таңында суы әдеттегіден де түнық көрінетін Бұғаздың түбінен жаман ырымның белгісін, мәселен қарақшы кемесінің қалдығын көремін де сескене қарап отырамын. Демек, нақышкер теңіз бен бұлттарды қаншалықты көңілді сипатта салса да, менің қуанышты қиялдарыммен бірдей іштегі қорқыныштарыма тең келетін қараңғы бірдеңе, мысалы, бұғаздың түбіне жантүршігерлік бір балық сызып кояы керек, сонда бастан кешкендерімізді оқыған жан сол бір сәтті қызғылт түске боялған, бақытты, ашық күндер деп ойламайды.

Екінші суретіміз падишалардың сарайларын, хан кеңсесін, франк елшілерін қабылдауды, сансыз үй шаруасын көрсететіндей нақты әрі жақсы реттелген суреттердің Бекзатқа ғана тән қыр-сырын, нәзіктігін, яғни сурет ішіндегі әзілдесу мен мысқылды ескеруі керек. Яғни бір бұрышта «Қара мырза, тоқтат!» дегендей болып бір қолының алақанымен кері итеріп, маған және мен беріп жатқан параға наразы кейіп танытқан, келесі қолымен өлімсіреген кейіпте, менің венециялық алтындарымды қалтасына салып жатуы керек әрі бұл параның нәтижесінде іске асатын нәрсе де сол сәтте суретте көрініп, Үскідар қазысының орнына Шафи мәзхабын ұстанатын наибы Шахап Ефенді отыра қалғандай болып салынуы керек. Белгілі мерзімде бірінен соң бірі өткен оқиғаларды суретте бір сәтте болғандай етіп сызу – тек зейінді нақышкерлердің болмысын көрсете алатындай айламен ғана жасалуы мүмкін. Осылайша,

мысалы, мен беріп жатқан параны көрген көз суреттің басқа бір жерінде төсенішінде малдас құрып отырған адамның наиб екенін байқағанда, хикаямызды оқымаса да, екі Венеция алтынын қалтасына сүңгіткен Қазы мырзаның өз орнын Шекурені бұрынғы күйеуінен ажырастырсын деп Шафи наибына бергенін түсіне қояды.

Үшінші сурет те сол мәжілісті көрсетуі керек, бірақ бұл жолы қабырғалар сызылғанда, қатпар-қатпар бұтақтары өткізбейтін қытай стиліндегі өрнектер қолданылып, олар қараңғы түске боялуы керек әрі қазы наибының үстіне түрлі-түсті бұлттар бейнеленуі тиіс, сөйтіп хикаямызда ойын, саясат бар екенін көрген адам түсінуі керек. Қазы наибының құзырына бір-бірден шыққандарына қарамастан суретте бірге көрсетілуі тиіс имам мен інісі, азап шеккен Шекуренің күйеуінің төрт жылдан бері жорықтан қайтпағанын, байы асырап-бақпағандықтан Шекуре таршылық көріп, екі жетім баланың көзі жасқа толы, қарындары аш екенін, әлі күнге тұрмыста деп есептегендіктен бұл жетімдерге әкелік етер үміткер шықпағанын, күйеуі бар деп есептелгендіктен Шекуреге байының рұқсатынсыз қарызға ақша да берілмейтінін майын тамыза айтып бергені сонша, керең қабырғалар да көз жастарын көлдей етіп, бірден ажырастырар еді. Алайда тас жүрек наиб сол жердікі емес екен, Шекуренің ата-анасының, ақы иесінің кім екенін сұрады. Сәл бөгеліп тұрдым да, суырылып шығып:

– Падишамыздың атқосшысы һәм елшісі болған құрметті әкесінің көзі тірі, – дедім.

– Ол сотқа келмесе ажырастыра алмаймын, – деді наиб.

Осы жолы асығып-аптығып, Жезде мырзаның сырқат екенін, төсек тартып жатқанын, Алладан тілеген ақырғы тілегі қызының ажырасқанын көру екенін, өлімнің сол кісінің өкілі екенімді айттым.

– Ажырасса не өзгереді екен?! – деді наиб. – Өлгелі жатқан бір кісі қызының онсыз да соғыстан оралмаған байынан ажырасуын не себепті сонша тілей қалады? Но, қызын бергісі келген күйлі-қуатты, сенімді бір күйеу болар адамы болса түсінемін, баласына алаңдамас еді онда.

– Наиб хазіреті, ондай адам бар, – дедім.

– Кім?

– Мен!

– Бұлай бола ма екен? Сен ақы иесінің өкілісің, – деді қазының наибы, – не шаруа істейсің?

– Алыс өлкелерде, пашаларға хатшы, көмекші, хат тасушы қызметінде болдым. Падишамызға сыйлауды жоспарлаған Парсы соғысының тарихын жазып, бітірдім. Сурет салудан да хабардармын. Осы қызға тағықтықтан жиырма жыл өртеніп келемін.

– Туысысың ба?

Қазының наибының қасында, күтпеген жерде қолаяқ сүйер күйге түсуден, өз өмірімді сырсыз, сипатсыз бір зат тәрізді бір сәтте кофе үстелінің үстінде жайып салудан ұялдым да, тіс жармадым.

– Шалқандай қызарғанша, жауап бер. Әйтпесе, ажырастырмаймын.

– Нағашы апайымның қызы еді.

– Ммм, түсіндім. Оны бақытты қыла аласың ба?

Бұл сауалды қойған сәтінде қолымен әдепсіз бір ишара жасады. Нақышкер осынау жаман қылықты сызбай-ақ қойғаны жөн. Жүзімнің қаншалықты қызарғанын көрсе, сол да жетеді.

– Табысым жаман емес.

– Шафи мәзхабынан болғандығымнан, күйеуі соғыстан төрт жыл бойы оралмаған бақытсыз Шекуренi ажырастыруымның кітап пен сеніміме қайшы түсер жағы жоқ, – деді наиб мырза. – Оны ажырастырдым. Енді күйеуі соғыстан оралса да, одан қандай да бір ақы талап ете алмайды.

Осыдан кейінгі сурет, яғни төртіншісі наибтың қара сиямен әрекеттендірген әріптері ажырастырғанын және іле-шала Шекуремнің жесір екенін әрі бірден түрмыс құруына ешқандай кедергі жоқ екенін баяндайтын қағазға мөр басып, маған бергенін көрсетуі керек. Сол сәтте көңілімдегі қуаныштың үнін қазылық мекеменің қабырғаларын қызылға боясаңдар да, суретке қанның қырмызы түсімен жақтаулар сызсаңдар да көрсете алмас еді. Қарындастарын, қыздарын, әпкелерін ажырастырып алу үшін осында асыға-аптыға жеткен еркектер мен жалған куәгерлердің қазының есігі алдында жиналған тобының ішінен жүгіре басып шығып, жолыма түстім.

Бұғаздан өткен бойда бірден Яакутлар махалласына шықтым, сол жерде біздің некеміздің қиылуына себепкер болған Имам мен інісіне ризашылығымды білдірдім. Көшеде көргендер менің адам сенгісіз бақытым мен қуанышымды көре алмай, сыртымнан түрлі айла-шарғы жасап, қақпан құрып жатқанын аңғарғандаймын. Сондықтан жылдам-жылдам басып, Шекуренің көшесіне жеттім. Топталып, шатырда, аулада тайраңдаған ниеті жаман қарғалар үйде өлік жатқанын қайдан біліп қойды екен, ә? Жездем үшін іштегі құсаны шығарып, шын пейілмен жылай алмау көңілімді астан-кестең еткен-ді. Алайда үй терезелеріндегі

қақпақтардың, аула қақпасының әлі жабық тұрғанын коріп, маңайдағы тыныштықтан, тіпті анар ағашына қарап, бәрі біз ойлағандай өтіп жатқанын аңғардым.

Сол сәтте менің өте асығыс әрекет еткенімді түсінген де шығарсыңдар. Жерден бір тас алып, аулаға қарай атып жібердім де, ысқырдым! Біраздан соң тағы да тас лақтырдым, қабырғаға тиді. Ешкімнің шықпағанына ашуландым ба, қайдам, үйді тастың астына алдым. Сол сәтте бір терезе ашылды. Төрт күн бұрын, сәрсенбіде анар ағашының бұтақтарының арасынан Шекурені алғаш көрген, екінші қабаттағы терезе еді. Орхан көрінді терезеден, арғы жағынан Орханды мазақтаған Шекуренің дауысын естідім, содан соң өзі де көрінді. Бір сәт бір-бірімізге үнсіз қарап қалыппыз. Неткен сұлу, неткен жарқын бейне еді. «Күт!» деген мағына беретін бір ишара жасады да, терезені жапты.

Кешке дейін әлі көп уақыт бар еді, бос бақшада әлемнің, ағаштардың, көшенің өзіндік әдемі келбетіне қарап, үмітпен күттім. Көп кешікпей Хайрие келді, күн емес үйдің ханымындай болып киініп, оранып алыпты. Бір-бірімізге жақындамастан інжір ағаштарының арасына қарай өттік.

– Бәрі жақсы, – дедім оған, Қазыдан алған қағазды көрсетіп. – Шекуренің басы бос. Енді келесі махалладан бір имам келе жатыр, – дей салдым (табамын дегім келген).

– Шекуре әзір болсын.

– Шекуре ханым шағын да болса қыз көшінің болғанын, көрші-қолаң үйге келіп, той дастарханынан дәм татқанын қалайды. Бадам, мейіз қосылған палау пісіріп жатырмыз.

Өрекпіген көңілмен басқа не істеп жатқандарын айтпақ болған, сөзін бөлдім.

– Егер осылай той-тойға ұласса, – дедім, – Хасан мен оның адамдары естиді бұл жағдайды, той үстіне басып кіреді олар. Дау-дамай шығарып некені жарамсыз қылады да, біз ештеңе істей алмай қаламыз. Бір қап інжірің текке қалады онда. Тек Хасан мен қайынатасынан емес, Жездемізді өлтірген ібілістен де сақтануымыз керек. Қорықпайсыңдар ма сендер?

– Ойбай, қалай қорықпаймыз олардан? – деп жылай бастады.

– Ешкімге тіс жармаңдар, – дедім, – Жездені алып, ұйықтағанда киетін киімдерін кигізіңдер, төсегін салып, өлі емес, сырқат адам сияқты жатқызып қойыңдар, бас жағына стакандар, дәрі-дәрмек қойыңдар, терезенің қақпағын жауып тастаңдар. Бөлмесінде шам түрмасын, неке кезінде Шекуренің әкесі төсек тартып жатқандай болып көрінсін. Ұзату тойын жасаудың қажеті жоқ, соңғы сәтте бірнеше көрші-қоланды шақырарсыңдар, сол жетеді. Оларды шақырғанда да Жезде мырзаның соңғы тілегі осы екенін айтарсыңдар. Бұл той көңілді емес, қасіретті, мұңлы салтанат тәрізді болсын. Мұны жасай алмасақ біздің шаруамыз бітеді, ал мен саған да жаза тартқызамын, түсіндің бе?

Жылап тұрып, басын шұлғыды. Ақбоз атыма мініп, куәгерлерімді ертіп, көп кешікпей үйге келетінімді, Шекуренің дайын болуын, бұдан кейін үйдің иесі мен болатынымды, ал қазір шаштаразға баратынымды айттым оған. Мұның барлығын алдын ала ойластырмаған едім. Сөйлеп тұрғанымда ойыма түскен еді бұлар, әрі өзім қатысқан кейбір соғыстарда сезінгенімдей, Алланың өзі сүйетін, қамқорлығын аямаған құлы екеніме, Оның мені қорғайтынына, сол себептен де бастаған

ісімнің сәтті боларына сенетін едім. Осындай сенімділікті өміріңізде бір рет те болса сезінсеңдер, ойларыңа не келсе, нені қаласаңдар соны жасайсыңдар әрі істегендеріннің барлығы ақиқатқа айналады, өздерің қателеспейсіңдер. Яакутлар махалласынан Халичке қарай төрт көшеден өтіп, көрші ауданға жеттім. Ясин Паша мешітінің қара сақалды, жарқын жүзді имамын қолындағы сыпырғышымен балшықты аулада қаңғыбас иттерді қуалап жүрген кезінде жолықтырдым. Мәселені айтып, бөлемнің әкесі хал үстінде жатқанын, Алланың әмірі келуге шақ қалғанын, жан тапсырар сәтте әкесінің соңғы тілегі бойынша қызы екеуміздің үйленетінімізді, қыздың соғыстан оралмаған күйеуінен бүгін, Үскідар қазысының шешімімен ажырасқанын айттым. Имамның шариғаттық үкім бойынша тұрмыстағы әйел ажырасқаннан кейін, қайта үйлену үшін бір ай күту керектігі жөніндегі қарсылығына мен Шекуренің бұрынғы күйеуінен төрт жыл хабар-ошар болмағандықтан, жүкті болып қалуы мүмкін емес екендігін айтып, әрі Үскідар қазысының әйелді бүгін қайта тұрмыс құруға мүмкіндік беру үшін ажырастырғанын алға тарттым да, қағазды көрсеттім. Имамның некеге кедергісін келтірер мәселе жоқ екеніне көзі жетсін дедім. Иә, келінге туыстық жақындығым бар, бірақ нағашы апайымның қызы, бөле болуы некеге кедергі емес еді, алдыңғы некесі іс жүзінде біткен еді, арамызда діни тұрғыда да, дүние-мүлік тұрғысынан да таза едік.

Мен беретін алтындарды қабыл етіп, махалланың барлық тұрғындарының көзінше жасалатын тойда некемізді қиса, тұл қатынның жетімдеріне де жақсылық жасап, сауапқа кенелген болар еді. Бадам мен мейіз қосылған палауды ұнатар ма екен Имам?!

Ұнатады екен, бірақ көздерін әлі де болса аула қақпасының маңында жүрген иттерден айырмады. Алтындарды алды. Некеге арналған шапанын киіп, шашына, сақалына, сәлдесіне бір қарап алып, неке қиюға келетін болды. Үйді сұрады, жолын айтып бердім.

Он екі жыл бойы армандаған некелесу аяқ астынан осылай туа қалғанда, сол күйеудің қауіп-қатер мен қарбаласты ұмытып, өзін шаштараздың мейірімді қолдарына тапсырып, тәтті қиялға беріліп, той үшін сақал-мұрт алғызғаннан жарасымды не болуы мүмкін? Аяқтарым мені марқұм Жездемнің, нағашы апайымның, сұлу Шекуренің, балаларының ұзақ жылдардан кейін тәрк еткен Ақсарайдағы қираған үйі бар, шаштараз тұратын көшеге алып барды. Осы жерге көп жылдан кейін алғаш келгенімде, бес күн бұрын бетпе-бет келіп қалған шаштараз осы жолы ішке кіргенімде мені құшақтады және Ыстамбулдың нағыз шаштараздарының әдетімен он екі жыл бойы қайда жоғалғанымды сұраудың орнына, махалладағы өсек-аяң мен өмір деген сапардың соңында бәріміз баратын мекенге қатысты әңгімелер айтты.

Он екі жыл емес, он екі күн бұрын осында едім дей алмаймын, әрине. Шаштараз қартайыпты, мең басқан қолдарында ұстараның дірілдеп тұрғанына қарап, оның шарапты мол ішетінін аңғаруға болады әрі көздері мөлдіреген, шиедей ерні бар, сымбатты бозбаланы өзіне шәкірт етіп алыпты. Он екі жыл бұрынғыға қарағанда іште тазалық пен тәртіп бар еді. Қайнаған су ағып, менің шашым мен бетімді жақсылап жуған құмған төбеге жаңа шынжырмен ілініпті. Кең әрі ескі легендеріне қалайы жалатылып, мангалы таза, тотсыз еді әрі ақық тасы орнатылған сабы бар ұстарасы да қылпылдап тұр.

Алдына жібек жіппен тоқылған таза шалғыш тағып алыпты, он екі жыл бұрын мұндайды тағуға да ерінуші еді. Жастығына қарамастан бойы ұзын, арықша келген сымбатты шәкіртті қасына алғалы бері, шебердің дүкені мен өзі тәртіпке келіп, тап-түйнақтай болғанын ойладым. Сонымен бірге үйленудің бойдақ еркектің тек үйіне ғана емес, ісіне, дүкеніне де жаңа өмір, жаңа тәртіп, береке беретінін елестетіп, өзімді раушан иісі аңқыған, жылы су мен хош иісті сабыны бар шаштараздың қолына тапсыра салдым.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, шаштараздың шебер саусақтары мен дүкенін жылытып тұрған мангалдың жылуына балқып, өмірдің осыншама азаптан кейін бүгін маған тосын сый жасағаны үшін, Ұлық Аллаға шүкір етіп, ол жаратқан әлемнің қандай сиқырлы таразыдан шыққанын ойлап, одан соң өзім қожайын болуға шақ қалған үйде, төсегінде жатқан өлі Жездеге де жаным ашып отырғаным сол еді, үнемі ашық тұратын есікте бір бейне пайда болды, бұрылып қарасам, Шевкет екен. Абыржулы, бірақ өзіне сенімді кейіпте маған бір қағаз ұсынды. Оған ештеңе дей алмастан, ең жаман хабарды күтіп, көңілім алағызып, қағазды оқыдым: «Ұзату тойы, қыз көші болмаса саған түрмысқа шықпаймын! – Шекуре». Шевкетті қолынан күшпен тартып, құшағыма алдым. «Жаным, дегенің болсын!» деп жазғым келген Шекуреме. Алайда қара танымайтын шаштаразда қалам мен сиясауыт қайдан болсын! Осылайша ішкі есеппен әрі ықтиятпен Шевкеттің құлағына: «Жарайды», – деп сыбырладым, анасына айтып барсын. Сол сыбырмен атасының қалай екенін сұрадым.

– Ұйықтап жатыр.

Енді түсіндім, Шевкетпен бірге сендер де, Жездемнің өліміне (Шевкет басқа нәрседен күмәнданады) байланысты менен шүбәланасыңдар. Бұларың дұрыс емес. Ұят сендерге! Оны күшпен иіскедім. Шевкет мені жақтырмаған күйі кетті. Үйлену тойы кезінде әдемі киімдерін кигенімен, алыстан маған дұшпанындай көзқараспен, жек көре қарап тұрған-ды.

Шекуре әкесінің үйінен күйеудің үйіне бармай, керісінше мен Шекуренің әкесінің үйіне күшік күйеу болып кіргенім үшін ұзату тойы да осы жағдайға ыңғайластырылып жасалды. Әрине, өзгелер сияқты байшыкеш достарымды, туыстарымды сән-салтанатпен киіндіріп, аттарына мінгізіп Шекуренің есігінің алдына әкелер жағдайым жоқ еді. Бірақ сонда да Ыстамбұлға келгеннен кейінгі алты күні ішінде кездестірген бала кездегі достарымның екеуіп (біреу мен сияқты хатшы болыпты, екіншісі монша жағады екен), сақал-мұртымды басып, шашымды алғанда маған бақыт тілеген сүйікті шаштаразымды ертіп алдым, өзі астыма алғашқы күні мінген ақ боз атымды мініп, Шекуренің есігіне, оны үйінен алып, басқа жаққа, басқа өмірге апаратындай кейіпте жетіп келдік.

Қақпаны ашқан Хайриеге молынан қолақы бердім. Шекуре үстіне қып-қызыл келін киімін киіп, басынан аяғына дейін төгілген күлгін жіпті желегін тағып, үй ішінен естіліп жатқан жылап-сықтаған дауыс, балашағаның шуының (бір әйел балаларға ұрысты), бәрекелді дескен тілектердің арасынан шығып, біз жетектеп әкелген екінші бір ақ атқа мінді. Шаштараздың маған жаны ашып, әдейі даярлап қойған дауылпазшы мен кернейші келін әкетіп бара жатқанымызды білдіріп, дауылпазын ұрып, кернейін үрлеп алдымызға

түскені сол еді, кедей, мұңлы, бірақ маңғаз қыз көші жолға түсті.

Аттарымыз аяндай бастаған сәтте-ақ, қыз көшінің Шекуренің некесін бекемдеу үшін айлакерлікпен ұйымдастырған ісі екенін түсіндім. Осы салтанатты қыз көшінің арқасында некеміз, соңғы сәтте болса да, тұтас махаллаға естіліп, осылайша жұрттың барлығы мойындайтын болғандықтан, кейін біздің үйленгенімізге наразылық танытуы да қиындай түсер еді. Сонымен бірге үйленгелі жатқанымызды осылайша ашық айтып, жаһанға жар салуымыз дұшпандарымызға, Шекуренің бұрынғы күйеуі мен қайын жұртына қыр көрсеткендей той жасауымыз салған беттен басымызға қатер болып төнген-ді. Маған салса, Шекуремен ешкімге білдірместен, той-томалақ жасамастан, жасырын некелесіп, оның күйеуі болып алар едім. Содан соң ғана үйленгенімізді айтып, отбасымды қорғар едім.

Қыз көшінің алдында, ертегіден келгендей сымбатты, сұлу мүсін ақ боз аттың үстінде, махалланың көшелерінде келе жатқанымызда көздерім көше арасынан, не болмаса қалтарыс-бұлтарысы көп аулалардың бірінен атылып, келіп шабуыл жасайтын Хасанды және оның адамдарын іздеп, айналаға сескене қарап келе жатқан болатын. Есік алдында, дуалдардың түбінде тұрып, біздің қораштау қыз көшімізге қараған қарттарды, махалланың ересек еркектерін, бізге қол бұлғап, тілек айтып жатқан жатжұрттықтарды көрдім. Қаламасақ та, амалсыз барған базар алаңында сатып тұрған жеміс-жидектерінің, көкөністерінің қасынан алысқа ұзай алмай, бізбен бірге бірнеше қадам жүріп «Бәрекелді, көз тимесін» дескен саудагерлердің көзінен,

дүкеншінің көзінен, тәтті тоқашының күйген тұстарын көмекшісіне қырғызып жатқан наубайшының сүйсінген көзқарасынан шын мәнінде Шекуренің өсек-аяң мен қауесетті шебер ұйымдастырғанын, оның бұрынғы күйеуінен ажырасып, маған тұрмысқа шыққаны махаллаға тез тарап, жұрт біздің бұл әрекетімізді күп көргенін байқадым. Дегенмен біреулер балағаттап қала ма, жиіркене, өшпенділікпен қарай ма деп, сақтық танытып келемін. Сондықтан базардан шығып бара жатқанымызда, бізге ілесе кеткен, улап-шулаған балалардың тәтті-пәтті сұрағанын әдеттегі жағдай ретінде бағалағам. Олардың мәз-мейрам болып жүруі, топтанып бізбен ілесуі іс жүзінде бізді қорғайтынын әрі осы әрекетімізді қолдайтынын терезеден, қақпаның саңылауынан, қуыс-тесіктен сығалап тұрғаны аратұра көзіме түсіп кеткен әйелдердің күлімсірегенінен аңғардым.

Ақыр аяғында, оған да шүкір, қыз көші кері алғаш біз шыққан үйге қарай бұрылды, сол сәтте көзім әлі де болса жолда еді, бірақ жүрегім Шекуренің қасында, оның көңіліндегі мұнда болатын. Мені мұнайтқан нәрсе әкесі өлген күні тұрмысқа шығуға мәжбүр болған бақытсыздығы емес, тойымыздың сән-салтанатының нашар, осыншама жұпыны болуы еді. Айналасын күміс ертоқымды аттарға мінген, бүлғын мен жібектен, алтын жіпті өрнегі бар киім киген шабандоздардың қоршап жүруіне, жүздеген ат пен арбаға артқан сый-сияпатқа, нөкер болып ілескен ондаған паша қызына, бикелерге, арбасында отырып өткен күндерінің молшылығын, байлығын жырлар егде тартқан гарем сұлуларының серік болып еріп жүруіне лайық еді менің Шекурем. Ал тойында бай қыздарды тіл-көзден қорғау үшін, айна-

ласына құрылған қан қызыл түсті, жібек шымылдықты қолдарындағы сырықтарымен атының төр жағында ұстап жүретін төрт малайы да, жемістер, алтын мен күміс жапырақтар, жарқыраған асыл тастар мен сымдарға тағылған ірі-ірі той шырағы ілінген ағаш тәрізді нахылдарды[1] да алдында көтеріп жүрер қандай да бір қызметкері де жоқ еді. Қыз көшіне өздері де онша құрмет қылмағандықтан дауылпазшы мен кернейші ара-тұра үнсіз қалады, алдымызда «жол беріңдер, жол беріңдер, келін келе жатыр!» дейтін де біреу болмағандықтан той керуеніміз базардағы топқа, алаңда шүмектерден су алып жатқан қызметкерлердің ішіне араласып кетеді, мұндайда ұялғаным сонша, көздеріме жас іркіледі. Бәрін артқа тастап, үйге жақындаған кезімізде, іштей қайраттанып, ат үстінен кері бұрылып оған қарағанымда, күлгін келін желегі мен қырмызы бетпердесінің арғы жағынан Шекурені осы жұпыны серуенге мұнайғанның орнына той керуенінің жолда ешбір бәле-жалаға жолықпай, аман-есен үйге келіп қалғанымызға іштей разы болып отырғанын байқап, аркамнан ауыр жүк түскендей болдым. Осылайша сәлден соң некелесетін сұлу келінді барлық күйеу жігіт жасайтын салтпен атынан түсіріп алдым да, қолтықтап алдым, одан соң алдын ала даярлап қойған әмиян толы акчені айналадағы жұрт көріп, тамашаласын деп, баяу қимылмен төбесінен төмен төктім. Жұпыны қыз көшіне бастан-аяқ еріп жүрген балалар акчелерді жинамаққа таласып жатқан сәтте Шекуре екеуміз алдымен

[1]*Нахыл* – үйлену немесе сүндет тойы кезінде көшеге серуенге шығып, махалланы айналып өтетін күйеу мен келінді, сүндетке отырған баланы қоршаған топтың алдына ұстап жүретін безендірілген ағаш. Әдетте сауырағаш пен құрма ағашынан жасалады.

аулаға кірдік, тас төселген жазғы бөлмеден өтіп үйге кірген бетімізде іштен ыстықпен бірге мұрынды жарардай болып тұрған мүрденің иісін бірден сездік.

Той керуенімен ере келген топ үйге кіріп жатқан сәтте, үйдегі егде әйелдер мен балалар (бір бұрышта Орхан маған күдіктене қарайды) тәрізді Шекуренің де осы иісті сезбегендей әрекет қылғанын көріп, бір сәт өзім шүбәланып қалдым. Бірақ майдан далаларын көрген кездерімде киімдері жыртылған, аяқ киімдерін, саптамаларын, белбеулерін біреулер шешіп әкеткен, беттері, көздері, еріндері ит пен құстың жеміне айналған әрі күннің астында жатып сасыған мүрделердің иісін мұрным, аузым, кенезем, тіпті өкпемнің өзі тұншыға жаздап талай сезіп, басымнан өткергендіктен үйден шыққан иістен қателеспегеніме сенімді едім.

Төменде, ас үйде Хайриеге Жезде мырзаның қайда екенін, үйдің қалай осыншама сасып кеткенін сұрадым. Бар құпиямыздың ашылып қаларын айттым. Мұны айту емес, сыбырлау деген дұрыс шығар, бәлкім. Бір жағынан санамда өзімнің Хайриеге алғаш рет үйдің қожайыны тәрізді үн қатқаным турасындағы бір ой қылаң берді.

– Өзіңіз тапсырғандай төсегін салып, жатқанда киетін көйлек-дамбалын кигіздік, көрпені үстіне жаптық, бас жағына кеселерге шәрбат құйып қойдық. Иіс шығып тұрса бөлмедегі мангалдың ыстығынан шығар, – деді жылап.

Бір-екі тамшы жасы қой етін қуырып жатқан қазанына тамып кетті. Жылағанынан Жезде мырзаның мұнымен төсектес болып жүргенін сездім алдымен, бірақ кейінірек бұл ойымнан өзім ұялдым. Ас үйдің

бір бұрышында үнсіз әрі маңғаз кейіпте отырған Естер шайнап отырған нәрсесін жұтып, орнынан тұрды:

– Шекурені бақытты қыл, қадірін білгейсің! – деді.

Ыстамбулға алғаш келген күнімде, көшелерді кезіп жүргенде құлағыма шалынған сол бір ұд дауысы естілді ішімнен. Алайда әуезінде қасірет емес өмір бар еді. Біраздан соң, Жездемнің жейде-дамбалмен жатқан алакөлеңкелі бөлмесінде Имам Шекуре екеуміздің некемізді қиып отырған кезде осы әуездің үйлесімі бар еді ішімде.

Хайрие алдын ала, қас пен көздің арасында бөлменің ауасын тазартып, шамды да жарығы солғын тартатындай етіп, алыс бұрышқа қойғандықтан сырқат емес, мүрде екені еш байқалмаған Жездем неке қию кезінде Шекуренің ақы иесі еді. Шаштараз досым мен махалладағы көпке танымал бір карт куәгер болатын. Имамның тілектері, насихаттары мен бәрінің дұға етуімен аяқталған рәсім кезінде көпті көрген кария Жездемнің халіне аландап, марқұмға қарай мойнын созғанымен, имам некені қияр-қимастан орнымнан атып тұрып, Жездемнің құрыса бастаған қолынан ұстап, бар күшіммен қыстым:

– Еш аландамаңыз, жаным, Жездем, – деп айғайладым, – Шекуренің, балалардың қарындары ток, көйлектері көк, тыныштық пен сүйіспеншілікте өмір сүрулері үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын!

Одан соң Жездем төсегінен маған бірдеңе айтпақ болғандай сыңай танытып, құлағымды байыппен аузына қарай жақындаттым. Аса қадірлі ақсақалдың ғибратты әңгіме айтар уақытына дөп келгенімізде, ғұмырлық тәжірибесінен алған бір-екі насихатын біздер, жастар сиқырлы дәрі ішкендей асқан ынтамен

тыңдасақ, тура мен де солай бар зейініммен Жездемді тыңдап жатқандай кейіп таныттым. Имам мен махалланың қарты қайын атамның жан алқымға келген сәтте маған сыбырлаған насихаттарын тыңдауымдағы шынайылығыма, ынта-шынтаммен берілгеніме сүйсіне қарасты. Енді Жездемнің ажалына ешкім менің қатысым бар деп ойламайтын шығар.

Бөлмедегі тойға жиналған қонақтарға сырқат адамның жалғыз қалғысы келетінін айттым. Бәрі дереу бөлмеден шығып, Хайриенің палауы мен қуырылған қозы етін (енді мүрденің иісі мен жебіршөп, зере қосылып қуырылған қозы етінің иісі бір-біріне араласа бастағанын сездім) жеу үшін көрші бөлмеге жиналып жатқанда, мен дәлізге шығып, тура өз үйінде жүрген адамдай Хайриенің бөлмесінің есігін аштым, ештеңе ойламастан ішке кіріп, араларына ер адамның кіріп келуін күтпеген, сасқалақтап қалған әйелдерге назар аудармастан, мен көргенде жанарынан қуаныш үшқыны жарқ етіп, жымия қалған Шекуреге сүйсіне қарадым да:

– Әкең шақырып жатыр, Шекуре, некеміз қиылды, қолын сүй енді, – дедім.

Шекуренің той жария болсын деп соңғы сәтте хабар беріп шақырып алған махалладағы үш-төрт әйел, көзқарастарындағы шынайылыққа бола расымен де туысындай көрінген жас қыздар беттерін жауып жатқандай сынай танытты да, менің тұла бойымды бастан-аяқ бір шолып, құмарлана қарасты.

Көптен кейін, тойға жиналғандар тамақты, жаңғақ, бадам, кептілірген жеміс-жидек пен тәттілер жеп, ақшам намазынан көп кешікпей үйлеріне тарап кетті. Әйелдер бөлмесінде Шекуренің көз жасы мен балалардың тентектігі, өзара төбелесі берекені қашырған-ды,

ал еркектер көрші-қоланның әзіл-оспағына менің еш күлмей, көңілсіз отыруымды қайын атамның сырқатына байланысты уайымдап отырғаныма жорыды. Осы бір ауыр қайғы кезінде санамда пайда болып, нақышы жасалған дүние тамақтан бұрын әкесінің қолын сүймек болып кірген Шекуре екеуміз Жездемнің бөлмесінде жеке қалғанымызда алдымен өлген адамның суық әрі сіресіп қалған қолын екеуміздің де шынайы құрметпен сүюіміз, одан соң бөлменің қараңғы бұрышына барып құмарлана сүйіскеніміз еді. Әйелімнің мен сүліктей сорған ып-ыстық тілінде балалар жейтін шекердің тәтті дәмі бар еді.

34. Мен – Шекуремін

Бәрі кеткеннен кейін, мұңлы тойымыздың соңғы қонақтары аяқ киімдерін киіп, оранып, қымтанып, ауыздарына соңғы сәтте тәттіні салып үлгерген балаларын сүйреп аула қақпасынан шыққаннан соң біраз уақыт тыныштық орнап, үнсіз қалдық. Бәріміз аулада едік. Құдықтан су тартқан шелектен су ішпек болған шымшықтың тықылдатқан дыбысы болмаса, өзге ешбір үн естілмейді. Кішкентай басындағы қысқа жүндері ошақтағы оттың жарығымен шағылысқан осы құс пыр етіп қараңғыға сіңіп кеткеннен кейін, түнмен біте қайнасып кеткен бос үйімізде, жоғарыда әкемнің өліп жатқаны көңілімді алай-түлей етті.

– Балалар, – дедім біраздан соң Орхан мен Шевкет жақсы білетін, үніме бірдеңені жариялайтын кезде қосатын ерекше ырғақпен, – мұнда келіңдер, қане!

Келді.

– Енді әкелерің Қара болады. Қолын сүйіңдер.

Үнсіз ғана мойынсұнып, сүйді.

– Әке дегеніне қалай мойынсұнамыз, оның сөзі қалай тыңдалады, әкеге қалай сенуге болады, менің бақытсыз жетімдерім әкесіз өскендіктен бұл жайттарды білмейді, – дедім Қараға. – Сол себепті, сені жатырқаса, сыйламаса, балалық, шалалық жасаса олардың ісіне кеңпейілділікпен қарап, оны әкелерін бір рет те болса көрместен, ешқашан естеріне түсіре алмай өскендігінен деп білгейсің.

– Мен әкемді білемін, есімде, – деді Шевкет.

– Тсс... тыңда, – дедім, – бұдан кейін Қараның сөзі сендер үшін менің сөзімнен де маңызды.

Қараға бұрылдым:

– Егер сені тыңдамаса, сені сыйламаса, тентектіктің, әдепсіздіктің, қулық-сұмдықтың бір мысқалын болса да көрсетер болса, алдымен ескерт, бірақ кешір оларды, – дедім бір сәт тілімнің ұшына келген таяқтан бас тартып.

– Көңіліңде менің орным қандай болса, олардың орны да сондай болуы керек. «Шекуре ханым, тек сенің күйеуің болу үшін емес, – деді Қара, – мына сүйікімді балаларға, жетімдерге әке болу үшін саған үйлендім».

– Естіңіндер ме?

– Я, Алла, сен бізден жарығыңды аямашы, я Раббым, – деді Хайрие бір тұстан, – Алла Тағала, бізді өзің қорғай көр.

– Естіңіндер ме? – дедім, – Жарайсыңдар, менің сүйікімді ұлдарым! Әкелерің сендерді осылай жақсы көрсе, демек, сендер бір сәт есіріп, оны тыңдамай кетсеңдер де ол сендерді кешіреді.

– Кейін де кешіретін боламын, – деді Қара.

– Бірақ үшінші рет қой дегенде қоймасаңдар, онда таяқ жейсіңдер, – дедім. – Түсіндіңдер ме? Жаңа әкелерің Қара, марқұм өз әкелерің аттанып, қайтып оралмаған соғыстан да қиын, қорқынышты майданнан, от пен оқтың ортасынан, Алланың қаһары төнген шайқастан оралған, өте қатал адам. Аталары бұларды еркелетіп жіберді, дегенін жасайтын. Енді аталарың жоқ, ол сырқат.

– Атамның қасына барғым келеді, – деді Шевкет.

– Сөз тыңдамасаңдар, Қара сендерге таяқтың жұмақтан шыққанын жақсылап үйретеді. Ол кезде аталарың менен арашалап алатындай Қараның қолынан ала алмайды енді. Егер әкелеріннің ашуын шақырғыларың келмесе, бұдан былай бір-біріңмен төбелеспейсіңдер, әр нәрсені бөлісесіңдер, өтірік айтпайсыңдар, дұғаларыңды қылып, жаттайтын нәрселеріңді жаттап бітірмей тұрып ұйықтамайсыңдар. Хайриеге жаман сөз айтып, оны мазақтамайсыңдар. Түсінікті ме?

Қара еңкейіп, Орханды құшағына алды, алайда Шевкет алыстау тұрды. Бір сәт оны құшақтап, жылағым келді. Байғұс жетімім менің, арқа сүйер ешкімің қалмады-ау, Шевкетім, осынау ғаламда жалғыз қалдың ғой сен. Өзімді кішкентай баладай, Шевкет сияқты жападан-жалғыз қалғандай сезіндім. Бір сәт Шевкеттің әлі кішкентай екені, әкеден де, нағашы атадан да айырылғаны мен өзімнің де қауқарсыздығым санамда араласып кетті де, бойымды қорқыныш билеп, титіркенгендей болдым. Өйткені өз балалық шағымды, бір кездері дәл қазір Қараның құшағына кірген Орхандай мен де әкемнің мойнына асылған сәттерімді, бірақ ол кезде Орхандай жатырқап емес, рахаттана еркелеге-

німді, әкем екеуміз бір-бірімізді құшақтап, иіскейтін кездерімізді есіме алдым. Жылауға шақ қалдым да, бойымды жинақтап, алды-артын ойламастан:

– Қане, Қараға «әке!» деңдер, – дедім.

Түн суық әрі тып-тыныш еді. Аулада да тыныштық бар. Алыстан, еміс-еміс үрген иттердің үні естіледі. Уақыт та әжептеуір болып қалыпты, қараңғылық гүлдей ашылып, бізге байқатпастан айналаны тұтас бауырына басып алыпты.

– Жарайды балалар, – дедім біраздан соң, – енді үйге кірейік, осында тұрып бостан-босқа тонудың қажеті жоқ.

Тойдан кейін жеке қалудан іштей именетін келін мен күйеудің сылбыр қимылымен, тек Қара екеуміз ғана емес, балалар да, Хайрие де – бәріміз тартыншақтап үйге үнсіз кірдік. Іште әкемнің мүрдесінің иісі бар еді, алайда ешкім мұны аңғармаған сияқты. Баспалдақпен үнсіз көтеріліп келе жатқанымызда, қолымыздағы шамның жарығымен еденге түскен көлеңкелер әдеттегідей бір-бірімен араласып, бір ұлғайып, бір кішірейіп көрінеді, алдайда дәл осы көрініс мен өмірімде алғаш рет байқам тұрғандай сезімде болдым. Жоғарыда, дәлізде аяқ киімдерімізді шешіп жатыр едік, Шевкет:

– Ұйықтамастан бұрын атамның қолын сүйейін бе? – деді.

– Мен жаңа ғана қарадым атаңды, – деді Хайрие, – атаңның сырқаты ауыр, ішіне жындар кіріп алыпты, дерт тұла бойын шарпыпты. Бөлмеге кіріңдер, төсектеріңді салып берейін.

Ол тіпті балаларды бөлмеге кіргізіп те үлгерді. Төсек салып, көрпелерді жайып, жастықтарды қойып

жүріп, осы дүниелер теңдессіз заттай, осы таза көрпежастықта ұйықтау, құстың жүні салынған жамылғыларды жамылу падишаның сарайында жатқанмен бірдей сияқты әңгіме айтып, аузы бір босамады.

– Хайрие, бізге бір хикая айтып берші, – деді дәрет шелегіне жайғасқан Орхан.

– Баяғыда бір көк түсті адам болыпты, – деді Хайрие. – Оның ең жақын досы бір жын екен.

– Адам неге көк екен? – деді Орхан.

– Құдай үшін, Хайрие, дәл бүгін түнде жыны, перісі, диюы мен аруақтары бар хикая айтпашы, – дедім.

– Неге айтпайды? – деді Шевкет. – Шеше, сен біз ұйықтаған соң, орыннан тұрып, атамның қасына барасың ба?

– Аталарың қатты сырқат, – дедім. – Әрине, оған қарау үшін түнде қасына барамын. Кейін қайтадан сендердің қастарыңа келемін ғой.

– Атамның қасына Хайрие барсын, – деді Шевкет, – түнде атамды Хайрие қараушы еді ғой.

– Болдың ба? – деді Хайрие Орханға. Жүзі күлімдеген Орханның құйрығын шүберекпен сүртіп жатып шелектің ішіне бір көз тастады да, ондағы нәрсенің иісінен емес, көрген дүниесі көңілінен шықпағандай кейіпте бетін тыржитты.

– Хайрие, – дедім, – шелектегіні төгіп, қайта алып кел. Шевкет түнде бөлмеден шықпасын.

– Неге шықпауым керек екен? – деді Шевкет. – Хайрие неге жын-перісі бар хикая айтпайды?

Орхан қорыққанынан емес, әдеттегі алаңғасарлығымен:

– Өйткені үйде жындар бар, ақымақ, – деді. – Шеше олар бар ғой, иә?

– Бөлмеден шығып, атамды көрейін десеңдер жын қағады сендерді.

– Қара төсегін қайда салады? – деді Шевкет. – Бүгін ол қайда ұйықтайды?

– Білмеймін, төсегін Хайрие салып береді, – дедім.

– Анашым, сен бізбен бірге жатасың ғой, ә? – деді Шевкет.

– Қанша айтам сендерге, бұрынғыдай сендермен бірге жатамын.

– Ылғи ма?

Хайрие дәрет шелегін алып, бөлмеден шығып кетті. Соңғы суретті алып кеткен оңбаған қанішер тиіспеген өзге тоғыз суретті шкафтың ішіне тығып қойған жерімнен шығарып төсегіме отырдым. Майшамның жарығымен бұл суреттердің ішінде сырын түсінуге тырысып оларға ұзақ қарадым. Олардың таңғажайыптығы сонша, адам суреттерге өзінің есінен шығып кеткен естеліктеріндей қарайды әрі қараған сайын олар да тура жазу сияқты тамашалап отырған адаммен әңгімелеседі.

Суреттерге қарап отырып, көзім ілініп кетіпті. Менімен бірге Орхан да сол өзгеше әрі күдікті қызылға қарап отырғанын оның мұрныма тіреген басының иісінен аңғардым. Баяғыдағыдай омырауымды шығарып оны емізгім келді. Содан соң көз алдындағы қорқынышты өлім суретінен сескеніп, пыс-пыс етіп отырған Орханды құшырлана сүйгім келіп кетті.

– Сені жеп қояйын ба?

– Анашым, мені қытықташы, – деді де жата кетті.

– Тұр, қане, тұр деймін, оңбаған, – деп бақырдым да, шапалақпен тартып қалдым. Өйткені ол суреттердің үстіне жата кеткен-ді. Суреттерге ештеңе болмап-

ты, бәрінің бетінде түрған аттың суреті аздап бүктеліп қалыпты, бірақ онша байқала қоймайды.

Хайрие бос шелекті алып қайта оралғанда, суреттерді жинадым. Бөлмеден шығып бара жатқаным сол еді, Шевкет жанұшыра айғайлады:

– Шеше қайда барасың?

– Қазір келемін.

Дәлізге шықтым, мұздай екен. Қара әкеммен бірге төрт күн бойы сурет, нақыш пен перспектива стилі туралы әңгімелескен бұрышта, әкемнің бос төсенішінің қарсы алдында отыр екен. Суреттерді оның алдындағы күрсіге, төсеніштің үстіне қойдым. Бір сәт шамның жарығымен бөлмені айрықша бір түс кернеп кетті, бір жарық жылы әрі жаны бар дүние тәрізді, барлық нәрсе қозғалып жатқандай болды.

Үн-түнсіз, еш қозғалмастан біраз уақыт суреттерге қарадық. Қимылдасақ болды қарсыдағы бөлмеден өлім иісін әкелетін ауа шамның жарығын толқытып, әкемнің таңғажайып суреттері де қозғалғандай көрінетін сияқты. Әкемнің өліміне себеп болғандықтан ба, білмеймін, суреттер маған үлкейіп көрінгендей болады. Сол аттың оғаш бейнесінен, қырмызының теңдессіздігінен, ағаштың мұңынан, екі дәруіштің қасіретінен әсерленіп отырмын ба, жоқ әлде осылар үшін әкемді, тіпті өзгелерді де өлтірген қанішерден қорқып отырмын ба? Біраздан соң Қара екеуміз арамыздағы үнсіздіктің суреттермен қатар үйленген түнімізде бір бөлмеде оңаша қалуымыздан шыққанын түсіндік те, әңгімелескіміз келді.

– Таңертең тұрған соң, байғұс әкемнің бүгін түнде ұйықтап жатып, жантәсілім еткенін барша адам естуі керек, – дедім.

Мұны айтып отырғанымммен, сөздерім шын көңілден шықпаған тәрізді.

– Таңертең бәрі ойдағыдай болады, – деді Қара оғаштау бір үнмен, шындықты айтып отырса да оған өзі сене алмайтыны байқалады.

Маған жақындамақ болып, сәл қозғалып еді, оны құшақтап, балаларымның басынан сипағанымдай, оның да басын кеудеме қысқым келді.

Сол сәтте әкем жатқан бөлменің есігі ашылғанын естідім де, жандәрмен орнымнан атып тұрып, жүгіріп барып есіктен қарадым. Дәлізге түсіп тұрған сәуледен әкемнің есігінің жартылай ашық қалғанын көріп, бойымды үрей билеп кетті. Мұздай суық дәлізге шықтым. Әкемнің бөлмесінің ішінде әлі жанып тұрған мангалдың кесірінен өлік иісі сасып тұр. Мұнда Шевкет келді ме, жоқ әлде басқа біреу ме? Мангалдың болымсыз жарығында әкемнің мүрдесі үйықтағанда киетін көйлек-дамбалының ішінде тыныш қана жатыр екен. Бұрын, жатар алдында майшамның жарығымен Китаб-ур Рухты оқып отырған сәтінде «Қайырлы түн, әкетайым!» дейтін кездерім есіме түсті. Сол кездері қолымдағы кесемді алып: «Су берерің көп болсын, сұлуым!» – деп, мені бала кезімдегідей бетімнен сүйіп, көздеріме тіке қараушы еді. Әкемнің қазіргі үрейлі жүзіне қарадым да қорқып кеттім. Бір жағынан оның бетіне қарағым келмейді, бірақ шайтан түртіп, бетаузының қаншалықты қорқынышты болып кеткеніне жақсылап қарап алғым келіп тұр еді.

Көк есікті бөлмеге қорқа-қорқа қайтып келгенім сол еді, Қара мені тарпа бас салды, оны итеріп жібердім, алайда ашудан ба, жоқ басқа сезімнен бе, не істегенімді өзім де білмеймін. Шамның дірілдеген жарығын-

да алысып жүрміз, бірақ бұл шынайы алыс-жұлыс емес, соның ырымын жасап жүргендей едік. Бір-бірімізге соғысып қалудан, қолымызға, аяғымызға, кеудемізге сүйкенуден рахаттанып жүр едік. Мендегі ойдың сап-сақка жүгіргені Хұсрау мен Шырындағы, Низами айтқан рух халіне ұқсайтын. Тура Шырын сияқты: «Еріндерімнен сүйме, олай жасама», – деген кезімде, сезімнің астарында: «Солай жасашы, сүйші!» – деп тұрғанымды Низамиді талай мәрте оқыған Қара сезіп тұр ма?

– Әлгі ібіліс ұсталып, әкемді өлтірген қанішердің кім екені белгілі болғанға дейін сенімен бір төсекте жатпаймын, – дедім.

Бөлмеден қашып шыққандай болған кезімде ұяттан жерге кіре жаздадым. Себебі соңғы сөздерімді дауыстап айтқаным сонша, оны балалар мен Хайриенің де естігенін қалайтыным белгілі болып қалған-ды. Оның үстіне тек олар ғана естісін деп емес, байғұс әкем мен мүрдесі қай жерде шіріп, тозаңға айналғаны белгісіз маркұм күйеуім де естісін дегендеймін.

Балалар жатқан бөлмеге кірген бетте:

– Анашым, Шевкет дәлізге шықты, – деді Орхан.

– Шықтың ба? – дедім де бетінен бір ұруға оқталып едім, «Хайрие», – деді Шевкет, оны паналап.

– Шыққан жоқ, – деді Хайрие, – бөлмеде болды.

Бір сәт абыржып қалдым, бірақ көздеріне тура қарай алмадым. Әкемнің өлгенін жұртқа естірткеннен кейін, балалар менің қаһарымнан құтылу үшін, бұдан былай Хайриені пана көретінін, сырларын оған айтатынын, ал бұл жағдайды мына оңбаған күн бас пайдасына жаратып, маған үкім жүргізуге тырысатынын бірден аңғардым. Әкемнің қанын менің мойнымма

артпақ болады да, балаларға қамқор болу құқын Хасанға өткізеді. Бұл оны жасайды, иә, жасайды! Бұл арсыздықтың бәрі марқұм әкеммен төсектес болғанына байланысты. Енді сендерден жасыратын не сырым қалды дейсіңдер, ол әкемнің қойнына кіріп алған болатын. Оған күлімсірей қарадым. Содан соң Шевкетті құшақтап, сүйдім.

– Шевкет дәлізге шықты деймін, – деді Орхан.

– Жатыңдар төсектеріне, мені орталарына алыңдар, сендерге құйрықсыз шибөрі мен қара жынның хикаясын айтып берейін.

– Бірақ Хайриеге жын-перісі бар әңгіме айтпа деп едің ғой, – деді Шевкет, – неге Хайрие бүгін түнде ол әңгімелерді айтып бермейді?

– Жетім-жесірлер қаласынан да келе ме? – деді Орхан.

– Келеді! – дедім. – Ол қалада ешбір баланың әкешешесі болмайды. Хайрие, төменге түсіп есіктерді тағы бір шолып шықшы. Біз хикаяның ортасына жетпей ұйықтап қалармыз.

– Мен ұйықтамаймын, – деді Орхан.

– Бүгін Қара қайда жатады? – деді Шевкет.

– Нақыш бөлмесінде, – дедім, – Сендер мені жақсылап құшақтандаршы, бәріміз көрпенің ішінде жылынып алайық. Мына мұздай аяқ қайсыларыңдікі?

– Менікі, – деді Шевкет, – Хайрие қайда жатады?

Хикаяны айтуды бастағаннан кейін көп өтпей-ақ, әдеттегідей Орхан ұйықтап кетті, мен дауысымды бәсеңдеттім.

– Мен ұйықтаған соң сен төсектен тұрып кетпейсің бе, анашым? – деді Шевкет.

– Тұрмаймын.

Шын мәнінде ондай ниетім де жоқ еді. Шевкет ұйықтаған соң, екінші рет түрмысқа шыққан күні түнде балаларыммен қойындасып, ұйқыға кетудің қандай бақыт екенін (оның үстіне келесі бөлмеде келбетті, ақылды әрі тіленіп тұрған бір күйеу жатыр) ойлап жатыр едім. Осы ойдың жетегінде жатып, ұйықтап кетіппін, бірақ ұйқым тыныш емес еді. Кейін есіме алып отырсам, сол күні ұйқылы-ояу, өң мен түстің арасындағы сол бір мазасыз әлемде, алдымен марқұм әкемнің ашулы рухымен бақұлдастым, одан соң сол рухтың жанына мені де аттандырғысы келген оңбаған қанішердің арман-қиялынан қашпақ болыппын. Бірақ әкемнің рухынан да қорқынышты әрі ізімнен қалмай қойған қанішер тықырлаған дыбыс шығарған тәрізді. Түсімде ол үйімізге қарай тас лақтырды. Терезеге, қабырғаға тиді. Біраздан соң есікке де тас лақтырды, тіпті есікті бұзып кірмек болып жатқандай көрінді маған. Содан соң осынау жаман рух өзім еш нәрсеге ұқсата аламған бір хайуанның ұлығанындай немесе қыңсылағанындай, жыланқы үн шығарған кезде жүрегім атқақтап кетті.

Оянсам, қара терге малшыныппын. Әлгі беймаза дауысты түсімде естідім бе, жоқ әлде шынымен де осы үндер үйдің ішінен шығып, мені оятып жіберді ме? Мұны дұрыс ұқпағандығымнан, балаларымды құшақтап, бүрісіп, тың тыңдай бастадым. Дыбысты ұйқыда естідім деп ойлағаным сол еді, әлгі қыңсылды тағы естідім. Сол сәтте аулада тасыр-тұсыр етіп бірдене түсті. Бұл да тас па?

Жүрегім жарыла жаздады. Алайда сорақысы алда екен. Үйдің ішінен тықырлаған дыбыс естідім. Хайрие қайда? Қара қай бөлмеде ұйықтап еді, байғұс әкемнің

мүрдесіне не болды? Я, Алла Тағала, бізді сақтай гөр. Балалар пысылдап үйықтап жатыр еді сол сәтте.

Тұрмыс құрмаған кезім болса, төсектен тұрып, үйдің еркегіндей сипатқа ену үшін қорқынышымды жеңуге талпынып, жындарға, рухтарға майдан ашқан болар едім. Ал қазіргі жатысым мынау, бүрісіп, балаларды, құшақтап жатырмын. Мына жалғанда ешкім қалмағандай болып көрінді, балаларыма, маған ешкім жәрдемдесе алмайтындай еді. Басымызға тағы бір жамандықтың төнгенін сезгендей Алладан тілек тілеп қана жаттым сол сәтте. Көрген түстерімдегідей жалғыз едім. Аула қақпасының ашылғанын естідім. Аула қақпасы ма өзі? Иә, дәл сол.

Бір мезетте өзімнің не істеп, не қойғанымды да аңғармастан орнымнан атып тұрып, үстіме көйлегімді киє сала бөлмеден жүгіріп шықтым.

– Қара! – деп сыбырладым баспалдақтың қасына барып.

Аяғыма бірдеңе іле сала төменге түсіп бара жатқан едім. Қас пен көздің арасында мангалдағы оттан тұтатып, жағып алған шамым аулаға шыға бергенде сөніп қалды. Ызғарлы һәм күшті жел көтерілген екен, бірақ аспан ашық болатын, көздерім үйренген соң жарты айдың да ауланы өзінше жарық қылып тұрғанын аңғардым. Алла сақтасын! Аула қақпасы ашық еді. Суықта дір-дір етіп тұрып қалдым.

Неге пышақ ала шықпадым, а? Қолымда тым құрығанда шырағдан немесе сынық тақтай, таяқ та жоқ еді. Қараңғыда аула қақпасының өздігінен қозғалғанын көрдім, біраздан соң, қақпаның қозғалысы тоқтағаннан кейін сықырлаған дауысы жеткендей болды құлағыма. Тура түсімдегідей сияқты деп ойлағаным

есімде. Есім дұрыс, ештеңені шатыстырған жоқпын, аулада жүргенімді білетінмін.

Үйдің ішінен, шатырдың астыңғы тұсынан тықырлаған дыбыс естігенде байғұс әкемнің рухы кеудесінен шықпақ болып, қиналып жатқанын түсіндім. Әке жанының азап шеккенін сезіну мені бір жағынан қасіретке батырса, екінші жағынан тыныштандырғандай болды. «Осы тықырлаған дыбыстардың басты себепкері әкем болса, – дедім өз-өзіме, – онда маған жамандық келмейді». Сөйте тұра, денесінен ертерек шығып, өз бетімен жоғарыға көтерілуге ұмтылған рухтың қиналысы мені мұңға батырғаны сонша, байғұс әкеме Алланың жәрдем етуін тіледім. Әкемнің аруағының жалғыз мені емес, балаларымды да қорғап-қолпаштайтынын ойлағанда жүрегім тыныштанғандай болды. Егер ауланың қақпасының арғы жағында бізге жамандық жасауға әзірленген Әзәзіл тұрған болса, онда әкемнің шамданған, мазасы кеткен әруағынан қорықсын.

Сол сәтте, әкемнің мазасын алған нәрсе Қара ма деп те уайымдадым. Әкем Қараға қастандық жасамақшы ма сонда? Қараның өзі қайда? Сол мезетте аула қақпасының сыртында, көшеде Қараны көрдім де тоқтадым. Біреумен сөйлесіп тұр еді.

Жолдың қарсы бетіндегі иен бақшадан, ағаштардың арасынан біреудің Қараға бірдеңелер айтып жатқанын байқадым. Сәл бұрын төсекте жатқанда естіген, қыңсылағанға ұқсас дыбыстың иесі осы кісі екенін біле қойдым әрі оның Хасан екенін де бірден түсіндім. Үнінде жалыну-жалбарыну, жыламсырау бар еді, бірақ қорқытып-үркіткісі келген леп те сезіледі. Алысырақ тұрып, екеуінің әңгімесін тыңдадым. Тып-тыныш түн құшағында екеуі есеп айырысуға бекінген тәрізді.

Сол мезетте бұл пәниде балаларыммен бірге жалғыз қалғанымды түсіндім. Қараны сүйемін деп ойлайтынмын, бірақ дұрысы, Қараны сүйгім келеді екен. Себебі Хасанның мұнды дауысында, қасіретінде жүрегімді шым еткізген ерекше бір нәрсе бар еді.

– Ертең осында қазыны, яничарыларды, ағамның аман екенін, әлі күнге Парсы тауларында соғысып жүргенін көргеніне ант-су ішетін куәгерлерді алып келемін, – деді. – Некелерің заңды емес. Сендер үй ішінде зина жасап жатырсыңдар.

– Шекуре сенің емес, марқұм ағаңның әйелі еді, – деді Қара.

– Ағам аман-есен, – деді Хасан сенімділікпен. – Оны көрген куәгерлер бар.

– Бүгін таңертең төрт жыл бойы соғыстан оралмағаны үшін Үскідар қазысы Шекурені ағаңнан ажырастырды. Аман жүрген болса, куәгерлерің оған барып, әйелінің ажырасып кеткенін айтсын.

– Шекуре бір ай өтпей тұрып, тұрмысқа шыға алмайды, – деді Хасан, – Дінге, Құран Кәрімге қайшы. Мұндай аярлыққа Шекуренің әкесі қалай көнді?

– Жездем сырқат, – деді Қара, – дерті ауыр. Өлім аузында жатыр. Үйленуге қазы рұқсат берді.

– Жездені екеуің бірге уладыңдар ма? – деді Хасан, – әлде Хайрие екеуің ұйымдастырдыңдар ма мұны?

– Қайын атам сенің Шекуреге жасаған қысастығыңа қатты ренжулі. Жасаған ұятсыздығың үшін есеп бересің, егер шынымен тірі болса бұл есепті ағаң да сұрайды.

– Бәрі жалған, – деді Хасан, – Шекуренің үйден қашып кету үшін құрастырған сылтаулары бұлар.

Үй жақтан шыңғырған дауыс шықты, бақырған Хайрие болатын. Одан соң Шевкет бақырды, бір-біріне бақырып-шақырысып жатыр. Зәрем ұшып кеткендіктен мен де бақырып, үйге қарай тұра жүгірдім.

Шевкет баспалдақтан асыға түсіп, аулаға атып шықты.

– Атам мұздай, – деп айғайлады, – Атам өліп қалыпты.

Бір-бірімізді құшақтадық. Оны құшағыма алдым, Хайрие әлі бақырып жатыр еді. Бұл айқай-шуды Қара да, Хасан естіген еді.

– Шеше, атамды өлтіріпті, – деді Шевкет осы жолы.

Мұны бәрі естіді. Хасан естіді ме екен? Шевкетті қапсыра құшақтадым. Абыржымастан оны артқа ертіп әкетіп, үйге кіргіздім. Баспалдақта Хайрие баланың қалай оянып, білдірместен қашып кеткенін сұрап жатыр еді.

– Шеше, сен бізді тастамайтының қайда? – деді Шевкет. Жылай бастады.

Есіл-дертім қақпаның арғы жағында тұрған Қарада еді. Бар ойы Хасанда болғандықтан Қара есікті жаба алмай тұр еді. Шевкетті бетінен сүйіп, қатты қысып, құшақтадым, мойнынан иіскедім, ентігін басып, көңілін тыныштандырдым да, Хайриенің құшағына бердім.

– Екеуің жоғарыға шыға беріңдер, Хайрие, – деп сыбырладым.

Олар жоғарыға көтеріліп кетті. Аула қақпасына қайтып келдім. Тұрған жерімнен, есіктің артынан Хасан мені көре алмайды деп ойлағам. Қарсы жақтағы қараңғы бақшадағы орнын ауыстырып жіберген бе, көшенің шетіндегі ағаштардың арасына кіріп кеткен

бе? Әйтеуір мені көріп, сөйлегенде тіке маған арнап үн қатып тұрған-ды.

Қараңғыда бет-жүзін көре алмаған біреумен әңгімелесу емес, ол мені, бізді айыптаған сайын, іс жүзінде оның айтқандарын құптағанымды, әкем үнемі маған ескертетіндей, кінәлі екенімді, қателік жасағанымды сезінгенім, әрі мұны айтып тұрған адамға ғашық болғанымды түсінгенім мені күйгелектендіре түсті. Жаратқан ием, маған жар бола гөр, жәрдем ет. Ғашық болу деген бостан-босқа азап тарту емес, саған жетудің бір жолы емес пе еді?

Менің Қарамен бірігіп әкемді өлтіргенімді айтты Хасан. Баланың айтқандарын естігенін, іс жүзінде барлық жайттың күндей ашық екенін, біздің ісіміздің тозаққа лайық күнә екенін айтты. Таңертең барлық оқиғаны қазыға барып айтып бермек екен. Мен кінәсіз болсам, қолым әкемнің қанымен былғанбаған болса, мені және балаларды үйіне кері алып кетіп, ағасы соғыстан келгенше бізге әкелік жасамақ екен. Егер мен кінәлі болсам, күйеуі соғыста жан алысып, жан берісіп жүргенде оны ұятсыздықпен тәрк еткен қатынның онсыз да тартар жазасы даяр еді. Біз бұл айтылғандарды шыдамдылықпен тыңдағанан кейін, ағаштардың арасында тыныштық орнады.

– Енді өз ықтиярыңмен, нағыз күйеуінің үйіне қайтсаң, – деді Хасан мүлдем өзгеше әдеппен. – Балаларды алып, ешкімнің көзіне түспестен тыныш қана үйге қайтып келсең, мен де осы жалған үйлену тойыңды, қитұрқылықтарыңды, бүгін осы жерде естіп-білгенімді, жасаған қылмыстарыңды – барлығын ұмытып, кешіремін. Жылдар бойы сенімен бірге сабырмен ағамның соғыстан оралуын күтеміз, Шекуре.

Бұл өзі мас па? Үнінде балалық бар, оның маған күйеуімнің көзінше айтқан ұсыныстары өз басына бәле болып жабысып, өмірін өксітуі мүмкін екендігін ойлап іштей алаңдап та қоямын.

– Түсіндің бе? – деді ағаштардың арасынан.

Қараңғыда оның нақты қайда тұрғанын таба алмадым. Бәрімізге, осынау күнәһар құлдарыңа жәрдем ет, Алла.

– Өйткені әкенді өлтірген адаммен бір шаңырақтың астында бірге өмір сүре алмайсың, Шекуре, мен мұны білемін.

Бір сәт әкемді ол өлтіруі мүмкін екендігі ойыма келді. Қазір бізді мазақ қылып тұр ол. Мына Хасан дегенің нағыз шайтанның өзі, бірақ кім біледі, қателесіп те тұрған шығармын.

– Тыңда, Хасан мырза, – деді Қара қараңғы тұсқа қарап, – қайын атам кісі қолынан өлді, рас ол. Оңбаған біреу өлтіріп кетіпті оны.

– Тойдан бұрын өлді ғой, солай ма? – деді Хасан. – Осы істеріңе, үйленуге, заңсыз ажырасу мен өтірік куәгерлерге, айла-амалдарыңа қарсы шыққаны үшін өлтірдіңдер оны. Қараны адам қатарына қосса қызын қазір емес, баяғыда, көп жыл бұрын берер еді ғой.

Маркұм күйеуіммен, бізбен көп жыл бойы бірге өмір сүргендіктен біздің өткен-кеткенімізді өте жақсы білетін. Ең жаманы, күйеуім екеуміздің үйде айтқан, ұмытып кеткен немесе қазір ұмыттым келген барлық нәрсені Хасан қызғаншақтықпен әлі күнге есінде сақтап жүр. Онымен, ағасымен бірге өткізген талай естеліктеріміз бар, Хасан қазір соларды айта бастаса мен Қараның маған қаншалықты жат, жаңа әрі алыс екенін сезінермін деп қорықтым.

– Оны сен өлтірді деген күмәніміз бар, – деді Қара.

– Сендер оны үйлену үшін өлтірдіңдер. Бұл ашық нәрсе. Менің оны өлтіруге ешқандай себебім жоқ.

– Бізді үйленбесін деп өлтірдің оны, – деді Қара, – Шекуренің ажырасуына және біздің үйленуімізге рұқсат еткенін естігенде есіңнен адастың. Онсыз да Шекурені төркініне қайтып келуге жігерлендіргендіктен Жезде мырзаға ыза болып жүрген едің. Одан өш алғың келді. Ол тірі тұрғанда Шекуреге ешқашан қолың жетпейтінін білетін едің.

– Бос сөзді қой, – деді Хасан батылдықпен, – бұл айтқандарыңды тыңдамаймын. Бұл жер өте суық екен. Тас лақтырып сендердің назарларыңды аударғанға дейін де біраз тоңып кеттім. Менің тастарымның дыбысын естімедіңдер.

– Қара іште әкемнің суреттерін қарап отыр еді, – дедім мен.

Мұны айту арқылы қате іс жасадым ба?

Тура менің Қарамен сөйлесіп тұрғанда кейде байқамай қолданатынымдай жасанды мінезбен сөйледі Хасан:

– Шекуре ханым, сен ағамның әйелі ретінде балаларыңды ертіп, әлі күнге шариғат тұрғысында түрмыста саналатын қаһарман жауынгердің үйіне дәл қазір қайтсаң, тамаша іс қылған болар едің.

– Жоқ, – дедім түн ішінде міңгірлеп, – жоқ, Хасан, жоқ!

– Олай болса, ағамның алдындағы міндеттерім бойынша бүгін осында естігендерімді ертең қазыға айтып баруға мәжбүр боламын. Олай жасамасам, кейін менен сұралады.

– Онсыз да сенің жағаңа жармасады, – деді Қара, – сен қазыға кеткенде мен де Падишамыздың сүйікті

құлы Жезде Ефендіні сенің өлтіргеніңді айтамын. Бүгін таңертең.

– Жақсы, – деді Хасан, – айта бер.

Шыңғырып жібердім.

– Екеуіңді де азаптайды! – деп бақырдым, – Қазыға бармаңдар. Күтіңдер. Бәрі белгілі болады.

– Азаптан қорықпаймын, – деді Хасан, – екі рет азаптаған мені, әр жолы қылмыскер мен бейкүнә адамның тек азаптау арқылы ғана ажыратылатынын көрдім. Азаптан жала жапқыштар қорықсын. Мен қазыға, янычары сардарына, шейх-уль-исламға, жұрттың бәріне байғұс Жезде мырзаның кітабы мен суреттерін айтып беремін. Онсыз да жұрттың бәрі қазір сол суреттер туралы айтып жүр. Ол суреттерде не бар соншама?

– Ештеңе жоқ, – деді Қара.

– Демек, дереу көріп алғансың ғой.

– Жезде мырза кітапты менің аяқтауыма тапсырған.

– Жақсы. Иншалла, бізді бірге азаптайды онда.

Екеуі де үндеген жоқ. Сәл кейінірек иен бақшадан адамның аяқ дыбысы естілді. Кетіп бара ма, жоқ әлде бізге қарай келе жатыр ма, оны көре де, не істегенін түсіне де алмадық. Бақшаның келесі басындағы тікен, бұта, ошаған арасынан көзге түртсе көргісіз қараңғыда өтудің өзі оңай шаруа емес еді. Ағаштардың арасымен алдымыздан өтсе де, бізге көрінбей ғайып болар еді, алайда бізге қарай жүрген аяқ дыбысы естілмеді. Бір кезде: «Хасан!» – деп айғайладым. Алайда жауап болмады.

– Тыныш! – деді Қара.

Екеуміз де суықтан дірілдеп тұрған едік. Көп күтпестен есікті ныңғарлап жауып, үйге кірдік. Балалар жылытып қойған төсекке кірерден бұрын әкеме тағы бір мәрте қарадым. Қара болса суреттерді қарауға кірісті.

35. Мен – атпын

Менің қазіргі бақытты әрі тыныш тұрғаныма қарамаңдар, іс жүзінде ғасырлар бойы шауып келемін. Қырлардан, далалардан өтіп, майдандарға кіріп, шахтардың мұңлы қыздарын тасып, тұрмысқа беріп, хикаядан тарихқа, тарихтан әпсанаға, кітаптан-кітапқа, беттенбетке қарай шауып жүрмін. Соншама хикаяның, ертегінің, кітаптар мен соғыстардың ішінде жүріп, тізесі бүгілмеген ерлердің, аңызға айналған ғашықтардың, түсте көргеніндей болған самсаған қолдарға серік болдым, музаффар падишаларымызбен бірге жорықтан жорыққа аттанғаным үшін әлбетте менің суретін өте көп салынды.

Суретің осыншама мол салынса қандай сезімде боласың?

Әрине, мақтанамын, бірақ суреті салынған ат менмін бе деп үнемі өз-өзіме сауал қоямын. Бұл суреттерден байқалатындай, әркімнің жадындағы менің суретім әртүрлі. Дегенмен суреттердің ортақ ерекшелігі, бірлігі болатынын нақты сезінемін.

Ертеректе, нақышкер достардың хикая қылып айтқанынан мына бір жайды ұққанмын. Франк кәпірлерінің королі Венеция дожының қызына үйленгісі келіпті. Үйленер, алайда венециялық дож кедей, қызы көріксіз болса ше? Ең шебер нақышкерін шақырып: «Бар да Венеция дожының қызының, мал-мүлкінің, дүниесінің суретін салып кел», – деп жұмсапты. Венециялықтар ұят-аятты, күпиялық сақтауды білмейді, қыздарын ғана емес, биелерін, сарайларын да көрсетіпті. Өнерпаз суретші сол қыздың, биенің суретін тамаша

салғаны сонша, көрсең танисың, тірі екен деп қаласың. Франк королі үйленейін бе, жоқ па, не істейін деп Венециядан келген суреттерді сарай ауласында тамашалап тұрғанда, суреттегі биені көріп, есі кеткен корольдің айғыры қозып суретке артыла кетіпті. Қасасымен суреттерді бүлдіріп тастаған айғырды атбегілер зорға сабасына түсіріп, алып кеткен екен.

Содан жұрт былай деседі: «Шын мәнінде франк айғырын қоздырған нәрсе венециялық биенің әдемілігі емес (әрине, ол да әдемі), ұрғашы жылқыны мысалға алғандықтан, ол суреттегі заттың тура қысыр бие тәрізді салынғанында. Шынайылығында. Енді сол бие тәрізді, тура тірі биенің суретінде болып салыну күнә ма? Қазір өздерің көріп отырғандай өзге ат суреттерінен айырмашылығым аз менің».

Шын мәнінде белімнің әдемілігінде, аяқтарымның ұзындығына, болмысымның сымбаттылығында. Маңғаздығыма назар аударғандар менің өзгелерден бөлек екенімді байқайды. Алайда бұл сұлулық менің бір ат ретінде өзгеше болмысымды емес, мені сызған нақышкердің өнеріндегі ерекшелікті көрсетеді. Бәрің білесіңдер, тура мен сияқты, менен айнымайтын ат жоқ іс жүзінде. Мен тек нақышкердің қиялындағы аттың бейнесімін.

«Пах, шіркін, неткен әдемі ат бұл!» – дейді мені көргендер. Мені емес, асылында нақышкерді мақтайды. Олай болса барлық аттар бір-біріне өзгеше болады, ал оны елден бұрын нақышкер байқауы тиіс.

Келіңдер де көріңдер, ешбір айғырдың қасасы өзгенікіне ұқсамайды. Қорықпаңдар, жақыннан қарандаршы, тіпті ұстап көріңдерші. Менің мүшем де өзіме сәйкескен, өзі иірім-қатпарлары бар қаса.

Барлық жылқы баласы, әрқайсымыз Ұлы суретші, Ұлы мусауыр Алланың қолынан бір-біріміздан өзгеше, бөлек-бөлек болып шыққақ, нақышкерлер неге бізді жатқа сызады? Неге бізге еш қарамастан, мыңдаған, он мыңдаған аттың суретін салғандары үшін мақтанады олар? Өйткені олар өз көздерімен көргісі келген әлемнің емес, Алланың көргеніндей дүниенің суретін салғылары келеді, мәселенің бәрі осында жатыр. Аллаға серік қосу дегенің (Құдай сақтасын), оның жасағандарын мен де жасай аламын деген пікір емес пе еді? Өз көздерімен көргенге тоқтамай, қиялдарындағы сол бір атты (бұл енді Алланың көрген аты деп), мыңдаған мәрте суретін салғандар, ең жақсы атты жатқа тек соқыр нақышкерлер ғана сыза алады дегенді айтып жүргендер шын мәнінде Алламен жарысып, дінсіздік жасап жүрген жоқ па осы?

Франк шеберлерінің жаңа сурет стильдері дінсіздік емес, керісінше дінімізбен сәйкесетін нәрсе. Ерзұрымдық бауырларым мені қате түсініп қалмасын. Мен кәпір франктардың әйелдерге ешбір тыйым салмастан, көптің арасында жартылай жалаңаш жүргізуін, кофе мен сымбатты бозбалалардың дәмін түсінбеулерін, еркектерінің сақал-мұртсыз кезіп, керісінше шаштарын қатындардікіндей етіп өсіріп алғандарын, хазіреті Исаны құдай дегендерін жақтырмаймын. Тіпті оларға қатты ашуланамын, біреуі жаныма келсе, қос аяқпен жасқап, бір тепсем деймін.

Бірақ ешқашан соғысқа шықпай, үйлерінде қатын сияқты отыратын нақышкерлерге қате көрсетілуден де жалықтым. Шауып келе жатқанымда екі аяғымды бір мезгілде алға созылғандай етіп салады суретімді. Ешбір ат олай, қоян сияқты шаппайды. Алдыңғы

аяқтарының бірі алда болса, келесісі артта. Ешбір ат жорық суреттерінде көрсетілгендей алдыңғы аяғының бірі толығымен жерде тұрғанда, келесісін бірденеге қызыққан ит сияқты алға созып, көтере алмайды. Бір-бірінің көлеңкесіндей етіліп, бір қалыптан шығарылып, бірінің артына бірі тізіле жиырма мәрте салынған суреттердегідей ешбір атты әскер жасағындағы жылқылар бір мезгілді бәрі бір аяқтарын қозғамайды. Ешкім бізге қарамаса, алдымыздағы көк шөпті құмарлана жейміз, суреттердегідей ешқашан кеудемізді тік ұстап жеңісті күтпейміз. Неге ішіп-жеуімізден, дәрет сындыруымыз бен ұйықтауымыздан осыншама ұялады жұрт? Неге менің қатпар-қатпар қасамның суретін салуға қорқады? Оған әсіресе балалар мен әйелдер, ешкім жоқта құмардан шыға қарар еді ғой, зияны неде? Ерзұрымдық Хожа бұған да қарсы ма?

Тағы бір әңгіме айтады. Баяғыда Ширазда секемшіл, күдікшіл бір шах болыпты. Жаулары өзін тақтан тайдырып, орнына баласын әмірші қыларынан қорқып, шахзадасын Исфаханға жібермей, сарайындағы ең алыс, түпкірдегі бөлмеге қаматып тастапты. Аулаға шықпаған, бақшаны көрмеген, тек бөлмеде отыз бір жыл қамалып, тұткын болған, кітапты ғана серік еткен шахзада ажалы жетіп, әкесі өлген соң таққа отырған бетте: «Маған тез арада бір ат әкеліндер, кітаптардан тек суретін ғана көрдім, ол өзі қандай нәрсе, қызығып жүрмін», – депті. Сарайдың ең сымбатты атын әкеліпті қызметшілер. Жаңа шах аттың мұржадай болған танауының тесіктері, сасыған күйрығы, суреттердегідей жарқырамайтын, қарапайым ғана түгі, қораштау сауыры бар екенін көріп, көңілі құлазып, елдегі барлық жылқыны өлтірткізіпті. Қырық күнге созылған қасап-

тан кейін елдегі өзендер мен бұлақтар қайғыдан hом қаннан қып-қызыл болған екен. Алланың әділетімен, осы жаңа шах Қарақойлы Түркімен Бейдің қолымен соғысқанда, атты әскерсіз қалғаны үшін жеңіліп, өзі паршаланып өлтірілген екен. Ешкім кітаптарда айтылғандай аттардың қаны жерде қалды, сұраусыз болды-ау деп мұңаймасын.

36. Менің атым Қара

Шекуре балаларымен бірге бөлмесіне кіргеннен кейін, ұзақ уақыт үйдің ішіндегі дыбыстарға, бітіп болмайтын тықырларға құлақ түрдім. Бір сәтте Шекуре мен Шевкет сыбырласып бірдеңелер айта бастады да, «тсс» деп оны шешесі тыныштандыра қойды. Сол сәтте құдық жақтағы кіреберістен бір тықыр естідім, алайда ол ұзаққа созылмады. Содан соң назарымды шатырға қонған шағалаға аудардым, бірақ ол да тыныштала қалды. Тағы бірде ыңырсып жылаған дауыс естідім, дәліздің келесі жағынан естіліп еді ол дыбыс, бірден түсіндім, Хайрие түсінде жылап жатыр екен. Жылағаны жөтелге ұласты, жөтелі бірден тоқтай қалды да, тағы да сол еңсені басқан тыныштық орнады. Біраздан соң Жездем жатқан бөлмеде біреу жүргендей сезілді, қорқып кеттім.

Осы тыныштық кезінде алдымда жатқан суреттерге қарап, ынтызар Зәйтүннің, сұлу көзді Кобелектің, марқұм музәххибтің осыларға қалай бояу жаққанын елестеттім. Талай түндерде Жездемнің жасағанындай «шайтан!», «өлім!» дегім де келді іштей, алайда мені

бір қорқыныш тежеп тұрған-ды. Жездемнің талап еткеніне қарамастан, осы суреттерге сәйкесетін хикаяны жаза алмағаным үшін мына картиналар онсыз да менің қитығыма әбден тиген болатын. Жездемнің ажалы осыларға тікелей байланысты екені күмәнсіз шындық ретінде санама бірте-бірте орныққандықтан бір қорқынышым, бір сабырсыздығым бар еді. Тек Шекуреге жақын жүрейін деп Жездемнің хикаяларын тыңдаған кезімде осы суреттерге онсыз да көзім тойғанша қарағам. Қазір, Шекуре менің әйелім болғанда осынау әдеттен тыс нәрселерге неге назар аударуым керек?! «Балалар ұйықтағаннан кейін де Шекуре төсегінен тұрып, сенің қасына келмегендіктен», – деді ішімдегі ащы бір үн. Жанары мөлдіреген сұлуым маған келер деп май шамның жарығында суреттерге қарай-қарай ұзақ уақыт сабырмен күттім.

Таңертең Хайриенің ойбайынан оянып кеттім, шырағданды ала сала дәлізге қарай тұра жүгірдім. Бір сәт Хасан мен ол жинап әкелген адамдар үйге басып кірген шығар деп ойлағам, суреттерді де жасырып тастағым келген-ді. Алайда көп кешікпей-ақ, Жезде мырзаның өлімін балаларға, көрші-қолаңға естірту үшін Хайриенің Шекуренің бұйрығымен бақырғанын түсіндім.

Шекуремен дәлізде кездесіп, бір-бірімізді құшақтай кеттік. Хайриенің ойбайымен төсектерінен атып тұрған балалар да абыржып қалды.

– Аталарың қайтыс болды, – деді Шекуре оларға. – Ол бөлмеге кірмеңдер.

Құшағымнан босап, әкесінің қасына барып жылай бастады.

Мен балаларды өз бөлмелеріне кіргіздім.

– Киімдерінді ауыстырыңдар, тоңасыңдар, – дедім. Төсектің шетіне отырдым.

– Атам таңертең емес, түнде өлген, – деді Шевкет.

Жастықтың үстіне Шекуренің ұзын шашының бір талы түсіп, «уау» әрпін сызыпты. Көрпенің ішінде әлі Шекуренің жылуы бар еді. Сол сәтте Хайриемен бірге оның да жылағанын, шыңғырғанын естіп отыр едік. Әкесі күтпеген жерден жантәсілім еткендей өксік ата жылауы мені таң қалдырды әрі жасанды көрінді. Шекуремді ешқашан танымағанымды, ішінде маған жат бір жын жатқанын сезіндім.

– Қорқамын, – деді Орхан. Жылағысы келіп отыр оның.

– Қорықпаңдар, – дедім, – шешелерің көрші-қоңаңға аталарыңның қайтыс болғанын естірту үшін, олар келсін деп жылап отыр.

– Олар келсе не болады? – деді Шевкет.

– Келсе аталарың өлді деп тек біз емес, олар да қайғырып жылайды. Осылайша қайғымызды бөліседі, жеңілдейміз.

– Атамды сен өлтірдің бе? – деп бақырды Шевкет.

– Шешелеріңді ренжітсеңдер, мен сендерді жақсы көрмейін, – деп мен де айғайладым.

Өгей әке мен жетім бала сияқты емес, күркіреген өзеннің жағасында сөйлесіп тұрған екі кісідей айғайласып отыр едік. Сол кезде жылап-еңіреген махаллаға жақсы естілсін деп Шекуре дәлізге шығып, терезенің тақтай қақпағын ашуға тырысып жатқан болатын.

Көрермен болып отыра алмасымды сезіп, бөлмеден шықтым. Коридордың терезесіне бірге жармасып, тақтайын итердік. Соңғы итергенімізде ысырма ашылды да, аулаға құлап түсті. Жүзімізге күннің сәуле-

сімен қатар суық леп те бірден ұрды, сәл абдырап қалдық. Шекуре дүниеге үн қатқандай бақырып жылай бастады.

Біздің айқай-шуымыз арқылы тұтас махаллаға белгілі болған Жезде мырзаның өлімі менің назарымда осы күнге дейін сезінген ең сұрапыл, ең қасіретті қайғыға айналып шыға келді. Мейлі шынайы, мейлі жасанды болса да, әйелімнің жылағанына егілдім. Мен де күтпеген жерден жылай бастадым. Шынымен қайғыдан жыладым ба, жоқ әлде Жездемнің өліміне қатысы бар адам ретінде жауапқа тартылудан қорыққанымнан жыладым ба, білмеймін.

– Әкем-ау, әкетайым-ау, сен де кеттің бе?! – деп бақырып тұр еді Шекуре.

Менің де өксігім мен сөздерім осындай ырғақта еді, бірақ дәл не дегенімді өзім де білмеймін. Сол кезде үйлерінен, есіктерінің саңылауынан, терезеден біздің бақылап тұрған махалла жұртының көзімен өзімді көріп, жасаған ісімді дұрыс деп ойладым. Жылаған сайын қайғымның және көз жасымның шынайылығына қатысты өз шүбәмнан, қылмысқа байланысты айыпталамын-ау деген күдіктен, тіпті Хасан мен жақтастарынан қорқудан да арыла бастадым.

Шекуре менікі еді, бақырып, көз жасыммен оны күттықтап тұрғандаймын. Шыңғырып жылап тұрған әйелімді өзіме қарай тарттым, балалардың жылапеніреп біздің қасымызға қарай келе жатқанына қарамастан, бетінен сүйдім. Жұп-жұмсақ әрі жылы төсегі сияқты бетінің де бала күніміздегі бадам ағаштары сияқты иісі бар екенін жылап тұрсам да сезіп қойдым.

Содан соң балаларды ертіп мүрденің қасына бардық. Әбден иістенген, екі күндік мүрде емес, ақтық

демі енді ғана шығып бара жатқан адамша мен «Лә илаһа иллалаһ» деп, өлмей тұрып қайталасын, соңғы сөзі осы болғаны үшін жұмаққа кірсін дедім. Жездем де солай жасағандай болды және мылжа-мылжасы шыққан бетіне, паршаланған басына қарап күлімсіредік. Сонымен бірге мен қолымды жайып «Ясин» сүресін оқыдым. Бәрі үн-түнсіз тыңдады. Шекуре әкелген таза дәкемен Жездемнің ашық қалған аузын байыппен, әдемілеп байладық, ашылып қалған көзін жаптық, денесін оң бүйіріне қисайтып жатқыздық, әрі жоқ болып кеткен бетін құбыла жаққа бұрдық. Шекуре әкесінің үстіне таза мата жапты.

Осының бәрін балалардың мұқият бақылап тұруы, жылап-сықтаудан кейінгі үнсіздік маған ұнады. Ең соңында өзімді шынымен де әйелі, балалары, өз ошағы, үйі бар адам ретінде сезіндім және бұл сезім осынау өлім қорқынышынан да мығым ойлар еді.

Суреттерді жинадым, былғарыдан жасалған қағаз салатын қапшығымды алып, қалың киімімді кидім де, жүгіре басып үйден шықтым. Біздің үйден шыққан шуды естіп, қайғыға ортақтасудың ләззатын сезіну үшін келе жатқан көрші атай мен әжейді, көңілді бірдеңе естігендей мәз-мейрам кейіптегі немересін көрмеген болып, махалла мешітіне тіке тарттым.

Имамның «үй» деп жүрген лашығы жаңадан салынған, еңселі һәм әсем мешіттегі сияқты үлкен күмбезді, салтанатты, ауласы кең құрылыстың қасында ұялатындай кішкентай, тышқанның ініндей бірдеңе еді. Имам да соңғы кезде жиі байқайтынымдай, әлгі кішкентай тышқан ініндей жерді емес, тұтас мешітті үй қылып алыпты. Ауладағы екі талшынның арасына қатынының кір жайып қойғанына да мән бермепті.

Ауланы имамның отбасымен бірге иеленіп алған екі қаңғыбас итті қуалап, тас пен таяқтың астына алып жүрген балалардың қасынан ұзап, имам екеуміз оңашаландық.

Кешегі ажырасу мәселесі мен оған қиғызбағанымыз үшін іштей зығырданы қайнағанына көзім әбден жеткен некеден кейін «Тыныштық па, тағы не болды?!» – деген сауалды көрдім жүзінен.

– Жезде мырза бүгін таңертең қайтыс болды.

– Алла алдынан жарылқасын, иманы жолдас, мекені жәннат болсын! – деді ізгілік танытып. «Бүгін таңертең» дегенді сөзіме неге қостым, енді өзімді бостан-босқа күмәнді адамдардың қатарына қосардай не көрінді маған? Кеше оған берген алтыннан тағы біреуін қолына ұстата қойдым. Азаннан бұрын салауат айтып, інісін хабаршы етіп қайтыс болған адам туралы тұтас махалалға естіртуі керектігін айттым.

– Інімнің жартылай соқыр жолдасы бар, ол екеуміз мәйіітті жақсы жуындырамыз, – деді.

Жезде мырзаны соқыр мен жартылай есаланға жуындыртудан қолайлы не бар біз үшін? Жаназасының түсте шығарылатынын, сарайда нақышханадан, медреселерден, жоғары жақтан қалың топ келетінін айттым. Жездемнің бетінің, басының быт-шыт болғанын білдіретін ештеңе айтқам жоқ. Өйткені мәселені тек Сарай төңірегінде ғана шешуге әу баста бел байлаған едім.

Падишамыз Жездеме даярлатып жатқан кітаптың ақшасын бақылауды Бас қазынашыға тапсырғандықтан, өлім хабарын алдымен сол кісіге айтуым керек еді. Осы мақсатпен сарайға кіру үшін, Согукчешме қақпасының қарсы бетіндегі тігін шеберханасында со-

нау балалық шағымнан бері жұмыс істеп келе жатқан әрі марқұм әкем жағынан туыс болып келетін жиһаз қаптаушыға жолығып, қолын сүйдім. Бас қазынашыға жолығуым керек екендігін жалбарына айтып, түсіндірдім. Алдарындағы түрлі түсті жібек маталардан перде тігіп отырған тақыр бас шәкірттер арасында мені біраз күттіргеннен кейін, бірденелерді есептеп, өлшемін алу үшін Сарайға кіретін шеберхана бастығының көмекшісіне ертіп, қоя берді. Алай Мейданы алаңына Согукчешме қақпасынан шыққан соң Аясофияның қарсы бетіндегі нақышхана ғимаратының қасынан өтіп, өзге нақышкерлерге қылмысты естіртуден құтылып кеттім.

Алай Мейданы маған әдеттегідей қаншалықты бос болса, соншалықты айқай-шуға толы болып көрінді. Диуан[1] кеңесі өтетін күндерде арыз-шағым айтушылар жиналып, ұзын-сонар кезекке тұратын Кағыт Емини есігінде де, қоймалар маңында да ешкім жоқ еді. Алайда соған қарамастан ағаш шеберханасынан, наубайханадан, сырқаттар бөлмесінің терезелерінен, ат қоралардан, өз басым таң-тамаша болып құлақты мұнараларына қараған екінші есіктің алдындағы аттар мен атбегілерден, сауырағаштардан үнемі бір ызыңдаған дыбыс еститін сияқтымын. Осынау алағызудың орнын өмірімде алғаш рет екінші қақпадан, Бабусселамнан өткен сәттегі қорқынышқа бердім.

Есікке келгенде үнемі жендеттер даяр тұрады делінетін бұрышқа көз салып та үлгермедім, жол бастаушы тігіншіге көмектескен сыңайда болайын деп қолыма алған төсеніштік мата бумасынан бойымдағы дірілімді жасыра да алмадым.

---

[1]*Диуан* – жоғары лауазымды мемлекеттік тұлғалар қатысатын мәжіліс, сарай төнірегі.

Диуан Мейданы алаңына кірген бетте айналаға тыныштық орнады, жүрегімнің аттай тулағанын маңдайымдағы, мойнымдағы тамырлардан-ақ естіп тұрдым. Сарайға кіріп-шыққандардан, Жездемнің анықтап айтып бергенін талай мәрте естіген жерім қазір жұмақ сияқты көздің жауын алып, жасыл желекке оранған, таңғажайып бақша ретінде алдымда тұр еді. Алайда бойымды жұмаққа кірген кісінің қуанышы емес, қорқыныш пен мойынсұну билеп, жаһанның тірегі екендігіне көзім анық жеткен Падишамыздың қарапайым ғана құлы екенімді сезінген едім. Жасыл желектің ішінде жүрген тауыс құстарына, сылдырлап ағып тұрған фонтандарға бекітілген шүмектерге шынжырмен байланған алтын кеселерге, жібек киім киініп, аяқтары жерге тимей, сәл ғана қалқып жүргендей сезілетін Диуан сарбаздарына таңдана қарап тұрғанымда, Әміршіге қызмет етудің ерекше сезімін басымнан кешірдім. Аяқталмай қалған суреттерін, қолтығыма қыстырып алған Падишамыздың құпия кітабын міндетті түрде бітіремін. Осындай жақыннан көргенде таңданыс емес қорқыныш тудыратын Диуан мұнарасынан көздерімді айырмай, алдымдағы тігіншіге ілесіп келемін.

Бізге ілескен есік қызметкерімен бірге Диуанхана мен Қазына ғимаратының жанынан түс көргендей болып, сескене әрі дыбыс шығармастан өттік. Осы жерді бұрын да көргендей сезім пайда болды менде.

Бұрынғы Диуан бөлмесі делінетін жерге кең қақпа арқылы кірдік. Үлкен күмбездің астында, қолдарында маталар, терілер, қылыштың күміспен көмкерілген қындарын, седеп сандықтан ұстап, күтіп тұрған шеберлерді көрдім. Бұлардың Падишамыздың өнер-

паз қызметшілер тобынан кестеші, етікші, күміс зергері мен барқыт тоқушы, піл сүйегін өңдейтін шебер мен қолдарына ұд ұстаған музыканттар екенін бірден ұқтым. Күнделікті есеп-қисап жасау, керек-жарақты түгендеу, кіруге тыйым салынған Ендерунға өлшем алу үшін кіру сияқты мәселелермен Бас қазынашының бөлмесінің есігінде тұр еді бәрі. Күтіп тұрғандардың арасында ешбір нақышкердің болмағанына қуандым.

Бір бұрышқа барып, күттік. Бірде анда-санда есеп-қисаптағы қателіктер болса, бір сөзді қайталатып жатқан қазына есепшісінің дауысы естіледі, одан соң қоймашының оған сыйластықпен жауап бергенін де құлағымыз шалады. Дыбыстар сыбырлаудан көп аса қоймайды, аулада ұшып-қонып жүрген көгершіндердің күмбездің ішіндегі құрқылдаған, тықырлатқан дыбыстары біздің, қолөнершілердің ақша мен материал сұраған өтініштерімізден де қатты естіледі.

Кезек маған келіп, бас қазынашының күмбезді, шағын бөлмесіне кіргенімде, ол жерден тек хатшыны ғана көрдім. Дереу бас қазынашыға айтар маңызды мәселе бар екенін, Падишамыз тапсырыс берген әрі қамқорлығына алған бір кітаптың аяқталмай қалғанын айттым. Үні кенезесінен шығып отырған қазына хатшысы бірденені сезіп, елең ете қалды, мен болсам оған Жездемнің кітабының суреттерін көрсеттім. Суреттердің тым өзгеше, әдеттегідей емес ерекшелігінен ойы сан-саққа жүгіргенін көрген соң, Жездемнің атын, лақабын, қызметін айттым, бұл суреттердің кесірінен ажал құшқанын да қосып қойдым. Барлығын тез-тез айтып жатырмын. Өйткені Падишамызға жете алмай, Сарайдан кері қайтсам, Жездемді мен өлтірді дейтіндер табылатынын жақсы білетін едім.

Хатшы Бас қазынашыға хабар айтуға кеткеннен соң маңдайымнан суық тер бұрқ ете түсті. Падишамыздың қасынан бір елі қалмайтынын, кейде намаздарда жайнамазын жайып беретінін, кейде оның сырласы болатынын Жездем үнемі айтып отыратын Бас қазынашы мен үшін Ендеруннан шыға ма? Сарайдың жүрегі Ендерунға бір хабаршының жіберілгеніне де сенгім келмей тұрды. Падиша хазірет қайда екен, жағалаудағы сарайларының біреуіне кетіп қалмады ма? Гаремде ме, Бас қазынашы онымен бірге жүр ме?

Біраздан кейін мені ішке шақырды, бір сәт өзімді еркін сезіндім де, қорқа қойған жоқпын. Алайда бөлменің есігіндегі барқыт шеберінің жүзіндегі құрмет пен таңданысты көргенде алабұртып кеттім. Ішке кіргенімде бір сәт қорқып та кеттім, тіпті ештеңе айта алмайтын шығармын деп ойладым. Басында тек осы кісі мен уәзірлер киетін жібі бар бөрік бар еді, Бас қазынашы – осы кісі. Хатшының менен алған суреттерді бір күрсіге қойып, қарап отыр еді. Ол суреттерді мен салғандай қорқып кеттім. Етегінен сүйдім.

– Балам, – деді, – қате естіген жоқпын ба? Жезде қайтыс болды ма?

Мазасызданып кеттім, кінәлі сезінуден бе, әйтеуір жауап бере алмадым. Тек басымды шұлғыдым. Сол сәтте менде күтпеген жағдай болды. Көзімнен бір тамшы жас ыршып кетті де, Бас қазынашының таңданған көзқарасына қарамастан бетімнен төмен қарай аға жөнелді. Сарайға кіру, Бас қазынашының сонау Падишаның қасынан менімен сөйлесуге келуі, Падишамызға осыншама жақын келу, осының бәрі мені өзгеше бір күйге бөледі ме, білмеймін, көздерімнен жас саулап тұр еді, енді одан ұялған да жоқпын.

– Балам, қалағаныңша жылап ал, – деді Бас қазынашы. Өксіп-өксіп жыладым. Осы он екі жыл бойы өзімнің кемелденгенімді, ер жетіп, орта жасқа келгенімді ойлап жүріппін. Бірақ адам Падишасына, елінің жүрегіне осыншама жақын келгенде бала екенін түсінеді бірден. Жылағанымды сырттағы зергерлердің, тігіншілердің естігеніне де мән берген жоқпын. Бас қазынашыға барлық оқиғаны айтып беретінімді өзім де түсіндім ақыры.

Осылайша ішімдегіні айтып бердім оған. Бас қазынашының көз алдында Шекуремен үйленуімнің, Жезденің кітабының қиындықтарын, алдымызда жатқан суреттердің сырларын, Хасанның қорқытып-үркітуін, өзімді әлем әміршісі Падишамыздың шексіз әділдігі мен шапағатына қалдырсам, құрылған түзақтан құтылатынымды тұла бойыммен сезінгенім үшін бәрін айтып бердім. Мені түсініп, азаптаушыларына, жендеттеріне тапсырмастан хикаямды жаһанның тірегі Падишамызға тура жеткізе ме?

– Жезде мырзаның қайтыс болғанын дереу нақышханаға естіртіңдер, – деді Бас қазынашы. – Жаназасына барлық нақышкерлер қатыссын!

Бұған менің қарсылығым бар ма, жоқ па дегендей бетіме қарады. Осылайша назар аударуы маған жігер берді де Жездемді, музәххиб Зариф Ефендіні кім, не үшін өлтіруі мүмкін, осы мәселе жөніндегі шүбәларымды айттым. Уағызшы ерзұрымдық адамдарды, олардың музыка ойнап, би билейді деп тәккелерге шабуылдап жүргенін тұспалдадым. Бас қазынашының күдікпен қарағанын көргеннен кейін өзге күмәндарымды да бөліскім келді. Жезде мырзаның кітабы үшін сурет пен нақыш жасауға шақырылу, ақшасы жағынан да,

мәртебесі жағынан да нақышкерлер бөлімінің шеберлері арасында бәсекеге, іштарлыққа жол ашуы мүмкін екенін айттым. Істің құпиялығының олардың арасында осынау жек көрушілікті, өшпенділікті, кекті, қулық-сұмдықты қоздыруы мүмкін екенін де сөз еттім. Алайда бұларды айтқан сайын, дәл қазір сендер де сезіп отырғандай, Бас қазынашының менен де күмәндана бастағанын сездім. Жаппар ием, бәрі белгілі болсыншы өзі, ұсталсыншы бәрі, өзге тілегім жоқ менің.

Тыныштық орнады. Бас қазынашы сөздерім мен тағдырым үшін менің өзімнен ұялып отырғандай сынай танытып, назарын басқа жаққа аударып, күрсідегі суреттерге қарады.

– Бұлар тоғыз дана екен, – деді, – ал Жездемен он суреттік бір кітап үшін келісілген еді. Бізден осы суреттерге пайдаланғанынан әлдеқайда көп алтын жіп, алтын парақ алып еді.

– Әлгі имансыз қанішер, үйдегі, алтын суы ең көп жағылған соңғы суретті алып кеткен сияқты, – дедім.

– Хуснихатшы кім, біле алмадық қой.

– Марқұм Жездем кітаптың мәтінін бітірмеген еді. Аяқтау үшін менен жәрдем сұраған.

– Жігітім, сен Істамбулға енді ғана оралдым дейсің.

– Бір апта бұрын. Зариф Ефенді өлтірілгеннен үш күн өткен соң келдім Істамбулға.

– Сонда Жезде мырза жазылмаған кітаптың суретін бір жыл бойы салғызған ба?

– Иә.

– Осы кітаптың айтпақ болған дүниесін саған түсіндіріп пе еді?

– Падишамыздың тілегі екенін айтқан. Пайғамбарымыздың хижра жасауынан тура мың жыл өткенде,

Исламның алғашқы күнтізбесінің мыңыншы жылын көрсеткенде Венеция дожының назарына Исламның қылышы мен Али Османиенің[1] күш-құдіреті мен байлығын, көніліне қорқыныш ұялатуы тиіс бұл кітап. Біздің әлеміміздің ең қымбат, ең бағалы, ажырамас дүниелерін хикая етіп, суреті салынады бұл кітапта, тура фирасетнамалардағы[2] сияқты Падишамыздың суреті кітаптың жүрегінен орын алады. Франк шеберлерінің стильдерін де пайдаланатындықтан, венециялық дож мұны көрген бетте таң қалып, дос болғысы келеді.

– Мұның бәрін білемін, бірақ Али Османиенің ең қадірлі, ажырамас нәрселері мына иттер мен ағаштар ма? – деді суреттерді көрсетіп.

– Марқұм Жездем кітаптың Падишамыздың байлығының өзін емес, рухани күшін және құпия мұны көрсететінін айтқан.

– Падишамыздың суреті қайда?

– Оны білмеймін. Имансыз қанішердің жасырып қойған жерінде, бәлкім үйінде шығар қазір.

Марқұм Жездем дәл қазір алған алтындарына лайық уәде еткен кітапты дайындай алмаған, керісінше Бас қазынашы құнсыз деп бағалаған бірнеше оғаш суреттер салдырған адамның деңгейіне түсіп отыр. Осынау олақ әрі сенімсіз адамның қызына үйлену үшін немесе өзге бір себеппен, мысалы, алтын жіптерді сату үшін өлтірген адам деп отыр ма мені Бас қазынашы? Көзқарасынан оның дәптерінен аты-жөнім сызылуға

---

[1]*Али Османие* – Осман империясының атауы, ертеректе түріктер бұл мемлекетті осылай да атаған.

[2]*Фирасетнама* – адамның ой-санасы, парасаты, болмысы туралы кітап, кифетнама фирасетнаманың бір бөлімі болып есептеледі.

шақ қалғанын аңғардым да, соңғы бір үмітпен, батылдықпен асығып-үсігіп сөйледім.

Маған Жездемнің байғұс Зариф Ефендіні жұмыс тапсырған шебер нақышкерлердің бірі өлтіруі мүмкін екенін айтқанын алға тарттым. Зәйтүн, Ләйлек пен Көбелектен Жездемнің қалай күмәнданғанын айттым, бірақ сөзді коп созбадым. Өйткені нақты дәлелім де, әрі өзіме деген сенімім жоқ еді. Бас қазынашының мені жалақор бір онбаған, өсекші бір есалаң ретінде бағалап отырғанын сезіндім.

Сол себепті Бас қазынашы Жездемнің өз ажалымен өлмегенін, нақышханадан жасыруымыз керектігін айтқанда, мұны менімен бірге бастаған ортақ істің алғашқы нышаны ретінде бағалап, қуандым. Суреттер Бас қазынашыда қалды. Жұмаққа кіргендей болып, көңілім толқыған Бабусселамнан күзетшілердің ықтиятты назарында сыртқа шыққанымда ұзақ жылдардан соң үйіне оралған кісідей өзімді жеңіл сезіндім, мойнымнан ауыр жүк түскендей болды.

37. Мен – Жезделеріңмін

Жаназам тура мен қалағандай тамаша болды. Келгенін тілегендерімнің барлығы келді, мақтандым. Өлген кезімде Ыстамбулда болған уәзірлердің ішінен кипрлік Хажы Хусейін паша, Топал Баки паша кезінде өздеріне адал қызмет жасағанымды естеріне алып, көпшілікке айтты. Мен ажал құшқан күнде жұлдызы жарқырап тұрған әрі көп сыналып жүрген дефтердар Қырмызы Мелек пашаның келуі махалламыз меші-

тінің ауласын абыр-сабыр қылды. Тірі болсам, маған тиесілі болуы да мүмкін лауазымды иеленген Чавуш-башы Мұстафа Ағаның келгенін көргенде тіптен қуандым. Хатшы Кемалеттин Ефенді, әрқайсысын жан жолдасым немесе дұшпаным болған Диуан қызметкерлері, күзетшілер, әдеттегідей күлімсіреп жүретін мінезін жоймаған Бас пошташы Серт Салим Ефенді мен мемлекеттік қызметтен, белсенділіктен ерте бас тартқан бұрынғы Диуан жұмысшылары, медреседе бірге оқыған достарым, өлімімді қайдан естігені белгісіз, бірақ жаназама келген өзгелер, туыстар, жегжаттар, жастар, қысқасы кәдімгідей сан қырлы, салмақты топ жиналды.

Жамағатпен, олардың мұн-қайғысымен, байсалдылығымен мақтандым іштей. Бас қазынашы Хазым Ағаның және Жасауыл басының келуі, Падиша хазіретінің менің өліміме байланысты қайғырғанын баршаға көрсетті. Бұл мені өлтірген қылмыскердің табылуы үшін мемлекеттің іске кірісетінін, жендеттердің білектерін сыбанғанын көрсете ме, ол жағын білмеймін. Алайда ол малғұнды қазір аулада, өзге нақышкерлер мен хұснихатшылардың арасында, өзінше байсалды һәм қайғырған кейіп танытып, табытыма қарап тұрған сәтінде көрдім.

Қанішерге кектеніп, өш алғым келетінін, тіпті арамзалықпен әрі қинап өлтіргеніне бола рухым мазасыз күйде деп ойламаңдар. Қазір мүлдем басқаша күйдемін әрі бұл дүниеде соншама азап тартқаннан кейін өзіне лайық орынжайын енді тапқан рухым қазір тыныш, құзырлы күйде.

Сиясауыт тигеннен кейін қан жоса болып қалған денемді рухым уақытша тәрк етіп, шұғыланың ішінде

біраз дірілдегеннен кейін, осынау жарықтың арасынан жүздері күндей жарқыраған екі сұлу әр күлімсіреген періште шығып, Китаб-ур Рухтан талай мәрте оқыганымдай, маған баяу жақындады да мені тек рух емес, денеммен бірге жүргендей қылып, қолымнан жетектеп көкке көтерді. Әлденені бір түсте көретініміздей, ешбір кедергісіз, еркін, қиналмастан, жанға жайлы кейіпте жылдам көріндік. Жалын ормандарынан өттік, сәуле дарияларынан астық, қараңғы теңіздерге, қар мен мұз басқан құзар шыңдарға жеттік. Бұлардың әрқайсысынан өту мыңдаған жылға созылатын сапар еді, бірақ бұл мерзім маған кірпік қаққандай жылдам болды.

Сан түрлі ауқымдардың, бізге таңсық мақұлықтардың, айтып түсіндірудің өзі қиынға соғар қоңыздар мен құрт-құмырсқалар, құстар толып жүрген нулы-дулы жерлер мен батпақтардың, бұлттардың арасынан, жеті қат көктен осылай өттік. Көктің әр қабатында алда кетіп бара жатқан періште қақпаны қағады. «Кім бұл?» – деген сауал қойғанда мені барлық түр-түсім мен сипатым арқылы таныстырады, содан соң: «Ұлық Алланың жақсы бір құлы!» – деп қосып қояды. Мен қуаныштан көз жасыма ерік беремін, бірақ жұмаққа баратындар мен тозақта жанатындардың бөлінетін кезі, қиямет күніне дейін бәлкім, әлі де мыңдаған жыл бар екенін білемін.

Өйткені аздаған ұсақ-түйек өзгешеліктері болмаса, барлық нәрсе өлім туралы жазылған еңбектерде Ғазалидің, әл-Джәузияның және өзге ғалымдардың айтқанындай өтіп жатыр. Кітаптарда әрқайсысы нақты жауабы жоқ, белгісіз мәселе не болмаса тек қана өлген адам ғана біле алатын қараңғы құпия ретінде қал-

дырылған бірқатар нәрселер қазір мыңдаған түрлі түсті сәулелер арқылы бірінен соң бірі ашылып, жарқырап келе жатыр.

Осынау тылсым сапар, жоғары көтерілу кезінде көрген таңғажайыптарды қалай түсіндірсем екен? Тұтас әлемнің түстерден жасалғанын, әр нәрсенің түс екенін көрдім. Мені өзге нәрселерден айырып тұрған құдіреттің де түстерден жасалғанын сезгенімдей, енді мені сүйіспеншілікпен құшағына алған, күллі дүниеге байлаған нәрсенің де түс екенін аңғардым, тәрәнжі өңіндегі аспанды көрдім, жапырақтың түсіндей жапжасыл, әдемі денелерді, қоңыр жұмыртқалар, көк түсті аттарды көрдім. Әр нәрсе жылдар бойы сүйсіне қараған суреттердегідей, әпсанадағыдай еді әрі осыған орай әр нәрсеге таңдана қараймын, оның үстіне көрген дүниелерімнің барлығы менің естеліктерімнен шығып жатыр еді. Естелік деген дүниенің өзі күллі әлемнің бір бөлшегі екенін әрі осынау әлемнің де менің алдымнан ашылған шексіз уақыттың салдарынан, болашақта, алдымен менің тәжірибем, одан соң естелігім болатынын түсіндім. Осынау түстер шеруінің салтанатының ішінде жүріп, өліп бара жатқанда не себепті тар көйлектен құтылғандай күй кешіп, рахаттанғанымды түсіндім. Бұдан кейін маған ешбір шектеу жоқ әрі барлық уақыт пен мекенде бір мезгілде өмір сүру үшін шексіз мерзімім мен орным бар еді.

Осыны ұғынар-ұғынбас бұрын Оған жақын екенімді қорқынышпен әрі қуанышпен сезіндім. Ешбір нәрсемен салыстыру мүмкін болмайтын бір қырмызы түстің бар екенін ерекше ілтипатпен сезіндім.

Қыска бір уақыт ішінде барлық нәрсе қып-қызыл болды. Осы түстің әдемілігі ішімде және күллі әлем-

де туып келе жатыр еді. Оның болмысына осылай жақындаған сайын жылағым келді. Үсті-басым қан-қап болып, Оның құзырына шығудан ұялып едім. Ақылымның бір бөлігі өлім жайында жазылған кітаптардан оқығанымдай, мені құзырына Әзірейіл мен өзге періштелерді жұмсап, Оның шақырғанын сыбырлап жатыр еді.

Оны көре аламын ба? Көңілімнің алабұртқаны сонша, тыныстай алмайтын сияқтымын.

Барлық жерді алып жатқан және ішінде әлемнің барлық көріністері көмкерілген, сондай әдемі әрі таңғажайып қызыл еді ғой ол, жақындаған сайын оның бір бөлшегі болғанымды және Оған осыншама таяп келгенімді ойлап, ағыл-тегіл жыладым.

Бірақ оған бұдан әрі жақындай алмайтынымды түсіндім. Періштелерінен мені сұрағанын, олардың мені Оған мақтағанын, Оның бұйрықтарына, тыйым салғандарына мойынсұнған жақсы бір құл ретінде көріп, маған сүйісінгенін түсіндім.

Ішімдегі қуаныш пен көз жасым аяқ астынан бір күдік-пен уланды. Бұл күдіктен дереу құтылу үшін кінәлі кейіпте және дегбірсіздене сұрақ қойдым:

– Ғұмырымның соңғы жиырма жылында Венецияда көрген кәпір суреттерінен әсерлендім. Тіпті бір кездері өз суретімнің олардың стилімен салынғанын қаладым, бірақ одан қорықтым. Кейін сенің әлемінді, құлдарыңды және дүниедегі көлеңкеңді Падишамыздың суретін кәпірлердің стилімен салғыздым.

Оның даусын емес, маған берген жауаптарын өз ішімнен естідім.

– Шығыс та, Батыс та менікі.

Алабұртып, өзімді ұстай алмадым:

– Жақсы, бәрінің, осының барлығының... Осынау әлемнің мағынасы не?

– Сыр, – деген үн келді ішімнен. Әлде «сүй» деді ме? Бірақ осы екеуіне де көзім нақты жеткен жоқ.

Періштелердің маған жақындағанынан, әзірше көктің осынау жоғарғы қабатында мен туралы шешім қабылданғанын, бірақ ондаған мың жыл бойы өлген өзге рухтардың тобымен бірге, бізге қатысты соңғы үкім берілетін қиямет күніне дейін Бәрзахта күтетінімізді түсіндім. Әр нәрсенің кітаптарда жазылғанындай болуы мені қуантты. Төменге түсіп келе жатқанда, көмілетін кезде денеммен қайта қауышуым керек екендігін де кітаптар арқылы есіме түсірдім. Бірақ мүрдеме қайта кіру дегеннің әдеби метафора екендігін де дереу сезе қойдым, оған да шүкір. Мен мақтан тұтқан байсалды қауым жаназа намазынан кейін табытымды көтеріп, дереу шағын Тепежік қорымына қарай жолға шыққан. Бір жағынан мұнлы болса, екінші жағынан тап-тұйнақтай еді. Оларды жоғарыдан көріп тұрмын, жіңішке жіп сияқты болып, шұбырып, кетіп барады.

Енді өз жағдайым туралы толығырақ айта кетейін. Расулалаһтың: «Мүміннің рухы – жәннат ағаштарының жемістерін жейтін бір құс» деген хадисінде айтылғандай рух өлімнен кейін көк жүзін кезіп жүреді. Әбу Омар бин Абдулбердінің айтуына қарағанда, бұл хадис құс түрінде болатынын, тіпті бір құсқа айналатынын білдірмейтін көрінеді, керісінше әл-Джәузияның атап өткеніндей рух бір құстың ұшып-қонатын жерлерінде болатындығын меңзесе керек. Перспектива жанрын жақсы көретін венециялық шеберлердің «көру бұрышы» деп жүрген жері – менің биіктен

қарап тұрған әл-Джәузияның пікірінің дұрыс екенін айғақтайды.

Осы жерден мен дәл қазір зиратқа кіріп бара жатқан жаназаға жиналған қауымды бір жіп сияқты көріп тұрмын, әрі Халичтің біткен жерінен Сарай бұрышына қарай енді ғана керілген желкенін жел кернеп бара жатқан кеменің жылдам жүзіп бара жатқанын да бақылап отырмын, сөйтіп осының бәрін бір суретке қарап тұрғандай күйде рахаттана тамашалай алудамын. Бір мұнараның биіктігіндей жерден қарап тұрғандығымнан, осынау әлем, беттерін бір-бірден аударыстырып отырған кітаптың әдемі суреттерін еске түсіреді.

Бірақ осындай биік жерге шыққан әрі рухы денесінен айырылмаған адамның көре алмайтыны да менің назарыма ілігеді. Сонау қарсы жағалауда Үскідардың арғы жағындағы мазарлардың арасындағы алаңқайда «Ұзын есек» ойынын ойнап жүрген балаларды, он екі жыл, үш ай бұрын Бас уәзір Кел Рагип паша қабылдаған Венеция елшісін қонақ үйінен алып, сарайға әкелген кезіміздегі хатшылар басшысының жеті қайығының Боғазичінде бірге жүзуін, жаңа Ланга базарында үлкен капустаны емізетін баласындай етіп құшақтап тұрған семіз әйелді, Диуан чавушы Рамазан Ефенді өліп, жолым ашылды деп қуанғанымды, аулаға кір жайып жатқан нағашы әжемнің құшағында тұрып қызыл көйлектерге көз салған сәби кезіндегі шешемді, марқұм анасының Шекуре туар сәттегі толғағы басталғанда әйел босандыратын адамның үйін таппай махаллада әрлі-берлі жүгіріп жүргенімді, қырық жылдан астам уақыт бұрын жоғалтып алған қызыл белбеуімнің қайда екенін (Васфи ұрлапты), жиырма жыл бұрын түсімде көрген, Алла Тағала маған жұмақ ретін-

де көрсететін айшылық жердегі таңғажайып бақшаны. Гори қамалындағы көтерілісті басқан Гүржістан уәлиі Әли мырза жіберген бастарды, мұрын мен құлақтарды, үйге келген көрші әйелдерден бөлініп, ауладағы ошаққа қарап, мен үшін жылап тұрған сұлу Шекуремді, қысқасы, бәрін бір мезгілде көріп тұрмын.

Кітаптар мен бұрынғы ғалымдар рухтың төрт мекені болатынын айтады:

1. Ананың құрсағы. 2. Дүние. 3. Қазір мен жүрген Бәрзақ[1]. 4. Қияметтен соң баратын жұмақ немесе тозақ.

Бәрзақтан өткен заман мен қазіргі кез бір мезгілде көрінеді және рухтың естеліктерінің ішінде жүргендіктен мекен шектеуі болмайды. Алайда өмірдің тар қойлек екенін уақыт пен мекеннің зынданынан шыққан кезде ұғасың. Өлілер әлемінде денесіз бір рух қалай шынайы бақыттың себебі болса, тірілер арасында ең үлкен қуаныштың рухсыз бір дене болатындығын өкінішке қарай ешкім өлмей тұрып түсінбейді. Сол себепті, әдемі жаназам кезінде үйде мен үшін қасірет тартып, бостан-босқа жылаған Шекуремді мұңая бақылап, Ұлық Алланың бізге жұмақта денесіз рух, дүниеде рухсыз дене беруі үшін жалбарындым.

38. Осман ұстаз – менмін

Жомарттықпен тұтас ғұмырын өнерге арнап қартайған қыршаңқы шалдарды білесіңдер. Айналасын-

[1]*Бәрзақ* – ислам ұғымы бойынша қайтыс болған адамның қияметке дейін күтетін әлемі, қабірден кейін адам жанының баратын жері. Өлілер қияметте қайта тірілгенге дейін бәрзақта күтеді.

[illegible]ардың бәрін жақтырмайды олар. Өздері ұзын [illegible]ы, сіңірлері шыққан, арық болып келеді. Өмірлерінің қалған бөлігінде артта қалған ғұмырының қай[illegible]ланғанын қалайды. Бірден шамданып, ашуланады, [illegible]арға ұнайтын ештеңе болмайды, бәріне наразы. Бар[illegible]ық шылбыр-тізгінді қолдарына ұстап, жүрттың бәрін [illegible]р шыбықпен жүргізіп, тұрғызады. Ешкімді, еш нәрсе[illegible]ні ұнатпайды. Мен – солардың бірімін.

Баяғыда, он алты жасымда, шәкірт кезімде осы нақышханада қатарласа отырып, бірге сурет салу мәртебесіне ие қылған, шеберлердің шебері Нусруллах Се[illegible]лим Челеби сексен жасында осындай еді (бірақ мен сияқты ашушаң емес). Отыз жыл бұрын қайтыс болған ең соңғы ұлы шебер Сары Али де осындай болатын (ол да мен сияқты арық әрі ұзынтұра емес). Сол жылдарда нақышхананы басқарған осынау даңқты ұстаздардың сыртынан айтылған сын мен жала жебелерінің қазір менің ту сыртымнан қадалып жатқанын білетіндігімнен өзім жайында айтылып жүрген бірқатар жайлардың адам сенгісіз екенін айтып, сендерге мән-жайды ашып берсем бе деймін.

Шын мәнінде ұнатуға болатын жаңа ештеңе болмағандықтан жаңа дүниелердің ешқайсысын ұнатпаймыз. Жүйкесі тозған, бақытсыз немесе басқа да бір кемшіліктеріміз қажытқандықтан емес, адамдардың көбі ақымақ болғандықтан, олардың көбіне ақымақ деп баға береміз (дегенмен оларға жақсы қарым-қатынас көрсетсек біздің кішіпейіл һәм ақылдылығымызды көрсетер еді негізі).

Шәкірт кездерінен бері шынымен жақсы көріп, баулып, білгенімді үйреткен нақышкерлерімнен бөлек есімсой мен беттерді ұмытып, бір-бірімен шатыстырып

алуым алжи бастағанымнан емес, бұл есімдер мен келбеттердің есте сақтауға тұрарлық мысқалдай болса да түс пен жарқыраған нұрдан мақұрым болуына байланысты.

Есерсоқтығының кесірінен Алла жанын ерте алған Жезденің жазасында марқұмның бір кездері мені франк шеберлерін қайталауға мәжбүрлеп, қинағанын ұмытуға тырыстым. Қайтып келе жатқанда мынадай ой келді маған: «Алланың сыйы болар соқырлық пен өлім маған алыс емес. Сөз жоқ, салған суреттерім мен кітаптарым көздеріңді нұрландырып, көңілдеріңде қуаныш гүлін ашатындықтан әрқашан есте боламын». Алайда өлімнен кейін мына жайтты білгендеріңді қалаймын: «Ғұмырымның соңында, карттығымда мені күлімсіреттетін нәрселер әлі де болса бар еді. Мысалы:

1. Балалар (Олар күллі әлемнің ережелерін жинақтайды).

2. Әдемі естеліктер (Сымбатты бозбалалар, қатындар, әдемі сурет салу, достық).

3. Гераттық көне ұстаздардың таңғажайыптарымен жолығу (Бұл білмейтіндерге айтылмайды).

Бұлардың ең қарапайым түсінігі мынау: Өзім басқаратын Падишамыздың нақышханасында бұрынғыдай тамаша нәрселер жасалмайды, істің берекесі кете бастағанын көріп отырмын, барлығы таусылады, бітеді. Тұтас ғұмырымызды осы іске махаббатпен арнасақ та Гераттың көне шеберлерінің сұлулығына бұл жерде өте сирек қол жеткізетінімізді мұнаа мойындаймын, сеземін оны. Бұл шындықты кішіпейілділікпен мойындаудың өзі өмірді жеңілдетеді. Онсыз да кішіпейілділік деген өмірді жеңілдететін нәрсе екені біздің нақышкерлер отбасында біраауыздан мойындалған.

Шахзадамыздың сүндет тойы салтанатын сипаттаитын сурнамеде Мысыр уәлиінің сүндетке отырған балаға сыйлық әкелгенін, қызыл барқыттың үстінде алтын кестелі, алтын нақышты бауы бар, жақұт, зүбәржат пен бирюза тастары орнатылған бір қылыш пен кемесі бар, тізгіні алтын шынжырдан, үзеңгісіне інжу мен лагыл орнатылған, танауы кең, түктері күмістен де жылтыр, мінезді, маңғаз, жай отынан да жылдам, ойнақтаған Араб тұлпарын және аттың үстіндегі алтын орнекті, қызыл жібектен жасалған, жақұт жапсырылған ерді көрсететін суретті әлгінде айтқанымдай кішіпейілділікпен түзетіп отыр едім, суреттерді өзім салып, ішіндегі атты, қылышты, шахзаданы, оларды бақылап тұрған елшілерді шәкірттерге бір-бірден боятқызғанмын, сөйте тұра суреттің оң мен солына қылқаламды сүйкеп өтемін. Ат Майданы алаңындағы шынар ағашының кейбір жапырақтарын күлгін түске боядым. Татар ханы елшісінің түймелеріне сары түс қостым. Аттың тізгіндеріне аздап алтын суын жаға бастап едім, есік қағылды. Тоқтата қойдым шаруамды.

Бір шабарман бала екен. Сарайдан Бас қазынашы шақыртып жатқан көрінеді. Көздерім шаршаған екен, қойныма линзаларымды[1] салдым да баламен бірге шықтым.

Ұзақ уақыт жұмыс істегеннен кейін көшеге шығу неткен ғажап! Әлемді Алла кеше ғана жаратқандай бәрі жап-жаңа әрі таңғажайып көрінеді.

Бір ит көрдім, бір өзі иттің барлық суреттерінен де мағыналы еді. Бір ат көрдім, менің нақышкерлерім бұдан да мәндісін, әдемісін сала алады. Ат Майданын-

[1]*Линза* – ұлғайтқыш әйнек.

да бір шынар ағашын көрдім, ол менің жаңа ғана жапырақтарына күлгін бояу жаққан шынарым болатын.

Екі жыл бойы сол жерде өткен той-томалақты, салтанатты шерулердің суретін салған Ат Майданына барып, сол жермен жүру адамның өзі салған суреттің ішіне кіріп, сонда қыдырғанымен бірдей. Бір көшеден бұрыламыз, сол жерде егер франк суреттерінде болсақ жақтаудан өтіп, суреттен шығып кетеміз, егер біздің гераттық шеберлер сияқты салған суретте жүрсек, Алланың бізді апарған жеріне барамыз, егер Қытай суретінде болсақ, онда суреттен ешқашан шыға алмаймыз, себебі қытайлардың суреттері ешқашан бітпей, созылып кете береді.

Бас қазынашымен төленетін ақылар, Падишамыз үшін нақышкерлер әзірлеп жатқан сый-сияпаттар, кітаптар, нақышы бар түйеқұс жұмыртқалары, нақышкерлердің денсаулығы, тәбеті мен рухани тыныштығы, қажетті бояулар, алтын парақтар, жіптер мен өзге керек-жарақтармен қамтамасыз ету сияқты қатардағы мәселелер мен өтініштер айтылатын, жаһанның қамқоршысы Падишамыздың қалауы, қуанышы мен тапсырмасы, менің көздерім, линзаларым, құяң ауруым, Бас қазынашының оңбаған күйеу баласы, мысығы сынды көр-жерді сөз ету үшін кездесіп жүрген бұрынғы Диуан бөлмесіне апармады жолбасшы бала. Үнсіз ғана Хас бақшаға кірдік. Бізден де үнсіз ағаштар арасымен теңізге қарай, қылмыс жасаған адамша үн-түнсіз жүре бердік. Яалы сарайына жақындап келемін, демек сол жерден Падишамды көремін дедім өз-өзіме, содан соң жолдан шықтық. Үш-төрт адым жүрдік, қайық тұрағының бергі жағынан, тастан салынған бір ғимараттың есігінен кірдік. Жасауылдар

шаубайханасынан нанның иісі келіп тұр. Қызыл киімді жасауылдарды көрген едім.

Бір бөлмеде Бас қазынашы мен Жасауыл басы отыр. Періште мен шайтан!

Падишамыз үшін сарай бақшасында өлім жазасын орындаған, адамдарды азаптап, тергеген, таяқтың астына алып, көзін шығарып, дүре соқтырған Жасауыл басы маған жылы шыраймен күлімсіреді. Тура меймханхана бөлмесінде бірге жатуға мәжбүр болған адамша жағымды бір хикая айтып беретіндей көрінді.

Бірақ Жасауыл басы емес, Бас қазынашы:

– Мәртебелі падишамыз осыдан бір жыл бұрын өте құпия түрде жасалуы керек екендігін ескертіп, елшіге беріп жіберетін сыйлық ретінде бір кітап әзірлеуді маған тапсырған еді, – деді. – Осы құпиялықтың кесірінен кітапты Бас шахнамашы Локман шеберге жазғызуды күп көрмеді әрі өнеріне тәнті болып жүргендіктен, сені де бұл іске араластырғысы келмеді. Шахзадалардың сүндет тойын хикая ететін Сурнамені жасап жатқандықтан, сендердің онсыз да қолдарың бос болмайтынын түсінді.

Бөлмеге кірген бетте бір оңбағанның маған жала жауып, «Бұл суретте кәпірлік бар, ана суретте Сізді мазақ етіпті» деп Әміршіге біреулер әсер еткенін, егделеген жасыма қарамастан азаптайтын шығар деп ойлағам. Ал қазір Падишамыздың маған емес, өзге біреуге кітап жасауды тапсырғаны үшін менің көңілімді аулауға тырысып отырған Бас қазынашының сөздері балдан да тәтті болды мен үшін. Кітаптың онсыз да өзім жақсы білетін хикаясын тыңдадым, жаңа ештеңе жоқ. Тарап жатқан өсек-аяңды да білемін. Ерзұрымдық Нұсірет Хожаны да, нақышханадағы итіс-тартысты да, қысқасы, бәрін білемін.

Сауал қойғым келгендіктен, онсыз да жауабын білетін бір мәселені айтып, кітапты кімнің дайындап жатқанын сұрадым.

– Өзіңіз білетіндей, Жезде мырза, – деді Бас қазынашы көздеріме қарап, – оның өз ажалымен өлмегенін, біреулер өлтіріп кеткенін білесіз бе?

– Білмеппін, – дедім бала сияқты өтірік айтып, үндеген жоқпын одан әрі.

– Падишамыз қатты ашуланды, – деді Бас қазынашы.

Мына Жезде деген бейшара жарымес еді. Білгенінен гөрі ел аузынан естігені, ақылынан гөрі мақтануы көп болғандықтан шебер нақышкерлер оны мазақ қылып, ол жайлы мысқылдап сөз қозғайтын. Жаназада ішімде бір күмән болып еді онсыз да. Япыр-ай, ә, қалай өлді екен?

Бас қазынашы бәрін айтып берді. Сұмдық болыпты. Я, Раббым, өзің қорғай гөр бізді. Кім?

– Падишаның бір бұйрығы бар, – деді Бас қазынашы. – Сурнаме сияқты бұл кітаптың да тез арада біткенін қалайды.

– Екінші бұйрығы тағы бар, – деді Жасауыл басы. – Егер осы жексұрын қанішер нақышкерлер тобында болса, бұл ібілістің тез арада табылғанын қалайды. Оған баршаға ғибрат боларлықтай жаза тағайындалады, одан соң Падишаның кітабын паршалау, оны жасауға кедергі келтіру, нақышкерін өлтіру қайтіп ешкімнің ойына кірмейтін болады.

Падишамыздың қылмыскерге беретін ауыр да қорқынышты жазаны білетін адамдай, Жасауыл басының жүзінде бір толқыныс пайда болды.

Осы екеуіне де бұл тапсырмаларды Падишамыздың біраз бұрын бергенін, билеушіміздің оларға қазірдің

ешқандай жек көріністерін жасыра алмай отырған бір істі ортаға істеуге мәжбүрлегенін түсіндім әрі Әміршіге қайрылып қалғаннан басқа ештеңе істей алмадым.

Бір жеткіншек кофе әкелді, отырдық.

Жезде мырза тәрбиелеген, нақыштан, кітаптан хабары мол Қара деген бір жиені бар екен. Оны танимын ба мен? Үндеген жоқпын. Жақында ғана Парсы шекарасынан, Серхат пашаның қасынан Жездесінің шақыруымен Ыстамбулға қайтып келіпті (Жасауыл басы күмәндана бір қарады). Ыстамбулда Жездесімен кеңесіп, дайындап жатқан кітаптың хикаясын естіп-біліп алыпты. Зариф Ефенді өлгеннен кейін, Жездесі түн ішінде осы кітап үшін өзіне келетін шебер нақышкерлерден күдіктенетінін айтыпты оған. Бұл шебер нақышкерлердің кітап үшін жасаған суреттерін көріпті. Жездені өлтірген қылмыскердің осы суреттердің біреуін, ең көп алтын қолданылған Падишамыздың суретін ұрлап кеткенін айтыпты. Бұл жігіт Жезденің өлгенін Сарайдан, Бас қазынашыдан екі күн бойы жасырыпты. Сол уақыт ішінде Жезденің қызымен шариғатқа сәйкесе қоюы күмәнді бір неке қиғызып, асығыстықпен үйге кіріп алғандықтан Қарадан екеуі де күмәнданады екен.

– Егер үйлерін, отырған, жүрген-тұрған жерлерін тінтіп, шебер нақышкерлердің бірінен осы жоғалған бет шығатын болса, Қараның айтқандарының дұрыс екендігі бірден белгілі болады, – дедім, – бірақ олар шәкірт кезінен бері танитын, менің сүйікті перзенттерім ғой, қолдарынан өнері тамған нақышкерлерім біреуді өлтірмесе керек-ті.

– Зәйтүннің, Ләйлектің, Көбелектің, – деді Жасауыл басы, – оларға сүйіспеншілікпен таққан лақап аттарымды мысқылға айналдырып, «үйлерін, індерін,

барған-келген жерлерін, бар болса дүкендерін, шеберханаларын, барлығын тұтас тінтеміз. Қаранікін де...

Содан соң бұл қадамға амалсыз барған адамның сынайын танытты.

– Осы қиын кезде, Аллаға шүкір, Қараны тергеу кезінде азаптауға рұқсат алдық. Нақышкерлер тобына жақын екінші адамның өлтірілуі шәкірттен шебер ұстазға дейінгі барлық нақышкерлерді қылмыскер санағандықтан оларды да азаптау заңға қайшы емес деді.

Үнсіз ойландым:

1. Азаптау заңға қайшы емес деу арқылы Падишамыздан рұқсат алмағанын;

2. Қазының ойынша барлық нақышкерлердің күдікті саналуы, осы топтың басшысы ретінде қылмыскерді тауып бере алмағаным үшін менің де айыпты саналатынымды;

3. Өзім басқаратын нақышкерлер тобындағыларды, соңғы кездері мені сатып кеткен, сүйікті Көбелек, Зәйтүн, Ләйлекті және басқаларын азаптаудан бұрын менің ашық түрде немесе үнсіз келісуімді қалап отырғанын түсіндім.

– Падишамыз тек Сурнаменің емес, бүгінде бітпей қалғаны белгілі болған осы кітапты да лайықты түрде аяқталуын қалағандықтан, – деді Бас қазынашы, – азаптау шеберлердің қолдарына, көздеріне, өнерлеріне зардап тигізе ме деп алаңдаймыз.

Маған бұрылды.

– Солай емес пе?

– Өткенде ғана осылай алаңдағанбыз, – деді Жасауыл басы дөрекілікпен, – реставрация жасап жүрген зергер мен ұсталардың бірі шайтанға еріп, Падишамыздың қарындасы Нежмие Сұлтанның сабында

жақут тасы бар кесесіне қызығып, ұрлап кетіпті. Кесені қатты жақсы көретін қарындасын мұңға батырған ұрлықтың Үскідар сарайында болуына байланысты, әмірші істі маған тапсырған. Зергерлердің, темір балқытып, алтын мен күмістен құйма жасайтын ұсталардың өнерлері, көздері мен саусақтары үшін Падишамыз тәрізді Нежмие Сұлтан да аландағанын түсінген едім. Дереу металл балқытатын ұсталарды шешіндіріп, бақшадағы беті қатып қалған қауыздың мұзы мен құрбақалардың ішіне салғыздым. Ара-тұра шығарып алып, беттеріне, қолдарына тимейтіндей етіп, бірақ әдемілеп тұрып дүре соққыздым. Көп кешікпей шайтанға ерген ұста қылмысын мойындап, өзіне кесілген жазаға риза болды. Мұздай суға, суыққа, таяқ жегендеріне қарамастан ары таза болған басқа шебер ұсталардың көздері, саусақтарына ешқандай зиян келген жоқ. Мертігіп, жараланбады. Тіпті Падиша маған қарындасының қатты қуанғанын, зергер ұсталардың арасындағы арамшөп оталғаннан кейін, олардың бұрынғысынан да шынайы ықыласпен жұмыс істеп жүргенін айтты.

Жасауыл басының шебер нақышкерлеріме зергерлерден де қатаң, ауыр азап даярлап қойғанына сенімді едім. Падишамыздың кітап жасатуға деген құмарлығына құрмет көрсетсе де, нағыз мәртебелі өнердің хұснихат екеніне сеніп, көптеген адамдар сияқты нақыш пен суретті үйлесімділіктің шекарасында жүрген, онсыз да жазасы берілуі тиіс дүние, қажетсіз әурешілік, тіпті қатындық деп менсінбей отыр ол.

– Сіз бар ынтаңызбен қызметіңізді атқарып жүргенде, сүйікті нақышкерлеріңіз сіз өлген соң бас нақышкер кім болады деп түрлі қулық-сұмдық ойластыра бастаған көрінеді, – деді мені арандату үшін.

Мен білмейтін қауесет, өсек-аяң, қулық-сұмдық бар ма? Ұстамдылық танытып, тіл қатпадым. Мені айналып өтіп, марқұмның кеңесімен кітап дайындатқаны үшін Бас қазынашыға және көзге төрт-бес акчені артығырақ табу үшін жасырын түрде кітаптың суреттерін салған сатқын нақышкерлеріме қалай ашуланып жүргенімді Бас қазынашының өзі де біліп отырған-ды.

Бір сәт нақышкерлерімді қалай азаптауы мүмкін екенін ойлап кетіппін. Тергеу кезіндегі азаптауларда терілерін сыпырмайды, өйткені ол азаптан аман құтылу жоқ, көтерілісшілерге жасайтындай қазыққа отырғызбайды, бұл ғибрат болсын деген ниетпен өлтірудің бір жолы, нақышкерлердің қолдарын, аяқтарын, саусақтарын бытырлатып сындыруға да болмайды. Ыстамбул көшелерінде жиі кездестіріп жүрген жалғыз көзділерге қарап ұққанымдай, соңғы кездері бір көзін шығарып жіберу шебер нақышкерлерге жарасатын жаза емес. Осылайша сүйікті нақышкерлерімді Хас бақшаның түкпіріндегі бір бұрышта, мұздай қауыздың ішіндегі лала гүлдерінің арасында дірдектеп, бір-біріне жек көре қарағанын елестеттім де, күлкім келді. Бірақ қоң еттеріне қызған темір басылғанда Зәйтүннің қалай бақыратынын, шынжырланған Көбелегімнің тәнінің солып шыға келуін ойлағанда жүрегім дір ете қалды. Өнер мен нақышқа деген махаббаты бір кездері көзіме жас алғызған жаным Көбелектің ұрлықшы бір шәкірті сияқты дүре соғуға жатқызылуын ойлай да алмадым.

Бір сәт қарт ақылым өз ішіндегі тұңғиық үнсіздіктің әсерімен тыныштанды, тіс жармады. Олармен бірге бір кездері дүниені ұмытып, махаббатпен сурет салар едік.

Олар Падишамыздың ең шебер нақышкерлері, – дедім, – оларды азаптамаңдаршы, жандарын қинамаңдаршы!

Бас қазынашы разылықпен орнынан тұрып, бөлменің келесі бір бұрышындағы күрсіден бір топ қағаз алып келді, алдыма қойды да бөлме қараңғы болып тұрғандай шомбалдай майшамдары жанып тұрған екі үлкен шырағдан әкеліп, қасына қойды. Әлгі суреттер осылар еді.

Линзама үңіліп, суреттерге қарап тұрғанымда көргендерімді сендерге қалай айтайын. Күлкім келді, бірақ күлкілі болғандықтан емес. Ашуландым, бірақ байсалды қабылдайтын нәрселер болғандығынан. Жезде Ефенді менің шебер нақышкерлеріме өздерің сияқты емес, өзге біреу тәрізді сурет салыңдар деген. Оларды өздерінде жоқ естеліктерді еске алуға, ешқашан бастарынан өткізгілері келмейтін келешекте ойлап, армандап, соны салуға мәжбүрлеген сияқты. Одан да өткен сорақысы, адам сенгісіз жағдай, осынау шымшытырық дүниелер үшін бір-бірін өлтіруі еді.

– Осы суреттерге қарап, қай нақышкердің қаламы қайсы суреттерде бар, – дедім ызалана, – бұл суреттерді қайдан таптыңыздар?

– Қараның өзі әкеліп, бізге табыстады, – деді Бас қазынашы.

– Өзін және маркұм Жездесін ақтап алуға тырысып жүр.

– Оны тергеу кезінде азаптаңыздар, – дедім. – Маркұм Жездеміздің басқа қандай құпиясы бар екенін білейік.

– Адам жіберіп, шақырттық, – деді бас Жасауыл дегбірсіздене.

– Кейін осы жаңа күйеудің үйін де тінтеміз.

Содан соң екеуінің де жүзінен ерекше нұрлану, қорқу мен қайран қалу байқалып, орындарынан атып тұрды. Артыма қарамастан бірден түсіндім, бөлмеге жаһанның әміршісі һәм қамқоршысы Падиша хазіреті кірген еді.

39. Менің атым Естер

Бірге отырып жылау деген неткен әдемі! Байғұс Шекуремнің әкесінің жаназасы кезінде туыс-туған, көрші-қолаң, дос-жаран, барлық қатындар үйге жиналып, боздап отырғанда мен де жұлқына жылағанмын. Кейде жанымдағы әдемі қызға сүйеніп, онымен бірге жыласам, кейде мүлде басқа ырғақпен, өзімнің сорлы өмірім мен қайғы-дертім есіме түсіп, көз жасымды төгемін. Әр апта сайын осылай жыласам, нәпақа табу үшін күні бойы көше кезгенім, семіздігім мен еврей болғаным үшін жұрттан сөз естіген кезімді ұмытып, әдеттегіден де жайдары әрі мылжың Естер болар едім.

Торқалы той мен топырақты өлімді топтың ішінде қара қой сияқты өзгеше екенімді ұмытатыным үшін, тамаққа тоятыным үшін жақсы көремін. Айт мерекелерінде пахлава, жалбызды паста, бадами қосқан нан мен кепкен жемістерге, сүндет тойларда етті палау мен самсаларға, Падишаның Ат Майданында жасайтын мерекелерінде шие шырынын ішуге, үйлену тойларында қолға түскеннің бәрін жеуге, жаназадан кейін көрші-қолаң әкелген күнжіт пен бал, жұпар қосылған халуа жеуді ұнатамын, есім шығып кетеді.

Үнсіз ғана дәлізге шығып, аяқ киімімді кидім де, төменге түстім. Асүйге бара жатқанымда, ат қораның жанындағы бөлменің жартылай ашық есігінен өзгеше бір дыбыс естігендей болдым да, екі аттап кіріп барсам, іште Шевкет пен Орхан жоғарыда жылап отырған әйелдердің біреуінің баласын жіппен байлап, марқұмның қылқаламымен баланың бетіне бояу жағып жатыр екен.

– Қашуға тырыссаң таяқ жейсің, – деп Шевкет ер баланы бір тепті.

– Құлыншақтар, бір-біріңді ренжітпей, жақсы балалар сияқты ойнасаңдаршы, жарай ма? – дедім екіжүзді, суайт үнмен.

– Сен араласпа! – деді Шевкет.

Байлап-матап, әлем-жәлем қылып жатқан ұлдың сары шашты, кішкентей, қорқақтау қарындасын көрдім. Қастарынан және неге екенін қайдам, өзімді оныменбірдей көрдім. Бәрін ұмыт, Естер!

Асүйде Хайрие маған күмәндана қарады.

– Жылай-жылай, қос жанарым суалатын болды, Хайрие, – дедім.

– Маған бір су берші Құдай үшін!

Үн-түнсіз су ұсынды. Ішерден бұрын жылай-жылай ісініп кеткен көздеріне қарадым.

– Байғұс Жезде Ефенді. «Шекуренің некесінен бұрын көз жұмыпты деп жатыр ғой жұрт», – дедім. – Жұрттың аузына қалай қақпақ боласың?! Тіпті оз ажалымен өлмегенін де айтып жүр екен ғой.

Бір сәт аяғының ұшына қарады. Содан соң басына көтерді де, маған назар салмастан:

– Алла жала жабудан сақтасын! – деді.

Бірінші әрекеті: «Бұл айтқандарың рас» деген мағынаға келеді, ал сөздерінің ырғағы мәжбүрлі түрде бірдеңе деу керек болғанын сездіреді.

– Не болып жатыр өзі? – деп сұрадым, сырлас адамдай сыбырлап.

Бірақ табансыз Хайрие Жезде қайтыс болғаннан кейін Шекуреге қарсы қандай да бір басымдық алу үмітінің қалмағанын көрген еді. Біраз бұрын жоғарыда, шынымен жылаған да осы адам еді.

– Енді мен қайтемін? – деді.

– Шекуре ссні жақсы көреді, – дедім бірдеңе айтып қалатын әдетіммен.

Сірне көзесі мен көкөніс сақтайтын көзенің арасына қатар-қатар тізілген тегештердің қақпақтарын ашып, әрқайсысына саусағымды батырып, дәмін татып, кейбіреуін жай ғана иіскеп, қай халуаны кім жібергенін сұрадым.

«Кайсерилік Касым мырзанікі, нақышкерлер тобынан екі көше алыста отыратын ұстаздың көмекшісінікі, кілтші Солақ Хамдидікі, едірнелік келіннің тегеші» деп әрқайсысын жеке-жеке санап шықты Хайрие. Шекуре оның сөзін бөлді.

– Марқұм Зариф Ефендінің әйелі Калбие көңіл айтуға да келмеді. Хабар-ошарын да білдірген жоқ. Халуа да жібермеді!

Асүйдің есігінен баспалдаққа қарай кетіп бара жатыр еді. Менімен Хайриеден алыстау жерде сөйлескісі келетінін түсініп, соңынан ердім.

– Зариф Ефенді әкеме кек сақтаған жоқ еді. Біз оның жаназасы күні оларға халуамызды жібергенбіз. Не болғанын білгім келеді, – деді Шекуре.

– Мен қазір барып, сұрап, біліп келемін, – дедім Шекуренің не ойлап тұрғанын бірден түсініп.

Сөзді ұзатпағаным үшін мені сүйді. Ауланың суығы денемізді тітіркендіре бастаған-ды, бір-бірімізді

құшақтап тұра қалдық. Сәлден соң шаштарын сипаған Шекуремнің.

Бәтер, мен қорқамын, – деді.

Жаным, қорықпа, – дедім, – әр нәрсенің бір қиындығы болады. Өзің қарашы, ақыр соңында түрмыска шықтың сен.

Бірақ бұл ісім дұрыс па, бұрыс па, білмеймін, – деді.

Сондықтан, оны өзіме жақындатпадым. Түнді байғұс әкемнің қасында өткіздім.

Көздерін бақырайтып: «Түсіндің бе?» дегендей маған тіке қарады.

Хасан некелеріннің қазының алдында ешбір құны жоқ екенін айтты, – дедім. – Саған мынаны беріп жіберді.

Болмайды енді, – дегенімен, Шекуре кішкентай қағазды дереу ашып, оқыды, бірақ не жазылғанын маған айтпады.

Оныкі жөн еді, өйткені біз құшақтасып тұрған аулада жалғыз емес едік. Жоғарыда таңертең белгісіз бір себеппен құлап түсіп, сынып қалған дәліз терезесінің ысырмасын орнына тағып жатқан ағаш шебері бізді де, іште жылап отырған әйелдерді де бақылап тұр еді, сонымен бірге үйден шыққан Хайрие аула қақпасын ұрып: «Халуа келді!» деп тіл қатқан көршінің баласына есікті ашу үшін жүгіріп бара жатқан-ды.

– Жерленгеніне де біраз уақыт болды, – деді Шекуре, – қазір байғұс әкемнің рухы денесінен ақырғы рет, қайтып оралмастай үшып шығып, көкке көтеріліп бара жатыр, сеземін оны.

Құшағымнан шығып, жарқырап тұрған аспанға қарап ұзақ дұға оқыды.

Бір сәт өзімді одан алыс әрі жат сезінгенім сонша, Шекуре қарап тұрған көктегі бұлт болсам да таң қалмас едім. Дұғасын аяқтаған бетте Шекуре менің көздерімнен ризашылықпен сүйіп алды.

– Естер, – деді, – әкемді өлтірген қанішер тірі жүргенде маған да, балаларыма да бұл пәниде тыныштық жоқ.

Күйеуінің атын атамауы ұнады маған.

– Зариф Ефендінің үйіне бар, әйелінен сыр тартып көр, неге бізге халуа жібермепті, білші. Хабарын дереу айтарсың маған.

– Хасанға айтарың жоқ па? – дедім.

Мұны сұрағаным үшін емес, сауал қойған кезде бетіне қарамағаным үшін ұялдым. Ұялғаным белгілі болып қалмасын деп, Хайриені тоқтатып, табақтың бетін аштым.

– Ох, пәлі, жаңғақ қосылған ирмик[1] халуасы, – дедім де бір бөлшегін алып аузыма салдым, – тәрәнжі де қосыпты.

Сол мезетте бәрі ойдағыдай болғандай Шекуренің маған жылы жүзбен күлімсірегенін байқадым да, іштей қуанып кеттім.

Кітап салған сөмкемді алдым да, шыға жөнелдім, екі-үш аттағаным сол еді, көшенің басында Қара келе жатыр екен. Қайын атасын жаңа ғана жерлеген, жаңа күйеу, маңғаздығынан байқалды, өмірге риза сияқты. Көңіл-күйін бұзбайын деп, жолдан шықтым да бауға кіріп кеттім. Атақты еврей Хәкім Моше Хамонның сүйіктісінің дарға асылған бауырының бақшасынан өттім. Осы жерден әр өткен сайын өлім иісі аңқыған

---

[1]*Ирмик* – қатты бидайдан алынған, ірі түйіршіктері бар ұн, талқанға ұқсайды.

осынау бақша мені мұңға батырады, тіпті кейде алатын адам тапсам сатып жіберуім керектігін де ұмытып кетемін.

Сол бақшадағы өлім иісі Зариф Ефендінің үйінде де бар, бірақ онда ешқандай қасірет жоқ еді. Мыңдаған үйге кіріп-шығып, жүздеген жесір қатынды таныған Естер ретінде күйеулерінен жас кездерінде айырылған әйелдердің не жеңіліс пен қайғыдан, не ыза мен ерегестен дуаланып қалғандай болатынын білемін (Шекурем екеуінен де өз нәсібін алған-ды). Калбие ханым ызаның уын ішіпті әрі бұл менің ісімді жеңілдетті.

Өмірдің зұлымдығын көрген маңғаз әйелдердің жасайтынындай, Калбие ханым осынау қасіретті күндерде үйінің есігін қаққан баршаның өзіне жан ашығансып, ең жаманы қайғылы халіне қарап жасырын түрде ол жағдайларына қуану үшін келетіндігінен күмәнданатындықтан, қонақтарымен жылы-жылы сөйлесіп оуре болмайды. Бірден басты тақырыпқа көшеді. Бүгін түсте Калбие өз қайғысын сәл ұмытқандай болғысы келгенде Естер неге есік қақты? Қытайдан келген кемеден шыққан ең әдемі жібектерге, Бұрсадан келген орамалдарға қызықпайтынын білдім де, кітап сөмкемді ашатын сыңай да танытпай, бірден әңгімені бастап, Шекуренің дертін айттым.

– Қайғысын бөліскен Калбие ханымды өзі де аңғармай қалай ренжітіп алғанын ойлап, байғұс Шекуре қайғысына қайғы жамады, – дедім.

Шекурені сұрамағанын, көңіл айтпағанын және қайғысын бөлісуге бармағанын, тіпті бір халуа жасатып, соны жібергісі келмегенін де Калбие ханым маңғаздана растады. Өркөкіректігінің тасасында жасыра

алмаған қуанышы да бар еді. Өкпелегені де көрініп тұр. Міне, дәл осы жерден бастап оның ашу-ызасының себептеріне, оқиғаның мән-жайына үңілуге тырысты ақылды Естерлерің.

Дайындап жатқан кітапқа бола маркұм Жезде мырзаға Калбиенің ашулы екенін ашық айтты. Маркұм күйеуінің бұл іске төрт-бес акче артық табыс табу үшін емес, Жезде мырзаның бұл кітапты Падишаның тапсырмасымен жасатып жатқанына оны сендіргені үшін кіріскенін айтты. Бірақ Жезде мырзаның көптеген тәзхибін жасатқан нақышты беттердің бірте-бірте нақыш беті емес, тура суретке айналып бара жатқанын, бұл суреттерде ақылға сыймас дінсіздік, имансыздық, тіпті кәпірлік белгілері бар екенін көргеннен бастап маркұм күйеуі мазасызданғанын, дұрыс пен бұрыстың арасында аласұрғанын айтты. Алайда Зариф Ефендіден де ақылды әрі сақ әйел болғандықтан ықтиятпен мына бір жайтты қосып қойды: Бұл күдіктердің барлығы бір сәтте емес, бірте-бірте пайда болыпты, байғұс Зариф Ефенді ешуақытта нақты бір имансыздықпен, кәпірлікпен бетпе-бет келмегендіктен, мазасызданғанын жай ғана қателік деп ойлаған. Онсыз да маркұм Зариф Ефенді ерзұрымдық Нүсірет Хожаның уағыздарынан ешқашан қалмайтын, уақытында намазын оқи алмай қалса іштей мазасы кететін жан еді. Дініне жан-тәнімен берілгені үшін нақышханадағы кейбір оңбағандардың өзін мазақ ететінін білетіні тәрізді осынау ұятсыз әзілдердің өнері мен шеберлігіне деген қызғаныштан жасалатынын да аңғаратын.

Жанарынан тамған мөлдір жас Калбиенің бетінен төмен құлдилай ақты. Ізгі ниетті Естер бұл сәтті қалт жібермей, оған жақсы бір күйеу тауып бермек болды.

Ішіндегі қасіретін менімен бөліспейтін еді, марқұм, – деді Калбие. – Есімде қалғандарын санамда жинақтап, бар бәленің Жезде мырзаның үйіндегі суреттерден басталғанына көзім жетті.

Бұл бір жағынан кешірім сұраудың белгісі еді. Оған қауіп ретінде мен де Жезде мырзаның да бәлкім сол қаншердің қолынан өлуі мүмкін екенін айтып, Шекуре мен Калбиенің тағдырлары мен жауларының түйіскен түсын есіне салдым. Осы сәтте шеткеріде мені бақылап тұрған екі жетім де жағдайдың ұқсастығын түсінген сөзі. Алайда ішімдегі аяушылық дегенді білмейтін жеңгетайлық қисын Шекуренің әлдеқайда сұлу, бай әрі мақтаз екенін бірден есіме түсірді. Ішімдегі ойды айта салдым мен:

– Шекуре айыбым болса кешірім сұраймын дейді, – дедім, – саған тағдырлас әрі туысқан ретінде достық ұсынады әрі мына бір мәселе жайлы ойланып, көмектескенінді қалайды. Марқұм Зариф Ефенді соңғы түні осы жерден шығып бара жатқанда Жезде мырзадан басқа біреумен жолығатыны туралы айтты ма? Өзге адаммен кездесуі мүмкін екендігін ойладың ба?

Байғұс Зарифімнің қалтасынан тек мынау шықты, – деді.

Ішіне нақыш инелері, шүберек қиқымдары мен үлкен бір жаңғақ салынған қақпағы бар өрілген қобдишадан бүктеулі қағаз шығарып, маған ұсынды.

Бүктетілген тұрпайылау қағазды алып мұқият қарағанымда, судың әсерінен сиясы жайылып кеткен біраз кескін көрдім. Олардың не нәрсеге ұқсайтынын ұққаным сол еді, ойларымды Калбие дыбыстады.

– Олар аттар, – деді, – марқұм Зариф Ефенді жылдар бойы тек қана тәзхиб жасайды, ешқашан аттың су-

ретін салмаған жан, ешкім одан аттың суретін салуды сұрамаған.

Асығыс салынған, бірақ суда сиясы жайылып кеткен аттарға қарап тұрғанымен, сендердің карт Естерлерің ештеңе ұқпай тұр еді.

– Бұл қағазды алып барсам Шекуре қатты қуанатын шығар, – дедім.

– Бұл қағазды көргісі келсе, Шекуренің өзі келсін осында, – деді Калбие маңғаздана.

40. Менің атым Қара

Бәлкім, осыған дейін аңғарған да боларсыңдар. Мен сияқты адамдар үшін, яғни ғашықтық пен қайғыны, қуаныш пен бейнетті ақыр соңында ежелгі жалғыздық жолындағы сылтау халіне жеткізетін мен сияқты қасірет иелері үшін өмірде үлкен қуаныштар да, ұлы қайғы да болмайды. Өзгелердің жан дүниесі осы сезімдердің кесірінен астан-кестен болып жатқанда біз оларды түсінеміз дей алмаймын, ал кейде керісінше осы сезімдерді тереңінен бастарынан өткізгендерді жақсы түсінеміз. Біз түсінбейтін бір нәрсе – өз рухымыздың ішінде көмілген өзгеше бұлқыныс. Ақылымызды, көңілімізді қарайтқан осынау үнсіз бұлқыныс біз сезінуге тиіс асыл қуаныш пен мұнның орнын басып алады.

Шүкір, әкесін жерлеп, жаназадан кейін жүгіре басып үйге келіп, Шекуреме көңіл айтып, құшақтадым. Содан соң маған жауыға қарап тұрған балаларымен бірге әйелім төсенішке құлай кетіп, ағыл-тегіл жылай бастағанда әлгі бұлқыныстың тұзағында қалып едім мен. Ше-

күрешің қасіреті менің женісім еді, бір сәтте жастық шағымда көрген түсімдей болған әйелге үйленіп, мені меншінбеген әкесінен құтылып, үйдің қожайынына айналып шыға келдім, бұдан соң менің көз жасыма кім сенеді? Жоқ, сеніндер демеймін, бірақ шынымен де қанырғым келгенімен, қайғыра алмаймын. Өз әкем емес Жездем маған әке болып еді үнемі. Оның үстіне ұлықті жуындырған имамның аузында сөз тұрмайтынын білгіп, Жездемнің өз ажалымен өлмегендігі жөнінде осек-аяң жаназа намазы кезінде, мешіт ауласында байқағанымдай, махалла тұрғындарының арасына тарап кетіпті. Сондықтан жылай алмауымды жаманға жоритын болды деп мұңайғым келеді, тасжүрек атану қорқынышы да бар, ішімдегі шынайы сезім осы, білеміндер оны.

Мен сияқтыларды қауымнан шығарып, қуып жібермесін дейтін зерек әжелердің бір сылтауы болушы еді: «Адамның жүрегі қан жылап тұр ғой», – дейтін еді олар. Менің де жүрегім егіледі, боздап жылағаны мені таңқалдырған көршілер мен алыс туыстарға көрінбеуге тырысып, үйдің қожайыны сияқты әрекет жасап бәрін өз қолыма алайын ба деп, санамдағы сан түрлі ойлармен арпалысып отырғанымда есік қағылды. Хасан келген шығар деп аландадым сол сәтте. Бірақ осынау көз жасына толған тозақтан қалай құтылсам да разы едім.

Сарайдан келген қолбала екен. Мені сарайға шақыртып жатқан көрінеді. Қайран қалдым.

Ауладан шығып бара жатқанда балшықтың арасынан бір акче тауып алдым. Сарайға шақырып жатқаны үшін қатты қорқып тұрмын ба? Иә, қорыққаным рас еді, алайда далада, суықта, көшелерде аттар, иттер, ағаштар мен адамдар арасында жүруге разымын,

соған қуанамын. Жендеттің қолына табыс етілерден бұрын зындан күзетшісімен ананы-мынаны, өмірдің сұлулықтары, көлеңкедегі албастылар, көктегі бұлттардың ғажайып келбеті жайлы әңгіме-дүкен құрып, әлемнің аяусыздығын тәтті киялға байлағысы келген киялилар сияқты, мені шақыра келген қолбаламен достық құрғым келген, бірақ ол ешқашан күлмейтін, тұйық бала екен. Аясофия мешітінің қасынан өтіп бара жатқанда жіңішке сауырағаштардың сұр бұлтты аспанға қарай бой түзегеніне қайран қала көз тастаған сәтімде осыншама жылдан кейін Шекуремен үйленіп, одан соң өлудің қорқынышы емес, онымен бір төсекке кіріп, құмарым қанғанша сүйісе алмай, Сарайда азаптан жантәсілім етудің әділетсіздігі шошытты мені.

Мұнараларының өзі сұсты келген, арғы жағында азаптаушылар мен жылдам қимылдайтын жендеттер істерін оп-оңай тындыра салатын ортаңғы есікке емес, ағаш шеберханаларына қарай жүрдік. Қоймалардың арасынан өтіп бара жатқанымда тұмсығынан буы бүрқыраған торы аттың аяқтарының арасында, батпақта жаланып отырған мысық бізге бұрылып та қарамады. Біз сияқты мысық та өзімен-өзі әлек еді.

Қоймалардың арғы жағында қызылды-жасылды киімдеріне қарасам да, кімдер екені белгісіз екі кісі мені үн-түнсіз шабарман баладан алып, жаңадан салынғаны бөрененің иісінен белгілі болып тұрған кішкентай үйдің қараңғы бір бөлмесіне тықты, сыртымнан құлыптап тастады. Қараңғы бөлмеде қамалудың азаптаудың алдындағы шаралардың бірі екендігін білетіндігімнен, істі алдымен табаннан дүре соғу арқылы бастайтын шығар деген үмітпен, қандай өтірік ойлап тапсам осы қорлықтан құтыламын деп ойладым.

Сыртта бір топ адам жүрген сияқты, түрлі дыбыстар естіліп тұрды.

Тілімдегі көңілді мысқылға қарап азапталғалы жатқан біреуге ұқсамайтында сипатта сөйлеп отырғанымды ойлаған шығарсыңдар. Алланың жолы болғыш бір ғұлы екеніме сенетінімді айтқаным қайда сендерге?! Жылдар бойы тартқан қасіретімнен кейін, осы екі күн ішінде басыма қонған бақыт құсы мұны дәлелдей алмаса, аула қақпасынан шығып бара жатқанда тауып алған акченің бір хикметі болуы керек.

Азаптау сәтін күтіп отырғанда мені қорғайтынына ұмтыла бастаған сол акчемен жұбанып, Алланың жіберген бақыт белгісін қолыма алып, сипап, бірнеше мәрте сүйдім оны. Мені қараңғыдан шығарып, басқа бөлмеге апарған кезінде, қарсы алдымда тұрған Жасауыл басы мен тақыр бас хорват азаптаушыларды көргенде акчеміз еш пайдасы болмайтынын түсіндім. Қалтамдағы акченің Алланың жолдауы емес, екі күн бұрын Шекуреніц төбесінен төмен қарай шашқан акчелердің бірі екенін, балалардың оны байқамай қалғанын білдірген ішкі дауысым рас айтып тұр негізі. Осылайша азаптаушының қолына түскенімде сенетін ешбір қиялым, «суға кеткен тал қармайды» демекші, тіпті мұндай да болмай қалды.

Өзім де аңғармай қалыппын. Көздерімнен жас аға бастапты. Жалбарынғым келді, бірақ түсімдегідей аузымнан еш үн шықпады. Адамның бір сәтте еш құны, қозғалтқан қадірі қалмайтынын соғыстардан, өлімдерден ірі алыстан болса да біраз таныстығым бар саясаттан және азап сәттерінен білетін едім, бірақ мұны басымнан өткізіп көрмеппін. Үстімдегі киімдерді шешіндіргендей етіп, мені әлемнен шешіп алды.

Көйлегімді, кеудешемді шешті. Жендеттердің бірі үстіме мініп, тізесімен кеудемді басып тұрды. Тағы бірі басыма тамақ пісіріп жатқан әйелдің тәжірибелі, сырбаз әрекетімен темір тор кигізді де ілгегін баяу жылжыта бастады. Темір тор емес, басымның екі жағынан атауызбен қыса бастады.

Жан дауысым шыға бақырдым. Жалбарындым, бірақ түсініксіз сөздермен. Жыладым, жүйкеме салмақ түсіп кетті.

Тоқтатты, сұрады:

– Жезде мырзаны сен өлтірдің бе?

Бір сәт тыныс алдым.

– Жоқ.

Атауызды тағы бұрай бастады. Ауыртып барады.

Тағы сұрады.

– Жоқ.

– Кім?

– Білмеймін!

Өлтірдім деп айтайын ба деп ойлай бастадым. Бірақ басымның айналасында дүние жанға жайлы кейіпте айналып тұр еді... Ішімде немқұрайлылық пайда болды. Аурсынуға дағдылана бастадым ба деп сұрадым өз-өзімнен. Мен де, жендеттерім де бір сәт осылай күйде қалдық. Ешбір жерім ауырған жоқ, тек қорқып жатырмын.

Қалтамдағы акчеден мені өлтірмейтінін түсіндім, мені бірден қоя берді. Басымды шын мәнінде аз ғана мөлшерде қысқан атауыздың торынан шығарды. Үстіме мініп алған жендет орнынан тұрды. Бірақ менен кешірім сұрамақ ниетте емес еді. Көйлегімді, кеудешемді кидім.

Біраз уақыт үнсіз қалдық.

Бөлменің келесі басынан Бас нақышкер Осман мырзаны көрдім. Қасына барып, қолынан сүйдім.

Ренжіме, балам, – деді маған, – сені жай ғана сынап көрді.

Жездемнен кейін өзіме жаңа бір әкс тапқанымды бірден түсіндім.

– Падишамыз әзірге сені азаптамауды тапсырды, – деді Жасауыл басы. – Нақышкерлерін, кітап әзірлеп жатқан құлдарын өлтірген оңбаған қанішерді табу үшін Бас нақышкер Осман ұстазға жәрдемдескенің дұрыс деп тапты. Үш күн ішінде жасаған нақышты беттерге қарап, олармен сөйлесіп, әлгі сұмырайды табасыңдар. Өміршім кітаптары мен нақышкерлер жайында әлгі ірікі салушылар шығарып жүрген өсек-аяңға бола қатты ренжулі. Бұл оңбағанды табуымыз үшін Падишамыздың тапсырмасымен мен және Бас қазынашы Хазым ага сендерге көмектесеміз. Біреуің маркұм Жезде мырзаның жақынысың, оның айтқандарын тыңдаушысың, түнде келген нақышкерлердің қалай жұмыс істегенін, кітаптың хикаясын білесің. Келесі біреуің өз тобындағы барлық нақышкерлерді алақанындағыдай танитынымен мақтанған хас шебер, ұстазсың. Тек әлгі доңызды ғана емес, ол ұрлаған әрі қауесті тарап кеткен, жоғалған бетті де үш күн ішінде табуларың керек. Өділ Падишамыз азапты тергеуге алдымен, Қара, сенің алынғаныңды қалады. Содан соң кезек нақышкерлер тобының шеберлеріне келетініне біздің ешқандай күмәніміз жоқ.

Жылдар бойы қоян-қолтық қызмет етіп келе жатқан екі дос – Бас нақышкер Осман ұстаз және оған тапсырыс беріп, қазынадан керек-жарақ пен ақша бөліп келген Бас қазынашы Хазым ағаның арасында күпия ымдасуды, көзбен ұғынысуды байқамадым.

– Падишамыздың қол астында, бөлмелерінде, иелігінде, қызметкер топтарында қандай да бір қылмыс жа-

салса, сол топ қылмыскерді тауып, бізге тапсырғанға дейін тұтас топтың айыпталатынын, араларындағы қанішерді ұстап бермеген топтың бірінші кезекте басшысы, ұстазы, шеберінен бастап, барлығы қанішерлер тобы ретінде тізімге алынып, жазаланатынын барлығы біледі, – деді Жасауыл басы. – Бас нақышкеріміз Осман ұстаз осы себепті қырағы болып, қыран көздерімен барлық беттердің ұңғыл-шұңғылына үңіліп, бейкүнә нақышкерлердің бір-бірінің жағасынан алғызған шайтани қылық, айла, іріткі, бұзақылық не екенін анықтайды. Қылмыскерді жаһан әміршісі Падишамыздың айнымас әділетіне тапсырып, өзі басқаратын топты осылайша ақтап ала алады. Бұл үшін ол қалаған барлық нәрсені әкеліп бердік, қажет болса тағы да әкелеміз. Адамдарым шебер нақышкерлердің үйлерінде нақышы жасалған кітап беттерін бір-бірден жинап алып келе жатыр.

41. Осман ұстаз – менмін

Жасауыл басы мен Бас қазынашы бізге Падишамыздың бұйрықтарын қайталап, кеткен соң, бөлмеде екеуміз ғана қалдық. Азаптаудан кейін қорқыныш пен көз жасынан Қара, сөз жоқ, шаршады әрі күйініп отыр еді. Бала сияқты бұртиып, үнсіз қалды. Оны жақсы көретінімді түсіндім, бірақ ештеңе деген жоқпын.

Жасауыл басының адамдары хұснихатшылардың, шебер нақышкерлердің үйлерінен жинап алып келген беттерге қарап, нақышкерлерімнің кім екенін анықтауым үшін үш-ақ күнім бар еді. Жезде мырзаның кіта-

оз үшін жасалған және Қара өзін ақтап алу үшін Бас кітапшы Хазым ағаға алып келіп, тапсырған суреттерін алғаш көргенімде қалай тіксініп қалғанымды білесіңдер. Мойындау керек, тұтас ғұмырын осы кәсіпке берген нақышкерді осыншама тіксінтіп, жеккөрінішін оятса, онда әлгі беттерде біз көз алмай қарайтындай өрнектер болғаны. Өйткені тек қана нашар өнер үшін ол тіксінбейміз. Марқұм есалаң түн ішінде өзіне келген нақышкерлерге жасатқан тоғыз бетке осындай әуестікпен қайта қарай бастадым.

Бос қағаздың үстінде, өзге суреттер тәрізді байғұс Ариптің жақтаулары мен тәзхибінің ішінен бір ағаш көрдім. Қай хикаяның қандай мәжілісінен шыққанын ешме түсіруге тырыстым. Менің нақышкерлерім – сүйікті Көбелек, ақылды Ләйлек және айлакер Зәйтүнге бір ағаштың суретін салыңдар десем, алдымен бұл ағашты бір хикаяның бөлшегі ретінде елестетеді де, ол суретті алаңсыз сала береді. Ол ағашқа мұқият қарасам, бұтақтары мен жапырақтарына үңілсем, нақышкердің қайсысы қиялдағанын айтып бере аламын. Бірақ бұл жападан-жалғыз қалған ағаш еді, оның арғы жағында байғұсты тіптен жалғызсыратып көрсеткен және Шираздың ең көне шеберлерінің стильдерін еске түсіретін, әбден биіктетілген көкжиек сызығы бар еді. Көкжиек сызығы биіктегендіктен, ортада үлкен кеңістік болған, ал онда ағаштан өзге ештеңе жоқ. Осылайша франк шеберлері жасайтындай бір ағаштың суретін ағаш болғаны үшін салу тілегі мен парсылық шеберлердің әлемді жоғарыдан бақылау тілегі бір-бірімен араласып, не франк, не парсы бола алмаған қасіретті бір сурет пайда болыпты. «Дүние аяқталған жердегі ағын осындай болса керек», – дегім келді өз-

өзіме. Алайда екі бөлек стильді біріктіруге ұмтылғанда менің нақышкерлерім мен маркұмның таяз ақылы өнерден мақұрым бірдеңе жасапты. Суреттің екі әлемнен қоректенуі емес, осынау бір олақтық, өнерсіздік күйіндірді мені.

Өзге суреттерге, қиял-ғажайып әлемнен келгендей сипаттағы кіршіксіз атқа, басын иген әйелге қарап тұрып сезіндім мұны. Тақырып таңдауы, мына екі диуана немесе шайтан да жыныма тиіп-ақ тұр. Падишамыздың кітабына бұл суреттерді менің нақышкерлерім қосқаны анық. Кітап аяқталмай тұрып, Жезденің жанын алғаны үшін Алланың құдіретіне тағы бір мәрте бас идім. Менің бұл кітапты аяқтағым да келмейді.

Бізге, біздің бауырымыздай, тура тұмсығымыздың алдында қарап тұрған, бірақ жоғарыда салынған мына ит суретіне ашуланбауым мүмкін бе еді, а? Себебі иттің тұрысындағы тұрпайылыққа, басын төмен салған сәтінің өзінде көзінің қырымен бізге кектене қарағаның әдемілігіне, тістерінің аппақтығындағы зорлыққа, қысқасы бұл суретті салған нақышкерлердің (суретке қарап қандай шеберлердің қылқаламы тигенін болжауға шақ қалған едім) өнеріне бір жағынан қайран қалсам, екінші жағынан осы өнерді түсініксіз бір еріктің парықсыз қисынына қызмет етуге пайдалануды кешіре алмадым. Франк шеберлеріне ұқсауға тырысу, тіпті Падишамыздың Дожға сыйлық ретінде жасатып жатқан кітабын венециялық түсінетіндей стильде даярлауға бұйрық беруі де осы суреттегі қылымсуды кешіре алмайды.

Бір суреттен шебер нақышкерлердің әрқайсысының әр бұрышқа қол тигізгенін бірден байқадым, ондағы қызыл түс сүйсіндіргенімен қорқытты мені. Суретке

ом екені белгісіз біреу құпия қисынның әмірімен өз-ше кейіпте қызыл түс енгізіпті, сурет көрсетіп тұрған ағаш қырмызыға бөленіпті. Бір сәт Қараға тобыр суретінен картинадағы шынар ағашының (Ләйлек), кемерлер мен үйлердің (Зәйтүн), батпырауық пен гүлдердің (Кобелек) қай нақышкердің қолынан шыққанын айтып бердім.

Сіздей ұзақ жылдар бойы нақышкерлер бөліміне жетекшілік жасаған ұстаз, шебер нақышкер әлбетте нақышкерлердің әрқайсысының өнерін, қаламының қуаты мен қылқаламының мінезін тани алады, – деді Кара. – Бірақ Жездем сияқты әпенділсу кітапқұмарлық, нақышкерлерді жаңа әрі ешкім сырын білмейтін стильдермен сурет салуға мәжбүрлеген кезде нақышкерлеріңізді қалай танисыз, кімнің қай нақышты жасағанын қалайша сенімді түрде айта аласыз?

Баяғыда Исфахан қаласындағы қамалда жалғыз өмір сүретін, кітапқұмар, нақышқұмар бір падиша болыпты, – деп бір хикаямен жауап бердім. – Күш-қуаты толысқан, құдіретті, ақылды бірақ аяушылық дегенді білмейтін билеуші екен бұл. Суретін салғызып, әдейі жасататын кітаптары мен жалғыз қызынан басқаны ұнатпапты. Қызын жақсы көретіні сонша, дұшпандары оның өз қызына ғашық екенін айтатын көрінеді. Негізі ол да мүмкін болса керек. Көрші шахзадалар, шахтар елшілер жіберіп, қызын айттырмақ болғанда, оларға қарсы соғыс ашатындай өркөкірек әрі қызғаншақ екен. Әрине, қызына лайық ешкандай күйеу таппай, қызын қырық құлыбы бар, қырық бөлменің ең түпкіріндегісіне жасырыпты. Өйткені Исфаханда тараған бір ырымға бола солай жасапты. Әлгі ырым бойынша қызының жүзін басқа еркек көрер болса сұлулығы со-

лып қалады-мыс. Күндердің күнінде өзі даярлатқан. Хұсрау мен Шырын хикаясы жазылып, Герат стилімен нақышы жасалған бір кітап аяқталғанда Исфаханға бір өсек тарапты: кітап беттерінің арасындағы бір топ адам салынған картинада көрінген жүзі солғын сұлу қызганшақ падишаның қызы екен! Бұл өсекті естімей тұрып-ақ осынау сиқырлы суреттен күдіктенген падиша, қауесет тараған соң дірілдеген қолдарымен кітаптың беттерін ашқан кезде қызының сұлулығы суретке салынғанын бірден байқап, көз жасына ерік беріпті. Әңгімелерге сенсек, падишаның бөлмелеріне қырық құлып салып, қамап қойған қызының өзі емес, сұлулығы еріккен аруақтар сияқты бір түні бөлмелерден шығып, айналарға шағылысып, есіктің саңылауынан, құлыптың тесіктерінен өтіп, түні бойы көз ілмей жұмыс істейтін нақышкерлердің біреуінің көзіне дейін тура нұр сияқты болып жеткен екен. Жас әрі шебер нақышкер көзінің жауын алған осынау сұлулықты сол кезде салып жатқан суреттің бір бұрышына шыдай алмай сызып жіберіпті. Шырынның нөкер қыздарымен серуендеп жүрген кезінде Хұсраудың суретіне ғашық болатын сәтін көрсететін картина екен бұл.

– Ұстазым, қандай сәйкестік, – деді Қара. – Өйткені сол аңыздың әлгі мәжілісін біз де қатты ұнатамыз.

– Бұлардың бәрі аңыз емес, болған оқиғалар, – дедім. – Тыңда: нақышкеріміз падишаның қызын сұлу Шырын ретінде емес, Шырынға көмектесіп жүрген, ұд тартып, дастархан жайған нөкер қыздардың бірі ретінде салыпты. Себебі сол сәтте нөкер қыздардың суретін салып отырыпты. Осылайша Шырынның көріктілігі шеткері тұрған нөкер қыздың сұлулығына жетпей қалып, суреттің сипаты, ішіндегі тепе-теңді-

[illegible] ашуы [illegible]ыпты. Падиша суреттен өз қызын көргенде ашуы [illegible]ған өнерпаз нақышкерді тауып алғысы келіпті. Уайда айлалы нақышкер падишаның ашуынан [illegible]ып [illegible]ндықтан, нөкер қыз бен падиша қызының суретін [illegible] стилімен емес, жаңа бір әдіспен, бөтен стильмен [illegible]ып, суретті салған адамның кім екенін білдірмей [illegible]ыпты. Оның үстіне ол суретке өзге нақышкерлердің [illegible]амдары тиіп, өнерлері тамса керек.

Сонда падиша қызының суретін салған нақышкерлердің кім екенін қалай анықтапты?

Құлақтарына қарап!

Құлақтарына қарап деймісіз? Қыздың ба, қыздың суретінің бе?

Іс жүзінде екеуіне де қарамапты. Алдымен ішкі [illegible]ыпкпен, өз нақышкерлері жасаған барлық кітаптарды, парақтарды, суреттерді ашып, алдына жайып [illegible]ыпты, кейіпкерлердің құлақтарына қарапты. Талай [illegible]ан бері білетін нәрсесін тағы көріпті. Қаншалықты өнерлі болса да нақышкерлердің әрқайсысы құлақтарды өз қалауларымен сызады. Сызған бейне падишаның жүзі, бір баланың беті, сарбаздың келбеті, [illegible]ыпты Құдай сақтасын, Пайғамбарымыз хазіретінің пердесі артында жасырынған жүзі болса да, тіпті шайтанның беті болса да бұл өзгермейді екен. Әр нақышкер әр суретінде, әр оқиғада өзінің күпия қолтаңбасы тәрізді құлақтарды бірдей қылып салады екен.

Неге?

Шебер нақышкерлер адамның бетінің пішінін [illegible]ылып отырғанда бар назарын соған аударып, келбеттің біреудікіне ұқсауын немесе ұқсамауын, ескі кітаптардағы үлгілерге сай келу-келмеуіне мән береді. Содан соң кезек құлаққа келгенде оны өзге нақышкер-

лерден ұрлайды немесе дайын бір қалыпты көшіре салады, не шын құлаққа қарайды. Құлақтың суретін салғанда ешқашан ойланбайды. Жандарына жақын тартпайды, себебі сызып отырған дүниесін дұрыс бағаламайды. Осылайша қаламдары жаттап алған көріністерді салып береді.

– Бірақ ұлы шеберлер онсыз да барлық таңғажайып туындыларын аттарға, ағаштарға, адамдарға еш қарамастан жадынан, жатқа сызғандай жасамай ма? – деді Қара.

– Дұрыс айтасың, – дедім мен, – бірақ бұлар жылдар бойы тек соларды ойлаудың, ұзақ уақыт жаттығудың, даярланудың, бас ауыртудың нәтижесінде санада жатталған бейнелер. Өмірлерінде талай аттың суреті мен аттың өзін көргендіктен, алдарындағы тірі тұрған соңғы аттың керемет аттың бейнесіне зардабын тигізуі мүмкін екенін жақсы біледі олар. Ғұмыр бойы ондаған мың аттың суретін салған шебер нақышкердің қаламы ақыр соңында Алланың назарындағы ат бейнесіне жақындайды, мұны нақышкер өз рухы мен тәжірибесі арқылы біледі. Қолдың бір сәтте жатқа салған ат суреті өнер, азап және терең білім арқылы сызылған әрі Алланың жылқысына ұқсайтын жануар. Бірақ қолы ешқандай білім жинамастан, не істеп жүргенін білмей, ойланбастан әрекет жасағанда, Падиша қызының құлағына да назар аудармастан сыза салған құлақта кемшілік болады. Кемшілігі болатындықтан бұл әр нақышкерде әр түрлі болады. Яғни бұл дегенің – қолтаңба.

Тасыр-тұсыр еткен бір дыбыстар шықты. Жасауыл басының адамдары бұрынғы нақышхана бөлмесіне хұснихатшылар мен нақышкерлердің үйлерінен жинап әкелген беттерді қойып жатыр еді.

Іс жүзінде құлақ онсыз да адамның бір кемшілігі [illegible] дедім Қараның күлімсірегенін тілеп, – баршаның [illegible] бір-бірінен бөлек, сөйте тұра бәрі бірдей дүние – [illegible] Өзі бір ұсқынсыз зат.

Құлақты қолтаңба қылғаны үшін қолға түскен нақышкердің басына қандай күн туыпты?

Көзін ойып тастапты, – демедім Қараға, тіптен [illegible] батпасын деп, – Падишаның қызына үйленіпті, [illegible] дедім. – Сол күннен бері нақышкерлерді анықтау үшін қолданылатын осы тәсіл, көптеген нақышхана шеберлері хандар, шахтар, падишалар арасында «нөкер [illegible] тәсілі» деген атпен белгілі, бірақ құпия сақталады. Өйткені нақышкерлер бір сурет салып, нақыш жасап, кейін оны жасағандарын мойындамай қойса кім кінәлі екенін анықтау үшін керек бұл. Мәселенің мәні суреттің жүрегінен орын алмаған, мән берілмейтін және асығыс салынған әрі үнемі қайталанатын ерекшеліктерді табуда жатыр. Бұлар: құлақтар, қолдар, шөптер, жапырақтар немесе аттардың жалы немесе аяқтары, тұяқтары да болуы мүмкін. Бірақ осы ерекшелік өзінің қолтаңбасына айналғанын суретші білмеуі де мүмкін. Мысалы, мұртты пайдалануға болмайды, өйткені көптеген суретті мұрттарды өз қалаулары бойынша салатындарынан хабардар және мұрт суретінің жартылай ашық қолтаңба екенін біледі. Алайда қастар қолтаңба бола алуы мүмкін, себебі оларға ешкім назар аудармайды. Ал енді бері кел, марқұм Жезденің суреттеріне қылқаламдары, қаламдары тиген жас шеберлер кімдер екен, көрейік.

Осылайша біреуі жасырын, біреуі ашық жасалып жатқан, хикаялары мен тақырыптары бөлек, нақышының жасалу стильдері де бөлек екі кітаптың, марқұм

Жезденің кітабы мен өзімнің бақылауыммен нақышы жасалып жатқан Шахзадамыздың сүндет тойын жырлайтын Сурнаманың беттерін қатар-қатар етіп қойдық және менің линзам барған жерлерге Қара екеуміз мүкият зер салдық.

1. Алдымен Сурнаме бетінде, салтанатты шеруді тек қана осы шараға бола тұрғызылған ордасының самалдығынан тамашалап отырған Падишамыздың алдынан өтіп бара жатқан тері-терсек саудагерлерінің арасындағы қызыл шапанды, күлгін белбеулі тері илеуші шебердің құшағындағы түлкі тұлыбының аузына назар аудардық. Түлкінің бізге байқалып тұрған тістері мен Жезденің шайтан суретіндегі, сонау Самарқандтан келді делінетін жартылай шайтан, жартылай дәу, қорқынышты құбыжықтың тістері бір қолдан, Зәйтүннің қаламынан шыққан.

2. Той салтанатының думанды күндерінің бірінде Падишамыздың Ат Майданы алаңына қараған терезесінің түбіне киімдері жыртылған, кедей майдангер-қазылар келген еді. Араларынан біреуі:

– Падишам, біз сіздің қаһарман әскеріңіздің қатарында кәпірлермен дін үшін соғысып жүргенде дұшпанның қолына түстік, олардан тек жақындарымызды, бауырларымызды кепілге қалдырып, күн төлеуге ақша іздеу үшін босап шықтық. Бірақ Ыстамбулға келсек, мұнда барлық нәрсе қымбаттап кетіпті де, қазір біз кәпірдің қолында аманатта қалған жақындарымызда күткарып алуға қажет ақшаны жинай алмай жатырмыз, сол себепті сіздің жәрдемінізге мұқтажбыз. Бізге не алтын беріңіз, болмаса тұтқын беріңіз, апарып аманатта қалған бауырларымызға айырбастап, оларды күткарып алайық, – дейді.

Міне, дәл осы кезде Падишамызды, байғұс кедей [illegible]арымызды және алаңдағы парсы, татар елшілерін [illegible] көзімен бақылап жатқан, бұрыштағы жалқау [illegible] аяғындағы тырнақтар мен Жезденің кітабында, [illegible] серуенін көрсететін мәжілістің бұрышындағы [illegible] тырнақтары, сөз жоқ, бір қаламнан, Ләйлектің [illegible]нан шыққа керек.

3. Падишамыздың алдында өнер көрсетіп, жіппен [illegible]ріп, тақтайдың үстімен жұмыртқа домалатып, [illegible]арындағы нәрселерді аспанға атып, қайта қағып [illegible], сайқымазақ киімін киген өнерпаздардың ара[illegible]да тақыр бас, күлгін желекті, балтыры ашық біреу [illegible]керіде кілем үстінде отырып, даңғырасын ұрып [illegible]ырғанда, оның саусақтары Жезденің кітабындағы [illegible] суреттегі табақ ұстаған қатынның саусақта[illegible]нан айнымайтын еді (Зәйтүн).

4. Падишамыздың алдынан жұрт итеріп өткізіп [illegible]ара жатқан үлкен арбаның үстіне орналастырылған [illegible]ақта тұрған үлкен қазандағы етті, пиязды сірнені [illegible]сіріп жатқан аспаздар бөлімінің, табақ көтерген ше[illegible]ер аспаздардың аяғы тиген қызғылт топырақтың көк [illegible]тары мен Жезденің «Өлім» деген суретіндегі жар[illegible]ылай әруақ тәрізді нәрсенің үстіне баспастан, қалқы[illegible]ландай болып жүріп өткен күрең топырақтың қызыл [illegible]тары бір қолдан шыққандай еді (Көбелек).

5. Әлемнің қамқоршысы ұлы Падишамызға ма[illegible]дақ айтып, Парсы шахының оған дос екенін, Падишамызды бауырындай көргеніне басқа ешқандай ойы жоқ екенін үнемі айтатын парсылық елшінің әдемі сарайы Шах әскерінің Османлыға жаңа бір жорық жасау үшін даярлық жасауға кіріскені жөніндегі хабарды татар шабармандар алып келген кезде, бір сәтте

жермен-жексен етіліп күрелгені, осынау апалаң-топалаң кезінде «Ат Майданында» көтерілген шаңды басу үшін су тасушылар жүгірісіп, елшіге шабуылдамақ болған топтың үстіне зығыр майын төгіп, тыныштандыруға тері торсық арқалаған адамдар да жеткен-ді. Су тасушылар мен зығыр майы толған торсықтарды тасып жүрген адамдардың жүгіріп жүргенде аяқтарын көтеруі мен қызыл салынған бетте жүгіріп бара жатқан әскерлердің аяқтарын көтеруі бір қолдан шыққан туынды (Көбелек).

Осынау соңғы ерекшелікті қолымдағы линзаны оңға-солға, бір суреттен екінші суретке апарып, із кескен мен емес, азап қорқынышы мен үйде күтіп отырған әйеліне қауышар үмітпен көздері жайнаған Қара анықтады. «Нөкер қыз» тәсілімен марқұм Жездесінен қалған тоғыз сурет пен оларға іздерін қалдырған нақышкерлеріміздің кімдер екенін анықтау, одан соң осы көрген-білгендерімізді жорып, ой қорытамыз деп отырғанда түс ауып та кетті.

Қараның марқұм Жездесі ешбір бетті бір ғана нақышкердің қылқаламы мен өнеріне қалдырмапты, шебер нақышкерлерімнің үшеуі де суреттердің барлығына қол тигізген екен. Бұл жағдай суретттердің үйден үйге барғаны, оны әрлі-берлі тасудың мол болғанын көрсетіп тұр. Мен танитын нақышкерлерден бөлек, суреттерге бесінші адамның қолы тиіп, тұрпайылау із қалдырғанын аңғарған кезде оңбаған қанішердің осыншама қабілетсіздігін ойлап, ызаланып тұр едім, Қара мұқият жағылған бояудан Жездесін таныды да, қате жолға түсуден құтылдық. Сурнамеміз үшін жасаған тәзхибтерінің тура көшірмесін Жезденің кітабы үшін де әзірлеген (әрине, ренжідім бұған), қабырғаларға,

жапырақтарға, бұлттарға қылқаламы анда-санда ғана тиген байғұс Зариф Ефендіні қоспасақ, осы суреттерге нақышкерлер бөлімінен тек ең шебер үш нақышкер ғана атсалысқаны белгілі болды. Бұлар шәкірт кездерінен бері мен жақсы көрген, сүйіспеншілікпен баулып, өсірген, баламдай болып кеткен үш өнерпаз еді: Зәйтүн, Көбелек, Ләйлек.

Іздеген нәрсемізді табуымызға жәрдемі тиер деп орқайсысының өнері, шеберлігі мен мінезі туралы айту, тек олар туралы емес, менің өз өмірім жайында да баяндағаным еді.

Зәйтүннің сипаттары

Шын есімі Уәлижан еді, мен қойғаннан басқа лақап аты бар ма, жоқ па білмеймін, өйткені қандай да бір жерге қолтаңба қалдырғанын көрмеппін. Оқушы кезінде сейсенбі күні таңертең мені үйден ертіп кететін. Өте маңғаз еді, бұл да қолтаңба қоятындай деңгейде өзін төмен санай алатын болса, онда өзінің көзге түскеніне әрі жұртқа танылғанын қалайды, қалдырған қолтаңбасын жасырғысы келмейді дегенді білдіреді. Алла оған зор қабілет берген-ді. Тәзхибтен бастап сызғыш тартуға дейін, қолынан барлық нәрсе келеді және ең жақсысын осы шебер жасайтын. Ағаш, хайуан мен адам жүзін салғанда нақышханада оған тең келер ешкім жоқ. Уәлижанды, қателеспесем, он жасында Ыстамбұлға әкелген әкесі – Сефеви шахының Тебриздегі нақышханасының атақты пішін суретшісі Сияуыштың тәрбиелеген шәкірті әрі ұстаздарының әулеті моңғолдарға кетіп кетеді. Нақыш өнеріне моңғол-қытай ықпалын әкелген, Самарқан, Бұхара мен Гератты мекен қылған

жүз елу жыл бұрынғы қарт ұстаздары сияқты жас ғашықтарды қытайлықтар сияқты ай жүзді қылып сызады. Шәкірт кезінде де, шебер болған соң да, мінезі тұйықтау келген осынау нақышкерді аяғына дейін түсіне алмаған едім. Рухының тұңғиығында жасырған моңғол-қытай-герат шеберлерінің стильдері мен мысалдарының сыртқа шығуын, тіпті қажет болса оларды ұмытқанын қаладым. Мұны оған айтқанымда, нақышхана мен мемлекет ауыстырған көптеген нақышкерлер сияқты, онсыз да әлгі стильдерді ұмытқанын, егер түп негізіне үнілер болса, ол стильдерді ешқашан үйренбегенін айтатын. Көптеген нақышкерлер жадтарында сақталған сол бір таңғажайып стильдер үшін қымбат бізге, алайда Уәлижан оларды ұмытқан болса тіптен ұлы нақышкерге айналар еді. Ұстаздарынан үйренгендерін рухының түбіне қашып құтылмас бір күнә тәрізді сақтауының өзі де аңғармайтын екі пайдасы бар:

1. Осылайша оған қабілетті нақышкердің өнеріне байсалдылық беретін айыптылық пен өзін жат сезімді береді.

2. Ұмыттым деген нәрсесін жаны қысылғанда есіне түсіре алады да көне ат суреттерінің қалыптарының бірін қолданып, жаңа тақырыптың, жаңа тарихтың, бізге таңсық мәжілісті тамаша етіп салып бере алады. Көзі жақсы көретіндіктен ескі әдістен, Шах Тахмастың көне шеберлерінен үйренгендерін жаңа суретке тамаша үйлестіруді біледі. Оның қолында Герат суреті мен Ыстамбул нақышы үйлесіп, бір-бірімен қауышады.

Барлық нақышкерлеріме жасайтынымдай, алдын ала хабар айтпастан үйіне аяқ астынан бара қалғаным бар бірде. Маған да, көптеген шебер нақышкерлерге де ұқсамайтын бір тұсы – өзі отырып жұмыс істейтін

Фрилстан-кестен, бояулары, қылқаламдары, мөрлері, сүрлісі, қысқасы барлық заты бір-бірімен араласқан, ортоқрекет шашылған екен. Мен үшін бұл – жұмбақ. Ал бұл жағдайдан ол тіптен қысылып-қымтырылмады. Оның үстіне төрт-бес акче артығырақ табу үшін оларға қосымша жұмыс істейтіні де айтылатын. Мен осы жайларды сөз еткенімде Қара марқұм Жезденің фрлнк шеберлері стильдеріне бәрінен бұрын Зәйтүн қызыққанын айтты. Ал марқұм есалаң үшін бұл мақтаныш екенін түсіндім. Қате анықтама екенін де ұқтым. Әкесінің ұстазы Сияуыштан және оның ұстазы Мұзаффардан жеткен Герат стильдеріне, Бекзат өмір сүрген заманға және көне шеберлерге бауыр басып, оларға адалдығын, рухани тұрғыда сол дәуірлерге байланып қалғанын білуім, маған Зәйтүнде құпия дүниелер бар екенін аңғартатын. Нақышкерлерімнің ең түйнығы, үнсізі, ең арамзасы, ең айлакері, қылмыскері (осыларды іштей айтып шықтым) осы еді. Жасауыл басының азаптауы дегенде алдымен есіме ол түседі (Бір жағынан азапталмаса екен деймін, бір жағынан адам тартса деген тілегім де бар). Көздері жынның көзіндей, көрмейтіні жоқ, барлық нәрсені білім қояды, менің кемшіліктерімді де аңғарады, бірақ әр жүрекке жол табатын дәруіштің ықтиятымен аузын ашып қателерімізді айтатыны бар.

Қу адам, бірақ, менінше, ол қанішер болмауы тиіс (Мұны Қараға айтқаным жоқ). Өйткені ештеңеге иланбайды. Ақшаға да сенбейді, бірақ қорқақтықпен жиналады оны. Ал іс жүзінде барлық қанішер-қылмыскерлер жұрт ойлағандай имансыздардан, сенімсіздерден емес, сенімі кәміл адамдардан шығады. Нақышкерлік суретшілікке, суретшілік болса, құдай сақтасын, Ал-

лаға қарсы ашылған майданға апарар бір қақпа ғой, мұны бәрі біледі. Осындай мендегі сенімсіздіктің салдарынан Зәйтүн шынайы бір суретші. Бірақ қазір оның қарым-қабілетінің Көбелектен, тіпті Ләйлектен де төмен екенін ойлап отырмын. Зәйтүннің өз ұлым болғанын қалайтын едім. Мұны айтып отырғанда, Қара Зәйтүнді қызғансын деп едім, алайда Қара көздерін мөлдіретіп балаша қарады маған.

Сол сәтте оған Зәйтүннің қара қалам тәсілімен жұмыс істеп отырғанда мураккалардың ішіндегі сарбаз, аңшы суреттері, қытайлықтар сияқты ләйлегі, тырнасы қонақтаған келісті ағаштың астында отырып өлең оқыған, ұд тартқан сымбатты бозбалалардың суретін салғанда, аңызға айналған ғашықтардың қасіретін, қолында қылышы бар ашулы шахтың қаһарын, бір айдаһардың шабуылынан қорғанған қаһарманның жүзіндегі қорқынышты сызуда теңдессіз екенін айттым.

– Бәлкім, Падишамыздың жүзі, отырысы франктердің стилі сияқты бүге-шігесімен салынатын соңғы суретті оған жасатпақ болған шығар, – деді Қара.

Мені жаңылтқысы келіп тұрғаны ма мұның?

– Олай болса Жездені өлтіргеннен кейін, онсыз да өзі білетін суретті Зәйтүн неге алып кетеді? – дедім. – Әлде сол суретті көру үшін Жездені өлтірді ме?

Бір сәт екеуміз де ойланып қалдық.

– Ол суретте бір кемшілік бар болғандықтан, – деді Қара. – Әлде бірдеңеге өкініп, қорыққаны үшін бе екен, әлде...

Біраз ойланды.

– Байғұс Жездені өлтіргеннен кейін оған бір зиян келтіру, бір естелік зат алу, тіпті ешбір себепсіз, қиратып-күрту үшін де алуы мүмкін ғой ол суретті? Зәйтүн

шебер нақышкер әрі әдемі суретке сөз жоқ құрмет көрсетеді.

Зойтүннің ұлы нақышкер екенін айттық, – дедім ашуланып, – Алайда Жезденің бұл суреттерінің ешбір әдемілігі жоқ.

Соңғысын көрмедік әлі, – деді Қара батылдықпен.

Көбелектің сипаты

Барутханалық Хасан Челеби деген адам мен үшін әрқашан Көбелек еді. Бұл ат оның әдемі балалық шағын, жас кезін есіме түсіреді. Көргендер көздеріне сене алмай, қайта бір қарайтындай сымбатты жан. Үнемі оған таңданып, керемет деп ұғамын оны. Сымбаттылығымен қатар, қабілетті де. Түстердің хас шебері, ең мықты түсы осы, түстерді таңдау, түрлі түсті бояуды жағуға деген құмарлығы уақыт өте махаббатпен нақыш жасауға айналғандай. Бірақ ұшқалақтау, мақсатсыз әрі жігерсіздеу екенін де Қараға айта салдым. Әділ болғысы келетінін де қосып қойдым. Нақышты шын жүректен жасайтын хас нақышкер ол. Егер нақыш ақыл үшін, шіміздегі хайуанға тіл қату үшін немесе Падишаның мақтанышын оқу үшін емес, қос жанардың қуанышы үшін жасалуы керек болса Көбелек – нағыз нақышкер. Қырық жыл бұрынғы Казвиндегі шеберлерден дәріс алғандай кең, рахат, бақытты кейіпте ширатылған сызықтар сызады, жарық, қоспасыз түстерді жігерлі түрде қолданады әрі суреттің жасырын низамында көрінісі үнемі домалақ болады, бірақ оны сүйектері құрап қалған казвиндік ұстаздар емес, мен оқыттым, мен баулыдым. Бәлкім, осы себептен де шығар, оны ұлымдай, тіпті ұлымнан да жақсы көремін, бірақ оған

ешқашан қайран қалған емеспін. Бала кезінде және жасөспірім шағында барлық шәкірттерім сияқты қаламның сабымен, сызғышпен, тіпті таяқпен талай ұрғам, сабағам оны, бірақ оны құрметтемеуім осыған байланысты емес. Өйткені Ләйлекті де сызғышпен көп ұрып, ол менен көп таяқ жеген, алайда оны құрметтеймін. Ұстазының таяғы жас шәкірттің ішіндегі өнер жындары мен шайтанды жұрт ойлағандай тұтас кісендеп тастай алмайды. Тек олардың меселін ғана қайтарады. Егер ол жақсы әрі дұрыс таяқ болса, жындар мен шайтан жетіліп келе жатқан нақышкерді жұмыс істеуге итермелейді. Көбелектің жеген таяқтары оны бақытты әрі көнбіс нақышкер қылып еді.

Дегенмен оны Қараға мақтауым керек екендігін де түсіндім.

– Көбелектің нақышы, шайырлар мәснәуилерінде сұрайтын бақыттың суретін тек Алла түр-түстері арқылы ғана салуға болатынына нақты дәлел болады, – дедім.

Мұны түсінген кезде Көбелекте қандай кемшілік бар екенін өзім де түйсінген едім. Джамидің өлеңінде «Рухтың қараңғы түні» дейтін сол бір имансыздық, сенімсіздік сәті жоқ онда. Жұмақта, бақытты кезінде сурет салған бір нақышкер тәрізді иланып, қуанышпен өн бойы бақытқа тұнып тұрған сурет салатынына сенетін, осы сеніммен жұмысын бастап, бақытты картинаны да салып шығар еді. Қалың қолымыздың Доппио қамалын қоршауы, Мажар елшісінің Падишамыздың аяғын сүюі, Пайғамбарымыздың пыраққа мініп жеті қат көкке көтерілуі... Бұлар сөз жоқ, онсыз да қуанышты, бақытты оқиғалар, алайда Көбеліктің қолымен осы оқиғалардың суреті салынғанда, олар кітап бетінен қа-

[illegible] ұшып кететін таңғажайып, салтанатты сәтке [illegible] сала береді. Менің тапсырмаммен салған бір [illegible] олімнің түнегі, не болмаса Диуан кеңесінің [illegible] дылығы байқалып тұрса, мен Көбелекке: «Қа[illegible]ша жарқыратып, өң берші!» – деймін, осылайша [illegible] олі топырақ себілгендей тілсіз тұрған көйлек[illegible] тегі, жапырақтар, байрақтар, теңіздер бір сәтте [illegible] желмен тербеліп, толқып шыға келеді. Кейде [illegible] Тағала бұл дуние Көбелектің нақышындай бо[illegible] корілгенін қалайтын болар, ғұмырдың өзі той-ду[illegible] болуы керектігін бұйырған шығар деп ойлаймын. [illegible] тер өзара үйлесіммен бір-біріне ғажайып өлеңдер [illegible] тын, уақыт тоқтаған, шайтанның аяғы жетпеген бір [illegible] ем той бұл.

Бірақ мұның кемшілік екенін Көбелектің өзі де [illegible] еді. Біреулер оған (әрине, олардікі жөн) оның на[illegible] шында әр нәрсенің мейрам күндеріндегідей қуа[illegible] шты болатынын, бірақ тереңдігі жоқ екенін ай[illegible] шты. Оның суреттерінен бала шахзадалар мен бір [illegible] ғы көрде, бір аяғы жерде жүрген гаремнің алжыған [illegible] кемпірлері ләззат алады. Жамандықпен бетпе-бет ке[illegible] піп, бірсудің аяғынан шалуға мәжбүр болған адамдарға [illegible] әсер етпейді ол суреттер. Өзі жайлы айтылып жүрген [illegible] осынау өсекті жақсы білетіндіктен, байғұс Көбелек [illegible] кейде нақыштарында тек шайтандар мен жындар бол[illegible] таны үшін қабілеті өзінен әлдеқайда нашар, орашолақ [illegible] нақышкерлерге қызғанышпен қарайды. Ал шын мәнін[illegible] де оның шайтан мен жын деп ойлап жүрген дүниелер [illegible] жалаң қызғаныш пен жамандық қана.

Салған суретін нақышқа айналдырар кезде сол бір таңғажайып әлемнің ішінде адасып, соған қуанудың орнына, жасаған нақышының өзгелерге ұнайтынын

киялдап, сол үшін өзін бақытты сезінеді деп оған ашуланамын. Тіпті алатын ақшасын ойлайтын шығар деп те ыза болғам оған. Өмірдің басқа бір тәлкегі мынау: Оған қарағанда қабілетсіз, істің ебін білмейтін талай нақышкер бар, бірақ олар нақыш жасағанда туындыларына толығымен беріле алады.

Осы кемшіліктерін жоюға деген мұқтаждық Көбелекті өзін нақыш жолында құрбан еткенін дәлелдеу дертіне шалдықтырған. Тырнақтың, күріш дәніне жалаң көзбен көрінбейтін суреттер салған тауық милы нақышкерлер сияқты, кішкентай етіп, нәзік сызықтармен жұмыс істеуге құмартатыны бар еді. «Көп нақышкерді жас кездерінде соқыр қылған осынау құмарлыққа Алланың өзіне артығымен берген қабілетінен ұялғаның үшін берілдің бе?» – деп сұрағанмын бірде. Күріш дәніне салған ағаштың барлық жапырақтарын бір-бірден сызып шығу сияқты әуестікке қабілетсіз нақышкерлер тез арада атақ-даңқ жинау үшін және ақымақ мырзалардың, байлардың көзіне түсу үшін үйір болады.

Нақыш пен суретті өз көзі үшін емес, басқалардың көздері үшін жасауы, өзі ақыры жеңе алмаған жұртқа ұнауға деген мұқтаждық Көбелекті баршаның ілтипатына құл қылып тынған. Қорқақ Көбелек осы себепті өзін қорғау үшін бас нақышкер де болғысы келеді. Мұны маған Қара айтты.

– Иә, – дедім, – мен өлген соң орныма отыру үшін түрлі қулық-сұмдық ұйымдастырып жүргенін білемін.

– Осы себепті нақышкер бауырын өлтіре ала ма?

– Өлтіре алады. Өйткені ұлы шебер ол, алайда мұны өзі білмейді және нақыш жасағанда бұл әлемді ұмыта алмайды.

Осы жайды айтуын айтқаныммен, өзімнен кейін шақыпхананы Көбелектің басқарғанын қалайтынымды аңғардым. Зәйтүнге сене алмаймын, Ләйлек болса, түптің-түбінде өзі аңғармастан франк стиліне еріп, оны жақтаушылардың қолбаласына айналып кетері анық. Біреуді өлтіре алады-ау деп ойлағаным үшін шиеті мұнайсам да, Көбелектің адамға ұнау ниеті, бір шақыпхананы және Падишаны бір мезгілде басқару үшін де керек екенін білетінмін. Франк кардиналдары, конірлері, қайықтары, шырағдандары, шіркеулері мен ат қоралары, өгіздері мен доңғалақтары, бір сөзбен айтқанда барлығын да Алланың назарында бірдей ескілді етіп бейнелеп, көлеңкелерін де қоса, барлық ұшыл-шұңғылына дейін сызып, сурет емес ақиқат тәрізді корсетіп, қараған адамды арбап алу өнеріне тек Көбелектің сезімталдығы мен түстерге деген сенімі ғана қарсы тура алады.

Өзге нақышкерлеріңізге жасағаныңыздай, оның үйінде де аяқастынан кіріп барған кезіңіз болды ма?

Көбелектің суреттерін көрген жан оның жүрекпен сүю мен мұнаюды жақсы білетінін, ғашықтықтың құпының не екенін салған бетте түсінетінін сезеді. Алайда барлық ренсүйерлер сияқты хауас желіне ілеседі де, онай құбылады. Алланың оған берген керемет өнері мен рендерге сезімталдығын өте жақсы көретінінімнен жас кезінде жақыннан бақылады оны, әр нәрсесін білемін. Әрине, мұндай жағдайларда өзге нақышкерлер бірден іштарлық жасай бастайды да, ұстаз-шәкірт байланысы қиындап, араға сызат түседі. Көбелектің өзгелердің не айтарына ешқашан пысқырып та қарамаған, өсектен сескенбеген махаббат хикаялары болған. Кейінірек махалла дүкеншісінің сұлу қызына

үйленгеннен кейін оған баруға мұршам болмады, әрі қаламадым.

– Ерзұрымдық Хожаның жақтастарымен араласып-құраласатыны айтылып жүр, – деді Қара. – Аспаздан сиқыршыға, тариқат мүшесінен көчектерге[1], кәуапшыдан теміршіге дейін, баршаның қатар-қатар суреті салынған сурнамалерімізге, соғыстарды, қаруларды, қан жоса болған және қалыпты жағдайлар көрсетілетін сапарнамаларымызға, ерзұрымдық Хожаның мүридтері сөгіп-жамандап жүргендіктен тыйым салынса және көне Парсы шеберлерінің кітаптары мен формаларына қайта оралсақ, Көбелек бұл істе судан таза, сүттен ақ болып шығады, ұтып кететін сол болады десіп жүр жұрт.

– Әмір Темір заманынан қалған сол бір ғажайып суреттерге өнер мен жеңімпаз болып қайта оралсақ та, менен кейінгі ең әдемі өмірді ақылды Ләйлек сүріп, кәсіптің ұңғыл-шұңғылына толық бойласақ та, түптің түбінде бәрі ұмыт болады, – дедім, – себебі барлығының франктер тәрізді сурет салғылары келетін болады.

Осынау менің әлемімді күйретіп кеткен сөздерге сенетін бе едім?

– Жездем де солай деген, – деді Қара ақырын ғана, – бірақ ол жақсылықтан үмітін үзбейтін.

Ләйлектің сипаттары

Мусауиир күнәһар Мұстафа Челеби деп қол қойғанын көрдім. Себебі өз стилім бар ма, жоқ па, болуы керек пе, бар болса қолтаңба арқылы көзге ұрып

[1]*Көчек* – әйел киімін киіп, боянып, жұртқа өнер көрсететін ер адам.

сұрағы тиіс пе, көне шеберлер сияқты жасырған жөн бе, аккоцил болу үшін қолтаңба қалдырған жөн бе, тек қалдырмаған дұрыс па деген тәрізді сансыз мәселе басын ауыртпастан, қолтаңбасын күлімсіреп әрі кешпмпаз кейіпте қоятын.

Мен бастаған жолмен батыл қадамдар басып, жігерлі кейіпте жүрді де, бұрын ешкім көрмеген дүниелерді сапкан қағазына түсірді. Шыны жасайтын шеберлердің қыш-қызыл шоқта ерітіп жататын заттарды көгілдір шыны құмыра мен жасыл шишалар жасау үшін айналдыра үрлеп отыратын кездерін, тігіп жатқан кебістері мен етіктеріне бар ынтасымен беріліп, үңілген етікшілердің терілерін, инелерін, біздерін, етік қалыптарын, мереке алаңдарында ат кейпіндегі әткеншектің бересі тербелісін, тұқымды жаныштап жатқан келсаптың майланғанын, дұшпанға қаратылған зеңбіректердің атылған сәттерін, күлдір-мамай мылтықтардың ұшысын, шақпақтары мен дүмін тура мен тәрізді ол да көрді және Әмір Темір заманының көне шеберлері, Тебриздің, Казвиннің әпсана нақышкерлері менсінбепті емеді, суреттерін салды. Кейін нақышын жасайтын сапарнамаға дайындық болсын деп соғысқа барған, жаудың қамалдарына, зеңбіректерге, қалың қолға, жараларынан қан сорғалаған аттарға, жандары қиналып, өлім аузында жатқандар мен мүрделерге болашақтағы суреттері үшін құмарлана, тәбеті ашыла қарап, аманесен оралған алғашқы мұсылман нақышкер ол.

Оны стилінен бұрын тақырыбынан, тақырыбынан бұрын ешкім назар аударма ған ерекшеліктері мен көзқарасынан танимын. Беттің әрленіп, жоспарлануынан, белгілер салынып, жүйеленуінен, ең қарабайыр ерекшелігінен бастап боялуына дейінгі барлық нәрсесі бар

суретті оған күмәнсіз сеніп, іштей алаңдамастан аманат етіп тастай аламын. Сондықтан іс жүзінде менен кейін бас нақышкер болу оның хақысы. Алайда ашкөздігі мен өзін жақсы көретіні сонша өзге нақышкерлерге мұрын шүйіріп, оларды менсінбейді, демек, ол мұншама адамды басқара алмайды, бәрі жан-жаққа қашып кетер еді. Негізі, оған салса, адам сенгісіз еңбекқорлығымен нақышханамыздағы барлық суреттерді өзі салуы керек-ті. Қаласа мұны да жасайды. Ұлы ұстаз, шебер адам. Өз ісін біледі. Өзін сүйеді. Бақытты.

Хабар айтпай, аяқ асты үйіне барған бір сапарымда оның жұмыс істеп отырғанын көргенмін. Падишамыздың кітаптары үшін, мен үшін нақышын жасаған беттер, бізді менсінбеуге әуес келетін есалаң франк саяхатшыларының түкке тұрғысыз кітаптары үшін әзірлеген кияфетнаме беттері, өзін өзгелерден биік, мәртебелі санайтын бір паша үшін нақышын сызып жатқан үш беттің бірі, мураккалар үшін, тіпті өзінің жан ләззаты үшін салынған картиналар. Барлығы, анайы бір төсек қатынасының суреті де бар. Күрсілердің, тақтайлардың, жазу үстелдерінің, төсеніштердің, мінберлердің үстінде қойылыпты. Арадай тынымсыз жұмыс істеп жүрген Ләйлек бір суреттен екіншісіне жүгіріп, өлең айтып, бояуларды араластырып отырған шәкіртінің бетін бір шымшып, картинаға әзіл араластырып, біздің көзімізше өз-өзіне тамсанып, қарқылдап күліп қояды. Өзге нақышкерлерімдей, мен кіріп барғанда құрмет көрсетіп, жұмысын тоқтатпады, керісінше Алланың сыйы саналған қабілетінің және жұмыс істей-істей шыңдалып, әбден игерген өнерінің құдіретін (бір мезгілде жеті-сегіз нақышкердің жұмысын жасаушы еді) қуана көрсетіп еді. Қазіргі біз іздеп отырған оңбаған

кашпер, осы шебер үш нақышкерімнің біреуі болса, шынында Ләйлек болар деген ой да келеді. Шәкірт кешінде жұма күні таңертек есігімінің алдында оны көрген сайын Көбелекті көргенімдей көңілденбес едім.

Әр түрлі һәм оғаштау ерекшелікке ешбір қисыны болмаса да (көзбен көрілгенінен басқа) құрмет көрсетсін үшін, суреттегі ұстанымы франк шеберлеріне ұқсайды. Алайда франк суретшілеріндей емес, керісінше менің қырсық Ләйлегім әрбір адамның бетін бірбірінен өзгеше, бір-біріне ұқсамайтын, бірегей дүние ретінде көре алмайды әрі олай сызбайды. Меніңше, ол барлығы ашықтан-ашық менсінбегені үшін адамдардың бет-әлпеттеріне назар аудармайтын болса керек. Марқұм Жезде Падишамыздың келбетін оған ұнатпызбаған болар.

Ең салмақты, байсалды тақырыптың суретін салып жатқанның өзінде бір бұрышқа, оқиғаға еш қатысы жоқ, айналасына күмәнмен қарайтын ит орналастырмаса, не болмаса бір тойдың сән-салтанаты мен астанок байлығын, мәртебесін түсіретін қайыршы сызып қоймаса көңілі көншімейді. Салған суретін, таңдаған тақырыбын, тіпті жеке басын өзгелер мазақ қылса да ыңқырмайтындай деңгейде өзіне-өзі сенімді жүреді.

– Зариф Ефендінің құдыққа тасталып өлтірілгені Жүсіпті бауырларының құдыққа тастап кеткеніне ұқсайды екен, – деді Қара. – Жездемнің өлімі Хұсраудың жас әйелі Шырынға көз салған ұлының қолынан өлгеніне ұқсайды екен. Ләйлектің соғыс пен қанды өлім суреттерін салу үшін есі кететінін жұрт айтып жүр.

– Нақышкердің суретінің тақырыпқа ұқсайтынын ойлау не мені, не шебер нақышкерлерді еш түсінбегенің белгісі. Бізді қолға түсіретін нәрсе өзгелердің бізге

тапсырыс беретін тақырыптары емес, бұл тақырыптар онсыз да үнемі бірдей болады, оларды жасай бастаған-да суретке енгізетін нәзіктігіміз. Суреттің ішінен сыздықтап тұрғандай болатын сәуле, адамдардың, аттардың, ағаштардың беттердегі болмысынан сезілетін байсалдылық немесе ыза, сауыр ағаштың көкке қарай мойын созған кезінде байқатқан тілегі мен қасіреті, қабырғадағы шыныларға көзі көр болардай беріліп, өрнек салып, безендірген кездерді кітап беттеріне енгізетін тағдыр мен сабыр. Міне осылар біздің құпия белгілеріміз. Барлығы бір-бірін қайталап тұрғандай көрінетін аттар емес. Бір аттың бұлқынысы мен жылдамдығының суретін салғанда суретші өз ішіндегі бұлқыныс пен жылдамдықты сызбайды, аттың ең кіршіксіз суретін салуға тырысып, дүниенің байлығына және оны жаратқанға деген махаббаттың, өмірге ғашықтықтың рендерін көрсетеді. Болды. Басқа ештеңе жоқ.

42. Менің атым Қара

Ұлы шебер Осман ұстазбен бірге алдымызда жатқан біреуінің хұснихаты жазылған, тағы бірінің тұтастай аяқталған, енді бірінің бояулары жағылмаған, тағы біреуінің мүлдем жартылай қалған кітап беттерін қарап, бесін уақытынан намазшамға дейінгі уақытты шебер нақышкерлер мен Жездемнің кітабының беттері жайлы әңгімелесіп, оларға баға бере жүріп өткіздік. Аяқ астынан үйлері тінтілген шеберлер мен хұснихатшылардан жиналған беттерді (кейбір парақтардың біздің екі кітабымызға еш қатысы жоқ еді, кейбір беттер болса хұснихатшылардың да азын-аулақ тиын-те-

[illegible] үшін Сарайдан тысқары жерде жасырын шаруа-[illegible] ұйқаратынын айғақтап тұрды) әкелген Жасауыл [illegible] киінуді әдепті, бірақ ұр да жық екені байқалып тұра-[illegible] ірі денелі адамдарының аяқ дыбыстары тынды-ау [illegible] ік, олардың біреуі, өзіне ең сенімдісі ұлы шеберге [illegible], қойнынан бір қағаз шығарып, ұсынды.

[illegible] ғапқыда баласын ұстазға шәкірт қылғысы кел-[illegible] екенің, сарай төнірегіндегі басшы-қосшы, бөлім [illegible] ары арқылы әйтсуір амалын тауып беріп жі-[illegible] ген өтініш хаттардың бірі шығар деп мән бермегем-[illegible] Қаладан түсіп тұрған солғын сәуледен күннің де [illegible] ғанын түсіндім. Көздерімді демалдырайын деп, Ширадың бұрынғы шеберлері: «Жас кезінде соқыр [illegible] ғанын қалғысы келмейтін нақышкердің жиі жасауы [illegible] әрекеттері», – дейтін қимылын жасап, ешбір нүк-[illegible] ке көз тоқтатпастан, алыс көкжиекке қарауға тыры-[illegible] ып отырған едім. Ұстазымның қолына ұстап, таң [illegible] ған кейіпте қараған қағаздың сол бір тәтті түсін, [illegible] үрегімді тулатқан бүктелу үлгісін алабұртқан көні-[illegible] м бірден таныды. Шекуренің маған Естер арқылы [illegible] ондайтын хаттарынан айнымайтын еді ол. «Нет-[illegible] кен сойкестік?!» – демекші едім ақымақ адамша, оның [illegible] ине Шекуренің алғашқы хатындағыдай бұл жолы да [illegible] ұрпайылау қағазға сызылған сурет қоса жіберіліпті.

Осман ұстаз суретті өзіне қалдырды. Шекуренің келгеніне сол сәтте нақты көзім жеткен, әрі мені [illegible] ғайсыз жағдайға қалдырған хатты маған берді.

«Қара мырзам, Естерді тың тыңдап келсін деп, марқұм Зариф Ефендінің жесірі Калбиеге жібергенмін. Ол жерде осы мен жіберген нақышы бар қағазды көрсетіпті. Кейін мен бардым үйіне, жалынып-жалбарынып,

әке-көкелеп жүріп, сенің бір ісіңе жарайтын шығар деп осы нақышты қағазды сұрап алдым. Бұл қағаз байғұ Зариф Ефендінің құдықтан шығарылған мұрдесінің ки мінен табылыпты. Калбие марқұм күйеуіне ешкімнің аттың суретін салдырмағанын айтып, ант-су ішті Олай болса мұны кім сызды? Жасауыл басының адам дары үйді тінтті. Осы ат мәселесі маңызды шығар деп саған жолдадым. Балалар қолыңнан сүйеді. Әйелің Шекуре».

Сұлуым жолдаған хаттың соңғы екі сөйлемін бақшадағы таңғажайып екі қызыл раушанды байыппен тамашалағандай болып, құрметпен екі мәрте оқыдым. Кейін, Осман ұстаз қолындағы линзасымен үңіле, асқан ықтиятпен қараған қағазға мен де көз жүгірттім. Сиясы жан-жаққа жайылып кеткен пішіндердің көне шеберлердің тәсілімен қол жаттықтыру мақсатында бір демде салынған аттардың суреттері екенін көрдім.

Шекуренің хатын үнсіз ғана оқып тұрған Осман ұстаз бірден сауалын көлденең тартты:

– Мұны кім сызды? Әлбетте, марқұм Жезденің атын салған нақышкер, – деп өз сұрағына өзі жауап берді.

Оған көзі нақты жете ме? Оның үстіне кітаптағы аттың суретін кімнің салғанына да әлі көзіміз жете қоймаған-ды. Тогыз беттің арасынан ат суретін тауып алып, мұқият қарай бастадық.

Сұлу мүсінді, қарапайым ғана және адамның көзі тоймайтындай торы ат еді. Көз тоймайды дегенде ақиқатты айтып тұрмын ба? Жездеммен бірге, кейін жеке өзім осы суреттермен оңаша қалғанда бұл атқа жақсылап көз салу үшін көп уақытым болған, алайда

[illegible] бермешпін. Сымбатты ат еді, бірақ қатардағы көп [illegible] бірі еді. Сурет талай салынған қатардағы көп ат[illegible] бірі болғандықтан, оның бейнесін қағазға түсірген [illegible] кім екенін анықтай алмаған едік. Құрма торы [illegible] ғылы торы дейтін ат еді, осынау торы түстің [illegible] көріне қоймайтындай деңгейде қызыл түс [illegible] болатын. Басқа кітап пен суреттерден өз басым [illegible] көрген аттардың бірі болатын, содан да болар [illegible] шкердің еш ойланбастан, жатқа салған сурет еке[illegible] бірден аңғарады.

[illegible] оз бойына сыр сақтағанын білгенге дейін [illegible] індай көзқараста едік. Ал қазір болса, аттан [illegible] ымда бозғылт тұмандай тітіреген көркемдік пен [illegible] омір сүру құштарлығын, білмекке ұмтылу және [illegible] ектегі бар дүниені құшақтағысы келетін сезімді [illegible] бір күш көріп тұрмын. «Бұл атты Алла қалай [illegible] тін болса, солай нақышын жасаған қолы сиқырлы [illegible] шкер кім сонда?» – деп өзіме-өзім іштей сауал [illegible] мын, бір сәт оның оңбаған қанішер екенін ұмытып [illegible] кеткен тәріздімін. Ат кәдімгі тірі жылқыдай болып, [illegible] карсы алдымда тұр, бірақ ақылымның бір бөлігі [illegible] ның картина екенін білетін әрі осынау екі ой менің [illegible] ымда бір кемелдік, бүтіндік сезімін оятты.

Біраз уақыт қол жаттықтыру үшін салынған, сиясы [illegible] ғылып кеткен аттар мен Жездемнің кітабына ар[illegible] ып сызылған ат суретін салыстырдық та, бұл екеуі[illegible] бір қолдан шыққанын аңғардық. Аттардың бол[illegible] ысы қимыл-әрекетке емес, тыныштыққа шақырып [illegible] р. Маңғаз, қайратты әрі сырбаз еді. Жезденің кіта[illegible] ындағы аттың суретіне таң қалдым.

Мына ат неткен тамаша, – дедім, – адам бірден [illegible] ына қағаз-қалам алып тура осы сияқты ат суретін,

одан соң айналадағының бәрінің суретін салғысы келеді.

– Бір нақышкерге жасалатын ең әдемі ілтипат оның суреттерінің біздің бойымызда да нақыш жасау құштарлығын оятқанын айту, – деді Осман ұстаз. Бірақ қазір біз ібілістің өнеріне емес, кім екеніне қарайық. Маркұм Жезде мырза осы аттың қандай хикаяның суреті екенін айтқан жоқ па?

– Айтпады. Бұл оның ойында құдіретті Падишамыздың иелегіндегі мемлекеттегі барлық аттардың бірі еді. Әдемі бір ат. Әли Османиенің бір аты. Венеция дожына Падишамыздың ұлан-ғайыр өлкесін, байлығын көрсететін нәрсе. Бірақ екінші жағынан, франк шеберлері салған әр суретте кездесетіндей бұл ат та Алланың көретін атынан әлдеқайда жанды, шынайы. Ыстамбулда өмір сүрген, ат қорасы, атбегісі белгілі бір ат болуы керек еді, сөйтіп Венеция дожы «Нақышкерлері біз сияқты сурет сала бастағанына қарағанда Османлы бізге ұқсап келе жатыр екен», – десін, Падишамыздың күші мен достығын қабыл алсын. Өйткені адам бір аттың суретін басқаша сипатта сала бастағанда тұтас әлемге де өзгеше көзқараспен қарай бастайды. Алайда оғаштау, қалыптан тыс сипатта болғанымен, бұл ат көне ұстаздардың тәсілінен ауытқымаған.

Ол туралы көп әңгілемескеніміз үшін осы аттың бағасы мен тартымдылығы көп алдында өсе түсті. Аузы сәл-пәл ғана ашық еді, тістерінің арасынан тілі көрініп тұр. Сіңірлі, аяқтарының қуатты әрі сымбатты екені байқалады. Бір суретті аңызға айналдыратын дүние оның өзі ме, жоқ ол жайында айтылған әңгімелер ме?

Осман ұстаз қолындағы линзасын аттың үстіне төндіріп, баяу жылжытып отыр еді.

Бұл аттың не дегісі келеді? – дедім іш тарта сөйлеп. Бұл ат не үшін бар? Неге осы ат? Бұл аттың өзі не? Неге осы ат менің көңілімді бұзып, елегізітеді?

Кітаптарға қамқоршылық жасайтын падишалар, шахтар, пашалар тапсырыс берген кітаптары сияқты, суреттерді де күш-құдіреттерін паш ететін, жалатылған алтын қарының, сарп етілген нақышкер еңбегінің және ұлы нұрының молдығымен өздерінің байлықтарын көрсететін дүние ретінде жақсы көреді, – деді Осман ағам. Суреттің әдемілігі оған пайдаланылған алтын сияқты, нақышкердің өнерінің сирек кездесетін әрі ғажайып нәрсе екендігінің дәлелі болатындығы үшін маңызды. Суретке қараған, кітап беттерін парақтаған адамдар болса тақырыбына бола, аттың бір атқа ұқсағаны, Алланың аты, не болмаса шынымен де қиялдан туған ат болғаны үшін оны әдемі деп бағалайды. Шынайылық сезімін өнермен түсіндіреді. Біз үшін суреттегі әдемілік дегенің мағынасының тереңдігі мен позіктігінен басталады. Мына аттың ішінде аттан гөрі ұлы қанішердің саусағы, ібілістің ишарасы бар екенін осы суреттің мағынасын сөз жоқ тереңдете түсті. Одан соң, суреттің өзін емес, суреті салынған атты әдемі деп бағалау тағы бар. Ат суретіне бір картинаға қарағандай емес, бір атқа қарап тұрғандай көз тастау бұл.

Тірі атқа қарап тұрғандай болсаңыз, осы суреттен не көрер едініз?

Осы аттың ірілігіне қарап оның мәстек емес екенін, мойнының ұзын әрі иіле түскеніне көз салып, оның тамаша бір бәйге аты екенін, сауырының тегістеу келгеніне қарап ұзақ сапарға ыңғайлы екенін айта аламын. Сидиған аяқтары оның араб тұқымды аттар сияқты епті де, сергек екенін айғақтайды, алайда бұл

араб жылқысы емес, өйткені тұрқы ұзын әрі ірі. Аяқтарының сидаң болуы Бұхарадан шыққан ғалым Фадланның Байтарнамесінде мақтаулы аттарға қарата айтылғанындай, атымыздың алдынан өзеп шыққа оп-оңай секіріп, іркіліп, сескенбейтінін көрсетеді. Сарайымыздың мал дәрігері Фуюузи әдемі тәржімәлаған сол Байтарнамеде мен жатқа білетін және мақтаулы жылқыны сипаттайтын тамаша сөздер бар. Мен тіпті сол сөздердің әркайсысын алдымызда тұрған торы атымыз үшін де қолдана аламын. Аттардың жақысы сұлу мүсін, құралай көз, қамыс құлақты әрі қос құлағының арасы кең болуы, сондай-ақ ұсақ тісті, кең маңдай, тік қабақ, ұзын бойлы, ұзын жалды, қысқа белді, кішкентай мұрынды, шағын иықты, жалпақ сауырлы, жамбасы толық, бойы ұзын, кең кеуделі, құйрық кең, бұты талтақ һәм етті болуы керек. Маңғаз әрі сырбаз болса, жүргенде екі жағына сәлем бергендей болып, теңселе басып жүрсе.

– Біздің торы атымыз осы ғой, – дедім аттың суретіне таңдана қарап.

– Атымыздың кім екенін түсіндік, – деді Осман ұстаз ұяла күлімсіреп, – бірақ нақышкерінің кім екені білу үшін өкінішке қарай бұл ештеңеге де жарамайды. Өйткені есі дұрыс ешбір нақышкердің тірі жылқыға қарап аттың суретін салмайтынын білемін. Нақышкерлерім, сөз жоқ, ат суретін жатқа, бір демде салады. Мұның дәлелі – көбінің аттың суретін сызуды тұяғының ұшынан бастаулары.

– Ат топырақты бассын деп аяқтарынан бастамай ма? – дедім кешірім сұраған адамша.

– Казвиндік Жамаладдиннің «Аттардың нақышында» айтқанындай, аяғынан бастап сызған аттың суре-

[illegible] оның бейнесі жадымызда жатталып тұрса ғана [illegible] аламыз. Ойланып, еске түсіріп, тіпті ең күлкілі [illegible] жылқыға қарап отырып сызылған ат суретінің [illegible] мойынға, мойыннан кеудеге қарай салынатыны [illegible] мәлім. Осындай суретті, яғни көшеде көзге [illegible] жүк тартатын айғырдың суретін қисық-қыңыр [illegible], орашолақ етіп салған соң қасапшыларға, тігін[illegible] сатқан бірқатар франк суретшілері бар екен. Мұндай аттың суреті әлемнің мағынасына, Алла жа[illegible] сұлулыққа ешқашан маңайламайды. Бірақ олар [illegible] нақыштың дәл сол мезетте көз көріп тұрған [illegible] көмегімен емес, қолдың дағдысы және жатқа [illegible] әдетімен жасалатынын біледі, мен оған кәміл [illegible]. Суретші қағазының қасында үнемі жалғыз [illegible]. Сол себепті, өткен-кеткенді үнемі еске алып [illegible] отыруға мәжбүр. Қолдың жылдам әрі шебер жылжуы [illegible] жатқа сызылған біздің атымыздың бойындағы [illegible] қолтаңбаны, «нөкер қыздар» стилімен табу[illegible] басқа біздің амалымыз жоқ қазір. Сен де мынаған [illegible] көз сал.

Терінің үстіне өте нәзік етіп салынған ескі карта[illegible] қазынаны іздегендей қолындағы линзасын ат суретінің бетімен баяу жылжыта бастады.

Иә, – дедім ұстазы өзін мақтасын деп, өзінше [illegible] ашқандай кейіп танытатын оқушыға ұқсап, – [illegible]ріпің жабуындағы түстер мен өрнектерді басқа суретті ер-тұрман жабуларымен салыстыра аламыз.

– Бұл өрнектерге шебер нақышкерлерім қылқа[illegible]мын ешқашан жолатпайды. Суреттердегі киімдер[illegible], кілемдердің, шатырлардың өрнектерін шәкірттер [illegible]зады. Бәлкім, марқұм Зариф Ефенді салған шығар, оған назар аударма.

– Құлақтар ма? – дедім тағы да еленде, – аттардың құлақтары?

– Жоқ. Бұлар сонау Әмір Темір заманынан қалған, қалыптың аясынан шықпаған, біз білетіндей қамыс тәрізді құлақтар.

– Ат жалындағы өрім, жалдың әр талының таралуы, – дегім келген-ді, бірақ ұстаз-шәкірт ойынын ұнатпағандығымнан үндемедім. Егер шәкірт болсам, өз орнымды білгенім жөн-ау.

– Мынаған қара, – деді Осман ұстаз емшінің әріптесіне оба шиқанын көрсетіп тұрғанда байқататын шағымшыл, бірақ асқан ықтиятты кейпімен, – Көрдің бе?

Қолындағы линзасын енді аттың басына әкелген еді әрі суреттің бетінен алыстатып, бізге қарай ақырын-ақырын жақындатып келе жатыр еді. Линза үлкейтіп келе жатқан нәрсені көру үшін басымды жақындаттым.

Аттың мұрны өзгеше еді. Танау тесігі.

– Көрдің бе? – деді Осман ұстаз.

Көргеніме сенімді болу үшін көзімді линза шынысының үстіне апарып, үңілуім керек еді. Бұл қимылды дәл сол сәтте Осман ұстаз да жасағандықтан, суреттен барынша алыстаған линзаға үңілген беттеріміз бір-біріне тиіп кетті. Ұстаздың құрғақ сақалының қаттылығын, жағының суықтығын бетім арқылы сезінуім бір сәтке қорқытты мені.

Біраз үнсіз қалдық. Біздің әбден шаршаған көздерімізден бір қарыс қана жерде жатқан суреттің ішінде таңғажайып оқиға болып жатыр да, оны біз қайран қала, ерекше ілтипатпен тамашалап отырғандаймыз.

– Мұрнындағы не? – деп сыбырладым біраздан соң.

– Мұрны оғаш кейіпте салынипты, – деді Осман ұстаз көздерін суреттен айырмастан.

Қолы тайып кетті ме? Әлде бұл бір кемшілік пе?

Мұрынның осынау оғаш, ештеңеге ұқсамайтын пішіне қарап отыр едік.

Франктарды қайталап, баршаның, соның ішінде ғалымдардың шеберлердің де стиль деп сұрап жүрген дүниесі осы ма? – деді Осман ұстаз кекесінді үнмен.

Кекеткен адамының марқұм Жездем екенін ойлап, сөздерін көңіліме алып қалдым:

Егер кемшілік қабілетсіздіктен немесе өнердің жетіспеушілігінен емес, нақышкердің рухының түнығынан шыққа, ол стиль деуші еді марқұм Жездем.

Нақышкердің қолынан, не болмаса аттың өзінен, не басқасы, қайдан шыққа шыққын, Жездемді өлтірген ешқандай ешара жоқ еді. Өйткені байғұс Зариф Ефендінің қалтасынан шыққан қағаздағы сиясы жайылып кеткен аттардың танау тесіктері түгілі мұрындарының өзі анық көрінбей тұрған еді.

Осман ұстаздың сүйікті нақышкерлерінің соңғы жылдарда түрлі-түрлі кітаптар үшін нақышын жасаған ат суреттерін табу әрі аттардың танау тесіктеріндегі кемшілікті іздеп көп уақыт өткіздік. Аяқталып қалған Сурнаме жамағаттардың, әулеттердің Падишамыздың алдынан жаяу жүріп өткенін сипаттайтындықтан, ондағы екі жүз елу суреттің ішінде ат өте аз еді. Үлгі ретінде алынған кейбір кітаптар, кейбір дәптерлер, жаңа аяқталған кітаптар тұратын нақышхана гимаратына, Ендерун мен Гармеге адамдар жіберіліп, есігінде құлыптың үстіне құлып салынған ішкі қазынада қалмаған қандай кітап болса (әрине, Падишамыздың рұқсатымен) осында әкелді.

Жас шахзадалардың бірінің бөлмесінен келген Зафернаме томының беттерінде Сигетвар қоршауы

кезінде қайтыс болған Кануни Сұлтан Сүлеймااннын жаназа науқанын көрсететін екі беттік суретте, жаназа арбасын сүйреп келе жатқан торы қаска ат пен құралай көзді боз атқа және Сұлтан Сүлейманнын жаназасы үшін алдымен алтын өрнекті ер-тоқым салынған, тамаша жабу жабылған аттарға қарадық. Бұларды Көбелек, Зәйтүн және Ләйлек салған болатын. Олар мейлі ірі доңғалақты жаназа арбасын сүйресе де, мейлі қожайындарынын қызыл матаның астындағы мүрдесіне қарап, тұманданған көздерімен сәлем берсе де, суреттегі аттардың барлығы гераттық көне шеберлерден жеткен, өзгермейтін сырбаз кейіпте бір аяғы сәл ілгеріде, көтеріңкі, бір аяғы оның қасында тік қалыпта тұр еді. Барлығының мойны ұзын әрі иілген, құйрықтары түйілген, жалдары кесілген әрі таралған, алайда ешқайсысының мұрнында біз іздеген кемшілік жоқ-тұғын. Жаназа науқанына қатысқан әрі маңайдағы төбелерде марқұм Сұлтан Сүлейманға құрмет көрсетіп, соңғы сапарға шығарып салып тұрған қолбасшылар, ғалымдар, молдалар мінген жүздеген аттың ешқайсысының танауында жоқ еді әлгі кемшілік.

Осынау қасіретті жаназа салтанаты бізді де мұңға батырды. Осман ұстаз бен нақышкерлерінің қаншама уақыттарын жұмсап, көз майын тауыса еңбек қылған, безендірген, нақышын жасаған осынау тамаша кітаптың бүліне бастағанын, шахзадалармен ойнайтын гаремдегі қыз-қырқынның кітап беттерінің әр жеріне сызықтар салып, шимайлағанын, жазулар жазғанын көру біздің көңілімізді құлазытты. Падишамыздың атасы аң аулап жүрген суреттегі ағаштың астына «Мырзам, сізді осы ағаштың сабырымен күтемін, сүйемін», – деп жазыпты біреу қыңыр-кисық жазумен.

Жасалу хикаяларын ел аузынан естіп-білген, алайда бірде-біреуін көру маған бұрын бұйырмаған осынау ашылған кітаптарды міне дәл осындай күйде, көніліміз жұбанып, мұқая отырып қолдан өткіздік.

Шебер нақышкерлердің үшеуінің де қаламы тиген Хюнернаменің екінші томында күркіреген зеңбіректердің, жаяу әскердің артынан қалқандарын асынып, қылыштарын суырған қаһарлы әскер мінген әрі кежім сауыттары салдырлаған, бірақ сап түзеп, алға жылжып күлгін төбелерді асып бара жатқан көкшіл, торы, ак боз, қылаң мен баран жүздеген аттарды көрдік, ешкайсысының мұрнында кемшілік жоқ. «Кемшілікті қойшы!» деп еді Осман ұстаз біраздан соң әлгі кітаптағы Бабы Хұмаюун және сол сәтте біз ішінде отырған Алай Майданының суреті бар бетке қарап тұрып. Оң жақтағы ауруханаиы, Арз Одасын, ауланың алаштарын, жақтауларға сыйып кетердей кішкентай әрі санамыздағы орнындай үлкен етіп көрсететін суретте есік күзетшілерінің, онбасылардың, Диуан ағашыларының міниіп жүрген түрлі-түсті аттарының мұрындарында да біз іздеген кемшілік жоқ еді. Падишамыздың атасының әкесі Явуз Сұлтан Селімнің Дулкадир әміршісіне қарсы жорығы кезінде, Күскін өзенінің жағалауында ордасын тігіп, қызыл құйрықты қара тауылар, арт жағы көтерілген еліктің лақтары, қорқақ қояндар әрлі-берлі жосып жүрген ан аулау салтанаты мен теңбілдері гүлдей құлпырған қабыланның қызыл қанға малынған сәтін көрдік. Не Падиша мінген торы ақсақ аттың мұрынында, не қарсы беттегі төбелердің арты жағында қолдарына даңғыра ұстап, бұйрық күтіп тұрған даңғырашылар мінген аттардың танауларында біз іздеген белгі жоқ еді.

Кеш батқанға дейін Осман ұстаздың нақышкерлерінің, Зәйтүннің, Көбелектің, Ләйлектің қаламынан соңғы төрт-бес жылда шыққан жүздеген ат көрдік. Қырым ханы Мехмед Керейдің қамыс құлақ, теңбіл торы, қара және құла аттары; бір соғыста төбенің артында күтіп тұрған кезінде тек мойны көрінген күлгін және қорғасын түсті аттар; Тунистегі Халкүл Уад қамалын испан кәпірлерінен қайтарып алған Хайдар пашаның аттары мен одан қашып бара жатып, тұмсығымен жер сүзе құлаған испандық күрең мен жасыл түсті аттары; Осман ұстазға «Мынаны байқамай қалыппын, япыр-ау, кім мұны осылай жүрдім-бардым жасаған» дегізген қара ат; ағаштың астында бір бозбала тартып отырған ұд дыбысын ықыласпен тыңдаған қызыл ат; Шырын түн ішінде, ай сәулесіне малынып, көлде жуынып жатқанда, оны күткен Шырындай ұялшақ әрі сырбаз аты Шебдіз, жирит ойнайтындар мінетін ойнақы аттар; неге екенін қайдам, Осман ұстазға «Жас кезімде көп сүйдім, одан қатты шаршадым» дегізген дауылдай тулаған аты бар сымбатты атбегі; Хазіреті Ілиясты пұтқа табынушылардың шабуылынан қорғау үшін Алланың оған жолдаған күн түстес алтын ат (бірақ қанаттарын байқаусызда Хазіреті Ілияска тиесілі етіпті); үш ұлының жас кезінде өлгеніне байланысты жанына шақырып алған баласымен бірге шыққан аңшылықта жас та сүйкімді шахзадаға мұңды көздерімен қараған Кануни Сұлтан Сүлейманның ірі кеуделі, кішкентай басты ақ боз аты; ашулы аттар, шапқан аттар, болдырған аттар, сұлу аттар, қараусыз қалған аттар, бұл беттерден ешқашан шықпайтын аттар, бұл беттерге сыймай, жақтауларды бұзып-жарып өте шыққан аттар.

Ешқайсысының танауынан іздеген қолтаңбамыз ұбылмады. Дегенмен еңсемізді басқан шаршау мен ғасірет сезіміне қарсы іштей елегізуіміз де аз емес еді. Бір-екі мәрте атты ұмытып, қарап отырған суреттің әдемілігіне, адамды баурап алатын түстеріне сүңгіп кетіппіз. Осман ұстаз көбін өзі даярлатып, тексерген, нақышын жасатқан суреттерге қайран қалғаннан гөрі, бірдеңені еске түсіру үшін қарап отырды.

– Қасым, пашалық Қасымдікі бұл, – деді бірде, Падишамыздың атасы Сұлтан Сүлейманның қып-қызыл соғыс шатырының түбіндегі күлгін шөптерді меңзеп, – шебер емес еді, алайда қырық жыл бойы суреттердің бос жерлеріне бес жапырақты, жалғыз гүлі бар осы шөптерді сызды және екі жыл бұрын өлді. Осы кішкентай шөпті ол бәрінен де жақсы салатындықтан мен оған үнемі сыздыратынмын.

Біраздан соң: «Әттеген-ай! Әттеген-ай!», – деді ұстазым. Бұл сөздермен бір нәрселердің біткенін, бір дәуірдің аяқталғанын жан дүниеммен сезіндім.

Көз байлана бастаған-ды, бір сәт бөлмеге сәуле толып кетті, бір қимыл пайда болды, дүрсілдеп кеткен жүрегім мәселені дереу түсінді. Жаһанның әміршісі Падишамыз хазіреті бір демде ішке кіріп келген-ді. Оның аяғының астына құлай кеттім. Етегінен сүйдім. Басым айналып кетіп еді. Көзіне қарай алмадым.

Бірақ ол Бас нақышкер Осман ұстазбен әңгімелесуін баяғыда-ақ бастап кеткен-ді. Біраз бұрын бірге отырып суреттерге қараған адаммен сөйлесіп тұруым менің ішімде мақтаныш сезімін оятты. Сене алмай тұр едім, алайда Падишамыз хазіреті сәл бұрын мен отырған жерде отырып, ұстазым айтқан дүниелерді тура мен сияқты мұқият тыңдай алмай тұр едім, алайда Пади-

шамыз Хазіреті сәл бұрын мен отырған жерде отырып, ұстазым айтқан дүниелерді тура мен сияқты мұқият тыңдап отырған-ды. Жанындағы Бас қазынашы, құсбегілер басшысы, кім екенін тани алмаған бірнеше кісі де оларды қолдап-қолпаштап әрі бар ынта-шынталарымен ашық беттердегі суреттерге қарап тұр еді. Бір сәт жігерлендім де Жаһан әміршісінің жүзіне, қырынан болса да көздеріне ұзақ уақыт қарадым. Неткен әдемі еді! Неткен әділ әрі шыншыл еді! Жүрегім де алабұртып, аттай тулағанын қойды. Дәл сол кезде Ол да маған қарады және көздеріміз түйісіп қалды.

– Марқұм Жезденді қандай жақсы көруші едім, – деді. Иә, маған сөйлеп отыр. Сасқалақтағанымнан сөздерінің жартысын ести алмай да қалдым. – ...Қатты қайғырдым. Бірақ ол дайындатқан осынау парақтардың әрқайсысының жеке-жеке таңғажайып дүние екенін көру, көңілге медет. Венециялық кәпірлер бұларды көргенде таң қалып, менің ақылымнан қорқатын болады. Енді осы аттың танауынан қарғыс атқыр нақышкердің кім екенін табарсыңдар. Әйтпесе барлық шебер нақышкерлерді азаптау зұлымдық болар еді, алайда солай істеу қажет.

– Мәртебелі тақсыр, Жаһан әміршісі, Падиша хазіреті, сұлтаным, – деді Осман ұстаз. – Егер шебер нақышкерлерім ешбір хикая ойламастан, бос параққа бір демде аттың суретін салар болса, бәлкім, осы қаламды кімнің тайдырғанын анықтай алармыз.

– Әрине, мынауы шынайы мұрын емес, жай ғана қаламның тайып кеткені болса, – деді Падишамыз ақылды кейіппен.

– Падишам, – деді Осман ұстаз, – бұл үшін дереу бүгін түнде бір жарыс ұйымдастыруға бұйрық шығар-

сыңыз. Түнде нақышкерлеріңіздің әрқайсысының үйіне барып, есіктері қағылса және осы жарыс үшін бос қағазға шұғыл түрде ат суретін салу талап етілсе...

Падишамыз: «Естідің бе?» дегендей көзқараспен Жасауыл басына қарады. – Ақын Низамиде мен ең қатты жақсы көретін жарыс хикаясы қайсысы екенін білесіңдер ме?

Бір тобымыз:

– Білеміз, – дедік. Тағы бір тобы: «Қайсысы?» – деді. Тағы бір тобымыз мен сияқты үн-түнсіз қалды.

– Жарысқан ақындардың хикаясын ұнатпаймын, жарысқа түскен Қытай мен Ұрым суретшілерінің айналы хикаясы да емес, – деді сымбатты Падишам, – мен өліммен жарысатын хакім-емшілердің хикаяларын бәрінен артық жақсы көремін.

Осыны айтар-айтпастан, бізді тастап, ақшам намазына үлгеру үшін шығып кетті.

Сәлден соң, ақшам намазының азаны шақырылған кезде жартылай қаранғыда Сарайдың есіктерінен шыққан соң Шекурені, балаларды, үйімізді қуанышпен елестетіп махаллаға қарай жүгіре басып келе жатқанымда осынау емшілер жарысы хикаясын қорқынышпен еске алдым.

Падишасының алдында өзара жарысқа түскен екі хакім-емшінің біреуі, көбіне күлгін киіммен суреті салынатыны бір пілді өлтіретіндей қуатты удан жасыл түсті бір түйір дәрі жасапты да, оны келесі хакімге – күрең шапандыға беріпті. Ол алдымен улы дәріні, одан соң дереу у қайтаратын күрең бір дәріні жұтып жіберіпті және күлімсірегенінен-ақ оған ештеңе болмағаны белгілі болса керек. Оның үстіне енді қарсыласына өлім иісін иіскету кезегі оған келіпті. Баяу қимылдап,

кезектің өзіне келгеніне іштей разы болып, ләззаттана адымдап, бақшадан қызғылт бір раушан жұлып әкеліпті де, оны еріндеріне жақындатып, ішіне ешкім естімеген күпия бір өленді сыбырлап, оқып жіберіпті. Одан соң, өзіне сенімді бір әрекетпен күлгін киімді емшіге осы раушанды ніске деп ұсыныпты. Гүлдің ішіне сыбырлаған өленнің күшінен мазасы қашқан күлгін киімді емші, ніісінен басқа ешқандай ерекшелігі жоқ бұл раушанды мұрнына жақындата бергенде қорқыныштан жығылып, жүрегі жарылып өліпті.

43. Мені Зәйтүн деп атайды

Ақшам намазының уақыты кіре қоймаған сәт еді, есік қағылды, аштым. Сарайдан Жасауыл басының бір адамы, таза, сымбатты, жылы жүзді жас жігіт келіпті. Қолында бетіне жарық емес, керісінше көленке түсіріп тұрған бір шам, қағаз, жазу тақтайы бар екен, сөзін бірден бастады. Падишамыз жарлық шығарыпты, шебер нақышкерлер арасында ең әдемі аттың суретін бір демде кім сыза алады деген жарыс ұйымдастырылыпты. Дәл қазір дереу жерге отыра қалып, мына қағазды тақтайға, тақтайды тізелерімнің үстіне қойып, көрсетілген жерге, жақтаудың ішіне суретті, жаһандағы ең сұлу аттың суретін жылдам сызып беруімді тапсырыпты.

Қонағымды ішке кіргіздім. Жүгіріп барып, мысықтың құлақ жүнінен жасалған ең жінішке қаламымды, сиямды әкелдім. Жерге отыра қалдым да сәл бөгелдім. Бұл жарыстың астарында өтеуін қаныммен, жаныммен қайтаратын құлық, ойыны болуы мүмкін

ма? Мүмкін! Бірақ Гераттың көне шеберлерінің барлық әпсаналары өлім мен сұлулықтың арасындағы осынау нәзік сызық арқылы сызылған жоқ па еді?

Көңілім нақыш жасауға құмартып-ақ тұр, алайда тура бұрынғы шеберлер тәрізді сызудан да қорыққанмынмын әрі өзімді-өзім ұстадым.

Рухымдағы толқыныс тынсын деп, бос қағазға қарап, бір сәт күттім. Тек суретін салғалы отырған әдемі атты ойлайын, күш-қуатым мен назарымды тек соған арнайын дедім.

Күні бүгінге дейін өзім салған және көрген ат суреттері көз алдымнан өте бастады. Алайда олардың ішінде айрықша біреуі бар еді, өте керемет! Кіршіксіз болатын. Осы сәтке дейін ешкім суретін салмаған осы атты қазір мен бейнелеуге тиіспін. Оны көз алдыма елестеттім, басқа дүниелердің барлығы өшті, бір сәт өлімді, осында отырғанымды, сурет салатынымды ұмытқан тәріздімін. Қолым өз бетімен қаламды сияға ұтқа салып, қоймалжың сияны іліп те алған-ды. Қане кей, қолым, енді сен көз алдымдағы осынау тамаша атты ақиқатқа айналдыр! Ат екеуміз бірігіп кеткендейміз, бұл әлемдегі өз орнымызды іздеп жүргендейміз.

Бір сәт беймәлім бір түйсікпен әлгі орынды жақтауға орнатылған бос қағаздың ішінен іздедім. Қиялымымен атты бірден сол жерге орналастырдым. Иә солай, ішті мен ойланып, қиялдап үлгергенше қолым батыл түрде өз бетімен қимылдап, аттың аяғының ұшынан бастап сызып, дереу бұрылып жіңішке тірсегіне жетті, одан да өрлеп кетті. Дәл осындай батылдықпен тізеден де өрлеп, кеуде тұсына жеткенде бірден көңілденіп сала бердім. Міне, сол жерден бұрылып, жеңімпаздың

кимылымен жоғары қарай кетті. Кеудесі қандай керемет болды десеңші! Одан соң бұл сызық мойынға айналды, тура менің көз алдымдағы ат сияқты. Қаламымды көтерместен жағынан сәл төмендеп, сәл ойланған соң ашық күйінде сызған аузына бардым, ішіне кіріп, аузын тағы да ашыңқырап, әдемі тілін салдым. Танау тұсынан да (тайсақтама қолым) айналдым. Одан соң түп-түзу сызық салып көтеріліп бара жатқанымда, бір сәт барлық кескінге көз салғанмын, байқасам сызықтарды қиялымдағыдай етіп салыппын, оны көрген бетте сурет салып отырғанымды ұмытып кеткен тәріздімін, құлақтарын, мойнының иілген тұсын мен емес, қолым сызғандай еді. Жадымдағы бейнені жаттап алған қолдарым ер-тоқымды сызып жатып, өздігінен тоқтады да сиясауыттағы сияға қылқаламды батырып алды. Сауырын, қайратты келген әрі білеуленген еттерін сызып отырғанда өзіме-өзім разы едім, сурет бойымды кернеп алған-ды. Бір уақ өзімді әлгі аттың қасында жүргендей сезіндім, құйрығына жеттім, бұл өзі – жауынгер аты, бәйге аты. Құйрығын түйіп, ол жерден айналып жоғары көтерілдім. Құйымшағын, жамбасын сызып отырғанымда өз бөксем мен көтенімнің тесігінде жанға жайлы бір салқындық сездім де жұп-жұмсақ сауырынан, кері қарай тастаған сол жақ артқы аяғының тұяқтарынан жылдам, сүйсіне отырып өте шықтым. Сол жақ алдыңғы аяғының тура есімдегідей сырбаз тұрысын берген қолыма және сызған атыма мен қайран қалдым.

Қолдарымды көтердім, отты, бірақ мұңды көзін, бір сәт тартыншақтай отырып танауының тесігі мен ердің жабуын сыздым, жалын сүйсіне сипағандай бір-бірден тарадым, үзеңгісін тақтым, маңдайына бір төбел сал-

ым, олшемі өзгермеген, үлкендігі дәл сондай қаса мен ұмасын сыздым, сөйтіп суретім тәмам болды.

Гамаша бір аттың суретін салғанымда өзім де сол аттай айналғандай болдым.

44. Мені Көбелек деп атайды

Қателеспесем, ақшам намазының уақыты еді. Есік алдында біреу тұр. Айтты бәрін. Падишам жарыс ұйымдастыруды тапсырыпты. Бұйрығыңызды екі етпеймін, мәртебелі Падишам, аттың ең әдемі суретін менен артық кім салсын!

Дегенмен бояу жағылмай, қара қалам үлгісімен салынатындығын естігенде бір сәт кідіріп қалдым. Неге оң бермейміз, әлде түстерді ең жақсы таңдайтын адам мен болғандығым үшін бе? Қай суреттің ең жақсы картина екенін кім таңдайды? Сарайдан келген кең иықты, қызғылт ерінді көрікті бозбаланы сөзге тартып көрдім де, Бас нақышкер Осман ұстаздың осы істі ұйымдастырғанын сездім. Осман ұстаз еш күмәнсіз менің өнерімді біледі және барлық шебер нақышкерлерінен қарағанда мені көбірек жақсы көреді.

Осылай бос параққа қарап тұрғанымда екеуіне де ұнайтын аттың тұрысы, көзқарасы, болмысы көз алдымда жандана бастады. Осман ұстаздың өзі он жыл бұрын салған аттары сияқты тыпыршып тұр, бірақ сұлмақты, Падишамызға ұнайтын аттар сияқты алдыңғы екі аяғы көкке көтеріліп, тік шапшып тұруы керек бұл ат, сонда ғана екеуі де оның көркемдігін бірдей бағалайды. Япыр-ау, сонда сыйлық қанша алтын

екен ә? Бұл суретті Мир Мусауыр қалай салар еді? Бекзат ше?

Ойыма аяқ асты бірдене келе қалды да, оның не екенін өзім ұғып болғанша, зұлым қолдарым қаламды алып, ешкімнің ойына кіріп те шықпайтын таңғажайып аттың аспанға көтерілген алдыңғы сол аяғын сызуды бастап кетіпті. Сирақты дереу кеуде тұсына бүгіп, біріктіргеннен кейін, батылданып, көз ілеспес қимылмен иілген екі сызық салдым. Егер оны көрген болсаңдар, бұл өнерпаз суретші емес, хұснихатшы дер еділдер. Өз бетінше жылжып, басына қарай бара жатқан қолыма өзге біреудің қолы тәрізді қайран қала қарап отыр едім. Осынау керемет имек сызықтар аттың томпақ қарнына, мығым кеудесі мен аққудай мойындарына айналды да, суреттің пошымы белгілі бола қалды. «Неткен өнерлі едім!» – дегенімше қолым өз бетінше күшті әрі қуанышты аттың ашылған аузын, мұрнын айналып өтіп, қасқа маңдайын, құлақтарын да салып үлгеріпті. Одан соң, қараңдар қане, неткен әдемі, тағы да садақтай иілген бір сызық салдым, мұны бір әріп жазып отырғандай қуана, күлімсірей салып отыр едім. Тік шапшыған тамаша аттың доғадай мінсіз мойнынан еріне дейін түстім. Қолым ер-тұрманды сызып отыр еді, менің кеудем тәрізді томпақ әрі жұп-жұмыр кеуделі аттың нақтылана бастаған пішініне маңғаздана көз тастағам. Барша адам бұл атқа таң қалатын болады. Сыйлықты ұтып алған сәтімде Падишамыздың маған айтар жылы сөздерін армандадым. Бір дорба алтын береді маған, үйге келген соң оларды қалай санайтынымды елестетіп отырғанда іштей күлкім келді. Сол сәтте көзімнің қиығымен қараған қолым ерді аяқтады әрі қаламым сиясауытқа кіріп шықты, содан соң аттың

сауырын күліп, біреумен әзілдесіп отырғандай кейіпте, оп-оңай сыза салдым. Құйрығынан тез айналып өте шықтым. Жамбасын, қазір өзім оңашада итеріп, құмарымды қандыратын бозбаланың жұмсақ бөксесінсіз көріп, сүйсіне әрі уысыма салып умаждағым келіп, жүп-жұмыр қылып сызып шықтым. Мен күлімсіреп отырғанда ақылды қолым артқы аяқтарын бітірді де, қаламым тоқтады. Дүниенің ең әдемі секіріп тұрған аты болды ол. Ішімді бір қуаныш кернеді, атымды ұнатып, мені ең өнерлі нақышкер, тіпті қазірден бастап бас нақышкер етіп жариялайтындығын қиялдап отырғанымда кейбір ақымақтардың былай дейтінінен қорықтым: «Тез арада және күліп-ойнап жүріп сыза салған мұны!». Тек осының кесірінен тамаша суретімді ешкім салмақты дүниенің қатарына қоспайтындығын ұғыныпдадым. Осылайша аттың жалын, танауының несіктерін, тістерін, құйрығының қылдарын, үстіндегі жабуды асқан нәзік сызықтармен, ұсақ өрнектер сала отырып сыздым, осылайша суретіме көп тер төккенімді көрсін. Осы тұрыста аттың қасасы көрініп қалуы мүмкін, бірақ қатын-қалаштың есін шығармасын деп оны салған жоқпын. Атыма мақтанышпен көз тастадым. Шаншып тұрған, дауылдай тулаған қимылы бар, күшті, қуатты! Жел шығып, жүп-жұмыр сызықтарымды тура бір хұснихаттың әріптері сияқты қозғалысқа кіргізген тәрізді, сөйте тұра бәрі тыныш. Бұл суретті салған сол керемет нақышкерді тура Бекзатты, Мир Мусауирді мақтағандай мадақтайтын болады әрі сол кезде мен де солар сияқты боламын.

Тамаша бір аттың суретін салып отырғанда әдемі аттың нақышын жасайтын басқа бір нақышкерге айналып кетемін мен.

45. Мені Ләйлек деп атайды

Ақшам намазы өтіп кеткен кез еді, шығып кофе ішуге бармақшы болып жатқанда біреудің келгенін айтты. Тыныштық па өзі? Бардым. Сарайдан біреу келіпті, бәрін түсіндірді. Жақсы. Әлемнің ең әдемі аты. Сендер маған бір данасы үшін қанша акче беретіндеріңді айтыңдар, мен дүниенің ең сұлу аттарының бес-алтауын сызып берейін.

Бірақ ықтиятты әрекет еттім де, бұлай айтқам жоқ, есік алдында тұрған баланы үйге кіргіздім. Ойландым. Мен оны сыза қояйын десем, дүниенің ең әдемі аты деген жоқ қой. Соғыс аттарын, ірі моңғол жылқыларын, асыл тұқымды араб арғымақтарын, қан жоса болып майданнан шыққан қаһарманның аттарын, тіпті тас артқан арбаны құрылыс алаңына сүйреп апаратын бақытсыз айғырды да сызып бере аламын, алайда бұларды кім дүниенің ең сұлу жылқысы дейді? Падишамыз жаһанның ең көрікті аты деу арқылы бұрыннан бері белгілі бір тәртіппен, қалыппен және өзіндік тұрысы, болмысымен Парсы өлкесінде мыңдаған мәрте суреті салынған аттардың ең тамашасын сұратқанын түсіндім, әрине. Неге?

Бір дорба алтынды мен ұтып алмасын деп жасатып отыр мұны. Қатардағы көп аттың бірін сал десе, ешкім менің аттарыма ілесе алмайтыны белгілі жайт. Падишамызды кім алдады сонда? Әміршіміз айналасындағы іштарлар мен қызғаншақтардың өсек-аяңына қарамастан менің ең өнерлі нақышкер екенімді біледі, жасаған суреттерімді жақсы көреді.

Көңілдарым бірден осындай амал-айланы ысырып [illegible] сағысы келгендей, ашулана әрекет жасай бастады [illegible] [illegible]ының ұшынан бастап бірдемде шынайы бір ат[illegible] [illegible]суретін салдым. Көшеде, соғыста көресіңдер бұ[illegible]. Болдырған, бірақ мұнтаздай... Содан соң тура [illegible]шумен бір жауынгердің атын да сыздым, алғашқы[illegible] [illegible]одемі болды. Нақышхананың ешбір нақышкері [illegible]ндай әдемі дүниелер сала алмайды. Жатқа тағы бір [illegible]ын сызғалы жатыр едім: «Біреу болса жетеді», – [illegible] Сарайдан келген бозбала.

Қағазды алып кеткелі жатыр еді, оны тоқтаттым. Оны[illegible]кені бұл оңбағандардың осы аттар үшін бір дорба [illegible]ын бергізбейтінін жақсы білемін.

Өзім секілді сызсам, маған бір дорба алтын бер[illegible]бейді! Бұл алтынды ала алмасам атақ-даңқыма нұқ[illegible] келген болып шығады. Ойландым:

Сен тоқтай тұр! – дедім бозбалаға.

Келесі бөлмеге өтіп, жалған әрі жарқыраған екі [illegible]ша Венеция алтынын әкеліп, Сарайдан келген боз[illegible]ланың қолына ұстата қойдым. Қорықты, көздері шар[illegible]сынан шығып кете жаздады.

- Нағыз азаматсың сен! – дедім.

Ешкімге көрсетпей сақтап жүрген дәптерлерімнің [illegible]реуін шығардым. Осы жерге жылдар бойы өзім көр[illegible]ен ең әдемі суреттердің бір-бір көшірмесін жинаған [illegible]дім. Сонымен бірге сарайдағы ергежейлі Жаферге он [illegible]лтын берсе, қазынада жатқан, құпия сақталған кітап[illegible]ардың беттерінен ең әдемі ағаштарды, айдаһарларды, [illegible]ұстарды, аңшыларды, сарбаздарды жинап саған әке[illegible]ліп береді. Суретте және нақышта өздері өмір сүретін [illegible]лемді көруді емес, көне шеберлерді және ескі әңгіме-

лерді еске түсіруді қалайтындар үшін таптырмас дүние еді бұл дәптер.

Сарайдан келген бозбаланың көз алдында беттерді ашып, аттардың ең әдемісін таңдап алдым. Сызықтарымның үстінен инемен шұқып жылдам тесіп шықтым, Қалыптың астына таза бір қағаз қойдым. Үстіне көмір ұнтағын молынан төгіп, біраз шайқадым. Мұным – астындағы қағазға жақсылап түссін дегенім ғой. Қалыпты алдым. Көмір ұнтағы нүкте-нүкте болып, төмендегі қағазға әдемі аттың пішінін салыпты, көрудің өзі керемет бір әсерге бөлейді.

Қаламымды алдым. Сол сәтте ішкі дүниемде пайда болған шабытпен бір демде нүктелерді әдемілеп тұрып жалғағаным сол еді, мен бұл аттың қарнын, мойнын, сауырын сызып отырғанда оны өз ішімде сезіндім. «Міне, – дедім, – жаһандағы ең сұлу ат. Әлгі есаландардың ешқайсысы мұндай ат сыза алмайды».

Бұған ол да сенсін, барып суретті қандай шабытпен салғанымды Падишамызға айтып қоймасын деп Сарайдан келген балаға тағы үш жалған алтын бердім. Бір дорба алтын ұтып алсам, тағы да беретінімді айттым. Оның үстіне аузының суы құрып қараған әйелімді қайта көре алатынын да қиялдады ол. Көп кісілер жақсы бір аттың суретін салу – мықты нақышкер болғанның белгісі деп біледі. Ал іс жүзінде ең жақсы нақышкер болу үшін тек қана ең жақсы аттың суретін салу жеткіліксіз, Падишамызды және айналасындағы ақымақтарды ең мықты нақышкер екендігіне сендіру де қажет.

Тамаша бір аттың суретін салып отырғанда мен тек өзім бола аламын.

46. Мені қанішер дейді

Аттың суретін салғаныма қарап, кім екенімді таба аттыңдар ма?

Бір аттың суретін салуымды сұрағанын естіген бетте, мұның бір жарыс емес екенін, сызған атымнан мені табуға тырысатындықтарын түсіндім. Тұрпайы қағазға қолымды жаттықтыру мақсатында салған ат суреттерімнің байғұс Зариф Ефендінің мүрдесімен бірге қалғанын білемін. Алайда бір кемшілігім, бір стилім жоқ болғандықтан, мен салған аттың суреттеріне қарап кім екенімді таба қоюлары екіталай. Бұған толық сенімді едім, дегенмен атты сызып отырғанда дегбірсізденгенім рас. Жезденің атын салған кезімде өзімді үстап беретіндей бірдеңе сызған болуым мүмкін бе еді? Осы жолы бөлек бір ат сызуым керек еді. Ойымда мүлдем басқа дүниелер болды, өз-өзімді тежедім де өзім болмай қалдым. Алайда мен өзім кіммін? Нақышхананың стиліне қосылу үшін өз ішіндегі ғажайыптарын жасырған біреумін бе? Ішіндегі аттың суретін күндердің күнінде жеңімпаз ретінде еркін салатын біреу боламын ба?

Бір сәт ішімде осы нақышкердің бар екенін сескене сезіндім, ішімде басқа бір рух мені бақылап тұрғандай көрінді, содан ұялдым.

Үйде омалып отыра алмайтынымды түсіндім де, бірден тысқа шығып, дереу қараңғы көшелерге кіріп кеттім. Шейх Осман Баба «Менакыпнамесінде» шын дәруіштің өз ішіндегі шайтанды артқа тастап кету үшін өмір бойы жүруі, ешбір жерде көп бөгелмеуі тиіс екенін жазыпты, алпыс жеті жыл қаладан-қалаға барып, дала кезгеннен соң шайтаннан қашудан шаршап, оған

мойынсұныпты. Бұл – жас шебер нақышкерлердің соқырлыққа, Алланың қараңғы түнегіне қауышатын, өздері қаламас ада жеке стиль иесі және сонымен бірге барлық стиль белгілерінен құтылатын жасы.

Баязитте, тауықшылар алаңында, «Есір» базарының бос алаңқайында да, сорпашы мен сүт дүкенінен шыққан жағымды иісінің ішінде бірдеңе іздеп жүргендей сенделіп, жүрдім де қойдым. Есіктері жабылған шаштараздардың, үтікшілердің маған таңдана қарап қойып, қолындағы ақшасын санап отырған наубайханашы атаның, тұздалған балық пен көкөніс иісі сіңген аспаз дүкенінің алдынан өттім. Көзім тек түстеріне қызыққаны үшін іште әлі де бірдеңелер өлшеп жатқан дәмдеуіш дүкеніне кірдім де, адамдарға тесіле қарағандай кейіптегі кофе, зімбір, даршын қаптарына, түрлі түсті сағыз құтыларына, таразы жақтан иісі мұрынға бірден жеткен бәден, зере, қара зере, бозғалдақ қапшықтарына қайран қала қарадым. Кейде барлығын аузыма салып, барлығын бір бетке сызғым келеді.

Соңғы бір аптада екі рет қарнымды тойдырған және өзім «Мұңлықтардың асханасы» деп ат қойып алған (шын мәнінде оңбағандардікі деуім керек еді) жерге кірдім. Бұл жерді білетіндер үшін есігі түн ортасына дейін ашық тұратын. Іште қашып-пысқан ұры-қары, үміттері үзілгендіктен, бақытсыздықтан бейне апиыншылар тәрізді көздері бұл дүниеде емес, өзге әлемге өтіп кеткен бірнеше бейшара, гильдия[1] әдебін сақтауға да қиналған екі қайыршы, олардан бөлек, бұрышта оңаша отырған челеби бар еді. Алепполық[1] аспазға іл-

---

[1]*Гильдия* – белгілі бір кәсіп иелерінің біріккен қауымдастығы, өздерінің ережелері, тәртіптері болады.

[illegible]пен сәлем бердім. Ет қосылып, қуырылыған ка[illegible]ны табағыма толтырып, үстіне қаймақ құйып, мо[illegible]ан ашы қызыл бұрыш септім де, челебидің қасына [illegible]ара кеттім.

Бір түнде бір мұң, бір қасірет шөгеді үстіме. Ба[illegible]лар, бауырлар, бізді улап жатыр, шіріп барамыз, [illegible] барамыз, өмір сүрген сайын таусылып барамыз, [illegible]ша кенірдегімізге дейін баттық. Кей түндері түсім[illegible] құдықтан оның сыртқа шыққанын әрі менің ізіме [illegible]кенін көремін, бірақ оны мол топырақпен жақсылап [illegible]рып көмдік, мазарынан тұра алмайды.

Мұрнын сорпа құйылған кесеге батырып, айнала[illegible]ындағы күллі әлемді ұмытқан сыңай танытқан чеде[illegible]дің мені әңгімеге тартуы – Алланың маған жіберген [illegible]гісі ме? Иә дедім, етті бабымен турапты, қуырылған [illegible]пуста өте дәмді екен. Сұрадым. Жиырмалық медре[illegible]ден енді ғана шығып, Арифи пашаға атқосшылық жасап жүрген қызметкер екен.

Түннің бір уақытында неге Пашаның меймандханасында, мешітте немесе үйінде әйелінің қойнында емес, осында, бойдақтар мен қарақшылар жиналған асхана[illegible]а отырғанын сұрамадым. Ол менен қайдан келгенімді, кім екенімді сұрады. Мен де бір сәт ойландым да былай дедім: «Менің атым Бекзат. Гераттан, Тебризден келе[illegible]ін. Ен тамаша суреттерді мен салдым, адам сенгісіз ға[illegible]жайыптарды мен жасадым. Парсыда, Арабстанда сурет [illegible]салынатын әрбір мұсылман нақышханасында ғасыр[illegible]лар бойы былай дейді: қарасаң, Бекзаттың суретіндей [illegible]ынайы деп ойлайсың».

---

[1]*Алеппо* – Сирияның Алеппо қаласынан келген адам.

Әрине, негізгі мәселе бұл емес. Менің суретім көздің көргендерін емес, ақылдың көргендерін бейнелейді. Сурет болса, өздерің білетіндей көз үшін жасалған бір мейрам ғой. Осы екі ойды біріктірсеңдер, ортаға менің әлемім шығады. Яғни:

Әліп:

Сурет – ақылдың көргенін көздің мейрамына айналдырып, жандандыру.

Ләм:

Көздің дүниеде көргендері ақылға қызмет еткенде суретке кіреді.

Мим:

Демек, сұлулық дегенің ақылдың білетін нәрселерін көздің дүниеде жаңадан ашып, көруі.

«Бір демде келген шабыт пен өз рухымның түңғиығынан шыққан бұл қисынды жиырмалық медреседен шыққан мырзамыз түсінді ме? Жоқ. Өйткені шеткі махалла медресесінде күніне жиырма акче еңбекақыға дәріс беретін (Қазір бұған жиырма нан алады) ұстаздың алдында үш жыл отырасың да, әлі күнге Бекзаттың кім екенін білмейсің. Демек, Бекзаттың кім екенін ұстаз молда да білмейді деген сөз. Олай болса, түсіндірейін: «Барлық нәрсенің суретін салдым мен, барлығын. Пайғамбарымыздың мешітте, жасыл михрабтың алдында, төрт халифасымен бірге отырғанын; содан соң басқа бір кітапта Расулалланың Пырақ деген атының үстінде жеті қат көкке, Миғраж түні Жәннатқа көтерілгенін; Қытайдың жолындағы теңізде дауыл тұрғызған құбыжықты үркіту үшін жағалаудағы ғибадатхананың дауылпазын ұрған Ескендірді; хауызында тыр жалаңаш жүзіп жүрген гаремнің сұлуларына ұд тыңдап отырып, тесіктен ұрлана көз тастаған па-

шыны; ұстазымды жеңемін, оның барлық әдіс-айла-сын білемін деп, өзіне-өзі сенген жас балуанның ұстазы оған үйретпеген тәсілдің кесірінен соңғы күресте жеңіліп, Падишаның құзырынан қуылуын; бала Ләйлі мен Мәжнүннің қабырғаларына нәзік өрнектер салынған мектепте, Құран Кәрімді оқып отырғанда бір-бірінше ғашық болғанын, ең ұялшағынан ең әдепсізіне дейінгілерді; ғашықтардың бір-бірінің көзіне тура қарай алмағанын, сарайлардың тастан қаланып, қаланып жатқанын; қылмыскерлердің азапталып, қалана тартылуын; қырандардың ұшуын, қалжыңбас сөздерді, сауырағаш пен шынар ағаштарын, оларға қонақтаған сауысқандарды, ажалды, бәсекеге түскен шайырларды; жеңіс дастарханда сорпадан басқа ештеңе көрмегендерді, қысқасы бәрінің суретін салдым», – дедім.

Ықтиятты қызметкер сескенгенін қойды, тіпті менің сөздерімді тыңдап көтеріліп қалған тәрізді, күлімсіреп қарайды.

Ұстазың саған оқытқан шығар, білесің, – дедім, – Сағдидың «Бостанында» мен өте жақсы көретін бір хикая бар. Әлгі Дарий патшаның аң аулап жүріп нөкерлерінен бөлініп, бір төбенің басына шығатыны бар ғой. Сол хикая. Сонда кім екені белгісіз, қатерлі бір адам қарсы алдына шыға келеді. Патша сасқалақтап, атының қанжығасындағы садағына жармасыпты. Сол сәтте әлгі адам:

– Патшам, тоқтаңыз, атпаңыз, мені қалай танымадыңыз?! Мен сіздің жүздеген атыңызды, жылқыңызды аманаттаған Садық атбегінізбін. Сіз мені қаншама мәрте көрген едіңіз ғой. Мен сіздің жүз атыңыздың әрқайсысының келбетін білемін, әрқайсысын түр-түсі-

мен, мінез-құлқымен танимын. Сонда қалай, өзіңіздің құлдарыңыздың ішінен ең жиі көретін мен сияқтыларға да назар аудармайсыз ба? – деді.

Осы мәжілістің суретін салған кезде атбегінің сүйісіне қараған қара, торы және ақбоз аттарды жайнаған гүлдерге бөленген жұмақтай жасыл жайылымда, бақытты әрі жан дүниелерін тып-тыныш, жайлы етіп сызатын едім, оны көрген ең надан оқырманның өзі оқиғаның Сағди ақынның киссасынан алынғанын бірден ұғады. Бұл дүниенің сұлулығы мен сыры тек оны сүйе отырып назар аударғанда, қызыққанда және мейірім көрсеткенде ғана ортаға шығады. Мұнсыз қысырақтар мен аттар өмір сүретін сол жұмақта тіршілік еткілерің келсе, көздеріңді ашыңдар, қырағы болыңдар да, түстеріне, ерекшеліктеріне және әзілдеріне назар аударып, бұл дүниені көріңдер.

Жиырма акчелік мүдәрістің оқушысы бір жағынан көңілді отырса, бір жағынан менен қорқып та отыр. Қасығын тастап, қашып кеткісі келеді, бірақ оны еркіне жібермедім.

– Сол суретте патшаны, атбегісін Бекзат ұстаздың таңғажайып кейіпте сызғаны сонша, – дедім, – жүз жыл болды, оның салған аттарын көшіріп, қайталап, әлі тауыса алмай жатыр. Оның қиялы мен жүрегінен шығып, қолдары шеберлікпен қағазға түсірген сол аттардың әрбірі қазір бір-бір қалып, үлгіге айналды. Жүздеген нақышкер, соның ішінде мен де ол аттарды жатқа сызамыз. Сен аттың суретін көріп пе едің?

– Үлкен бір ғалым адам бар еді, сол кісі бір күні менің марқұм ұстазыма берген сиқырлы кітаптан қанаты бар аттың суретін көріп едім.

Үстазымен бірге Ажайып-ул Махлукатты салмақты шоектің қатарына қосып отырған мына ақымақтың ісінің алдындағы сорпасына бір–ақ батырайын ба, әлде өмірінде көрген бірден-бір ат суреті туралы (бәлкім, ең шашар нұска шығар ол) тамсана әңгімелеп беруге мүрша берейін бе? Үшінші бір жол таптым да, қасығымды шалтай салып, асханадан сыртқа атып шықтым. Сенделіп көп уақыт жүргеннен кейін иесіз қалған тәккеге кірдім, сол мезетте жаным жай тапқандай болды. Айналасын сыпырып-сыпырып тазаладым да, тыныш қана отырып үнсіздікті тыңдадым.

Біраздан соң жасырып қойған жерімнен айнаны шығарып, күрсіге сүйеп қойдым, құшағыма екі беттік суретті және жұмыс тақтайымды алдым, отырған жерімнен жүзімді айнадан көргенде көмір қаламыммен өз бейнемді сыза бастадым. Біраздан соң қағаздағы келбеттің менің айнадағы бейнеме ұқсамайтынын көрдім де, ішімді мұң кернеді, көздерім жасаурап кетті. Жезде тамсана-тамсана айтатын венециялық суретшілер мұны қалай жасайды сонда? Бір сәт өзімді олардың орнына қойдым және олар сияқты сезініп сурет салар болсам, бәлкім, сонда суретімді өзіме ұқсата алармын деп ойладым.

Одан соң франк суретшілеріне де, Жездеге де карыс айтып, сызған суретімді өшірдім де, айнаға қайта қарап сурет сала бастадым.

Көп уақыт өткен сон алдымен өзімді көшеден, содан соң осы кофені ішіп отырған жерімнен таптым. Осында қалай келгенім есімде жоқ, ішке кіргенімде осы оңбаған нақышкерлер мен хұснихатшылардың ішіне араласып кеткенім үшін ұялғаным сонша, маңдайымнан шып-шып етіп, тер де шыққан-ды.

Мені бақылап, бір-бірін түртіп, сыбырласып, күлісіп отырғандарын да сеземін, тіпті көріп те отырмын. Өзіммен өзім қалғандай кейіп танытып, сықпытымды өзгертпестен бір бұрышқа барып отырдым. Бір жағынан басқа шебер нақышкерлерді, кезінде Осман ұстазға бірге шәкірт болған сүйікті бауырларымды көзбен шолып, іздеп отырмын. Оларға да бүгін түнде бірер аттың суретін сыздырғанына және бұл есаландардың жарысты шын көріп, жанталасқандарына көзім жетеді.

Әңгімеші әзірге хикаясын бастай қойған жоқ-тұғын. Сурет те ілінбепті әлі. Бұл да мені кофеханадағы тобырмен жақындаса түсуге мәжбүрледі.

Жақсы, сендерге шындықты айтайын. Барша адам сияқты әзіл, анайы әңгімелердің тиегін ағытып, достармен, ұятсыздықпен сүйісіп, бірнеше мағынасы бар тұспал сөз ай-тып, жаңылта сөйлеп, жас шеберлердің хал-күйін сұрап, ортақ дұшпандарды сөзбен түйреп әбден көңілденген кезде қасымдағылардың мойындарынан сүйіп, тұрпайы қалжыңға басып, қолымды тәртіпсіз сумаңдатып, айналамдағылардың ана жер, мына жерін сипалауға дейін бардым. Мұның бәрін жасап отырғанның өзінде рухымның бір бөлігінің қатыгездікпен үнсіз қалғаны жанымды ауыртып отыр еді.

Қысқа уақыттың ішінде сөзді құбылтып, астарлап сөйлеу арқылы өзімнің және сөз қылып отырған өзгелердің ұлы мүшелерін қаламға, қамысқа, кофехананың бағаналарына, сыбызғыға, тоқпаққа, сабағы бар пиязға, мұнараға, қанты мол пармақ тәттісіне, шырша ағашына және тұтас әлемге ұқсаттым; әңгімеге арқау қылған сымбатты бозбалалардың бөкселерін тәрәнжіге, інжірге, кадайыфқа, жастыққа, тіпті құмырсқа илеуіне де

уақытым. Ал осы кезде менімен құралпылас хуснихатшылардың ең сөзге шебері өз мүшесін кеме бағаны мен тіреуіне, қамалдың сырығына теңеген, онысы қарасөздер тау болып шықты әрі ол өзіне сенімді емес еді. Сонымен бірге қарт нақышкерлердің тұрмайтын «қамалдарын», жас шәкірттердің шие түстес еріндерін, жолдарын (мен сияқты) жер-жерге (ең анайы тесікке дейін) сақтайтын хуснихатшылар, ішіп отырған шарасын ұмытпаушан емес, апиын салынғанын, Тебриз бен Ширазды соңғы шеберлер Алеппода кофе мен шараптың арналастыратындарын, ол жердің хуснихатшыларын, сөздіктерін бейнелі тілмен жеткізіп, біраз сөз еттім.

Кейде ішімдегі екі рухтың біреуінің ақыр соңында жеңіске жетіп, келесісін артқа тастағанын, үнсіз әрі ұйқымсыз жағымды ұмыта алғанымды да ойлап қойғам. Ол кезде баршамен бірге өзімнің балалық шағымдағы мейірам күндерін еске алып, сыр ақтарамын. Бірақ осы қылжақ пен әзілдерге, қызыл сөздерге, құшақтасып, сүйіскенімізге қарамастан мені тобырдың ортасында жападан-жалғыз әрі қасіретке көміп қалдырған үнсіздік бар еді ішімде.

Мені үнемі айыптайтын, жамағаттан бөліп әкеткен осынау үнсіз әрі қатыгез рухты (ол бір жын еді, рух емес) ішіме кім орналастырды? Шайтан ба? Бірақ ішімдегі үнсіздік шайтанның тілегі болған әдепсіз, ұятсыз қылықтармен емес, керісінше рухқа өрнегін салған таза хикаялар арқылы жай табушы еді.

Жаныма тыныштық тапқызар деп, шараптың қылуымен екі хикая айтып бердім. Ұзын бойлы, жүзі солғын, бірақ тәні қызғылт тартқан хуснихатшының шәкірті көгілдір көздерін жанарыма қадап, мені бар ынта-шынтасымен тыңдап отыр еді.

Нақышкердің жалғызсыраған жанын жұбату үшін айтылған соқырлық пен стиль жайлы екі хикая

Әліп

Ат суретін аттарға қарап салу жұрт ойлағандай франк шеберлері ойлап тапқан дүние емес. Казвиндік ұлы ұстаз Жамаладдиннің пікірі еді ол әу баста. Ақ-қойлылар билеушісі Ұзын Хасанның Казвинді басып алуынан кейін, қарт шебер Жамаладдин, тек жеңімпаз әміршінің нақышханасына асығыс қосыла салумен шектелмей, онымен бірге жорықтарға шығып, майданның барысын өз көзімен көріп, соғыс мәжілістерінің суретін салғысы келетінін айтыпты. Осылайша алпыс екі жыл бойы ешқашан соғыс көрместен, ат, атты әскер мен майдан суретін салған осынау ұлы шебер алғаш рет соғысқа аттаныпты. Алайда қан сорпасы шыға терлеген аттардың бір-бірін кеуделерімен қаға, айқай-шудың ішіне араласып кеткенін көре алмастан, жау жақтан атылған зеңбіректің «добынан» бірден соқыр болыпты һәм екі қолы білегінен үзіліп түсіпті. Нағыз ұлы суретшілер сияқты, онсыз да соқырлықты Алланың сыйы деп күтіп жүрген қарт ұстаз қолсыз қалуды да бір кемшілік деп есептемепті, нақышкер жадының біреулер айтып жүргендей қолында емес, ақылы мен жүрегінде екенін, Алланың көр деген асыл суреті мен ғажайыптарын, нағыз шынайы әрі мінсіз аттарды, енді соқыр болған соң ғана көре алғанын айтып, осы бейнелерді нақышсүйерлермен бөлісу үшін өзіне ұзын бойлы, солғын жүзді, бірақ тәні қызғылт тартқан әрі көгілдір көзді бір хұснихатшы шәкіртін тауып алыпты да, Алланың қараңғылығында көз алдына кел-

[illegible] таңдағажайып аттарды қолы қалам ұстай алса қалай [illegible] болар еді, соны айтып жазғызған екен. Ұстаз өлген соң [illegible] хұснихатшының еңбегі «Аттардың нақышы», «Аттардың ағысы» және «Аттардың махаббаты» деген үш томға жинақталған, әр аттың алдыңғы сол аяғынан [illegible] болғалған осынау үш жүз үш ат сызбасының хикаясы [illegible] кездері Аққойлының күш-қуаты сезілген өлкелер[illegible] кеңі танылып, жұрт сүйсініп, оны іздепті, кітаптың [illegible] жаңа көшірмелері шығыпты. Кейбір нақышкер, шәкірт, оқушылар тіпті жаттап та алыпты, оны бір үлгі [illegible] болды деп бағалапты, бірақ Ұзын Хасанның Аққойлы мемлекеті құлаған соң және Герат нақышы тұтас Парсы елкесіне жайылғаннан кейін ұмытылыпты. Бұл [illegible] гераттық Кәмалаллин Рызаның «Соқырдың аттары» деген кітабында, осы үш кітап қатты сыналып, [illegible] керектігі айтылған кезде алға тартылатын [illegible] кисынның жөні бөлек: казвиндік Жамаладдиннің үш кітабында айтылған аттардың ешбірі Алланың [illegible] бола алмайды, өйткені олар саф емес, қарт ұстаз [illegible] ларды бір рет, қысқа мерзімге болса да майдан даласын, соғыс мәжілісін өз көзімен көрген соң айтқан. Аққойлы Ұзын Хасанның қазынасын Фатих Сұлтан Мехмед тонап, бар мүлкі Ыстамбулға әкелінгендіктен осы үш жүз үш хикаяның кейбіреуінің ара-тұра өзге кітаптардан көрінуіне, тіпті кейбір аттардың бұл хикаяларда айтылғандай кейіпте суреті салынғанына таң қалмау керек.

Ләм

Гераттa және Ширазда шебер нақышкердің өмірінің соңғы сәттерінде, көп жұмыс істеудің салдарынан

соқыр болуы тек хас шеберлікті анықтайтын белгі ғана емес, Алланың осы ұлы шебердің еңбегі мен өнерінің қайтарымын бергені ретінде бағаланып, мадақталатын. Сондықтан бір кездері Гератта, қартайса да соқыр болмаған көне ұстаздарға жұрттың күмәнмен қарай бастауы көптеген шеберлерді егде тартқанда өз бетінше соқырлықты іздеуге итермелеген-ді. Бұлардың кейбіреулері өз-өздерін соқыр қыла алмай, басқа бір шах үшін қызмет қылмау немесе стиль ауыстырмау үшін өздерін соқыр қылған әпсана шеберлердің жолын қуу ретінде бағаланып, жұрт сүйсіне мадақтаған сол бір кездерде тасада қалды да, тек Әмір Темірдің Миран Шахтан тарайтын немересінің бірі Әбу Саид Ташкент пен Самарқандты алған соң құрған нақышханасында, соқырлықтың өзіне емес, оған ұқсауға соқырлықтан да жақсы құрмет көрсетілуіне байланысты өздеріне жаңа әлем ашты. Әбу Саидқа кеңес берген қарт шебер Қара Уәли көздері көрмейтін нақышкерлер қараңғыда онсыз да Алланың жылқысын көретінін, нағыз өнердің көздері көретін нақышкердің дүниеге соқыр адамдай қарай алуы екендігін айтыпты. Мұны да алпыс жеті жасында, қағазға қарап тұрса да, оны еш көрмегендей, ойланбастан қаламының ұшына келген атты бір демде сызып беруі арқылы дәлелдепті. Миран Шахтың да аты аңызға айналған суретшіге жәрдем болсын деп саңырау музыканттарға ұд тартқызып, мылқау мәддахтарға хикая айтқызған сол бір нақыш кешінің соңында Қара Уәлі салған таңғажайып ат пен шебер сызған өзге аттар ұзақ салыстырылып, араларында ешбір айырмашылық жоқ екені белгілі болса керек. Миран Шахты мұнайтқан осы жағдайға байланысты әпсана ұстаз, өнер иесі нақышкердің көзі ашық болса да, жабық бол-

[illegible] аттарды әрқашан бір ғана түрмен, Алланың көрі[illegible] сияқты көретінін айтыпты. Оның ойынша, әңгіме [illegible] шебер нақышкерге келіп тірелер болса, соқыр мен көзі [illegible] нақышкердің еш айырмашылығы болмайтын [illegible]. Қолы үнемі бір ғана аттың суретін салатын. [illegible] себебі ол кезде франк тәсілі жоқ еді. Ұлы шебер Қара [illegible]дің аттарын жүз он жыл бойы күллі мұсылман [illegible] нақышкерлері қайталады, өзі болса Әбу Саид жеңі[illegible], нақышханасы таратылғаннан соң, Самарқаннан [illegible]винге барды да, екі жылдан кейін Құран Кәрім[illegible] «Соқыр мен соқыр еместер тең болар ма?» деген [illegible]ндағы аятын арам ниетпен жоққа шығарғысы ке[illegible] деп алдымен көздері ойылып, соқыр болды, кейін [illegible] Низам шах әскерлерінің қолынан өлді.

Үшінші бір хикая айтып, ұлы суретші Бекзаттың [illegible] соқыр қылғанын, Гераттан ешқашан кеткісі кел[illegible]ненін, күшпен Тебризге апарылған кезде не себепті [illegible] жасамағанын, нақышкердің стиліне рухани түр[illegible] когенделіп қалған нақышханасы болатынын, Осман [illegible]ттаздан естіген өзге әпсаналарды көздері күлімдеген [illegible]сихатшы шәкіртіне түсіндіріп беруші едім, бәлкім. Бірақ ойым кофеханадағы мәддах әңгімешіге қарай қайта-қайта ауа берді. Бүгінгі кеште шайтан хикаясын [illegible]тынын қайдан білдім екен?

«Мен деген – бірінші шайтан, – дегім келді іштей, – [illegible] стилі бар адам – шайтан, шығыс пен батысты бір-бірінен ажырата алатын да – шайтан».

Көздерімді жұмып, көңілімдегі шайтанды мәддахтың түрпайы қағазына сызып бердім. Мен сурет салып отырғанда әңгімеші мен шәкірті, өзге нақышкерлер, [illegible]уеніне қарағандар күлісіп, менің қолтығыма су бүркіп отыр еді.

Сендер қалай ойлайсыңдар, менде стиль бар ма, жоқ әлде шараптың қызуы ма бұл?

47. Мен – шайтанмын

Зәйтүн майына қуырылған қызыл бұрыштың иісін, таңғы шапақпен бірге тыныш теңізге жауып тұрған жаңбырды, ашық терезенің шетінен бір әйелдің көрінгенін, тыныштықты, ойлануды және сабырды жақсы көремін. Өзіме сенемін әрі көбінесе мен туралы айтылып жататын әңгімеге пысқырып та қарамаймын. Бірақ бүгін кешке, осы кофеханаға кейбір өсек-аяң, өтірік пен қауесеттерге байланысты нақышкер және хүснихатшы бауырларыма ескерту жасау үшін келдім.

Әлбетте, мен айтқаным үшін менің сөздеріме емес, оған керісінше айтылғандарға ілануға даяр отырғандарыңды білемін. Алайда менің айтқандарыма қарамақайшы дүниелердің үнемі дұрыс бола бермейтінін сезетіндей ақылды һәм ілімбасандар да мен айтқандарға назар аударатындай сезімталсыңдар. Құранда атым елу екі рет кездесетінін, ең көп аталған есімдердің бірі екенін білесіңдер.

Олай болса, Алланың кітабынан, Құран Кәрімнен бастайық. Ондағы мен туралы айтылғандардың бәрі шындық. Мұны айтып отырғанда сыр жасырмайтын, ақкөңіл екенімді білгендеріңді қалаймын. Өйткені мұнда да стиль мәселесі бар. Құран Кәрімнің менің беделімді түсіріп, төменшіктетуі жанымды ауыртады. Бұл қасірет – менің өмір жолым. Бұл жайында дауласпай-ақ қоялық.

Иә, біздің, періштелердің көз алдымызда Алла адамды жаратты. Содан соң оған сәжде жасауымызды бұйырды. Иә, Ағраф сүресінде жазылғандай, барлық періштелер сәжде жасағанда мен қарсылық таныттым. Әлемнің балшықтан, менің одан әлдеқайда қадірлі, қолары түрған зат екенін бәрің де білетін оттан жаратылғанымды естеріне салдым, адамға сәжде жасамадым. Алла да мені «тәкаппар» деп санады:

Жұмақтан шық, – деді, – Ол жерде кеуде керіп, ешқандай бөлек ұстау сенің не теңің?!

Қияметке дейін, өлгендер тірілгенше өмір сүруге рұқсат бер маған, – дедім.

Берді. Мен болсам, осынау мерзім ішінде өзіне сәжде жасамағаным үшін жаза тартуыма себеп болған Әлемнің тұқым-жұрағатын жолдан тайдыратынымды алдым. Ол болса, мен адастырғандарды тозаққа жібереміне айтты. Мұның бәрі еруліге – қарулы дегендей, ешқандай жасайтынымызды сендер жақсы білесіндер.

Бұл мәселеде алып-қосар көп ештеңем жоқ. Кейбіреулер сол кезде Ұлық Алла екеуміздің арамызда келісім жасалғанын алға тартқан-ды. Мұны қисынға салсақ, мен Ұлы Аллаға құлдарын сынау үшін жәрдемші болып, олардың ойларын бұзуға тырысады екенмін. Жақсылар жақсылық жасап, жолдан шықпаса, жамандар нәпсілеріне еріп, күнә жасап, тозақтың түбіне қарай бата түседі. Жұрттың бәрі жұмаққа барар болса, ешкімді қорқытып-үркітудің қажеті болмайтындықтан, дүние мен мемлекет істері тек ізгіліктен тұрмайтындықтан һәм әлемге жақсылықпен қатар жамандық, сауаппен қатар күнә да керек болғандықтан, мен жасап жүрген іс өте маңызды. Алланың тәртібі менің аркамда және Ұлық Алланың (неге қияметке дейін

тіршілік етуге маған уақыт беріп еді?) рұқсатымен жүзеге асса да, менің «жаман» атануым, маған тиесілі ақының өзіме берілмеуі менің күпия қасіретім еді. Менің пайдама осы қисынды аяғына дейін жеткізген Халлажы Ман-сұр немесе атақты Имам Ғазалидің бауыры Ахмет Ғазали сияқтылар, Алланың рұқсатымен һәм қалауымен жасалатындықтан іс жүзінде мен істеткен күнәлардың да Алланың қалауымен болған істер екенін, жақсы мен жаман емес екенін, өйткені барлық нәрсенің Алладан келетінін, тіпті менің де Алланың бір бөлшегі екенімді жазып, айтуға дейін барды.

Осынау ақымақтардың біразы әділетті түрде өлтіріліп, кітаптарымен бірге өртелді. Өйткені, сөз жоқ, жақсы мен жаман бар, бұл екеуінің арасында шекара сызу баршамыздың ісіміз, мен – (Құдай сақтасын) Алла емеспін, бұл қисынсыз, оспадар ойларды әлгі ақымақтардың миларына мен салған жоқпын, олар өздері ойлап тауып алған.

Мұның өзі менің екінші наразылығыма алып келеді.Әлемдегі барлық жамандықтың және күнәлардың қайнары мен емеспін. Көп адам менің азғырып, алдап-арбауымсыз, күмәндарымсыз-ақ өз қырсықтығымның, нәпсілерінің, оңбағандықтарының, жігерсіздіктерінің және көбіне ақымақтықтарының кесірінен күнә жасайды. Кейбір оқыған-тоқығаны бар сопылардың мені барлық жамандықтан арашалап алуға ұмтылуы қаншалықты қисынсыз болса, барлық жамандықты менен шықты деу де Құран Кәрімге соншалықты қайшы дүние. Тұтынушысын алдап, шіріген алма сатқан әр саудагерді, өтірік айтқан әр баланы, жағымпазданған әр пендені, қиялының өзі анайылыққа толы әр қарияны, өз мүшесін ұқалап,

[illegible] алатын әр бозбаланы мен азғырып жүрген жоқпын. Тіпті Ұлы Алла осы соңғы екеуінен мені [illegible] түсіретіндей қандай да бір жамандық та таба алмайды. Әрине, мен ауыр күнәлар жасалғанын қалаймын, сол үшін тыраштанамын, алайда аузын ашып [illegible]нгендерді, түшкіргендерді, тіпті осырғандарды да мен алдап-арбағандай етіп жазады кейбір ілім иелері. Бұл дегенің олардың мені ешқашан түсінбегенін һәм түсіне алмайтынын көрсетеді.

«Түсінбей-ақ қойсын, сен оларды оп-оңай азғыра аласың», – дейтін шығарсыңдар. Дұрыс. Бірақ менің [illegible]окаппарлығым бар екенін, Ұлы Алламен келіспеуімнің астарында осы мінез жатқанын естеріңе салуым керек. Әр кейіпке оп-оңай кіріп, әсіресе нәпсіні оятатын сұлу әйел бейнесінде дініне берік адамдардың жолына шыққан сәтім ондаған мың кітапта қаншама рет жазылғанына қарамастан, мұндағы нақышкер бауырларым мені неге қолы-басын қал мен сүйел басқан, өсті өжім-әжім, мүйізді және құйрығы бар құбыжық бір мақұлық тәрізді етіп сызатындығын түсіндіріп бере ала ма өздері?

Негізгі тақырыбымызға енді келдік. Нақыш. Ыстамбул көшелерін толтырған және сендерді кейін мұңайтпасын деп атын атамауға бекінген бір уағызшының айдап салуына ерген тобыр өзіндік мақаммен ұран шақыруды, тәккелерге жиналып, құшақтасып зікір салуды, аспаптың дыбысына еріп естен тануды әрі кофе ішуді Алланың сөзіне қайшы деп ұғатын көрінеді. Бұл уағызшы мен тобынан қорыққан арамыздағы кейбір нақышкерлер франк стилімен нақыш жасау менің ісім екенін айтады екен, естідім оны. Маған жүздеген жылдар ішінде сансыз жала жабылды. Олардың

ешқайсысы дәл осы жаладай ақиқаттан соншама алыс тамаған-ды.

Барлығын қайтадан айтайын: Барша жұрт Хауаға ты-йым салынған жемісті жегізгеніме бола әу бастағы мәселені ұмытады. Жоқ, бастау Ұлы Алланың мені тоқаппар санауында да жатқан жоқ. Барлығының бастауында Оның маған және өзге періштелерге адамды көрсетіп, сәжде жасауымызды талап етуі және басқа періштелердің адамға сәжде етіп жатқанда, орынды бір шешім қабылдап, «менің адамға сәжде жасамай қойғаным» тұр. Мені оттан жаратқан соң, қайдағы бір балшықтан жасалған адамға «сәжде жаса» деуі орынды ма? Ұждандарыңмен айтыңдар бауырлар. Жарайды, білемін, осында арамызда сыр қалмайды, Оның барлық нәрсені еститінін және күндердің күнінде сендерден есеп сұрайтынын ойлап, қорқып отырсыңдар. Олай болса, сендерге сол ұжданды неге берді деп сұрамайын, қорыққандарың да дұрыс деймін әрі осы сауалымды және от-балшық мәселесін ұмытайын. Бірақ ешқашан ұмытпай, мақтанышпен еске алатын бір нәрсем бар: «Мен адамға сәжде жасамадым».

Олай болса, жаңа франк шеберлері тура осыны жасап жүр. Мырзалардың, епископтардың[1], бай саудагерлердің, тіпті қатындардың да көздерінің түстерін, тәндерін, еріндеріндегі пірімдерді, кеуделерінің арасындағы әдемі көлеңкелерді, маңдайларындағы әжімдерді, саусақтарындағы жүзіктерді, тіпті құлақтарынан шығып тұратын жиіркеніштi қылдарды да, қысқасы барлық нәрсені тура шынайы кейіпте сызғандарымен қоймай, адамды бір сәжде жасалатын жа-

[1]*Епископ* – христиан діни қызметкерлері.

[illegible] ыстай етіп оларды суреттерінің тура ортасына [illegible]ластырып, бұл картиналарды табынатын пұт се[illegible] кабырғаларға іліп қоятын болды. Адам дегенің [illegible]кесінің өзі бүге-шігесі қалмай сызылатындай [illegible]ды бір мақұлық па? Бір көшедегі үйлер адам[illegible] көзіне алыстаған сайын кішірейіп көрінетіндей [illegible] сызылатын болса, әлемнің ортасында Алла [illegible], адам орналастырылған болып шықпай ма мүн[illegible]? Бұларды барлық нәрседен, хабардан Ұлы Алла [illegible]некайда жақсы біледі. Алайда адамға сәжде етуден [illegible] тартқан, сол себептен қасірет шегіп, жалғыздың [illegible] кешкен, сол себепті де Алланың назарынан түс[illegible], балағатталған менің осы суреттерді салғызу үшін [illegible]рсулерді азғырып, ортаға ой тастауым қаншалықты [illegible]ысыз екенін түсінген шығарсыңдар енді. Осы пі[illegible]ре иланғанша, кейбір молдардың жазып, кейбір [illegible]ызшылардың айтып жүргеніндей барлық құлдар менің кесірімнен өздерін-өздері қандырып, барлық [illegible]амды менің осыртқаныма сену әлдеқайда қисынды [illegible]лар еді.

Бұл мәселеде соңғы бір дүниені айта кетейін, бірақ [illegible]здерім үнемі өздерін көрсетіп қалуға ұмтылатын, [illegible]суделеп жүретіндерге, ойларында ақша мен құмар[illegible]ықтан басқа ештеңе жоқ әумесерлерге арналмайды! Шексіз ақылыммен мені тек Ұлы Алла ғана түсінеді: Періштелерді адамға сәжде еткізу арқылы оған тәкаппар болуды өзің үйреткен жоқсың ба? Енді сенің періштелеріңнен үйренген нәрселерді өздері жасап жүр, өздеріне өздері сәжде етіп, өздерін әлемнің орталығына орналастырып жүр бұлар. Барша адам, тіпті сенің ең сасық құлдарың да франк шеберлерінің стилімен сурет салғызғанды қалайды. Өздеріне осылай қайран қалып

жүріп, жақында олар сені де ұмытатын болады, бұл істің нәтижесі осы, мен оны өзімді қалай нақты білсем, солай. Оның үстіне, сені ұмытқаны үшін барлық кінәні маған артатын болады бұлар.

Осы айтылғандарды барлығына жұрт ойлап жүргендей емес, елең де қылмағанымды сендерге қалай түсіндірсем екен? Әрине, жүздеген жылдар бойы қатыгездікпен тас атылып, балағаттар мен қарғыс жаудырылып, теріс бата берілгеніне қарамастан аман-есен жүргенімді көрсетіп қойсам, Қияметке дейін өмір сүру рұқсатын маған Ұлы Алла бергенін мені балағаттаған ашулы һәм міскін дұшпандарым бір уақ естеріне алар болса, бәріміздің ісіміз жеңілдей түсер еді. Олардың Алладан алған өмірлері алпыс-жетпіс жылға әрең жетеді. «Бұл өмірді кофе ішу арқылы ұзартуға тырысыңдар», – десем: «Ойбай, шайтан осылай тілеп отырса, мүлдем кереғар жасайын», – деп кейбіреулері ешқашан кофе ішпей қоятынын немесе кофені дәретханаға төктіруге тырысатынын да білемін.

Күлмеңдер! Ойлардың мазмұны емес, сипаты маңызды. Нақышкердің ненің суретін салғаны емес, стилі маңызды. Бірақ бұлар ешқашан көзге ұрып тұрмауы керек. Соңғы сөзім ретінде бір махаббат хикаясын айтып берейін деген едім, кеш болып кетіпті. Осы түнде мені сөйлеткен шебер әңгімеші ертең емес, бүрсігүні, сәрсенбінің түнінде қабырғаға бір әйелдің суретін іліп қойған кезінді осы ғашықтық хикаясын тәтті тілімен айтып беруге уәде етті.

48. Мен – Шекуремін

Түсімде әкемді көрдім, маған түсініксіз бірдеңелер айтып тұр екен, түрі қорқынышты болатын, оянып кеттім. Шевкет пен Орхан екі жағымнан мені қапсыра ұстап, ұйықтап жатыр, олардың денелерінің қысуымен әбден терлеппін. Шевкет қолын құрсағымның үстіне қойыпты. Орхан терлеген басымен кеудемді ұстап алыпты. Сонда да оларды оятпастан төсектен тұрып, бөлмеден шықтым.

Бөлмеден өтіп, ақырын ғана Қараның есігін аштым. Бөлмедегі шырағданның жарығымен оның өзін емес, оранды hәм суық бөлменің ортасында кебінге оранған мүрдедей болып ағарандаған төсегін көрдім. Шырағданның жарығы төсекке жете алмай жатқандай көрінді маған. Қолымды созып, алға ұмтылып едім, шамның орнына қоңырқай ренді Қараның сақал-мұрты өскен ұшы, жаланаш кеудесіне түсті. Жанына жақындадым. Орхан сияқты жұлдызқұрттай бүктетіліп ұйықтап жатқан еді әрі жүзінде ұйқыдағы бір қыздың сипаты бар болатын. «Бұл – менің күйеуім», – дедім өзімше. Маған бір жағынан алыс әрі жат еді, ішімде бір өкініш пайда болды. Қолымда қанжар болғанда ғой, оны өлтірер едім. Мұны шынымен өлтіргім келгенмен емес, бала күнімізде бәріміз жасайтынымызбен -Оны өлтірсем не болады?» деп ойлап, оны істеп көргім келді. Қаншама жыл бойы тек мені ойлап өмір сүргеніне, бетіндегі бейкүнә бала бейнеге де сенбедім.

Жаланаш аяғыммен иығынан түртіп, ояттым. Мені көргенде қуанып, жүзі бал-бұл жана қоймады, керісін-

ше мен қалағандай бір сәт болса да қорқып қалғаны байқалады, ол үйқысын ашып үлгерместен бұрын:

– Түсімде әкемді көрдім, – дедім. – Маған қорқынышты нәрсе айтты: Оны сен өлтіріпсің.

– Әкең өлген кезде екеуміз бірге едік қой.

– Мұны мен де білемін, – дедім. – Бірақ сен әкемнің үйде жалғыз қалатынын білетін едің.

– Білгенмін. Балаларды Хайриемен бірге сен жі бердің. Оның жалғыз қалатынын Хайрие, бәлкім Естер де білген шығар. Басқа кімнің білетінін сен менен гори жақсы білесің.

– Көңіл түпкірінен жеткен бір үн не себепті бары мыз ашылмай, жолымыз болмағанын, бізді шыр айнал дырған қырсықтың сырын маған айтатындай болады да тұрады. Сол дауыс шықсын деп аузымды да ашамын, алайда түстердегідей көмейімнен дыбыс шықпайды Сен де бала кезімде мен таныған жақсы әрі таза Қара емессің.

– Әкең екеуің сол пәк Қараны қуып жібергенсіндер.

– Әкемнен өш алу үшін маған үйленген болсаң, кегін қайтты. Бәлкім, осы себептен де шығар, балалар сені жек көреді.

– Білемін, – деді, бірақ мұны күрсіне айтты. – Түнде үйықтардың алдында сен төменде жүр едің. «Қара, Қара, көтім жара», – деп жатты маған естірте.

– Оларды сабап тастауың керек еді гой, – дедім алдымен шынымен де оның балаларды сабағанын тілеп. – Оларға қол көтерсең сені өлтіремін, – дедім сәлден соң екілене.

– Төсекке кір, – деді, – тоңасың енді.

– Сенің қойнына ешқашан кірмейтін шығармын. Мүмкін, екеуміздің үйленгеніміз қателік болған шы-

[illegible] шекеміздің «заңды үкімі» жоқ десіп жүр [illegible]. Түнде үйықтамастан бұрын Хасанның аяғының [illegible] естідім. Ұмытпа, бәлен жыл күйеуіммен бір[illegible] көзімде оның үй ішінде жүрген-тұрғанын көп [illegible]. Балалар оны жақсы көреді. Аяушылықты біл[illegible]. Қызыл қылышы бар, одан сақтан, өзіңді қорға.

Қарының көзқарасы шаршаңқы болғанымен қатал[illegible] қарайды, оны қорқыта алмайтынымды ұқтым.

Екеумізге қарағанда әлдеқайда үмітті, сөйте тұра [illegible] адам сенсің, негізі, – дедім. – Мен бақытсыз [illegible] үшін, балаларды қорғау үшін қасарысып келе[illegible]. Сен болсаң өзіңді мойындату үшін жанталасып [illegible]. Мені сүйгенің үшін емес мұның бәрі!

Мені қаншалықты сүйетінін, иесіз керуенсарай[illegible], жалаңаш жартастар мен тауларда, қарлы бо[illegible] үйықтыған түндерде үнемі мені ойлағанын ұзақ [illegible] берді. Бұларды айтпаған болса, балаларды [illegible], бұрынғы күйеуімнің үйіне тартып отырар едім. Бірақ көңілімдегі ойды айта салдым:

Бұрынғы күйеуім аяқ астынан қайтып оралатын[illegible] болып тұрады маған. Сенімен түн ортасына дейін [illegible] бөлмеде қалудан, балалардың көзіне түсуден қо[illegible]ланымнан емес, бір-бірімізді құшақтай бергенде ол [illegible], есікті қаға ма деп сескенемін.

Далаадан, аула қақпасының маңынан қырқысып, та[illegible] кеткен мысықтардың ащы үні естілді. Одан соң [illegible] тыныштық орнады. Бір сәт шыңғыратын шығар[illegible] деп ойлағам. Қолымдағы шырағданды не үстел[illegible] үстіне қоя алмадым, не кері қайтып, балаларым [illegible] бөлмеге кете алмадым. «Әкемнің өліміне қа[illegible] жоқ екеніне көзім жетпейінше осы бөлмеден шықпаймын», – дедім өзіме-өзім.

– Бізді көзге ілмейсің, – дедім Қараға. – Маған үйленген соң тәкаппар болып шыға келдің. Күйеуім қайтып келмегені үшін мүсіркейтінсің, енді әкемнің өлтірілгеніне бола тіптен мүсіркей қарайсың.

– Шекуре ханым, – деді ықтиятпен. Әңгімесін осылай бастауы маған ұнады. – Бұл айтқандарыннын шындыққа жанаспайтынын өзің де білесің. Сен үшін бәрін істеймін.

– Олай болса төсегіннен тұр да, мен сияқты тікеннен тік тұр, қане!

Бір нәрсе күткенімді неге айттым оған?

– Олай жасай алмаймын, – деді көрпесін, үстіндегі ұйқы киімін нұсқап, ишара білдірді.

Оның мұнысы да жөн еді. Алайда сөзіме құлақ аспағаны ызаландырды мені.

– Әкем тірі кезде осы үйге сүтке тиген мысықтай болып жүруші едің, – дедім. – Ал қазір маған Шекуре ханым дегеніннің өзінде айтқандарына өзің сенбейсің әрі иланбайтыныңды біздің де білгенімізді қалайсың.

Ашудан емес, аяқтарымды, жонымды және мойнымды мұздай қарыған суықтан тітіркеніп, тоңып тұр едім.

– Қойныма кір де, қатыным бол енді, – деді.

– Әкемді өлтірген оңбағанды қалай табасыңдар? – дедім. – Іздеу ұзаққа созылар болса, менің осы үйде сенімен бірге қалуым дұрыс болмайды.

– Естер мен сенің арқаңда Осман ұстаз бар назарын аттарға аударды.

– Осман ұстаз марқұм әкемнің ата жауы еді. Енді өзін өлтірген қанішерді табу үшін оған мұқтаж болып қалғанын байғұс әкем аспаннан көріп, жаны күйзеліп жүрген шығар.

Дереу төсектен атып тұрып, маған қарай ұмтылды. Қимылдай алмай да қалдым. Алайда мен ойлағандай емес, шырағдандағы шамды қолымен сөндірді де, тоқтап қалды. Айнала қап-қараңғы түнекке айналып шыға келді.

Енді әкең бізді көре алмайды, – деді сыбырлап. – Екеуміз ғана қалдық. Енді, қане айтшы, Шекуре! Осы жерге он екі жылдан соң қайта оралғанда мені сүйе аласыныңды, көңіліннен маған орын бере аласыныңды сездірдің маған. Сөйтіп, үйлендік. Ал үйленген соң мені сүюден қашасың.

Саған амалсыз тұрмысқа шықтым, – деп сыбырладым.

Қараңғыда алдымда тұрған кеудесіне сөздерімнің Фидули айтқандай шегедей болып қадалғанын қатыгездікпен сезіп тұрған едім.

Сені сүйген болсам, балаларым да сені жақсы көрер еді, – дедім тағы да сыбырлап.

Айтшы маған, қараңғыдағы сұлу, – деді, – үйлеріне келіп кеткен барлық нақышкерді бақылып, танып алдың. Сенің ойынша қайсысы қанішер?

Менің айтқандарым болса көңілін түсірмей, әлі де болса көңілді тұрғаны ұнады. Күйеуім еді ол.

– Тоңдым.

Мұны айттым ба, жоқ па, есімде емес. Сүйісе бастадық. Қараңғыда бір қолыма ұстаған шырағданмен бірге оны құшақтап, барқыт тілін сору, көз жасым, шашым, ұйқы көйлегім, дірілдеуім, тіпті оның кеудесі де әдемі болатын. Суықта мұрнымның оның ыстық белінде тиіп жылынғаны да әдемі еді, бірақ қорқақ Шекуре өзін-өзі ұстады, сүйісіп тұрғанда да өзін ұмытпады, қолындағы шырағданын, өзін бақылап тұрған әкесін,

бұрынғы күйеуін, төсекте ұйықтап жатқан балаларын ойлады.

– Үйде біреу жүр, – деп бақырдым. Қараны итердім де дәлізге атып шықтым.

49. Менің атым Қара

Үйден таңғы алакеуімде ешкімнің көзіне түспестен, қылмыс жасаған қонақтай болып, ұрлана басып шықтым да балшықты көшеде ұзақ жүрдім. Баязитте аулада дәрет алып, мешітке кірдім де намаз оқыдым. Іште тек қырық жылда ғана қол жеткізуге болатын бір өнермен, намазын оқып тұрғанда да ұйықтай беретін бір қария мен имамнан басқа ешкім жоқ екен. Ұйқылы-ояу армандарымыз бен көңілсіз естеліктеріміздің арасында кейде Алланың да бізге бір сәт назар аударғанын сезіп, Падишаның қолына алабұртқан көңілмен өтініш хат ұстатқан кісінің үмітімен одан бірдеңе сұраймыз. Маған, сүйіктіме һәм мені сүйгендерге толы бақытты шаңырақ беруі үшін Аллаға жалбарындым.

Үйіне барған кезімде бір аптаның ішінде Осман ұстаздың бірте-бірте менің көңілімдегі марқұм Жездемнің орнын алғанын да сездім. Ол бөтен еді, маған алыс еді, алайда кітаптың нақышын жасауға деген сенімі терең болатын. Ұлы шебер жылдар бойы нақышкерлер арасында қорқыныш, қайран қалдыру мен сүйіспеншілік дауылын тұрғызған біреу емес, өзімен өзі қалған бір карт дәруішке ұқсап кетіпті.

Ұстаздың үйінен Сарайға, ол аттың үстінде аздап бүкірейіп, мен аттың қасында бүрсеңдеп жүріп келе

Жаңалығымызда көне әңгімелерді безендіретін арзанқол суреттердегі қарт дәруіш пен қуанышты мүритке ұқсаған болуымыз керек.

Сарайда Жасауыл басы мен адамдарының бізден ілгерірек әрі әзір тұрғанын көрдік. Падишамыз үш шебер нақышкер сызған ат суреттеріне таңертең біз сарап, араларындағы малғұн қанішерді оп-оңай тауып алатындығымызға сенгендіктен, оларды тергеп-іздестірместен малғұнды азаптауды бұйырыпты. Осылайша барша жұрт көріп, ғибрат алсын деп, жендет қылмысының алдына емес, жасырын тергеу, азап пен өлім жазасын орындау үшін таңдалатын Хас бақшаның түбіндегі кішкентай үйге әкелді бізді.

Жасауыл басының адамы деуге татымайтындай арық әрі ілмиген бір жігіт өзіне асқан сенімділікпен бір суреттің үстіне үш парақ қойды.

Осман ұстаз линзасын шығарған кезде жүрегім аттай тулады. Линзасы мен оған үнемі бір қалыпты қалықтықта ұстайтын көзін үлкен алаңның үстін шолып жүрген қыранша үш аттың суретінің үстінен бояу жүгіртіп өтті. Тоят қылар киік көрген бүркіттей аттардың танауларының үстіне бір сәт түйіліп, бар ынта-шынтасымен қарай қалды, бірақ келбетін өзгертпеді.

Жоқ, – деді содан соң салқынқандылықпен.

Не жоқ? – деді Жасауыл басы.

Мен де, ұлы ұстаз да бұл іске терең мән беріп, жалтарынан тұяқтарына дейін қарап, аттардың әр бөлігіне шүкшиятын шығар деп ойлаған едім.

– Малғұн нақышкер ешқандай із тастамапты, – деді Осман ұстаз. – Торы аттың суретін кімнің салғанын мына картиналар арқылы таба алмаймыз.

Тастай салған линзаны алып, аттардың танау тесіктеріне қарадым. Ұстазым дұрыс айтыпты. Жездем даярлап жатқан кітап үшін салынған торы аттың сол бір дүрдиген танауы мен оның тесігіне ұқсас дүние мына үш аттың ешқайсысында жоқ еді.

Сыртта мен білмейтін азаптаушы құралдар ұстап тұрған жендеттер ойыма орала берді. Ашық тұрған есіктен оларды көруге тырысып отырғанда, біреудің жын соққандай кері қарай қашып, тұт ағаштарының бірінің тасасына жасырынып, ғайып болғанын байқадым.

Бозала таңды жарқыратқан шұғыладай болып, Әлемнің тірегі Падишамыз хазіреті сол сәтте ішке кірді.

Осман ұстаз осы ат суреттерінен ештеңе таппағанын оған дереу мәлім етті. Дегенмен осынау тамаша суреттердегі аттардың бірінің тік шапшып тұрған асау мінезіне, екіншісінің мүлгіген тұрысындағы нәзіктігіне, үшіншісінің өте ескі кітаптарда кездесетін салмақтылығы мен маңғаздығына Падишамыздың назарын аударуды ұмытпады. Сонымен бірге әрбір ат суретінің қай нақышкердің қолынан шыққанын бір-бірлеп болжап берді, ал нақышкерлердің үйіне екі кештің арасында барып келген бозбала оның айтқандарын растады.

– Нақышкерлерімді алақанымдағыдай білетініме таң қалмаңыз, Әміршім, – деді ұстаз. – Алақанымдағыдай білетін нақышкерлерімнен еш білмейтін бір суреттің шыққанына таң қалып отырмын мен. Өйткені шебер нақышкердің ешбір кемшілігі негізсіз болмауы керек еді.

– Яғни? – деді Падишамыз.

– Аса мәртебелі Падишам, жаһанның тірегі, құрметті Әміршім, мына торы аттың танауынан көрініп тұрған

күшия қолтаңба, менің ойымша ешбір мағынасыз дүние әрі қияли нақышкердің кемшілігі емес, тамыры тонау есте жоқ ескі замандарға, басқа суреттерге, басқа стильдерге, бәлкім басқа аттарға кеткен нәрсе, Сізің ішкі қазынаңызда, құлып үстіне құлып салынған жертөлелеріңізде, темір сандықтарда, кебежелер мен шкафтарда сақтап отырған жүздеген жылдық кітаптардың таңғажайып беттерін бір қарап шықсақ, бүгін қате деп бағалаған дүниенің, бәлкім, көне стиль екенінің көзімізді жеткізіп, мұны үш нақышкердің бірінің қаламымен байланыстыра алармыз.

– Хазине-и Ендерунға кіргің келе ме сонда? – деді Сұлтан таң-тамаша болып.

– Иә, – деді ұстазым.

Бұл дегенің гаремге кірумен пара-пар деңгейдегі қисынсыз тілек. Дегенмен сол сәтте мына жайтты ұғардым: гарем мен қазына ғимараттары Падишамыздың сарайының Жәннәт-и Ендерун ауласының ең әдемі екі бұрышында орналасқаны сияқты, Падишамыздың рухының ең нәзік екі бұрышында да орын тепкен болса керек.

Енді тура қарауға батылым жеткендіктен, Падишамыздың әдемі жүзінен әрі қарай не боларын аңғаруға тырыса бастадым, алайда ол кетіп қалды. Ашуланып қалды ма? Ұстазымның кеудемсоқтығының кесірінен бәріміз, тіпті тұтас нақышкерлер жазаға тартыламыз ба?

Алдымдағы үш атқа қарап тұрып, Шекурені қайта көре алмастан, онымен бір төсекке жатпастан өліп кетуім мүмкін екендігімді ойладым. Осынау сұлулықтарға қарамастан бұл тамаша аттар қазір мен үшін алыстағы бір әлемнен шығып келгендей көрінді.

Ендерунға, Сарайдың жүрегіне алынып, осы жерде ер жетіп, осында өмір сүру қалай Падишаның құлы және оның жолында құрбан болу мағынасын білдірсе, нақышкер болудың да Алланың сұлулығының құлы болу әрі ол үшін өлу дегенді білдіретіні дәл сол сәттегі үнсіздікте санама жетті.

Біраздан соң Бас қазынашының адамдары бізді жоғарыға, Ортакапы қақпасына қарай шығарғанда ойымда осы өлім бар еді. Ажалдың үнсіздігі.

Бірақ ондаған паша өлім жазасына кесіліп, жантәсілім еткен Бабусселамнан өтіп бара жатқанда есік күзетшілері бізді көрген де жоқ. Кеше жұмақтың бір бұрышындай болып көзімнің жауын алған Диуан Мейданы да, мұнара да, тауыс құстары да осы жолы маған еш әсер етпеді. Бұдан да әрірек жүріп, Падишамыздың құпия әлемінің жүрегі Ендерунға апарылатынымызды сол кезде аңғардым.

Осылайша бас уәзірлердің өзі рұқсатсыз кіре алмайтын есіктерден өттік. Бір ертегіге еніп кеткен баладай болып, алдымыздан шығар таңғажайыптармен, құбыжықтармен бетпе-бет келмеу үшін көздерімді жерден ала алмадым. Арыз бөлмесіне қарай да алмадым. Сонда да бір сәт көзім тайды да, гаремнің қабырғаларына, басқа ағаштардан ешбір айырмашылығы жоқ қатардағы шынарға, жарқыраған көк атластан шапан киген, ұзын бойлы бір адамға назарым ауды. Биік бағаналардың арасынан өттік. Өзгелерінен биік әрі келбетті және мукаранасы бар ауыр қақпаның алдына келіп тоқтадық. Босағасында салтанатты киім киген ағалар бар еді, олардың біреуі құлыпқа үңілді.

Бас қазынашы көзіме тура қарап:

– Неткен бақыттысыңдар, Падишамыз хазіреті Хазине-и Ендерунға кірулеріне рұқсат етті. Ешкім көрме-

ген кітаптарға қарап, алтын парақтарды, беттерді, адам сенгісіз ғажайып суреттерді тамашалап, аңшылардай із кесерсіндер. Падишам, Осман ұстазға үш күн бергенін, мұның біріншісінің біткенін, екі күн ішінде, бейсенбі күні түске дейін нақышкерлер арасындағы малғұнның кім екенін ұстаздың анықтап мәлімдеуі тиіс екенін, таба алмаса Жасауыл басының азаптары арқылы бұл мәселені шешетіндігін ескертуімді тапсырды, – деді.

Алдымен кілт тесігіне өзге кілт салынбасын деп арнайы салынған мөрді қорғау үшін жасалған ораманы шешті. Қазына қызметкері мен екі адам мөрдің бұзылмағанын көріп, бастарын изеп ишарат жасады. Мөр бұзылды, кілт тесікке сұғылған кезде құлып бәріміз тына қалған тынышқтықта сықырлап ашылды. Осман ұстаздың жүзі аяқ асты күл реніне айналып кетіпті. Бетіне өрнек салынған ауыр емен қақпаның бір қанаты ғана ашылғанда осы жүзге өте көне дәуірлерден жеткендей болған қара сәуле түсті.

– Хатшыларды, мүлікті дәптерге тіркеп отыратын қызметкерлерді Падишамыз тектен-текке шақырткан жоқ, – деді Бас қазынашы. – Кітап сақтаушы өлді, оның орнына кітаптарға қарайтын ешкім жоқ. Падишам осы себепке байланысты сендермен бірге ішке тек Джезми ағаның кіруін бұйырды.

Жасы жетпіске таяп қалған, сөйте тұра жүзі бал-бұл жанған ергежейлі еді бұл. Басындағы желкенге ұқсас серпуш[1] тымағы өзінен өткен күлкілі, оғаш көрінді.

– Джезми аға іштегі дүниелерді, бұл жерді мекен қылып алған. Кітаптардың қайда екенін, әр нәрсенің орнын бәрінен бұрын осы кісі он саусағындай біледі.

---

[1]*Серпуш* – түріктердің бөрік тәріздес тымағы.

Ергежейлі қарт тәкаппарланбады. Қазына бөлмесінің парсылық бозбалалар көтеріп жүретін күміс сияқты бір мангалды, седеп қақпақты дәрет шелегін, шырағдан мен майшамдарды бір шолып шықты.

Бас қазынашы есіктің біздің сыртымыздан жабылып, Явуз Сұлтан Селимнің жетпіс жылдық мөрі басылып, құлып салынатынын, ақшам намазынан кейін осында әзір тұрған атқамінерлердің көз алдында, олардың куәлік етуімен мөр қайта ашылатынын, үстібасымызға, киім-кешегімізге, белбеулерімізге, қойынқоншымызға абай болуды, «байқамай бірдеңе кіріп кетпеуін» қадағалауды, себебі шығатын кезде іш киімімізге дейін тінтетіндерін ескертті.

Қаз-қатар тұрған шенділердің арасынан өтіп, ішке кіріп едік, мұздай екен. Есік жабылғанда бір сәт айнала тұтас түнекке айналды да кенеземе дейін кірген зең, шаң және сыз нісін сездім. Барлық нәрсе астан-кестен болып үйіліп жатыр, түрлі заттар, сандықтар, дулығалар, қысқасы бәрі араласып кетіпті. Ауыр бір шайқастан кейінгі майдан даласына кез болғандай сезім пайда болды ішімде.

Жоғарғы жақтағы терезелердің торларынан және биік қабырғаларды бойлай асылған баспалдақтардың, екінші қабатты айнала орналасқан тақтай алаңқайлардағы сүйеніштердің арасынан тұтас ғимараттың ішіне түсіп тұрған әлсіз һәм өзгеше сәулеге көздерім де үйрене бастады. Қабырғалардағы барық маталардың, кілемдердің өңдерінің әсерінен бұл бөлме қып-қызыл түске еніпті. Осыншама байлық пен мүлікті жинау үшін жасалған жорықтардың, болған соғыстардың, өткен шайқастардың, төгілген қаның, тоналған қалалар мен қазыналардың нәтижесіне сүйсіндім, құрметпен сезіндім бәрін.

Қорықтыңдар ма? – деп сұрады ергежейлі қария менің ішімдегі сезімімді дыбыстап. – Алғаш кірген барлық адам қорқады. Түн баласы осы заттардың рухы сыбырлап сөйлей бастайды.

Қорқытқан нәрсе осынау адам сенгісіз мол байлықтың, мүліктің ішіне көмілген үнсіздік еді. Артқы жағымыздағы есіктің құлыбына басылған мөрдің шықырлаған дыбысын естіп, еш қимылдамастан айнамаламызға қайран қала қараумен болдық.

Қылыштар, піл тістері, шапандар, күміс шырағдандар, атлас байрақтарды көрдім. Седеп қораптар, темір сандықтар, қытай вазалары, белдіктер, саздар[1] сауыттар, жібек жастықтар, дүниені көрсететін глобустар, құмғандар, шүмектер, аң терілері, тондар, мүйізтүмсықтың мүйіздері, нақыш салынған түйекүс жұмыртқасы, мылтықтар, жебелер, күрзілер, кебежелер көрдім. Айналаның бәрі мата, қалы кілем мен атласқа толы еді, әрі бұлар биіктегі тақтай сөрелерден, сатының жақтауларынан, қабырғалардағы кішкентай қуыстардан үстіме қарай төгіліп, ағып келе жатқандай көрінді. Маталардың, құтылардың, падиша шапандарының, қылыштардың, күлгін әрі ірі майшамдардың, сөлделердің, інжулермен көмкерілген жастықтардың, алтынмен апталған ер-тұрмандардың, сабына алмас орнатылған алдаспандардың, жақұт сапты күрзілердің, сөлделердің, түйреуіштердің, кораштау сағаттардың, піл тісінен жасалған ат пен піл мүсіндерінің, емізіктері алмастан жасалған қорқорлардың, седеп суырмалардың, ат түйреуіштерінің, ірі тәспихтардың, жақұт және ақықпен әшекейленген дулығалардың, құмыра-

[1] *Саз* – домбыра тәріздес түрік халқының музыкалық аспабы.

лардың, құмғандардың, қанжарлардың үстіне бұрынсоңды ешбір жерде кездестірмеген бөлекше бір сәуле түсіп тұр еді. Жоғарыдағы терезелерден сыздықтан қана түскен сәуле тура жаз күндері мешіт күмбезіндегі қуыстан ішке кірген күн сәулесі тәрізді алакөленкелі бөлменің ішіндегі шаң түйіршіктерін жарқыратып тұр еді, бірақ бұл күн сәулесі емес болатын. Осынау өзгеше сәуленің арқасында бұл жердегі ауа қолмен ұстап көруге болатын дүниеге айналғандай, ал осындағы барлық заттар бір ғана нәрседен жасалғандай көрінеді. Бөлмедегі үнсіздікке бәріміз бірге тағы да сескене мойынсұнған соң, суық бөлмеде билік құрған қызыл түсті солдырып, барлық затқа таңғажайып кейіп берген нәрсенің сәуле тәрізді барлық жерге тараған шаң екенін байқадым. Осынау қаптаған затты тіптен қорқынышты қылған нәрсе көздің екінші, үшінші қараған сәтінде де не екенін анықтай алмауы еді. Сандық деп ойлаған дүниені біраздан соң күрсі, мінбер деп, одан соң қолапайсыз франк мүліктерінің бірі екеніне көз жеткіземін. Сандықтардан шығарып, асығыс-үсігіс лақтыра салған шапандар, түйреуіштер, маталар арасында жатқан седеп сандықтың іс жүзінде Мәскеу патшасы жіберген қораштау суырма екенін түсінемін.

Джезми ага мангалды қабырғада іліулі тұрған ошаққа дағдыланған кейіпте орналастыра салды.

– Кітаптар қайда? – деп сыбырлады Осман ұстаз.

– Қай кітаптар? – деді ергежейлі, – Арабстаннан келгендер ме, куфи[1] Құрандар ма, жаны жәннатта болғыр Явуз Сұлтан Селим Хан хазіретінің Тебризден

[1]*Куфи* – араб жазуының ескі үлгісі.

[illegible]ендері ме, өлім жазасына кесілген соң мал-мүлкі [illegible]ленген пашалардың кітаптары ма, Падишамыз[illegible] [illegible]аларына Венеция елшісі әкелген сыйлық том[illegible]р ма, [illegible]лде Фатих Сұлтан Мехмет заманынан қалған [illegible]ан кітаптары ма?

Отыз жыл бұрын Шах Тахмасптың марқұм Сұл[illegible] Селим хазіретіне сыйлыққа жібергендері, – деді Осман ұстаз.

Грифжейілі бізді үлкен бір ағаш шкафқа ертіп апар[illegible] [illegible]ешігін ашып, алдында тұрған томдарды көрген[illegible] Осман ұстаздың дегбірі қашып кетті. Бір томды [illegible], кіріспесін оқыды, беттерін парақтады. Онымен [illegible] мен де беттерге, әрбірі бір-бір сүйіспеншілікпен [illegible]ылған, қысық көзді хан суреттеріне қайран қала қа[illegible]ым.

«Шыңғыс хан, Шағатай хан, Төле хан, Құбылай хан Қытай билеушісі» деп оқыды да томды жауып, [illegible]ласын алды Осман ұстаз.

Фархадтың сүйіктісі Шырынды ғашықтықтың [illegible]ретімен астындағы ат-матымен арқалап, қинала [illegible]ерген сол мәжілісті көрсететін көздің жауын алар[illegible]ы, [illegible]демі сурет шықты. Бір-бірін құлай сүйген жан[illegible]ың ынтықтығы мен құсасын көрсету үшін таудаға [illegible]ар[illegible]стар, бұлттар мен Фархадтың ғашықтығына куә [illegible]ан зәулім үш шынар ағашының жапырақтары [illegible]ы бір қолдың дірілімен, сондай бір қасіретпен [illegible]ылғаны сонша, төгілген жапырақтардағы көз жа[illegible]ының дәмі мен шері Осман ұстаз екеумізге бірден [illegible]ті. Осы әсерлі мәжіліс ұлы шеберлер жасайтындай Фархадтың бұлшық етінің қуатын көрсету үшін емес, [illegible]ықтық дертінің тұтас әлемде бір мезгілде сезілетін[illegible]ін түсіндіру үшін сызылған-ды.

«Сексен жыл бұрын Тебризде Бекзаттың туындыларына ұқсатып жасалған дүниелердің бірі», – деп Осман ұстаз томды орнына қойып, жанасын алды.

«Калила мен Димнадан» мысық пен тышқанның мәжбүрлі достығын көрсететін сурет еді бұл. Егіс алқабында, жердегі сусар мен көктегі лашынның шабуылына ұшырап, жанын қоярға жер таппаған байғұс тышқан жауларынан құтылу үшін аңшының тұзағына түсіп қалған бейшара мысықты паналайды. Олар өзара тіл табысады. Мысық тышқанды досындай көріп, мейірлене жалайды. Сусар мен лашын мысықтан қорқып, тышқанды ауламақ ниеттерінен бас тартады. Тышқан болса мысықты тұзақтан ептеп босатып алады. Мен нақышкердің сезімталдығын түсініп үлгергенше ұстаз кітапты орнына қойып, басқа бір томның беттерін аша бастаған-ды.

Бір алақанын сырбаздана жайып бірдене сұрап тұрған сәтінде екінші қолымен жасыл көйлегінің сыртынан тізесін құшақтаған тылсым бір әйел мен оған қырындай қарап ханымының сөзін тыңдап отырған еркектің әдемі суреті болатын бұл. Араларындағы құпияны, махаббат пен достықты қызғанып, суретке құмарлана қарадым.

Оны тастап өзге кітаптан басқа бет ашты Осман ұстаз. Ежелден бері бір-біріне ежелгі ата дұшпан саналған Иран мен Тұранның қалың қолындағы атты әскерлер сауыттарын, дулығаларын киіп, жақтары мен садақтарын, жебелерін асынған, мойындарына дейін кежім кигізілген сымбатты аттарына мініп, боз жусанды даладағы майдан алаңында қаз-қатар тізілген күйі, жалаулы найзаларын кезеніп, қиян-кескі шайқас басталардың алдында жекпе-жекке шыққан қолбас-

шыларының сайысын тамашалап тұр еді. Бұл сурет бүтін салынса да, жүз жыл бұрын сызылса да, соғыс мәжілісі болса да, махаббат мәжілісін көрсетсе де иманы кәміл нақышкердің бейнелеген дүниесі өз нәпсісімен күрес еді әрі өзінің нақыш жасауға деген сүйіспеншілігі демекші едім, яғни нақышкердің салғаны өзінің сабыры дегім келіп еді. «Бұл да емес», – деп Осман ұстаз кітапты жаба салды.

Бір мураккадан биік тауларды бүйра-бүйра бұлттар қоршаған, алыстаған сайын кеңіген табиғат көрінісін көрдік. Сурет салудың бұл дүниеге қарап, оны өзге әлем тәрізді көрсете білу екенін ойлағам. Осман ұстаз осынау қытай суретінің Бұхарадан Гератқа, Гераттан Тебризге, Тебризден де Падишамыздың сарайына түрлі-түрлі кітаптармен бірге кіріп-шығып, томы паршаланып, кейін басқа суреттермен бірге түптеліп, қандай жолмен Қытайдан Ыстамбулға келгенін айтып берді.

Бірінен-бірі өткен қорқынышты, бірінен-бірі әдемі соғыс пен өлім суреттерін көрдік. Рүстем Шах Мазендеранмен бірге, Рүстем Афрасиабтың әскеріне шабуыл жасауда, Рүстем сауыт киіп, танымастай болған жұмбақ жауынгер...Басқа бір мураккада кімдер екенін біз анықтай алмаған әпсана жасақтар, жан алысып, жан беріскен шайқас кезінде паршаланған мүрделер көрдік. Қанға суарылып қып-қызыл болған қанжарлар, ажал сәулесі көздеріне түскен бақытсыз әскерлер, бір-бірін еттей тураған жауынгер-баһадүрлер. Хұсраудың ай сәулесінің астында жуынып жатқан жаланаш Шырынға тасадан сығалап қарап тұрғанына, қос ғашық – Ләйлі мен Мәжнүннің ұзақ уақыт екі жақта жүріп бір-бірін қайта көргенде талып қалғандарына және тұтас әлемнен қашып, бақыт аралында жеке өзде-

рі ғана қалған Саламан мен Абсалдың ағаштармен, гүл дермен, құстармен бірге қуаныштан мәз болған сонш көрсететін суреттерге Осман ұстаздың неше мыңы шы мәрте қарағанын кім білсін. Ұлы ұстаз сияқты сн жаман картинаның өзінде мейлі ол нақышкердің әлсі дігінен, мейлі түстердің өзара құрған әңгіме-дүкені кесірінен бір бұрышта пайда болған оғаш дүниеге менш назарымды аударmай тура алмады. Хұсрау мен Шырын нөкер қыздар айтып жатқан әдемі әңгімелерді тыңдап отырғанда, ағаштың бұтағына қонбауы тиіс жаман дық шақыратын байғызды қандай бақытсыз әрі арам ниетті нақышкер отырғызып қойған? Сымбатты Жүсіптің коркемдігіне қарап жеміс турап тұрғанда саусақтарын кескен мысырлық қатындар арасына әйел киімін киген сұлу бозбаланы кім орналастырған? Исфандиярдың жебе тиіп соқыр болған кезін салған нақышкер, кейін өзінің соқыр болатынын болжай алар ма еді?

Пайғамбарымыз хазіретінің көкке көтерілу сәтінде айналасын қоршап жүрген періштелерді, зұхал жұлдызын бейнелеген қара торы өңді, алты қолды, ұзын қою сақалды қартты, нәресте Рүстемнің анасы мен асыраушыларының мейірімді көзқарастарының аясында седеп бесігінде мамыражай кейіпте ұйықтап жатқанын да көрдік. Дарийдің Ескендірдің құшағында қинала жантәсілім сткенін; Бахрам Гүрдің орыс ханшайымымен бірге қызыл бөлмеге кіріп алып, шықпай қойғанын; Сияуыштың танауында құпия қолтаңбасы жоқ қаракер атпен оттан өткенін; баласының қолынан өлген Хұсраудың қасіретті жаназасын көрдік. Томдарды тез-тез таңдап, қайта орнына қоя жүріп, Осман ұстаз бір нақышкерді таниды да, маған көрсетеді, гүл-

[illegible] арасына, қирандылардың адам аяғы баспас [illegible]тарына, не болмаса жын жасырынған қара [illegible]ақтың түбіне қымсына тығылған қолтаңбаны та[illegible]ныларады, қолтаңбаларға, колофондарға[1] қарап [illegible] кімнен нені алғанын айтады. Кейбір томдарда [illegible] бет сурет кездестіреміз де, әбден ақтарады. [illegible] оршама уақыт үнсіздік орнайды, тек парақтар[illegible] ғана сытырлағанын естиміз. Ал кейбір сәт[illegible] Осман ұстаз: «Иә», – деп таң-тамаша қалады да [illegible]ның не нәрсеге қайран қалғанын түсіне алмай, [illegible] қаламын. Кейбір суреттердегі беттің сипаты [illegible]тібін, ағаштар мен атты әскердің кескінін өзге [illegible]лардан, мүлдем басқа хикаялардың өзгеше бір мә[illegible]терінен кездестірген кезімізде картинаны ашып [illegible]тін, алдыңғысын еске салып қояды. Низамидың «Хамсасының» сонау Әмір Темірдің ұлы Шах Рух [illegible]ында, яғни шамамен екі жүз жыл бұрын даяр[illegible]ан томындағы сурет пен Тебризде жетпіс-сексен [illegible] бұрын жасалды делінген басқа томдағы суреттер[illegible] салыстырады да нақышкерлердің бір-бірінің туын[illegible]арын ешқашан көрмей-ақ менен тура сол суретті [illegible]ларындағы хикметті сұрайды әрі жауабын өзі бе[illegible]ді: «Нақыш жасау дегенің – еске түсіру».

Ескі томдарды ашып-жауып, таңғажайып картина[illegible]арды көргенде мұнайып (өйткені мұндай суреттерді [illegible]нді ешкім сала алмайды), олақтықты көргенде мәз бо[illegible]ып, күлісіп (іс жүзінде барлық нақышкерлер бауыр[illegible]лар едік) нақышкердің есіне түскен нәрселерді, көне [illegible]ағаш суреттерін, періштелерді, қолшатырларды, жол-

---

[1]*Колофон* – кітаптың немесе қолжазбаның соңғы бетіне жазылатын автор туралы ақпараты бар мәтін.

барыстарды, шатырларды, айдаһарларды және шерлі шахзадаларды көрсетіп, мына жайтты тұспалдады. Бір кездері Алла дүниені еш теңдессіз халде көріп, көрген нәрсесінің сұлулығына сеніп, оны құлдарына қалдырған-ды. Біз нақышкерлер мен нақышты сүйіп, оған қарайтындардың ісін Алла көріп, бізге қалдырған сол бір таңғажайып көріністі еске алу ғана болатын. Әр буын нақышкерінің ең ұлы шеберлері тұтас өмірлерін арнай отырып, көздері соқыр болғанша еңбек етіп, ерекше қажыр танытып, зор ықылас, шабытпен Алланың бізге көруге бұйырған осынау таңғажайып арманды орындауға, оның нақышын жасауға тырысатын. Жасайтын істері адамның алтыннан жасалған естеліктерін еске алуына ұқсайтын. Алайда амал қанша, ең ұлы шеберлер де тура шаршаған қариялар мен жұмыс істеудің кесірінен соқыр болған ұлы нақышкерлер тәрізді сол бір таңғажайып картинаның тек ана жер, мына жерін ғана еске түсіре алушы еді. Бір-бірінің туындыларын ешқашан көрмесе де, оның үстіне араларынан жүздеген жылдар өтсе де, көне шеберлердің бір ағашы, құсы, хамамда жуынып жатқан шахзада мен жүзін мұң торлаған жас қыздың терезенің көзінде тұрғанын, әр заманда тура мұғжиза сияқты айнытпай салуларының себебі осы еді.

Көп уақыт өткен соң, Қазына бөлмесінің қызыл сәулесі аздап қараңғылана бастағанда һәм шкафта Шах Тахмасптың Падишамыздың атасына жолдаған сыйлық кітаптарының ешқайсысы қалмағаны белгілі болған кезде, Осман ұстаз әлгі бір қисынды еске түсірді: «Кейде бір құстың қанаты, жапырақтың ағашта қалуы, шашақ ұштарының бұйралануы, бір бұлттың аспанда қалықтауы, бір әйелдің күлімсіреуі шеберден шәкіртке

[illegible] сайын көрсетіліп, үйретіліп, жатталып, ғасырлар бойы сақталады. Шебер нақышкер өз ұстазынан үйренген және бір үлгі екеніне иланғаны үшін, оның [illegible]майтынына Құран Кәрімнің өзгермейтіндігіне [illegible] шын жүректен нанып, Құранды жаттаған[illegible] жадына нақышын жасап алған осы ерекшелік[illegible] ұмытпайды, бірақ оның бұл ерекшелікті [illegible]ауы оны үнемі пайдаланатындығын білдірмейді. Нақышкердің өзі ішінде талай жыл көз жанарын та[illegible] нақышхана әдеттері, жанында сурет салатын [illegible] шебердің дағдылары, өңдерге құмарлық пен [illegible]ының ләззаты, кейде нақышкердің осы ерекше[illegible] сызуына рұқсат бермейді де бір құстың қанатын [illegible] ойелдің күлгенін...».

Не болмаса бір аттың танауын, – дедім мен.

Не болмаса аттың танауын, – деді Осман ұстаз еш [illegible]мсіреместен, – рухына сіңгендей кейіпте сала алмайды да әлгі шебер сол кезде өзі жұмыс істеп отырған нақышхананың дағдысымен, жұрттың бәрі жасап жүрген тәсілмен суретін сыза салады. Түсіндің бе?

Осы күнге дейін талай нұсқасын қарап шыққан Низамидің «Хұсрау мен Шырынының» Шырынды тақта отырған кейіпте көрсететін суреті бар бетінде сарай қабырғасының үстіңгі жағындағы тасқа ойып жазылған жазуды оқыды. «Ұлық Алла, асыл текті Падишамыздың, әділ Қаганымыздың, Мұзаффар Темір хан ұлының күшін, билігін, елін қорғай көр, өзі бақытты (сол жақтағы тасқа жазылыпты) және бай (оң жақтағы таста) болсын!».

– Нақышкердің аттың танауын жадында сақталғандай етіп салған суреттерді қайдан табамыз енді? – деп сұрадым біраздан соң.

– Шах Тахмасптың сыйлық ретінде жіберген атақты Шахнама томын табуымыз керек, – деді Осман ұстаз, – нақыштың жасалуына Алла да қатысқан сол бір әдемі, көне, әпсана замандарға кетуіміз керек. Әлі талай кітапты ақтарамыз.

Осман ұстаздың шын мақсатының танауы бөлекше салынған аттарды табу емес, жылдар бойы осы Қазына бөлмесінде барлық назардан аулақ, өздерімен өздері ұйықтап жатқан таңғажайып суреттерге мүмкіндігінше көбірек қарау екенін бір сәт ойлап қойдым. Үйде күтіп отырған Шекуреге мені қауыштыратын із тапсақ деп дегбірсізденгенім сонша, хас шебердің мұздай Қазына бөлмесінде мейлінше ұзақ уақыт қалғысы келетініне сенгім келмеген.

Осылайша кәрі ергежейлінің көрсетуімен басқа шкафтар, сандықтар ашып, суреттерге қарауды жалғастырдық. Кейде бір-біріне ұқсаған суреттерден жалығып, Хұсраудың терезенің түбіне Шырынды көру үшін келгеніне қайта қарағым келмей, Хұсраудың атының танауына да назар салмастан ұстаздан сәл алыстап, мангалдың қасында бойымды жылытуға тырысамын немесе Қазынаның өзге бөлмелеріндегі сұсты мата, алтын, соғыс олжаларын, қару-жарақ пен сауыт-сайман арасында үнсіз жүремін. Кейде Осман ұстаз шығарған дыбыстан және қолдарының ербеңдеп кеткенінен кітаптың ішінде жаңа ғажайыптың немесе өзгеше танаулы аттың ақыр соңында байқалғанын елестетіп, қасына жүгіре басып, жетіп барамын. Сол сәтте сонау Фатих Сұлтан Мехмет заманынан қалған «ұшақ» кілемінің үстінде бүкірейіп отырған ұстаздың аздап дірілдеген қолдарының арасындағы беттен бұрын-соңды еш жерде кездестірмен бір сурет көрдім,

[illegible] Хазреті Нұхтың кемесіне шайтанның жасырын міншілерін сәтін көрсетіпті.

Омыр Темір кезінен сонау Кануни Сұлтан Сүлеймаанға дейінгі әртүрлі мемлекеттің тағына отырған [illegible] шахтың, корольдің, падишаның, сұлтанның [illegible]лер мен арыстандар, қояндар арасында қуанышпен [illegible] жүрген кездерін де көрдік. Бір түйенің артқы [illegible]ларына байлаған тақтайларды саты ретінде пай[illegible]ланып, бейшара хайуанды зорлап жатқан арсызды [illegible] шайтанның өзі ұялғанын көрдік. Бағдат жақтан [illegible] бір арабша кітапта аңыздағы құстың аяғынан [illegible] теңіздерден өткен саудагердің ұшқанын көрдік. [illegible] кейінгі томның өздігінен ашылған екі бетінде Шекуре екеуміз ең жақсы көретін – ағашқа ілінген суретке қарап Хұсрауға ғашық болатынын көрдік. Пілге [illegible]ылған шөріктер, зеңбіректер, құстар мен кішкентай [illegible] мүсіндерінен жасалған сағаттың жұмыс істеуін [illegible]шаттайтын суретті көріп, уақытты еске алдық.

Томнан-томға, суреттен-суретке осылайша қанша [illegible]ранымыз есімде жоқ. Біз қараған суреттер мен хи[illegible]лар көрсететін, ешқашан өзгермейтін, жылжымай[illegible] уақыт біздің Қазына бөлмесінде өткізіп жатқан [illegible]ды әрі зеңді уақытпен араласып кеткен тәрізді. [illegible]сырлар бойы ондаған шахтың, шахзаданың, ханның, падишаның нақышханасында талай адам көз майын [illegible]уыса отырып жасаған беттер сандықтарда сақталған [illegible]шама жылдан соң айналамызды қоршаған дулыға[illegible]ларды, сабына алмас орнатылған қылыштар мен қан[illegible]ларды, сауыттарды, сонау Қытайдан келген кесе[illegible]лер мен шаң басқан ұдтарды, бір сыңарын суреттерден [illegible]ана көрген інжулі жастықтар мен кілемдерді, түрлі [illegible]ттарды қозғалтып, жандандыратын сияқты сезіледі.

Талай ғасырда мыңдаған нақышкер бірдей суреттерді үн-түнсіз қайталап сала беріпті де, әлемнің үн-түнсіз басқа бір әлемге айналғанының суретін сызғанын енді түсіндім.

Ұлы шебердің не дегісі келгенін толық түсінбегенімді мойындаймын. Бірақ Бұхарадан Гератқа, Тебризге, Бағдатқа және сонау Ыстамбулға дейінгі аймақта, соңғы екі жүз жыл бойы салынған мыңдаған суретке ұстаздың аударған назары, аттардың танау тесіктерінен бірдеңе іздеуден әлдеқайда тереңге кеткен еді. Біз, осы өлкеде бірнеше ғасыр бойы сурет салып, нақыш жасаған барлық шеберлердің шабыты, өнері мен сабырына бір сәт шерлі қайран қалу салтанатын жасап отыр едік.

Сондықтан ақшам намазының уақытында Қазына бөлмесінің есігі ашылып жатқанда Осман ұстаз маған сыртқа шыққысы келмейтінін, осы жерде тан атқанша май шамның жарығымен суретке қараса ғана Падишамыз жүктеген міндетті абыроймен атқаратынын айтты. Мұны айтқан кезде онымен бірге осында қалғым келетінін айттым, бұл менің санама сап ете қалған алғашқы ой еді.

Есік ашылып, ұстазым осы шешімімізді сыртта күтіп тұрған ағаларға айтып, Бас қазынашыдан рұқсат сұраған мен бірден өкіндім. Шекуре мен үй көз алдымнан кетпеді. Түні бойы жалғыз өзі, балалармен бірге қалай жататынын, ысырмасы дөңестелген терезелерді қалай ныгыздап жабатынын ойлағанда жаным мұрнымның ұшына келді.

Қазына бөлмесінің бір қанаты ашық қақпасынан әлсіз тұман арасында тұрғандай болып көрінген Ендерун ауласының ірі шынарлары мен сол әдемі бақ-

[illegible] Падишамыз естіп, мазасы қашпасын деп өзара [illegible] жаулардың ишара тілімен сөйлесіп тұрған екі жас [illegible] [illegible]ының әрекеттері мені тыстағы тамаша өмірге [illegible]ырды, бірақ іштегі ұят пен өзімді айыпты сезінуге [illegible] [illegible]ысты орнымнан қозғалмадым.

50. Біз – екі дәруіш

Падишамыз хазіретінің ата-бабасы жүздеген жыл [illegible]нде жүздеген мемлекетті жаулап алып, тонап, жи[illegible] [illegible]келген байлықпен толтырған қазынаның түбінде [illegible]сіз қалған бір мурақка томның ішінде, Қытайда, [illegible]марқан пен Гераттан келген беттердің арасында [illegible]екеуміздің де суретіміздің бар екенін айтатын қа[illegible] тараған. Шамасы мұны ергежейлі Джезми ага [illegible]шкерлер тобына айтқан болуы керек, сондықтан [illegible] хикаямызды өз стилімізбен, өзіміз айтып берсек, [illegible]пау әдемі кофехананы толтырған таңдаулы топтың [illegible]шпен бізге өкпелеп, ренжитін ешкім шыға қоймас, Иншалла.

Біздің өлгенімізге жүз он жыл, дінсіздер ордасы, [illegible]йтан ұясы, Парсының жақтастары деп тәккелері[illegible]здің жабылғанына да қырық жыл болды. Алайда көріп отырсыңдар, біз алдарыңдамыз. Неге? Өйткені франк стилімен суретіміз салынған. Бұл суретте көрі[illegible]іп тұрғандай бір күні біз – екі дәруіш Падишамыздың мемлекетінде бір қаладан екіншісіне бара жатқан едік.

Жалаң аяқ, жалтыр баспыз, жартылай жаланаш, үстімізге бірер тұтам кнік терісін жамылып, белімізде белбеу, қолымызда ұшы үшкір таяғымыз, мойнымызда

шынжырға іліп алған қайыршының кешкул тостаға-ны бар, біреуімізде отын шабатын балта, екіншімізде кешкулімізге Алла не берсе, соны жеу үшін пайдала-натын қасық бар.

Енді қымбатты досым, сүйіктім, мына жолдасым екеуміз әдеттегідей дауласа бастаған едік. Қасықты ал-дымен кім қолға алып, кешкулден тамақ жейді? «Жоқ, алдымен мен, жоқ, алдымен сен» десіп келе жатқан-быз, сыртқы қабырғасында орнатылған құмғаны бар мейманхананың жанында франк саяхатшысына ұқса-ған қораштау бір адам тоқтатты бізді, әрқайсымызға бір-бір Венецияның күміс тиынын берді де, суретімізді сала бастады.

Франктар қызық халық. Бізді тап бір Падишаның әсем шатырындай етіп қағаздың тура ортасына орна-ластырыпты, жартылай жалаңаш күйімізде суре-тімізді салып жатыр еді, бірден есіме түсті де, жан жолдасыма сыбыр ете қалдым. Шынайы бір қайыр-шы, кедей Календари дәруіші сияқты көріну үшін көзіміздің қарашығын көтеріп, ағын ғана көрсеттік те, соқыр сияқты қарай бастадық. Мұндайда дәруіш өз болмысымен айналадағы әлемді емес, басындағы, миындағы әлемді көреді, оның үстіне апиын шегіп алғанымыз тағы бар, содан да шығар біз көрген көрі-ніс тіптен әдемі еді.

Шамасы тыстағы көрініс тіптен өзгеріп кеткен сияқты. Өйткені бір Хожа Ефендінің айғайын естідім.

Бұл жерде мәселені қате түсініп қалмаңдар. Хожа Ефенді дегенде, бір апта бұрын осы әдемі кофеханаға келгендер теріс түсініп қалыпты, мен айтып отырған Хожа Ефенді ерзұрымдық уағызшы Нұсірет Хожа ха-зіреті емес, әкесінің кім екені белгісіз, тексіз Хұсірет

[illegible] емес, ағаштың бұтағына шығып алып шай-[illegible] ойнастық жасаған сивастық Хожа да емес. Өйт-[illegible] жаманшылыққа жоритындар: «Хожа Ефенді [illegible] қайтадан тіл тигізсе осындағы әңгімешінің [illegible] кесіп, кофеханасының шаңырағын ортасына түс[illegible]» – дейтін көрінеді.

Жүз жиырма жыл бұрын кофе де болған жоқ, демек, [illegible] отырған Хожа Ефенді де ашудан жарылар[illegible] бұрын түр еді.

– Ой, кәпір франк, неге мыналардың суретін салып [illegible]рсың? Ұрлық жасап, қайыр сұрайтын оңбаған Ка[illegible]рилер бұлар. Апиын шегеді, шарап ішеді, бір-бі[illegible]мен төсектес болады, қазіргідей жартылай жалаңаш [illegible] шайынан көрініп тұрғандай намаз, дұға, отбасы, ел [illegible]ді білмейтіндер, бұл пәнидің қоқыстары бұлар. Біздің елде қаншама әдемі жерлер бола тұра, неге мына сорлылардың суретін салып жатырсың, біздің басымызға жамандық келсін дегенің бе?

– Жоқ, сендердің жаман халдеріннің суреті қымбат тұрады да, мол табыс әкеледі. Сол үшін салып жатырмын, – деді кәпір.

Ал біз, қос дәруіш бұл нақышкердің ақылына таң қалдық.

– Қымбат тұратын болса шайтанды да әдемі қылып көрсетесің бе? – деп Хожа Ефенді пікірталасқа тартуға тырысқанымен, осы суретімізден байқап отырғандарыңдай, франк нақышкері шебер өнерпаз еді, құр айқай-шуға емес, бар назарын туынды мен ақшаға аударғандықтан, оған құлақ аспады.

Осылайша біздің суретімізді атының қанжығасындағы сурет қапшығына салды, кәпір еліне қайтты, бірақ Османлының жеңімпаз әскері Дөң (Дунай) өзенінің

жағасындағы сол қаланы басып алып тонағандықтан, біз қайтадан кері Ыстамбулға, Қазына бөлмесіне келдік. Сол жерден біреулер көріп, көшіріп, күпия дәптерден бір кітапқа кеттік, ақыры міне осында, кофеге жанға рахат сыйлайтын сиқырлы сусын сияқты ішетін кофеханаға келдік. Қазір:

«СУРЕТ, АЖАЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ОРНЫМЫЗ ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА»

Жаңа ғана біз сөз еткен кониялық Хожа Ефенді уағызшыларын жинап, жаздырған қалың кітабының бір жеріне былай депті: «Каландарилер әлемде артық. Өйткені әлемде адамдар: 1. Ақсүйектер 2. Саудагерлер 3. Дихандар 4. Өнерпаздар болып төрт топқа бөлінеді. Бұлардың ешқайсысының ішінде жоқ бұлар. Демек, Календарилер бұл дүниеде артық адамдар.

Одан соң тағы былай депті: «Бұлар қос-қостан жүреді және қолдарындағы жалғыз қасықпен қайсымыз тостағаннан бірінші болып тамақ жейміз деп дауласады да жүреді, ал мұның өзі төсектес болғанда алдымен кімді-кім итереді деген дауды меңзейтін жәдігөй тұспал, ал оны түсінбегендер қылықтарына қарап күлісіп мәз болады». Қате түсініп қалмаңдар, Хожа Хазіреті біз бен тұтас көркем бозбалалардың, шәкірттер мен нақышкерлер тобының бір жолдағы сырымызды біліп қойыпты.

БІРАҚ НАҒЫЗ СЫР МЫНАУ

Кәпір франк суретімізді салып жатқанда бізге күлімсіреп, жылы жүзбен қарап тұрды, біз оның өзін де,

суретімізді салғанын да ұнаттық. Әлемге жаланаш көзбен қарап, көргенін ғана салатын қате іс жасап жатыр, сөйтіп біз сияқты іс жүзінде көзі сау адамдарды соқыр етіп сызды, алайда біз оған мән бермедік. Қазір оған мозбіз өзіміз. Хожа Ефендінің ойынша, біз тозақта отырмыз керек, кейбір адамдардың ойынша, шіріген бір мүрдеміз, ал сендердің бастарыңды қосқан ақылды нақышкерлер жамағатының ойынша, біз суретпіз әрі сурет болғанымыз үшін тірі кезіміздегідей алдарында тұрмыз. Міне, бақыт! Себебі, әлгі Хожа Ефендімен кезіккен соң Кониядан Сивасқа қарай үш мейманханаға, сегіз ауылға соғып, қайыр сұрап сапар шеккенбіз, сол күндері ауа-райы қатты суытты да ызғарлы түндердің бірінде қалың қарға тап болдық, сөйтіп, екі дәруіш бір-бірімізді құшақтап, ұйықтап қалып едік, үсіп өлдік. Өлерден бұрын түсімде суретімнің салынғанын және суретімнің мыңдаған жыл өмір сүрген соң жұмаққа барғанын көрдім.

51. Осман ұстаз – менмін

Бұхарада жұрт айтып жүретін сонау Абдолла ханның заманынан жеткен бір хикая бар. Өте секемшіл билеуші болғанымен, Өзбек ханы бір суретке бірнеше нақышкердің қаламының тигеніне қарсы келмейді екен. Бірақ нақышкерлердің бір-бірінің сызғандарына қарап өзара қайталауға ұрынуын ұнатпапты. Себебі, сызумен бір қылмыс жасалғанда бір-бірін аямай қайталаған нақышкерлер арасында айыптыны табу мүмкін болмайды екен. Одан да маңыздысы, бір-бірінен

асып түспек болған нақышкерлер біраз уақыттан соң өздерін қамшылап, қараңғылықтың ішінен Алланың сәттерін іздегеннен гөрі қасында отырғандардың салып жатқандарына ұрлана қарап, көргендерін жалқаулықпен қайта салып шығады екен. Сол себепті соғыстардан жалыққан, залым шахтардан қашып паналайтын жер іздеп, біреуі түстіктен – Шираздан, біреуі күншығыстан – Самарқаннан келген екі шебер Өзбек ханы қуана қарсы алыпты. Алайда осы атақты қос өнерпазға бір-бірінің суреттеріне қарауға тыйым салып, оларға сарайдың ең алыс бұрышынан шағын-шағын нақыш бөлмесін бергізіпті. Осылайша осы екі хас шебер тура отыз жеті жыл, төрт ай Абдолла ханнан бір-бірінің ешқашан көрмеген беттерінің қандай тамаша екенін, қандай мәселеде өзара ұқсастық барын, қай жағдайда алыстап кеткендерін әпсана тәрізді естіп жүріпті, содан да болар бір-бірінің суреттерін көруге өлердей құштар болыпты. Өзбек ханы тасбақа тәрізді ұзақ өмір сүріп, қайтыс болған соң, қос қарт нақышкер салған суреттерді көру үшін бір-бірінің бөлмелеріне қарай жүгіріпті. Содан бір бұрышқа отырып, құшақтарындағы кітаптарды ашып, бірге отырып, Абдолла ханның әңгімелері арқылы таныған суреттерін бір-біріне көрсеткен кезде, екеуінің де тауы шағылыпты. Себебі, көрген суреттері хан айтқан хикаялардан естіген суреттер сияқты таңғажайып емес, соңғы жылдарда өздері көріп жүрген барлық сурет тәрізді еш өзгешелігі жоқ, қарабайыр, нұрсыз һәм бұлыңғыр болып көрініпті. Қос нақышкер бұлыңғырлықтың себебі көз жанарларының суала бастағанында екенін, кейін мүлдем соқыр болып қалғанда да түсіне аламаған көрінеді, содан өмір бойы алдандық деп ойлап, қиялдың

[illegible] ондағы әдемі екеніне сеніп жүріп, өлген [illegible]

Бір шиде қазынаның мұздай бөлмесінде қырық [illegible] армандаған кітаптардың беттерін суықтан қатып [illegible] саусақтарымен аударып, қарап отырғанда осы [illegible] хикаясының кейіпкерлерінен де бақытты едім. Ескі [illegible] әпсаналарын ғана естіген кейбір кітаптар- [illegible] сонда болып өлместен қолыма ұстаудың өзі көңі- [illegible] дай-дүлей етіп жіберген-ді, кейде парақтаған [illegible] бірінің айтылатын аңызынан да тамаша [illegible] көргенде «Шүкір, шүкір, Аллаға шүкір!» – деп [illegible] ейміп.

Мысалы, сексен жыл бұрын Шах Исмаил дариядан [illegible] Герат пен тұтас Хорасанды өзбектерден қылыштың [illegible] ұшымен қайтарып алып, бауыры Сам Мирзаны Ге- [illegible] уалиі етіп қалдырғанда, бауыры осы қуанышты [illegible] ету үшін бір кітап жасатыпты әрі Әмір Хұсрау [illegible] сарайынан көрген «Жұлдыздардың кездесуі» де- [illegible] кітапты қайтадан жаздырып, суретін салғызыпты. Бұл кітаптағы бір сурет, әпсаналардан естуімше, бір [illegible] жағасында кездесіп жеңіс-тері мен аман-есен жо- [illegible] ғанын тойлаған екі билеушіні көрсетеді әрі екі әмір- [illegible] беті кітапта айтылатын Дели сұлтаны Кейкубат [illegible] әкесі Бенгал билеушісі Бұғра ханға да, кітаптың [illegible] растырылуына себеп болған Шах Исмаил мен ба- [illegible] ыры Сам Мирзаға да ұқсайтын еді. Қандай хикаяны [illegible] сімде ұстап суретке қарасам да, сұлтан шатырында сол [illegible] хикая кейіпкерлері беттерінің пайда болатынына әбден [illegible] көзім жеткен соң, Аллаға осынау мұғжиза бетті маған [illegible] кору мүмкіндігін бергені үшін шүкір еттім.

Сол әпсана кезеңінің ұлы шеберлерінің бірі са- [illegible] алған Шейх Мұхаммед салған суретте, падишаға де-

ген сүйіспеншілік пен қайран қалуы ғашықтық мәртебесіне жеткен бір кедей құлдың сұлтан шөген ойынын ойнағанда «доп маған қарай келсе, мен оны алып, сұлтанға берсем» деген үмітпен алаң жиегінде ұзақ отырғаны, ақыр соңында доп оған қарай домалап, оны жерден алып падишасына берген сәті салынипты суретте. Мыңдаған мәрте естігенімдей, бір ұлы қағанға, падишаға кедей құлдың немесе хас шеберге жас та сымбатты шәкірттің ғашық болуы, қайран қалуы, бас июі, құлдың допты ұстаған саусақтарынан бастап падишаның жүзіне қарауға батылы жетпегеніне дейін сондай бір нәзіктікпен әрі терендікпен салынипты. Адам бұл бетке қарап тұрып менің де жан дүниеммен сезінгенімдей, әлемде ең үлкен бақыттың жас, сымбатты әрі түсінігі мол шәкірттерге ұстаздық етумен қатар, бір шеберге сөзсіз мойынсұнып, шәкірт болу екенін ұғынып, тәңірдің осы сыйынан несібесін ала алмағандар үшін шерленемін.

Мен беттерді аударыстырып, мыңдаған құсқа, атқа, әскерге, ғашықтарға, түйе, аға, бұлтқа бар ынта-шынтаммен қарап тұрғанымда қазынаның бақытты ергежейлісі байлықтарын көрсетуге мүрсат тауыпты. Көне дәуірлердің шахтары сияқты қысылып-қымтырылмастан мақтанып, сандықтарды шығарып, алдыма жаңа томдар қойып жүр еді. Осынау таңғажайып кітаптар, қатардағы томдар, мураккалар арасында темір сандықтың екі бөлек бұрышынан шыққан, біреуі шірік шиенің түсіндегі Шираз мәнерімен түптелген, екіншісі Гератта қытай ыкпалымен қою жылтырақ бояу жағылған екі ғажайып томның беттерінің ұқсастығы сонша, бір-бірінен көшірілгендей әсер қалдырды. Қайсысының түпнұсқа, қайсысының қайталау

немесе көшірме екенін анықтауға тырысып колофонағы хуснихатшы аттарына қарадым. Көре алғанымша күнія қолтанбалар іздедім және ақыр аяғында денем дір етіп, осы Низамидің екі томының Ұстаз Шейх Али Тебризидің Қарақойлы қағаны Жиһан шах пен Аққойлы қағаны Ұзын Хасанға жасаған аңызға айналған кітап екенін аңғардым. Бірінші томының сыңарын жасамасын деп Қарақойлы шахы соқыр қылып, көзін алдырып жіберген ұлы шебер Аққойлы қағанын панаған, алғашқы кітаптан да жақсы етіп жатқа салған суреттер – бұлар. Аңызға айналған кітаптардан, соқыр көзінде жасалған екіншісіндегі суреттердің әлдеқайда саф әрі жалындап тұрғанын, біріншісінде түстердің тірі әрі өмірге құштар екенін көру, соқырлардың естеліктері өмірдің аяусыз жалынын ашып көрсететінін, бірақ тірілігін өлтіретінін есіме салды.

Шынымен де хас шебер болғаным үшін әрі күллі дүниені көріп-біліп тұрған Ұлық Алла да мұны білетіндіктен күндердің күнінде өзімнің де соқыр болатынымды сеземін.Бірақ дәл қазір оны қалаймын ба? Бас шабылардан сәл бұрын соңғы мәрте айналаға көз салмақшы болған өлім жазасына кесілген тұтқындай: «Бұл суреттердің барлығын көрейін, көздерімді бір тойдырайын», – дедім Ұлық Аллаға. Өйткені қазына болмесінің мүлікке толы таңғажайып әрі қорқынышты қараңғылығында Алланың бар екендігін жанымен сезінесің.

Парақтап отырған беттерде соқырлыққа қатысты аңыздар мен хикаялар, Алланың бір хикметі жиі-жиі алдымнан шығатын еді. Шырынның қыздармен бірге серуендеп жүріп, шынар ағашының бұтағына ілінген Хұсраудың суретін көріп, оған ғашық болатын сәтін

бейнелеген атақты мәжілісті, шынар ағашының барлық жапырақтарын зеңгір көкті жауып тұрардай етіп бір-бірден сызған шираздық Шейх Әли Рыза, осы суретке қарап негізгі тақырыптың шынар ағашы емес екендігін айтқан бір есуасқа жауап ретінде, нақыштағы басты тақырыптың сұлу жас қыздың емес, нақышкердің ұстанымы екендігін маңғаздана дәлелдеу үшін сол шынардың суретін бір күріш дәнінің үстіне, әлгі барлық жапырақтарымен қоса салуға кіріскен-ді. Сөйтіп, бұл істі бастағаннан кейін жеті жыл, үш ай өткенде соқыр болып қалған ұлы шебердің тек жартысын ғана салып үлгерген күріш дәніндегі осы ағашты емес, Шырынның сүйікімді нөкер қыздарының әдемі аяқтарының астына маңғаздықпен қойылған қолтаңба мені жаңылдырмаған болса, соқыр ұстаздың қағазға салынған даңқты ағашын сөзсіз көрдім. Басқа бір бетте Ескендірдің, Рүстемнің ұшы сүңгідей жебемен көздері ойылып, соқыр етілгені Дияры Хиндінің стильдерін көрген нақышкерлердің жасайтынындай, түрлітүсті етіліп, сан түрге құбылтыла салыныпты да, хас нақышкердің ежелгі дерті мен күпия тілегі саналған соқырлық қараған жаңа бақытты күндердің бастауындай көрінетін еді.

Осы суреттер мен томдарды жылдар бойы тек қана естіп келген әпсаналарды өз көзімен көргісі келген адамның халіндей алабұртқан сезіммен ақтарып, сәлден соң бұларды қайтіп ешқашан көре алмайынын, сезген қарттың қобалжулы көңілімен құмарта қарап отыр едім. Маталардың, шаң-тозаңның түсінен және шырағдандардағы шамдардың болымсыз жарығынан алғаш кіргенде қызылкүрең түске боялғандай көрінген суық қазына бөлмесінде менің қайран қала таңдайым-

ны қаққанымды естіген Қара мен ергежейлі ара-тұра маған келеді, ныгымның үстінен мен қарап отырған сыңжайып бетке көз салады да, мен өзімді-өзім тежей алмай, оларға мән-жайды түсіндіре бастаймын.

Бұл қызыл түс – тебриздік ұлы ұстаз Мырза Баба Исламидің құпиясын өзімен бірге мазарға әкеткен сырлы. Кілемнің жиегін, Сефеви шахының сәлдесінде қызылбастық белгісін, қарандар, мына бетте бір ғұлыстаншың қарынын, мына жерде осынау әдемі бозбаланың шапанын бояпты. Аққан қандарды қоспағанда, Алланың өз құлдарына тікелей ешқашан көрсетпейтін, ерлік сұбек етіп тапсын деп сирек кездесетін қоңыздардың ішіне, тастардың арасына жасырған осынау әдемі қызыл түсті әлемде жалаңаш көзбен тек адамдар жасаған маталардан және ұлы шеберлердің суреттерінен ғана көре аламыз, – дедім де, одан әрмен сөзімді жалғап:

Қазір бізге осыны көрсеткені үшін, шүкір! – дедім.

Мынаған қарандар, – дедім біраздан соң тағы да өзімді-өзім ұстай алмай әрі оларға махаббатты, достықты, көктемді, бақытты сөз ететін сыршыл кітапқа сөнгізуге болатын тамаша бір сурет көрсеттім. Бар болмысымен, құбылған түстерімен ашылған көктемгі алаңтарға, жұмаққа бергісіз бақшаның сауырағаштарына және осы бауда отырып шарап ішкен, өлең оқыған ғашықтардың қуаныштарына қарап зеңі мен шаң сасыған суық қазына бөлмесінде көктем гүлдеріне, бақытты ғашықтар тәнінің жанға жайлы, жұмсақ иісі сөнгендей болады, соны сезінгендейміз біз.

– Ғашықтардың қолдарын, жалаңаш балтырларын, тұрыстарындағы сырбаздықты, айналасында ұшқан

құстардың мәз-мейрам болған сәтін дәл осылай жүрекпен сезініп, бейнеге айналдыра алған нақышкердің артқы жақта тұрған сауырағашты салған кездегі тұрпайы тәсіліне қарандар, – дедім. – Нашар мінезі мен шайпауыздығының кесірінен әр суретті жарым қалдыратын, суретті түсінбейді деп, барлық шахтармен, хандармен керісіп, ешбір қалада тұрақтай алмаған бұхаралық Лутфидің суреті бұл. Көрінгенмен ұрысып-керісіп жүріп, бір шахтың сарайынан екіншісіне кетіп, кітабы үшін еңбек етуге лайық ешқандай билеуші таппаған, ешбір әмірші көңіліне жақпаған осынау ұлы шебер ең соңында биік таулардың жалаңаш құзарларына ғана иелік ететін елеусіз бір бектің нақышханасына тұрақтапты. «Иелігіндегі елі кішкентай шығар, бірақ хан нақышты түсінеді» деп өмірінің ақырғы жиырма бес жылын сонда өткізіпті. Осы елеусіз ғана ханның соқыр болғандығын нақышкердің біліп-білмегені жөнінде әлі күнге дауласатындар бар, өзілге де айналдырып жатады оны».

– Мына бетті көрдіңдер ме? – дедім түн ортасы ауған кезде. Бұл жолы қолдарына шырағдандарын ұстап, екеуі де маған қарай тұра жүгірді: – Гераттан осы жерге, сонау Әмір Темірдің немерелерінің заманынан бүгінге дейін жүз елу жылда он қожайын алмастырған кітап бұл.

Үшеуміз кітаптың артқы мұқабасындағы түйін сөздің әр бұрышындағы қолтаңбаларды, арнауларды, ай-күнін көрсеткен сөйлемдерді, бірінің үстіне бірі әрі бір-біріне қыстырыла жазылған, өмірде бір-бірін өлтірген сұлтандардың аттарын менің линзаммен үлкейтіп оқыдық. «Бұл кітап Алланың жәрдемімен гераттық Мұзаффардың ұлы хұснихатшы Сұлтан Уәлидің ко-

шында, хижраның сегіз жүз қырық тоғызыншы жылы, Гератта жаһан әміршісі Байсүңгірдің жеңімпаз бауыры Мұхаммед Джукидің жары Исмет-үд Дүния үшін аяқталды». Кейін Аққойлы сұлтан Халилдің қолына өткенін, одан баласы Жақып бекке, одан солтүстіктегі ойық сұлтандарына жеткенін, олардың әрқайсысы бірер уақыт осы кітапқа қуана иелік етіп, бір-екі суретін алып, бір-екеуін қосып, алғашқы иесінің әрекетін қайталап, өздерінің сұлу әйелдерінің суреттерін қосқан, соңғы бетке мақтанышпен өз аттарын жазғызған өзбек сұлтандарынан Гератты алған Шах Исмаилдың бауыры Самлы Мирзаның қолына өткенін, оның кітапты мірықша ілтипатпен ағасына сыйлағанын; кітапты Тебризге әкелген Шах Исмаилдың оны сыйлық ретінде даярлатып, арнауын жаздырғаннан кейін жаны жоғатта болғыр Явуз Сұлтан Сәлім шахты Чалдыранда жеңгенін; Тебриздегі Хешт-Бихишт сарайы тоналғанда, жеңімпаз сұлтанның әскерлерімен бірге шөлдерден, таулар мен дариялардан өтіп Ыстамбулға, осы қазына бөлмесіне келгенін оқыдық.

Менің, карт нақышкердің алабұрттан көңілін мен суретке назарын аударған Қара мен ергежейлі қаншалықты бөлісе алды? Жаңа томдарды ашып, парақтарын ашқан сайын ірілі-ұсақты жүздеген қалада, мінез-құлқы бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, әрқайсысы бірер қанипезер шахтардың, хандардың, бектердің қызметінде жүріп, нақыш жасаған, өнерлерін сарп етіп, соқыр болған мыңдаған нақышкердің терең қайғыларын сезіндім іштей. Шәкірт кезімізде бәріміз жеген таяқтардың, беттеріміз қып-қызыл болып тілінгенге дейін сызғыштың қырымен, тақыр бастарымызды мәрмәр мөрмен ұрған кездердің ащы дәмін, адамды

азаптау тәсілдері мен құралдарын көрсететін қарабайыр бір кітапты ақтарып отырғанда қайта сезінгендей болдым. Азаптауды Алланың әділдігін дүниеде орнату үшін, қазының бас-көз болуымен жасалуы тиіс мәжбүрлі тәсіл ретінде бағалаудың орнына, біздің қаншалықты қаныпезер әрі тас жүрек екенімізді өз діндестеріне дәлелдеу үшін кәпір саяхатшылардың осы суреттерді салуды қолға алған намыссыз нақышкерлерге екі-үш алтынға беріп жасатқан бұл арзанқол кітап Османлы қазынасына қалай кірген, не істеп жүр мұнда, білмеймін. Бірақ өз басым осы фалака,[1] таяқ, айқышқа[2] керу, дарға асу, төмен қаратып іліп қою, ілгекке ілу, қазыққа отырғызу, зеңбірек аузына байлап ату, шегелеу, түншықтыру, кеңірдегін кесу, аш иттерге талату, дүрелеу, қап кигізу, қысқашпен қысу, суық суға батыру, шашын жұлу, саусақтарын сындыру, терісін сылу, мұрнын кесу және көздерін шығару сияқты жазалау әдістерінің суретін салып жатқан сәттегі нақышкердің іштей алған ләззатынан ұялдым. Тек біз сияқты шәкірт кезінде қатыгездікпен фалакаға тартылған, ұдайы таяқ жеген, сызықты қате салып қойған шебер мәз болсын деп те жұдырықталған, ішіміздегі шайтан өліп, нақыш жынына айналады деп сағаттар бойы таяқтың астына алынып, сызғышпен ұрылған хас нақышкерлер фалака мен азаптау суретін салудан осылайша ләззат алады және бұл аспаптарды балалардың батпырауығын бояғанындай етіп түрлі түске малып, құбылта отырып бояй алады.

---

[1]*Фалака* – табаннан ұрып жазалайтын кезде аяқтарды ұстап тұруға арналған ағаш.

[2]*Айқыш* – крест.

Біздің әлемді, тура нақышын жасаған кітаптардағы суреттерді ғасырлар бойы тамашалайтындай, алыстан, жоқты түсінбесе де жақындауды әрі түйсінуді аңсап, осы сырды көрсете алмай қарағандар суық қазына бөлмесінде картиналарға қарап отырған кезімде сезінген ұят пен қуанышты, терең қасірет пен көз ләззатын сезе алуы мүмкін, алайда тұтастай түсіне алмайды. Суықтан сезімсіздігін жоғалта бастаған қарт саусақтарым беттерін ашқан сайын седеп сапты линзам мен сол жақ көзім суреттердің үстінен бүтін жаһанды зеңгір көктен көріп, тамашалған саяхатшы ләйлек тәрізді төмендегі көрініске таң қалмастан, сонда да іштей сүйсініп, жаңа дүниелер оқып, отіп жатыр. Жылдар бойы бізге көрсетілмеген және кейбіреулерінің әпсаналарын ғана құлағымыз шалған парақтардан қай нақышкердің кімнен нені үйренгенін, қазіргі стиль деп жүрген нәрсенің алғаш қай нақышханаларда, қандай шахтың қамқорлығында қалыптасқанын, қай әпсана ұстаздың кімнің қызметінде болғанын немесе мысалы, Гераттан қытай ықпалымен ұтас Парсы өлкесіне жайылғанын өз басым талай естіген бүйра-бүйра қытайлық үлгідегі бұлттардың Казвинде де қолданылғанын байқап ара-тұра «Пах!» деп қаламын өз-өзіме. Алайда көңілімнің түпкіріндегі ащы қасірет, сендермен бөлісуге де қиналып отырған қайғы мен ұят, шәкірт кездерінде көптеген шеберлер терідей илеген ай жүзді, бота көзді, бетеге бойлы сымбатты нақышкерлердің нақыш үшін шеккен азаптары, төменшіктеуі, көңілдеріндегі үміт пен толқу, ұстаздарымен араларында болған көңіл жақындығы, нақышқа деген ортақ махаббат пен жылдар өткен соң ақырғы нәтиже ретінде көрінетін ұмытылу мен соқырлыққа тікелей қатысты еді.

Падишамыз үшін жылдар бойы соғыс пен салтанат суреттерін салғаным үшін бейнеленуі мүмкін екендігін үнсіз ғана ұмыта бастаған сол бір сырбаз әрі нәзік сезімдердің әлеміне осы қасіретпен, ұятпен кірдім. Бір мураккада, тура сол кезде менің жасағанымдай, бір кітап құшақтаған, қызыл ерінді, құмырсқа белді Парсы бозбаласын көрдім де алтын мен билікке құмар шахтардың ұмыткан нәрсесін, барлық сұлулықтың тек Алланың меншігі екенін есіме түсірдім. Басқа бір мураккa бетінде исфахандық жас шебер салған бір-біріне ғашық екі жасты өзімнің сымбатты шәкірттерімнің нақышқа деген махаббатын еске алып, көзіме жас келіп тамашаладым. Шиедей ерінді, бадам көзді, қыр мұрынды шынашақтай сұлу қыз, өзі сияқты шағын денелі, арық, етсіз бозбаланың көрінісі адамның санасында сүю мен өлу тілегін туғызатын жіңішке білегінен ұстап, жеңін ықтиятпен түріп, ғашықтығы мен қызға деген сезімінің шынайылығын дәлелдеу үшін жас жігіттің өз білегін отпен күйгізіп салған кішкентай әрі терең үш жарасына әдемі үш раушанға қарағандай таңдана көз тастап тұр еді.

Аяқ асты жүрегім алабұртып, атқақтап шыға келді. Тебризден әкелінген әрі қара қалам стилімен салынған мәрмәр мүсінді сымбатты бозбалаларды, омыраулары кішкентай нәзік қыздарды көрсететін жартылай анайы суреттерге алғаш рет шәкірттік жылдарымда, алпыс бес жыл бұрын қараған кезімдегідей маңдайымнан суық тер бұрқ ете түсті. Шеберлік жолындағы алғаш қадам басып, үйленгеннен кейін бірнеше жыл өткенде нақышханаға шәкірттіктен үміткер періште жүзді, бадам көзді, раушан тәнді, келбетті бозбалаға қарағанда сезінген ойлардың терендігі мен нақыш жасау махаббатын есіме

[illegible]ым. Бір сәт, нақыш жасаудың ұят және қасіретпен [illegible]ім сезінген бір тілекпен байланысты екенін, шебер нақышкердің өнері бұл тілекті алдымен Алланың [illegible]ына, Алланың махаббатын оның өзі көретін [illegible] махаббатына айналдыратынын түйсінгенім сонда, жазу тақтайшасын құшақтап өткізген сол бір жылдарды, өнер үшін жеген таяқтарымды, нақыш жасап, [illegible]рімді сокыр қылсам деген тілегімді, өзім тартқан [illegible] өзгеге тартқызған нақыш азаптарын бақытқа бөлеп бір ерекше сәттің ләззатты жеңісіндей етіп бастан өткізгенмін. Тыйым салынған нәрсеге қарағандай [illegible]шау тамаша суретке де ұзақ уақыт сондай бір ләззатпен көз салдым. Біраз уақыттан соң, оған әлі де қарап отырғанымда жанарымнан бір тамшы жас үзіліп түсті [illegible], бетімнен төмен құлдилап сақалымды аралап кетті.

Қазына бөлмесінде баяу қозғалған шырағдандардың біреуінің жақындап қалғанын көрдім де, муракканы орнына қойдым, біраз бұрын ергежейлі қасыма қойып кеткен томдардың бірін асығыс аша қойдым. Бұл да шахтар үшін әзірленген жеке мураккa еді. Бір қоғалдың жиегінде бір-біріне гашық екі киік көрдім, [illegible] шибөрілер оларға өшпенділікпен, қызғана қарап тұр еді. Бетті аударды да, келесі жағынан тек гераттық көне шеберлер ғана сыза алатын торы және күрең аттарды көрдім, неткен керемет! Тағы бір бет аштым. Өзіне сенімді кейіпте отырған жылнамашының суретін көрдім. Жетпіс жылдық сурет еді, кім екенін онсыз да келбетінен тани алмас едім, өйткені ол баршаға ұқсайтын. Дәл осылай демек едім, суреттің тылсымы, отырған адамның сақалының бірнеше реңге боялуы есіме бірдеңелер түсірді, жүрегім тағы тулай бастады, картинадағы таңғажайып қолды таныдым, жүрегім

өзімнен бұрын сезген екен, тек Ол ғана осындай керемет қолды сыза алады. Сурет ұлы шебер Бекзаттікі екен. Суреттен бетіме нұр шашырағандай болды.

Бұрындары ұлы ұстаз Бекзат салған суреттерді бірнеше мәрте көргенім бар еді, алайда ол суреттерге бүгінгідей жалғыз өзім емес, көп жыл бұрын көне шеберлермен бірге қарағаным үшін де болар, бәлкім, суреттің атақты Бекзаттікі екендігіне толық көзім жетпегендіктен де болар, ол кезде дәл қазіргідей көзімнің жауын алмап еді олар.

Қазына бөлмесінің зең иісі шыққан түнек қараңғылығы сейіліп, жарқырап кеткендей болды. Осынау әдемі салынған қол мен сәл ғана бұрын көрген, бетіне ғашықтық белгілері салынған әлгі нәзік білек санамда бірлесіп кетті. Осынау сұлулықты соқыр болардан бұрын көрсеткені үшін Аллаға шүкір еттім. Жақында соқыр боларымды мен қайдан білемін осы, білмеймін! Қолына шырағданын ұстап, мен қарап отырған бетке көз салған Қараға сол сәтте көкейімде түйсінгендерімді айтып қоярдай сезіндім, алайда аузымнан мүлдем басқа нәрсе шықты.

«Қолдың әдемілігіне қара, – дедім, – Бекзаттікі».

Жас кезімде бәрін жеке-жеке жақсы көрдім, сол бір жұмсақ, барқыт өңді, келбетті шәкірт балалардың біреуінің қолынан ұстағандай, қолым өздігінен Қараның саусақтарынан ұстап алды. Қолы түзу әрі мығым еді, менікіне қарағанда ып-ыстық болатын, тамырлары білеуленіп тұрған білезік тұсы ұнады маған, сіңірлі болғанымен жіңішкелеу еді. Жас кезімде шәкірт баланың қолын алақаныма алып, қылқаламды қалай ұстайтынын айтардан бұрын, оның қорқақтай қараған сүйкімді көздеріне жанарымды сүйсіне қадайтын едім.

Қараға да солай қарадым. Қолындағы шырағдандағы шамның жалынын қарашығынан көрдім.

Біз, нақышкерлер, бәріміз бауырлармыз, – дедім. Алайда бүгінде бәрі аяқталып келеді.

Қалай?

Қалай жылын бір қаганның, шахзаданың жолына арнаған, оның нақышханасында көне шеберлер тәрізді таңдаулы картиналар салған, әрі нақышхананың ортадағы стилі болуын қамтамасыз еткен хас шебер, қамқорлық жасаушы хан барлық майданда жеңілгенде, қалаға кірген басқыншы дұшпан әскерлерінің ізін ала келген жаңа қожайындардың нақышханасын таратып, кітаптардың томдарын бұзып, беттерін араластыратынын, нақышта өзі иланған әрі өзінің өнертабысы санаған, баласындай жақсы көретін нәрселерді, бар дүниені менсінбей, қирататындығын білгендіктен «қазір бәрі бітеді» деп соқыр болуды қалай тілесе, бұл сөзді осылай айтқам. Бірақ Қараға мұны басқаша сипатта түсіндіруім керек-ті.

– Бұл сурет атақты шайыр Абдулла Хатифидің суреті, – дедім. – Хатифидің танымал ақын болғаны сонша, Шах Исмаил Гератқа кіргенде, жұрттың бәрі оған жағымпазданып жүргенде, шайыр орнынан қимылдамаған екен. Шах Исмаил да оның алдына, сонау қала сыртындағы үйіне барып, сәлем беріпті. Мұның Хатифидің суреті екендін, Бекзат ұстаздың сызғанын Хатифидің жүзінен емес, суреттің астындағы жазудан ұғамыз, солай емес пе?

Қара әдемі көздерімен:

– Иә, – деп маған қарады.

– Суреттегі шайырдың жүзіне қараған кезде, – дедім, – өзге келбеттер сияқты қатардағы бет екенін көре-

міз. Абдулла Хатифи марқұм қазір осында болса, осы суреттегі келбеттен таба алмас едік. Бірақ бұл суреттен оны қазір танып отырмыз. Суреттің болмысында, Хатифидің тұрысында, түстерде, тәзхибте және Бекзат ұстаз сызған әлгі бір әдеміше қолда көңіл ғана сезетін дүние бар, сол нәрсе мұның ақын суреті екенін бірден ойға салады. Өйткені картинадағы мағына бейнеден бұрын жүреді. Қазір Падишамыздың марқұм Жездене тапсырған кітабындағыдай, франк және итальян шеберлеріне ұқсап сурет салу басталған кезде мұның мағына әлемі аяқталып, сурет, бейне әлемі басталады, франк стилімен...

– Жездем марқұм кісі қолынан өлді! – деді Қара қатқыл үнмен.

Алақанымдағы Қараның қолын жас шәкірттің болашақта таңғажайып дүниелер сызуға үмітті кішкентай қолын сипағандай етіп еппен ұқаладым. Біраз уақыт үнсіз, ілтипатпен Бекзаттың ғажайып туындысына қарадық. Содан соң Қара қолын тартып алды: «Бұдан бұрынғы беттегі торы аттардың танауына қарамастан, тез өте шықтық», – деді.

– Онда ештеңе жоқ, – дедім, көрсін деп алдыңғы бетті қайта аштым. Аттардың танау тесіктерінде әдеттен тыс ештеңе жоқ еді.

– Танаулары оғаш сызылған аттарды қашан табамыз? – деп сұрады Қара баладай аңғалдықпен.

Бірақ түн ортасы ауып, уақыт таңға жақындаған сәтте ергежейлі екеуміз Шах Тахмасптың аңызға айналған «Шахнамасын» темір сандықтың ішіндегі жібек маталардың, жасыл атластардың астынан тауып, шығарған кезімізде Қара қызыл түсті ұшақ кілемінің үстінде бүктетіліп, інжілдермен көмкерілген барқыт

жастық жастанған күйі ұйықтап жатқан-ды. Ал мен болсам аңыз кітапты араға жылдар салып қайта көрген кезде бір жайтты түсіндім: Мен үшін таң жаңа атып, жұмыс енді басталған-ды.

Кітаптың үлкен әрі ауыр болғаны сонша, Джезми ма екеуміз әрең көтеріп, қажет жерге зорға апардық. Жиырма бес жыл бұрын алыстан ғана көз тастаған томға қолымды тигізген сәтте тақтайды терімен қаптап қойғанын түсіндім. Осыдан жиырма бес жыл бұрын Кәпуни Сұлтан Сүлейман өлгенде, Шах Тахмасп Тебризді үш рет басып алған падишадан құтылдым деп, қуанғаны сонша, таққа жаңадан отырған Сұлтан Селімге түйелерге артқан сыйлықтармен бірге, тамаша Құран Кәрім мен қазынасындағы осынау ең әдемі кітапты да жолдаған-ды. Кітап алдымен үш жүз кісілік Парсы елшілері тобымен бірге, сол кезде жаңа падишаның аң аулап, қыстап қалған Едірнеге барған, өзге сыйлықтармен бірге түйелелер мен қашырлардың үстінде Ыстамбулға келгенде, Қазынаға жіберілерден бұрын Бас нақышкер Қара Меми мен біз, үш жас шебер, төртеуміз кітапты көруге барғанбыз. Тура Үндістаннан әкелінген пілді, Африкадан келген керікті тамашалауға асыққа ыстамбулдықтар сияқты жүгіре басып Сарайға барған сол күні Ұлы ұстаз Бекзаттың қартайған шағында Гераттан Тебризге барғанын, бірақ соқыр болғандықтан бұл кітапқа қолының ұшын да тигізбегенін Қара Меми ұстаздан естігенмін.

Сол кездері жеті-сегіз суреті бар қатардағы кітаптарға қайран қалатын біздер, Османлы нақышкерлері үшін ішінде екі жүз елу үлкен картинасы бар бұл кітапты көру, сән-салтанаты келіскен ғажайып сарайды жұрттың барлығы ұйықтап жатқанда аралап көрумен

бірдей еді. Кітаптың адам сенгісіз бай беттерін, бір мұғжизадан кейін қысқа уақытқа алдымызда пайда болған Жәннат бақшаларын тамашалағандай үнсіз, сүйсіне, үн-түнсіз тамашалаған едік.

Одан кейінгі жиырма бес жылда осы қазынада сақталған кітап туралы сөз еткенбіз.

Жиырма бес жылдан кейін аңызға айналған Шахнаманың қалың қақпағын бір сарайдың алып қақпасын ашқандай болып үнсіз аштым, алайда әрқайсысы жағымды дыбыспен сықырлаған парақтарын аударыстырған сайын қайран қалу емес, іштей қасірет сезімі оянды.

1. Ыстамбулдық барлық шебер нақышкерлердің осы кітаптың беттерінен бірдеңелер ұрлап, пайдаланғандары туралы хикаялардың кесірінен бар ынтамды суреттерге бере алмаған едім.

2. Кітаптың бес-алты суретте бір байқалатын ғажайыптарына (Тахмурас кейінірек бейбітшілік кезінде өзіне әліпбиді, грекшені және өзге де түрлі тілдерді үйрететін шайтандар мен дәулердің бастарынан күрзісімен қалай ұрушы еді, ә?!) бір бұрыштан Бекзат сызған бір қолға кездесіп қалармын деп үнілуден қашып құтыла алмадым.

3. Аттардың танау тесіктері және Қара мен ергежейлінің қасымда болуы көрген дүниелеріме ынта-шынтаммен берілуіме мүмкіндік бермеді.

Барлық ұлы нақышкерлерге Алланың бір сыйы тәрізді қараған қараңғылықтың барқыт пердесі көздерімнің алдын жабардан бұрын, осынау аңыз кітапқа, Алланың сөз жоқ жомарттықпен ұсынған бір сәтінің нәтижесінде көзімді тойдыра қарап қалу қандай үлкен бақыт болса, оған жүрекпен емес ақылмен қарау сон-

дай қасірет еді сөз жоқ. Таң сәулесі Қазынаның барған сайын суық мазарға ұқсаған бөлмесіне түскенге дейін осынау теңдессіз кітаптың екі жүз елу тоғыз (елу емес) суретінің барлығын көрдім. Ақылмен қарадым, ақылға құмар араб ғалымдары сияқты тағы да бөліп-бөліп айтайын.

1. Танауының тесіктері оңбаған қанішердің сызғанына ұқсайтын бірде бір атты Рүстемнің Тұранда барымташылардың ізіне түскенде кездестірген түр-түсі келіскен аттардың; Араб сұлтаны рұқсат бермей қойғанда Феридун Шахтың Диджле дариясын жүзіп өткен тамаша аттарының; әкелері біріне алыстағы Ұрым елкесін, тағы біріне одан да шалғайдағы Шын елін қалдырғанда, кіші ұлы Иречке ең тамаша мекен Иранды мұра етті деп қызғанған үлкен ағасы Турдың Иречтің басын аярлықпен кесіп жатқанда алыстан қарап тұрған тарпаңдардың; Ескендірдің хазарлар, мысырлықтар, берберлер мен арабтар жақтаған, ауыр сауыт киінген, темір қалқан ұстаған, сынбайтын қылыштар асынып, күнге шағылысқан дулыға киген қаһарман әскерінің аттарының; Алланың оған сызған тағдырына қарсы келгені үшін мұрнынан тоқтамастан қан кеткен Шах Яздгирдті шипалы суымен емдеген жасыл көлдің жағалауында күтпеген жерден әрі Алланың әділетімен өлтірген аңыз аттың және барлығын алты-жеті нақышкер сызған жүздеген аңыз және шынайы аттардың арасында кездестірмедім, бірақ алдымда Қазынадағы өзге кітаптарға қарау үшін әлі бір күннен астам уақытым бар еді.

2. Соңғы жиырма бес жыл бойы шебер нақышкерлердің арасында үнемі өсек-аяң мен қауесет тақырыбына айналған бір сөз бар еді. Бір нақышкер Пади-

шаның жеке рұқсатымен осы адам қолы жетпейтін Қазына бөлмесіне кіріп, осы ғажайып кітапты тауып, ашып, майшамның жарығында үлгі дәптерлеріне көптеген ат, ағаш, бұлт, гүл, құс, бақша мен соғыс әрі ғашықтық мәжілісі үлгілерін көшіріп алып, кейін оларды қолданғаны туралы айтылатын әңгіме еді ол... Қай уақытта бір нақышкер ғажайып бірдеңенің суретін салса, оның жетістігін көре алмаған өзгелер осы жайтты айтар еді. Одан соң оны «Тебризден келген парсылық іс» деп төменшіктету үшін де осы әңгіме айтылатын. Сол кездері Тебриз Падишамыздың өлкесі емес еді. Мен туралы да айтылған кезде бір жағынан ашуланып, екіншіден жасырын түрде мақтанған бұл жалаға өзгелерге қатысты айтылғанда мен де сеніп едім. Қазір болса, жиырма бес жыл бұрын бұл кітапқа бір-ақ рет қарған біз, төрт нақышкердің оны сол күні жадымызға сызып алып, осынау жиырма бес жыл ішінде ойымызда өзгерте-өзгерте еске алып, падишалардың кітаптарына нақышын салғанымызды мұнаяй байқадым. Бұл кітапты немесе өзгелерін қазынасынан шығарып, алдымызға қоймаған секемшіл падишалардың қатыгездігіне емес, өз нақыш әлеміміздің қаншалықты тар екеніне мұнаямын. Гераттық ұлы шеберлер де, тебриздік жаңа ұстаздар да, Парсы нақышкерлері де бізден, Османлы нақышкерлерінен әлдеқайда кіршіксіз, әдемі, таңғажайып суреттер салып, керемет нақыштар жасады.

«Бір сәт екі күннен кейін менімен бірге барлық нақышкерлер азапталса жақсы болар еді» деп ойладым және алдымда ашық тұрған суреттегі көзіме алғаш шалынған келбеттің көздерін қаламұштағышымның ұшымен жаным ашымастан ойып тастадым. Үнді ел-

шісі әкелген өрнекті тақтай мен тастарына қарап шахмат ойынын үйренген, үйрене сала үндістандықты жеңіп кеткен Парсы ойшылының хикаясы еді бұл! Парсы өтірігі! Шахмат ойнағандардың, оларды тамашалап отырған Шахтың және нөкерлерінің де көздерін бір-бірден шұқып шықтым. Беттерді кері қарай аударып, жан алысып жан беріскен шайқастардағы шахтардың, жарқыраған сауыт киген жасақтағы әрбір әскерінің, жердегі кесілген бастардың да көздерін бір-бірден ойып тастадым. Үш бетте осылай жасаған соң қалам ұштағышымды қойныма тықтым.

Қолдарым дірілдеп тұрды, алайда өзімді нашар сезіне қоймадым. Елу жылдық нақышкерлік өмірімде өте жиі кездестірген осындай жайларды, сонда осылай істеген ондаған есаланның қандай күйде болғанын қазір түсіндім бе мен?! Шұқып тастаған көздерден кітаптың беттеріне қан аққанын тіледім.

3. Бұл жайт мені ғұмырымның соңындағы қасірет пен жұбанышқа алып келе жатыр. Шах Тахмасптың ең шебер Парсы нақышкерлерін он жыл еңбек еткізіп жасаткан осынау әдемі кітапқа ұлы Бекзаттың қаламы тимепті, оның осынау сұлу қолдары ешбір жерге сызылмапты. Көз алдында бағасы түскен Гераттан өмірінің соңына қарай Тебризге келгенінде Бекзаттың соқыр болғанын дәлелдейді бұл. Осылайша, тұтас ғұмырын оперге арнап, еңбек етіп көне шеберлердің мінсіздігіне қауышқан сәтінде, нақышын өзге ешбір нақышхана мен шахтың тілектеріне араластырмау үшін ұлы шебердің өзін-өзі соқыр еткенін тағы бір мәрте қуана еске алдым.

Қара мен ергежейлі қолдарындағы қалың бір томды ашып, сол сәтте алдыма қойды.

– Жоқ, бұл емес, – дедім келбетімді өзгертпестен, – бұл моңғол шахнамасы: Ескендірдің темір атты әскерінің темір аттары, іштеріне қара май құйылып от берілген кезде шамдай жарқырап, танау тесігінінен жалын бүркіп дүшпанға шабуылға шығады.

Қытай суреттерінің арасынан шыққан осынау жалынға оранған осынау темір жасақты тамашаладық.

– Джезми аға, – дедім, – осыдан жиырма бес жыл бұрын Шах Тахмасптың осы кітабын әкелген Парсы елшілерінің сыйлықтарының суретін біз кейінірек Сәлімнамада салып едік...

Сәлімнама томын дереу тауып, алдыма әкеліп қойлды. Елшілердің марқұм Сәлімге басқа сыйлықтармен бірге Шахнаманы ұсынып жатқанын көрсететін жарқыраған беттің қарсы жағына бір-бірден тізіліп жазылған сыйлықтардың аттары арасында кезінде оқысам да, сенбегендігімнен ұмытып кеткен дүниені көзім өздігінен тауып ала қойды:

«Гераттық көне шеберлер мен ұстаздардың ұстазы Бекзаттың өздерін соқыр қылу үшін қолданған сабы ақық пен нақышталған седептен жасалған алтын біз».

Ергежейліге Сәлімнама томын қайдан тапқанын сұрадым. Қазына бөлмесінің шаң-тозаң басқан қараңғы түпкіріндегі сандықтар, мата мен кілемдер, шкафтар арасынан әрі сатының астынан еңкейіп өттік. Бір үлкейіп, бір кішірейген көлеңкелеріміз қалқандардың, піл сүйегінен жасалған ердің, жолбарыс терілерінің үстінен өткенін көрдім. Бәз-баяғы қызыл маталар мен барқыт түсіне енген келесі бөлмелердің бірінде, Шахнама томын тапқан темір сандықтың қасында, басқа кітаптардың, күміс пен алтын жіптермен өрнек-

телген перделердің, таза Цейлон тастарының, жақут тасты қанжарлардың арасында, Шах Тахмасптың жіберген өзге сыйлықтардың біразы, Исфаханның жібек кілемдері, піл тісінен жасалған шахмат тақтасын көрдім және бетіне сызылған қытай айдаһарлары мен ағаш бұтақтары, седеп қақпағындағы шәмсесі Әмір Темір заманынан келе жатқанын бірден байқататын қалам құтысын көзім шалды. Құтыны аштым, ішінен жартылай жанған қағаз бен раушан иісі сіңген, сабы ақық пен седептен жасалған алтын біз шықты. Бізді алдым, әруақтай болып әу бастағы орныма оралдым.

Жалғыз қалғанымда Бекзат ұстаздың өзін соқыр қылған бізді ашық жатқан Шахнама бетінің үстіне қойдым да, оған телміре қарадым. Бекзаттың өзі түгілі оны соқыр қылған инені, керемет қолдарына ұстаған қандай да бір затты көру де денемді дір еткізді.

Осы қорқыныш бізді Шах Тахмасп сыйлық кітаппен бірге неге Сұлтан Сәлімге жолдады? Бала кезінде Бекзаттан нақыш дәрісін алған, жастық шағында нақышкерлерді алақанына салып аялаған Шах, қартайғанда шайырлар мен суретшілерді маңайынан алыстатып, өзін тұтастай құдай жолына арнап, ғибадатқа берілгендіктен бе? Ең ұлы шеберлердің он жыл бойы көз майын тауысып, еңбек еткен, асқан сабырмен жасап шыққан осынау таңғажайып кітаптан айырылып қалуға осы себептен разы болды ма ол? Кітаппен бірге осы ине шебер нақышкердің өмірінің соңы өз еркімен соқыр болу екендігін барша білсін деп жіберілді ме, жоқ әлде бір кездері айтылатындай, осы аңыз кітаптың беттеріне бір рет қараған әлемде басқа бір нәрсе көргісі келмейді дегенді білдіру үшін бе? Алайда, көптеген билеушінің қартайған шағында жасайтынындай, жас

кезіндегі сурет құмарлығынан күнәға батқанын ойлап, өкінген Шах үшін бұл кітап енді ғажайып дүние емес еді.

Қартайып, дүниеден көңілі қалған, бақытсыз нақышкерлер айтатын хикаяны есіме алдым: Қарақойлы билеушісі Жиһан шахтың әскері Ширазға кірердің алдында қаладаға бас нақышкер Ибни Хусам «Мен басқаша нақыш жасамаймын» деп шәкіртіне өз көзін ойдыртып тастаған-ды. Явус Сұлтан Сәлімнің қалың қолы Шах Исмаилды жеңіп, Тебризге кіріп, Хешт Бихишт сарайын тонап, қолға түскен мүлікпен бірге Ыстамбулға әкелген нақышкерлер арасында қарт Парсы шеберінің кейін айтылып жүргендей жолда аурудан емес, Османлы стилінде нақыш жасай алмаймын деп өз өзін дәрі-дәрмекпен соқыр қылып тастағаны сөз болатын-ды. Бекзаттың өзін соқыр етуін ашу-ыза кернеген кезде нақышкерлеріме үлгі болсын деп мен айтатынмын.

Басқаша, екінші бір жол жоқ па? Шебер нақышкер жаңа стильдерді тұтастай қабыл етсе, барлық нақышхана мен көне шеберлердің стильдерін аз да болса құткармай ма?

Біздің ықтиятпен егелген үп-үшкір ұшында аздаған қара дақ бар еді, алайда шаршаған көздерім оның қан ба, басқа нәрсе ме, не екенін айыра алмады. Линзаны жақындатып қасіретке толы ғашықтық мәжілісін тура сол қасіретпен тамашалағандай болып бізге ұзақ қарады. Бекзаттың бұл істі қалай жасауы мүмкін екендігін елестетуге тырыстым, адамның бірден соқыр болмайтынын, тура өздігінен заңып болған қарттардағыдай көрдей түнектің кейде бірнеше күннен, айдан кейін ақырындап төнетіні айтылып жүретін.

Көрші бөлмеге откенде көрген сдім, орнымнан тұрып қарадым, сол жерде екен, сабы бұрандалы және қалың жақтауы қара ағаштан жасалған, айналасы гүлдей өрнекпен көмкерілген піл сүйегі айнасы. Орныма отырдым да айнадан көздерімді көрдім. Алпыс жыл нақыш жасаған мен нақыш көрген қарашықтарымда алтын шырағдандағы жалын әдемі кейіпте жанып тұрғаны неткен әдемі десеңші?!

«Бекзат ұстаз қалай жасады екен, ә?» – деп өзімеөзім тағы сауал қойдым.

Қарашықтарымды айнадан айырмастан, көздеріне сүрме жаққан әйелдің әдетімен қолым бірден инені тауып алды. Тура нақыш жасалатын түйеқұстың жұмыртқасын тесердей болып еш қобалжымастан инені батылдық, тыныштық және қайратпен оң жақ қарашығыма сұғып алдым. Жасаған ісімді сезінгенім үшін емес, көргенім үшін ішім ашыды. Инені көзіме бір елідей сұғып, кейін суырып алдым.

Қолымдағы айнаның жақтауына жазылған бәйітте шайыр айнаға қарағанға мәңгілік сұлулық пен мәңгілік жарық, айнаға да шексіз өмір тілепті. Күлімсірей отырып, тура сол әрекетті келесі көзіме де жасадым.

Ұзақ уақыт еш қимылдамастан тұрдым. Әлемді тамашаладым. Барлығын.

Әлемнің реңктері мен ойлағандай қараймады, тек бірте-бірте бір-бірімен араласып бара жатқандай болды. Бірақ барлық нәрсені әлі де көріп тұрмын.

Сәлден соң күн сәулесі Қазына бөлмесінің қою қызыл, қан түстес маталарының арасына түсті. Бас қазынашы мен адамдарды тағы да әдеттегі салтанатпен мөрді бұзып, құлып пен есікті ашты. Джезми аға дәрет шелектерін, шамдарды және мангалды ауыстыр-

ды, жаңа піскен нан мен кептірілген тұт алды әрі біздің Падишамыздың кітаптары арасынан танау тесігі оғаш сызылған аттарды іздеуді жалғастыратынымызды айтты. Жаһанның ең әдемі суреттеріне қарап Алланың назарындағы әлемді еске алудан әдемі не болуы мүмкін бұл жалғанда?!

52. Менің атым Қара

Таңертең Бас қазынашы мен ағалар қақпаларды салтанатпен ашқан кезде қазына бөлмесінің қызыл барқыт өңіне көздерімнің үйреніп қалғаны сонша, Ендерун ауласынан ішке кірген қысқы таңның сәулесі маған қараған жанды алдау үшін жасалған қорқынышты нәрсе сияқты көрінді. Тура Осман ұстаз сияқты тұрған жерімнен қимылдамадым. Әрекет жасасам, қазына бөлмелерінің сол бір зеңді, шаңды әрі қолмен ұстауға болатындай лас ауасы біз іздеген айғақтармен бірге есіктен шығып қашып кететіндей көрінді.

Осман ұстаз ашық есіктің қасына екі қатар болып тізілген қазына қызметкерлерінің бастары арасынан ішке түскен сәулеге алғаш рет көрген ғажайып затқа тамсана қарағандай өзгеше кейіпте қайран қала көз тастады.

Түнде суреттерге қарап отырғанда Шах Тахмасптың «Шахнамасының» беттерін парақтауын алыстан мұқият бақылап, осы сезімнің жүзінде жиі-жиі байқалғанын көргенмін. Қабырғаға түскен көленкесі кейде баяу тітіреп, басы қолындағы линзаға қарай ықтиятты түрде иіледі, еріндерінде әдемі бір сыр айтуға

ыярланған адамдай жұмсақ бір белгі байқалады, содан соң суретке қайран қала қарап отырғанда еріндері өздіпшен қимылдайтын.

Есік жабылған соң ұлғайған мазасыздықпен бөлмелердің арасында сабырсыздана әрлі-берлі жүрдім, казынадағы кітаптардан біз күткендей ақпарат, ишара таба алмайтынымызды, уақытымыздың жетпейтінін ойладым. Осман ұстаздың назарын бұл іске толық аударта қоймағанын сезгендігімнен, оған күдігімді айттым.

Шәкірттерін тыныштандыруға дағдыланған шынайы ұстаздай жылы жүзбен күлімсіреп, қолымнан ұстады: «Біз сияқтылардың әлемді Алланың көретініндей сипатта көруге ұмтылудан әрі Алланың әділетіне сенің, оны пана тұтудан басқа ешбір амалы жоқ, – деді. – Мұнда осы екеуінің осынау суреттер мен заттар арасында бір-біріне жақындай түскенін іштей сеземін. Әлемді Алланың назарындағыдай түрде көруге жақындағанда оның әділеті де бізге таяй түседі. Қара, Бекзат ұстаздың өзін-өзі соқыр қылған инеге қара...».

Иненің адам жанын ауыртар хикаясын айтып отырғанда мұқият қарап алайын деп жақындата түскен линзаның астында осы сүйкімсіз заттың үп-үшкір ұшына зер сала қарадым әрі ол жерден қызғылт түсті ылгал ізі байқалады.

– Бұрынғы ұстаздар, – деді Осман ұстаз, – тұтас ғұмырларын арнаған өнерлерін, түстері мен стильдерін өзгертуді ар азабы ретінде бағалаған. Қазіргілер сияқты бір күні шығыстағы шахтың, келесі күні батыстағы билеушінің «көр» дегені тәрізді әлемге көз салуды намыстың тапталғаны деп ұғатын.

Көздерін не менің жанарыма, не алдындағы парақка тігіп тұрған жоқ еді. Арт жағымыздағы, көз жетпестей

алыстағы ақ түске қарағандай көрінген-ді. Алдындағы «Шахнаманың» бетінде Иран мен Тұран әскерінің бар шама-шарқымен бір-біріне қарсы шауып, аттар өзара омырауласқан кезде қақтығысқан жауынгерлердің найзалары сауыттарды тесіп денені түйреп жатыр, басы, қолдары шабылған, екіге бөлінген қан жоса кеуделер жерге шашылып, көздері аларған сарбаздар даңқ жолындағы қуаныш пен түстердің ішінде қылыш суырысып, бірін-бірі өлтіріп жатыр еді.

– Жеңімпаздардың стильдерін алуға, нақышкерлеріне ұқсауға қиналған көне шеберлер намыстарын қорғау үшін өздерін ақыр аяғында соқыр ететін істі инемен қаһармандарша жасағаннан кейін Алланың саф қараңғылығы көздеріне сыйлықтай болып түскенге дейін алдарына қойған беттерге сағаттар бойы, кейде бірнеше күн бойы қарайтын еді. Бастарын ешқашан көтермей ұзақ уақыт қарап отырғандықтан, кейде көздерінен тамған қан тамшыларымен былғанған осы суреттің әлемі мен мағынасы, қаһарман ұстаздардың көздері баяу тұманданып соқыр болуға қарай қадам басқаны үшін жанға жайлы жұмсақтықпен, өз ішіндегі жамандықты ығыстырып, орнын басар-ды. Неткен бақыт десеңші! Менің заңиптықтың су қараңғы әлеміне қауышқанға дейін қай суретке қарағым келетіні білесің бе?

Кішірейіп, көзінің ағы бірте-бірте ұлғайып бара жатқандай көрінген жанарын балалық шағының естеліктерін есіне түсіргісі келетіндер жасайтындай алысқа, тіпті қазына бөлмесінің сыртындағы бір нүктеге қадапты.

«Гераттық көне шеберлер нақышының үлгісінде, Хұсраудың атымен Шырынның терезесінің түбіне

келіп оған деген ғашықтық отына күйіп күткен мәжілісі!».

Бұрынғы шеберлердің соқыр болғанына мадақ ретінде мұнды бір өлең түрінде сол сурет жайлы айтып беруі де мүмкін еді.

– Ұстазым, мырзам, – деп оғаштау тәсілмен сөзін бөлдім, – менің көргім келетін нәрсе – жарымның балбұл жанған жүзі. Оған үйленгелі үш күн болды. Он екі жыл бойы оны аңсадым, сағындым, ойладым. Шырынның суретке қарап Хұсрауға ғашық болатын мәжіліс үнемі оны есіме салатын.

Осман ұстаздың жүзінде өзі жасыра алмаған ишара, әуестік байқалды, алайда менің хикаяма да, алдында жатқан қан майдан мәжілісіне де назар аудармады. Баяу да болса жететін сүйінші хабарды күтіп тұрғандай көрінді. Мені көрмегеніне көзім нақты жеткен соң, бір сәтте алдында жатқан бізді алып алыстай бердім.

Қазына бөлмелерінің үшіншісінің, хамамға қабырғалас орналасқанының қараңғы бір жерінде көп франк корольдері мен билеушілерінен сыйлық ретінде келіп, қысқа уақытта бұзылып қалғандықтан, бұрышқа тасталған жүздеген қораш әрі үлкен сағаттар жиналған екен. Сол бұрышқа бардым да Осман ұстаз Бекзаттың өзін-өзі соқыр қылды деген бізді мұқият қарадым.

Шаң басқан әрі сынған сағаттардың алтын жақтауларынан, кристалл әйнектерінен, алмастарынан шағылысқан қызғылт күн сәулесімен иненің күлгіндеу түсті бір сұйық зат жұққан алтын ұшы да ара-тұра жарқырайды. Аты аңызға айналған Бекзат ұстаз шынымен де осы құрал арқылы өзін соқыр етті ме? Осман ұстаз Бекзат жасаған қорқынышты әрекеттерді өзіне жасады ма? Ірі сағаттардың біреуінің механизміне бай-

ланған, әдемі түске боялған бармақтың үлкендігіндей ашулы мағрибтік мүсін маған «иә» дегендей болды. Осы Османлы сәлдесін киген адам сөз жоқ, Габсбург королінің тапсырысымен жасалған, ісмер сағатшының әзілі ретінде сағат тілі жылжыған кезде қуаныштан басын шайқап, Падишамыз бен гареміндегі әйелдердің көңілін көтеруі тиіс еді.

Қатардағы көп кітапты қолға алдым. Ергежейлінің айтқанындай басы шабылып, мал-мүлкі тәркіленген пашалардың дүниелерінің арасынан шығып жатыр еді бұлар. Соншама көп паша өлтірілсе керек, бұл томдар да бітіп болмады. Ергежейлі қуанышты кейіпте дүниемүлкі мен күш-қуатына мастанып өзінің бір құл екенін ұмытқан, сөйтіп падишалар мен шахтар тәрізді өз атына кітап жазғызып, алтын жіптермен нақышын жасатқан пашаның басы шабылып, малының тәркіленуі онсыз да дұрыс іс екендігін айтты. Кейбіреулер мұракка, кейбірі нақышы бар, суреті бар диуан, бұл кітаптарға да Шырынның суретке қарап Хұсрауға ғашық болған мәжілісін кездестіргенімдей ұзақ уақыт қарадым.

Суреттің ішіндегі сурет, яғни Шырын қырда серуендеп жүргенде көзі түскен Хұсраудың бейнесі ешқашан анық салынбаған екен. Суреттің ішіндегі сурет тәрізді кішкентай дүниенің нақышкерлер жақсы сала алмағандығында емес мұны сыры. Себебі, суреттерді салған нақышкерлердің басым көпшілігі тырнақ, күріш дәні, тіпті шаштың бір талына да картина сыза алатындай шеберлер еді. Сұлу Шырын көріп ғашық болған сымбатты Хұсраудың жүзін, көзін неге оны танитындай етіп анық салмайды екен? Түстен кейін уақыт тауып, үмітсіздігімді ұмыту үшін бұл сауалдарды Осман ұстазға қоярмын деп ойлап, қолыма түскен

шым-шытырық мурақка томының беттерін асығыс парақтап отырғанымда матаға салынған келін түсіру тойын көрсететін суреттегі ат назарымды аударды. Жүрегім бір демде аткақтап шыға келді. Жүрісінен жаңылды.

Ол жерде, көз алдымда танауы оғаш салынған бір аттың суреті бар еді. Үстіне қылықты бір келін мініпті әрі ол маған қарап тұрған-ды. Тура сиқырлы ат маған өрдеңе деп сыбырлайтындай. Түсімде көргендеймін оны, айғайлағым келсе де үнім шықпайтын тәрізді.

Кітапты қолыма ала сала, заттардың, сандықтардың арасынан Осман ұстазға қарай тұра жүгірдім, бардым да алдына бетті ашып қоя салдым.

Суретке қарады.

Келбетінен өзгеріс байқалмағандықтан, дегбірім қаша бастады.

– Аттың танау тесігі тура Жездемнің кітабы үшін жасалған аттыкі сияқты, – дедім.

Қолындағы линзасын аттың үстіне әкелді. Мұрнын парақка тигізердей еңкейіп, көздерін линза мен суретке жақындатты.

Үнсіздіктің созылып кеткеніне шыдай алмадым.

– Жездемнің кітабына арнап сызылған аттың стилімен және тәсілімен салынған ат емес, өзіңіз көріп тұрсыз, – дедім, – бірақ мұрны бірдей. Әлемге қытайлардың көзқарасымен қарауға тырысыпты нақышкер.

Біраз үнсіз қалдым.

«Келін түсіру сәті. Қыз көші. Тура бір қытай суреті сияқты, алайда салынғандар қытайлықтар емес, біз сияқтылар».

Енді шебердің линзасы суретке, мұрыны линзаға жабысып қалғандай еді. Көру үшін тек көздерін ғана

емес, басын, мойнын, қарт белін бүгіп, иықтарын да қозғап, тұтас болмысымен кіріскендей. Үнсіздік ұзаққа созылды.

– Аттың танау тесігі кесілген, – деді әжептәуір уақыттан соң алқына демалып.

Мен де басымды иіп, суретке үңілдім. Беттеріміз түйісіп, танау тесігіне ұзақ қарадық. Бір сәтте тек аттың танау тесігінің кесілгенін емес, Осман ұстаздың көруі нашарлағанын, қиналғанын аңғардым.

– Көріп тұрсыз ба?

– Өте нашар, – деді. – Суретті сен тәптіштеп берші?

– Меніңше, бұл қасіретті келін, – дедім мұңая. – Танауы кесілген құр атқа мініпті, айналасында жатжерлік қорғаушылар мен жолдастар еріп жүр. Еркектердің бет-әлпеті қатулы, адам қорқатын қара сақалдары, түйілген қастары, қияқ мұрттары, ірі денелері, жұқа матадан жасалған жалаң қабат шапандары, жіңішке аяқ киімдері, аю терісінен жасалған бөріктері, балталары мен қылыштары олардың Мәуреннахрдағы Аққойлы түркімендері екенін көрсетеді. Түн баласы шамдар мен алаулар жарығында нөкер қызымен сапарға шыққанына қарағанда алдындағы жол алыс, ал сұлу келіннің өзі қасірет шеккен қытайлық ханшайым болар бәлкім?!

– Немесе келіннің сұлулығы мінсіз екенін көрсету үшін нақышкер оның жүзіне қытайлықтар сияқты ақ бояу жағып, көздерін қытайлардікіндей қысық етуі де мүмкін, ал біз оны қытайлық деп ойлаймыз қазір, – деді Осман ұстаз.

– Кім болса да сайын далада, түн жарымда, қабағы қату бөтен қорғаушылармен бірге жат мемлекетке, өзі ешқашан көріп-білмеген күйеуге қалындық болып кетіп бара жатқан байғұс сұлуға жаным ашиды, – де-

ым. – Ол мінген аттың кесілген танау тесігінен біздің нақышкердің кім екенін қалай білеміз? – деп сұрадым.

Мурактаның беттерін парақтап, көргендеріңді айт маған, – деді Осман ұстаз.

Біраз бұрын мен томды құшақтап Осман ұстазға қарай жүгіріп келе жатқанда ергежейлінің дәрет шелегінде отырғанын байқам қалғанмын, ол қазір біздің қатарымызға қосылып, беттерді үшеуміз қарай бастадық.

Мұңды келініміз салынған тәсілмен суреттері сызылған қытай қыздарын көрдік, бір бақшаға жиналып ұд тартып отыр екен. Қытай үйлері, алыс сапарларға аттанған сабырлы керуендер, даланың ағаштарын, ескі ескеліктердей әдемі дала көріністерін тамашаладық. Қытай стилімен салынған бүйра-бүйра ағаштарды, бар қуатымен бүр жарған көктем гүлдерін, бұтақтарда сайраған бақытты бұлбұлдарды көрдік. Хорасан стилі бойынша шатырында отырып өлең оқыған, шарап пен ғашықтықты сөз еткен шахзадалар, таңғажайып бақшалар, білектеріне керемет сұңқар қондырып, ат үстінде тіп-тік болып отырған, сөйтіп аңға шыққан келбетті мырзаларды көрдік. Содан соң беттердің арасынан шайтан жүріп өткендей болды да суреттердегі жамандық көбіне ақылдылықтың белгісіне айнала бастағанын аңғардық. Айдаһарды ұзын найзасымен түйреп өлтірген батыр шахзаданың әрекетіне нақышкер қыжыртпа мысқыл қосқан ба, қалай? Шейхтың құзырына кіріп, одан шипа тілеген байғұс ауыл адамының кедейлігінен ләззат алып отыр ма? Күйлеп жүріп бір-біріне жабысып қалған иттердің мұңды көздерін салып отырғанда рахаттанды ма, әлде оларға қарап күліп жатқан қатын-қалаштың ашық ауыздарын шайтанша қызыл түске бояғанда мәз болды ма?

Нақышкердің шайтандарының өздерін де көрдік кейінірек. Гераттық көне шеберлер, Шахнама нақышкерлері талай рет салған жындар мен дәулерге ұқсайды бұл ерекше жаратылыс иелері, бірақ нақышкердің әзілқой өнері оларды бұрынғыдан әлдеқайда қастандық көп жасайтын, жол торушы және адамға ұқсас етіпті, адам бойындай бойлары бар, денелері қыңыр-қисық, салаланған мүйізді, мысық құйрықты, қорқынышты шайтандар көріп, біраз күлдік. Қастары қалың, жалпақ бет, бадырақ көз, сойдақ тіс, сояу тырнақты, терісінің түсі қою, тәні қарттардың денесіндей әжім-әжім, бүйіра-бүйіра жаланаш шайтандар мен беттерді ашқан сайын бір-бірімен күресіп, төбелесіп, ірі денелі бір жылқыны ұрлап, тәнірлеріне құрбан етуге апара жатыр, бір орында тұрмай секіріп, ағаштарды кесуді, сұлу сұлтандарды нөкерлерімен, дүние-мүлкімен бірге алып қашып, айдаһарларды аулауға, қазыналарды тонауға кірісті. Түрлі-түрлі нақышкердің қаламы тиген томда шайтандардың суретін салған нақышкер қара қаламмен да тақыр басты, үсті-басы алба-жұлба, темір шыңжыр тағып, қолдарына аса таяқ ұстаған календерлік дәруіштерінің суретін салғанын айтқанымда Осман ұстаз ұқсастықтарын бір-бірден қайталатып, мені мұқият тыңдады.

– Терең тыныс алып, алысқа шапсын деп аттардың танау тесіктерін кесу жүздеген жылға кететін моңғол дағдысы, – деді біраздан соң. – Аттарымен тұтас Араб, Парсы мен Қытай өлкесін жаулап алған Хұлағу ханның қалың қолы Бағдатқа кіріп, қаланы талан-тараж етіп, барлық кітаптарды Диджлеге лақтырған кезде, атақты хұснихатшы әрі кейіннен нақышкер болған Ибн-и Шакир қаладан, қырғыннан қашып құтылу үшін

барша жұрт сияқты түстікке емес, моңғол атты әскері судай тасып келген теріскейге кетіпті. Ол кездерде Құран Кәрімде тыйым салынған деп кітаптарға сурет салынбайтын, нақышкерлерге де ешкім назар аудара қоймайтын. Кәсібіміздің ең үлкен құпиясы саналатын, әлемге мұнараның басынан көз тастауды, көкжиек сызығының бірде анық, бірде жасырын салынып, үнемі бар болуы және бұлттардан қоңыздарға дейінгі барлық нәрсені қытайлықтардың назарындағыдай бұйра-бұйра, жанды әрі жанға жайлы түстерге бояп, суретін салуды бізге мұра еткен піріміз, ұстазымыз Ибн-и Шакирдің моңғол әскерінің жүрегіне дейін бармақ болып аттанған атақты сапары кезінде солтүстікке қарай жүру үшін аттардың танау тесігіне қарағаны айтылады. Алайда азапқа толы сапар шегіп, бір жылда әрең жеткен Самарқандта кітаптың нақышын жасағанда салған аттарының ешқайсысының танауы кесілмепті, менің қоргендерім мен естігендерімнің ешқайсысында танау тесігі кесілген ат жоқ. Өйткені ол үшін үйқы кезіндегі түстерінен келген мінсіз аттар өзі кездестірген мықты моңғол жылқылары емес, қасіретке толы күндерінде артта қалдырған, сағынышпен аңсайтын жастық шағының сұлу мүсінді, нәзік араб жылқылары еді. Сондықтан Жезденің кітабы үшін нақышы жасалған аттың оғаш мұрыны не моңғол жылқысын, не моңғол әскерінің Хорасанға, Самарқандқа таратқан әлгі дағысын есіме түсірмеді.

Осман ұстаз бірде кітапқа, бірде маған қарап айтып жатыр әңгімесін, алайда бізді емес өзі қиялдаған дүниелерді көріп тұрғандай әсер қалдырды.

– Аттардың танау тесіктерін кесуден және қытай суретінен басқа Парсы өлкесіне әрі осы жерге дейін

моңғол әскерінің кесірінен келген басқа бір нәрсе. Ол – осы кітаптардағы шайтандар. Олардың жер астындағы түнек иелері жіберген жамандық елшілері екенін, біздің, адамдардың өмірлері мен өзге дүниелерін алып қашатынын, бізді қараңғылық пен өлімнің жер астындағы әлеміне апаратынын естіген боларсыңдар. Осы жер асты әлемінде әр нәрсенің, бұлттардың, ағаштардың, заттардың, иттердің, кітаптардың рухы бар еді әрі олар сөйлейтін.

– Иә, – деді карт ергежейлі, – Алла куә, осы бөлмелерде жалғыз қалған кейбір сәттерде, түн баласы тек осы сағаттардың, қытай табақтарының, онсыз да сыңғырлап тұратын кристалл кеселердің ғана емес, осындағы барлық дүниелердің, мылтықтар мен қылыштардың, қалқандардың, қан жұққан дулығалардың рухтары мазасызданып, сөйлеуді бастайды да, көзге түртсе көргісіз қараңғыда қазына бөлмесі мақшарға ұқсас майдан даласына айналып кетеді.

– Бұл нанымды Хорасаннан Парсы өлкесіне, одан соң біздің Ыстамбулымызға суреттерін көрген Календери дәруіштері әкелді, – деді Осман ұстаз. – Явуз Сұлтан Сәлім Шах Исмаилды жеңіп, Тебризді және Хешт-Бихишт сарайын тонағанда Әмір Темір әулетінен тарайтын Бәддүззаман Мирза Шах Исмаилды сатып кетті де өзіне ерген Календери дәруіштерімен бірге Османлыға қосылды. Ақ қар, көк мұзда Тебризден Ыстамбулға қайтқан жаны жәннатта болғыр Явуз Сұлтан Сәлім өзімен бірге Чалдыранда жеңілген Шах Исмаилдың бадам көзді, тәні ақша қардай аппақ екі сұлу әйелінен бөлек, Тебриздің бұрынғы иелері моңғолдардан, илхандықтардан, жалайрилерден, қара-қойлылардан қалған әрі жеңілген шахтың өзбек-

ерден, парсылардан, түркімендерден, Әмір Темір ұрпақтарынан тартып алып, Тебриздегі Хешт-Бихишт сарайындағы кітапханасына сақтаған осы кітаптардың бар ығы бар еді. Падишамыз бен Бас қазынашы мені осы жерден шығарғанға дейін бұл кітаптарды тамашалаймын.

Бірақ көзқарасында соқырларда байқалатын ыстаудан ауытқу бар еді, седеп сабы бар линзаны көру үшін емес, дағдысы арқылы қолында ұстап тұр. Біраз уақыт үнсіз қалдық. Осман ұстаз осы хикаяларды ауызы ашылып, бар ынтасымен тыңдап отырған ергежейлінің томын нақты сипаттап берген басқа бір кітапты алып келуін өтінді. Ергежейлі кеткен соң ұстазымнан алаңдасарлықпен мына жайтты сұрадым.

– Олай болса, Жездемнің кітабындағы аттың суретін кім салуы мүмкін?

– Екі аттың да танау тесігі кесілген, – деді. – Бірақ Самарканда салынса да, Мәуреннахрда салынса да, бұл ат қытай стилімен нақышталған. Жезденің кітабындағы әдемі ат болса, гераттық шеберлердің сұлу мүсінді аттары сияқты Парсы стилімен сызылған. Оған үксас ат бұл пәниде өте сирек кездеседі, ғажайып сырбаз ат бұл! Ол нақыштағы ат өмірдегі моңғол жылқысы емес!

– Бірақ аттың танау тесігі шынай моңғол аттарынікі сияқты кесілген екен, – деп сыбырладым.

– Өйткені, сөз жоқ, моңғолдар шегініп, Әмір Темір мен ұрпағының билігі орнағанада, осыдан екі жүз жыл бұрын Гератта сурет салған шеберлердің бірі аттың суретін салып отырғанда немесе өзі бір рет те болса көріп, есіне түсірген моңғол аттарынан, не болмаса осы аттарды танауы кесілген күйде салған өзге бір

нақышкердің суретінен әсерленіп, танау тесігі кесілген аттың суретін салса керек. Қандай шах үшін даярланған, қандай кітаптың бетінде еді – ешкім білмейді. Бірақ сол кітапты және суретті сарайда бір кездері, бәлкім, шахтың гареміндегі сүйіктілердің біреуі ұнатып, айналасындағылар мадақтап, аңызға айналғанына сенемін өз басым! Жағдай осылай өрбіген соң қатардағы көптеген нақышкер танауы кесілген осы атқа қызығып, іштей қызғанып, суретті көшіріп салып, ақыры көбейтіп жібергеніне де сенемін. Осылайша сол бір ғажайып атпен бірге аттың танау тесігі де үлгіге айналып, сол нақышханадағы нақышкерлердің жадында сақталып, жатталып қалған. Жылдар өткен соң бұл нақышкерлер қожайындары соғыстарда жеңіліп, тура өзге гаремдерге кеткен қасіретті әйелдер тәрізді өздеріне жаңа шахтар, шахзадалар тапқанда, қалалар мен елдерін ауыстырғанда жадтарында сақталған аттың сырбаздықпен кесілген танау тесіктерін де өздерімен бірге ала кеткен. Көптеген нақышкер естеріне сақтаған осынау кесік танауды басқа нақышханаларда өзге стильдер мен басқа шеберлердің кесірінен ешқашан сыза алмай, ұмытып та кеткен шығар. Алайда кейбір нақышкерлер өздері барып қосылған жаңа нақышханаларда танауы кесілген аттардың суретін салумен шектелмей, «бұрынғы шеберлер осылай жасайтын еді» деп мұны шәкірттеріне үйреткен. Сөйтіп, моңғолдар мен олардың танауы кесілген күшті аттары Парсы мен Араб өлкелерінен кеткенінен, талан-таражға түсіп, тоналған қалаларда жаңа өмір басталғаннан кейін ғасырлар өткенде де кейбір нақышкер мұның бір үлгі екеніне сеніп, аттардың танау тесіктерін кесілген күйде салуды жалғастырған. Кейбіреулер басқыншы моңғол атты

ен көрінен де, аттарының кесік танауларынан да хабар-сыз «бұл бір үлгі» деп аттарды біздің нақышкер салған-ын етіп сызғанына де сенемін.

Ұстазым, – дедім қайран қалған сезіммен. – «Нокер қыз» тәсіліңіз шынымен де біз күткен нәти-жені берді. Әр нақышкердің бір құпия қолтаңбасы бо-лады екен.

Әр нақышкердің емес, әр нақышхананың, – деді маңғаздана. – Тіпті әр нақышхананың да емес. Кей-бір бақытсыз нақышханаларда тура бағы тайған от-ласылардағыдай жылдар бойы әр бастан өзгеше үн шығады да бақыттың үйлесуден бастау алатынын, үй-лесімнің де бақыт екенін ешкім түсінбейді. Біреулер қытайлар сияқты, тағы бірі түркімендер тәрізді, келе-сісі шираздықтар, өзге біреулері моңғолдарға ұқсап нақыш жасауға тырысады да жылдар бойы ұрыс-кері бітпеген ерлі-зайыптылардай ортақ стиль таба ал-майды.

Дәл қазір жүзінде маңғаздық байқалады, ұзақ жыл-дар бойы келбетінен байқалған «қасіретті, мұнды ка-рия» белгісінің орынын бар күш-жігерін бойына жи-нақтап, айналасына әмірін жүргізгісі келген айбатты адамның бейнесі басыпты.

– Ұстазым, – дедім, – сіз мұнда, Ыстамбулда жа-һанның төрт бұрышынан, әр өлкеден, қырық рудан жиналған түрлі-түрлі нақышкерді жиырма жылда одемі бір үйлестіре білдіңіз. Османлы стилін жасап шықтыңыз.

Сәл ғана бұрын шын көңілімнен шыққан таңданыс енді оны айтып тұрғанымда не себепті екіжүзділік-ке айналып шыға келді? Өнері мен шеберлігіне шын көңілден қайран қалған біреуді бетіне мақтағанда

шынайы болуымыз үшін оның биліктен тайып, бейшара күйге түскені керек пе?

– Әлгі ергежейлі қайда кетті? – деді.

Жағымпаздық пен мадақты ұнататын, алайда ұнатпауы қажет екенін аз да болса есіне алған адамдардай айтты бұл сөзді. Тақырыпты ауыстырғысы келген адамның сыңайын танытқан түрі бұл.

– Парсы әпсаналары мен стилдерінің ұлы шебері болғаныңызбен, Османлының атақ-даңқына лайық өзгеше бір нақыш әлемін жасадыңыз, – деп сыбырладым. – Нақышқа Османлы қылышының күшін, жеңісінің әдемі реңктерін, зат пен құралға әуестіктің ықтияттылығын және өмір сүру еркіндігін сіз әкелдіңіз. Ұстазым, сізбен бірге осы жерде аңызға айналған шеберлердің ғажайып туындыларға қарау мен үшін үлкен бақыт...

Оның тәсілмен біраз уақыт пысылдадым. Қазына бөлмесінің жауынгерлер тәрк еткен майдан даласына ұқсап шашылып жатқан халі мен суық қараңғылығында денелеріміздің бір-біріне жақын тұруы сыбырымды құпия әңгімеге айналдырып жіберді.

Кейін келбетіндегі ишараны ешқашан бақылай алмайтын кейбір соқырларда кездесетіндей Осман ұстаздың көздерінде мақтанып, мәз болған қарттың көзқарасы пайда болды. Кейде жүрекпен сезініп, кейде соқырларды көргенде іштей тіксініп қалатын сезіммен карт шеберді ұзақ мақтадым.

Салқын саусақтарымен қолымнан ұстады, қолдарымды сипады, бетіне қарадым. Саусақтарынан маған оның күш-қуаты мен қарттығы өткен тәрізді. Үйде мені күтіп отырған Шекурені ойладым.

Алдымызда ашық беттер жатыр, қозғалмастан бірер түрдік. Менің мадағым мен оның өзіне-өзінің қайран қалуы, жаны ашуы бізді шаршатып жібергендей немалып тұр едік. Арамызда бір ыңғайсыздық бар болатын.

Ергежейлі қайда жоғалып кетті? – деп сұрады ағыда.

Қуаяқ ергежейлінің бір бұрышта жасырынып, бізді бақылап тұрғанына сенімдімін. Көзқарасыммен оны іздеген сынай танытып, иығымды оңға-солға қимылдаттым, алайда бар назарымды Осман ұстаздың сөздеріне аудардым. Соқыр ма, әлде өзін де, өзгені де соқыр екеніне сендіргісі келе ме? Шираздың қабілетті бұрынғы шеберлері қартайғанда өздерін ел-жұрт күрметтесін, сәтсіздіктерін беттеріне баспасын да соқыр кейпіне енетін көрінеді.

Осында өлгім келеді, – деді.

- Мәртебелі ұстазым, мырзам, – деп жарамсақтандым. – Нақыштың емес, табатын ақшасының, бұрынғы шеберлердің емес, франк көшірмешілерінің бәсі артқан бүгінгі бұзылған заманда сіздің айтқандарыңызды жақсы түсінемін, жылағым келеді. Алайда шебер нақышкерлеріңізді дұшпанның қаһарынан қорғау міндетіңіз ғой. Айтыңызшы, өтінемін, «нөкер қыздар» тобынан қандай нәтиже шығардыңыз? Жезденің кітабына аттың суретін салған нақышкер кім?

– Зәйтүн.

Оның айтқанына қайран қалған жоқпын.

Біраз үнсіз қалды.

– Бірақ Жездені де, байғұс Зариф Ефендіні де Зәйтүннің өлтірмегеніне сенімдімін, – деді баяу үн-

мен. – Атты Зәйтүннің салғанын, оның бұрынғы шеберлерді жанындай жақсы көретіндігіне, Герат аңыздары мен стильдерін жақсы меңгеріп, жүрегіне жақын тартқанына, ұстаздарының шежіресі сонау Самарқандқа дейін кететіндігіне байланысты анықтадым. «Зәйтүннің ұзақ жылдар бойы салған өзге ат суреттерінен осы танау тесіктерін неге кездестірмедік?» – деп сұрамайтыныңды білемін. Кейде бір өзгешеліктің, бір құстың қанатының, жапырқатың ағашта қалуының шеберден шәкіртке бірнеше ұрпақ бойы қалып, есте қалғанымен, нақышкердің жалтақтығы мен табандылығына, нақышхананың және падишаның әуестігі мен түсінігіне байланысты ешқашан ортаға шықпауы мүмкін екендігін айтқанмын. Демек, байғұс Зәйтүннің бала кезінде тікелей Парсы шеберлерінен үйренген әрі ешқашан ұмытпаған аты осы болғаны. Бұл аттың оңбаған Жезденің кітабы үшін жарқ етіп ортаға шыға келуі – Алланың маған жаны ашымағаны, қатыгез ойыны. Гераттың көне шеберлерінен бәріміз жеткілікті түрде үлгі алмадық па? Тура түркімен нақышкерінің әдемі әйелдің суретін елестеткенде оны тек қытайлық тәрізді сызатынындай, біздер де әдемі сурет дегенде гераттық бұрынғы шеберлердің ғажайыптарын ғана ойлаған жоқ па едік? Бәріміз гераттық көне шеберлерге, нақышкерлерге қайран қаламыз, ұқсағымыз келеді. Барлық даңқты нақышкерлердің артында Бекзаттың Гераты, Гераттың артында моңғол аттары мен қытайлықтар тұр. Герат аңыздарына жан-тәнімен берілген Зәйтүн ескі стильдерді өзінен артық жақсы көретін, оны болмысына айналдырған, оған көзсіз иланатын байғұс Зариф Ефендіні неге өлтірсін?

– Кім? – дедім. – Көбелек пе?

– Ләйлек! – деді. – Мұны маған жүрегім айтып отыр. Қырсықтығын, бірбеткейлігін, ессіз еңбекқорлығын білетінім үшін. Мынаны тыңда: Франк стильдерін ұнатып, оны қайталаған сенің Жезденнің кітабында дінсіздік, кәпірлік бар екенін оның тәзхибін жасаған пайғыс Зариф Ефенді шамасы түсінген болуы керек әрі одан қорықты. Бір жағынан ол есалаң ерзұрымдық уағызшының әңгімелеріне есіл-дерті кете сенетін алаңғасар болғандығынан (тәзхиб шеберлері суретшілерге қарағанда Аллаға әлдеқайда жақын келеді, өкінішті, олар әдетте ақымақтау болады әрі адамды тез жалықтырады), бір жағынан сенің әумесер Жезденнің кітабы Падишаның құпия және көлемді бір жұмысы екендігін білгендігінен қорқыныштары мен күмәндары бір-бірімен қайшыласты: Падишасына сене ме, ерзұрымдық уағызшыға ма? Алақанымдағыдай танитын бұл бейшара балам, ішін жегі құрттай кемірген дертін, басқа уақыт болса сөз жоқ маған келіп, ұстазына айтар еді. Бірақ франк стиліне құмар Жезденің кітабы үшін тәзхиб жасауы маған, нақышханамызға сатқындық жасағанмен бірдей екенін тауықтың миындай миымен ол да жақсы түсінгендіктен басқа біреуді іздеді де, өнеріне, ақылы мен дарынына таңданып, қателесіп, айлакер әрі қырсық Ләйлекке сырын ашты. Ләйлек оның өзіне қайран қалған Зариф Ефендіні талай жерде бас пайдасына қолданып кеткенін көргенбіз. Араларында қандай дау шыққанын білмеймін, әйтеуір Ләйлек оны өлтірді. Зариф Ефенді қорқынышын біраз бұрын ерзұрымдықтарға да айтқандықтан, олар да кек алуға құдіреті жететіндіктерін көрсету үшін достарының өліміне жауапты адам ретінде сенің франктарға тамсанып жүрген Жезденді өлтірді. Бұл жағдайға

қатты қайғыра қойдым демес едім. Біраз жыл бұрын Жездеңі Падишамызды алдап, венециялық суртешіге (аты Себастьяно еді), Падишамыздың суретін тура кәпір королі тәрізді франк стилімен салғызып, кейін осы сайқымазақ суретті маған үлгі ретінде беріп, маған оны көшіртіп салғызған-ды. Сөйтіп, оңбағандық жасап, намысымды таптаған, мен болсам кәпірлердің стилімен салынған сол суретті Падишамыздан қорыққандықтан арсыздықпен көшіріп сызып шыққанмын. Олай жасамаған болсам, бәлкім Жездеңнің өліміне қайғырып, бүгін оны өлтірген оңбағанның табылуы үшін барымды салар едім. Бірақ менің дертім Жездеңі емес, нақышханам. Жездеңнің кесірінен әрқайсысын өз баламнан да артық көріп, махаббатпен сүйген, жиырма бес жыл қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтыртпай аялап, баулып өсірген шебер нақышкерлерім де маған және біздің тұтас нақыш дәстүрімізге сатқындық жасады әрі Падишамыздың тілегі осы деп, франк шеберлеріне ұқсап, олардың туындыларын көшіре бастады. Бұл оңбағандардың барлығы азаптауға лайық! Біз, нақышкерлер халқы алдымен бізге қызмет берген Падишамыздың емес, өнеріміз бен шеберлігіміздің құлы болсақ, Жәннатқа лайық боламыз. Енді осы кітапқа жалғыз отырып қарағым келеді.

Әскердің жеңіліп қалғанына жауапты ретінде басы шабылуы тиіс шаршаңқы паша ақырғы тілегін қалай қасіретпен жеткізсе бұл да соңғы сөзін солай айтты. Ергежейлінің алдына әкеліп қойған кітабының беттерін ашты да ащы мысқыл араласқан үнмен қалаған бетті табуға бұйрық бере бастады. Осы айыптағыш халімен тұтас нақышхана таныған әрі дағдыланып алған Бас нақышкерге айналып шыға келді.

Қасынан кеттім де інжумен көмкерілген жастықтардың, дүміне гауһар орнатылған, ұңғысын тот басқан мылтықтардың, шкафтардың арасынан өтіп, бір бұрышқа барып, алыстан Осман ұстазды бақыладым. Оны тыңдап отырғанда көңілімде пайда болған күдік енді тұла бойымды шарпып, жүрегімді жегі құрттай кеміре бастады. Байғұс Зариф Ефендіні, одан соң Жездемді Падишамыздың франктардікіне ұқсаған кітабын тоқтату үшін өлтіргені маған айдан анық болды да, Осман ұстазға жаңа ғана қайран қалғаным үшін өзімді айыпты сезіндім. Бір жағынан алдында жатқан кітапқа жан-тәнімен беріліп, көздері тұтас соқыр болса да, жартылай заңып болса да суретті қарт жүзінің әжімдері арқылы тамашалап отырғандай көрінген осынау ұлы шеберге көңілімнің түпкірінде ерекше құрмет оянды. Нақышханасындағы ескі стиль мен тәртіпті қорғау, Жездемнің кітабынан құтылу, Падишаның қайтадан сүйікті суретшісі болу үшін тек шебер нақышкерлердің біреуін ғана емес, мені де Жасауыл басының азаптауына ұстап беруі мүмкін екендігі ойыма сақ ете қалғанда екі күн ішінде оған қайран қылған махаббаттан құтылу үшін киялыма барынша ерік бердім.

Біраз уақыт өтті, ойым сан-саққа кетті. Ішімдегі шайтандардың арынын басып, аласұрған жындардың назарын басқа жаққа аудару үшін сандықтардан суырып алған томдардың суреті бар беттерін асығыс қарап шықтым.

Неткен көп адам, еркегі, әйелі бар саусақтарын ауыздарына сұғып тұр! Таң қалудың белгісі ретінде соңғы екі жүз жылда Самарқаннан Бағдатқа дейінгі барлық нақышханаларда осы әрекет қолданылған-ды. Дұшпандары қусырып келіп қалғанда қаһарман Кей-

хұсрау Жейхун дариясының асау ағысын қара аты мен Алланың жәрдемі арқылы аман-есен жүзіп өткенде оны салына мінгізбей қойған оңбаған сал айдаушы мен ескекшісі саусақтарын таңдана ауыздарына салып тұр. Күмістей түсі жылдар өте қарайған, көлде жуынып жатқан айтұрындай тәні бар Шырынның сұлулығын алғаш көрген Хұсраудың саусағы таңданыстан аузында қалыпты. Әрі қарай ұзақ қарағандарым болса жартылай ашық сарай қақпаларында, қамал мұнараларының биіктегі терезелерінде, перделердің артынан байқалған сұлу гарем қыз-келіншектерінің ауыздарына салған саусақтары еді. Иран әскерінен жеңіліп, тәжінен айырылған Тежав ұрыс даласынан қашып бара жатқанда сарайдың гареміндегі терезеден сұлулардың сұлуы Эспинуюқасіретпен әрі қайран қала саусақтарын аузына салып оған қарап тұр, көздерімен «мені жауға қалдырма» деп жалынады. «Зорлады» деген жалаға бола тұтқындалған Жүсіпті зынданға апара жатқан сәтінде терезедегі жалақор Зылиқа саусағын таңданыстан емес шайтандық пен құмарлықтан аузына салып тұр. Бір ғазалдан шыққан бақытты бірақ мұңды ғашықтар жәннатқа бергісіз бақшада махаббат пен шараптың қызуымен ақылдарынан адаса бастағанда арам ниетті нөкер қыз саусағын қайран қалғандықтан емес қызғаныштан аузына салып, оларды тамашалап тұр еді.

Бұл әрекет барлық нақышкерлердің үлгі дәптерлеріне де, естеріне де сақтап, нақышын жасап алған қалыбы болғанына қарамастан, сүйрік саусақ сұлу әйелдің аузына әр жолы әрқилы сырбаздықпен кіреді.

Бұл суреттерді көру қаншалықты көлінді жұбатты? Кеш түсуге жақындаған кезде Осман ұстазға барып,

былай дедім: «Ұстазым, мен есік ашылған кезде сіздің рұқсатыңызбен Қазынадан шықсам деймін».

– Тыныштық болар! – деді. – Әлі бір түн, бір күн уақытымыз бар. Көздерің жаһандағы бұрын-соңды келіп-кеткен ең тамаша суреттерді тамашалауға қалай тез тойды!

Мұны айтқан кезінде жүзін алдындағы беттен айырған жоқ, алайда қарашығында байқалған солғын рең оның баяу-баяу соқырға айналып бара жатқанын ашартып еді.

– Аттың танау тесігіндегі сырды білдік, – дедім батылдықпен.

– Иә! – деді. – Иә! Енді қалғаны Падишамыз бен Бас қазынашының қолындағы шаруа. Бәлкім, бәріміз-ді кешірер.

Оларға қанішер ретінде Ләйлектің атын айта ма сонда? Мұны қорыққанымнан сұрай алмадым. Өйткені мені сыртқа жібермей қоя ма ден сескендім. Ең жаманы, мені де айыптауы мүмкін екендігіне іштей сене бастағанмын.

– Бекзаттың өзін соқыр қылған біз жоғалды, – деді.

– Ергежейлі алып, орнына қойған шығар, – дедім. – Сіз қарап отырған осы бет неткен әдемі!

Жүзі баладай бал-бұл жайнап шыға келді, күлімсіреді.

– Хұсраудың атымен түн ортасында Шырынның терезесінің астына келіп, оған деген ғашықтығынан күйіп-жанып күтіп тұрған сәті, – деді. – Гераттық көне ұстаздардың стилінде жасалған.

Осы жолы суретке көзі көретін адамдай қарап тұр еді, бірақ қолына линзаны алған жоқ.

– Түннің қою қараңғылығында, ағаш жапырақтарының, көктем гүлдері мен жүлдыздардың өз ішінен жарқырағандай жеке-жеке көзге түсетін сұлулығын, қабырға өрнектеріндегі кішіпейіл сабырды, алтын тозаңын қолданудағы нәзіктікті, тұтас суреттің болмысындағы үйлесімді көріп тұрмысың? Сымбатты Хұсраудың аты әйелдей нәзік әрі сырбаз. Жоғарғы жақтағы терезеде отырған сүйіктісі Шырын иіліп тұр, бірақ маңғаз емес. Нақышкердің махаббатымен өрілген суреттің нәзік түстерінен, тоқымасы мен терісінен түскен сәуленің ішінде ғашықтар бұл жерде мәңгілікке дейін тұратындай көрінеді. Көріп тұрсың, өзгелерге қарағанда бұлар бір-біріне қарап тұр, бірақ денелерінің жартысы біге қарай бұрылған. Өйткені өздерінің тұрған жерлерінің сурет екенін, бізге көрінгіп тұрғанын да біледі олар. Сол себепті біз үнемі коретін дүниелерге түп-тура ұқсағылары да келмейді. Керісінше, Алланың естеліктерінен шыққандарын тұспалдайды. Сол үшін онда, суреттің ішінде уақыт тоқтаған. Суретпен айтқан хикаялары қаншалықты асығыс болса да олар жақсы тәрбие көрген ұялшақ әрі биязы қыздар тәрізді қолдарына, білектеріне, нәзік кеуделеріне, тіпті көздеріне де артық ешбір әрекет жасатпастан мәңгілікке дейін тұратын болады. Олармен бірге мақпал түннің ішіндегі барлық зат қатып қалады. Көктегі құс бір жағынан қараңғылықтың ішінде, жұлдыздар арасында, сүйіктілердің асыға соққан жүректері тәрізді алабұрта ұшып жүрсе, бір жағынан сол жерде, осынау теңдессіз сәттің ішінде, зеңгір көкке шегеленіп қалғандай мәңгілікке дейін тұрады. Көздерінің алдына Алланың барқыт түнегінің перде тәрізді түсіп келе жатқанын аңғарған Гераттың бұрынғы шеберлері күндер, апталар бойы

ен кимылдамастан осылай бір суретке қарап отырып, сақыр болса рухтарының суреттегі сол бір шексіз уақытқа түптің-түбінде араласып кетерін өте жақсы білетін еді.

Ақшам азаны шақырылар сәтте қазынаның қақпасы алдындағы сән-салтанатпен ашылғанда Осман ұстаз сол қаны алдындағы бетке, көкте еш қимылдамастан тұрған құсқа бар ынтасымен қарап отырған-ды. Бірақ қарашықтарындағы солғын түсті байқағандар алдынғы табаққа созған қолы басқа жаққа кеткен кейбір соқырлардан көретініміздей, оның да алдында жатқан суретке оғаш кейіпте қарап отырғанын түсінер еді.

Осман ұстаз әлі де іште қалатынын, Джезми ағаның есік алдында екенін білген қазына күзетінің сарбаздары үсті-басымды мұқият тексермегендіктен іш киіміме салып алған алтын бізді байқамай қалды. Сарайдың ауласынан Ыстамбулдың көшелеріне шыққан соң, бір қуысқа кірдім де атақты Бекзатты соқыр қылған қорқынышты дүниені дамбалымнан шығарып, қойнымма тығып алдым. Көшеде жүгіре басып алға қарай кетс бердім.

Қазына бөлмелерінің суығы өңменімнен өтіп кеткені сонша, қала көшелеріне көктем ерте келгендей сезілді маған. Ескіхан базарының бір-бірден жабыла бастаған шаштараз, асхана, көкөніс, отыншы дүкендерінің алдынан өткенде сәл баяулап шамдары жанып тұрған жылы дүкендердің ішіндегі бөшкелерге, жабынтықтарға, құмыраларға, сәбіздерге мұқият қарадым.

Жездемнің көшесі («менің көшем» демек түгілі, Шекуренің көшесі дей алмай жүрмін әлі) екі күннен кейін бұрынғыдан да жат әрі алыс жер сияқты болып көрінді. Бірақ аман-есен Шекуреме қауышудың

қуанышы мен қанішер табылды деп есептеуге болатындықтан, бүгінгі түнде жарымның қойнына кіретіп шығармын деген қисын мені тұтас әлемді бауырыма басардай қылғаны сонша, анар ағашы мен терезенің жабық қақпағын көргенде дарияның арғы жағасынан үн қатқан егіншідей бақырып жібермеу үшін өзімді әзер ұстадым. Шекурені көрген бетте: «Оңбаған қанішердің кім екені белгілі болды», – деп әңгіме бастағым келген еді өйткені...

Аула қақпасын аштым. Қақпаның сықырлағанынан ба, құлық қауғасынан су ішкен шымшықтың қамсыздығынан ба, үйдің қараңғы халінен бе білмеймін, бірақ он екі жыл жападан-жалғыз өмір сүрген адамның бөрінікіндей түйсігімен үйде ешкімнің жоқ екенін бірден аңғардым. Адам жападан-жалғыз қалғанын қасіретпен мойындап, түйсінсе де барлық есіктерді, шкафтарды, тіпті қазанның да қақпағын бір-бірден ашып көруші еді ғой, тура солай жасадым. Сандықтарға дейін аштым.

Осынау өлі тыныштықта естіген жалғыз дыбысым аттай тулаған жүрегімнің дүрсілі еді. Ұнын елеп, елегін асып қойған қарт сияқты ең алыста тұрған сандықтың түбінде жатқан қылышымды алып, асынып алған соң ғана тынышталғандай болдым. Қаламыма сүйеніп күн көрген соншама жылдар ішінде маған іштей тыныштық пен тепе-теңдікті (жүрісімдегі теңдікті де) сабы пілдің тісінен жасалған осы қылышым беретін еді үнемі. Кітаптар адамның бақытсыздығына жұбаныш деп ойлайтын тереңдік қана қосады.

Аулаға түстім. Шымшық ұшып кетіпті. Батып бара жатқан кемені тәрк еткнедей болып үйді төніп келе жатқан қараңғылықтың тыныштығына қалдырып, шығып кеттім.

Жүгір деп жатыр, өзіне сенімді жүрегім солай деді, бар, оларды тап. Жүгірдім. Дегенмен көп адам жүрген жерлерде, төте жол деп өте шыққан мешіт аулаларында көңіл көтеретін себеп тапқаны үшін қуана ізіме түскен иттер көбейген соң баяуладым.

53. Менің атым Естер

Кешкі асымызды ішпек болып жасымық көжесін пісіріп жатқан едім, «Сені біреу іздеп келді», – деді Несім. «Көженің түбі қарылып қалмасын», – деп қолына ожауды ұстатқаннан кейін егде тартқан білегінен ұстап қазанның ішінде ожауды бір-екі рет айналдырдым. Ойткені көрсетіп бермесең араластырмай, ожауды көженің ішінде бәлен сағат ұстап тұра беруге бар бұл.

Есіктен Қараны көргенде оған жаным ашыды. Келбетінің әлемтапырық болып кеткені сонша, болған жайды сұраудың өзі қорқынышты.

– Сен ішке кірме, – дедім. – Қазір мен киім-кешегімді ауыстырып келейін.

Рамазандағы ауызашарлар мен жарапазандарға, бай дастархандарға, ұзаққа созылатын тойларға шақырылған кездерімде киетін күлгін мен сары түстер араласқан той көйлегін киіп, мереке күндері көтеріп жүретін дорбамды алдым.

– Көжені келген соң ішемін, – дедім байғұс Несімге.

Мұржаларының өзінен жарлы-жақыбайдың қазанындай анда-санда ғана түтін шығаратын яхуди махалламыздан шығып, Қарамен бірге бір көшеден өтер-өтпестен:

– Шекуренің бұрынғы күйеуі соғыстан келіпті, – дедім.

Махалладан шыққанға дейін Қара ләм-ми деген жоқ. Жүзі түсіп келе жатқан інірдің түсіндей, күлдей еді.

– Олар қайда? – деп сұрады біраздан соң.

Шекуре мен балалардың үйде емес екендігін осыдан білдім.

– Үйлерінде болар, – дедім. Бұл сөзім Шекуренің бұрынғы үйін тұспалдап тұрғандықтан, Қараның жүрегін жаралағанымды бірден аңғарып, дереу екінші сөзіммен үміт отын жақтым. – Бәлкім.

– Сен соғыстан қайтқан күйеуді көрдің бе? – деп сұрады көздеріме тіке қарап.

– Мен оны да, Шекуренің үйден кетіп қалғанын да көргем жоқ.

– Үйден кеткенін қайдан білдің?

– Сенің жүзіннен.

– Маған бәрін түсіндір, – деді табанды кейіп танытып.

Бұл Естердің көзі терезеде, құлағы жолда талай арманшыл қызға күйеу тауып бере алған әрі ондаған бақытсыз үйдің есігін қымсынбай аша білген Естер бола білуі үшін ешқашан барлық нәрсені айтпауы керектігін түсіне алмайтындай дертті еді.

– Шекуренің бұрынғы күйеуінің бауыры Хасан, – дедім. – Үйлеріне барып (үйлерің дегеніме қуанғанын байқадым), Шевкетке әкесінің соғыстан қайтып келе жатқанын, екінті уақытында үйге келетінін, үйде шешесінің, балалардың жоқ екенін көрсе ренжитінін айтыпты. Шевкет шешесіне бұл жаңалықты айтқанымен, Шекуре сақтық танытса керек, қандай да бір шешім

қабылдамапты. Екінтіге қарай Шевкет үйден қашып, ағасы Хасан мен атасының қасына барып, паналапты.

– Сен мұның бәрін қайдан біліп алдың?

– Хасанның соңғы екі жыл бойы Шекурені бұрынғы үйіне қайтару үшін түрлі амал-айла жасап жүргенін Шекуре саған айтпады ма? Біраз уақыт Хасанның Шекуреге жазған хаттарын мен тасыдым.

– Шекуре оған жауап берді ме?

– Ыстамбулдың әр түрлі қатындарын білемін, – дедім мақтанышпен. – Шекуре сияқты босағасына, күйеуіне адал, арлы әйелді кездестірмегем.

– Қазір күйеуі менмін ғой.

Үнінде мені үнемі мұңайтатын еркектің сенімсіздігі бар еді. Шекуре қай жаққа өтсе, қарсы жақ бордай тоза бастайды.

– Шевкеттің әкесін күтіп алу үшін үйге келгенін, шешесінің сенімсіз неке бойынша тұрмысқа шыққан жалған күйеу, өгей әкеге байланысты бақытсыз екенін, кері қайтпайтынын бір қағазға жазып маған берді Хасан. «Шекуреге апарып бер» деді.

– Шекуре не істеді?!

– Түнімен байғұс Орхан екеуі сені күтті.

– Хайрие ше?

– Хайрие сенің сұлу келіншегінді бір қасық суға болса да түншықтыру үшін талай жыл ыңғайлы сәт күтіп жүр. Марқұм Жезденің қойнына сол үшін кіретін. Шекуренің түнді қанішер мен аруақтан қорқып, көз ілмей таңды атырғанын көрген Хасан менен Шекуреге тағы бір хат жіберді.

– Не жазыпты?

– Аллаға шүкір, бұл Естер қара танымайды да, ашулы мырзалар, ызақор әкелер осы сауалды қойған

кезде былай дейді: «Мен хатты емес, хатты оқыған сұлу қыздың бетін ғана оқи аламын».

– Не оқыдың?!

– Шарасы таусылғанын.

Біраз уақыт сөйлескен жоқпыз. Шағын ғана грек шіркеуінің қабырғасына қонақтап, түнді күткен байғызды көрдім. Киіміме және дорбама қарап күлген махалланың боқмұрын балаларын көрдім. Інір түсіп, түн жақындап қалды деп зираттардан шығып, үсті-басын қасып, көшелерге қарай беттеген қаңғыбас иттерді көрдім.

– Ақырын жүрші! – деп айқайладым Қараға сәлден соң. – Мен сен сияқты өрге жылдам шыға алмаймын. Қолымда мына дорба бар, мені қайда апара жатырсын?

– Сені әлгі Хасанның үйіне апарардан бұрын дорбаңды ашқызып, құпия сақтаған сүйіктілері үшін гүлді орамал, жібек шәлі, күміс өрнекті әмиян сатып алатын жомарт жігіттерге апарамын.

Өзінің бейшара халіне қарамастан Қараның әзіл айтуы жақсы еді, бірақ әзілінен дереу шындық көрдім: «Жасақ жинайтын болсаң, сені Хасанның үйіне ешқашан апармаймын, – дедім. – Төбелес пен ұрыс-керісті суқаным сүймейді».

– Сен баяғыдағы ақылды Естер болсаң төбелес те, ұрыс-керіс те болмайды, – деді.

Ақсарайдан өтіп, кері қарай Ланга бақшаларына қарай апаратын жолға түстік. Балшықты жолдың шетінде, бір кездері күн шуағы мол бол болған махаллада, әлі ашық тұрған шаштараз дүкеніне кірді Қара. Балғын жүзді, әдемі білегі бар бозбала ұстап тұрған майшамның жарығымен бір адамның сақал-шашын алып

жатқан шаштаразбен сөйлескенін көрдім. Көп өтпей шаштараз, сымбатты шәкірті мен тағы екі адамды ертіп алып, Ақсарайда бізге келіп қосылды. Қолдарында қылыштар, балталар бар еді. Шехзадебашындағы үйық көшелердің біріне кеудемсоқ болып көріну еш жараса қоймайтын медресе шәкірті де қолына қылыш ұстап, біздің қатарымызға қосылды.

– Қала ішінде тал түсте үйге басып кіресіңдер ме? – дедім.

– Күндіз емес, түнде, – деді Қара өзінше әзілге айналдырып.

– «Бір топ адам жинап алдым» деп өзіңе сонша сенімді болма, – дедім. – Мұндай қару-жарақ асынып, алшаңдап жүргендеріңді көрмесін янычарлар.

– Ешкім көрмейді.

– Кеше ерзұрымдық адамдар алдымен бір шарапхананы, содан соң Сағыркапыдағы Джеррахи тәккесіне шабуыл жасап, ондағылардың барлығын сабап кетіпті. Басына таяқ тиген бір қария өліпті. Су қараңғыда сендерді солар екен деп қалуы мүмкін жұрт.

– Марқұм Зариф Ефендінің үйіне барыпсың. Алла разы болсын, әйелінің қолынан сиясы жайылып кеткен әлгі аттардың суретін көріпсің, оның Шекуреге айтыпсың. Зариф Ефенді осы ерзұрымдық уағызшының адамдарымен жиі араласқан дейді ғой.

– Ол үйде сөз аңдыған болам, байғұс Шекуреме бір пайдасы тисін дегендігімнен еді, – дедім. – Онсыз да Флоренция кемесінен жаңадан түскен маталарды көрсетуге барған едім. Әйтпесе сендердің саяси һәм шариғи мәселелеріңде менің не шаруам бар?!

– Естер ханым, сен өте ақылды адамсың!

– Олай болса, саған мынаны айтайын: Бұл ерзұрымдық уағызшының адамдары бұдан бетер құтырып, талай адамның азабына себепші болады, солардан қорқамын.

Чаршыкапының артқы жағындағы көшеге кіргенде жүрегім қорқыныштан тулап кетті. Талшын мен тұт ағаштарының жаланаш һәм су болған бұтақтары толмаған айдың солғын сәулесімен шағылысып, жарқырап тұр еді. Жындар мен мыстандар үрлеген бір жел дорбамның ауыз бауларын пырылдатып, ағаштар ысқырып, тобымыздың иісін махалланың тоскауылда жатқан иттеріне жеткізді. Олардың бірлі-жарымы үре бастағанда Қараға үйді көрсеттім. Қараңғы қабырғасына, терезелерінің сыртындағы ысырмаларға бір сәт үнсіз көз тастадық. Қара адамдарын үйдің айналасына, ие бақшаға, аула қақпасының екі жағына және артқы жақтағы інжір ағаштарының ішіне орналастырды.

– Осы маңайда оңбаған татар қайыршы бар, – дедім. – Сокыр неме, бірақ көшеге кірген-шыққан, келген-кеткенді ауыл басынан да жақсы біледі. Падишаның ұятсыз маймылдары сияқты үнемі өз ұлы мүшесін өзі укалап қандырады. Қолдарыңды тигізбестен сегіз-тоғыз акче берсеңдер, бәрін айтып береді.

Алыстан Қараның оған алдымен акша беріп, одан қылышын кеңірдегіне тақап татарды қыспаққа алғанын бақыладым... Содан соң қалай болғанын білмеймін, үйді бақылап тұрған шығар деген шаштараздың шәкірті балтасының сабымен татарды ұра бастады. Қазір тоқтайтын шығар деп біраз қарағам, бірақ татар жылап отыр еді. Жүгіріп бардым, өлтірместен бұрын татарды арашалап алдым.

– Анамды боқтады, – деді шаштараздың шәкірті.

– Хасан үйде жоқ дейді, – деді Қара. – Соқырдың айтқаны шын ба? Маған сол жерде жазған хатты ұсынды.

– Мынаны ал да үйге апар Хасанға, ол жоқ болса әкесіне бер, – деді.

– Шекуреге неге жазбадың, – дедім хатты алып жатып.

– Оған жеке хат жазам, бұл жағдай үйдегі еркектерді тіптен ашуландырып, арандатқан болады, – деді Қара. – Оған әкесін өлтірген қанішерді тапқанымды айтам.

– Шын ба?

– Сен айтсаң болды ғой, өзгесінде шаруаң қанша?!

Жылап отырған татарға ұрсып, үнін өшірдім.

– Саған қандай жақсылық жасағанымды ұмытпа, – дедім, әрі әңгімені созбақтау арқылы осы жерден кеткім келмегенін де түсіндім.

Осы іске не үшін араластым екен? Еждірниекапыда екі жыл бұрын бір боқшашы[1] әйелді сөз байласқан қыз өзге біреуге тұрмысқа шыққаны үшін әу бастағы еркек құлақтарын кесіп, өлтіріп кетіпті. Нағашы әжем түріктердің көбіне себепсізден-себепсіз адам өлтіре салатынын айтатын-ды. Несімімнің қазір үйде ішіп отырған жасымық көжесі көз алдыма келді. Алға басқан аяқтарым кері кетсе де, үйде Шекуреніц бар екенін ойлап қойдым да, солай қарай жүрдім. Әуестік те іштей түртпектеп, тынышымды алып барады.

– Боқшашымын. Мерекелік киім үшін Қытайдан әкелінген жібегім бар.

---

[1]*Боқшашы* – қоржын тасушы, боқша көтеріп жүретін, ұсақ саудагер.

Қақпаның саңылауынан түсіп тұрған сарғылтым сәуленің қимылдағанын сездім. Қақпа ашылды. Хасанның биязы әкесі екен, үйге кіргізді. Үй байлардың үйлеріндей жып-жылы еді. Май шамның жарығында, дастархан басында балаларымен бірге отырған Шекуре мені көрген бетте орнынан тұрды.

– Шекуре, – дедім, – Күйеуің келді!

– Қайсысы?

– Жаңасы, – дедім. – Қарулы адамдарын ертіп келіп, үйді коршап алды. Хасанмен төбелесуге даяр тұр.

– Хасан үйде жоқ, – деді биязы қайын атасы.

– Ойбой, – дедім. «Мынаны сен ал да, оқы, қанекей» деп Падишаның қатаң талабын естірткен маңғаз елшідей болып Қараның хатын бердім.

Биязы қайын ата хатты оқып тұрғанда, – Естер, – деді Шекуре, – кел, саған жасымық көжесін берейін, жылынып ал!

– Ұнатпаймын оны, – дедім алдымен. Бұл үйді өз шаңырағындай көріп, жақын тарта сөйлегенін ұната қойғам жоқ. Бірақ менімен оңашаланғысы келетінін аңғарған соң, қасықты алдым да артынан ердім.

– Барлығының Шевкеттің кесірінен болғанын Қараға айт, – деп сыбырлады. – Кеше қанішерден қорқып, Орхан екеуміз түнімен көз ілмедік. Орхан түнімен дірілдеп, қорқып шықты. Балаларым бөлініп кетті екі жаққа! Қай ана баласынан айырылғысы келеді?! Қара үйге оралмаған соң, Падишамыздың азаптаушыларының оны сөйлеткенін, әкемнің өліміне оның да қатысы бар екенін жеткізді біреулер.

– Әкең өлтірілгенде ол сенің қасында емес пе еді?

– Естер, – деді мөлдіреген қара көздерін төңкеріп, – маған жәрдемдесші, өтінемін.

Мұнда неге қайтып келгеніңді айт, алдымен түсіндіріп сені, содан соң көмектесемін.

Неге қайтып келгенімді өзім де түсініп отырмынмісің? – деді. Бір сәт жылайтындай сынай байқатты. Қара Шевкетімді сабады – деді. – Хасан балалардың нағыз әкесі қайтып келгенін айтқанда, оған сендім.

Бірақ жанарынан оның өтірік айтып отырғанын аңғардым, ол менің бұл жайтты біліп отырғанымды да түсінді. «Хасанға алдандым!» – деп сыбырлады, әрі бұл әрекетінен Хасанды сүйетінін менің түсінгенімді қалайтынын сездім. Алайда Қараға тұрмысқа шыққаны үшін ғана Хасанды көбірек ойлай бастағанын Шекуреніңөзі түсініп отыр ма?

Есік ашылып, ішке қолына оттан жаңа түсірген хош иісті нан ұстап Хайрие кірді. Мені көрген сәтте қуана қоймаған жүзінен Жезде мырзаның өлімі арқылы Шекуреге осынау бейшара күннің лақтыруға да, сатуға да келмес мирас болып қалғанын байқадым. Бөлмеге әкелінген жаңа піскен нанды алып Шекуре балаларға қарай бұрылған кезде нағыз ақиқатты аңғардым: Өздеріңіңнағыз әкелері болса да, Хасан болса да, Қара болса да Шекуренің іздеп, таба алмай жүргені өзі сүйген бір күйеу емес, қорыққаннан көздері бақырайып отырған мына балалар жақсы көре алатын әке еді, оны табу өте қиын болатын. Шекуре жақсы күйеулердің барлығын жақсы ниеттері үшін сүюге әзір еді.

– Таппай жүрген нәрсеңді жүрегіңмен іздеп жүрсің, – дедім еш ойланбастан. – Ал іс жүзінде сен оны ақылыңмен іздеуге тиіс едің.

– Қараға қазір осы балалармен бірге қайта барамын, – деді. – Бірақ шартым бар!

Біраз үнсіз қалды.

– Шевкет пен Орханға тиіспейді. Мен осында келіп, паналағаным үшін айыптап, есеп сұрамайды. Әрі үйленген кезіміздегі шарттарға (ол өзі біледі оларды) мойынсұнады. Мені кеше түнде қанішердің, Хасан мен қорқыныштың алдында жалғыз тастап кетті ол.

– Әкенді өлтірген адамды әзірге таппаған екен, бірақ саған тапқанын айтуымды өтінді.

– Оған барайын ба?

Мен жауап бергенше қолындағы хатты оқып бітірген бұрынғы қайын атасы: – Қара Челебиге айт! – деді. – Мен ұлым жоқ кезде келінімді оған кері қайтарудың жауапкершілігін мойныма алмаймын.

– Қай ұлың? – дедім қыжыртпалықпен, бірақ үнім жұмсақ шықты.

– Хасан, – деді. Биязы, кішпейіл адам болғандығынан ба, ұялып қалып еді. – Үлкен балам Парсы өлкесінен қайтып келе жатыр екен, көргендер, куәлар бар.

– Хасан қайда? – дедім. Шекуре берген көжеден екі қасық ұрттадым.

– Кеден бөліміндегі хатшыларды, хамалдарды, адамдарды жинап келуге кетті, – деді өтірік айта алмайтын әрі алаңғасар адамның бала бейнесімен. – Кешегі ерзұрымдықтардың бұзақылығынан кейін бүгін түнде янычарылар да көшеде жүрген шығар.

– Біз оларды көрген жоқпыз, – дедім есікке қарай беттеп. – Соңғы сөзіңіз осы ма?

Қорқыту үшін мұны қайын атаға қарата айтып едім, алайда іс жүзінде бұл сауалды өзіне қарата қойғанымды Шекуре бірден түсінді. Шынымен де ой сан-саққа кетіп, басы қатып жүр ме, жоқ әлде бір сыр жасырып жүр ме, бәлкім, Хасанның адамдар ертіп келуін күтіп

отыр ма? Шын мәнінде Шекуренің біржақты бола алмағанын ұнатқанымды түсіндім де іштей қуандым.

Бізге Қараның керегі жоқ, – деді Шевкет батылдықпен. – Сен де енді қайтып бұл жерге келме, былшыған неме!

– Бірақ сүйікті анаңа ол жақсы көретін шашақты жабындықтарды, гүлдің, құстың суреті бар орамалдарды, сен жақсы көретін көйлектік қызыл маталарды кім әкеледі онда? – дедім де боқшаны бөлменің ортасына тастай салдым. – Қайтып келгенше ашып көріп, қалағандарыңша киіп, таңдағандарыңды тағып, кесіп-пішіп, тігіп алыңдар.

Шығып бара жатқанда мұңайдым: Шекуренің көздеріне де тура қарай алмаған едім. Даланың суығына бойымды үйрете бастағаным сол-ақ еді, батпақты жолда мені Қара тоқтатты, қолында қылышы бар.

– Хасан үйде жоқ, – дедім. – Бәлкім, Шекуренің қайтып келгенін атап өтуге базардан шарап алуға кеткен шығар. Бәлкім, үйдегілер айтқандай адам жинап келетін болар. Олай болса төбелесесіңдер, өйткені ол жынды. Оның үстіне әлгі қызыл қылышын алса тіптен құтырып кетеді.

– Шекуре не деді?

– Қайын атасы болмайды, келінімді бермеймін деді. Бірақ сенің одан емес, Шекуреден қорыққаның дұрыс. Не істерін білмей жүр ол әйел, басы қатып кеткен, әкесі өлтірілгеннен кейін екі күн өткенде бір жағынан қанішерден қорқып, екіншіден Хасанның бопсасынан сескеніп, оның үстіне сен хабар-ошарсыз жоғалып кеткендіктен әлгі үйде қалтырап-дірілдеп екі түней алмайтынын түсінгенідіктен қайтып келіпті осында. Менен сұрасаң жағдай осы. Әкесінің өліміне сенің де

қатысың бар екенін айтыпты біреулер... Алайда Шекуренің бұрынғы күйеуі қайтып келе жатыр деген әңгіме бос сөз. Хасанның өтіріктеріне Шекуре де, қайын атасы да сенген тәрізді... Шекуренің саған қайтып келу ниеті бар, дегенмен біраз шарт қойды.

Қараның көздеріне тіке қарап тұрып шарттарды айтып бердім. Дереу нағыз елшімен сөйлесіп тұрғандай кейіп танытып, маңғаздана қабыл етті.

– Менің де бір шартым бар, – дедім. – Қазір мен үйге қайта барамын. Шекуренің қайын атасы тұрған жақтағы терезенің тақтайларын көрсеттім. Біраздан соң осы терезеге және есікке шабуылдаңдар, тоқпақтаңдар оларды. Мен бақырған кезде тоқтата қойыңдар. Хасан келсе жасқанбастан ұрыса кетіңдер.

Бұл кеңестер «елшіге зауал жоқ» деген сөзге лайық, елші айтатын сөздер емес еді, алайда Естер не істеп жүргенін біледі. «Боқшашы» деп дауыстағаным сол еді, бұл жолы есік дереу ашылды. Бірден қайын атаның алдына бардым.

– Тұтас махалладағылар да, осы жақтың қазысы да, қысқасы, елдің бәрі Шекуренің басы азат болғанын, қайтадан Құран Кәрімге сәйкес тұрмысқа шыққанын біледі – дедім. – Сенің баяғыда сүйегі қурап қалған ұлың тіріліп, сонау Жәннаттан, Хазіреті Мұсаның қасынан шығып қастарыңа келсе де Шекуре азат қазір, сөзі өтпейді. Тұрмыстағы қатынды алып қашып, осында камап қойдыңдар. Қара мұның жазасын қазыдан бұрын, өз адамдарымен бірге тарттыруға келгенін айт деді маған.

– Қате іс бастады, – деді қайын ата биязы үнмен. – Шекурені біз алып қашқан жоқпыз. Мен, құдайға шүкір, осы балалардың атасымын. Хасан – ағасы. Ше-

куре пана тұтар ешкімі қалмаған кезде амал жоқ бізге келді. Қаласа балаларымен бірге қазір-ақ кері қайта алады. Бірақ ұмытпа, бұл жер оның балаларын дүниеге әкеліп, өсірген өз үйі.

Шекуре, – дедім ойланбастан, – әкеңнің үйіне қайтқың келе ме?

Үй деген сөзді естігенде жылай бастады. «Әкем жоқ», – деді. Әлде мен солай қағыс естідім бе? Балалары алдымен етегіне оратылды, одан соң кеудесін құшақтады, бәрі бір-бірін құшақтап жылады. Бұл Естер ақымақ емес. Жылап-сықтау арқылы Шекуре екі жақты да басқарып отырғанын жақсы білемін, дегенмен ол шын жылап еді. Өйткені мен де жылай бастадым. Біраздан соң қарасам Хайрие де жылап тұр екен.

Үйде жыламаған жалғыз кісі көкшіл көзді қайын атасы еді, ал Қара мен адамдары сол сәтте есік-терезеге шабуылдай бастады. Терезе тақтайларын тоқпақтап, есікті тепкілей бастады олар, екі адам есікті итеріп, үрғылап жатыр, әр соққыдан үйдің ішінде зеңбірек оғы түскендей дүңкілдеген дыбыс естіледі.

– Сен көпті көрген, тәжірибелі, жақсы адамсың, – дедім көз жасымнан қуат алып. Қайын атасына: – Есікті ашып, Шекуренің шығатынын айт, сырттағы құтырған иттер тоқтасын.

– Үйінді паналаған жесір әйелді, оның үстіне келініңді сен көшеге шығарып, мына иттерге қалдырар ма едің?

– Өзі де кеткісі келеді, – дедім. Жылаудың кесірінен бітіп қалған мұрнымды көкшіл орамалыммен сүрттім.

– Олай болса, есікті өзі ашып кете берсін, – деді.

Шекуренің, балаларының қасына отырдым. Есікті ашпақ болып жанталасып жатқандардың қорқынышты

айқай-шуы көз жасымызды көлдетуге тіптен жақсы сылтау болды. Балалар тіптен қатты жылай бастады, бұл менің де, Шекуренің де көз жасымызды көлдей қылды. Алайда екеуміз де үйді қиратып кетердей боған тоқпақтардың, даладағы айғайдың есебін жасап, уақыт ұту үшін жылап отырғанымызды білетін едік.

– Сұлу Шекурем, – дедім. – Қайын атаң рұқсат берді, күйеуің Қара барлық шарттарыңды бірден қабыл алды, сені махаббатпен күтіп тұр, бұл үйде сенің кеңді шаруаң жоқ. Сырт киімінді ки, перденді тақ, қоржыныңды, балаларыңды ал да есікті аш, ақырындап үйімізге қайталық.

Бұл айтқандарым балаларды тіптен қатты жылатты. Шекуренің көзін ашты.

– Хасаннан қорқамын, – деді. – Кегі жаман болады. Тұрпайы неме ол. Себебі, осында өзім келіп едім.

– Бұл жағдай сенің жаңа отбасылық өмірінді аяқтамайды, – дедім. – Амалың қалмаған екен, сөз жоқ бір жерді паналайсың. Күйеуің болған жағдайларды кешірді, сені қабыл алады. Хасанды бәлен жыл қалай алаканымызда ойнатсақ, осы жолы да дегенімізге көндіреміз.

Оған күлімсірей қарадым.

– Бірақ есікті мен ашпаймын, – деді. – Олай жасасам өз еркіммен кері қайтқан боламын.

– Жаным Шекурем, мен де есікті аша алмаймын, – дедім. – Сен де білесің, олай жасасам ерлі-зайыптының арасына түскен боламын. Менен мұның өшін тіптен жаман алады.

Оның менімен келіскенін көздерінен ұқтым. – Олай болса есікті ешкім аша алмайды, – деді. – Құрысын бәрі, есікті бұзып кіріп, бізді күшпен әкетсінші одан да.

Бұл Шекуре мен балалары үшін ең тиімді шешім екенін бірден түсіндім де қорқып кеттім.

– Бірақ ондай жағдайда қан төгіледі, – дедім. – Бұл іске қазы араласпаса, қан араласады, қан төгілсе дауламай жылдарға созылып кетеді. Ар-намысын таптатпай өмір сүргісі келген әрбір адам есігі бұзылып, үйін басып, ішіндегі әйелді біреу алып кетсе қарап қалмайды, барын салады.

Жөні түзу жауап берудің орнына балаларын құшақтап, бар күшімен жылай бастағанда мына Шекуренің қаншалықты айлакер әрі есебіне мығым екеніне тағы да көз жеткізіп, іштей өкіндім. Ішкі дүниемнен жеткен бір үн бәрін тастап, кетуге үгіттеді, бірақ сыртқы сырттағылар сындырып жіберердей тоқпақтап жатқан есікке мен жақындай алмайтын едім. Шын мәнінде далада ғылардың есікті бұзып кіруінен де, бұза алмай қалатындығынан да қорқып тұрмын. Өйткені маған сенген әрі батыл қимылдаудан сескенген Қараның қасындағы адамдарды кез келген уақытта кері шегіндіре алатынын, бұл жағдай қайын атаны батылдандыра түсуі мүмкін екені ойыма орала берді. Шекуреге жақындағанымда оның өтірік жылап тұрғанын түсіндім, бірақ ең жаманы, ол ешкім қайталай алмайтындай кейіпте дірілдеп тұр еді.

Есікке жақындап бар дауысыммен айқайладым: «Тоқтатыңдар, жетер енді!»

Сырттағы әрекеттер де, іштегі жылап-сықтау да бір сәтте басыла қалды.

– Анасы, есікті Орхан ашсын, – дедім аяқ асты келген шабытпен әрі баламен сөйлесіп тұрғандай тәтті үнмен. – Оның үйіне қайтқысы келеді, ешкім оған ренжімес.

Мен сөзімді аяқтағанша Орхан анасының құшағынан босап, осы үйде ұзақ жылдар бойы өмір сүрген адамша алдымен ілгекті, одан соң белдік тақтайды, кейін шынжырды алып есіктен екі адым кері шегінді. Өздігінен ашылған есіктің саңылауынан ішке даланың салқын ауасы кірді. Бәріміз үнсіз қалдық, айнала тыптыныш, алыстан жалқау иттің ырымға бола үргенін естідік. Шекуре өзінің құшағына қайтып келген Орханды сүйген кезде:

– Хасан ағама айтамын, – деді Шевкет.

Шекуренің орнынан тұрып камзолын қолына алғанын, сырт киімін әзірлей бастағанын көргенде рахаттанып қалдым, бірақ күліп қоюдан сескендім. Отырып, жасымық көжесінен екі-үш қасық ішіп алдым.

Қара үйдің есігіне жақындамай, ақылмен әрекет жасады. Бір сәт Шевкет ішінен ілгек салып, марқұм әкесінің бөлмесіне кіріп алған кезде оны көмекке шақырдық, бірақ Қара табалдырықтан да аттамады, қасындағы адамдарды да ішке кіргізбеді. Анасы Хасан ағасының сабына жақут орнатылған қанжарын алуға рұқсат берген соң Шевкет те үйден шығуға көнді.

– Хасаннан, оның қызыл қылышынан қорқыңдар, – деді қайын ата жеңіліс тапқан әрі кек қайтаруға бел буған адамның кейпінде. Немерелерін бір-бірден құшақтап, шаштарынан иіскеді. Шекуренің құлағына бірдеңе сыбырлады.

Үйдің есігіне, қабырғасына, ошағына асығыстықпен соңғы рет қарағанымда осы жердің Шекуренің алғашқы күйеуімен бірге өміріндегі ең бақытты жылдарын өткізген мекен екенін қайта есіме алдым. Қазір бұл үйдің бақытсыз әрі жалғызбасты қос еркектің баспанасы екендігін, өлім иісі шығып тұрғанын Шекуре көрді ме?

Көңілімді қалдырғаны үшін қайтар жолда оған жақындамадым.

Екі жетім бала ерткен біреуі күн, біреуі еврей, тағы біреуі жесір үш қатынды, бізді қайтар жолда бір-бірімізге жақындата түскен нәрсе түннің суығы мен қараңғылығы емес, бөтен махаллалар мен тар көшелер, Хасанның қорқынышы еді. Қараның адамдары қорғаған тобымыз тура асыл тастар мен қымбат дүниелер артқан керуендей болып айналма жолдармен, құс ұшпас, керуен жүрмес шеткі махаллалармен жүрді де, күзетшілерге, янычарыларға, көп дүниеге әуес көше сотқарларына, қарақшыларға, Хасанға кездесіп қалмаудың бар амалын жасап бақты. Көзге түрткісіз қараңғыда бір-бірімізге және қабырғаларға соқтығысып жолды әрең таптық. Мыстандар, жындар, жер астынан шығатын шайтандарды бізді қараңғыда шап беріп ұстап, ұрлап кететіндей болып бір-бірімізді құшақтап алдық. Қолдарымызбен сипалап сезінген қабырғалардың, жатық терезе қақпақтарының арғы жағынан түн жарымда қорылдап, түшкіріп-пысқырып ұйықтап жатқандар мен қорадағы хайуандардың пысылын естідік.

Ең кедей, ең жұпыны аудандар, яғни көшпелілер мен түрлі-түрлі бақытсыз халықтардың өкілдері тұрақтаған махаллаларды есептемегенде. Ыстамбулдың барлық көшелерін кезген мен, Естер, қараңғыда бітіп бермейтін бірқатар көшелерден жаңылсам да, кейде күндіз боқшамды көтеріп, жүріп өткен көшелерді таныпта коямын. Терзибашы көшесінің қабырғаларын, Нұруллах Хожа бақшасына тиіп тұрған қорадан жеткен қидың иісін, Жанбазар көшесіндегі өрттің орындарын, Доганжылар өткелі мен алдымызға шыққан алаңқайына қарап Көр Хажы шүбегін таныдым да

Шекуренің марқұм әкесінің үйіне емес, мен білмейтін басқа бағытқа кетіп бара жатқанымызды түсіндім.

Ашуға мінгенде не жасайтыны белгісіз Хасаннан және әлгі ібіліс қанішерден отбасын сақтағысы келген Қараның паналайтын басқа жер тапқанын бірден түсіндім. Ол жердің қайда екенін білсем қазір сендерге, Хасанға да ертеңінде таңертең айтып берер едім. Жаман ниетімнен емес, Шекуренің Хасанды тағы да қызықтырғысы келетіндігіне сенімді болғаным үшін. Бірақ ақылды Қара іс жүзінде маған ешқашан сенбейді. Онысы дұрыс та болды.

Түтқын базарының арғы жағындағы қараңғы көшеде жүріп келе жатқан едік, көшенің келесі басынан айқай-шу, шыңғырған дауыс естілді. Итіс-тартыс, балта мен қылыш, сойылдар бір-біріне тиіп, төбелес басталғанда естілетін шақыр-шұқыр мен соққы тигенде шығатын ойбайды бірден таныдым. Қорқып кеттік.

Қара өзінің үлкен қылышын сенімді адамына берді, Шевкеттің қолындағы қанжарды тартып алып, оны жылатты. Шекуре, Хайрие мен балаларды шаштараздың шәкіртіне, тағы екі адамға ертіп алыстатып жіберді. Медреседен келген бозбаланың мені тура үйіме жеткізіп салатынын айтты, мені әлгілермен бірге қалдырмады. Бір кездейсоқтық па, жоқ әлде паналайтын орындарын менен айлакерлікпен жасырған түрі ме бұл?

Кесіп өтуге тиіс болған тар көшенің бас жағында кофехана екені жұртқа мәлім болған дүкен бар еді. Қылыштасу басталмай жатып-ақ аяқталған тәрізді. Бақырып-шақырып, ішке кіріп-шыққан топ (алдымен тонап жатқан шығар деп ойлағам) кофехананың быт-шытын шығарып жатыр екен. Кеселерді, табақтарды, құмыраларды, өзге де ыдыстарды біз сияқты оқиғаны

тамашалап тұрғандардың қолындағы алаулардың жарығында тыска алып шығады да, одан соң көз алдымызда сындырып, талқандап жатыр. Бұл оспадарларды тоқтатуға тырысқан біреуді біраз сабады, бірақ ол біраздан соң құтылып кетті. Бастапқыда олардың мәселесі тек өздері айтып жүргендей тек кофеге қатысты шығар деп ойлағанмын. Кофенің зиянын, көзді, асқазанды қалай бұзатынын, миды улап, адамды иманнан шығартынын, қандай франк уы екендігін, әдемі әйелдің кейпіне енген шайтан өзіне ұсынған кезде Хазіреті Мұхаммед қалай кофеден бас тартқанын айтып жатыр. Тура тәрбие үйлерінің түнгі қызықтарындай көрінді әрі үйге келген соң: «Бұл уды көп ішпеші», – деп Несімімді азғырармын деп ойладым.

Айналарда сүрбойдақтар паналайтын бөлмелер мен арзан мейманханалар көп болғандықтан, еріккен, қалаға қашып-пысып кіріп алған, қырық құрау топтың оқиғаны тамашалау үшін жиналып қалғаны кофе дүшпандарын тіптен жігерлендіріп жібергендей. Сол сәтте олардың атақты уағызшы ерзұрымдық Нұсрет Хожаның адамдары екенін түсіндім. Ыстамбулдағы шарап пен жезөкшелер ұясын, кофеханаларды тазалап, Хазіреті Мұхаммедтің жолынан шыққандарды, тәккеге жиналып, музыка тартып, би билегендерді жазаламақшы екен. Дін дүшпандарын, шайтанмен одақтасқандарды, пұтқа табынатындарды, дінсіздерді және сурет салатындарды жамандап, сөкті. Бұл кофехананың қабырғаларына сурет ілініп, дін мен ерзұрымдық Хожаға тіл тигізілетін, әдепсіздік жасалатын кофехана екені сол кезде есіме түсті.

Бет-аузын қан жуып кеткен бір кофешінің шәкірті шықты іштен, жерге құлап түсетін шығар деп ойлағам,

бірақ ол көйлегінің жеңімен маңдайындағы, бетіндегі қанды сүртті де арамызға кіріп кетіп, әлгі шабуылды тамашалай бастады. Топ сескеніп аздап шегінген еді. Қараның топ ішінде біреуді көргенін, бір сәт не істерін білмей қалғанын аңғардым. Янычарылардың немесе қолдарына таяқ, сойыл алған өзге топтың келе жатқанын ерзұрымдықтардың тез-тез жинала бастағанынан-ақ бірден сездім. Алаулар сөндіріліп, топ бір-біріне араласып кетті.

Қара менің білегімнен ұстап медресе шәкіртінің артынан жіберді.

– Қысқа көшелермен, төте жолдармен жүріңдер, – деді. – Сені үйіне апарып тастайды. Медреселік бозбала да ертерек жылыстап кетуді қалап тұрған тәрізді, жүгіре басып алыстап кеттік. Бар ойым Қарада еді, бірақ бұл оқиғалардан шет қалса, Естер хикаяның жалғасын сендерге айтып бере алмайды ғой.

54. Мен – әйелмін

«Мәддах, сен бұл жалғанда барлық нәрсені қайталап, олардың кейпіне ене аласың, бірақ қатын бола алмайсың!» дейтін көрінеді. Мен бұған қарсы уәж айтамын. Иә, қаладан-қалаға барып, түн ортасына дейін тойларда, сауық кештерде, кофеханаларда дауысымыз қарлыққанша әр нәрсені қайталап, түрлі кейіпке еніп, әңгіме айтып жүргенімде үйлену бұйырмады маған. Бірақ бұл біз әйел қауымын мүлдем білмейміз дегенді аңғартпауы керек.

Әйелдерді өте жақсы танимын, тіпті төрт әйелмен тікелей кездесіп, жүздерін көріп, сөйлескенім бар.

Бұлар: 1. Марқұм шешем 2. Сүйікті апайым 3. Мені үнемі сабайтын жеңгем (ағамның әйелі, ол мені көрген бетте: «бөлмеден шық!» деп қуып жіберетін, оған алғаш рет ғашық болдым) 4. Саяхаттап жүргенімде Конияда, ашық тұрған терезелердің бірінен көрген әйел. Онымен ешқашан сөйлеспесем де жылдар бойы, тіпті өлі күнге оған құмартамын, нәпсім қозып тұрады. Бәлкім, ол ендігі өліп те қалған шығар.

Беті ашық әйел көру, онымен сөйлесу, оның адами халімен таныс болу біздердің, еркектердің бойында бір жағынан құмарлықты оятса, екінші жағынан рухани азапқа жол ашатындықтан дініміздің әмірі бойынша әйел затын, әсіресе сұлуларын некелеспей тұрып көрмеген жөн. Нәпсі, құмарлық сезімдерді амалсыз қанағаттандыру үшін әйел затын жоқтатпайтындай сымбатты бозбалалармен достасу жалғыз амал саналады әрі кейін мұның өзі дағдыға айналады. Франк қалаларында әйелдердің тек беті-жүзі ғана емес, қолаң шаштарын, мойындары мен білектерін, әдемі алқымдарын, тіпті жүрттың айтып жүргені рас болса, тоқ балтырлары мен аяқтарын жарқыратып, жүрттың көзінше емін-еркін қыдыруы еркек атаулының ұлы мүшелерін ұдайы қоздырып, олардың жүріс-тұрысын өзгерткені жамағатты, қауымды кемтар қылса керек. Франк кәпірлерінің Османлыдан үнемі женіліп, күн сайын бір қамалынан айырылып жатуының себебі осында.

Сұлу әйелдерден бойды аулақ салып, оңаша өмір сүру жанымның қуанышы мен тыныштығы үшін ең дұрыс жол екенін осылайша жас кезімде-ақ түсінгеннен кейін қатын-қалашқа әуес болып, оларды қызықтайтынмын. Ол кезде шешем мен апайымнан басқа әйел көрмегендігімнен әуестігім есірткідей есімді

алып, тұла бойым шымырлап, олардың не сезінетінін тек олар жасаған істерді жасап, жегендерін жеп, сөздері мен болмыстарын қайталап, киімдерін кию арқылы ғана басымнан өткізіп, сезіне алатынымды түсіндім. Осылайша жұма күні әке-шешем, ағам, апайым, қысқасы үйдегілердің бәрі атамның Фахренг жағалауындағы гүл бақшасына кететін болғанда, «ауырып тұрмын» дедім де үйде қалдым.

– Жүр, қырда иттерді, ағаштарды, аттарды көріп, оларды қайталап бізді күлдіресің. Үйде жалғыз өзің не істейсің? – деді марқұм шешем.

– «Сенің киімдеріңді киіп, әйел боламын, анашым», – дей алмаймын ғой, әрине. – Ішім ауырып тұр, – дедім.

– Сылтауратпа, – деді әкем. – Бізбен бірге жүр, барған соң күресеміз.

Енді сендерге, нақышкер және хуснихатшы бауырларыма, әлгілер кеткен соң марқұм шешем мен апайымның іш киімдері мен көйлек-көншегін кигенімде не сезінгенімді, қатын болудың сол күні мен түсінген сырларын айтып берейін. Алдымен мынаны айтайын: коптеген кітаптардан оқығандарымызға, уағыздардан естігендерімізге мүлдем кереғар нәрсе бар мұнда, олай айтып жүргендей әйел заты өзін ешқашан шайтан ретінде сезінбейді.

Керісінше, марқұм шешемнің гүл кестелі жүн дамбалын кигенімде бойыма жақсылық жайылды, өзімді ол кісі сияқты кірпияз адамдай сезіндім. Апайымның өзі киюге қимай жүрген жасыл жібек көйлегі жаланаш тәніме тигенде ішкі әлемімде жаһандағы бар балаға, тіпті өзіме де сүйіспеншілік оянды. Күллі әлемге арнап тамақ пісіріп, баршаны емізгім келген-ді. Омырауым

болса қандай сезімде болар едім деп, біраз жайды түсінгендей болған соң, нағыз қызыққаным басқа дүние еді, омырауы үлкен әйел болу қандай сезім деп кеудеме біраз нәрсе (шұлық, байпақ, алжапқыш) тығып, үлкейген кеудемді көргенде өзімді шайтандай маңғаз сезіндім. Еркек атаулы көленкемді көргеннің өзінде көздерін сүзіп артымыздан еретінін, емшегіміздің үрпісін ауыздарына салу үшін жалбарынып, жанталасатындығын түсінген бойда өзімнің құдіретімді сезіндім, бірақ мен күшті болуды қалаймын ба? Ақылымнан адастым. Бір жағынан, күшті, құдіретті болғым келеді, екіншіден, өзім ешқашан танымайтын, бай, қуатты һәм ақылды бір еркек мені есінен тана сүйіп, ғашық болса деймін, сөйте тұра одан қорқамын. Шешемнің жасауымен келген сандықтың түбіндегі жапырақ кестеленген орамалдың қасында жатқан хош иісті шұлықтардың ішіне жасырған алтын білезіктерін тағып, моншадан қайтқанда бетін қызарту үшін қолданылатын қызғылт опаны жағып, апайымның шырша түстеме камзолын киіп, сол рендегі пердені тағып, шаштарымды жинап, седеп жақтаулы айнаға қарап, өзімді көргенде тіксініп қалдым. Қол тигізбесем де көздерім мен кірпіктерім әйелдің жанарына, кірпіктеріне айналып кетіпті. Тек көздерім мен бетім ғана көрі-ніп тұр, дегенмен мен өте сұлу айел екенмін әрі бұл жағдай мені қуанышқа бөледі. Мұны менен бұрын аңғарып қойса керек, ұлы мүшем тікірейіп алыпты. Ал бұл жағдай іштей күйзелткені рас.

Әдемі көзімнен тамып түскен бір тамшы жастың төмен қарай сырғуын қолымдағы айнадан көріп тұрдым әрі сол сәтте көңіл түкпірінен бір өлең туған-ды, оны ешқашан ұмытпақ емеспін. Себебі, сол сәтте Ұлық

Алла берген шабытпен сол өлеңді бір мақамға салып, ән сияқты айта бастағам, осылайша дертімді ұмытуға тырыстым.

Дейді маған екіңдай жүрегім:
Шығыста болсам батысты,
Батыста болсам шығысты тілеймін.
Өзгесі келіп, О, құдай,
Еркек болсам ұрғашы, қатын болсам еркек болам
деп тілейді.
Адам болу қиын-ақ, адамша өмір одан да,
Алдыммен де, артыммен, шығыспен де, батыспен
Ләззат алуды тілейді.

Көңілімнен шыққан әнді айтқанымды ерзұрымдық бауырларымыз естімесін, қатты ашуланады дегім келген. Неге қорқуым керек? Бәлкім, ашуланбайтын да шығар, өйткені мұның бәрін қауесет, өсек-аяң үшін айтып отырғам жоқ, бірақ әлгі атақты уағызшы Хұсірет Ефенді үйленген адам екен, алайда тура сендер, нәзік жанды нақышкерлер сияқты сымбатты бозбалаларды әйелдерден де артық жақсы көреді екен, маған жеткен әңгіме осы. Бірақ мен оны онсыз да суқаным сүймейтіндіктен оған онша мән бермеймін, өзі қәрі, тістен жұрдай әрі онымен жақын болған бозбалалардың айтуынша аузынан күлімсі, кешіріңдер, аюдың көтіндей иіс шығатын көрінеді.

Жақсы. Аузымды жауып, негізгі әңгімеге көшейін. Өзімнің хас сұлу екеніме көзім жеткен беттен, киім-кешек, ыдыс-аяқ жууды, күңдер сияқты көшеге шығуды қаламадым. Кедейлік, көз жастары мен бақытсыздық, айнаға қарап мұңаю, жылау мен қасірет – сұрықсыз

қатындардың ісі. Мені алақанында аялайтын күйеу табуым керек, бірақ ол кім?

Осылайша марқұм әкем ұсақ-түйек сансыз сылтаумен үйге шақыратын паша балаларына, бекзадаларға қабырғадағы тесіктен сығалай қарайтынды шығардым. Жағдайым барлық нақышкерлер ғашық болған, екі балалы, шиедей ерінді, жұртқа танымал әйелдің жағдайына ұқсаса деймін. Дұрысы, сендерге байғұс Шекуренің хикаясын айтып берейін. Бірақ тоқтаңдар, уәдем бар еді ғой, сәрсенбі күні мына оқиғаны айтып беруге тиіс едім.

Шайтанның әйелге айтқызған ғашықтық хикаясы

Негізі қарапайым ғана әңгіме. Ыстамбулымыздың кедейлеу махаллаларының бірі Кемерүстінде болған оқиға бұл. Махалланың бетке ұстарларының бірі Челеби Ахмет Уасыф пашаға қызметкер болып еңбек еткен, ешкімде қақ-соғы жоқ, үйленген, екі баласы бар, бейуаз адам еді. Бір күні ол ашық тұрған терезеден қара шашты, қара көзді, ұзын бойлы, аққұба өңді босниялық сұлуды көреді де, есі кете ғашық болып қалады. Ал әлгі сұлу бұл кезде түрмыс құрған, Челебиде ешқандай көңілі жоқ, сымбатты күйеуін сүйетін жан екен. Осылайша байғұс Челеби дертін ешкімге айта алмай, ғашықтықтың есі кетіп, Ұрымнан шарап алып ішеді, алайда ақыр соңында сезімін махалла тұрғындарынан жасыра алмайтын халге жетеді. Ал олар болса махаббат хикаяларына тамсанатындықтан әрі Челебиді де құрметтейтіндіктен бастапқыда оның ғашықтығына сыйластықпен қарап, оның қылығын байқамаған сынай танытады. Бірақ шарасыздықтан

ақылынан адаса бастаған Челеби әр кеште мас болып, аққуба сұлу күйеуімен тату-тәтті өмір сүріп жатқан үйдің есігінің алдына отырып, ағыл-тегіл жылайтынды шығарыпты. Бұл жұрттың бәрін қорқытса керек. Кеш түссе болды қасірет тартқан ғашық жылағанда жұрт не оны сабап тастай алмайды, не жұбата алмайды. Челеби де ешкімге тіл тигізбестен жылай береді екен. Уақыт өте келе оның шарасыздығы, қасіреті тұтас махаллаға тарап, сіңе бастайды да баршаның мұңы мен қасіретіне айналады, берекелерін кетіреді, сөйтіп тоқтаусыз ағып жататын бастау, бұлақ сияқты ол да қайғы-дерттің қайнарына айналады. Алдымен қасірет сөзі, одан соң бақытсыздың әңгімелері, кейін берекесіздік ойлары махалалға жайылып, жұрт оларды қабылдап, сіңіре береді. Біреулер басқа жаққа көшіп кетеді, тағы бірінің жұмысының ию-қиюы қашады, біреудің шабыты тежеліп, өнері нашарлайды. Махалла бірте-бірте босай бастайды да, күндердің күнінде Челеби әйелін, балаларын алып басқа жерге көшіп кетеді. Осылайша аққуба сұлу күйеуімен бірге жеке қалған көрінеді. Өзі себепші болған жамандық махаббаттарын суытып, араларын алыстатып жіберіпті. Өмірлерінің соңына дейін бірге ғұмыр кешіпті, бірақ бақытты бола алмаған екен.

Махаббат пен әйелдердің қаншалықты қауіпті екенін түсіндіретіндіктен бұл хикаяны қатты жақсы көремін демекші болғанмын, ойбой ұмытып кетіппін ғой, қазір мен әйел болғандықтан басқа нәрсе айтуым керек еді ғой. Жарайды, былай дейін:

– Махаббат, неткен керемет едің! Бірақ есіктен кіріп келе жатқан бөтен адамдар кімдер?

55. Мені Көбелек деп атайды

Жиналған топты көргенде ерзұрымдықтардың біз-ніц өзілқой нақышкерлерді өлтіріп жатқанын бірден ліцгардым.

Қара да шабуылды тамашалап тұрған топтың ішін-ie еді. Қолында қанжар, жанында жүрген бейтаныс бірнеше адамды, атақты бокшашы Естер мен бірнеше қатын-қалашты да байқадым. Кофеханадан шығып жатқандарды аяусыз ұрып-соғып, кофенің жан-жаққа шашылып, заттардың қиратылып жатқанын көргенде қашып кеткім келді. Сол сәтте тағы бір топ, шамасы ынычарылар болуы керек, жақындап қалған-ды. Өзге топты көрген ерзұрымдықтар қолдарындағы алау-тарын сөндіріп, қаша бастады.

Кофехананың қараңғы есігінде ешкім жоқ еді, бәйқап тұрған біреу де көзге түспеген. Ішке кірдім. Ай-наланың бәрі быт-шыт болыпты, табақ, кесе, құмыра мен әйнек сынықтары сықырлап аяқ астында жатыр. Қабырғада биіктеу қағылған шегеге ілінген шам осы бәйқай-шу мен апалаң-топалаңға қарамастан сөнбепті, бірақ сәулесі кофехананың қираған ішіне, үстелдері-не, бөлшектелген тақтай сынықтарына емес төбедегі ыстың ізіне түсіп тұрған-ды.

Орындықтар мен төсеніштерді бірінің үстіне қойып, шамды алдым. Жарығын түсіріп, жердегі мүрделерді кордім. Бет-аузын қан жуып кеткеніне көзім түскенде, одан әрі қарай алмай, өзгесіне үңілемін. Бір адамның кеудесінде әлі жан бар екен, ыңырсып жатыр, шамның жарығын түсіргенімде баланың дауысындай үн шығар-ды, кері қарай ыршып түстім.

Ішке тағы бір адам кірді. Әу баста сескеніп қалғаныммен, Қара екенін бірден сездім. Жерде жатқан үшінші мүрдеге бірге үңілдік. Бетіне шамды жақындатқанымызда екеуміз де қауіптенген дүниемізді көрдік. Әңгімеші-қиссагерді өлтіріп кетіпті.

Әйелге ұқсатып боялған бетінде қан ізі жоқ, бірақ жағы, көзі, қызылға боялған еріндері кәдімгідей езіліп кетіпті, мойыны көгеріп қалыпты, шамасы қылқындырған болса керек. Қолдары екі жағында артына қарай қайырылып жатыр. Біреу қатын киімін киген шалдың екі қолын қайырып ұстап тұрғанда, өзгелері арқасынан, ішінен ұрып сабағанын, содан соң буындырып тастағанын аңғару қиын емес еді. «Уағызшы Хожа Ефендіні жамандап, сыртынан қайдағыны айтқан мынаның тілін суырып алыңдар!» – деп жасады ма бұл істі?

– Шамды алып келші, – деді Қара. Ошақтың қасында, төгілген кофе түйіршіктерінің ішінде сынып қалған кофе диірменіне, електерге, таразы мен кесе сынықтарына қолымдағы шамның жарығын түсірткізді. Әңгімешінің әр кеште сурет ілетін бұрышта Қара шамның жарығымен өлген адамның қойын-қонышын, белбеуін, ышқырын, дорбасын тінтіп жатыр еді. Бар ойы суреттерде екенін айтты, жүзіме қолымнан алған шамның жарығын түсіріп. Иә, сөз жоқ, екі суретті достығымыз үшін сызып бергенмін. Маркұмның таптақыр қылып шашын қырғызған басынан түспейтін Парсы үлгісіндегі такиясын ғана таптық.

Тар қуыс арқылы артқы есіктен ешкімге көрінбей тысқа шығып, түн қойнына сүңгідік. Шабуыл кезінде іштегі топ пен нақышкерлер осы есіктен шығып, қашып кеткен болуы керек, бірақ төңкерілген құмыра-

лар, ыдыстар, кофе салынған қаптардың домаланып жатуы бұл жерде де төбелес болғанын көрсетіп тұр.

Кофеханаға жасалған шабуыл, шебер әңгімеші-мәддахтың аяусыздықпен өлтірілуі, түннің көзге түрткісіз қараңғылығы Қара екеумізді бір-бірімізге жақындата түсті. Арамыздағы үнсіздік те содан шығар, бәлкім. Екі көшеден өттік, Қара қолындағы шамды ұстап жүруге маған берді, содан соң қанжарын шығарып алқымыма тақады.

– Сенің үйіне барамыз, – деді. – Ол жерді тінтіп шығуым керек, ішкі дүнием тынышталсын.

– Онсыз да тінткен, – дедім де үнсіз қалдым.

Өзімді кембағал сезіндім, ашуланған жоқпын. Мен туралы айтылып жүрген қисынсыз өсек-аяңға сенгені Қараның қатардағы қызғаншақтардың бірі екенін көсетіп тұрған жоқ па? Қанжарын да сенімді ұстап тұрған жоқ.

Үйім, кофехананың артқы есігінен шығып, біз жүріп өткен көшенің қарсы беті еді. Сондықтан топтарға кезігіп қалмау үшін махаллалар арасында көшелермен бірде оңға, бірде солға бұрылып, дымқыл әрі жалғыз ағаштардың күлімсі иісі мұңкіген бақшалардан өтіп, ұзақ айналма жол жасадық. Айналып өткен кофехананың маңайындағы айқай-шу басылмады, Көшелерде ерзұрымдықтар мен олардың ізіне түскен янычарлардың, махалла күзетшілерінің, жастардың жүгірісіп жүргені естіледі. Жолдың жартысынан өтіп бір жерге келгенде:

– Екі күн бойы Осман ұстазбен біге қазына бөлмесінде бұрынғы шеберлердің ғажайыптарын қарап жатырмыз, – деді Қара.

Ештеңе дегем жоқ, біраздан соң: – Осы жастан кейін Бекзатпен бірге бір күрсіге отырса да, – деп бақырып жібердім, – көргендері тек көзін қуантады, рухына тыныштық пен албырттық береді, бірақ өнерін байытпайды. Өйткені нақыш көзбен емес, қолмен жасалады, ал Осман ұстаздың жасындағы адамның қолы түгіл, менің жасымда да әрең үйренеді бұл істі.

Мені күтіп отырғанына әбден көзім жететін сұлу әйелім жалғыз емес екенімді аңғарып, Қарамен кездеспесін деп дауыстап сөйлегем, әйтпесе қолында қанжары бар, өзіне сенген осы бейшараны менсінбеу үшін айтқан жоқпын әлгі сөзді.

Аула қақпасынан өтіп бара жатқанда үйдің ішінде қозғалған шам жарығын көргендей болғам, алайда енді міне, шүкір үй іші тас қараңғы екен. Бар уақытым мен күндерімді Алланың естеліктерін іздеп, нақыш жасаумен өткізгенде, жанарларым талып шаршағанда жаһанның сұлуы жарыммен сүйіскен жұмақ шаңырағыма қолына қанжар ұстаған хайуанның мәжбүрлеп кіргізуі маған жасалған зорлық еді. Қарадан кек алуға серт бердім өзіме.

Қағаздарыма, аяқтап алған бір бетке (қарыздарын қайтара алмай тұтқындалып, одан құтылу үшін Падишаға жалбарынып, одан сыйлық алған тұтқындардың суреті еді) бояуларыма, күрсілеріме, пышақтарыма, мақталарыма, қылқаламдарыма, жазу тақтайшаларымның маңайындағы әр нәрсеге, қайтадан қағаздарыма, қалам ұштағыштарыма, құтыларыма, сандығыма, қобдишама, жастықтардың, төсеніштердің астына, қайшыларыма, кілемнің астына дейін шамның жарығын түсіріп қарап, шықты. Қанжарын суырып, өз айтқандай үйімді емес, нақыш жасайтын бөлмені тінтіп

жүр еді. Жасырғым келген нәрсені дәл қазір әйелім сығалап тұрған бөлмеге сақтай алмас па едім?

– Жездем даярлатып жатқан кітаптың соңғы бір суреті бар екен, – деді. – Оны өлтірген адам сол суретті үрлап кетіпті.

– Өзгеше еді, – дедім бірден. – Бір бұрышына да маған ағаштың суретін салғызбақшы болған маркұм Жездің. Артқы жақтағы бір жерге... Ортада һәм алда біреудің суреті болуы тиіс еді, шамасы Падишамыздың жүзі болуы керек. Ең үлкен бөліктері даяр еді, бірақ нақышы жасалмаған болатын. Франктар жасайтын бұл суретте артқы жақта тұрған заттар кішірейетіндіктен ағашты кіп-кішкентай етіп салуымды талап еткен. Суретті жақындатсаң, картинаға емес, терезеден дүниеге қарап тұрғандай көрініс беретін. Франктардың перспевтика стилімен жасалған картинаның, жиектері мен тәзхибінің терезедегі жақтаудың орнын басатынын сол сәтте түсінгенмін.

– Жақтау мен тәзхибті Зариф Ефенді жасап жатқан еді. – Мұны сұрайтын болсаңыз, оны өлтірмегенімді айтқанмын сізге.

– Өлтірсе де өлтіргенін айтпайды адам, – деді асығыс-тықпен әрі кофеханаға шабуыл жасалғанда ол жерде не істеп жүргенімді сұрады.

Шамды отырған жастықшаның қасына, қағаздарымның, нақыш жасалған беттерге жарық түсіретіндей етіп орналастырыпты. Өзі болса бөлменің ішінде, қараңғыда елес тәрізді кезіп жүр.

Сендерге айтпаған нәрселерімді, іс жүзінде кофе ішуге сирек баратынымды, ол жерден кездейсоқ өтіп бара жатқанымды айтудан басқа, қабырғаға ілінген суреттердің екі данасын жасағанымды, бірақ кофеханада

болып жататын оқиғаларды ұната қоймайтынымды айттым.

– Өйткені, – дедім, – нақыш өз қуатын нақышкердің өнерінен, нақышқа деген махаббатынан және Аллаға қауышу тілегінен емес, омірдегі жамандықтарды, оңбағандықтарды азайту әрі жазалау тілегінен алса, ақыр соңында өз-өзін төмендетіп, жазаландырған болады. Кемсіткендері мейілі ерзұрымдықтар, мейілі шайтанның тап өзі болса да солай. Оның үстіне сол кофеханада ерзұрымдықтарға тіл тигізбеген болса, бәлкім, осы түндегі оқиғалар да болмас па еді, кім білсін?!

– Сонда да ол жерге барып тұратын едің ғой, – деді оңбаған.

– Баратынмын, өйткені онда көңіл көтеретін едім. Шынымды айтқанымды түсінді ме бұл?

– Біз адамзат баласы, ожданымызбен, ақылымызбен бір нәрсенің жиіркеніштi әрі қате екенін біле тұра содан ләззат аламыз кейде, – деп қосып қойдым.

– Сол арзанкол суреттерден, көшірмелерден, арсыздықпен, мақсатсыз, мүддесіз, ар-ұятты аттап, анайы түрде айтылған шайтан, ақша, ит хикаяларынан ләззат алатындығынан ұяламын.

– Олай болса не үшін барып жүрдің имансыздар ұясына, кофеханаға?

– Жақсы, – дедім көңіл түпкірінен жеткен бір үнмен. – кейде менің де ішімді жегі құрттай кеміретін шүбә болады, соны айтайын: Менің өзгелерге қарағанда дарынды, өнерпаз нақышкер екенімді Осман ұстаз қана емес, Падишамыз да мойындаған соң, айналамдағылардың іштарлығынан қорқа бастадым, олар мені өлтірмесін деп олар барған жерге барып, олармен қоян-қолтық араластым, оларға ұқсауға да тырыстым.

Түсіндің бе енді? Менің ерзұрымдық екенімді айта бастағаннан кейін бұл қауесетке ешкім сенбесін біліп, баратынмын әлгі имансыздар кофеханасына.

– Осман ұстаз сен көп нәрсені өзіннің өнерің мен қабілетің үшін кешірім сұрағандай жасайтыныңды айтқан.

– Ол кісі басқа не деді?

– Нақыш үшін өмірдің қызығынан баз кешкеніне, адамдар илансын деп күріш дәніне, тырнаққа кішкентай, ақылға қонымсыз суреттер салғаныңды, Алланың берген өнерінен ұялғаның үшін үнемі айналадағыларға ұнауға тырысатыныңды айтты.

– Осман ұстаз Бекзаттың мәртебесіне жеткен адам, – дедім шын көңілмен. – Басқа?!

– Кемшіліктеріңді де айтты, – деді оңбаған.

– Кемшіліктерім не екен сонда?

– Өнерің болғанымен нақышты махаббатпен емес, жұрттың көзіне түсу үшін жасайтыныңды айтты. Нақыш жасап отырғанда сені қуантатын нәрсе суретке қараған адамдардың алатын ләззатын елестету екен, ал іс жүзінде болса нақыш жасауды өзіңді рахаттандыруы тиіс еді.

Өмірін нақышқа емес, атқосшылыққа, хат тасушылыққа әрі жағымпаздыққа арнаған адамға Осман ұстазым мен туралы ойларын осылайша жайып салуы жүрегімді жаралады. Қара сөзін әрмен қарай жалғастырды:

– Бұрынғы шеберлер тұтас ғұмырларын арнап қол жеткізген стиль мен тәсілдерден жаңа шахтың күш-қуаты мен қаһарына, жаңа шахзаданың сауықшыл мінездеріне немесе заманның түрлі өзгерістеріне қарамастан ешқашан бас тартпағанын, стиль мен тәсіл-

дерді өзгертуге мәжбүрленбеу үшін өздерін өздері ерлікпен соқыр қылатынын айтты. Олай болса қазір Падишамыздың тілегі сол деген сылтаумен сендер менің Жездемнің кітабына арналған беттер үшін салған суреттеріңде франк шеберлерін қуана, арсыздықпен қайталапсыңдар!

– Ұлы ұстаз, Бас нақышкер – Османның арам ойы болған жоқ, – дедім. – Қонағыма лайм жемісін қайнатып берейін.

Келесі бөлмеге өттім. Жұбайым үстіне қоржыншы Естерден алған, қытай жібегінен тоқылған жатын киімін киіп, күтіп тұр екен, бірден құшақтай кетті.

– Қонағыма лайм қайнатайын, – деп мені қайталады да, бірден ұлы мүшемді ұстай алды.

Салынып тұрған төсегіміздің қасындағы аласа шкафтың ішінде, раушан иісі сіңген көрпелердің арасынан сабына ақық тас орнатылған қылышымды алдым да, қынынан суырдым. Өткірлігі сонша, жүзін аспанға қаратып, үстіне жібек орамал тастап жіберсең, оны екіге бөліп түсіреді, алтындалған парақтар тастасаң, сызғышпен өлшенгендей теп-тегіс болып тілініп түседі.

Қылышымды жасыра ұстап, бөлмеме қайта ораддым. Қара мырза мені тергегеніне іштей разы болып тұрғаны сонша, қолындағы қанжарын ара тұра шеберлікпен үйіріп, қызыл төсеніштi айналып жүр екен. Төсеніштің үстіне жартылай нақышы жасалған бет қойдым да: «Мынаған қара», – дедім. Әуестік жеңіп, үніле қалды, түсінуге тырысты.

Артқы жағына өттім, қылышымды шығарып жолбарыстай атылып, ту сыртынан жабыса кеттім. Жығылып қалды. Қанжары да ұшып кетіпті. Шашынан ұстап, басын жерге тұқыртып, қылыштың жүзін кеңір-

дегіне тақадым. Қараның сидиған арықтау денесін ірі кеудеммен басып, тырп еткізбедім, басын тұқыртып алқымы қылыш жүзіне тиердей етіп ұстадым. Бір қолым кір сасыған шашында болса, келесі қолым қылыштың қылпылдаған жүзін кеңірдектің жұмсақ етіне тіреді. Бүйра-бүйра шашына, өзге бір жағдай болса шапалақпен тартып жібергің келіп тұратын жағына, жиіркеніштi құлақтарына осыншама жақын болу әбден ашуландырып, жүйкеме тиіп жатыр.

– Сені осы жерде өлтіріп тастау түк емес, өзімді-өзім әрең тежеп тұрмын, – деп сыр айтқандай құлағына сыбырладым.

Тәртіпті балалардай үн қатпастан мені тыңдауы ұнады.

– Аңызды Шахнамадан білесің, – деп сыбырладым. – Әкелері Феридун шах қателік жасап, мемлекетін үшке бөлгенде ең нашар өлкелерді үлкен екі ұлына, ең тамаша мекен Иранды кенже ұлы Иречке еншіге береді. Кек алғысы келген Түр іштарлықпен кенже інісі Иречті алдап қолға түсіреді де кеңірдегін орып жібererден бұрын тура дәл қазір менің істегенімдей шашынан ұстайды, мен сияқты тұтас денесімен інісінің үстінен басып жатып алады.

– Денемнің ауырлығын сезіп жатырсың ба?

Жауап бермеді, бірақ құрбандыққа шалынатын қойлардың көздеріндей ежірейе қараған жанарынан тыңдап жатқанын ұқтым, мұның өзі мені шабыттандырып жіберді: «Тек суретте ғана емес, қылышты тіреп бас кесуде де Парсы стилі мен тәсілдеріне адалмын мен. Жұрт жақсы көретін осы мәжілістің басқа бір түрін Шах Сияуыштың өлімін косрсететін суреттерден байқаған шығарсың».

Үнсіз мені тыңдап жатқан Қараға өш алмақ болып келген бауырларына Сияуыштың қалай дайындалғанын, сарайларын, мал-мүлкін қалай өртегенін, әйелімен қоштасып, атына мініп жасағының алдында майданға аттанганын, оліккс толы майдан даласының шаң-тозаңында жаулары оны қалай шашынан сүйрегенін, тура қазіргідей момақан кейіпте жатып, алқымына қанжар тақалғанын әрі аңызға айналған шахтың осындай халде жатып-ақ дұшпандарының өзара оны өлтірсек пе, кешірсек пе деп қалай дауласқанын естігенінін әңгімелеп бердім де құрбандығыма сауал қойдым:

– Ол суретті жақсы көресің бе? – дедім.

– Жерде жатқан Сияуыш мен сияқты ту сыртынан бас салып, кеңірдегіне қылыш тіреген Геруйдің қолынан дәл осылай шашы үйпа-түйпа болып жатқан күйінде бауыздалады. Біраздан соң ағатын қызыл қан алдымен топырақта қара түтін шығарады, содан соң сол жерден бір гүл өсіп шығады.

Біраз уақыт үндеген жоқпын. Алыста бақырып-шақырып жүгіріп жүрген ерзұрымдықтардың дыбыстарын тыңдадық. Тыстағы зорлық-зомбылық пен айқай-шу жерде бір-біріміздің үстімізде жатқан екеумізді тіптен жақындата түскен тәрізді.

– Бірақ сол суреттерде, – дедім, Қараның уысындағы шашын одан әрмен қыса түсіп, – біз сияқты денелері бір-біріне тиіп, жабысып жатқан әрі бір-бірін иттің етінен жек көретін екі адамды сырбаздықпен сызып шығудың қиындығы сезіледі. Бас кесілген сол бір сиқырлы һәм тамаша сәттен бұрынғы сатқындық, қызғаншақтық пен соғыстардың төңіректі жалмаған дауылы сол суретке артығымен сіңгендей көрінеді.

Казвиннің ең ұлы шеберлері де бірінің үстінде бірі жатқан қос еркектің суретін саларда қиналады, әр нәрсені бір-бірімен араластырып жібереді. Олай болса дәл қазір екеуміз бір-бірімізбен біте қайнасып, мейлінше сырбаз кейіпте жатырмыз.

– Қылыш кесіп барады, – деп ыңырсыды.

– Айтқаныңа рахмет, жаным, бірақ кескен жоқ. Сақтықты ұмытқам жоқ, біздің осы халімізді өзгертетіндей ештеңе жасамаймын. Бұрынғы ұлы шеберлер барлық махаббат, өлім мен соғыс мәжілістерінде бір-бірімен айқасып қалған денелерді бір ғана кеудедей етіп сызғанда біздің көзімізден жас парлатуды да білетін. Бері қара: Басым желкеңе сенің өз дененнің бір бөлшегіндей болып иіліп тұр. Шашың мен желкеңнің иісін сезіп тұрмын. Аяқтарым сенің сирақтарыңның екі жағына әдемі үйлесіммен созылып жатыр, мұны көрген көз бізді төрт аяқты ерекше хайуан екен деп те қалуы мүмкін. Арқаңа батқан салмағымды, сол салмақтың тепе-теңдігін сезіндің бе?

Тағы да үнсіздік. Бірақ қылышты қатты батырмадым, қанатып кетуі мүмін.

– Ештеңе айтпасаң мына құлағыңды шайнап тастаймын, – дедім сыбырлап.

Көздерінен оның бірдеңе айтуға даяр екенін көрген соң бастапқы сұрақты қайта қойдым: – Арқаңа батқан салмағымды, сол салмақтың тепе-теңдігін сезіндің бе?

– Иә.

– Жақсы ма екен? – дедім, – Біз әдеміміз бе? – Біз бұрынғы шеберлердің таңғажайып туындыларындағы бір-бірін сырбаздана өлтіретін әпсана қаһармандар тәрізді әдеміміз бе?

– Білмеймін, – деді Қара. – Айнаға қарағам жоқ!

Келесі бөлмеден отырып, қуыс-тесіктен бізді сығалап, бақылап отырған әйелімнің көз алдында біздің қандай кейіпте екенімізді елестеттім де алабұртып, Қараның құлағын шынымен де тістеп аламын ба деп қорықтым.

– Үйіме, киелі мекеніме қанжармен кіріп, мені тергеген Қара мырза, – дедім. – Енді үстіндегі менің күшімді сезіндің бе?

– Сенің ісің жөн екенін сезіп жатырмын.

– Енді сен қой сауалдарыңды. Қалағаныңды қой.

– Маған Осман ұстаздың сені қалай аймалағанын айтып берші?

– Шәкірт кезімде, мен қазіргідей емес, арық, сидиған әрі сымбатты кезімде тура қазір мен сенің үстінде қалай жатсам, солай үстіме шығып алатын. Қолдарымды сипайтын, кейде жанымды да азаптайтын, бірақ оның біліміне, өнеріне әрі күшіне қайран қалып, тамсанып жүретін едім де, оның бұл істері маған ұнайтын. Жамандық ойламайтынмын, өйткені оны сүйетін едім. Осман ұстазды сүю – мен үшін нақыш жасауды, түстерді, қаламды, суреттің әдемілігін, сызылған әр нәрсені, осылайша әлем мен Алланы сүюге ашылған жол еді. Осман ұстаз мен үшін әкемнен де қымбат.

– Көп ұрушы ма еді?

– Әкенің баласын әділдікпен әрі орынды ұрып жіберетініндей, ұстаздың ұрып-соғуы да тәніңді ауыртып, жазалау арқылы бірдеңе үйретуді көздейді, сондықтан таяқтап тұратын. Бүгін тырнақтарымды сызғышпен ұрғандағы ауырған сәттер мен қорқыныштың нәтижесінде көп дүниені тез арада әрі жақсы үйреніп алғанымды ұқтым. Шәкірт кезімде шашымнан ұстап, басымды қабырғаға соқпасын деп суретте бояуды

артық шығармай, алтын суын босқа қолданбай, аттың шашасын жадымда тоқып, сызғышының қатесін жасырып, қылқаламдарымды уақытында тазалап, барлық ынта-шынтамды салынатын суретке арнауды үйрендім. Өнерім мен шеберлігім үшін жеген таяқтарыма қарыздармын, сондықтан қазір шәкірттерімді рахаттана сабаймын. Тіпті қиянатпен, әділетсіздікпен тиген таяқтың өзі шәкіртті мұқалтпаса, күндердің күнінде жеген таяқтың өзі балаға пайдалы болатынын білемін.

– Бірақ сонда да әдемі жүзді, көзі күлімдеген, періште мінезді шәкіртті өзіннің ішкі ләззатың үшін сабағанда артық кететініңді Осман ұстаздың да сені тура солай таяқтағанын түсінетін шығарсың?

– Кейде мәрмәр мөрімен құлағымның сыртынан салып қалатын кездері болатын, сондай күндері құлағым бірнеше күн бойы ауырып, есімді шығаратын. Кейде беттен шапалақпен тартып жібергеннен кейін бірнеше апта бойы көзімнен жас ағып, бетім дуылдап ауыратын. Бұлардың бәрі есімде, бірақ ұстазымды сүйемін.

– Жоқ, – деді Қара. – Оған ашуланатынсың. Оған кектенгенің сонша, ішкі дүниеңе сыймады, сол себепті өшіңді Жездемнің франктардікіне ұқсаған кітабы үшін нақыш жасаудан алатынсың.

– Нақышкерлерді мүлдем танымайсың сен. Сенің айтқандарың керісінше болса, онда шындық. Бала күнімнен бері одан жеген таяқтары нақышкерді ұстазына өле-өлгенше, терең бір махаббатпен байлап тастайды.

– Иредждің Сияуыштың кеңірдегін, қазір сенің маған істеп отырғаныңдай арт жақтан келіп зұлымдықпен әрі аярлықпен кесуі, бауырлар арасындағы

қызғаныштың кесірі. Бауырлардың қызғанышына Шахнамада әділетсіз әке түрткі болады.

– Дұрыс.

– Сендерді бір-біріңмен жау қылған әділетсіз әкелерің қазір сендерді сатып кетуге даярланып жатыр, – деді аярлықпен. «Ойбай, тоқтат, кесіп барады», – деп ыңырсыды.

Ауырсынып, біраз бақырды.

– Кеңірдегімді кесіп, қанымды құрбандыққа шалған қойдың қанындай суша ағызу бір сәттік іс, – деді. – Бірақ менің айтатындарымды тыңдап алмастан бұрын мұны жасасаң (онсыз да қолыңның қалтырамасына көзім жетеді, ойбай, тоқтат), жылдар бойы менің не айтпақ болғанымды ойлаумен өтесің. Қылышыңды сәл босат.

Босаттым.

– Бала кездеріңнен бері әр адымдарыңды, әрбір тыныстарыңды бақылап, Алланың сыйы болған қабілеттеріңді мәпелеп, баптап көктем гүліндей ашылған өнерге айналғанын қуана тамашалаған Осман ұстаз қазір сендермен бірге тұтас өмірін өткізген нақышханасы мен стилін қорғау үшін сендерден теріс айналды.

– Стиль дегеннің қаншалықты жиіркеніштi нәрсе екенін түсінсін деп саған Зариф Ефендіні жерлеген күні үш мысал айтқам.

– Олар нақышкердің стилі жөнінде еді, – деді Қара. – Осман ұстаз болса нақышхананың стилін қорғамақшы.

Зариф Ефендіні және Жездені өлтірген оңбағанның табылуы мәселесін Падишаның қалай назарда ұстап отырғанын, бұл мақсат үшін оларға Ендерун қазынасының қақпасын да ашқанын, Осман ұстаз

бұл ыңғайлы сәтті Жезденің кітабын құртып, өзіне сатқындық жасап, франк шеберлерін стильдерін қайталауды бастағандарды жазалау үшін қолданатынын ұзын-сонар етіп, әңгімеледі. Танауы кесілген ат стилінің кесірінен Зәйтуннен күмәнданатынын, бірақ Бас нақышкер ретінде қылмыскер деп таныған үшін Ләйлекті жендеттердің қолына тапсыратынын айтты. Қылыш үстінде шындықты айтып жатқанын сезіп, хикаясына баладай берілгені үшін оны сүйіп алғым келді. Өйткені естігендерімнен қорыққан жоқпын: Ләйлектің қатардан шығып қалуы Осман ұстаздың өлімінен кейін (Алла кешірек берсін) менің бас нақышкер болатынымды меңзеп тұрғандай еді.

Мені алаңдатқан жайт осы айтылғандардың барлығының шындыққа айналуы емес, айналмай қалуы еді. Хикаяның сөздері арасында аңғарған үйлесімсіздік Осман ұстаздың тек Ләйлекті емес мені де құрбан ете алатынын байқатып тұрғандай. Адам сенбес ықтималдықты ойлау ішкі дүниемді алай-дүлей еткенімен емес, бірден әкесіз қалғандай етіп, қорғанышы жоқ, ел-жері жоқ бейшара кейіпке қарай сүйрегендей көрінді маған. Мұны ойлаған сайын Қараның кеңірдегін осып жібергім келді, өзімді ұстадым және бұл тақырыпты Қарамен бірге талқылаудан бойымды аулақ салдым. Жезденің кітабы үшін франк шеберлерінен алған шабытпен бірнеше ақылға қонымсыз суретті сызуымыз бізді неге опасыз қылуы керек? Зариф Ефендінің өлімінің артында Ләйлек пен Зәйтуннің маған қарсы құрған тұзағы да болуы мүмкін, оны да ойладым, содан соң қылышты Қараның алқымынан алдым.

– Бірге Зәйтүнге барайық, оның үйін астан-кестен қылып тінтіп шығайық, – дедім. – Егер соңғы сурет

сонда болса, кімнен қорқуымыз керек екендігін түсінеміз. Жоқ болса, оны өзімізге қосып, күшейіп алып Ләйлектің үйін басамыз.

Маған сенуі керек екендігін, оның қанжары екеумізге жеткілікті екендігін айттым. Бір кесе лайм шырынын бермегенім үшін кешірім сұрадым Қарадан. Кофехананның шамын жерден алып жатқанда, үстіне құлатып жіберген мінберге бір сәт аңтарыла қарадық. Қолыма шамды алып оған жақындадым да кеңірдегіндегі қылыштың жүзінен қалған сызықтың достығымыздың белгісі болатындығын айттым. Ол жерден Қараның бір тамшы қаны да шығыпты.

Көшелерден ерзұрымдықтардың және оларды қуалап жүргендердің шуылы әлі естіліп тұр, бірақ ешкім бізге назар аудармады. Зәйтүннің үйіне тез жеттік. Аула қақпасын тоқпақтадық, есік қақтық, терезелерді де ұрдық. Ешкім жоқ еді, мұншама дыбыс шығардық, іште ұйықтап жатпағаны анық еді. Екеуміздің де ортақ ойымызды Қара айтты.

– Ішке кірейік пе?

Қараның қанжарының ұшымен құлып салынған ілгекті жұлып, одан соң есік саңылауынан қанжарды сұғып, құлыпты сындырдық. Үй ішінен жылдар бойғы сыз, кір мен жалғыздық иісі келді мұрынға. Шамның жарығымен шашылып жатқан төсек көрдік. Төсеніштердің үстіне тасталған белбеулер, желектер, екі сәлде, кеудешелер, Нақышбанди Ниметуллаһ Ефендінің парсыша-түрікше сөздігі, сәлде ілетін кавуклук, шұға мен іс тігуге арналған ине мен жіп, алма қабығына толы қола тегеш, көптеген төсеніш, жастықтар, барқыттан жасалған төсек жапқыш, бояуларын, қылқаламдары мен нақышкердің барлық нақыш құралдарын

көрдік. Жазу тақтайының үстіндегі қағаздарының, ықтиятпен кесілген бума-бума үнді қағазының және нақышы жасалған беттердің арасына кіріп кете жаздадым да, өзімді тежедім.

Қара менен де қатты еленде́п, ұмтылып тұрғаны үшін әрі шебер нақышкердің өзінен өнері мен қабілеті төмен нақышкердің заттарын ақтаруы жақсылық әкелмейтінін білетіндігімнен тежелдім. Зәйтүн жұрт ойлағандай қабілетті емес, бірақ табанды. Өнерінің аздығын бұрынғы ұстаздарды пір тұтумен, соларға қайран қалуымен жасырады. Әйтпесе көне әпсаналар нақышкердің тек қиялын жандандырады, ал нақышты жасайтын тек қол ғана.

Қара кір-қоқ салынатын себеттерді төңкеріп, тұтас ақтарғанға дейін, барлық сандықтарды, құтыларды тінткен кезде мен ештеңеге қолымды тигізбедім. Зәйтүннің Бурсада жасалған орамалдарына, қарағаштан жасалған тарағына, кірлеген монша алжапқыштарына, раушан суы құйылған шыны ыдыстарына, үндістандық орауышына, шапандарына, алды ашық, кірлеген желегіне, қыңыр-қисық қалайы табаққа, табатын табысымен салыстырсақ арзанқол сапалатын заттары мен кілемдеріне көз салып тұр едім. Зәйтүн не өте сараң, ақшасын бір жерге жасырып жүр немесе тапқантаянғанын шаша беретін біреу.

– Тура бір қанішердің үйі, – дедім біраздан соң лепіре сөйлеп. – Жайнамазы да жоқ.

Бірақ ойымдағы жайт бұл емес еді. Ойландым.

– Бақытты болуды білмейтін біреудің заттары, – дедім. Бірақ санамның бір түпкірінде бақытсыздықтың, шайтанға жақын болудың нақышта ісіне жарайтынын да сезіп тұр едім.

– Адам қалай бақытты болуды білгенімен, бақытты бола алмауы мүмкін, – деді Қара.

Бір сандықтың түбінен шығарған, тұрпайылау Самарқан қағазына сызылып, артқы жағына қалың қағаздар жапсырылып, қалыңдатылған бір топ суреттерді қойды алдыма. Сонау Хорасаннан, жер астынан шығып келген сүйкімді шайтан көрдік, бір ағаш, бір сұлу әйел, бір ит пен өзім сызған өлім суретін көрдік. Өлтірілген әңгімешінің әр кеште жексұрын хикая айтқанда қабырғаға ілетін суреттері еді бұлар. Қара сұраған соң өзім салған ажалдың суретін көрсеттім.

– Жездемнің кітабында да тура осы сурет бар, – деді.

Күн сайын кешке қабырғаға ілінетін суретті нақышкерлерге салғызудың ақылға қонымды екендігін әңгімеші де, кофехананың иесі де түсінген-ді. Бізге, нақышкерлерге нашар қағазға асығыс сурет салдыраып алады, хикаясын, нақыш әзілдерін аздап бізге қарай да бағыттайды, біраздан соң өзі ойдан шығарып әңгімесін жалғастыра береді

– Неге Жездемнің кітабы үшін сызған осы өлім суретін оған салып бердің?

– Әңгімеші-қиссагер жеке бір сурет сұраған. Алайда Жезденің кітабына арнап салғандай ынтамен емес, асығыс әрі қолымның дағдысымен сызып бергем. Өзгелер де осылай, бәлкім, әзіл болсын деп, әлгі күпия кітап үшін жасап жүрген суреттерінің тұрпайы әрі ең оңай түрлерін сызатын шығар.

– Атты кім салып еді? – деп сұрады. – Мұрны кесілген.

Шамды жақындатып, аттың суретіне таңдала қарадық. Жездесінің кітабы үшін салынған ат суретіне

ұқсайды, бірақ одан гөрі асығыс, ынтасыз әрі арзанқол сауық-сайран үшін салыпты. Тура біреу нақышкерге аз ақша беріп, асықтырғанымен қоймай, оны қораштау етіп, бәлкім, ұзақ өмір сүретіндей қылып сызуға мәжбүрлеген тәрізді.

– Бұл атты кімнің салғанын Ләйлек біледі, – дедім. – Ол кеудемсоқ неме, нақышкерлердің арасындағы өсек-аяңды естімесе үйқысы қашатындықтан, күн сайын кешке кофеханаға келеді. Бұл атты Ләйлектің салғанына кәміл сенемін.

56. Мені Ләйлек деп атайды

Көбелек пен Қара түн ішінде келіп, суреттерді жерге бір-бірден тізді де, қай суретті кімнің салғанын айтуымды талап етті. Бала күнімізде «сәлде кімдікі» деген ойын ойнаушы едік, соған ұқсайды. Қағаздарға моланың, сарбаздың, қазының, жендеттің, хатшының, қазынашының тақиялары, сәлделері сызылып, басқа қағаздағы аттармен қосуды талап етеді, бірақ заттардың аты көрінбеуі тиіс.

Иттің суретін салғанымды айттым.

– Хикаясын бәріміз оңбағандықпен өлтірген әңгімеші-мәддахқа айтқанмын. Үстіне шамның жарығы түсіп тұрған өлімді қанжарын кеңірдегіме тіреген Көбелектің өзі салған, – дедім. Шайтанды Зәйтүннің шабыттана сызғаны да есімде, ал хикаясын бәлкім, марқұмның өзі айтып берген шығар. Ағаштың суретін салуды мен бастағам, жапырақтарын кофеханаға келген балық нақышкерлер сызған. Хикаясын бәріміз айтқанбыз.

Қызыл да солай: Бір қағазға қызыл бояу тамып кетіпті, сарқ мәддах бұдан табақша кейпін шығаруға бола ма деген-ді. Біз тағы да тамшылаттық қызыл бояуды, кейін барлық нақышкерлер тек суреттің бір бұрышына қырмызы түсті бірдеңе сызумен шектелмеді, салған дүниелерінің хикаяларын айтып берді, ал оны мәддех бірімізге әңгімелеуі тиіс еді. Мына әдемі атты, бәрекелді дейік, Зәйтүн сызған, қасіретті әйелді Көбелек салған болуы керек. Осы кезде Көбелек қанжарын тамағымнан алды да, Қараға сұлу келіншекті өзінің сызғанын, оны енді ғана есіне түсіргенін айтты. Базардағы ақшаны бәріміз, екі дәруішті сөз жоқ, ата-бабасының бірі каландери дәруіші болған Зәйтүн салған. Бұлардың мәзхабы тіленшілікке әрі сымбатты бозбалаларды қойынға алуға ғана байланысты болатындықтан, шейхтары Әухад-уд Дини Кирмани екі жүз елу жыл бұрын бұл істің кітабын жазып, Алланың жамалын сұлу келбеттерден көретіндігін өлеңмен жырлапты.

Шебер нақышкер бауырларым, айып етпендер, үйіміздің осылай шашылып жатқан кезінде үстімізге түстіңдер, сендерге хош иісті кофе де, тәтті тәрәнжі де ұсыпа алмадық, өйткені әйелім жатын бөлмеде ұйықтап жатыр. Айтып отырмын ғой, ынталана ашып, түбіне дейін қопарып, тексерген сандық, себеттердегі шұға, маталардың, үнді жібегінен жасалған жаздық орамалдардың, Парсы бөздерінің арасынан, кілемдердің, төсеніштердің астында және түрлі кітаптарға арналған нақыш беттерінің, томдардың ішінен іздегендерін таба алмаған кезде апыр-топыр жатын бөлмесіне кірмесе деймін, қолымды қанға былғағым келмейді.

Бірақ сонда да олардан қорқып тұрған адам тәрізді әрекет етуден ләззат алғанымды мойындаймын. На-

қышкердің өнері сол сәттің сұлулығына беріліп, әр нәрсенің барлық ұңғыл-шұңғылын салмақты дүние ретінде қабылдауға да, өзіне байсалдылықпен қараған бұл әлемге бір қадам алыстан көз салып, айнадан көріп тұрғандай, әзілдің құнын жоғалтауына да байланысты.

Осылайша олар сұраған соң, иә ерзұрымдықтар шабуылы кезінде әр кеште болатындай, кофеханада бір топ адам болғанымызды, ішінде менімен бірге Зейітун, сызғышшы Насыр, хұснихатшы Жемал, екі орынбасар нақышкер, қазір олармен тонның ішкі бауындай болып жүрген жас нақышкерлер, сұлу жүзді бозбала Рахим, басқа да сымбатты шәкірттер, шайыр, мас, апиыншы және дәруіштер қауымынан алты-жеті кісі мен кофеханашыны алдап, осы айқай-шулы, қуанышты тобырға қосылуға мүмкіндік алған өзге де адамдармен бірге қырық кісі болғанымызды айттым. Шабуыл басталғанда адамдардың қатты сасқанын, кофеханашының маңайына жиналғандардың анайы әңгімелерін қызықтап келген топтың қосақ арасында бос кетпес үшін алдыңғы және артқы есіктерден қаша бастаған кезінде ешкімнің ойына кофені және қатынша киінген қарт мәддахты жігітше қорғау келмегенін де айттым. Осы жағдайға бола мен өкініп, мұңаямын ба? Иә! Тұтас өмірін шын пейілмен нақышқа арнаған мен, мусаууир Мұстафа, өзге атыммен атасақ Ләйлек, әр ақшам нақышкер бауырларыммен бір жерде отырып, әңгіме-дүкен құрып, әзіл-қалжың, астарлы сөздер айтуды, әдемі өлеңдер оқуды дұрыс деп есептеймін. Мұны қызғаныштан іші күйіп тұрған, көзіне жас іркілген, томпақ бет бозбала кейіпті, ақылы қысқа Кобелекке тіке қарап тұрып айттым. Көздері әлі күнге баланікіндей әдемі қалпында сақталған Көбелектерің

шәкірт кезінде әсершіл, аққуба өңді сымбатты бозбала болған-ды.

Осылайша болған біткенді айттым, олар сұраған соң махалла аралап күн көрген қарт мәддахтың нақышкерлер барып жүретін кофеханада тілін безей бастаған екінші күні бір нақышкердің, бәлкім, кофеге мас болғандықтан да шығар, жұрт күлсін деп қабырғаға бір сурет ілгенін, мұны байқаған аузы жеңіл мәддахтың оған қарсы әжуа болсын деп суреттегі иттей сөйлей бастағанын, мұнысы жұртқа ұнаған соң әр кеште шебер нақышкерлер сызған суреттер мен мәддахтың құлағына біреулер сыбырлаған әзілдерді айтатынын да жасырмадым. Ерзұрымдық уағызшы жөніндегі қыжыртпа сөздер уағызшының қаһарынан қорыққан нақышкерлердің көңілін көтергенін, кофеханаға жаңадан көп адамның келуіне себеп болғанын, сол үшін едірнелік кофеханашының оны қолпаштайтын айттым.

Мәддахтың әр кеште артқы жағына іліп қоятын осы суреттерінің Зәйтүн бауырымыздың үйіне басып кіріп, тінткен кезде табылғанын айтып, менің пікірімді сұрады. Оны түсіндіріп жатудың қажет емес екенін, кофеханашының да Зәйтүн тәрізді календери дәруіші, қайыршы, ұры, жабайы, оңбаған екенін айттым. Хожа Ефендінің сөздерінде, әсіресе жұмадағы уағыздарында айтылғандарға құлақ түріп, осында айтылғандарға іштей наразы болып жүретін ақымақтау Зариф Ефенді осы жайттарды ерзұрымдықтарға білдіруге тырысқан дедім. Бәлкім, қойыңдар, олай істемеңдер деп ескерту жасамақшы болғаны үшін кофеханашымен сыбайлас Зәйтүннің байғұс музәххибті қатігездікпен өлтіруі мүмкін екенін де айттым. Бұған кектенген ерзұрымдықтар болса, Зариф Ефенді Жезденің кітабы туралы

өздеріне айтып қойғандықтан болар, өлімге себепкер деп есептегендіктен Жездені өлтірген шығар. ал бүгін оқиға болса кек қайтарудың екінші кезеңі, сөйтіп кофеханаға шабуыл жасады.

Әр қақпақты ашып, әр тастың астын қарудан ләззаттана бастағандықтан, барлық дүниемді астан-кестен еткен Көбелек пен байсалды кейіптегі Қара (ол өзі оруақ сияқты еді) менің айтқандарыма қаншалықты сенеді? Нақышы бар жаңғақ сандықты ашып саптама етігім, сауыттарым мен жорыққа қажет жабдықтарды көргенде Көбелектің баладай кейпінде тағы бір қызғанышқ байқалды, сол сәтте жүрттың бәрі білетін жайтты маңғаздана тағы қайталадым: «Әскермен бірге жорыққа шығып, зеңбіректердің атылғанын, жау қамалдарындағы мұнараларды, кәпір әскерінің түр-түстерін, дария жағасындағы мүрделердің шашылып қалғанын, бас сүйектердің жиналып қалғанын, сауыт киген атты әскердің сап түзеп шабуылға шыққанын көріп, зафернамаларда көргендерінің суретін салған алғашқы мұсылман суретшімін мен!».

Көбелек сауытымды қалай кигенімді көргісі келетінін айтқан соң тартынбастан қара қояннын терісінен жасалған кеудешемді, көйлегімді, дамбалымды шештім. Пештің жарығымен маған таң-тамаша болып қарап тұрғандарына іштей мәз болып, сауыт ішіне киетін ұзын әрі таза дамбалымды кидім, суық күндері сауыттың ішінен киілетін қызыл шұғадан жасалған қалың көйлегімді, байпақтарымды, сары түсті тері етіктерімді кидім. Қабынан алып, кеудеме сауытты кидім, қызметші балаға әмір еткендей әуезбен өтініш жасап, Көбелекке сауыттың бауын арқа жағынан қатты тартқызып, байлаттым, иығыма тағатын көбе шарайнаны да бүй-

рық беріп таққыздым. Білегіме де көбемді тағып, биялайымды киіп, түйе жүнінен тоқылған қылыш бауын тағындым да ең соңында дулығамды киіп тұрып, бұдан кейін соғыс мәжілістерінің бұрынғыдай суреттері салынбайтынын маңғаздана мәлімдедім. «Бұдан кейін бір-біріне қарап сап түзеп тұрған екі түмендегі атты әскерлерді бір қалыптан шыққандай қылып, бірін кері қаратып, бірін тура қаратып сызуға болмайды», – дедім. Бұдан кейін Әли Османиенің нақышханаларында ұрыс мәжілістері мен көрген әрі суретін салған әскерлердің, аттардың, сауыттардың және қан жоса болып, жер құшып жатқан өліктердің бір-бірімен араласып кеткеніндей сызылады!

– Нақышкер өзінің көргенін емес, Алланың көргенін сызады, – деді Көбелек іштарлықпен.

– Иә, – дедім. – Бірақ Ұлық Алла да біздің көретінімізді көріп тұр онсыз да.

– Алла біздің көретін дүниелерімізді сөзсіз көреді, бірақ біз сияқты көрмейді қараған нәрсесін, – деді Көбелек мені мазақ еткендей болып.

– Біздің қайран қалып, бір-біріне араластырып, айқыш-ұйқыш қылып кетерін соғысымызды ол жанынан, бір-біріне қарсы келген, бірақ сапта тұрған қол ретінде көреді.

Жауабым әзір еді: «Аллаға сенейік және оның бізге көрсеткендерінің суретін ғана салайық, көрсетпегендерін емес», – дегім келді, алайда үндемедім. Көбелек мені франк стиліне әуес адам деп айыптап, қанжарының жүзінің сыртымен сауытымды тексерген болып түртіп, дулығаманан, арқамнан аяусыз ұрғаны үшін үнсіз қалғам жоқ. Өз-өзімді ұстап, осынау күлімкөз әумесерді және Қараны өз жағыма шығарсам ғана

Зәйтүннің тұзағынан құтылатынымды ойлап тұрғам сол сәтте.

Жоқтап жүрген заттарын осыннан таба алмайтындықтарын түсінген соң не іздеп жүргендерін де айтты. Оңбаған қанішер ұрлап кеткен бір сурет бар екен... Мен оларға үйімді онсыз да өзгелердің тінтіп кеткенін, бұдан былай әлгі ақылды қанішер (ойымда Зәйтүн тұрды) суретті адам таппас бір жерге жасыратынын айттым, бірақ бұлар қаншалықты түсінді мұны? Танауы кесілген аттың суретін, Падишамыздың Осман ұстазға берген үш күн мұрсаттың аяқталып қалғанын айтты Қара. Танауы кесілген ат суретіне қатысты мен өзімнің қарсылығымды айтқанымда, Қара Осман ұстаздың бұл аттарды сызған адам ретінде Зәйтүннен күмәнданғанын, алайда бірбеткейлігіме байланысты менен шүбәланатындығын көздеріме тіке қарап тұрып, жақсылап айтып берді.

Алғашқыда осында менің қанішер екендігіме сену үшін һәм бұған көз жеткізуге келіпті, бірақ менің ойымша олардың келу себебі тек бұл емес. Жалғызсырағандықтан әрі шарасыздықтан есігімді қақты. Есікті ашқанымда Көбелектің маған бағыттаған қанжары дірілдеп тұр еді. Әрі кім екенін әлі күнге анықтай алмай жүрген қанішер ескі достай күлімсіреп тұрып, қараңғы қуыстардың бірінде алқымдарын орып жіберу мүмкін екендігінен қорқып жүрген-ді; оның үстіне Осман ұстаздың Падишамызбен және Бас қазынашымен келісіп, бұларды азаптаушыларға тапсыратындығынан да сескеніп, үйқылары қашыпты. Сонымен бірге сырттағы ерзұрымдықтар тобы да қатер төндіріп тұр. Осылай көңілдері алай-дүлей болып абыржығандықтан, менің өздеріне дос болуымды қалады. Бірақ

Осман ұстаз бұларға мен туралы мүлдем басқа жайт айтса керек. Енді көңілдерін жайландырып, маған қатысты әңгімелердің керісінше екенін бұларға көрсетуім керек.

Хас шебердің, ұстаздың жаңылғанын, алжи бастағанын айту Көбелекті бірден маған дұшпан етеді. Өйткені, қолындағы қанжармен сауытымды түртіп тұрған көбелек кірпікті сымбатты нақышкердің тұманданған көздерінде өзі жанындай жақсы көретін ұстазға деген махаббаттың солғын жалыны әлі де көрінетін сияқты. Жас кезінде бұл екеуінің, ұстаз бен шәкіртінің жақындығын өзге нақышкерлерді қызғандырып, сан-саққа жүгіртіп әңгіме айтатынбыз, бірақ бұлар құлақтарына да қыстырмайтын, жұрттың көз алдында бір-біріне сүзіле қарап, көз алдымызда бір-бірін ніскеуші еді, кейін Осман ұстаз қаламы жүйрік, бояуларды, түстерді қолдануда ең шебер нақышкер ретінде Көбелекті атайтын. Көбіне шындыққа жанасатын бұл тұжырым қызғаншақ нақышкерлер арасында қалам, қылқалам, сиясауыт пен қалам құтыларын анайы, шайтани астармен әңгіме айтуға және ашық ишарат үшін пайдаланып өсек таратуға жол ашатын. Сондықтан бүгін Осман ұстаз өзінен кейін нақышханаға басшы етіп Көбелекті қойғысы келгенін сезген жан тек мен ғана емеспін. Өзгелерге менің жанжал құмарлығым, адаммен тіл табыса алмайтындығым мен бас асаулығым жайлы әңгіме айтқанда ұлы шебердің ойында бұл идея бұрынан жүретінін түсінетін едім. Менің Зәйтуннен және Көбелектен гөрі франк стильдеріне жақын екендігімді, «көне шеберлер ешқашан бұлай нақыш жасамаушы еді» деп, Падишамыздың жаңа тапсырмаларын орындауға жолатқысы келмейтінін жақсы түсінемін.

Бұл тұрғыда Қарамен жақсы одақтас бола алатынымды білемін. Дегенмен алабұртқан күйеуіміз марқұм Жезденің кітабын бітіруді тек сұлу Шекуренің жүрегін жаулап, әкесінің орнын баса алатындығын көрсету үшін емес, төте жолмен Падишамыздың назарына ілігу үшін де тілеп жүруі мүмкін ғой.

Осылайша, олар күтпеген жерден істің мәнін ұққандай болдым: Жезденің кітабының теңдессіз бір қуанышты керемет екендігін айтып, тақырыпқа кірістік. Осынау таңғажайып дүние Падишамыздың бұйрықтары мен марқұм Жезде мырзаның қалағанындай аяқталған кезде күллі әлем Османлы Падишасының күшіне, байлығына және біздің, шебер нақышкерлердің өнері, шеберлігі мен нәзіктігіне бас шайқаулары керек еді. Бізден, күш-қуатымыз бен қаталдығымыздан бір жағы қорқатын болады, бір жағы уайымдап, күлгенімізге, франк стильдерінен бірдеңелер алғанымызға, көздің жауын алатын түстерімізге, ең нәзік ерекшеліктегі көргенімізге қарап, ең ақылды, зейінді сұлтандардың өзі сирек сезе алатын нәрсені, біздің өзіміз салған сурет ішіндегі әлемнің бір жерінде, әрі өте алыста, көне шеберлердің арасында тұрғанымызды қорқынышпен сезінетін болады.

Көбелек алдымен үстіме кигендерімді шынымен де сауыт па, емес пе дегенді білгісі келген баладай сауытымды ұрып көрді, содан соң кіреукемнің, шарайнамның беріктігін сынағысы келген достай қатты ұра бастады, кейін алдыңғы екі сылтаумен қайтсе де тесіп, жанымды қинағысы келген адамның қызғанышымен ұрды. Іс жүзінде менің өзінен әлдеқайда өнерлі екенімді біледі, тіпті Осман ұстаздың мұны білетінін де сезетін тәрізді Көбелек. Алла берген қабілеттің арқасын-

да теңдессіз шебер болғаным үшін оның іштарлығы маған мақтаныш берді. Мен ол сияқты ұстазымның «қамысынан» ұстап емес, өз қамысымның күшімен шебер болғандығым үшін оның өзіне ұстаз болатынымды мойындата алатынымды сездім.

Дауысымды зорайтып, обалы не керек, Падишамыздың және марқұм Жезденің осынау керемет кітабын құртпақ болғандар бар екенін айттым. Осман ұстаз бәріміздің әкеміз, ұстазымыз еді, барлық нәрсені сол кісіден үйрендік! Бірақ падишамыздың Қазынасына кіріп із кесіп, оңбаған қанішердің Зәйтүн екенін білгеннен кейін, оны біз білмейтін себеппен жасыруға тырысты. Үйінде жоқ болса Зәйтүннің Фенеркапы маңайындағы календари тәккесінде жасырынып отырғанына кәміл сенетінімді айттым. Анайылық пен көргенсіздіктің ұясы болған бұл тәккенің осы жағдайға қатысты емес, Парсылармен бітіп бермес соғыстардың кесірінен Падишамыздың атасының заманында жабылғанын, Зәйтүннің бір кездері тәккені «күзетумен» мақтанғанын естеріне салдым. Егер маған сенбей, айтқандарымдың астарында тұзақ бар деп ойласа қанжар қолдарында, маған әп-сәтте жаза тартқыза алады.

Анау-мынау сауытыңның өзі шыдас бермейтіндей деңгейде мені қанжармен тағы салып қалды Көбелек. Менің айтқандарымды құп көрген Қараға бұрылды, балаша айқайлады оған. Ту сыртынан шап беріп, мойнынан құшақтай алдым. Келесі қолыммен білегін бүгіп, қанжарын түсірдім. Іс жүзінде бұл өзі төбелеске де, ойынға да ұқсамайтын бір әрекет еді. Шахнамадағы осындай бір мәжілістің хикаясын айттым. Көп танылмаған бір мәжіліс еді: «Хамарари тауының етегінде барлық сауыт-сайманын құрсанып, қарама-қарсы кел-

ген Иран қолы мен Тұран түмендерінің шайқасының үшінші күнінде әр күн сайын Тұран батырларының біреуін өлтіретін белгісіз Иран жауынгерінің кім екенін анықтау үшін тұрандықтар асқан айлакер, дарынды Шангилді майданға шығарды» – деп хикаяны бастадым. «Шангил құпия жауынгерді жекпе-жекке шақырғанда, қарсы жақ бірден қабыл етті. Сауыттары бесін сәтіндегі күн сәулесімен шағылысып, жарқырап тұрған екі жақтың қалың қолы демдерін іштеріне тартып, алаңға көз салып тұрғанда бір-біріне қарсы шапқан қос батырдың кежім жамылған аттары омырауласқаны сондай, кіреуке кежімдердің арасынан шыққан оттан тұлпарлардың терілері тұтанды. Жекпежек ұзаққа созылды. Тұран батыры садақ тартты, Иран батыры қылышы мен атын жақсы қолданды, ақыры құпия ирандық баһадүр тұрандық Шагилдің атының құйрығынан ұстап, алдымен аттан түсріді, содан соң қашып бара жатқанда ту сыртынан шап берді, мойнынан құшақтап, қылқындырды. Белгісіз жауынгердің кім екенін білгісі келген тұрандық жеңілгенін мойындаған сәтінде талай күннен бері өздерін алаңдатқан сауалын да қойып үлгерді:

– Кімсің?

– Сен үшін менің атым Өлім, – деді құпия жауынгер. – Ол кім еді?

– Атақты Рүстем болатын, – деді Көбелек балаша қуанып.

Оны мойнынан сүйдім.

– Бәріміз Осман ұстазға опасыздық жасадық, – дедім. – Ол қазір бізге жазамызды берместен бұрын, біз Зәйтүнді тауып, ішіміздегі уды шығарып, өзара мықтап тіл табысуымыз керек, сөйтіп нақыштың ежел-

гі дүшпандарына, бізді азаптаушы жендеттердің қолына ұстап бергісі келетіндерге мығым болайық. Бәлкім, сол жерге, әлгі Зәйтүннің тәрк етілген әлгі тәккесіне барған кезде оңбаған қанішердің біздің арамыздағы біреу емес екеніне көз жеткіземіз.

Байғұс Көбелек дыбыс шығармады. Қанша өнерлі, шебер, зейінді һәм өзіне сенімді болса да, бір-бірін көре алмайтын, сөйте тұра өзара бір-бірін іздейтін нақышкерлер сияқты, түптің-түбінде тозаққа кетуден және бұл пәниде соқа басы сопайып, жалғыз қалудан қорқып тұр.

Фенеркапының жолында жоғарыда жалынға ұқсайтын өзгеше бір сәуле бар еді, бірақ ай сәулесі емес. Бұл сәуленің кесірінен түн баласы сауырағаштар, күмбездер, тас қабырғалар, кірпіш үйлер мен өрттің орындары қалыптастырған Ыстамбулдың әдеттегі бейнесін дүшпан қамалының жаттығы алмастырыпты. Төбеге шықанымызда, артқы жақтан, сонау Баязит мешітінің маңында болып жатқан өртті көрдік.

Көзге түртсе көргісіз қараңғыда біз сияқты қамал қабырғаларына қарай кетіп бара жатқан, жартысына ұн салған дорба артып алған өгіз арбаны кездестірдік те екі акче төлеп міндік. Қараның қолтығында суреттер бар еді, абайлап міндік. Шалқадан түсіп өрт сәулесі жарқыратқан бұлттарға көз салып жатқанымда дулығама жаңбырдың алғашқы тамшысы тамды.

Әжептәуір жүрген соң, түн ортасында онсыз да жұрт тастап кеткен махаллада иесіз тәккені табамыз деп сол маңайдағы барлық итті шуылдаттық. Тастан жасалған бірнеше үйде біздің кесіріміздің жанған шамдардың жарығын көрсек те, біз қаққан төртінші есік қана ашылды әрі шамының сәулесімен бізге жалмауыз

көргендей зәресі ұша көз салған тақиялы жігіт ағасы сіркірей бастаған жаңбырға мұрнын да шығармастан тәккенің орнын түсіндіріп берді, бірақ жаман жындар, перілер мен мыстандар бізге сазайымызды беретінін де қосып қойды.

Тәккенің бақшасында шіріген жапырақ иісі пен жаңбырға бас имеген маңғаз сауырағаштардың үнсіздігі күтіп алды бізді. Алдымен тәккенің кірпіш қабырғаларына, одан соң кішкентай терезенің ысырмасының саңылауына үңілдім, бақсам, майшамның жарығымен намаз оқып отырған, әлде біздің келгенімізді біліп, намаз оқыған сыңай танытқан біреудің үйрейлі көлеңкесін көрдім.

57. Мені Зәйтүн деп атайды

Намазымды тоқтатып, дереу орнымнан тұрып оларға есік ашқаным жөн бе, жоқ әлде дұға жасау үшін оларды жаңбырдың астында күттіртіп қойғаным дұрыс па? Мені бақылап тұрғандарын түсінген соң сыр берместен намазымды аяғына дейін оқыдым. Есікті ашып, қарсы алдымда біздің жігіттерді – Көбелекті, Ләйлекті, Қараны көргенімде кеудемді қуаныш кернеп кетті. Сол беті Көбелекті құшақтай алдым.

– Басымызға қандай күн туады десеңші! – деп еніредім оның иығына басымды қойым тұрып. – Бізде не шаруалары бар? Неге біздерді өлтіріп жатыр?

Нақышкерлік ғұмырымда шеберлердің әрқайсысында жиі-жиі байқалып қалатын үйірден болініп қалу қорқынышы бар еді бұларда. Тәккенің ішінде де бір-бірінен алыстамайды.

– Қорықпаңдар! – дедім, – Мұнда талай күн жасырынуға болады.

– Біз сескенетін адам арамызда шығар деп қауіптенеміз, – деді Қара.

– Мұны ойлағанда мен де қорқамын, – дедім. – Өйткені мен де ел ішіндегі әңгімелерді естідім.

Қарауыл басының адамдарынан нақышкерлер қауымына өсек-аяң жетіпті. Зариф Ефенді мен марқұм Жездені өлтірген адамның құпиясы қалмаған әлгі кітап үшін көз майын тауысқандардың, біздің арамызда екенін айтылып жүрген көрінеді.

Жезденің кітабы үшін қанша сурет салғанымды сұрады Қара.

– Алдымен шайтанның суретін салғам, Аққойлы нақышханаларында бұрынғы шеберлер жиі салатын жер асты шайтанын сызып бергенмін оған. Мәддах менің қауымымнан еді, сол үшін екі дәруіш сызған. Жезденің кітабына қоссын дегенді мен айтқам. Османлы мемлекетінде бұл дәруіштердің өзіндік орны бар деп қабылдағам.

– Бар-жоғы осы ма? – деді Қара.

Барлығының осы екенін айтқанымда Қара шәкіртінің үрлығының үстінен түскен ұстаздай маңғазданып, есікке қарай беттеді. Сырттан жаңбыр тиіп, су болған бір бума қағаз әкеліп, жаралы торғайды марғауларына берген мысықтай біздің алдымызға әкеліп тастай салды.

Бұл қағаздар оның қолтығында жүргенде-ақ таныған: Кофеханаға бүгін шабуыл жасалғанда мен алып кеткен суреттер еді. Бұларды үйіме қалай кіріп, қалай алғандарын сұрамадым. Сонда да Көбелек пен Ләйлек үшеуміз марқұм мәддах үшін салып берген суреттері-

мізді бір-бірден көрсетіп шықтық. Осылайша бір ат, әдемі ат бір бұрышта иесіз қалды. Бұл аттың суреті салынғанынан хабарым да жоқ еді, сеніндер маған.

– Бұл атты сен сызбадың ба? – деді Қара талапшыл мұғалімге ұқсап.

– Мен салған жоқпын оны, – дедім.

– Жездемнің кітабындағыны ше?

– Ол аттың суретін де мен салған жоқпын.

– Стиліне қарап, сол атты сенің сызғаныңды анықтадық, – деді. – Оның үстіне Осман ұстаз түсінді мұны.

– Менің ешқандай жеке стилім жоқ, – дедім. – Мұны қазіргі қиын жағдайда мақтану үшін айтып тұрғам жоқ. Тіпті ақталу үшін де айтпаймын. Өйткені стиль қалыптастыру мен үшін қанішер болудан да жаман.

– Сені көне шеберлер мен қазіргілерден бөлек қылып тұратын бір ерекшелігің бар, – деді Қара.

Оған күлімсіредім. Сендер, барлықтарың білуге тиіс дүниені айта бастаған еді. Падишамыз бен Бас қазынашының ақылдасып, кісі өлтіргендерді тауып, қылмысты тоқтату үшін амал қарастырып жатқанын, Осман ұстазға берілген үш күнді, «нөкер қыз» тәсілін, аттардың танауларының кесілгенін және мұғжизаға бергісіз Ендерун қазынасына кіріп, қол жетпейтін кітаптарды өз көздерімен көргендерін мұқият тыңдадым. Бәріміздің өмірімізде, басымыздан өтіп жатқан сәтте сол бір кезді ұзақ уақыт ұмыта алмайтынымызды түйсінетін кездер болады. Жан жабырқатар жаңбыр жауып тұр еді. Көбелек жаңбырға қарап мұңайып, қанжарына ойлана қарап, оны қыса ұстап тұрған-ды. Сауыты жарқырап, аппақ болып көрінген Ләйлек қолына

шам ұстап, батылданып тәккенің ішін аралай бастады. Тәкке қабырғаларына түскен көлеңкелері әруақтар сияқты кезген осынау шебер нақышкерлер менің бауырларым еді әрі оларды қаншалықты жақсы көретінімді білсеңдер ғой! Нақышкер болғаныма қуандым іштей.

– Осман ұстазбен қатар отырып бірнеше күн бойы бұрынғы шеберлердің таңғажайып туындыларын қарау қандай бақыт екенін білесің бе? – дедім Қараға. – Сені сүйді ме? Басыңнан сипады ма? Қолыңнан ұстады ма? Өнеріне, біліміне қайран қалдың ба?

– Осман ұстаз көне шеберлердің ғажайып туындыларының арасында маған сенің жеке стилің бар екенін көрсетті, – деді Қара.

– Стиль дегеннің өзі нақышкер таңдайтын дүние емес екендігін, нақышкердің өткен өмірінің, естеліктерінің құпия сырын, кемшілік-қатесін көрсететіндігін маған үйретті. Кезінде жұрт ұялған әрі бізді көне шеберлерден өзгешелендіріп тұрмасын деп жасырылған осынау құпия кемшіліктердің, қателердің, олқылықтардың франк стильдері тұтас дүниеге жайылған соң «жеке қасиеті», «стилі» деп мадақталып жария болатынын да көрсетті. Бұдан кейін кемшіліктерімен мақтанған ақымақтардың кесірінен әлемі бүгінгісінен әлдеқайда әдемі, түрлі түсті болар, бірақ бүгінгісінен әлдеқайда ақымақ, олқылығы көп болатыны сөзсіз.

Өзінің айтып тұрғандарына мақтанышпен сеніп тұруы Қараның да жаңа ақымақтардың бірі екенін көрсететін еді.

– Падишамыздың кітаптары үшін жылдар бойы жүздеген аттың танауын қалай дұрыс сызғанымды Осман ұстаз түсіндіріп бере алды ма? – деп сұрадым.

– Сонау бала кездеріннен бері сендерге берген махаббаты мен ұрып-соққан таяқтарының арқасында бір жағы сендердің әкелеріне, бір жағы сүйіктілеріне айналғаны үшін барлықтарыңды өзіне және бір-бірлеріне ұқсататынын ол түсіне алмас. Ол сендерде емес, Османлы нақышханасында бір жеке стиль болғанын қалайды. Сендер болсаңдар іштеріндегі қателіктерді, үлгіден ауытқыған нәрселерді, өзгешеліктерді оған тамсанып, қайран қалатындықтан, оның көлеңкесіне айналғандықтан ұмытып кететін едіңдер. Сен қай кезде Осман ұстаздың көздерін ала бере өзге кітаптар, беттер үшін сурет салдың, сол кезде ішінде жылдар бойы жатқан атты сыздың.

– Марқұм шешем әкеме қарағанда ақылды адам еді, – дедім. – Нақышханада тек Осман ұстаздан емес, өзге қатаң әрі шамданшақ шеберлердің таяқтарынан, шеберлердің көмекшілері бізді өздеріне қосып алу үшін сыпап, сызғышпен ұрғанына шыдамай, ол жаққа қайта бармаймын деп үйде жылағанымда, шешем маған әлемде екі түрлі адам болатынын айтқан: «Бала кезінде жеген таяқтарының астында қалып, езілгендер. Олар өмір бойы еңселері түсіп, біреудің табанына тапталады. Өйткені таяқ жеген адамның ішіндегі шайтан өледі. Сөйте тұра, бала күндерінде ұстаз бен әкеден көп таяқ жегендердің арасында іштеріндегі шайтанды өлтірмей, қорқытып-үркітіп, тәрбиелеп алған бақытты жандар да бар. Олар бала күндерінің жанға бататын естеліктерін ұмытпайды ешқашан, бірақ шайтанмен тіл табысуды үйренгендіктен айлакер болуды, білмейтін нәрсені біліп алуды, достасуды, дұшпанын тануды, өзіне құрылған тұзақтарды уақытында сезе біледі. Мұны ешкімге айтпа».

Мен бұған ондай адамдар нақыш жасауды да өзгеден артық біледі деп қосып қояйын. Осман ұстаз бір ағаштың бұтақтарын әсем етіп сызбадың деп шапалақпен тартып жіберуші еді, жанарымнан жас аққан сәттерде көз алдымда орман пайда болуы еді. «Беттің ең соңындағы кемшілікті көрмей түрсың», – деп басымнан ашулана тоқпақтағаннан кейін айнаны алып, көздің дағдылануынан құтылайын деп айнаны беттің үстіне қояр еді, содан соң жағымен бетін менің бет-аузыма тигізіп, айнаның ішіндегі керісінше көрінген парақта бірден көзге түсетін кемшіліктерді маған бір-бірден көрсететін, махаббатпен, ықыласпен көрсететін. Мен сол махаббатты да, сол бір тұрысын да ұмытпадым. Жұрттың көзінше мазақ етіп, қолымнан сызғышпен ұрды деп өкпелеп, сағым сынып, түні бойы жылап шыққан күннің таңында қолдарымды махаббатпен сүйетін еді, содан соң көңілім жадырап, күндердің күнінде аты аңызға айналған нақышкер болатынымa сенетінмін. Ол атты мен сызған жоқпын.

– Жездемді өлтірген малғұн ұрлап кеткен соңғы суретті (Ол Ләйлекті меңзеп тұр), тәккеден іздейміз. Сен сол соңғы суретті көріп пе едің?

– Не Падишамыздың, не көне шеберлерге берілген нақышкерлердің, не дініне берілген мұсылман қабылдамайтын дүние еді ол, – дедім де, үнсіз қалдым.

Менің осы айтқандарым оның «тәбетін» ашып, Ләйлекпен бірге тәккенің асты-үстін төңкеріп, тінте бастады. Бір-екі рет жұмыстарына қолғабыс болсын деп қастарына бардым. Төбесінен су тамшылап тұрған дәруіш бөлмелерінің біріндегі шұңқырды әуелі түсіп кетпесін, одан соң қаласа тексеріп шықсын деп көрсеттім. Отыз жыл бұрын тәккенің жолаушылары бекта-

шилерге[1] араласып, шашырап кетердің алдында Баба мекен қылған шағын бөлменің жуан кілтін әкеліп бердім. Алып-ұшып кіріп барған кездерінде бөлменің қабырғасы жоқ екенін, жаңбырдың тікелей ішке жауып тұрғанын көрді де, айналаны тініткен де жоқ.

Көбелектің оларға қосылмағаны ұнады, бірақ мені айыптайтын дәлел тапса оның да әлгі екеуіне еріп кетерін сеземін. Осман ұстаздың бізді азаптауға тапсыратынынан қорқып, оған қарсы бір-бірімізге сүйеу болуымыз, Бас қазынашының алдына осындай біріккен күшпен шығуымыз керектігін айтқан Қара мен Ләйлек сыбайласа қалыпты. Қараны бұл іске итермелеген нәрсенің тек Жездені өлтірген адамды тауып, сұлу Шекуреге шынайы той сыйлығын беруге деген ниет емес, Османлы нақышкерлерін франк шеберлерінің жолына түсіру және осылайша Жезденің кітабын Падишамыздан келетін жаңа ақшалармен франк шеберлерінің туындыларына ұқсас етіп (бұл кәпірліктен де өткен күлкілі жайт еді) аяқтау екенін түсінгенмін. Бұл ойындардан кейін Бас нақышкер болуды армандаған (өйткені Осман ұстаздың Көбелекті тағайындағысы келетінін жұрттың бәрі тұспалдайды, сезеді) және бұл жолда кез келген тәсілден бас тартпауға әзір Ләйлек бізден, тіпті Осман ұстаздың өзінен де құтылғысы келетінін де түсінгенмін.

Бір сәт шақшадай басым шарадай болды, сан түрлі ойлар келді. Жаңбыр үнін тыңдап, ұзақ ойландым. Содан соң, атымен топтты жарып өтіп бара жатқан әмірші мен бас уәзірге арызын беруге ұмтылған адамша, бірақ терең бір ықыласпен, шабытпен Ләйлек, Қара екеуінің

---

[1]*Бекташи* – Бекташи тарықатының сопылары.

жанына бардым. Қараңғы дәлізден, кең есіктен оларды өткізіп, кезінде асүй болған қорқынышты жерге апардым. Қираған, шашылған заттардың арасынан бірдеңе тапқан, таппағандарын сұрадым, әрине, ештеңе таппаған екен. Бір кездері кедей-кепшік пен қайыршытіленшілер үшін тамақ пісірген кезде қолданылған қазандардан, ыдыс-аяқтан, көріктерден ешбір із қалмапты. Өрмекші торларына, шаң, балшық, ит пен пысықтың қиына, қираған үйдің кірпіштері мен құм-батпағына толы осы бөлмені ешқашан тазаламағанмын, тіпті тазалуға ниет те қылмағам. Іште әдеттегідей қай жақтан соғып тұрғаны белгісіз, бірақ күшті жел шамның жалынын жалпылдатып, көлеңкелерімізді де біресе өшкін, біресе анық қылып тұр еді.

– Іздеңіндер, бірақ қазынамды таба алмадыңдар, – дедім.

Отыз жыл бұрын пеш болған қирандының ішіндегі күлді қолымның қырымен сыпырып аштым да, астындағы пеш қақпағын тұтқасынан ұстап шықырлата аштым. Пештің аузына шамды әкелдім. Қарадан бұрын Ләйлек ұмтылып, ішіндегі былғары дорбаларды қалай шап бергенін ешқашан ұмытпаспын, сірә. Олар дорбаның аузын дереу сол жерде ашқалы жатыр еді, мен үлкен бөлмеге қарай кеттім. Қара да сол жерде жалғыз қалудан қорқып, артымнан келгендіктен, Ләйлек те сидаң сирақтарымен адымдай басып, артымыздан жетті.

Таза жүн байпақтарым, чакшырым,[1] қызыл дамбалым, әдемі кеудешем, жібек көйлегім, ұстарам, тарағым мен өзге заттарымның дорбадан шыққанын көргенде бір сәт аңтарылып қалды. Қара ашқан басқа

[1] *Чакшыр* – ауы тізеге дейін түсетін ер адамның шалбары.

дорбадан елу үш Венеция алтыны, соңғы жылдарда нақышханадан ұрлаған алтын парақтар мен жіптер, жүртқа көрсетпей жасырып жүрген үлгілерге толы дәптерім мен беттердің арасынан ұрланған алтын парақшалар, жартысын өзім сызған, жартысын біреулерден жымқырып кеткен, аннан-мұннан жинаған анайы суреттер, сүйікті анамның көзіндей көріп жүретін ақық тасты жүзік пен оның бір тұтам ақ шашы, ең жақсы қаламдарым мен қылқаламдарым шықты.

– Сендер ойлағандай адам өлтірген адам болсам, – дедім ақымақтықпен, маңғаздана. – Құпия көмбемнен бұлар емес, әлгі соңғы сурет шығар еді.

– Неге бұлар шықты? – деп сұрады Ләйлек.

– Жасауыл басының адамдары үйімді тінткен кезде (тура сенің үйіңнің астаң-кестеңін шығарғандай етіп), өмір бойы жинаған осы алтындарымның екі данасын ұятсыздықпен қалталарына басып алған-ды. Әлгі оңбаған қанішердің кесірінен бізді әлі де тінтіп-тіміскілейтіндерін ойлаған едім, енді ойымның дұрыстығына көз жеткіздім. Соңғы сурет менде болса, осында жасырар едім.

Соңғы сөздерді айтқаным қате еді, бірақ сонда да олардың көңілдері жайланғанын, тәккенің бір бұрышында өздерінің кеңірдектерін кесіп жіберуімнен енді сескенбейтінін сездім. Сендер де сендіндер ме маған?

Бұл жолы мені алаңдатқан бірдеңе бар еді: сонау бала күнімнен бері танитын нақышкер достарымның ұзақ уақыт сарандықпен ақша жинағанымды, алтындарды сақтағанымды, ең соңғысы анайы суреттерім мен дәптерлерімді біліп, көргені емес мені абыржытқан жайт. Бұлардың барлығын нақышкер достарыма қысылтаяң шақта көрсеткеніме өкінемін. Дегенмен

кездейсоқ жанның ғана құпиялары осылай оп-оңай ашылып қалады.

– Сонда да, – деді Қара біраздан соң, – Осман ұстаз ештеңе айтпастан, ешқайсымызды көрсетпестен Жасауыл басына бізді тапсырса, азаптау кезінде не деуіміз керек екенін ақылдасып, шешіп алуымыз керек.

Аңтарылып, не ойларымызды, не айтарымызды білмей тұрғанымызды сезе мін. Ләйлек пен Көбелек шамның солғын жарығымен дәптерімдегі анайы суреттерге қарап тұр еді. Ештеңеге алаңдамайтын, бейжай халде болатын, тіпті адамды тіксіндіретіндей деңгейде қуанышты еді. Қайсысы екенін жақсы болжай алмаған бетке қарағым келді де, орнымнан тұрдым, екеуінің артқы жағынан келіп, өзім салған анайы суретке алыста қалған сағынышты күндерім есіме түскендей, үнсіз әрі қуана көз тастадым. Қара да бізге қосылды. Ол суретке төртеуміздің бірге қарауымыз, неге екенін қайдам, көңілімді жайландырды.

– Соқыр мен көзі көретін бірдей бола ма? – деді Ләйлек біраздан соң. Көріп тұрғандарымыз әдепсіздік болса да, Алланың бізге берген көру ләззатының ұлылығын тұспалдап тұрған жоқ па? Бірақ бұлай десем Ләйлек түсінбес еді, Құран Кәрімді мүлдем оқымаушы еді. Құран Кәрімнің бұл аятын гераттық көне шеберлер жиі-жиі еске алатынын білемін. Ұлы шеберлер бұл сөзді сурет салудың дінімізде тыйым салынғанын, суретшілердің қиямет күні тозаққа кететіндіктерін айтатын нақыш дұшпандарының қорқытып-үркіткен әңгімелеріне жауап ретінде қолданатын. Бірақ онда да сол бір сиқырлы сәтке дейін ғана. Көбелектің аузынан өздігінен төгілгендей болған келесі сөзді бұрын естімеген едім.

– Соқыр мен көзі көретін адамның бірдей емес екендігін көрсететін бір сурет салғым келеді!

– Соқыр мен көре алатын адам кім? – деді Қара аңғалдықпен.

– Соқыр мен көзі көретін адам бірдей болмайды. Уа ма йәстәуил'ама уә'л басирдің мағынасы осы, – деп Көбелек және сөзін әрмен қарай жалғады: «Қараңғылық пен жарық та бірдей болмайды. Көлеңке мен ыстық жер де бірдей емес. Және тірілер мен өлілер де бірдей емес».

Бір сәт Зариф Ефендінің, Жезденің және бүгін інірде өлтірілген мәддах бауырымыздың жағдайын ойлап бойымды қорқыныш биледі. Мыналар да мен сияқты қорқып тұр ма? Ешкім біраз уақыт орындарынан қимылдаған да жоқ. Ләйлектің қолындағы менің дәптерім әлі ашық еді, бірақ мен салған анайы суретке әлі қарап тұрсақ та, оны көрмей тұрғандаймыз!

– Мен де қиямет күнінің суретін салғым келеді, – деді Ләйлек. – Өлгендердің тірілгенін, күнәһар мен күнәсіздердің бір-бірінен ажыратылғанын. Бірақ Құран Кәрімізді неге суреттей алмаймыз?

Жас кезімізде нақышхананың бір бөлмесінде жұмыс істеп отырғанда тура карт шеберлердің көздерін демалдыру үшін жасайтынындай кейде басымызды алдымыздағы тақталардан, күрсілерден көтеріп, есімізге түскен, суретке қатысы жоқ тақырыптарды әңгіме қылатынымыз болушы еді. Тура мына ашық жатқан дәптерге қарағанда істегеніміздей, сол кезде де көңіліміздан ескен нәрселерді айтқанда бір-бірімізге қарамайтын едік. Өйткені көзімізді демалдыру үшін ашық тұрған терезеден сыртқа қарайтынбыз. Шәкірт болған бақытты күндердің әдемі сәттерін еске алудың

әсерінен бе, Құран Кәрімді ұзақ уақыт ашып оқымай кеткенім үшін сол сәтте пайда болған өкініштің кесірінен бе, жоқ әлде кофеханада ақшамда көрген зұлымдықтың қорқынышынан ба, білмеймін, кезек маған келгенде ойым сан-саққа кетті. Жүрегім қатер төнгендей атқақтап, ойыма айта қоятындай ештеңе де келмегендіктен былай дедім: «Бақара сүресінің соңында мынадай мағына беретін аяттар бар еді ғой, мен солардың суретін салғым келеді: Я, Раббым, бізді ұмытқандарымыз бен естеліктеріміз үшін жауапқа тартпа. Аллам, бізге бұрынғылар сияқты өзіміз көтере алмайтын жүкті артпа. Бізді, кінәларымызды, күнәларымызды кеше көр! Бізге мейірім төк, Я, Раббым».

Дауысым бір сәт қарлықты да, аяқ асты аққан көз жасымнан ұялдым. Бәлкім, шәкірт кезімізде өзімізді қорғау, сезімталдығымызды көрсетпеу үшін даяр жүретін қыжыртпа сөзден қорыққан шығармын.

Жасым тоқтайтын шығар деп ойлағанмын, бірақ өзімді өзім ұстай алмадым да, өксік ата жылай бастадым. Мен жылаған сайын өзгелердің әрқайсысы бауырластық, іштей егілу мен қасіретті бастарынан өткізгендерін сезіп тұрдым. Падишамыздың нақышханасында енді франк үлгісінде нақыш жасалатын болады, бар ғұмырымызды арнаған стильдер мен кітаптар бірте-бірте ұмытылады, сөйтіп бәрі бітеді, ерзұрымдықтар бізді езіп тастамаса да, Падишамыздың азаптаушы жендеттері бізді мертіктіріп тынады... Алайда жылап тұрып, өз өксігім мен үнімнің арасынан жанбырдың тырсылын әлі естіп тұрсам, демек, мені жылатқан дүниенің бұлар емес екенін сеземін. Өзгелер мұны байқады ма, жоқ па? Бір жағынан, шын көңілден жыласам, екіншіден, өтірік жылағаным үшін аздап өзімді кінәлі сезінгендеймін.

Көбелек маған жақындап, қолын ыңғыма қойды, шашымнан сипады, бетімнен сүйді, жылы-жылы сөздер айтты. Бұл достық мені тіптен шынайы әрі кінәлі сезіммен жылатты. Жүзіне қарай алмай тұр едім, бірақ неге екенін қайдам, ол да жылады-ау деген қате ойға беріліп едім. Бірге отырдық.

Нақышханаға қалай бір жылда бірге берілгенімізді, анамыздан айырылып, басқа бір өмірге бірден бастаған кезіміздегі қиындықтың қасіретін, алғашқы күннен бастап жеген таяқтардың азабын, Бас қазынашыдан келген алғашқы сыйлықтардың қуанышын, жүгіре басып үйімізге келген сәттерді осылай еске алдық. Басында тек ол айтып, мен тыңдадым, кейін әңгімеге Ләйлек, одан соң шәкірт болған жылдарымыздың бастапқы кездеріне біраз нақышханада болған Қара да араласқан соң, біраз бұрын жылағанымды ұмыттым да, мен де күліп, әңгіме айта бастадым.

Шәкірттердің ерте тұрып, нақышхананың ең үлкен бөлмесіндегі пешті жағып, ыстық сумен еденді сүртетін қысқы таңдарды еске алдық. Күні бойы отырып ағаштың бір ғана жапырағын салатын шабытсыз әрі ықтиятты маркұм шебердің жапырақтың орнына ашық тұрған терезеден көрінген көктемгі жапырақтарға қарап отырғанымызды көріп, «оған емес мынаған қараңдар!» деп бізді ешқашан ұрып-соқпай, жүзінші мәрте ұрсатын сәтін еске түсірдік. Қатты жұмыстан зорығып, есінен адаса бастағандықтан үйіне жіберілген арық шәкірттің қолына дорбасын алып есікке қарай беттеген сәтіндегі нақышханадан естілген жылап-сықтаған дауыстарды есімізге түсірдік. Содан соң үш нақышкердің алты ай бойы жасаған бір бетінің (Ширван жолында, Қыныҳ дариясының жағасында ашығуға шақ қалған Османлы әскерлерінің Ерешті басып алып,

қарындарын тойдырған суреті) үстіне жарылып кеткен бақыр сиясауыттан қызыл бояудың төгілгенін құмарлана қарағанымыз көз алдымызға келді (өйткені ол біздің кінәміздан болмаған еді). Жаулап алған жерлеріне, күш-қуатына, байлығына қарап үйінде тура Падишамыздың саятшылыққа арналған сарайындағыдай төбенің безендірілгенін қалаған жетпістегі пашаның ең сұлу черкес қатынымен үшеуміздің де сүйісіп, бірге ғашық болғанымызды жылылықпен еске алдық. Қыстың суық таңдарында буы қағазды жұмсартпасын деп жартылай ашық есіктің алдында отырып ішкен жасымық көженің дәмін де айттық. Ұстазымыздың мәжбүрлеуімен шәкірт болуға алыс жақтарға кеткен кездерімізде нақышханадағы достардан және ұстаздардан алыс-тап қалғанымыздың қасіретін де әңгіме қылдық. Бір сәт көз алдыма Көбелектің он алты жастағы ең тәтті, қылықты кезі елестеді. Жаз күндерінің бірі еді, ашық тұрған терезеден түскен күн сәулесі балдың түсіндей жалаңаш білегіне түскен кезде қолындағы теңізден шыққан бақалшықтан жасалған қайрағын әрі-бері айналдырып, ойнатып қағаз жылтыратып отырған-ды. Меңзеңкүйде жасап отырған бұл жұмысын ара-тұра тоқтатады, қағаздағы бір кемшілікке үңіліп, ынтамен қарайды, бір-екі жеріне өзгеріс жасау үшін әлгі қайрағымен әрі-бері ысқылаған соң, тағы да бәз-баяғы кейпіне еніп, қиялға беріліп, терезеден алысқа көз тастап отырған-ды. Ешқашан ұмытпайтын нәрсе, кейінірек мен де өзгелерге талай жасағанымдай, қайтадан терезеге қарамастан қас қағым сәтте менің көзіме тіке қарай қалуы еді. Сол көзқарастың барлық шәкірттер білетін жалғыз мағынасы бар еді: қиялдамасаң уақыт ешқашан өтпейді!

58. Мені қанішер дейтін болады

Мені ұмытып кеттіңдер ғой, солай ма? Осында екенімді бәрібір сендерден жасыра алмаймын. Өйткені ішімде күн санап ұлғайып келе жатқан осы үнді тыңдау, онымен сөйлесу мен үшін адам төзгісіз бір мұқтаждыққа айналды. Кейде өзімді қатты қинаймын, сол себепті дауысымдағы жарықшақты түсінесіздер деген ойдамын. Кейде ештеңеге назар аударма́ймын, сол кездері бойымдағы өзге кісіні көрсететін, бәлкім, сендер бірден аңғаратын сөздер төгіледі аузымнан. Қолдарым дірілдеп, маңдайымды тер басады және бұлардың да жаңа ишаралар екендігін бірден түсінемін.

Дегенмен мен қаншалықты бақыттымын десеңіздерші! Нақышкер бауырларыммен бірге отырып, бір-біріміздің көңілімізді аулап, жиырма бес жылдың естеліктерін айтып отырғанда дұшпандық емес, нақыш жасаудың әсемдігі мен көңіл сергітер қасиеттері келеді ойымызға. Дүниенің ақыры келгенін сезген адамша отырып, жасауراған көздерімізбен бір-біріміздi аймалап, алыста қалған әдемі күндерді еске алуымызда гаремдегі қыз-келіншекке тән бірдеңе де бар.

Осылай ұқсатуды Әмір Темір ұрпағының тарихын жазып отырғанда шираздық, гераттық көне шеберлердің хикаяларын да әңгімелеген кирмандық Әбу Саидтан алдым. Осыдан жүз жыл бұрын Қарақойлы билеушісі Жиһан шах өзара қырқысқан Әмір Темір ұрпағының әміршілерінің, шахтарының шағын қолдары мен мемлекеттерін жеңіп, жеңімпаз түркімен әскерімен бірге Парсы өлкесінен өтіп, Шығысқа келіпті, сөйтіп ең соңында Әмір Темірдің баласы Шах Рухтың неме-

ресі Ибрахим мырзаны Астарабадта жеңіп, Горганды алыпты да, әскерін Герат қамалына қарай бұрыпты. Кирмандық тарихшының сөзіне қарағанда, тек Парсы өлкесіне емес, Үндістаннан Византияға дейін, жаһанның жартысына жарты ғасыр әмірін жүргізген Темір әулетінің жеңілместей көрінген әскеріне, күш-қуатына қатты соққы беріліп, жұртты үрейлендіріп, абыржытқаны сонша қоршауда қалған Герат қамалы қиямет алындағы күнге айналып кетіпті. Қарақойлы Жиһан шахтың басып алған қамалдардағы Темір әулетінен шыққан барша жанды өлтіргенін, шахтардың, шахзадалардың гаремдеріндегі қатындарды таңдап, өз гареміне қосқанын, нақышкерлерді бір-бірінен ажыратып, көбін өзінің шебер нақышкерлеріне шәкірт ретінде бергенін оқырмандарына тұрпайы бір ләззатпен суреттеген тарихшы Әбу Саид, осы тұста хикаясын қамал қабырғаларында дұшпанның шабуылын тойтаруға тырысқан Шах пен әскерлерінен нақышханадағы қалам мен бояу арасында қоршаудың әлдеқашан белгілі болған қорқынышты күтіп отырған нақышкерлерге бұрыпты да аттарын бір-бірден санап шығыпты; әрі күллі жаһан таныған, олардың ешқашан ұмытылмайтындығын айтыпты, бүгін бәрі ұмыт болған нақышкерлердің де тура Шахтың гареміндегі әйелдер сияқты бір-бірін құшақтап, жылап-сықтағанын, бұрынғы әдемі күндерін еске алудан басқа ештеңе жасай алмағанын жазыпты.

Біз де қайғы жамылған гарем қатындары сияқты, бұрын Падишамыздың бізді жақсы көргенін, мерекелерде оған ұсынған өрнегі келіскен құты, айна мен табақтарды, безендірілген түйеқұс жұмыртқаларын, қағаздан кесіп жасаған заттарымызды, бір ғана жапырақты, көңілді мураккаларды, ойын қағаздарын

және кітаптарды қабыл еткен соң бізге сыйлыққа берген бұлғын жағалы киімдерді, ақша толы әмияндарды еске алдық. Ол күндердің еңбекқор, азап шеккен, азға қанағат қылған карт нақышкерлері қайда қазір? Қалай салғанын өзгелер көріп қоймасын деген қызғанышы мен сыртта жұмыс істегені білініп қоймасын деп қауіптенгені үшін өздері үйлерінде отыра алмай, күн сайын нақышханаға келетін еді. Тұтас өмірлерін суреттердегі сарай қабырғаларының нәзік өрнектерін, өркайсысының келесісінен өзгеше екенін, тек ұзақ уақыт қарасаң ғана байқауға болатын сауырағаштардың жапырақтарын, беттің бос жерлерін толтырып, жеті жапырағы бар дала оттарын сызуға өз еріктерімен, қуана арнаған карт нақышкерлер қайда еді? Алланың біреуге тек өнер мен қабілет берсе, тағы біреуге тек сабыр мен Аллаға тәуекелді ғана беруінің де бір хикметі мен әділеті бар екенін мойындап, ешқашан іштарлық жасамаған орта деңгейлі нақышкерлер қайда еді? Біреуі құныс әрі үнемі күлімсірейді, біреуі арманшыл әрі мас, тағы біреуі ешкімге байға бере алмаған қызын бізге өткізуге құштар осынау ағамыздай болған ұстаздарды еске алған сайын шәкірт кезіміз бен ұстаздық еткен алғашқы жылдардағы нақышхананың ұмытылған өзгешеліктерін елестетуге тырыстық.

Әлгі сызғышпен сызық салғанда тілін (сызықты беттің оң жағына салса тілін сол жаққа, сол жағына салса оң жаққа) шығаратын ақылы кемдеу сызғышшы бар еді. Бояуды артық жағып қойғанда «я, сабыр, сабыр, сабыр!» деп кеңкілдеп өзімен өзі күлетін аласа бойлы, дембелше келген нақышкер бар еді. Астыңғы қабаттағы кітап түптеуші шәкіртермен бәлен сағат бойы әңгіме құратын әрі маңдайға қызыл сия жақса

қартаюды тоқтататынын айтып жүретін егде тәзхиб шебері болушы еді. Бояудың қоюлығын көру үшін тырнағына жаққан бояуды шәкірттерінің біріне, тіпті кез келген шәкіртке жаға салатын ашушаң ұстаз да болды. Тәзхибтен қалған алтынның тозаңын жинау үшін қолданылатын түгі бар қоян сирақтарымен сақалын сипап бізді күлдіретін семіз нақышкер болушы еді, қайда қазір олар?

Жылдар бойы қолданылғандықтан, шәкірттердің денесінің бір мүшесіне айналған, кейін бір бұрышқа лақтыра салатын қайрақ тақталар, шәкіртердің қылыш қылыш ойнап, бір-біріне ала жүгіретін ұзын қағаз қайшылары, араласып кетпесін деп атақты ұстаздардың аттары ойылып жазылған жазу тақтайлары, фарфор сияқтының хош иісі, тыныштықта естіліп тұратын кофе құмыраларының тықырлағаны, әр жазда бәріміз маруғаларының құлақтарының ішіндегі қылдардан түрлі-түрлі қылқаламдар жасап алатын ала мысығымыз, бос отырмай хұснихатшылар сияқты жатылсын, шимай дәптері қылсын деп молынан берілген бума-бума үнді қағаздары, атақты хұснихатшылар сақал-мұртын қырғанда Бас нақышкердің рұқсатымен тұтас нақышханаға үлгі болсын деп қолданылған болат сапты ұштағыш, сол хұснихатшылардың сән-салтанаты қайда қазір?

Падишамыз шебер нақышкерлерді үйлерінде жұмыс істеткені басқа бір қате әрекет болғанын айттық. Ерте түскен қыстың қысқа кештерінде шырағдан мен майшамның жарығында көздері талса да жұмыс істеген соң, сарайдың асханасынан келетін иісі мұрынды жаратын ыстық халуа туралы да айттық. Қалтақ ауруына шалдығып, қолына қалам ала алмаған карт

әрі алжыған тәзхиб шеберінің айында бір рет нақышханаға келгенде әкелетін қызының бізге, шәкірттерге арнап әзірлеген тәттілерін көзімізге жас ала отырып еске түсірдік. Осман ұстаздан бұрынғы Бас нақышкер, ұлы ұстаз Қара Мемидің жаназасынан кейін біраз күн бойы бос қалған бөлмесін реттеген кезде марқұм шебердің түс кезінде көз шырымын алу үшін жая қоятын матрасының астынан шыққан қапшықтағы қағаздар арасынан табылған оның әдемі парақтарын сөз қылдық.

Қара Меми ұстаз сиякты біздің де іштей мақтанған әрі біреуден көшірсек те ара-тұра шығарып қарағымыз келетін беттеріміз туралы айттық, санадық оларды: Хүнернаме[1] үшін салынған сарай суретінің жоғарғы жағындағы аспан алтын суымен боялғанда алтынның өзінен емес, нәзік бір суретте болуға тиіс түсінен күмбездер, мұнаралар мен сауырағаштар арасында дүниенің соңы келгенін еске түсіретін көрініс шығыпты, айтып берді.

Пайғамбарымыз Хазірстінің мұнараның үстінен қос қолтығынан бір-бір періште демеп, жеті қат көкке көтерілген кезінде періштелердің ұстағанына бола Пайғамбарымыздың қытығының келгенін саликалы түстермен бояғаны сонша, кішкентай балалардың өзі осынау әдемі көріністі көріп алдымен сеніммен қорқады, содан соң өздерін де біреу қытықтағандай ізетпен күледі, осыны да айттық. Бұдан бұрынғы бас уәзір пашамыздың тауға шығып кеткен көтерлісші-

---

[1]*Хүнернаме* – Османлы мемлекетінің құрылуынан Кануни Сұлтан Сүлеймен дәуірі аяқталғанға дейінгі кезеңді сипаттайтын еңбек. Кітапқа тарихи деректермен қатар көптеген миниатюралар енген. 1584 жылы бірінші томы, 1588 жылы екінші томы аяқталған.

лерге шабуыл жасағанда кескен бастары нақышын өзім жасаған беттің шетіне ізетпен тізіліп қойылған, кесілген мойындарына қызыл бояу жаққан бастардың өлімнің кесірінен түйілген қастарын, өмірдің мәнін іздеген қасіретті еріндерін, шарасы таусылып, ақырғы рет тыныс алған мұрындарын және пәниде соңғы рет көріп, жұмылған көздерін бір-бірден асқан ыктият, ынтамен әрі франк портретшісінің жасайтынындай әрқайсысын өліктің карапайым бастары сияқты емес, өзгелерінен бөлек кейіпте ләззаттана отырып сызып, осылайша басталған суретке адамды қорқытатын леп бердім, осыны айттым.

Ең жақсы көретін ғашықтық пен соғыс мәжілістерін, ең сұлуларды әрі көздің жауын алатын нәзіктікті осы тәсілмен еске алып, оларды естелік етпес әрі қол жетпейтін естеліктер ретінде сүйсіне әңгімеледік. Көздеріміздің алдынан жұлдызды түндерде ғашықтардың кездескен бақшалары өтті, көктемгі ағаштар, аңыздағы құстар, тоқтаған уақыт... Өзіміздің қорқынышты түстеріміз сияқты жақын әрі үрейлі қанды соғыстарды елестеттік, екіге бөлінген жауынгерлерді, кежімдері қанға боялған аттарды, бір-біріне қанжар салған сымбатты бұрынғы адамдарды, болған-біткенді терезенің саңылауынан сығалап, көріп тұрған шиедей ерінді, кіп-кішкентай ауызы бар, қысық көзді, қолдары нәзік, бастары салбыраған әйелдерді... Маңғаз һәм өздеріне көңілдері толған бозбалаларды, сымбатты шахтар мен хандарды, олардың баяғыда-ақ құлаған сарайлары мен мемлекеттерін еске алдық. Тура сол шахтың гаремінде жылап-сықтаған қатын-қалаш тәрізді, біздің де өмірден естелікке қарай өтіп бара жатқанымызды білген едік, бірақ олар тәрізді тарихтан аңызға айна-

лып барамыз ба? Өлімнен де үрейлі ұмытылу қорқынышының көлеңкесі біздің зәремізді ұшырмасын деп бір-біріміздің өзіміз ең қатты жақсы көретін ажал мәжілістерін сұрадық.

Заххактың[1] шайтанға алданып әкесін өлтірген сәті еске түсті бірден. Шахнаманың басында айтылатын сол аңыздың заманында әлем жаңадан жаратылғандықтар барлық нәрсе қарапайым болғаны сонша, ештеңені түсіндіріп жатудың қажеті жоқ еді. Сүт қаласаң ешкіні сауып сүтін ішесің, ат тілесең, үстіне мініп кетесің, жамандық десең, шайтан келіп сені әкені өлтірудің әдемі екендігіне сендірер еді. Заххактың араб ақсүйегі, әкесі Мардасты өлтіруі бір жағынан ешқандай себепсіз болғаны үшін әдемі еді, екіншіден қылмыс түн ішінде сарай бақшасын алтын реңді жұлдыздар сауыр ағаштар мен көктем гүлдерін әлсіз сәулемен нұрландырып тұрғанда жасалғаны үшін әдемі.

Атақты Рүстемнің дұшпан әскерін бастап келген баласы Сухрабпен үш күн бойы алысқан соң, баласы екенін білместен оны өлтіріп тастағанын еске алдық. Қылышпен кеудесін қақ бөліп тастаған кезде өлтірген адамының, Сухрабтың өз баласы екенін, көп жыл бұрын оның анасына берген білезіктен таныған Рүстемнің көз жасын көл қылып, өкінгенінен бәріміздің ішімізге түскен бір нәрсе бар еді. Ол не нәрсе?

Жаңбыр тәккенің төбесіне әлі тырсылдап жауып тұрғанда, әрлі-берлі сенделіп жүрдім де былай дедім: «Не әкеміз, ұстазымыз Осман бізге опасыздық жасап бізді өлтіреді, не біз опасыздықпен оның көзін құртамыз».

---

[1]*Заххак* – «Шахнамадағы» шайтанның азғыруымен құбыжыққа айналып кететін кейіпкер.

Бұл айтқандарым қате болғандықтан емес, шындық болғаны үшін үрейлендік әрі тіл қатпадық. Орнымда байыз таппай, бөлменің ішінде әрлі-берлі жүрген кезімде барлық нәрсені бұрынғы деңгейіне келтірсем деген толғаныспен өзіме былай дедім: Афрасиабтың Сияуышты өлтіргенін айтайын, тақырып ауысар. Бірақ ондағы сатқындықтың жөні бөлек, сондықтан қорықпаймын. Хұсраудың өлтірілген сәтін айтайын ба? Жақсы, бірақ Фирдоусидің «Шахнамада» жазғанындай ма, жоқ әлде Низамидің «Хұсрау мен Шырында» жырлағанындай қылып айтам ба? Шахнамада мұнайтатын нәрсе – қанішер бөлмеге кіргенде Хұсраудың келген адамының кім екенін көз жасын төге отырып түсінген сәті! Соңғы бір амал ретінде қасындағы қызметші бозбаланы «Мен намаз оқиын, бар, маған су, сабын, таза киім мен жайнамазымды әкел!» – деп жұмсайды. Бірақ ақылсыз бозбала мырзасының көмек шақыруға жібергенін түсінбейді де, оның сұраған заттарын әкелуге кетеді. Хұсраумен бірге бөлмеде жеке қалған соң қанішердің алғашқы жасаған ісі есікті іштен бекітіп алуы еді. Шахнаманың соңындағы осы мәжілісте қастандық жасаушылар тапқан қанішерді Фирдоуси тіксіне жырлайды: қолқаны қабар жаман иіс мұнкіген, үсті-басын жүн басқан, кіндігі салбыраған жан.

Әрлі-берлі жүрген кезімде басым сөздерге толып кетті, бірақ түсімдегідей нақты шешім шығар алмадым. Түсімдегідей, әлгілердің өзара сыбырласқанын, мені жамандап, дұшпандық қылмақ болғанын сол кезде сездім. Бірден үшеуі маған тарпа бас салды. Маған тұра ұмтылғандар сонша, бірден аяғымды көктен келтірді, төртеуміз де жерге құлап түстік. Жерде алысып-жұлысқанымызбен, ол көпке созылмады. Мені шалқамнан

жықты да, үстіме мініп алды. Біреуі тізелерімнің үстіне отырды. Біреуі оң қолыма.

Қара екі тізесін қолтық тұсыма тіреп, құйрығымен кеудемді басып, отырып алды. Бұл жағдайда қимылдау мүмкін емес еді. Бәріміз абдырап қалғанымызбен, алқына дем алумен болдық. Мына бір жайтты еске алдым:

Марқұм көкемнің менен екі жас үлкен жиіркенішті бір ұлы бар еді, құдай біледі, керуен тонап жүргенде ұсталып, басы баяғыда-ақ шабылған шығар. Сол қызғаншақ сорлы менің өзіне қарағанда көп нәрсе білетінімді, ақылды әрі нәзік жанды екенімді сезген соң әйтеуір бір сылтау тауып төбелес шығаратын, төбелес болмаса «күресейік» дейтін, мені дереу алып ұрып, астына басқан соң, тізелерін осылай қолтық тұсымнан тіреп, тура дәл қазір Қараның істеп отырғанындай көздерін менің жанарыма қадап, аузынан түкірік ағызатын; барған сайын созыла түскен бұл түкірік көздеріме қарай аға бастағанда, мен сәл тіксініп, басымды оңға-солға бұрып, қашуға тырысатынмын, ол соған мәз болатын.

Қара ештеңені де жасырмауымды айтты.

– Соңғы сурет қайда? Мойында!

Екі нәрсе үшін көкірегім қасірет шегіп, ыза болатын: өзара келісіп алғанын басында аңғармай, текке сөйлегенім үшін; қызғаншақтық дәл осы жерге дейін келетінін еш ойламай, алдын ала қашып кетпегенім үшін өкінемін әрі ыза боламын. Соңғы суретті шығарып бермесем бауыздайтынын айтты Қара. Күлкілі нәрсе. Аузымды ашсам ішімдегі шындық шығып кетердей болып, ернімді тістеп жатырмын. Қолдан келер ештеңе жоқ екенін де ойлап қоямын бір жағынан. Өзара ақыл-

дасып, мені қанішер деп Бас қазынашыға айтар болса, осы бәледен құтылған болар еді. Жалғыз үмітім Осман ұстаздың басқа біреуді, басқа тұсты көрсету мүмкіндігі еді, бірақ ол туралы Қараның айтқандары шын ба? Осында мені олтіре салады, кейін қылмысты мен жасағандай қылып, бәле-жаланың бәрін маған арта сала ма?

Қанжарды кеңірдегіме тіреді. Қараның бұл істен ләззат алатындығын бірден байқадым. Сырын жасыра алмады. Жағымнан тартып жіберді. Қанжар кесіп бара ма? Тағы да ұрды. Бірақ мына қисынды да ойлап қойдым: Ештеңе айтпасам маған ештеңе болмайды! Бұл маған іштей жігер берді. Ғұмыр бойы бояуды айқын әрі әдемі қолданғаным, ең әдемі сызықтарды салғаным, ең жақсы нақышты жасағаным үшін сонау шәкірт кездерінен бері маған қызғанышпен қарағандарын жасыра алмады. Менің өнерімді осыншама қызғанғандары үшін оларды жақсы көремін. Сүйікті бауырларыма күлімсірей қарадым. Біреуі (бұл оңбағандықты кім жасағанын білгендеріңді қаламаймын) ұзақ уақыт қасірет шегіп, жолыға алмаған сүйіктісін сүйгендей мені құшырлана сүйді. Өзгелері қолдарындағы шырағдандарын жақындата ұстап, қарап тұр еді. Мен де сүйікті бауырымның бұл сүйісіне жауап бердім. Барлық нәрсенің бітетін кезі жеткен болса, ең әдемі нақышты мен жасағанымды жұрт білуі тиіс. Мен жасаған парақтарды тауып алып, қарандар оларға.

Сүюге сүюмен жауап беруім оны ашуландырса керек, ызалана сабай бастады мені. Бірақ қасындағылар тоқтатты оны. Не істейтіндерін білмей, біраз абдырап қалды. Өзара дауласа бастағаны Қараның ашуына тиді. Мен емес, өмірлеріндегі ұстаған бағыттары ызалан-

лыратын сияқты, сол себепті өштерін тұтас жаһаннан және баршадан алғылары келеді.

Қара қойнынан бірдеңе шығарды, ұшы үп-үшкір жіңішке, ұзын біз екен. Бір сәт көзіме жақындатып, сұғып алатындай әрекет жасады.

– Ұстаздардың ұстазы ұлы Бекзат осыдан сексен жыл бұрын, Герат қамалы дұшпан қолына өтер сәтте, бар шаруаның біткенін түсінді де, ешкім өзіне басқаша нақыш жасауды мәжбүрлемесін деп, абыроймен өзін соқыр қылды, – деді. – Бұл бізді өз көздеріне баяу сұғып, қайта шығарғаннан кейін, біраз уақыт өткенде Алланың теңдессіз түнегі сүйікті құлына, керемет қолы бар нақышкердің жанарын жаулады. Сөйтіп, өзі соқыр әрі мас Бекзатпен бірге Гераттан Тебризге барған бұл инені Шах Тахмасп Падишамыздың әкесіне, әлгі аңызға айналған Шахнамамен бірге сыйлық ретінде жіберіпті. Осман ұстаз бұл инені олар неге жібергенін түсіне алмады. Бірақ осынау сыйлықтың астарындағы арам ниетті және қисынды бүгін көрді. Падишамыздың да бұдан былай өз суретін франк шеберлерінің стилімен салғызғысы келетінін, өз балаларынан да артық жақсы көрген нақышкерлерінің, сендердің опасыздық жасағандарыңды көрген соң Осман ұстаз кеше түнде Қазына бөлмесінде тура Бекзат сияқты инені өз көздеріне сұғып алды. Қазір оның тұтас өмірін арнаған нақышханасын шыңыраудың жиегіне қарай сүйреп, қиратуға бастап бара жатқан сен малғұнды соқыр етсем қайтеді, а?

– Мені соқыр қылсаң да, қылмасаң да түптің-түбінде бізге орын жоқ, – дедім. – Осман ұстаз шынымен соқыр бола ма, не болмаса оліп қала ма, біз де франктардың әсерімен, көңіл қалауымен, барлық кемшілік-

тер мен адами келбетіміздің нақышын жасап, стиль, қолтаңба иесіне айналамыз, өзімізге ұқсай бастаймыз, бірақ өзіміз емеспіз, бола алмаймыз. Жоқ, көне шеберлер тәрізді нақыш жасайық және тек солар тәрізді нақыш жасасақ қана өзімізді табамыз дейтін болсақ, Осман ұстазды да шеттете бастаған Падишамыз біздің орнымызға басқаларды табады. Ешкім бізге назар аудармайтын болады, тек аяйды. Кофеханаға жасалған шабуыл жараға тұз сепкенмен бірдей. Өйткені осы оқиғаның жартысы уағызшы имамға тіл тигізген бізге, нақышкерлерге қатысты, біздің де қателеріміз бар.

Бір-бірімізбен алауыз болудың зияны көп екенін түсіндіруге тырыссам да ешқандай пайдасы болмады. Мені тыңдайтын ниеттері де жоқ, қобалжулы еді. Таң атқанша араларындағы біреуді тергеп-тексеріп жатпастан, нақақтан-нақақ болса да кінәлі етіп шығарулары керек, сонда ғана осы тығырықтан шығатындарына, жендеттердің азаптауына түспейтіндіктеріне, сонымен бірге нақышханада да әр нәрсе бұрынғыдай сақталып, жылдар бойы сол дәстүр ұмытылмайтындығына сеніп еді.

Бірақ сонда да Қараның қорқытып-үркітуі қалған екеуіне ұнай қойған жоқ. Егер қылмыскер басқа адам болып шықса, мені бостан-босқа соқыр қылып тастағандары Падишаның құлағына жетсе ше? Қараның Осман ұстазбен жақындығы, ол туралы әңгіме айтуы да оларды сескендіреді. Қараның ашуға булығып, көзімнің алдына қайта-қайта әкелген үшкір бізін әлгі екеуі алыстатуға да тырысып көрді.

Қолындағы инесін біреу тартып алатындай, біз өзара келіскендей алаңдап, абыржып кетті Қара. Итіс-тартыс болды тағы да. Көзімнің тура алдындағы ар-

палыстан қашу үшін басымды шалқайтып, көздерімді бізден алыстатуға ғана мұршам келді.

Содан соң барлық нәрсенің көз ілеспес жылдамдықпен өткені сонша, бастапқыда не болғанын ұқпай қалдым. Оң көзім қатты ауырып кетті де, басыла қалды, маңдайым ұйып кеткендей болды. Одан соң бәрі қаз-қалпына келді, бірақ көңіліме шоқ түсті, бір сұмдықтың болғанын сездім. Шамды алыстатып қойғанды, бірақ әлгінің қаранғыда бізді бұл жолы сол көзіме сұғып алғанын толық көрдім. Қараның қолынан бізді дереу жұлып алған еді, бұл жолы бар ісін абайлап, ынтамен жасады. Иненің бір сәтте көзіме кіріп кеткенін түсінгенде қимылдамадым, алғашқыдай біраз ауырсындым. Маңдайымнан басталған ұю сезімі тұтас басыма жайылғандай болды, инені қайта суырып алғанда бәз-баяғы қалпына келіп, ұйығаны басыла қалды. Біресе менің көзіме, біресе біздің ұшына қарап тұр еді. Бейне бір өздеріне сене алмай тұрған тәрізді. Маған істеген қастықтарына көздері әбден жеткен соң, итіс-тартыс, алыс-жұлыс сап тыйылды, қолдарымды да босата салды олар.

Ұлығандай болып, айғайлай бастадым. Ауырғаннан емес, басыма туған күнді түсінудің сұмдығынан бақырдым. Қанша бақырғанымды білмеймін. Әу баста шыңғырғаным тек мені емес, олардың да көңілдерін жай таптырғанын сездім. Үнім бізді бір-бірімізге жақындастыра түскен еді.

Бірақ шыңғыруым ұзаған сайын абыржи бастағандарын көрдім. Көздерім ауырып тұрған жоқ, бірақ қос жанарыма да ине сұғылғаны ойымнан шықпай қойды.

Алайда әлі соқыр болмаған едім. Маған сескене әрі мұнаа қарап тұрғандарын, тәккенің төбесіне түскен

көлеңкелерінің қимылын әлі көріп жатырмын, оған да шүкір. Бұл мені бір жағынан қуантса, екінші жағынан абыржытты.

– Қоя беріңдер мені! – деп бақырдым. – Жіберіңдер, айналадағы нәрселерді соңғы рет бір көрейінші.

– Айт кане, – деді Қара. – Зариф Ефендімен сол кеште қалай кездестіңдер? Сонда ғана қоя береміз сені!

– Кофеханадан үйге қайтып келе жатқанмын, бейшара Зариф Ефенді кездесе қалды. Абыржулы еді, жағдайы нашар екені көрініп тұрды. Бастапқыда оны аядым. Бірақ жіберіңдер мені, содан кейін айтайын. Көз алдым қарауытып барады.

– Бірден қарауытпайды, – деді Қара маңғаздана. – Осман ұстаз танауы кесілген атты тесік көзімен анықтады, маған сенуіңе болады.

– Байғұс Зариф Ефенді менімен сөйлескісі келетінін, тек қана маған сенетінін айтты.

Бірақ қазір оны емес, өзімді аяп жатыр едім.

– Көздеріне қан толмастан бұрын айтар болсаң, таңертең әлемге соңғы рет құмарлана, тойғанша қарай аласың, – деді Қара. – Байқадың ба, жаңбыр да басылыпты.

– Қайтадан кофеханаға барайық, – дедім оған.

Бірақ ол жерді ұнатпайтынын, тіпті қорқатынын бірден аңғардым.

– Шәкірт кезімізден бері, жиырма бес жыл бірге нақыш жасағаннан кейін Зариф Ефендінің біздің әбден алыстағанын да алғаш рет сол жолы байқадым. Соңғы тоғыз жылда, үйленгеннен бері оны нақышханада көруші едім, бірақ не істеп жүргенін білмейтінмін... Маған соңғы суретті көргенін айтты. Онда аса ауыр күнә бар екен. Ешқайсымыз бұл күнәның азабынан

құтыла алмайды екенбіз. Сондықтан бәріміз тозақта жанатынымызды айтты. Қобалжып тұрды, қорқатыны байқалады, байқамай ауыр күнә жасаған адамның сезімі бойын кернепті.

– Ауыр күнә не екен сонда?

– Осыны мен одан сұрағанымда «білмейсің ба, не?» дегендей көздерін бақырайтып, таңғалды.

Шәкірт кезіміздегі досымыздың біз сиякты картайғанын сол кезде ойладым. Байғұс Жезденің соңғы суретте перспектива стилін ағат қолданғанын айтты. Бұл суретте франктар жасайтындай, заттар Алланың ақылындағы маңыздарына қарай емес, көзімізге көрінгеніндей сызылыпты. Бұл үлкен күнә екен. Исламның халифасы Падишамызды бір итпен бірдей көлемде сызу – екінші күнә екен. Үшінші күнә – сол көлемде шайтанның суретін салып, оны адамға жақын етіп қойғандығымызда жатыр екен. Бірақ бәрінен үлкен күпірлік, суретке франк түсінігін қосқан кезде Падишамыздың суретінің аса ірі әрі келбетінің барлық ерекшеліктерімен қоса салынғаны, пұтқа табынатындар сиякты болса керек.

Пұтқа табынатын кезден қалған әдеттерінен құтыла алмаған христиандардың шіркеу қабырғаларына іліп, сәжде жасайтын портреттері сиякты екен. Зариф Ефенді Жездеден естіген бұл сөзді жақсы біледі және портреттің ауыр күнә екеніне, портретпен бірге мұсылман суретінің аяқталатынына сеніп алыпты. Онысы дұрыс еді. «Уағыз хазіретіне және дінімізге тіл тигізеді екен» деп кофеханаға бармай қойғандықтан, бұлардың бәрін маған көшеде келе жатқандай айтты. Ара-тұра тоқтай қалып, көмек сұрғандай: «Мұның бәрі рас па? Бір амалы жоқ па, тозақта жанамыз ба?» – деп сұрайды

менен. Өзегін өртеген өкініш көңілін алай-дүлей етіпті, бірақ бір сәтте оған сенбейтінімді сездім. Қайғырған сыңай танытқан екіжүзді адам еді.

– Оны қалай білдің?

– Зариф Ефендіні бала күнінен танимыз. Өте адал, бірақ түйық, солғын әрі өңсіз адам. Тәзхибтері сияқты. Ал алдымда тұрған адам одан гөрі әлдеқайда ақымақ, иланғыш әрі жадағай біреу еді.

– Ол ерзұрымдықтармен араласатын көрінеді, – деді Қара.

– Ешбір мұсылман абайсызда күнә жасадым деп осыншама шыр-пыр болмайды, – дедім. – Жақсы мұсылман Алланың әділ әрі қисынды екенін және құлының ниетін есепке алатындығын біледі. Абайсызда доңыз етін жегені үшін тозаққа кететініне тек тауықтың миындай ғана миы бар надандар сенеді. Шын мұсылман тозақтан қорқудың өзін емес басқаларды үйреулендіру үшін керек екенін біледі. Зариф Ефенді осыны жасап еді, мені қорқытқысы келді. Оған осылай жасауды сөз жоқ, Жезден үйреткен. Мұны да сол кезде түснідім. Қазір шындарыңды айтыңдаршы маған, сүйікті нақышкер бауырларым, көзіме қан ұйи бастады ма, қарашығы солып бара ма?

Шамдарды бетіме жақындатты, көзіме мейірлене қарап, үнілді.

– Ештеңе болмаған тәрізді.

Әлемде ең соңғы рет көретін нәрсем көзіме үнілген осы үшеуі ме? Өмірімнің соңына дейін сол сәттерді ешқашан ұмытпайтынымды түсініп, өкінсем де үмітім бар екенін түйсініп, әңгімемді жалғастырдым:

– Жезден Зариф Ефендіге тыйым салынған бір іс жасағанын айтты. Соңғы суреттің үстін жауып, сол

суреттің әр бұрышын бір-бірден ашып, сол жерге сурет салғызды, суретті тұтас көрсетпеді бізге... Суретке құпия әрі тылсымға толы жұмыс қасиет беріп, күнә қорқынышын кіргізді. Бізге де жұққан уайым мен күнәға қатысты қобалжуды да сол берді, өмірлерінде нақышы бар кітап көрмеген ерзұрымдықтар емес. Олай болса, ұжданы таза нақышкер неден қорқуы керек?

– Ұжданы таза нақышкердің қазір қорқатын көп дүниесі бар, – деді Қара адуын мінез байқатып. – Иә, нақыш жасауға қатысты ешкім ауыз аша алмайды, бірақ суретке біздің дінде тыйым салынған. Ғажам шеберлерінің суреттері, тіпті гераттық ұстаздардың ең таңғажайып туындылары да кітаптағы безендірудің, беттің шетіндегі өрнектердің бір бөлігі ретінде бағаланатындықтан, жазудың әсемдігі, хұснихатшының ғажайыптары алға шығады да, нақышқа ешкім соқтықпайды. Онсыз да нақышымызды қанша адам көруші еді? Бірақ франк шеберлерінің стильдерін пайдаланған кезде біз жасаған нақыш тек нақыш болудан қалады, түп-тура суретке айналады. Құран Кәрімде тыйым салынған, Пайғамбарымыз ұнатпаған нәрсе – осы. Падишамыз да, Жездем де мұны жақсы білетін еді. Жездем сол себепті өлтірілді.

– Жездең қорыққаны үшін өлтірілді, – дедім. – Сен сияқты ол да өзі жасаған нақыштың дінге, кітапқа қайшы емес екендігін айта бастаған... Бұл дінге қайшы нәрсе табу үшін жанталасып жүрген ерзұрымдықтардың көктен іздегенін жерден берген еді. Зариф Ефенді мен Жездең бір-біріне «апама жездем сай» дейтіндей адамдар.

– Демек, екеуін де сен өлтірдің ғой, солай ма? – деді Қара.

Бір сәт мені ұра ма деп ойладым және сол сәтте сұлу Шекуренің жаңа күйеуі Жездесінің өлтірілгеніне қатысты қандай да бір уайымы жоқ екенін аңғардым. Ұрмауы тиіс еді, ұрғанның өзінде қорқа қоймас едім.

– Іс жүзінде Падишамыздың қалағаны франк нақышкерлерінің ықпалымен бір кітап жасату ғана еді, – дедім қасарысып. – Жездең баршаға қарсы майдан ашқан, күнә қорқыныш сіңген кітапты өркөкіректену үшін жасағысы келді. Саяхатта жүріп франк шеберлерінің суреттеріне есі кете қайран қалғанды, бәрімізге талай күн әңгімелеп берген нәрсеге (сағаң да айтқан шығар сол перспектива және портрет деген қияли дүниелерін) күдіксіз сенді. Менің ойымша, біз даярлап жатқан кітапта зиянды ештеңе жоқ еді, дінге қайшы нәрсе де жоқ-тұғын... Ол мұны білгендіктен, қауіпті бір кітап даярлатып жатқандай әсер туғызды әрі мұнысы өзіне ұнайтын... Падишаның тікелей рұқсатымен осындай қауіпті іс атқарып жату, франк шеберлерінің туындыларына қайран қалумен бірдей еді. Қабырғаға ілінетін сурет салсақ күнә болады, ол дұрыс. Алайда әлгі кітап үшін нақышын жасаған суреттердің ешбірінде дінге қайшы бір нәрсе, күпірлік, дінсіздік, тіпті мыскалдай болса тыйым салынған зат, қорқыныш сезбедім мен. Сендер сездіңдер ме?

Жанарларым өзінің қуатынан айырыла бастаған еді, бірақ сауалымның оларды екіұдай сезімге енгізгенін көре алдым, шүкір.

– Нақты ештеңе дей алмайсыңдар, ә? – дедім мәз болып. – Нақышын жасаған суреттерде білінер-білінбес күнә, дінсіздіктің көлеңкесі бар екенін іштей ойласаңдар да мұны ешқашан мойындап, айта алмайсыңдар. Өйткені сендерді айыптап жүрген ерзұрымдық

дүшпандарыңды, медресе шәкірттерін құптағанмен бірдей ол. Бір жағынан сүттен ақ, судан таза екендеріңді де сенімді түрде айта алмайсыңдар, өйткені құпия, тыйым салынған нәрселерді жасаудың бас айналдырардай мақтанышынан, сыпайы ғана кеудемсоқтық жасаудан бас тартумен бірдей бұл. Мен де осылай өзімді ұлы санағанымды қалай түсіндім білесіңдер ме? Бейшара Зариф Ефендіні түн ішінде осы тәккеге ертіп келгенде білдім! Оны сөзбүйдаға салып, көшемен жүре-жүре тоңғандықтан, осында ертіп келгенмін. Іс жүзінде календери тобынан қалған соңғы адамдардың бірі, ең жаманы оларға еліктеуші екенімді көруі ұнады маған. Бәтшағарлық, нашақорлық, оңбағандық пен құдай сүймес қылықтардың неше түрін жасаған, тарап кеткен тарикаттың соңғы өкілі екенімді көргенде Зариф Ефенді менен тіпті қорқып, маған құрмет көрсетіп, сескенгендіктен аузын жабар деген едім. Бірақ бәрі керісінше болды. Осы жер ұнамайтынын, тауықтың миындай ақылы бар бала күнгі досымыз Жезденнен естіген дінсіздікке қатысты айыптаулардың дұрыс екендігін айтты. Осылайша әу баста: «маған жәрдемдес, тозаққа түспейтінімізге сендірші мені, бүгін түнде тыныш ұйықтайын» деген шәкірт күнгі досымыз сес көрсеткендей болып, «мұның ақыры жақсылыққа апармайды» дей бастады. Соңғы суретте Падишамыздың тапсырмасынан алыстап кеткенін, Падишамыздың мұны кешірмейтінін, өсек-аяңның ерзұрымдық уағызшының құлағына да жететінін айтты. Барлық істің тамаша екендігіне, қорқатын ештеңе жоқ екендігіне оны сендіру мүмкін болмады. Жезденің қисынсыз әңгімелерін: дінге тіл тигізеді, шайтанды сүйкімді көрсетеді деген лақап сөздерін өсіріп, ерзұрымдық уағызшының

қасына жиналған надан достарына айтатынына, олардың бұл жалаға сенетініне көзім жетті. Падишамыздың назарына ілінгеніміз үшін, тек әхли-хиреф[1] тобының ішіндегілер ғана емес, барлық өнерпаздардың бізге қызғанышпен қарайтынын білесіңдер. Бұдан соң бәрі бірігіп әрі қуанышпен: «Нақышкерлер дінсіздік жасап жатыр», – дейтін еді. Оның үстіне Жезде мен Зариф Ефендінің бірге жұмыс істеуінің кесірінен бұл жала шындық тәрізді көрінер еді. Жала деймін, себебі Зариф бауырымыздың кітап пен соңғы сурет туралы айтқандарына ешқашан сенбеймін. Сол кезде мен марқұм Жездене шаң жуытпайтынмын. Тіпті Падишамыздың көңіл хошының Осман ұстаздан оған ауғанын дұрыс деп есептеп, франк шеберлері мен олардың суреттері жайлы маған айтқан ұзын-сонар әңгімелеріне оның дәл өзіндей болмаса да, сенетінім рас еді. Біз, Османлы нақышкерлері, шайтанмен саудаласпастан, франк стильдерінің ана жер, мына жерінен көңіліміз қалағанша әрі саяхаттарда көргеніміздей әдемісін аламыз. Бұл бізге бәле болып жабыспас деп ойлайтынмын. Өмір сүру жеңіл еді әрі марқұм Жездең маған Осман ұстаздан кейін осы жаңа өмірде жаңа әке еді.

– Ол жағына бармай-ақ қой, – деді Қара. – Зарифті қалай өлтірдің, алдымен соны айт!

– Бұл істі, – дедім, өлтіру сөзін қолдана алмасымды түсініп, – бұл істі тек біз үшін, өзімізді құтқару үшін емес, тұтас нақышхананың амандығына бола жасадым.

Зариф Ефенді қолына қатерлі қару алғанын, сес көрсететін құралына не болғанын түсініп қойып еді. Маған бұл оңбағанның қаншалықты жексұрын екенді-

---

[1]*Әхли-хиреф* – өнер қауымдастығы.

гін көрсетсе екен деп Ұлық Аллаға дұға етіп, жалбарындым. Алла менің дұғаларымды қабыл етіп, оңбағанның арам ниетін көрсетті. Оған ақша ұсындым. Ойыма осы алтындар түсті, бірақ Алланың шабытымен өтірік бір әңгіме айта салдым. Алтын токкеде емес, оларды басқа жерге жасырғанмын. Тысқа шықтық. Бос көшелерде, алыс махаллаларда қайда бара жатқанымды өзім де білместен, мақсатсыз жүрдік те қойдық. Не істейтінімді білмедім, әрі қорқып келе жатыр едім. Мақсатсыз әрі нақты бағытсыз жүріп келе жатып, бір рет өтіп кеткен көшеге қайта келгенде күллі ғұмыры қайталауға толы болған Зариф Ефенді ашулана бастады. Бірақ Алла да алдымызға өрттің орны мен оның маңайынан кеуіп қалған құдық шығара қойды. Осы тұсқа келгенде қалғанын айта алмайтынымды түсініп, оларға:

– Сендер де менің орнымда болсаңдар, барлық нақышкер бауырларымыздың амандығын ойлап, тура мен істеген істі қайталайтын едіңдер, – дедім батылдықпен.

Мені құптағанын естігенде жылағым келді. Маған көрсеткен мейірімдері үшін шығар демекші едім, олай емес екен. Оны өлтіріп, лақтырып кеткен құдықтың түбіне мүрдесі түскенде шыққан дыбысты қайта естідім демекші едім, олай да емес екен. Өзгелер сияқты мен де қанішер болардан бұрын қандай бақытты едім! Осыны есіме алғаным үшін бірдеңе дегім келген, олай емес екен. Бала күнімде біздің кедей махалладан өткен соқыр кісі көз алдыма елестеді. Кір киімдерінің арасынан одан да өткен лас тостаған шығарып, махалладағы құдық шүмегінің қасына барып, алыстан бақылап тұрған балаларға – бізге былай деуші еді: «Балам, қайсың мына заңып ағаларыңның тостағаны-

на шүмектен су құйып бересің?». Ешкім келмеген соң бүй деуші еді: «Сауап қой бұл, балам, бұл сауап!». Қарашығының түсі солып, көзінің ағымен бірдей өнде еді.

«Сол соқыр ағаға ұқсап бара жатырмын-ау», – деп қобалжып, Жезде мырзаны қалай өлтіргенімді асығыс-үсігіс, бірақ майын тамыза айтып бердім. Айтқандарымның барлығы шындық емес еді, көп өтірігі де жоқ болатын. Екеуінің арасынан жүрекке салмақ түсірмейтін жол тапқан соң Жезде мырзаны өлтіру үшін үйіне бармағанымды түсінгендерін аңғардым. «Оны ниет етіп, әдейі өлтірмедім», – дегім келгенін түсінгендей, «жаман ниет болмаса тозаққа да түспейді» деп өзімді ақтап, кешірім тауып алғанымды да аңғарды.

– Зариф Ефенді Алланың періштелеріне тапсырғаннан соң, – дедім ойлы адамның кейпіне еніп, – кейінгі кезде марқұмның маған айтқандары ішімді жегі құрттай кеміре бастады. Соңғы сурет үшін қолымды қанға малуым әлгі суреттің бағасын да арттырды. Кітап үшін бізді үйіне шақыруды тоқтатқан Жездене соңғы суретті тағы да көрсетсін деп бардым. Суретті көрсетпегенімен қоймай, бәрі керемет сияқты қарсы алды мені. Адам өлтіретіндей бағалы сурет те, басқа дүние де жоқ екен-мыс! Мені көзге ілмеуін қойсын, санассын деп оған Зариф Ефендіні өлтіріп, құдыққа тастағанымды мойындадым. Менімен санасты, бірақ көзге ілмеуін қоймады. Баласын көзге ілмейтін әке болмайды. Осман ұстаз да бізге ашуланатын, сабайтын, бірақ бізді менсінбеу деген әдеті жоқ еді. Оған опасыздық жасағанымыз қате болды бауырлар.

Өлім аузында жатқан адамның соңғы сөздерін тыңдап отырғандай маған мұқият құлақ түрген бауырларыма күлімсіредім. Өлген адамның басынан

өтетініндей, мен де олардың бұлдырап, алыстап бара жатқанын көріп едім.

– Екі нәрсе үшін өлтірдім Жезденді: Ұлы ұстаз Османды франк нақышкері Себастианоны маймылдай қайталауға мәжбүр еткені үшін. Одан соң әлсіздік көрсетіп, одан «стилім бар ма?» – деп сұрағаным үшін өлтірдім.

– Не деді?

– Бар екен. Бірақ ол үшін бұл қорлау емес, мадақ еді. Бірден ұялып, бұл сонда мен үшін мадақ па деп ойлағаным есімде. Стильді өзімше арсыздық, оңбағандық деп бағалймын, бір жағынан ішімді жегі құрт кеміре бастады. Өз стилімнің болмағанын қалаймын, бірақ шайтан азғыруын қоймады, әуестігім тағы бар.

– Әркім жасырын болса да өз стилінің болғанын қалайды, – деді Қара адуындап. – Падишамыздың қалағанындай портретінің салынғанын тілейді барша жан.

– Бұл сонда емі жоқ дерт пе? – дедім. – Бұл дерт жайылған сайын франк шеберлерінің стильдеріне ешқайсымыз қарсы тұра алмаймыз.

Бірақ ешкім мені тыңдамады: Қара Шахтың қызына ғашықтығын ерте білдіргені үшін он екі жыл Дияры Чинге жер аударылған бақытсыз түркімен мырзасының хикаясын айтып отыр еді. Он екі жыл армандаған сүйіктісінің бірде-бір портреті болмағандықтан қытай сұлулары арасында өз ғашығының бейнесін ұмытып, махаббат дерті Алланың тарттырған азабына ұласады. Бірақ бұл айтқандарының өз хикаясы екенін бәріміз білетін едік.

– Жезденнің арқасында бәріміз портрет дегенді білдік, – дедім. – Күндердің күнінде өз өміріміз жайлы сескенбестен әңгімелеуді де үйренерміз, иншалла.

– Барлық ертегілер баршаның ертегісі, – деді Қара. – адамның жеке өзінікі емес.

– Барлық нақыш та Алланікі, – деп гераттық ақын Хатифидің өлең жолдарымен аяқтадым мен. – Бірақ франк шеберлерінің стильдері жайылған сайын барша жұрт өзгенің әңгімелерін өз өмірінен алынғандай етіп айтып беруді мақтаныш көретін болады.

– Шайтанның да тілегені осы.

«Мені жіберіңдер енді! – деп бар дауысыммен айқайладым. – Соңғы мәрте әлемді көрейін».

Сескеніп қалғанын көрген соң ішімде сенім пайда болды. Алдымен Қара өз-өзіне келді:

– Соңғы суретті шығарасың ба?!

Оған қарағаннан едім, Қара суретті шығарып беретінімді көздерімнен ұқты да, мені босатты. Жүрегім атқақтап кетті. Мен өзімнің кім екенімді сендерден жасыруға тырысқанымды баяғыда-ақ түсінген шығарсыңдар. Сонда да, гераттық көне шеберелер тәрізді әрекет жасағаныма таң қалмаңдар.

Олар қолтаңбаларын кім екендіктері білінбесін деп емес, ұстаздары мен ережеге құрмет көрсету үшін жасырады. Қолымда шырағдан, тәккенің қараңғы бөлмелерінің арасында өзімнің солғын көлеңкеме жол аша оытырып алабұрта алға аттадым. Көздеріме қараңғылықтың пердесі түсе бастады ма, жоқ әлде бөлмелер мен дәліздер осыншама қараңғы ма? Соқыр болардан бұрын әлі қанша уақытым, күнім, аптам қалды? Көлеңкем екеуміз тоқтай қалдық, асүйдегі елестердің ішінде, шаң басқан шкафтың таза бұрышындағы қағаздарды алып дереу кері қайттық. Қара сақтық үшін менің артымнан ерген-ді, бірақ қанжарды алмаған болатын. Соқыр болардан бұрын қанжарды алып оның да көзін шығарып жіберсем бе?

– Сокыр болмастан бұрын мынаны тағы көргеніме қуанып тұрмын, – дедім мақтанышпен. – Сендердің де мұны көргендеріңді қалаймын. Қане, қарандар!

Осылайша Жездені өлтірген күні үйінен алып кеткен соңғы суретті майшамның жарығында оларға көрсеттім. Екі беттің үлкендігіндей суретке қайран қала әрі үрейлене қағандарын көрдім. Айналып олармен бірге суретке қарағанымда аздап дірілдеп тұрған едім. Көзіме біз-ине кіргендіктен бе, жоқ әлде сезімге берілгіп кеткендігімнен бе, білмеймін, әйтеуір, ыстығым көтерілген сияқты.

Соңғы бір жылда осы екі беттің түрлі бұрыштарының бәріміз сызған ағаш, ат, шайтан, өлім, ит, әйел суреттері жезденің тұрпайылау да болса өзінше жасаған жаңа қатпар стиліне байланысты үлкенді-кішілі болып орналасыпты да, марқұм Зариф Ефендінің тәзхиб пен жақтаулары бізге кітаптың бетіне емес, терезеден күллі әлемді қарап тұрғандай күй сыйлады. Сол әлемнің ортасында Падишамыздың портреті болуы тиіс жерде менің біркезде мақтанышпен қараған өз портретім тұр еді. Бәлен күн бойы өшіріп, қайта сызып, айнаға қарай-қарай, барымды салып сызғаныммен, өзіме көп ұқсата алмағаным үшін қысылдым, бірақ сурет, бет тек күллі әлемнің ортасына мені қойғаны үшін емес, түсіндіре алмайтын шайтани бір себеппен мені әлдекайда терең, құпия, сан қырлы қылғаны үшін көңілім алабұртып кетті. Осы алабұртқан сезімімді көрсе, түсінсе, нақышкер бауырларым менімен бөліссе деймін. Бір жағынан падиша, король сияқты бар дүниенің тура ортасындамын, бір жағынан мен өзіммін. Бұл жағдай әрі мақтаныш, әрі ұят еді. Осы екі сезімнің бір-бірін теңестіріп, мені босаңсытқаны үшін суреттегі жаңа жағдайымнан бас айналдыратындай ләззат

аламын. Алайда бұл ләззат толық болуы үшін франк суретшілерінің өнерімен жүзімдегі, киімімдегі барлық ерекшеліктер, әжімдер, бүктелген тұстар, көлеңкелер мен безеулер, сақалымннан матаның тоқылғанына дейін барлық нәрсе, барлық түстерінің ең кішкентей өзгешеліктерімен бірге жүп-жұмыр, кемшіліксіз болуы керек еді.

Суретке қараған ескі достарымның жүзінен үрей мен қайран қалуды, бәрімізді іштен жеп бітірген, бірақ өзіміз бас тарта аламйтын қызғанышты көрдім. Күнәға белшесінен батқан біреуге ашумен тіксінгендей, сескене күндеп тұр еді.

– Бұл жерде май шамның жарығымен осы суретке қараған түндерде алғаш рет Алланың мені тәрк еткенін әрі жалғыздығымда тек шайтанның ғана маған дос бола алатынын сезіндім, – дедім. – Шынында да дүниенің қақ ортасында болсам (суретке әрбір қарағанымда солай болуын тілеймін), айналамдағы барлық сүйікті заттарыма, тіпті сұлу Шекуреге ұқсаған әйел мен дәруіш достарыма, суреттің көп бөлігін алып жатқан қызыл түске қарамастан өзімді жалғызсырағандай сезінер едім. Адами болмысым мен ерекшелігім болғанынан, өзгелердің маған сәжде жасағанынан қорықпаймын, керісінше болғанын қалаймын.

– Яғни, өкінбейсің ғой, иә? – деді Ләйлек жұма уағызынан енді шыққан адамның әдетіне басып.

Екі адамды өлтіргенім үшін емес, осындай сурет салынғаны үшін шайтан тәрізді сезінемін мен. Ол екеуін осы суретті салу үшін өлтіргенімді ойлаймын. Алайда жаңа жағдайдағы жалғыздық мені қорқытады. Олардың өнерлерін үйренбей тұрып франк шеберлеріне ұқсауға тырысу нақышкерді құл қылады. Осы

жағдайдан қашқым келеді. Іс жүзінде екеуін де нақышханада барлық нәрсе бұрынғыша болсын деп өлтіргенімді сендер ұқтыңдар, Алла да түсінген шығар.

– Бірақ бұл бәріміздің басымызға бәле болып жабысады, – деді сүйікті Көбелек.

Әлі суретке қарап тұрған есерсоқ Қараның білегінен бір сәтте шап бердім, барлық күшіммен, тырнағымды да етіне батырып, қыстым, сөйтіп қолын қайырып алдым. Бос ұстап тұрған қанжары қолынан түсіп кетті. Жерден көз ілеспес жылдамдықпен іліп алдым.

– Бастарыңа төнген бәледен мені азаптауға беріп құтыла алмайсыңдар енді, – дедім. Қанжардың үпүшкір ұшын Қараның көздеріне сұғатындай жақындаттым. – Біз-инені бері әкел!

Қарулы қолымен бізді шығарып берді, қойныма салып алдым. Қозыдай моп-момақан бола қалған көздеріне тіке қарадым.

– Саған байға тиюден басқа амалы қалмағандықтан Шекуреге жаным ашиды, – дедім. – Сендерді бәледен құтқарайын деп Зариф Ефендіні өлтіруге мәжбүр болмасам, маған тұрмысқа шығып, бақытты болар еді. Әкесінің бәрімізге айтқан франк шеберлерінің мысалдары мен тапқырлықтарын ең жақсы түсінген адам менмін. Сол үшін осы соңғы сөзімді тыңдап алыңдар: Осында өнері мен ар-намысын сақтап өмір сүргісі келетін шебер нақышкерлерге енді орын жоқ, соны ұқтым. Егер марқұм Жезденің және Падишаның қалағанындай франк шеберлерін қайталасақ, ерзұрымдықтар болмағанның өзінде Зариф Ефенді сияқтылар ішімізде бізді үрейлендіріп ұстайды, соңына дейін бара алмаймыз. Шайтанға еріп, ақырына дейін шыдап, өткен күнің барлығына опасыздық жасап, бір стиль мен

франк үлгісіндегі кісілік қалыптастыруға тырыссақ та менің осы өз суретімді салуға өнерім мен білімінің жетпегені сияқты бәріміз табысқа жете алмаймыз. Салған суретімнің қарабайырлығынан, оны өзіме жөні түзу етіп ұқсата алмауымнан франк шеберлерінің өнерінің ғасырлар бойы үйренетін нәрсе екеніне (онсыз да бәріміз білетін нәрсе бұл) тағы көз жеткіздім. Жезде мырзаның кітабын бітіріп, оларға жолданса венециялық шебер суретшілер бізге күлімсірейді, олардың күлуі Венеция дожына өтеді, сонымен тәмам. «Османлы Османлы болудан бас тарта бастапты» дейтін еді, бізден қорықпайтын болады. Көне шеберлердің жолымен кетсек қандай жақсы болар еді! Бірақ Падишамыз хазіреті де, Шекуренің портреті жоқ деп күйінген Қара мырза да қаламайды мұны. Олай болса осында қалыңдар да франк стильдерін жүздеген жыл бойы қайталаңдар! Көшірме суреттеріне мақтанышпен қол қойыңдар. Гераттық көне шеберлер әлемді Алланың көргеніндей нақыш жасауға ұмтылғанда өзіндік болмысы бар екенін жасыру үшін қолтаңба қалдырмайтын. Сендер болсаңдар кісілік болмыстарың қалмағанын жасыру үшін қол қоятын боласыңдар. Бірақ бұдан құтылатын жол әлі бар, бәлкім сендердің де есіктеріңді қағып, хабар айтқан шығар, менен жасыратын шығарсыңдар. Үнді падишасы Әкбар алтын мен сүйіспеншілік жаудырып, жиһанның ең өнерпаз нақышкерлерін өз айналасына жинап жатыр. Белгілі болды, осында, Ыстамбулда емес, арадағы нақышханада исламның мыңыншы жылы үшін аяқталуы тиіс кітапты жасаймыз.

– Сен сияқты жан-жақты ойлап, жинақталу үшін нақышкердің алдымен адам өлтіруі керек пе еді? – деп сұрады Ләйлек.

– Ең қабілетті әрі өнерпаз болсаң жетеді, – дедім оны көзге ілмей.

Алыстан бір қораз екі рет шақырды. Қоржынымды, алтындарымды жинадым, үлгіге арналған дәптерлерімді, суреттерімді қапшығыма салдым. Үшкір ұшын Қараның кеңірдегіне тіреген қанжармен оларды бір-бірден өлтіре салсам ба деген ой да келді, бірақ сонау бала күнімнен бері бірге болған достарымды, көзіме ине сұғып алған Ләйлектің өзін де қатты жақсы көремін.

Орнынан тұрған сүйікті Көбелекке бір ақырып, орнына қайта отырғыздым. Бұл маған тәккеден аман-есен шыға алатынына көзімді жеткізді, көкірегіме сенім ұялады, асықтым, дәл есіктен шыға бергенімде ойымда жүрген сөзімді асығыстықпен айта салдым:

– Ыстамбулдан осы кетуім Ибн Шакирдің моңғолдар басып алған Бағдаттан шығуына ұқсайтын болады, – дедім.

– Олай болса шығысқа емес, батысқа кетуің керек, – деді қызғаншақ Ләйлек.

– Шығыс та, Батыс та Алланікі, – дедім марқұм Жезде тәрізді арабшалап.

– Бірақ шығыс – шығыста, батыс – батыста, – деді Қара.

– Нақышкер өркөкіректенбеуі керек, – деді Көбелек. – «Шығыс» деп, «Батыс» деп дертті болғанша, көңілінен қалай шықты, солай сурет салуы керек!

– Бұл енді дұрыс пікір, – дедім сүйікті Көбелекке. – Сені сүйіп алгым келеді.

Бірақ оған қарай екі адым аттағаным сол еді, Қара сабырсыздана маған қарай тап берді. Бір қолымда кнім-кешек пен алтын толы қоржыным, қолтығымда сурет салған қапшығым бар еді. Оларды қорғаймын

деп жүріп жалтара алмай қалдым. Қанжар ұстаған қолыма жабыса кетті. Бірақ оның бағы тайыпты, аяғы күрсіге шалынып, теңселіп кеткенде білегімді қайырмақ түгілі, қалбалақтап оған жабысып, оны сүйеніш көргендей бір халге келді. Бір аяғынан бар күшіммен оны теуіп жүріп, саусақтарын тістеп, сілки бастадым. Жан дауысы шықты. Тістеп алған саусағынан ұстап төмен бастым да, қалған екеуіне қанжарымды көрсетіп ақырдым.

– Отырған жерлеріңнен қозғалмаңдар!

Отырып қалды. Қанжардың ұшын аңыздағы Кейкауыстың жасағанындай Қараның танау тесігіне сұқтым. Қан аға бастағанда жалбарынған көздерінен ащы жасы да шықты.

– Қане, айт қазір, – дедім. – Соқыр боламын ба мен?

– Әпсана бойынша қан біреудің көзін басады, біреудікін баспайды. Алла сенің нақышыңа көңілі толса, сені қасына алу үшін өзінің таңғажайып түнегін береді. Онда осынау бейшара дүниені емес, оның өзі көретін таңғажайып көріністерді көресің. Нақышыңа көңілі толмаса қазіргідей көре бересің.

– Нағыз нақышты Дияры Хиндте жасаймын мен, – дедім. – Алла мені бағалайтын суретті әлі салған жоқпын.

– Франк стильдеріне қашамын деп қиялдама! – деді Қара. – Әкбар ханның барлық нақышкерлерге суреттеріне қолтаңба қоюды мәжбүрлеп жатқанын білесің бе? Португалдық иезуит поптары франк суреті мен стильдерін ол жерге баяғыда-ақ апарған. Олар енді барлық жерде бар.

– Таза қалғысы келген жанның жасайтын бір ісі, қашатын бір жері әрқашан болады, – дедім.

– Иә, соқыр болу және бұл пәниде жоқ өлкелерге қашу, – деді Ләйлек.

– Неге таза қалғың келеді? – деді Қара. – Біз сияқты қал осында, араласып кет бәріне.

– Барлық өмірінде жеке стилім болсын деп франктерді қайталайды, – дедім. – Франктерді қайталағаны үшін жеке стиль де болмайды.

– Басқа істейтін шара жоқ, – деді Қара арсыздықпен.

Нақыш емес, сұлу Шекуре ғана оның жалғыз қуанышы. Ұшына қан жұққан қанжарды Қараның қанаған мұрнынан тартып, басын шауып түсіретін жендеттің қылышы сияқты көтердім.

– Қаласам, сенің басыңды кесіп аламын, – дедім оған, – бірақ Шекуренің балалары мен бақыты үшін сені өлтірмеуіме болады. Оған жақсы қара, айуандық, надандық жасама. Уәде бер маған!

– Уәде беремін, – деді.

– Сені Шекуреге қидым, – дедім.

Бірақ қолым аузымнан шыққан сөзге қарама-қайшы әрекет жасап еді. Бар күшіммен қанжарды Қараға қарай сілтеп қалдым. Соңғы мезетте ол орнынан қозғалғандықтан әрі мен де соққының бағытын ауыстырып жібергендіктен қанжар мойнына емес, иығына тиді. Қолымның өздігінен жасаған ісіне үрейлене қарадым. Етке бойлай кіріп кеткен қанжарды суырып алғанымда ол жер қып-қызыл болып шыға келді. Бір жағынан, қорықтым, бір жағынан, ұялдым істеген ісіме. Алайда көп кешікпей Араб теңіздерінде, кемеде соқыр болып қалсам кек алу үшін нақышкер достарымның бірдебіреуін қасымнан таба алмайтынымды да білетін едім.

Өзіне де кезек келерінен қорыққан Ләйлек ішке қарай, қараңғы бөлмелерге қашты. Қолыма шам алып

ізіне түстім, бірақ қорқып кері қайттым. Ең соңғы жасаған ісім Көбелекпен сүйісіп, қоштасу еді. Арамызға қанның иісі кіргендіктен көңілден шығатындай қып сүйе алмадым оны. Көздерімнен жас аққанын көрді ол.

Қараның ыңырсуы ғана шыққан өлім тыныштығында тәккеден шықтым. Сулы һәм балшықты бақшадан әрі қараңғы махалладан жүгіре басып алыстадым. Мені Әкбар ханның нақышханасына апаратын кеме таң намазының азанынан кейін жолға шығады, ол кезде Кадырға айлағынан оған қарай соңғы қайық барады. Жүгіріп келе жатқанымда көзімнен жас тыйылмады.

Ақсарайдан ұрыдай болып үнсіз кетіп бара жатқанда, көкжиекте таң шапағының рауандап келе жатқанын көрдім. Тар өткелдердің, артқы көшелердің, қабырғалардың арасынан алдыма шыққан алғашқы махалла шүмегінің қарсы бетінде жиырма бес жыл бұрын Ыстамбулға алғаш келген күні қонып шыққан тас үй бар еді. Сол жерде ашық қалған аула қақпасының саңылауынан жиырма бес жыл бұрын осынау алыс туысымның мені жомарттықпен, жақсылықпен қонақ етіп, салып берген төсегіне ұйықтап жатып кіш етіп қойғанымда, түн ішінде, он бір жасымда ұялғаннан түсіп кеткім келген құдықты тағы көрдім. Баязитке барғанға дейін сынған сағатымды жөндетуге талай мәрте келген сағат шеберінің дүкенін, үстіне өрнек салып, сырбаздарға жасырын сататын кристалл шырағдандар, шәрбат тостағандар мен гүлдің суретін салатын шыны бөтелкелер алған шынышының дүкенін және бір кездері әрі арзан, әрі адам аз болатындықтан жиі баратын монша маған көз жастарын төгіп сәлем жолдады.

Қиратылып, өртелген кофехананың маңында ешкім жоқ екен, сұлу Шекуренің, бәлкім, ендігі өліп те қалған

жаңа күйеуінің бақытты болуын шын ықыласпен тілеген үйде де ешкім жоқ. Қолымды қанға малған соңғы күндерде көшелерде жүргенімде маған үнемі жауын көргендей қарайтын Ыстамбулдың иттері, қараңғы ағаштары, соқыр терезелері, қара мұржалары, таң намазына асыққан еңбекқор әрі бақытсыз таңғы құстары, әруақтары, елестері қылмыстарымды мойындап, өмірімнің қаласын тәрк етуге шешім қабылдағанымда үнемі достық көзқараспен қарады.

Баязит мешітінен өткен соң бір төбеден Халичке көз тастадым. Көкжиек ағарып келе жатыр еді, бірақ судың беті қап-қара болатын. Екі балықшы қайығы, желкендері ораулы жүк кемелері, иесіз қалған шағын соғыс кемесі көзге көрінбейтін толқында баяу тербеліп «кетпе, кетпе!» деді. Көзімнен жас парлай берді, сұғылған иненің кесірі ме, «Үндістанда өнерімнің гажайыптылығының арқасында қол жеткізетін тамаша өмірді елестет!» – дедім өзіме.

Жолдан шықтым, жүгіре-жүгіре батпақты екі бақшадан өтіп, көгалдың ішінде ескі тас үйге жеттім. Шәкірт кезімде Осман ұстаздың дорбасын, қоржынын, қапшығын, қалам құтысы мен жазу тақтасын арқалап нақышханаға апару үшін әр сейсенбі күні келетін үй еді бұл. Ештеңе өзгермепті мұнда, бірақ бақшадағы және көшедегі шынар ағаштарының өскені сонша, үйге де, көшеге де Сұлтан Сүлейман заманынан қалған салтанат пен байлықтың көрінісін сіңіріпті. Айлаққа қарай құлдилаған жолға жақын болғаны үшін шайтанға еріп, жиырма бес жылымды өткізген нақышхана ғимаратының белдік тастарын соңғы рет көруге бел будым. Осылайша шәкірт кезімде, сейсенбі күндері Осман ұстаздың артында салпақтап жүргенде талай өткен

жолдан; көктемде адамды есінен тандыратындай хош иісі болатын Оқшылар көшесінен; шебердің қатпарлы самса алатын наубайхананың алдынан; айва және талшын ағаштарымен бірге қайыршылары да тізіліп тұратын еністен; жаңа базардың жабық қақпаларының алдынан; шебердің таңертең сәлемдесіп кететін шаштаразының алдынан, жазда акробаттар келіп, шатырларын тігетін, ойын көрсететін бос алаңның қасынан; қолқаны қабар жаман иіс шығатын бойдақ бөлмелердің, зең иісі шығатын Византия аркаларының астынан; Ибрахим Пашаның сарайының және жүздеген мәрте суретін салған жыланды бағанаңың әрі үнемі басқаша суреттейтін анар ағашының қасынан «Ат Майданы» алаңына шығып, таңертең ерте ішіндегі шымшықтар мен қонақтаған сауысқандардың дауысына толы болатын талшын мен тұт ағаштарының астынан өттім.

Нақышхананың ауыр қақпасы жабық еді. Не қақпада, не жоғарыдағы аркасы бар портиктің астында ешкім жоқ еді. Шәкірттік жылдарымда ішіміз пысқанда ағаштарға қарайтын кішкентай терезелердің жабық тұрған ысырмаларына бір сәт алабұрта көз тастағаным сол еді, біреу мені тоқтатты.

Құлаққа түрпідей тиетін дауысы бар еді. Қолымдағы сабына жақут орнатқан, жүзі қанды қанжардың өзінікі екенін, немере інісі Шевкеттің анасымен бірге үйінен ұрлап кеткенін айтты. Бұл менің кеше оның үйіне басып кіріп, Шекурені алып қашып кеткен Қараның адамы екеніне нақты дәлел екен. Қараның нақышкер достарын және нақышханаға келетінін де біледі екен, осы шіңкілдек дауысы бар ашулы адам. Өзгешелеу келген қызыл түспен жарқ-жұрқ етіп жарқыраған ұзын қылышы және менен алмақ болған өші, содан

соң әлгіндей қысқа ғана әңгімесі бар еді. Бір түсініспестік болғанын айтпақшы едім, бірақ жүзіндегі адам сенгісіз ашуды көрдім. Жиіркенішпен мені өлтіру үшін қылышпен тартып қалатынын де көрдім бетінен. «Ой-бай, тоқта!» – дегім келген.

Ол соққысын жасап та үлгерді. Мен болсам қанжарымды да түзеп ұстай алмастан, қоржынымды ғана көтеріп, басымды қорғамақ болдым. Қоржыным ұшып кетті. Қызыл қылыш еш кідірместен алдымен қолымды кесті, содан соң мойнымнан тиіп, басымды ұшырып жіберді. Басы домалап кеткенін байғұс кеудемнің мені тастап жынданғандай қисаңдап екі аттағанынан, қанжарды ақымақша иіргенімнен, мойнымнан бұрқақтай қан атқылап жерге құлағанымнан білдім. Өздігіне жүріп кеткен бейшара аяқтарым, өлерінің алдында тыпырлаған аттай босқа тепкіленіп жатыр.

Басым домалап барып түскен батпақтың ішінен не мені өлтірген қанішерді көре алмадым, не әлі қыса ұстағым келген іші алтын мен суретке толы қоржынымды көре алмадым. Олар желке тұсымда, енді ешқашан жете алмайтын теңіз бен Қадырға айлағына қарай түсетін еніс жақта қалыпты. Басым оларға және дүниенің қалған бөлігіне тағы бір бұрылып қарай алмайтын еді. Оларды ұмытып, өз басымның қалауын ойладым.

Қылыш басымды шауып түсірерден бұрын ойлағаным мынау: кеме Қадырғадан кетеді, ойым болса «тез бол!» бұйрығымен араласып кетіпті, ол анамның кішкентай кезімде «тездет, бол!» дейтінімен аяқталыпты.

Анашым, мойным ауырып тұр, ештеңе қозғалмайды. Демек, өлім деген осы екен. Бірақ әлі өлмегенімді білемін. Тесілген қарашығым қимылдамайды, бірақ ашық қалған көздерім жақсы көріп тұр.

Жер бетінен көрген нәрсем ойымды жаулап алыпты. Жол аздап өрге қарай шығыпты. Нақышхананың қабырғасы мен аркасы, шатыры, аспан. Осылай көрінді. Бейне осы көрген сәтім ұзарып кеткендей, әрі көру дегенің қазір еске түсірудің бір түрі екенін түсіндім. Олай болса, бұрын әдемі суретке сағаттар бойы қарағанда сезген нәрсе келді ойыма: көп қарасаң ағым суреттің уақытына кіреді. Қазір барлық замандар сол уақытқа айналған еді. Бейне ешкім мені көрмейтіндей, сөйтіп ойларым солғанда батпақтың ішіндегі басым жылдар бойы қасіретті қасірет толы өрге, тас қабырғаға және сәл әріректегі қол жетпейтін тұт пен талшын ағашына қарайтындай. Осынау бітпес күту бірден жанды ауыртып, қинап жібергені сонша, бұл уақыттан шығып кеткім келді.

59. Мен – Шекуремін

Қараның бізді жасырынсын деп жіберген алыс туысының үйінде түнді ұйқысыз өткіздік. Хайрие және балалармен бірге жатқан төсекте ара-тұра естілген қорылдың, жөтелдің дыбысының арасында талықсып, ұйықтап кеткен кездерім де болды, бірақ қорқыныштты түстерде жиі көретінімдей, қол-аяқтары кесілген, онымен қоймай оларды бір-бірімен алмастырып тіккен үрейлі мақұлықтар мен қатындар ізіме түсіп қуалайды да, қайта-қайта оянып кетемін. Таңға қарай тоңып ояндым да, Шевкет пен Орханның үстін қымтадым, оларды құшақтадым, шашынан сипап, әкемнің үйінде тыныш ұйықтаған әдемі күндерімде тілейтін тілегімді қайталап, Алланың маған тыныш ұйқы беруін тіледім.

Алайда ұйықтай алмадым. Қуанышты, бақытқа толы түстерді де жиі көретінмін, ондай түстерімде үнемі таң заманынан кейін, шағын әрі қараңғы бөлменің терезесіндегі ысырма саңылауынан көшеге қарайтынмын, сол кезде көретін жағдайда бүгін байқадым. Түсімде соғыстан да қажып, алған жарақаттары жанына батып, шаршаған, аруақтай болған бір адам қолына қылыштай қылып ұстаған таяғын сүйретіп, таныс адымдарымен маған сағына ұмтылатын. Түсімде сол адамды енді құшақтай бергенде жылап оянатынмын. Ал бүгін көшедегі адамның қан жоса болған Қара екенін аңғарған кезде көмейіме өксік тығылды, түсімде бұлай болып көрмеп еді.

Жүгіріп барып, есікті аштым. Беті төбелестен ісіп, көгеріп кетіпті. Мұрны бұзылыпты, қан жоса болыпты. Иығынан мойнына дейін ырсиып кеткен, қарыстай жара бар екен. Көйлегінің үсті, тұла бойы қаннан қыпқызыл болыпты. Түсімдегі күйеуімдей ақыр аяғында үйге қайта оралғаны үшін маған күлімсіреген болды.

– Кір ішке, – дедім.

– Балаларды шақыр, – деді. – Үйге қайтамыз.

– Сен мына түріңмен үйге жете де алмайсың ғой.

– Енді одан қорықпа, – деді. – Парсының Уәлижан Ефендісі екен.

– Зәйтүн... – дедім. – Ол сорлыны өлтірдің бе?

– Қадырғадан жүзіп шығатын кемемен Үндістанға қашты, – деді де бастаған ісін шалағай қалдырғаны үшін бетіме тура қараудан қашқақтады.

– Үйге бара аласың ба өзің? – дедім. – Ат шақыртсын саған.

Үйге барған соң өлетінін сездім әрі оны аяп кеттім. Тек өлетіні үшін емес, ешқашан бақытты болып көр-

мегені үшін де жаным ашыды. Осынау бөтен үйде өлгісі келмегендігін, іс жүзінде осындай үрейлі халімен жұрттың көзіне түспей, жоқ болғысы келетіндігін көздеріндегі қасірет пен табандылықтан байқадым. Оны әрең дегенде атқа мінгіздік.

Қоржындарымызды арқалап, қалтарыс-бұлтарыс көшелерден өтіп, кері қайтқан кезімізде балалар аттың үстіндегі Қараның жүзіне қарай алмады, үрейленіп кетіп еді. Бірақ аталарын өлтірген оңбаған қанішердің жоспарын қалай бұзғанын, онымен қалай қылыштасқанын Қара аяндап келе жатқан аттың үстінде отырып балаларға айтып берді. Өзін балалардың жақын тарта бастағанын да көрді. «Қара өлмесін» деп Аллаға жалбарындым.

Үйге келген соң Орхан: «Үйімізге келдік!» – деп қуанышпен айқай салды да, Әзірейілдің бізге жаны ашып, Алла да біраз уақыт берер деген үміт пайда болды ішімде. Бірақ сонда да Ұлы Алланың кімнің жанын не себепті және қашан алатындығы ешқашан белгілі болмайтындығын өз тәжірибемнен білетіндігімнен, көп үміттенген жоқпын.

Қараны әрең дегенде аттан түсірдік, бәріміз бірге сүйемелдеп, жоғарыға шығарып, әкемнің көк есікті бөлмесіне кіргізіп, жатқыздық. Хайрие су қайнатып, алып келді. Етіне жабысқан қанды көйлегін, белбеуін, аяқ киімдерін, іш киімдерін дамбалына дейін Хайрие екеуміз жыртып, қайшымен қырқып, сыпырып тастадық. Терезе ысырмасын ашқан сәтте бақшадағы бұтақтардың арасында ойнаған қысқы күннің сәулесі бөлмені толтырды да, құмыраларға, тегештерге, желім құтыларына, сиясауыттарға, шыны сыныктарға және қалам ұштағыштарға шағылысып, Қараның өлім

реңкіне енген тәні мен шие, ет түсіндегі жараларын жарқыратып көрсетті.

Сабын жағылған шүберектерімді ыстық суға малып, Қараның кеудесін қымбат һәм ескі кілемді тазалағандай баппен, балаларыма қамқор болғандай ықыласпен, абайлап әрі ынта-шынтаммен сүртіп, тазаладым. Бетіндегі көгерген тұстарын еппен, мұрнындағы кесілген жерлерді абайлап, иығындағы қорқынышты, ырсиған жарасын кәнігі дәрігердей тазаладым. Балаларым кішкентай кездерінде оларды жуындырып отырып түрлі әңгіме айтатынмын, осы жолы да солай қақ-соқ әңгімелер айттым. Кеудесінде, білегінде де кесілген жерлер бар еді. Сол қолының саусақтарын тістеп алыпты, көкпеңбек болып көгеріп тұр. Қолымдағы шүберектер денесіне тиген сайын қып-қызыл қанға малынып жатыр. Кеудесіне қол тигіздім, қарнының жұмсақ екенін сездім, қасасына телміре қарадым. Төменнен, аула жақтан балалардың үні естілді. Неге мұны «қамыс қалам» дейді кейбір ақындар?

Жаңа хабар әкелгенде жасайтын әдетімен Естердің көңілдене дауыстап, мәз болып, асүйге кіргенін естіген соң, төменге түстім.

Естердің жүзі бал-бұл жанып тұр еді, мені сүйместен бірден әңгімесін бастады: Зәйтүннің басы нақышхананың есігінің алдында, бұрынғы қылмыстарын айғақтайтын суреттерімен, қоржынымен бірге жатқанда табылыпты. Үндістанға қашып кетпекші болыпты, бірақ соңғы рет нақышхананы көріп кетпек ниетімен барған екен.

Куәгерлер бар екен: Зәйтүнді сол жерде көріп қалған Хасан қызыл қылышын суырып алып, басын қағып тастапты.

Ол осының бәрін айтып отырғанда мен байғұс әкемнің қайда екенін ойлаумен болдым. Қанішердің көзі жойылғанын есту ең алдымен мені қорқыныштан құтқарды. Кектің қайтуы адамның көңіліне әділеттің орнағанын сездіретін, рахатқа бөлейтін сезім тудырады екен. Әкем өзі жүрген әлемде бұл сезімді қалай басынан өткізгенін білгім келіп, сол сәтте әуестігім оянды, сөйте тұра маған күллі әлем қатар-қатар есігі бар сансыз бөлмелі сарай тәрізді елестеді. Бір бөлмеден екіншісіне тек естеліктерімізбен, армандап қана өте алатын едік, бірақ көбіміз жалқаулықтың кесірінен бұлай көп жасамаймыз, көбіне бір бөлмеде күтіп отыра береміз.

– Жылама, жаным, – деді Естер. – Көрдің ғой, бәрі жақсылықпен аяқталды.

Оған төрт алтын бердім. Оларды бір-бірден аузына салып, түрпайылау түрде тістеп көрді.

– Венециялық кәпірдің алтындары айналаның бәрін жаулап алыпты ғой, – деді күлімсіреп. Ол кетер-кетпестен Хайриеге балаларды жоғарыға жібермеуді тапсырдым. Жоғары көтеріліп, есікті бекіттім. Қараның жаланаш денесіне құмарлана ұмтылдым да, байғұс әкем өлген күні түнде дарға асылған еврейдің үйінде менен жасауымды өтінген істі құштарлықтан гөрі әуестікпен, үрейден гөрі ынтамен жасадым.

Ғасырлар бойы Парсы ақындарының бұл құралды қаламға ұқсатқандары сияқты, біздің, қатындардың аузын не себепті сиясауыт ретінде бейнелегенін, жатқа айтыла-айтыла түпнұсқасы ұмыт болған осы ұқсатудың астарында не жатқанын, ауыздың кішкентайлығын, сиясауыттың үнсіздігін, Алланың суретші екенін, қысқасы, бұлардың барлығын толық түсін-

дім деп айта алмаймын. Бірақ өзін қорғау үшін үнемі ақылын пайдаланатын мен сияқты біреудің қисынмен емес, қисынсыздық арқылы ғана түсінетін нәрсе болса керек махаббат дегенің.

Олай болса сендерге бір сыр айтайын: сол жерде, өлім иісі шығып тұрған бөлмеде аузымдағы нәрсе маған ешқандай әсер берген жоқ. Менің көңілімді алай-дүлей еткен нәрсе – аузымда тұтас әлемнің діріл қаққанын сезген кезде аулада бір-біріне боқтық сөз айтып, алысып жүрген балаларымның көңілді даусыстарын естігенім еді.

Сол сәтте аузым бос болмағанымен, Қараның менің бетіме мүлдем бөлек көзқараспен қарағанын көрдім. Бұдан кейін жүзімді, аузымды ешқашан ұмытпайтынын айтты. Тәні әкемнің кейбір ескі кітаптары сияқты зең басқан қағаз сасиды, шаштарына қазына бөлмесінің барлық шаң-тозаңы мен маталарының иісі сіңіпті. Өзіме-өзім ие бола алмай, абайсызда жаралары-на, ісінген, кесілген жерлеріне қолым тиіп кетсе баладай ыңырсиды, барған сайын өлімнен алыстай түсті, сол сәтте оған тіптен бауыр басатанымды түсіндім. Желкендері желдің әсерімен баяу керілген кеме тәрізді бірте-бірте жылдамдай бастаған аймаласуымыз, әлгі кеме тәрізді белгісіз теңізге қарай батылдықпен жолға шықты.

Қараның бұрын қандай әдепсіз қатындармен бірге болғанын, өлім аузында жатса да бұл айдында тізгінді бермегенінен аңғардым. Менің сүйгенім өз қолым ба, оның қолы ма, аузыма салғаным өз саусағым ба, әлде тұтас өмірім бе, соны ажырата алмай естен танып жатқанда, ол жаралары мен ләззаттан елігіп, әлемнің қайда бара жатқанын жартылай ашық бір көзімен

бақылап, ара-тұра қолындағы суретке сырбаздана көз тастағандай қайран қала қараған жүзіме біраздан соң мингериялық жезөкшенің беті тәрізді де қарай алатын еді.

Ләззат кезінде, Иран мен Тұран әскерлерінің бір-біріне қарсы шауып, қоян-қолтық ұрыс бастаған сәтін көрсететін атақты суреттердің қылышпен қақ бөлінген әпсана қаһармандары сияқты шыңғырғаны, бұл үннің күллі махаллаға естілгені қорқытты мені. Бірақ қамысты ұстаған қолының тікелей Алланың әмірімен әрекет еткен, шабыты тасыған сәттерде де тұтас беттің үйлесімі мен сипатын естен шығармаған нағыз шебер сияқты Қара да ең алабұртқан сәттерінде санасының бір түкпірімен біздің әлемдегі орнымызды бағалай алатын еді.

– Әкелеріннің жарасына май жағып жатырмын, – деп айт деді алқынып.

Бұл сөз өмір мен өлім, тыйым мен жұмақ, шарасыздық пен ұят арасындағы тар бұғазда қалған махаббатымыздың тек түсін ғана қалыптастырған жоқ, оның ақталуы да еді. Одан кейінгі жиырма алты жыл бойы, яғни бір күні таңертең құдықтың қасына құлап, жүрек талмасынан өлгенге дейін сүйікті күйеуім Қарамен үнемі түс кезінде, терезе ысырмасының арасынан бөлмеге күн сәулесі кірген сәттерде әрі алғашқы кездері Шевкет пен Орханның шиқылдап күлгенін естіп жатып сүйістік, аймаластық және мұны үнемі «жарағa май жағу» дедік. Осылайша дөрекі һәм қасіретті бір әкенің талаптары мен қызғаныштарының кесірінен шетқақпай көруін қаламаған көрсеқызар ұлдарым бәлен жыл бойы менімен бір төсекте жатты. Балаларды құшақтап ұйықтаудың, өмірдің соққысын жеп,

тауы шағылған күйеуді құшақтап ұйықтаудан гөрі әлдеқайда әдемі екенін есі дұрыс кез келген әйел біледі.

Біз, яғни мен және балаларым бақытты болдық, бірақ Қара олай бола алмады. Оның көзге көрінетін алғашқы себебі – иығы мен мойнындағы жараның ешқашан құлан таза жазылмауы. Сүйікті күйеуім кейде өзгелердің аузынан естіген «кемтар» болып қалуы еді. Сыртқы бейнесі болмаса, бұл жара оның өмірін мәнсіз қылатындай кемтарлық емес еді. Тіпті, оны алыстан көрген басқа әйелдердің сымбатына сүйсінгенін де естігенім бар. Бірақ Қараның оң жақ иығы төмен, мойыны да иір болып бітті. Кейде мен сияқты әйелдің өзінен төмен еркектерге ғана тұрмысқа шығатыны, Қараның кемтарлығы оның бақытсыздығының себебі болуымен қатар біздің бақытымыздың құпия сыры екендігін де айтқан өсек-аяң жеткен құлағыма.

Әрбір қауесеттің астарында бір мысқалдай шындық болатыны сияқты мұндай да ақиқат бар еді. Алайда Естердің үнемі маған жарасады деп айтып жүретініндей, жал-құйрығы төгілген сұлу аттың үстінде тіп-тік болып отырып, айналама құлдарымды, күндерім мен қызметшілерімді ертіп, Ыстамбул көшелерінен жүріп өте алмауым мен үшін қандай кембағалдық һәм жетімдік сезімін берсе, басын тіп-тік ұстап, дүниеге арыстандай жеңімпаз көзімен қарай алмаған күйеудің де арман-аңсарын жиі-жиі сезетін едім.

Себебі не болса болсын, Қара үнемі мұңайып жүретін. Көбіне қасіретінің иығымен ешқандай байланысы жоқ екенін көретінмін, сондықтан рухының құпия бір бұрышында, ең бақытты аймаласу кезінде де оны мұңға батыратын жын бар екеніне сендім. Сол жынды ауыздықтау үшін кейде шарап ішеді, кейде кітап-

тарындағы суреттерге қарап, нақышпен айналысады, кейде нақышкерлермен араласып-құраласады әрі олармен бірге сымбатты бозбалалардың соңынан кететін. Нақышкерлер, хұнсихатшылар мен шайырлар арасында астарлы сөздер, қос мағыналы сөйлемдер, аллегориялар, теңеулер, сымбатты бозбалалар мен жағымпаздық ойындарымен көңіл көтеретін кездері де болды, сонымен бірге қызметке орналасудың да сәті түсіп, Егри Сүлейман пашаның хатшылық істерімен әрі диуан қызметімен айналысып жүріп, барлық нәрсені ұмыткан кездері де болды. Қараның нақыш пен суретке құмарлығы Падишамыз төрт жылдан кейін өлген соң, таққа отырған Сұлтан Мехметтің бұл іске назар аудармай қоюымен бірге, сырт көз мадақтайтын ләззаттан гөрі жасырын, жабық есіктің арғы жағында жалғыз өзі үңілетін сырға айналған. Кейде марқұм әкемнен қалған кітаптардың бірін ашып сонау Әмір Темірдің баласының кезінде Гератта салынған бір суретке, иә Шырынның суреттегі Хұсрауға ғашық болуына, қазір сарай айналасында әлі күнге жалғасып жатқан қуанышты ойынның бір бөлшегі ретінде емес, естеліктерде қалған тәтті сырды ақтарғандай кінәмшілдікпен, мұңая көз салатын.

Таққа отырғаннан кейін үш жыл өткенде ағылшын королі Падишамызға ішінде музыка шығатын құралы бар әдемі сағат жіберді. Осы алып сағат пен оның асаймүсейін тиеп, адамдарын артып, Англиядан келген кемеден шығарылған бөлшектер, доңғалақтар, суреттер, мүсіндер Хас бақшаның Халичке қараған тобесіне апталар бойы әупірімдеп орналастырылды. Көру үшін Халичтің айналасындағы төбелерге жиналған және қайықтармен келген топ дәу сағаттың зор дыбыс

шығарып, музыкамен жұмыс істегеніне, адам бойындай мүсіндердің, суреттердің бір-бірінің айналасында, шығырда айналып тұрғанына, оларды бейне құл емес, Алла жасағандай мәртебеге сай өздігінен сырбаздана айналып, мағыналы әрекет жасағанына, сағаттың да қоңыраудай күмбірлеген үн шығарып, тұтас Ыстамбулға уақытты естірткеніне қайран қала, тамсана қарасты.

Ыстамбул халқының кедей-кепшігі және ақымақтар тобы естен тана қайран қалған сағаттың Падишамыз бен дінімізге жан-тәнімен берілген әсіре діншілдер қауымы үшін көпірдің күш-қуатын көрсететін қасірет қайнар екенін Қара мен Естер маған жеке-жеке айтып берді. Осыған ұқсас өсек-аяңдар көбейген дәуірде, одан кейінгі Падиша Сұлтан Ахметтің түн ішінде Алланың жәрдемімен ұйқысынан оянып, күрзісін алып, Гаремнен Хас Бахчеге барып сағат пен мүсіндерді тас-талқан еткенін естідік. Бұл жаңалық пен қауесетті жеткізгендер Падишамыздың түсінде Пайғамбарымыз Хазірсттің мүбәрак жүзін нұр ішінде көргенін; Расул-алланың оған суреттерге, соның ішінде адам кейпіндегі бейнелерге, Алланың жаратқан заттарын салуға жол берсе, Алланың жәрдемінен айырылатындығын айтып, ескерту жасағанын, Падишамыздың да күрзісін түс көріп жатқанда-ақ қолына алғанын қосып қояды. Падишамыз да оқиғаны адал тарихшысына осылай жаздырыпты. Бұл кітапты, Зүбдет-ут Тәрауихты хұснихатшыларға дорба толы алтын беріп даярлатты да, нақышкерлерге сурет салғызған жоқ.

Парсы өлкелерінен жеткен шабытпен Ыстамбулда жүз жылдан астам уақытқа созылған нақыш пен суретке құмартудың қызыл гүлі осылай солды. На-

қышкерлердің араларындағы жанжалдарға, бітіп бермейтін дау-дамайға жол ашқан Гераттың көне шеберлері мен франк өнерпаздарының стильдері арасындағы қақтығыс ақыры аяқталмады. Өйткені сурет салу тасталды, не шығыстықтар тәрізді салған ешкім жоқ, не батыстықтар сияқты сызған ешкім қалмады. Нақышкерлер ашуланып, көтеріліске де шықпады, бойын меңдеген дертті үнсіз ғана қабыл еткен қарттар сияқты бірте-бірте, ешкімнің назарына ілінбейтін мойынсұнумен, қасіретпен бұл жағдайды қабыл еткен-ді. Бір кездері өздері қайран қала ұқсауға тырысқан гераттық, тебриздік ұлы шеберлердің және қызғаныш пен жеккөріністің арасында бір шешімге келе алмастан стильдерін жандарына жақын тартқан франк шеберлерінің не жасап жатқанына қызықпады, тіпті қызықпақ түгілі олар туралы қиялдамады да. Бейне түн баласы үйлердің есіктері жабылып, қаланың түн құшағына қалдырылатыны сияқты, суреттер де иесіз қалды. Әлемнің бір кездері мүлдем басқаша көрілетіні қатыгездікпен ұмытылды.

Әкемнің кітабы да өкінішке қарай аяқсыз қалды. Жасалған беттер Хасанның қолынан түсіп қалған жерден қазынаға кетті. Онда да ықтиятты, өз ісін сүйетін хафызул-китаб, яғни кітап сақшысы оларды нақышханаға тиесілі өзге де иесіз суреттермен бірге түптетіп, түрлі-түрлі мураккалар томдарына қосып жіберді. Хасан Ыстамбулдан қашып, үшты-күйлі жоғалды, қайтып ол туралы ешқандай хабар-ошар естімедік. Бірақ Шевкет пен Орхан әкемнің қанішерін өлтірген адам Қара емес, өздерінің ағалары екендігін ешқашан ұмытқан жоқ.

Соқыр болып қалған соң екі жыл өткенде қайтыс болған Осман ұстаздың орнына Ләйлек Бас нақышкер

болды. Маркум әкем де қабілетіне қайран қалған Көбелек өмірінің қалған жылдарын кілем, мата мен шатыр үшін нақыш салумен өткізді. Нақышхананың жас шеберлері де осы жолды таңдаған-ды. Олар суретті тәрк ету арқылы көп дүниені жоғалтқандарын сезген жоқ. Бәлкім, бұл да ешкімнің өз жүзінің суретін іс жүзінде көрмегендігінен шығар.

Мен өмір бойы екі суреттің салынғанын іштей, жасырын тілеумен өттім, оны ешкімге айтқан жоқпын.

Менің өз суретімнің салынғанын қалаймын. Бірақ қанша тыраштанса да мұны жасай алмайтындықтарын білетін едім, өйткені менің сұлулығымды қаз-қалпында көре алса да, Падишаның нақышкерлерінің ешқайсысы көздері мен еріндерін қытайлықтар тәрізді етіп сызбаса да, әйел жүзі сұлу болатындығына, өкінішке қарай, сене алмады. Гераттық ескі шеберлердің жасайтынындай қытай сұлуы сияқты суретімді салса, бәлкім, сол қытайлық сұлудың артына жасырынған менің жүзімді танып қояр еді. Бірақ бізден кейінгілер көздерімнің қысық болмағанын түсінсе де, жүзімнің не нәрсеге ұқсағанын анықтай алмас еді. Бүгін үлдарымды жұбаныш қылып өткізіп жатқан қарттығымда жүзімнің жас кезімде салынған бір суреті болса қандай бақытты болар едім?!

Ирандық ақын Сары Назымның бір мәснауиінде әуес болған дүниесі: бақытты болудың суреті салынса екен деймін. Мұның қалай жасалатынын өте жақсы білемін. Бір ананың суреті сызылса деймін, екі баласы болсын, құшағында күлімсіреп отырып кішкентайын емізген кезінде аздап қызғанған үлкені мен анасының көздері түйіссе деймін. Бұл суреттегі ана мен болайын, әрі бұл сурет көктегі құсты бір жағынын ұшып бара

жатқандай, екінші жағынан сол көкте бақытқа бөленіп, мәңгілікке дейін асылып қалғандай етіп көрсетіп, уақытты тоқтататын гераттық көне шеберлердің тәсілімен салынса деймін. Білемін, оңай емес.

Әр нәрсені ақылмен түсінуге тырысатын ақылсыздау ұлым Орхан уақытты тоқтататын Герат шеберлері мені тура мен сияқты ешқашан сыза алмайтындықтарын есіме салып, ұлын құшақтаған сұлу ананың суреттерін тоқтаусыз салып жүрген франк шеберлері болса уақытты ешқашан тоқтата алмайтынын айтып, менің бақытты суретімнің ешқашан салынбайтындығын маған талай мәрте айтқан-ды.

Бәлкім, оныкі де жөн шығар, бақыт суретіндегі күлімсіреуді емес, өмірдегі бақытты іздейтін болар. Нақышкерлер мұны біледі, бірақ суретін сала алмайтыны да осы. Сондықтан өмірдегі бақыттың орнына көрудің қуанышын қояды.

Суретін салу мүмкін болмайтын осы хикаяны бәлкім, жазатын шығар деп, ұлым Орханға айтып бердім. Хасанның және Қараның маған жолдаған хаттарын, байғұс Зариф Ефендінің киімінен табылған, сиясы жайылып кеткен ат суреттерін тартынбастан қолына ұстаттым. Ол өзі кінәмшіл, мінезсіз әрі бақытсыз еді, сүймегендеріне киянат жасаудан қорықпайтын. Сол себепті Қараны қалыптан тыс ұялшақ, өмірімізді іс жүзіндегісінен де қиын, Шевкетті жаман, мені әлдеқайда сұлу деп сипаттаса, Орханға сенбеңдер. Өйткені әңгімесі жақсы болсын, біз сенсін деп оның айтпайтын өтірігі жоқ.

Орхан Памук 1952 жылы Ыстамбулда туған. «Джевдет Бей мен ұлдары» және «Қара кітап» атты романдарында өзі сипаттайтындай үйелмелі-сүйелмелі, көп балалы бір отбасында, Нишанташында ержетті. Автобиографиялық «Ыстамбул» атты кітабында айтқанындай, бала күнінен бастап жиырма екі жасына дейін үнемі сурет салып, суретші болуды армандаумен есейді. Ыстамбулдағы американдық лицей «Роберт» колледжінде білім алды. Ыстамбул техника университетінде үш жыл сәулетші мамандығында оқығаннан кейін, бұл кәсіпті өзінің қолы емес деп бағалап, сәулетші болудан бас тартты да, оқуды тастап кетті. Кейін Ыстамбул университетінде журналистика мамандығында оқыды. Памук жиырма үш жасқа келгенде роман жазуға бел буып, өзге кәсіптің бәрін тәрк етіп, роман жазуға кіріскен. «Джевдет Бей мен ұлдары» атты алғашқы романы 1982 жылы жарық көріп, Орхан Кемал атындағы және «Миллиет» газетінің әдеби сыйлығын алды. Келесі жылы Памук «Тыныш үй» атты романын жариялап, бұл кітаптың француз тіліндегі аудармасы үшін 1991 жылы «Prix de la Découverte Européenne» сыйлығына ие болды. Венециялық құл мен Османлы ғалымы арасындағы шиеленіс пен достықты баян ететін «Ақ қамал» (1985) романы көптеген өзге тілге аударылып, Памукты халықаралық деңгейде танымал қылған алғашқы туын-

ды болатын. Сол жылы ол әйелімен бірге Америкаға кетті де, 1985-1988 жылдар аралығында Нью-Йоркта, Колумбия университетінде ассистент болып қызмет атқарды. Ыстамбулдың көшелерін, өткен күндерін, химия мен тоқыма өнеркәсібін жоғалған әйелін іздеген адвокаттың тілімен суреттеген «Қара кітап» романын 1990 жылы жариялады. Француз тіліндегі аудармасы Франция мәдениет сыйлығын алған. Бұл роман өткен күндер мен бүгінгінің оқиғаларын сәтті байланыстыра білген автор ретінде Памукты тек Түркияда ғана емес, шетелдерде де танымал қылды. 1991 жылы Памуктың Рюйе есімді қызы дүниеге келді. 1994 жылы таңғажайып кітаптан әсерленген студент туралы айтылатын «Жаңа өмір» атты поэтикалық романы жарияланды. Османлы мен Иран нақышкерлерін, Батыстан өзге аймақтардағы дүниені көру мен суретін салу тәсілдерін махаббат және отбасындағы шытырман оқиғалар арқылы суреттейтін «Менің атым Қырмызы» атты романы 1998 жылы шықты. Бұл кітап арқылы Памук Францияда «Prix Du Meilleur Livre Etranger» (2002), Италияда «Grinzane Cavour» (2002) және Ирландияда «International Impac-Dublin» (2003) сыйлықтарына ие болды. 1990 жылдардың ортасынан бастап Памук адам құқығы мен сөз бостандығы мәселелеріне қатысты жазған мақалаларында Түркия билігін жиі сынады. Ел ішінде және шетелдерде түрлі газеттер мен журналдарға жазған әдеби, мәдени мақалаларын жинақтаған таңдамалы жинағы 1999 жылы «Өзге бояулар» деген атпен жарық көрді. «Алғашқы әрі соңғы саяси романым» деп өзі атап өткен «Қар» атты кітабы 2002 жылы жарияланды. Карс қаласындағы, саясаткерлер мен исламшылар, әскерилер мен либералдар, күрт пен

түрік ұлтшылдары арасындағы текетірес пен зорлық-зомбылықты суреттеген кітапты New York Times Book Review 2004 жылғы ең үздік 10 кітаптың бірі ретінде бағалады. Памуктың 2003 жылы жариялаған «Ыстамбул» атты еңбегі, бір жағынан, жазушының жиырма екі жасқа дейінгі естеліктерін қамтыса, екіншіден, өзінің жеке альбомдары мен батыстық суретшілердің, жергілікті фотографтардың туындыларын жинақтап, байи түскен, Ыстамбулға қатысты сынақ сипатындағы туынды еді. Кітаптары әлемнің 62 тіліне аударылып, он екі миллион данасы сатылған Памук көптеген университеттердің құрметті профессоры атағын алған. Германияның Кітап шығарушылары одағының 1950 жылдардан бері беріліп келе жатқан, Германияның мәдениет саласындағы ең таңдаулы сыйлық саналатын Бейбітшілік сыйлығы 2005 жылы Орхан Памукқа берілді. Сонымен қатар «Қар» романы жыл сайын Францияда ең үздік шетел әдебиеті туындысына берілетін «Le prix Médicis étranger» сыйлығына лайық деп танылды. Сол жылы «Prospect» журналы тарапынан әлемнің 100 интеллектуалының бірі ретінде таныстырылды. Ал 2006 жылы «Time» журналы жазушыны әлемдегі ең ықпалды 100 адамның қатарына қосты. American Academy of Arts and Letters пен Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті мүшесі ретінде Орхан Памук 2006 жылы әдебиет саласында берілетін Нобель сыйлығының иегері атанып, бұл сыйлыққа ие болған алғашқы түрік азаматы ретінде тарихта қалды. Памук 2008 жылы махаббат, отбасы, достық, бақыт тәрізді тақырыптарды жеке адам мен қоғам тұрғысынан үйлесімді түрде суреттеген «Сезім музейі» атты романын, 2010 жылы балалық шағынан

бастап, өмірінің түрлі кезеңдерін, әдебиетпен байланысын сипаттайтын және репортаждардан құралған «Көріністің бөлшектері» атты кітабын жариялады. Памук 2009 жылы Гарвард университетінде оқыған Нортон дәрістерін 2011 жылы «Саф һәм ойлы романшы» деген атпен кітап етіп басты. 2012 жылы Ыстамбулда «Сезім музейін» ашты әрі музейдің каталогі саналатын «Заттардың бейкүнәлілігі» атты еңбегін жариялады. Сол жылы Еуропа мәдениетіне сіңірген айрықша еңбегі үшін Данияның «Sonning» сыйлығын алды. 2013 жылы шығармаларындағы ең үздік бөлімдерді жинақтап, «Мен ағашпын» атты кітабын жариялады. «Сезім музейі» Еуропаның музейлер форумы тарапынан 2014 жылдың ең үздік музейі ретінде танылған болатын. Памук 2014 жылы бозашы Мевлут Караташтың және Ыстамбулдың соңғы қырық жылдағы хикаясын айтатын «Менің оғаш ойларым» атты кітабын жариялады.

МАЗМҰНЫ

Аудармашыдан 6

1. Мен өлген адаммын 9
2. Менің атым Қара 15
3. Мен – Итпін 23
4. Мені Қанішер дейді 30
5. Мен – Жезделеріңмін 41
6. Мен – Орханмын 50
7. Менің атым Қара 56
8. Менің атым Естер 63
9. Мен – Шекуремін 67
10. Мен – Ағашпын 82
11. Менің атым Қара 89
12. Мені Көбелек деп атайды 107
13. Мені Ләйлек дейді 119
14. Мені Зәйтүн деп атайды 130
15. Менің атым Естер 141
16. Мен – Шекуремін 149
17. Мен – Жезделеріңмін 156
18. Мені қанішер дейтін болады 164

19. Мен – Ақшамын 173
20. Менің атым Қара 181
21. Мен – Жезделеріңмін 187
22. Менің атым Қара 194
23. Мені қанішер дейді 201
24. Менің атым Өлім 209
25. Менің атым Естер 214
26. Мен – Шекуремін 225
27. Менің атым Қара 246
28. Мені қанішер дейді 255
29. Мен – Жезделеріңмін 273
30. Мен – Шекуремін 293
31. Менің атым Қырмызы 306
32. Мен – Шекуремін 312
33. Менің атым Қара 319
34. Мен – Шекуремін 339
35. Мен – атпын 358
36. Менің атым Қара 362
37. Мен – Жезделеріңмін 375
38. Осман ұстаз – менмін 382
39. Менің атым Естер 394
40. Менің атым Қара 402
41. Осман ұстаз – менмін 408
42. Менің атым Қара 432
43. Мені Зәйтүн деп атайды 448
44. Мені Көбелек деп атайды 451

45. Мені Ләйлек деп атайды 454
46. Мені қанішер дейді 457
47. Мен – шайтанмын 470
48. Мен – Шекуремін 477
49. Менің атым Қара 482
50. Біз – екі дәруіш 501
51. Осман ұстаз – менмін 505
52. Менің атым Қара 530
53. Менің атым Естер 555
54. Мен – әйелмін 574
55. Мені Көбелек деп атайды 581
56. Мені Ләйлек деп атайды 599
57. Мені Зәйтүн деп атайды 611
58. Мені қанішер дейтін болады 625
59. Мен – Шекуремін 660

Орхан Памук

МЕНІҢ АТЫМ ҚЫРМЫЗЫ

Роман

Түрік тілінен аударған
Аманкелді Құрмет

Ғылыми редакторы *Қуаныш Кенжалин*
Редакторы *Гүлзат Ақжолова*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Беттеген *Ақмарал Кадикенова*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*

Басуға 04.03.2020 қол қойылды.
Пішімі 70x100 $^{1}/_{32}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 27,62.
Тапсырыс №0027. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Менің атым Қырмызы» – бір жағынан, Орхан Памуктың ең көп тілге аударылған әрі оқырманын таң қалдырған еңбегі болса, екінші жағынан модерндік әдебиет тарихындағы әлемде ең көп оқылған кітабы.

Орхан Памуктың өзі «ең әдемі әрі ең жақсы романым» деген «Менің атым Қырмызы» 1591 жылы Ыстамбулдағы қыстың тоғыз күнінде өткен оқиғаларды сипаттайды. Екі баласы бар сұлу Шекуре төрт жыл бойы майданнан оралмаған күйеуінің орнына жаңа күйеу, сүйікті азамат іздеу мақсатымен сол кездері әкесі үйіне бір-бірлеп шақыратын сарай нақышкерлерін құпия бөлмеден бақылап отырады. Үйге келген шебер нақышкерлер әкесінің бақылауымен Османлы падишасының құпия түрде жасатып жатқан кітабы үшін франк ықпалы сіңген қауіпті сурет сала бастаған. Олардың ішінде біреуі өлтірілген соң, Шекуреге ғашық бөлесі Қара бұл іске араласады...

Ыстамбулдағы тәккелерге қысым жасалып, қымбатшылық пен қорқыныш билеген уақытта кофеханаларға жиналып алған нақышкерлер тілі ащы мәддахтың хикаяларын тыңдап, көңіл көтереді. Әркім өз дауысымен сөйлеп, өлілерге, заттарға тіл біткен, ажал, өнер, махаббат, отбасы мен бақыт төңірегінде жазылған бұл кітап ұмыт болған сурет өнерінің ғажайыптарына да тоқталады.

«Түрік жазушысы Орхан Памук Еуропаға романның қалай жазылуы керектігін көрсетті»

– Frankfurter allgemeine

Менің атым Қырмызы: роман / О.Памук;
Түрік тілінен ауд. Амангелді Құрмет

1 660 KZT

9 786013 384512

Барлық мерзімі шектелмеген.
талған. Барлық сала және қауіпсіздік
лайлас келеді. Тауар саласына байланысты
н баспасы ЖШС қабылдайды
010000, Нұр-Сұлтан қ., Ш. Айманов көш., 13 үй.
-03-68 e-mail: foliant@foliant.kz
паханасында басылды.

ooks www.foliant.kz

ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕН
www.foliantbooks.com